СӘБИТ МҰҚАНОВ

СӘБИТ МҰҚАНОВ

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР

АЛТЫ ТОМДЫҚ

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1957

СӘБИТ МҰҚАНОВ

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР

Бесінші том

СЫР ДАРИЯ

Северо-Казахстанская
ОБЛАСТНАЯ БИБЛИОТЕКА
Горьк. Петропавловск

ҚАЗАҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1957

Арнау

*Бұл еңбегімді — күріштен дүниежүзілік рекорд алушылардың бейнесін жасауда үлгілі ісімен, қылығымен, мінезімен әрдайым көз алдымда отырған, заманымыздың ең ардақты еңбек Ерінің бірі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Шиелі ауданындағы (Қызылорда облысы) «Қызылту» колхозының мүшесі,—**Ыбрай ағай Жақаевқа***

достық және інілік көңілден зор құрметпен сыйға тартам.

Жазушы.

Бірінші бөлім

БАҚЫТ БАҚШАСЫНДА

Бірінші тарау

ЖАҚСЫ ЖҰБАЙЛАР

«Сырдария да терезеден көріне бастады, нысаналы жерге жақындадым»,— деп жазды да, жас инженер-мелиоратор Байжан Бектасов, автомат қаламын стол үстіне қоя сап, орнынан түрегелді.

Бұл оның Москвада қалған дос профессорына, Москва — Алматы поезының халықаралық вагонында жазып отырған хаты еді.

Хатты оның аяқтағысы келгенмен, купе ішінің ыстығы адам дем ала алмастық халге жетті. Сол қапалықты жеңілдеткісі келген оймен, кескіні күрегеленіп шыпшыт терлеген Байжан, купесінің күн жаққа қараған терезесінің жабық пердесін ашты да, сырғымалы қос-қабат терезенің бірінен соң бірін жоғары көтерді. Жүйткіп келе жатқан поездың екпінінен бұрқыраған қою шаңдақ, терезенің ашылған астыңғы жағынан лап қоя кіріп, тымық купенің ішін борандатып жіберді. Аузы-мұрнына, көзіне ұйткыған шаң тығылған Байжан, тынысы бұрынғыдан да тарылып кеткен соң, көтерілген терезені жалма-жан орнына түсірді де, пердесін қайта жауып, жұқа ала жібек шапанын киe сап коридорға шықты.

Есік алдында екі кісі тұр екен, бірі — Москвадан сапарлас боп келе жатқан, орта жасты орыс әйелі, бірі — бұрын көрмеген, москалдау жасты, дембелше, толықша орта бойлы, сарғылттау өңді, шашын, сақал-мұртын ұстарамен жуырда ғана жылтырата қырдырған, сұрғылттау кенептен тіктірген костюмі бар қазақ. Байжан қазаққа да, әйелге де бас иіп сәлем белгісін көрсетті. Қазақ та оң қолымен кеудесін басып басын иді.

Бұған дейін сөйлесіп танысқан әйелдің Байжанға ай-

туынша оның ері Шымкент қаласындағы облыстық мекемелердің біреуінде бастық, әйелдің өзі үнемі Москвада тұрады. Шымкентке Москвадан былтыр ғана ауысқан еріне, әйел бірінші рет келе жатқан; әйелдің Шымкентке ғана емес, бүкіл Орта Азияға бұл бірінші рет сапар шегуі.

Кеше Шалқардан өте ыстыққа кездескен поездың ішінде, бұрын мұндай ыстықты көрмеген әйел түн бойы дөңбекшіп ұйқтай алмаған еді де, күн шыға Арал теңізі станциясынан өтіп, іші тіпті ысыған поездан дем алармық ауа таба алмай, купесі мен коридорға кезек-кезек кіріп тынышсызданып келе жатыр еді. Қазір, күн түске тармаса, ол әйел тіпті мазасызданып, жұқа ғана жібек шапанмен коридорда зорға дем алып тұрған.

— Ужасно,— деді әйел, Байжан купесінен шыға бергенде, демін ентіге, жиі алып, әлденендей құстың қанатынан жасалған желпіншегімен бетін, кеудесін ерсілі-қарсылы жылдамдата жайқап,— дем алып болар емес... Бұл араның адамдары оттай алауланған мына ыстықта калай күн көреді?!. Күндіз үйлерінде тырп етпей жататын болар, олар...

— Үйренбеген кісі де солай да,— деді қазақ, әйелге қарап жымыйып қойып,— тұрғын елдің адамына мұндай ыстық тұк те емес, олар жұмыстарын істеп жүре береді.

— Мүмкін емес,— деді әйел сенбегендей, желпіншегін жайқай түсіп.

Аз кідірістен кейін, қазақ терезеге бір қарап алды да:

— Сізге дәлелмен көрсетуге болар ма екен? — деді әйелге тағы да жымыя қарап.

— Нені? — деді әйел.

— Бұл араның адамдарының осындай ыстықта, далада жұмыста жүргенін.

Әйел тұрған терезенің қасына қазақ келді де:

— Көрдіңіз бе, аналарды? — деді жарқыраған суда өскен көгалдың арасындағы бірнеше ақ киімді адамды қолымен нұсқап.

Суды көлге, көгалды құраққа жорыған әйел, оның ішінде жүрген ақ киімділерді ау құрған балықшыларға жорыды да, бірақ кеңесіп тұрған адамнан анығын біліп алғысы келіп:

— Не істеп жүр олар? — деп сұрады.

— Егін суарып жүр,— деді қазақ.

— Егін?!.. Не егін ол?.. Суда егін өсе ме?..

— Өседі. Өзге егін емес, күріш.

— Қалжыңдайсыз да,— деді әйел сенбегендей, еріксіз езу тартып.

— Рас,— деді Байжан.— Күріш расында да суда өседі. Екі айдан артық суда тұрады ол.

— Терең суда ма? — деді әйел, Байжанның шынымен айтып тұрған бейнесін көріп, бірақ әлі де нанар-нанбасын біле алмай.

— Жыйырма сантиметрден терендігі кем болмауға тиісті,— деді Байжан, қазаққа қарап қойып,— солай болар, ағай?

— Солай,— деді қазақ ішінен «бұл жас жігіт кім екен өзі?» деп ойлап, бірақ «кімсің?» деп сұрауға ыңғайсызданып.

Күріштің суда өсуіне енді иланғандай болған әйел:

— Шығымы қандай болады? — деп сұрады қазақтан.

— Дұрыстап еге, күте білсе көп шығады. Өткен жылы осы араның бір колхозында гектарынан елу центнерден алды.

Ауыл шаруашылығымен байланысып көрмеген әйелге қазақтың ол сөзі пәлендей әсер ете қойған жоқ, өйткені ол гектардан канша астық алса шығымды я шығымсыз болуынан хабарсыз еді. Бұл кеңесті әрі созуға пысынауы шектен шыққан әйелдің халі жоғын көрген қазақ:

— Сіз сусап тұрған сияқтысыз,— деді оған,— бұл араның ең жақсы сусыны қарбыз, менде жақсы қарбыз бар, содан сусындауыңызды өтінем.

Әйел сыпайылық қып рахмет айтқанмен, қазақ өтінішін қайталап оны купесіне кіруге көндірді де:

— Інішек, сіз де жүріңіз! — деді Байжанға.

Бір қарбызды өз купесінде жақында ғана енсере жеп алған Байжан, тағы да жеуге зауқы соға қоймаған соң, «рахмет ағай» деп барғысы келмеген қалпын көрсетіп еді.

— Ол болмас, інішек,— деді қазақ,— ағасы дәмге шақырғанда, інісі бас тартуға тиісті емес. Танымасақ та жатсынбаңыз.

Сөзі сыпайы қазақты одан әрі өтіндіруге ыңғайсызданған Байжан:

— Жақсы, ағай, жесек жейік,— деді.

Қазақ Байжанға алғыс айтты да:

— Аты-жөнімізді біліп алайық онда, менің атым Рахмет, фамилиям Дүйсенбин,— деп қолын ұсынды.

— Байжан Бектасов,— деді қолын берген Байжан.

Рахмет Байжанның аты-жөнін естіген кескін көрсетті. Үшеуі Рахметтің купесіне кірді. Терезенің пердесі түсірілген, іші қаракөленке және салқындау екен. Қонақтарын орналастырған Рахмет, еңкейіп стол астынан құшақ-қа әрең сыятын жасыл жолақты қарбызды суырып алды.

— О, тәңірі, недеген зор қарбыз, мынау! — деді қайран қалған әйел, әдемі көгілдір көзін төңкере бір қарап қойып.

— Сырдарияның бойында бұдан да үлкен қарбыз өседі,— деп Рахмет бір жымыйып алды да, сабы ақ сүйектен істелген, сағасы жез сақыйналы, ұзыншалау, сүйірлеу келген кездіктің істік ұшымөнен қарбыздың түп жақ бүйірінен сұғып кеп жіберді.

Кездіктің тиюі-ақ мұң екен, пісіп тұрған қарбыз сытырлаңқырап барып қақ жарылып түсті.

Қарбыздың қызылкүрең жалындай боп жарылған шырыны мен шырын арасына қатарласа тізілген мөл-мөлдір, қап-қара дәнін көргенде, шөлдеп отырған әйелдің аузынан сілекейі шұбырып кетті.

Рахмет қарбыздан қалыңдау қып екі тіліп алды да, біреуін әйелге, біреуін Байжанға ұсынды. Тәттілігі балдай, салқындығы мұздай қарбыз шырынын қонақтар құмарта сорып жатқанда, Рахмет манағы жымыйған қалпын өзгертпестен, қарбыздан бастаған кеңесін жалғастыра жөнелді.

— Біздің Сырдария өлкесіне ғана осындай тамаша қарбыздар мен қауындар өседі,— деді ол,— бұлар туралы нелер қызық ертегілеріміз де болады... Соның біреуін айтуға рұқсат етіңіздер!..

— Өтінеміз! — деген әйелге Рахмет қарбыздан қалыңдау қып тағы бір кесіп берді де, Байжанға да бір тіліп ұстатып ертегісін бастады:

— Ертерек кезде,— деді ол,— осы Сырдың бойын жайлаған бір диханның жалғыз есегі жоғалады. Неше күн іздеп таба алмайды. Қалжырап қайтқан еріне әйелі: «Біздің жоғалған есектің даусы үнемі осы маңнан шығады, өзі көрінбейді, бұл не керемет?!» дейді. Ері де тыңдаса, есектің даусы, расында естіледі, өзі жоқ!.. Сол маңда, бөшкедей дөңкиіп қауындар жатады екен. «Есек осылардың біреуінің ішінде тұрмасын, бұларға есек түгіл сыйыр да сыйып кетеді» дейді әйел.

Рахмет әйелге қарбыздан үшінші рет кесіп бермек болып еді, сусындап та, тойып та қалған әйел сыпайылық

қып «болады, болады» деп отырып, көзі қызыққан қарбыздан тағы бір тілімді алды да:

— Кейінірек жейін, ертегіңізді айта беріңіз,— деді.

— Сонымен, қысқасы,— деді Рахмет,— дихан мен әйелі теңкиіп қаз-қатар жатқан қауындарды аралап келе жатса, біреуінің түп жағы қасқырдың апанындай үңірейіп тұр. Сол үңгірден бірдеме бұлғақтайды. Екеуі кеп караса, бұлғақтаған есектің құйрығы!.. Аржағында өзі тұр.

— Міне қызық! — деп, әйел сықылықтап күліп жіберді.

Кескініне жымыя қарап кідірген Рахметке әйел:

— Айтыңыз, айтыңыз! — деді.

— Аржағын айтуға қыйындау,— деді Рахмет.

— Неге?

— Ендігі мәселе есекті сол қауынның ішінен шығару ғой. Оны әйелге айтуға қыйын.

— Онда керегі жоқ,— деді әйел,— бұл араның қауынының тәттілігі Шаржойдікінен қалай?

— Салыстыруға да келмейді, біздің қауынның қасында, Шаржойдікі су татыйды.

Әйел Байжанға бір қарап қойды да:

— Сырдария бойына сізді не нәрсенің тартқаны енді түсінікті,— деді.

Бірақ әйел Байжанның дәл ойынан түсе алған жоқ. Оның Қызылордағы облысында қызмет істеуге келе жатқанын Москвадан шыға естіген әйел, поезд ыстыққа және шөлейтке кездескен соң-ақ мұндай жерде қызмет істеуге қалайша ризаласқан себебін сұраған еді. Сонда әйелге айтқысы келмеген Байжанның сырын оқушылардың алдына жайып берейік.

Байжан бұрынғы Ақмола облысының Қызылжар (Петропавл) үйезіндегі бір аулында, кедей шаруалы үйде 1917 жылы туды. Әкесінің аты Бектас, сол атты ол кейін фамилия қып қолданды. Бектастың Еспол дейтін пысықша және қалалы жерге барып жүкшілік қызметін атқаратын інісі бар-ды; сол жігіт ауылдағы біреудің қызымен көңіл қосты да, әлдекімге атастырып қойған қызбен қосылуға мүмкіндігі болмаған соң алып қашып, Қызылжар қаласына сіңіп кетті.

Пимокат заводына жұмысқа орналасқан Еспол, аз жылда өзіне тәп-тәуір тұрмыс жасап алды да, еліне бір қатнасқанда екі-үш жасар Байжанды алып келді. Өз баласындай мәпелеп өсірген Байжанды ол сегіз жасында

қазақ мектебіне сабаққа беріп, ақылды, зирек бала кластан класқа үнемі «отличниомен» көшті де, он жылдық мектепті 1935 жылы мақтау қағазбен бітірді.

Мектеп ішінде Байжанның белсене араласқан бір ісі — драмалық, әдебиеттік үйірмелер еді. Бұл үйірмелердің ол спектакльдерінде де ойнады, концерттеріне де қатысты, орысша және қазақша өлеңдерді жатқа да оқыды. Мектептің қабырға газетінің бетіне өзі де қысқаша өлеңдер жазды.

Байжан орта мектепті бітірген жылдың жазында, Алматы қаласында, жас өнершілердің республикалық олимпиадасы шақырылып, Солтүстік Қазақстан облысының атынан баратын өкілдердің тізіміне ол да ілікті.

Алматыға самолетпен барған оларды аэропортта күтіп тұрған машина Қалинин көшесіндегі он екінші мектептің үйіне алып келді. Өзге облыстардан келген жас өнершілер де осы үйге орналасқан екен.

Үйдің алдындағы көп басқышты сатымен көтеріліп келе жатқан Байжанның көзін, шуласа, күлісе, ерсілі-қарсылы сапырылған көп жастың арасынан бір қыз тарта қалды. Қыздың үстінде түсті жібектен тіккен өзбекше көйлек, басында өзбектің түрлі түспен кестелеген топысы, аяғында да түрлі түсті былғарыдан оюлап, кестелеп тіккен биік өкшелі етік. Ұзын қара шашын да қыз өзбекше қырық тарам қып өріп, иығына жайып жіберіпті.

Қасынан жанаса өтіп төмен түсе берген қызға, Байжан кідіріп қарай қалды. Оны сезгендей қыз да жалт қарады да, бетін тез бұрып төмен қарай жүгіре басып жөнелді. Қыздың бөлкім сопақтау келген ақшыл беті, кең маңдайлы, иілген қою қара қасы, ұзындау, қайқылау кірпіктері, көгілдірлеу көзі, ортасы дөңестеу қыр мұрны Байжанның көңілінде қалып қойды. Қыздың басқыштармен төменнен баратқан талдырмаш денесіне Байжан ұзағырақ қарап қалар ма еді, қайтер еді, егер бір серігі:

— Сошлама неге қызыға қалдың?! — демесе.

— Кімге?— деген сөз шығып кетті, серігіне жалт қараған Байжанның аузынан.

— Қызыға қараған қызыңды көрмеді деп тұрсың ба? Тағы да жолықпаспын дейсің бе, жүр ілгері...

Жолдастарымен жоғары көтеріле берген Байжан, ол қызды тағы да көруге құмарта түсті.

Ертеңіне олар Көркемөнер басқармасының үйінде болған мәслихатта жолықты. Әлі қылауы түспеген жасөспі-

рім болғанмен, Байжан өзін жастармен, әсіресе қыздармен танысқыш, үйір бола кеткіш жігітке санайтын еді. Мына қызға олай батыл бола алмады. Мәслихатта толтырған анкетасына қараса, қыздың аты-жөні Гюльнар Анатольевна Полевая!.. Қазақ серіктері оны Гүлнар деп атайды.

«Бұл қалай?! — деп ойлады Байжан,— киім-кешегіне, атына қарасаң өзбек қызы!.. Кескіні қазаққа жақындайды... Сөзі де таза қазақша... Әкесінің аты мен фамилиясы орысша!..».

Байжанның бақытына қарай, мәслихатта Гүлнар ексуі олимпиаданың программасын басқаруға сайланды. Осы қызметте Байжан жақынырақ танысып байқаса, қыз өзін өзгелерден сыргақтау ұстайды. Олимпиадаға келген өзге қыздар мен жігіттер бір-біріне соқтығысып, әзілдесіп, шуласып өлең айтысып жатқанда, Гүлнар байырғы бір адам сияқтанып, желпеңдей қоймайды.

Бұл мінездерін Гүлнар Байжанға да көрсеткенмен, жалбарынып жүріп, ақыры қызға кім екендігін сөйлетті.

— Менің әкем Анатолий Кондратьевич Полевой Москвада туып өскен орыс,— деді қыз,— оның әкесі Москвада врачтық қызмет атқарыпты. Әкем Москваның мелиоративтік институтын бітіріп диплом алған жылы, «студенттердің революциялық ісіне қатнастың» деген айыппен Орта Азияға жер аударылыпты. Сол кезде Өзбекстан жерінде «Патша арығы» дейтін канал қазылып жатыр екен. Әкем сонда инженер-мелиоратор боп қызметке орналасыпты. Каналды қазушылар өзбектер. Әкем солармен сіңіседі де, әдетін, ғұрпын, тілін үйренеді, достасады. «Мираб» дегенді сіз білетін боларсыз?

— Әрине,— деді Байжан,— диханшылардың арасынан шыққан су маманы ғой олар, «мир» — өлшеу, «аб» — су. Мираб — «судың өлшеушісі». Қазақтар мирабты «мұрап» дейді ғой.

— Білдіңіз. Жаңағы айтқан «Патша арығын» қазушы өзбектердің ішінде Құрбан деген қарт мираб бар екен. Соның Шаһадат атты жалғыз қызы болады екен. Осы қызға менің әкем ғашық болады.

— Сіздің шешеңіз бе? — деді кеңеске енді құмарта бастаған Байжан.

— Я! — деді Гүлнар.

— Содан кейін?

— Тыңдаңыз. Қыз да әкемді сүйеді. Бірақ, екеуіне

қосылуға мүмкіндік жоқ. Ескі тілмен айтқанда бірі — кәпір, бірі — мұсылман, қосылам десе-ақ екеуін де діншіл өзбектер өлтіреді. Не істеу керек? Әрине, ол арадан екеуі де кету керек. Бірақ қайда? Россияға әкем бара алмайды, жер аударылған адам, өзбек арасында тұруға тағы да болмайды...

— Қиын хал болған екен,— деді Байжан.

— Достары әкеме: «Қызды ал да Сырдарияның төменгі жағындағы көшпелі қазақтардың арасына кет, олардың арық қазуына жәрдемдессең сені жасырады» дейді. Әкем сол ақылды алып, шешем екеуі бір түнде жоқ болады да, қазақтар арасына барады. Арық қазуына жәрдемдескен соң қазақтар оны жасырады. Содан ол революцияға дейін жасырынып жүреді. Оның басқаруымен Сырдарияның қазақстандық жағасынан көптеген ұсақ арықтар қазылады. 1928 жылдан бастап әкем Қызылорда облысының су шаруашылық мекемесінде бас инженер боп қызмет атқарады.

Жас жағынан Гүлнар Байжанмен түйдей құрдас боп шықты. Он жылдық мектепті де ол биыл бітіріпті. Өз жайын қысқаша айта кеп:

— Әкемнің туысы орыс болғанмен, тұрмысы қазақ боп кеткен,— деді Гүлнар.— Сөйлегенде оны қазақтан айырып ала алмайсыз. Қазақтың әдет-ғұрпын да бір қазақтан кем білмейді. Ал, шешем орысқа күйеуге шыққанымен, көп жыл қазақ арасында тұрғанмен, біраз жағдайда өзбек салтын қолданатын.

— Ол не салт? — деп сұрады Байжан.

— Сіз өзбек үйінің қалай құрылатынын білесіз бе? — деді Гүлнар.

— Қай құрылысын айтасыз? — деп сұрады, Гүлнардың сұрауына түсінбеген Байжан.

— Ескі азиялық салтпен салған өзбек үйінің көше жаққа қараған терезесі де, есігі де болмайды, олардың бәрі қораның ішіне қарайды.

— Оны естігем.

— Ондай үйлер «ішкари, ташқари» аталып екіге бөлінеді. Түсінесіз ғой?

— «Ішкері», «тысқары» деген сөзі болар,— деді Байжан ойланып ап.

— Дұрыс. «Ішкари» дегені — әйелдер бөлмесі, «ташқари» — еркектер бөлмесі. Сол үйдің өз адамдарынан басқа еркек, «ішкариға» ешуақытта бас сұға алмайды.

— Ол туралы да естіген ем,— деді Байжан.

— «Ішкари» мен «ташқариға» бөлетін кең пәтер,— деді Гүлнар,— менің әкем-шешем де революциядан бұрын болмаған. Мен әрине, бес бөлмелі кең пәтерде туып өстім. Бұл бөлмелердің біреуін шешем «ішкари» сияқтандырып, өзбек салтымен жасаулап ұстады. Ол кісі музыканы жақсы көретін еді. Өзбекше «әшулә», татарша «жыр», қазақша «ән» айтып отыратын еді. Өзбек әйелдерінде «бәзім» жасау бар. Ол, қазақтың «бастаңғысына» келеді. Еркегі жолаушы шыққан күні, әйелі дос әйелдерін, олардың қыздарын шақырады да, дутар тартып, әшулә айтып мәжіліс құрады. Менің шешем, осындай «бәзім» жасауды жақсы көретін. Маған да ол орысша, қазақша, өзбекше әндер айтқызып рахаттанатын... Сөйтіп жүргенде...— дей беріп, Гүлнардың даусы да, кескіні де бұзыла қалды.

Шешесінің жайын айтқан кеңесінің соңғы жағында, Гүлнар оны өткен дәуірдің кісісі сияқтандырып сөйлеген соң, Байжан ішінен «шешесі өлген болар ма мұның?!» деп жорамалдай бастаған. Енді Гүлнардың кескіні мен даусы бұзыла бастаған соң, «сол ойым рас болды ма» дегендей, түнере қарай қап еді. Гүлнар екі алақанымен бетін басып жылап жіберді.

— Ой, Гүлнар, мұның не? — деп ұстай алған Байжан, оны әрең дегенде уатып жайын сұраса, шешесі Шаһадат, өткен жылы қылтамақ болып өлген екен. Сол өлімге егіле қайғырып, ойын-сауықтан қол үзген Гүлнарды, әкесі мына олимпиадаға зорлағандай әрең жіберіпті.

«Гүлнардың өзін тұйық ұстауына себеп — шешесінің өлімі болу керек» деп жорыған Байжан, бір жақтан, оның қайғысын жеңілдету мақсатымен, екіншіден, өз құмарлығын оған ұқтыру мақсатымен енді одан жұбын жазбай, ұйқыдан басқа уақыттарын үнемі сонын төңірегінде өткізуге тырысты. Бұл жолығысулар, сыртын салқын ұстаған Гүлнардың ішкі салқындығын жылытпай қойған жоқ. Гүлнарды бірінші көргенде Байжанның көңілі қандай ауса, сол көргенде Гүлнардың да көңілі сондай ауған еді.

Гүлнардың шешесі Шаһадаттан естуінше, «Самарқанның көк тасы» деген бар. Жаздың басталуын ол араның халқы сол көк тастан біледі. «Күннің де екі көзі бар: біреуі жаздық, біреуі қыстық. Қыс басталарда күн жазғы көзін жұмады, жаз басталарда қысқы көзін жұмады. Күннің жазғы көзі ашылғанда, ең алғашқы сәулесі Са-

марқашың көк тасына түсіп, отқа қыздырған қорғасындай тас балқыйды. Жаздың басы сол күн».

Байжан Гүлнарға күннің жаздық көзі сияқты болды. Сұңғақ бойлы, кең жаурынды, толқынды қара бұйра шашты, кең маңдайлы, қыйылған қою қара қасты, дөңгелек қарагөры жүзді, кішірек келген мөлдір қара көзді, шолақтау дөңес мұрынды, бәлкім үсті қалыңдау еріндді, әлі түк сияқты емес, түктің көленкесі сияқтанып, жоғарғы еріннің жиектен келе жатқан болар-болмас қырбық мұртты, сүйірлеу иекті, толық мойынды, аршын-тік денелі Байжан, жолыққан сайын Гүлнардың құмарлығын арттыра түсті. Жолыққан сайын олардың көздері бір-біріне ілгері жолығудан артығырақ қадалысты. Бұл қадалудың не қадалу екенін екі жағы да айтпай-ақ ұғысты.

Жүректің осы сырын кім бұрын ақтару керек?

XIX ғасырдың орта кезінде жасаған қазақтың сал жігіті Біржан мен ақын Сара айтысқанда, Сара Біржанға «Хауа анаға бұрын барған Адам ата» дейді. Сол айтқандай екі жынысты адам бірін бірі сүйе қалған күнде, жүрек сырын ақтару еркектен басталуы — Адам ата мен Хауа анадан бері үзілмей келе жатқан салт емес пе?

Бірін бірі Алматының олимпиядасында көріп, көңілдері ұяласа қалған біздің екі жас та осы салтты бұза алмады. Іштей бірін бірі сүйе отырып, алғашқы күндері олардың ауыздары қалжыңнан артық сөзге бара алмады.

Бетпе-бет келгенде жүрек сырын ақтаруға, қылауы түспеген беттері қыза берген соң, бұл ұятты, бетінде қаны жоқ қағаз мойнына жүктеді. Байжанның сыры Гүлнарға бір күні өлең хат боп қағаз арқылы жетті.

Бір-біріне хат арқылы сырларын ақтаратын жастар, егер өздері ақын, жазушы болмаса, жазушылардың шығармаларындағы геройлардың хаттарынан сөз ұрлайды деседі. Сөйтті ме, әлде махаббаттық жүректері бірдей соққандықтан, сөздері де бірдей шықты ма, Байжанның өлең-хатын Гүлнар оқып көрсе сарыны аумаған Онегиннің Татьянаға жазған хаты сияқты.

Байжан Онегин бола қалғанмен, Гүлнар Татьяна бола қалмады, хаттарына хатпен жауап бермеді. Ертең қайтамыз деген күннің кешіне Байжан Гүлнарды «паркке барайық» деп алып шықты да, бақшаның алысырақ бір түкпіріне алып кетіп, жүрек сырын енді шешті.

Ол ұзақ сөйледі.

Ақыры, Байжан, енді айтар сөзі қалмағандай, не пайдасыз сөйлей беруден мағна шықпауына көзі жеткендей, я шаршаған адамдай:

— Отырсақ қайтеді, Гүлнар,— деді.

Бақшаның бұл тұсындағы алма ағаштары біраз жасап, түптері жуандап, бұтақтары кең тармақтана көбейген еді. Сол бұтақтарға быйыл бітік шыққан апорттық алмалар әлі піспегенімен, күнгей беті алауланып, атқан таңдай қызыл күреңдене бастаған. Әр жапырақтың түбіне осындай бейнемен төртеу-бесеуі ұйыса өскен алмалар, бұтақтарды ніп, бастарын жерге тигізетін болған соң, бақшашылар бұтақтардың астына тіреу қойған.

Байжан мен Гүлнар тірелген бұтақтардың көленкесіндегі жасыл бетегеге жантая қатар отырысты. Бұтақтардың арасынан сығалаған күн, олардың ақ жібек киімдеріне, денелерінің ашық жерлеріне, алма ағашының басында бар байлықтың көленкесін түсіріп, бұтақтардың, жапырақтардың, алмалардың бейнелері денелеріне таңба боп басылған жас, сол алма ағашының мәуесі салбыраған бұтақтарына айналғандай болды. Желсіз күні сыбдырсыз тұрған алма ағашындай, екі жас та біразға шейін үнсіз тына қалысты.

Байжанның үндемеуі жауапты Гүлнардан күткендіктен екені бізге мәлім, ендеше, біз Гүлнардың неге үндемеуіне тоқталайық. Оның Байжанды ұнатқандығын біз білеміз, сөйте тұра, Байжан хатпен де, ауызша да бар білген сөзін айтқанда, сол сөздерге көңілі ұйый тұра, сұраулы сөздеріне жауап бермеуі мінезінің тұйықтығынан, я ерекше сабырлылығынан ғана емес еді. Түпкі ниеті Байжанды ұната тұра, оған қазір берер уәдесі жоқ. Неге өйтетіндігіне өзінше дәлелдері бар, соларын айтайын десе, Байжанға дәлел сияқты көрінбеуі мүмкін.

Біраз үнсіз отырғаннан кейін, Гүлнардың аузына «қайтпаймыз ба?» деген сөз кеп қалып еді, «қа...» деп беріп, аузын жыйнап ала қойды, онсыз да өкпелі отырған Байжанды, одан зор өкпелетіп алармын деп ойлады.

— Я, не айтайын деп едіңіз? — деді Байжан, бетін бұрып.

— Быйылғы жылы алманың шығымдысы-ай! — деп таңданған болды Гүлнар бұлтарып.

— Басқа бірдеме айтуға ыңғайланған сияқты едіңіз ғой?

— Оны қайдан білесіз?

— «Қа» деп бастай беріп тоқтай қалдыңыз ғой?

— Аузымды аңдып отыр ма едіңіз?

— Сіздің аузыңыз маған, менің іздеген аңым түбінде тығылып жатқан ін сияқты боп жүрген жоқ па?

— Ә, солай ма еді? — деді Гүлнар күлкілі дауыспен.— Тығылған аң бары рас болса, ін түбінде жатуға қанша шыдар дейсіз? Не құралмен ұстамақ едіңіз оны? Қақпанмен бе? Тормен бе?

— Қай сәті түскені болады да. Тек, торыған аң шықсын деңіз.

— Шықпай қалай шыдайды ол? Жанды мақлұқ түгіл, мына алма сияқты жемістер де мезгілі жетсе үзіліп түспей ме?

— Бақшашылардан естуім — өзі үзіліп түскен алма тез шіриді. Оны бұтақтан қолмен үзіп алу керек.

— Рас. Бірақ, піскенде ғана. Сонда ғана одан ләззат аласың. Піспесе жеуге жеркенесің.

— Неменеге мысал қылдыңыз оны?

— Өзіме. Менің әлі бойым піскенмен, ойым піскен жоқ. Біздің заманның жасына ойын пісірмеу — қылмыс. Рас па осы?

— Рас. Бірақ, ойдың пісуі, сүйіскен көңілді тежеуге байланысты ма екен?

— Жұмбақтаса беретін, біз баяғының ғашығы емеспіз,— деді Гүлнар.— Біз комсомолецтерміз. Өмірге біздің көзқарасымыз бұрынғы жастардан басқа. Сондықтан біздің пікіріміз де ашық болуы керек.

— Менің тілегенім осы ғой,— деді Байжан сергіп,— ап-ашық мәселені жұмбақтап жүрген өзіңіз. Кешіріңіз, сөз сіздікі.

— Ең алдымен «ал, жарайды» дей қоюға біз әлі бір-бірімізді жақсы білмейміз. Өмір жолы ұзақ. Оған серіктесіп сапар шеккен адамдар, ең алдымен бірін бірі жақсы біліп алуы керек.

— Олар жол үстінде біліспей ме?

— Жол үстінде шын серік болып кете алса жақсы, егер кете алмаса, оның өкінішін қайда қоясыз?

Сұраулы кескінмен қараған Гүлнарға Байжан жауап бермеді.

— Қайталап айтайын,— деді Гүлнар,— өмірдің ұзақ жолына серіктесіп аттану үшін адам бірін бірі жақсы сынап біліп алу керек.

— Оған мен әзірмін,— деді Байжан,— сол сынның қандай сын екенін білуге болар ма екен?

— Сөздің сыны емес ол, жүректің сыны. Бір күннің емес, ол көп күннің сыны.

Байжан бірдеме деуге ынғайлана бергенде, Гүлнар оны бөгеп:

— Өмір жолына серіктесіп шығар алдында менің әзірге үш шартым бар,— деді.

— Бірінші? — деді Байжан.

— Біз советтік саналы жастармыз. Біз өзіміз үшін ғана емес, еліміз, Отанымыз үшін де қызмет атқаруымыз керек. Ол үшін ең алдымен өзіміз қалаған бір ғылымның шегіне шығып, белгілі бір жүйеге маман болуымыз керек.

— Дұрыс. Бірақ, мамандық алудың махаббатқа не бөгеті бар?

— Неге асығасыз сіз? Сізше бүгін қосылса махаббат боп, ертең қосылса махаббат емес пе?

— Екінші шарт? — деді сөзден тосылған Байжан.

— Бұл мәселені осы тұйық күйінше, жоғарғы мектепті бітіргенше қалдырамыз.

— Мақұл. Оған да көндік. Қайда оқиймыз сонда?

— Мен медицина институтына түсем.

— Себебі?

— Себебі — шешем қылтамақтан өлгеннен бері, мен адам баласының өмірін мезгілсіз суалдыратын сырқаттың бәріне өшпін. Әсіресе ракқа өшпін. Соның емін тапқым келеді.

— Түсінікті.

— Егер мені сүйетініңіз рас болса сіздің де не мамандыққа даярлануыңызды менің айтқым келеді.

— Айтыңыз.

— Өткен бір кезде, Сыр бойында өскен Мақпал дейтін қызға, Арқаның Сегіз деген жігіті ғашық болыпты. Өзге ғашықтарға киліге кететін үшінші біреу, ол екеуінің арасында болмапты. Қыйындыққа қосылғаннан кейін ұшырапты.

— Ол не екен?

— Мақпалды Сегіз Арқаға ұзатып әкетеді. Арқаға бара, Мақпал сары кезік боп ауырып, күзгі шөптей сола бастайды. Бақсы-балгердің біреуі де ем таба алмайды. Мақпалдың сырқатын естіген соң, Сыр бойынан әке-шешесі келеді. Шөлді кешіп келген олар, торсыққа құйған

Сырдың суына малта салған екен дейді, сол сусын аузына тиген соң-ақ Мақпал сауыға бастайды... Сусын таусылғаннан кейін Мақпал тағы да ауырады. Сонда жұрт: «бұған Сырдың суы ем болар ма» деп ойлап, Сегізбен екеуін Сырға жібереді. Сырға жетіп суын ішкен соң Мақпал тағы да сауығып кетеді. Содан кейін Арқаға қайтса тағы ауырады... Қысқасы, Мақпал Сырдың суынсыз тұра алмайтын болған соң, Сегіз Арқадан біржола көшіп кеп, сонда тұрып қалады. Оның ұрпақтары қазір Сырда дейді.

— Түсінікті,— деді Байжан,— оны менің сізге деген махаббатыммен неге байланыстырдыңыз?

— Бұл сұрауыңыздың жауабын өзбектің бір ертегісінен табасыз. Ертеде өткен өзбек ақыны Новаи «Фархат-Шырын» атты поэма жазған. Менің шешем сол поэманы аса сүйсініп оқып отыратын еді.

— Не туралы екен ол?

— Фархат деген жігіт Шырын деген қызға ғашық болады. Шырын оның алдына мынадай шарт қояды: «Менің елім, Сырдариядан алыс жердегі шөлде, сол шөлді гүлдендіру үшін арық қазып, Сырдың суын апару керек, мен саған, егер осыны істесең ғана қосылам» дейді.

— Орындап па, ол тілекті Фархат? — деді Байжан.

— Орындамаса сүйгені қайда?

— Түсінікті. Маған да қоясыз ба, сол шартты?

— Оның да жауабын айтам,— деді Гүлнар, ертегілер айтудан бастап күлімдеп отырған кескінін тағы да салмақтандырып ап.— Менің бүкіл дүниеге айырбастамайтын бір қымбаттым бар, ол — әкем. Әкесін кім жек көреді?.. Жақсы көрудің үстіне мен оны тастап, басқа жаққа кете алмаймын.

Байжан қарқылдап күліп жіберді.

— Неге күлесіз? — деді Гүлнар жәбірленгендей.

Байжан күлкісін тыймады.

— Жақсы онда...— деп Гүлнар түрегелді де, жөнеле беруге айналды.

— Оу, жолдас. Оныңыз қалай? — деп Байжан да түрегеп, Гүлнардың алдын бөгеп еді:

— Мен сізге салмақты сөз айтайын десем,— деді Гүлнар кідіріп,— сіздің тыңдағыңыз келмейді...

— Кешіріңіз,— деді Байжан, Гүлнардың сөзін бөліп,— таныспай жатып жанжалдаспайық. Ал, тыңдадым.

Байжан Гүлнарды отырғызайын деп еді, Гүлнар отырмай, айтарын түрегеп тұрып айтты.

— Қалжың көріңіз, я шын көріңіз, ықтыяр сізде, қалай көрсеңіз де айтарым — әкемнен мен айрыла алмаймын. Оның жеке өмірінде менен басқа бақыты жоқ. Бақыт шамын өшіріп, мен басқа жаққа қалай кетем?

— Күлсе өкпелейсіз,— деді Байжан,— күлмейін десе баланың сөзін айтасыз: қызын күйеуге беру бақытсыздық деп кім айтқан? Жақсы, әкеңізді қыймай-ақ қойыңыз. Сонда, ол кісіні баратын жағыңызға ала кетуге болмай ма? Әкесі ұзатқан қызының қолында болу бұл заманға ұят па?

— Ұят емес. Мен ала кетер ем, әкем бармайды. Ол Сырдан сүйресеңіз де кетпейді.

— Неге?!

— Менің әкемнің басында мәңгіден бері шөліркеп жатқан Сырдарияның өлкелерін суландырудан басқа ой жоқ. Ол барлық өмірін осы жұмысқа арнаған адам. Оны бұл мақсатынан ешбір күшпен айыруға болмайды.

Бұл кеңестің арты ұзаққа созылып, ол күні бітпеді. Ертеңіне Қызылордаға жүретін поезға Гүлнарды Байжан шығарып салды. Екеуі перронда поезд қозғалғанша жүріп, кешегі сөздердің жалғасын кеңесті. Ақыры Байжан Гүлнардың су шаруашылық институтына түсіңіз деген ұсынысын қабылдады. Қай қаладағы институтқа түсуін, Гүлнар әкесімен ақылдасып хабарландырмақ болды.

Гүлнармен қоштасып Қызылжарға қайтқан Байжан, кешікпей Қызылорданың облыстық су шаруашылық бөлімінен шақырған телеграмма алды. Байжан Қызылордаға кідірмей жетті. Ол келсе, Гүлнардың әкесі Анатолий Кондратьевич Алматыға шақырылып, Байжанға хат тастап кеткен екен. Хатында Москвадағы су шаруашылық институтына баруын, егер оған риза болса, Қызылорданың облыстық су шаруашылық бөлімімен контрактация жасауын өтініпті. Байжан бұл өтінішті орындады.

Институтты Байжан төрт жылда бітірді. Сол жылы Гүлнар да Алматыдағы медицина институтын бітіріп, Қызылордада табыспақ болды.

Байжанның сапарлас әйелге айтпай келе жатқан сыры осы еді.

Күні ыстық алыс жолдан қажыды ма, әлде ой өрісін

түгелімен сүйген қызы жайлады ма, Москвадан шыға Байжанның бар ермегі кітап қана боп, жолшыбай сапарлас адамдарының ешқайсысымен шүйіркелесе қойған жоқ. Сол мінезін ол Рахметке де көрсетіп, оның әйелге айтқан күлкілі ертегілерін салмақпен ғана, ықласпен тыңдады. Сондай қалпын көрген соң, Рахмет те оған жалпаңдай қойған жоқ.

Қарбыз желініп болған соң Байжан Рахметке алғыс айтты да купесіне кетті. Оның Москвадан Қызылордаға қызметке келе жатқан жас инженер екенін Рахметке әйел таныстырды.

— Түсінікті,— деп бастап, Рахмет әйелге Байжанның бұл арада нендей байланысы бары туралы есіткен-білгенін қысқаша айтып берді.

— Аһа,— деді әйел Рахметтің кеңесін тыңдап боп,— осындай ыстық жаққа жас инженердің неге келе жатқаны маған енді ғана түсінікті болды...

Поезд Қызылорда станциясына тақала бергенде әйел Рахметтің терезесі ашық купесінен басын сұғып қарап еді, көзі вагон есігінің басқышында тұрған Байжанға түсті. Байжан басқыштан поезд тоқтамай-ақ қарғыды да, ілгері қарай жүгірді. Оған қарсы, үстінде кең тіккен шайы көйлегі, басында өзбек топысы бар, шашын көп тарамды қып өрген қыз жүгіріп келеді екен. Екеуі құшақтаса кеткен тұсқа көп Рахмет пен әйел мінген вагон тоқтай қалды.

— Қалыңдығы осы ма? — деді әйел Рахметке.

— Осы!

— Жақсы жұбайлар екен!..

— Я, жақсы жұбайлар...

Екінші тарау

ПОЛЕВОЙДЫҢ СЕМЬЯСЫ

Анатолий Кондратьевичтің жеке басындағы тұрмыс салтына қараған кісі оны шығыстан, әсіресе, қазақтан айыра алмас еді. Еңалдымен, ол қазақтың тілін барлық мақал-мәтелімен, барлық акцентімен анайы қазақтың біреуіндей сөйлейді. Оның отырыс-тұрысы да, ас ішуі де қазақша: малдасын құрып отыра қалғанда, ауыл қазағынан айыра алмайсың. Қазақтардай ол да етті жақсы көреді және ауыл қазағындай майлы етті алақанымен толтыра

асайды. Қымыз ішуде ол, қазақтың біреуімен таласа алады — аққұба кескіні күреңденіп ап, сыздықтай сіміруге күн ұзын жалықпайды.

Қазақтардай о да атқа құмар, талай жылмыйған жүйрік, тайпалған жорға оның тақымынан тарады. Жақсы ат оның қолынан кетпеді, сол жақсы атқа ол, қазақтың басы қошқар мүйізді, тұрманының бәрін күмістеген құранды ерін салып, үнемі салт жүретін болды. Қалаға қызметке орналасқаннан кейін де, ол осы салтын өзгерткен жоқ; бір әдемі атты үйінде ұстады да, кеңсесіне соны салт мініп барып қайтады, көше қыдырса, я бір жаққа шықса, үнемі солай салт жүрді. Ол аңшы еді. Кеңседе қызмет атқаратын өзге аңшылардың мүмкіншілігі бары аңға машинамен шыққанда, Анатолий Кондратьевич машинасы бола тұрса да, тазысын жетекке алып, мылтығын асынып салт кететін.

Сыр бойында Анатолий Кондратьевичті білмейтін қазақ жоқ, солардың бәрі оның атын қазақшылап «Анатөл» деп, оған «сушы» деген сөз қосып, «сушы Анатөл» деуші еді, көбі оның әкесінің аты мен фамилиясын білмеуші еді. Бірақ «сушы Анатөлді» еңбектеген жастан бастап еңкейген кәріге дейін түгел білуші еді. Таныспай, сөйлеспей тұрып, оны орыс деп ойлап, ол туралы ыңғайсыз сөздер айтып қап, артынан ұялған қазақтар әржерде кездесті.

Ол туралы ел арасында талай күлдіргі әңгімелер де шықты. Анатолий Кондратьевич ел қыдырып жүріп, бір қазақтың үйіне түседі. Қазақтың үйі үш тағанаға қойған шойын құманға ет асып отырады. Қарны ашып келген Анатолий Кондратьевичтің етті жегісі келеді. Үй иесінің танымаған қонаққа етті бергісі келмей, айран-шалаппен аттандырмақ болады. Айранды ішіп Анатолий Кондратьевич үйден шықпай отырып алады. Бұрқылдап қайнаған шәйнектегі сорпа азайып, шәйнек қақсып, еттің қоңырсып күйген исі шыға бастайды. Ері әйеліне: «мына бір орыс отырып алды-ау» дейді, әйелі: «басында қазақша бөркі бар ғой, төбесі жарық боп жүрмесін» дейді. Сонда Анатолий Кондратьевич таза қазақ тілімен: «жеңгей, менің басымда жарық болса сізге залалы жоқ, отқа қақсып анау шәйнегіңіз жарылса залал болар, әрі етіңіз күйіп кетер, соған су құйыңыз!» дейді. Ері де, әйелі де мына сөзден қатты ұялып, «Анатөл» екенін білгеннен кейін мал сойып аттандырған екен деседі.

Анатолий Кондратьевич туралы осындай күлдіргі әңгімелер Сыр қазақтарының арасында жиі кездеседі.

Сырты және салты азиялық сыяқты көрінгенмен, ішкі сарайын ақтарған кісі, оның шын мағнасындағы орыс баласы екенін екі мәселеде айқын көретін еді: бірінші — егіншілік мәселесінде, екінші — семья мәселесінде.

«Орта Азияның, — дейтін еді ол, сырласқан адамдарына, — ғасырлар бойы патриархалдық қалыптан бұлжымай келе жатқан мәдениетін, оның ішінде егіншілік мәдениетін ғылымның соңғы табысының жолына түсірген біздің орыстар. Агрономиялық ғылым Орта Азияға өзге Европадан емес, орыстан келді, бұл бір; екінші — әрине, егіншілік жұмыстары Октябрь революциясына шейін, әсіресе, ауыл шаруашылығы колхозданғанға шейін біздің Россияда кемеліне келген жоқ. Бұл жұмысты тарихта болмаған биік сатыға Совет өкіметі көтерді. Бірақ, бұл да орыс халқының әрекетінен туған емес пе? Октябрь революциясының авторы орыс емес пе? Революция болмаса, ауыл шаруашылығы осылай колхоздасар ма еді? Колхоздаспаса, қазіргідей егін шаруашылығы өркендер ме еді? Қазір біздің Совет Одағының егін шаруашылығына дүние жүзінде таласа алатын шаруа бар ма? Егіншіліктің ең зор мәдениеті бізде емес пе? Осы мәдениеттің авторы орыс десек, мен де сол орыстың бір баласымын. Мақтанғым емес, Орта Азияда, оның ішінде Қазақстанда суармалы егін кәсібін өркендетуде, менің еңбегім аз болған жоқ. Сол еңбекті, мен ең алдымен, орыс ғылымының Орта Азияға мәдениет таратудағы өкілінің бірімін деп атқарам. Және сондай еңбек атқаруды өзімнің ғана емес, туған халқым — орыстың мақтанышы көрем».

«Орта Азия халықтарын, семьялық өмір жағынан мен екіге бөлем,— дейтін ол, сырластарына,— өзбек, тәжік сыяқты отырықшы елдер; қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікпен сыяқты көшпелі елдер. Осы екі жүйелі елдердің де семья жасау тәртібіне мен наразымын. Отырықшы елдер әйелін ерлерден жасырып, пәрәнжі астында ұстайды. Шариғат тудырған бұл заң барып тұрған тағылық. Қоғамның теңжарасы әйелді мұнша қорлатып, мұнша жабық дүниеде ұстау — бақытты халықтың емес, сорлы халықтың ісі. Теңжарасы абақтыдай тұрмыста күн кешірген ел қайдан бақытты болады...»

«Ал, көшпелі елдерді алсаңыз, — дейді ол, — ол елдер әйелді пәрәнжі астында, жабық үйде ұстамайды, олай

ұстауға олардың өмірінде жағдай да жоқ. Бірақ, ол елдердің әйелі онымен бақытты боп жүрген жоқ. Қайдан бақытты болады, ол елде қызын қалыңмалға сатады, қалың төлесе қызды кәрі де, кем-тар да ала береді. Осы салттың салдарынан, күйеуіне риза боп баратын қызды сирек ұшыратасың... Орта Азияның отырықшы елдерінде де, көшпелі елдерінде де, қыз бен жігіт бірін бірі өз бетімен ұнатысып қосылған емес, оларды қосатын әке-шешелері, туысқандары. Күйеуі де, қыз да, тек туысқандарына ұнаса болды. Өздері бірін бірі ұнату, ұнатпауы есеп емес, солай қосылғандықтан Орта Азияның семьяларында, ерлі-зайыпты адамдар, егер бірін бірі сыйласа сүйгендіктен емес, тағдыры солай болғандықтан, сөйтуге міндеттімін деп сыйлайды, басқа түрлі сыйлаудың тыянағы болмайды. Несі өмір, осының?!. Біздің орысты алсақ, революцияға шейін оның да еңбекші көпшілігінің күн көрісі ауыр болғанмен, крепостнойлық право жойылғаннан бері, қызды сүймегеніне зорлап беру, жігітке сүймегенін зорлап алғызу сирек кездесетін, халықтың ғұрпынан шыққан салт. Сондықтан революциядан бұрынғы кездегі еңбекші-көпшіліктің тіршілігін алғанда, тұрмыс ауырлығы бірдей болғанмен, мен өзім, орыс крестьянының семьялық өмірін өзбек диханының я қазақ бақташысының семьялық өмірінен жоғары қоямын. Крестьянның өмірінде қыз бен жігіт бірін бірі ұнатып еркімен қосылу бар. Өзбек пен қазақта ол жоқ».

Революциядан бұрынғы семьялық тіршілікте, Анатолий Кондратьевичке ұнайтын әйелдер: ғылымның соңғы табысынан еркін хабарлы, өзіне тән ой-пікірі бар, ой-пікірі прогрессіл, қоғам ісінде өзін кіммен де болса тең ұстай алатын, білімнің мөлшерінде қоғамға пайдалы бола алатын, түзде көпшілікпен, үйде туысқан-туғандарымен, ерімен, бала-шағасымен келісе алатын, сыйласа алатын адам.

Сондай семьяны орыс интеллигенциясының арасында кездестірген ол, өзі де соның бірі болды. Арман етіп жүргенде, тағдыр оны Орта Азияға айдады да, өзбек қызы Шаһадатқа кездестірді. Ол Шаһадаттың өзін сүйгенмен, өскен ортасының ғұрпын сүйген жоқ. Сол ғұрыптың біраз салдарын Шаһадаттың да бойынан тапқан ол, өз ойыма көндіремін деген мақсатпен үйленді.

Бірақ, Шаһадат ұнатқанын ғана қабылдайтын, ұнатпаған ісінде өз ырқынан аумайтын, күйеуіне өзін билету-

ден гөрі, оны өзі билеуді жақсы көретін, не болса да бетке айтатын, ішінде қалтарысы жоқ, бір сөзді, бір бетті адам боп шықты да, Анатолий Кондратьевичтің дегеніне иек қаға бермей, жөнді деген жерде оның еркіне көнді де, жөнсіз деген жерде оны еркіне көндірді. Сол келісулердің бәрін сайып келгенде, Шаһадат Анатолий Кондратьевичтің қиялындағы дама да болған жоқ, өзбек әйелі де болған жоқ.

Сөйтіп екеуі бірін бірі өз тәрбиесіне түгел аударып әкете алмай орта жерден түйісті де, келісімді өмір сүрді.

Жұбайлық өмірлерінде, орыс пен өзбек тәрбиесінің орта кезеңіне тоқырасқан олар, бала тәрбиелеуде де сондай келісімге келді.

Шаһадатпен көңілі қосылған күннен бастап-ақ, оның атын Шура қойған еді. Сол Шураны еркелете айтудан, еркінде ұстаудан отыз жылдай отасқанда бір айнығаң жоқ.

Анатолий Кондратьевич Шаһадатқа жыйырма бес жасында үйленген еді. Келесі жылы олар перзент көрді. Бала бірер ай өмір сүргеннен кейін қайтыс болды. Одан кейінгі балалары да тұрмай жүріп, Анатолий Кондратьевич отыз бес жасқа шыққанда, дүниеге Гүлнар келді...

Бұрынғы шығыстың салтында қызды әке «балам» деп жақсы көргенмен, «бақытым» деп жақсы көрмейтін. Себебі, олардың ұғымында қыз «жат жұрттық», ол «ұрпақ емес, өріс» қана.

Осы салтты жақсы білетін Шаһадат, орыстар да солай түсінетін болар деген оймен, Анатолий Кондратьевичтің ұлдары тоқтамауына, ақыры жалғыз баласы ғана тоқтап, ол да қыз боп, одан кейін бала көтермеуіне іштей аса қынжылатын да, кейде қайғыратын да еді. Бірақ жүре келе, осы пікірден Шаһадат қайтты. Оған себеп — ерінің Гүлнарды жанындай жақсы көруі болды.

Анатолий Кондратьевич сүйікті «Галясын» жасқандырмай, жабырқатпай, ерікті, еркін, ерке өсіруге тырысты. Осы мәселеде европалық семьяда өскен онымен, шығыстық семьяда өскен Шаһадаттың арасында шалғайысқан емес, қабысқан қайшылық кеп туды. Әкенің ойына салса Галяны европаша тәрбиелеу керек еді де, шешесінің ойына салса шығысша тәрбиелеу керек еді.

Алғашқы кезде екеуі де өз жөндеріне тарткысы келгенмен тәрбиелейтіндері бір-ақ бала болған соң аздап арбасып көріп, ақыры бірін бірі ұғынысты.

— Пәрәнжі салатын қыз емес, совет қызы, үнемі уыста ұстаймын деуге болмайды, — деген әкесінің сөзіне шеше көнді.

— Совет қызы болғанмен, қыздың аты қыз, ұл емес, қыздың өзіне тән мінезі, сыпайышылығы, жүріс-тұрысы болуы керек, мен оны бетімен секеңдетіп өсіре алмаймын, — деген шешесінің сөзіне әке көнді.

Гүлнардың жүріп-тұру еркін түгелімен шешесінің қолына берген Анатолий Кондратьевичтің мектепке түскен күннен бастап, қызына өз басындағы ойын сіңіру жолында қолдандым деген құралы — кітап.

Анатолий Кондратьевич өзін моралист санайтын кісі еді де, сол оқығандарын ол өзгеге де айтып отыруды және айтып қоймай, айтқанын тыңдаушысына сіңіруді жақсы көретін.

Гүлнардың мектептен тыс уақытта да кітап оқуға ынталылығын байқаған ол, кез келген кітап емес, өзі ұнататын кітаптарды оқытты, ұнатпаған кітаптарды оқудан тыйды, ондай кітаптар қолына түспеу үшін, айтқанын екі етпейтін қызына, «менімен ризаласпаған кітапты оқыма» деп тапсырды. Гүлнардың қайран қалғаны: мелиораторлық қызмет атқаратын, уақытының көбін ел арасында өткізетін үйде де сол мәселемен көп шұғылданатын әкесі, су шаруашылығынан басқа жүйелі кітаптарды да аса көп оқыған. Жердің, көктің, оларда болатын құбылыстардың жайы туралы, өсімдіктердің, хайуандардың, адамның өмірі туралы нелер қызық әңгімелерден басқа, Анатолий Кондратьевич көркем әдебиеттің де әр дәуірде жазылған, әр елде жазылған талай нұсқаларын біледі. Гүлнар, ес білгелі соларды айтып, оның аузын талай тамсандырды.

Қызын белгілі бағытта, яғни, моральдық қасиеті жоғары дәрежеде өсу бағытында тәрбиелеуге тырысқан Анатолий Кондратьевич оған басына келген әңгіменің бәрін айтпай, өз бағытына жетектейтін әңгімелерді ғана айтты. Ол қызына екі пікірді сіңіруге қатты тырысты: біреуі — бұлжымайтын тұрақтылық, екіншісі — айнымайтын махаббат.

Бертін Гүлнар ақыл тоқтата бастаған кезде, Анатолий Кондратьевич, қызының оқыған кітабы туралы сөйлесуді сылтау қып, өз ойын қозғайтын пікірлері туралы онымен ұзақ кеңеске кететін болды. Есін білген кездегі мұндай ұзақ кеңестерде, Гүлнар әкесі не айтса, балалық шағындай басын изей берген жоқ. Ол кей мәселеде «жоқ,

әке, сізше олай болғанымен, біздің комсомолдық санамыз бойынша олай емес» деп таласты да. Ондай мәселеде пікірлерінің қабыспауы, әке мен қыздың арасында туыскандық махаббатқа бөгет болған жоқ.

Шаһадат қайтқан жылы Анатолий Кондратьевич елуден әрі шығып еді. Ержетіп есін біліп қалған Гүлнар әкесін үйленер деп ойлады. Және әйелсіз бабы келе ме деп санаған ол, сырласып үйренген әкесіне, бұл пікірін айтты да, бірақ:

— Болмайды, — деді әкесі, — ендігі бақытым үйде — өзің, тыста — қызметім.

Содан кейін Гүлнар, бос уақытын әкесінің күтіміне, көңілді жүруіне арнап, оны баладай мәпеледі. 1936 жылы Алматыдағы олимпиадада танысып сыр ашысқан Байжанға, оның «әкемді тастап басқа жаққа кете алмаймын» деуі де осыдан болатын.

Байжанмен уәде байласқанын, олимпиададан қайтқан Гүлнар әкесіне айта келді. Бірақ, ол күйеу тауып қайттым деген жоқ, «сіздің жолыңызды қуып, мелиоратор болғысы кеп жүрген бір жас жігітті көрдім, су шаруашылық институтына түспек, қай қаладағы институтқа түскені пайдалы боларын сізбен ақылдасып, мен хатпен хабарландырмақ болдым» деді.

Жастықта аралаған өлкенің бәрін қыдырып кеп, ол өлкенің ойында не, қырында не барын жақсы білетін Анатолий Кондратьевич, қызының сырын айтпай-ақ көре қалды да:

— Ташкентте оқыйды да, онда, — деді.

— Ол жігіт ыстықты жек көреді. Ташкент түгіл Алматының ыстығына әрең шыдап жүрді, — деді Гүлнар.

Анатолий Кондратьевичтің аузына «ендеше Сырдария бойында қалай қызмет аткарады?» деген сұрау кеп қалды да, қызын ұялтқысы келмей, тек кескініне жымыя қарады. Әкесінің ойын түсінгендей, қызы қызарандап төмен қарады. Енді ұялтқысы келмей:

— Әрине, — деді Анатолий Кондратьевич, түсін салмақтандырып, — Москвада да оқуға болады. Онда да су шаруашылық институты бар.

Анатолий Кондратьевич облыстық су шаруашылық мекемесі арқылы Байжанды Қызылжардан Қызылордаға шақыртып ап, контрактация жасатты да, Москваның су шаруашылық институтына аттандырды.

Қызының неге қамқорсуына ол, Байжанды көрген-

нен кейін ғана түсінді. Бір қыз қандай болса да татып жаткан жігіт. Оның үстіне, ертегінің ғашықтарындай, үйленгісі келген қыздың ауыр шартына көнген түрі мынау!

Өзін кісі таныйтын адамға жорыйтын Анатолий Кондратьевичтің байқауынша, Сырға құмартып жүрген Байжан жоқ. Құмарту былай тұрсын, Москвада оқып жүрген жылдардың жазғы каникулдарында тәжрибе жұмыстарын сылтау қып Гүлнарға келеді де, Қызылорданың мыйды қайнататын ыстығына шыдай алмай, аһлап-уһлеп өле жаздайды. Сондай халін көргенде, ойыншыл Анатолий Кондратьевич:

— Қалай, бала,— дейді Байжанға, — махаббат оты ыстық па екен, Қызылорданың күні ыстық па екен?

— Екеуі де ыстық қой деймін! — дейді Байжан.

— Расында айтпадың, бала. Махаббат оты күн отынан ыстығырақ па деймін.

— Неге?

— Махаббат отының лебі таптамаса, сен мұнда сүйресе де келермісің! Күн отының қызуы осылай өзіне тарта ала ма сені?..

Байжан мойындағандай үндемейді.

Расында, Байжан Қызылордаға каникул кезінде де, институтты бітіргеннен кейін де, бір ғана Гүлнар үшін келді. Әйтпесе, Анатолий Кондратьевич оған жолыққан сайын Сырдарияның жағдайын бар ықласымен әңгіме қып, Сырдың өлкесін сүйдіруге тырысқанмен, бұл кеңестің біреуін де Байжан көңіл қойып тыңдаған да емес, Сырдың суын да, шөлді даласын да сүйген емес. Сондағы оның ойы: «егін өсіруге Сырдан басқа жер жоқ па? Сырға үйренгендер осында өсіре берсін егінін, үйренбегендерге керегі не оның? Өзге жер жетпей жатыр ма?»

Осыдан ойы аумаған Байжанның, өзінше іштей жасаған қулығы: оқуды үндемей бітіру, бірақ мамандықты канал қазу мен жер суару жөнінде емес, жер астының суын меңгеру жөнінде алу, сөйтіп, оқудан кейін Гүлнарды өз ырқына шыжымдап тартып жөніне кету болды. Бірақ мұның бәріне тәсіл керек. Өйтпесе Гүлнарды да, оның әкесін де өкпелетіп алуы мүмкін.

Ол үшін не істеу керек?

Қызылорда облысының бір ауданында, 1940 жылдың жазынан Сталин атты зор канал қазылмақ. Гүлнар Бай-

жанды соның құрылысына қатнасады деп ойлап жүр. Осы ойын ол ауызша да айтқан, хатқа да жазған, Байжан көнген қалып көрсеткен.

Байжанның өз ойы — құрылыстың жауабы жеңіл бір жұмысына орналасу да, бірер жылдан кейін ебін тауып таю. Бұл жөнде, Алматыдағы Су шаруашылық Комиссариатында жауапты қызмет атқаратын таныс біреудің «бірер жылдан кейін көрерміз» деген уәдесі де бар.

Болашақ күйеуінің бұл қулығын Гүлнар сезбегенмен, Анатолий Кондратьевич жорамалдайды, бірақ екі себептен оған қынжыла қоймайды: бірінші — Сырдарияның тағдыры Байжанның қолында тұр ма екен; екінші — Сырды сүю үшін, оның жағасында тұру керек. Оған қуа — Анатолий Кондратьевичтің өзі. Ол да алғашқы кезінде Сырға Байжанша қараған. Алғаш көргенде ол, Сырдан қалай қашып құтылуды білмей кейіген. Ақыры, Сырдың жағасында тұра келе, үйрене келе, одан сүйресең кетпейтін болды. Байжанның да сөйтпеуіне кім кепіл!..

Байжанның болашақта қайда тұруын тұрмыстың өз талқысына тапсырған Анатолий Кондратьевич, оның тез келуін күтіп жүргенде «Москвадан шықтым» деген телеграмма келді. Нақ сол күні Анатолий Кондратьевич қазылу әзірлігі жүріп жатқан каналдың бір тығыз жұмысымен ауданға шыққалы жатыр еді.

Не істеу керек?

Қызмет бабына ол қатал кісі. Өмірінде талай қыйыншылықтарды кездестіре жүре, шамадан асып кетпесе, ол атқаратын қызметінен қалып көрген емес. Өзге қыйындық былай тұрсын, өмірде ең жақсы көретін жаңа — Шаһадатты жерлеген күннің ертеңінде қызметке шығуы білетін адамдарды хайран қалдырған.

Байжанның оқуын бітіріп келе жатуын Анатолий Кондратьевич әрине өзіне бақыт санайды. Әйелі өліп, қызы оқуға кетіп, соңғы екі-үш жылын семьялық өмірінде жалғыз өткізген оның басынан іші пысқан, жалғызсыраған талай күндер өткен. Үйінде қызметкер қартаң әйелден басқа жан жоқтықтан, құлазып тұрған бірнеше бөлмелі үйінің қай түкпіріне қараса да, көзіне Шаһадат елестей бергендіктен, Гүлнар жоқ күндерде Анатолий Кондратьевич осы үйде болмауға, уақытын командировкада өткізуге тырысатын.

Міне, сондай құлазыған үй, Байжанның келуімен толғалы отыр. Шаһадат өлгелі бұл үйден қашқан бақыт,

қайта кеп қонғалы отыр. Оған Анатолий Кондратьевич қалай қуанбас!

Қуана тұра аңсап күткен күйеуі келе жатқанда үйде болмаудың ұят екенін біле тұра, Анатолий Кондратьевич дағдысынан аса алмады да:

— Галочка! — деді қызына,— командировкаға жүріп келейін, мен. Аса қажетті қызмет еді, атқарып келмеуге болмайды. Қонақты сен қарсы аларсың.

Қызы үндемеді. Оны әкесі дағдылы ұялшақтығына жорыған жоқ, ренжуіне жорыды. «Ренжісе қайтем,— деп ойлады ол,— үйішінің көңіліне қарап, мемлекеттік істі бөгеуге бола ма?»

Гүлнар расында ренжіді. «Қызмет дегенмен,— деп ойлады ол,— төрт-бес күнге шыдауға болмай ма? Күйіп-жанып бара жатқан ештеме жоқ. Дағдылы қызмет. Бұ несі әкемнің? Әлде айтпай жүрген наразылығы бар ма екен?». Осылай ренжи тұра, Гүлнар әкесіне ұстайтын дағдылы сыпайылығынан аспады, өкпесін айтпады.

Аз уақытқа, я көп уақытқа ажырассын, не ол кетерінде, не өзі кетерде, Гүлнардың мандайынан сүю Анатолий Кондратьевичтің дағдысы еді. Сол дағдысымен ол, командировкаға жүрерде қызын сүйді де:

— Қонақ біздің үйге түсер, Галочка! — деді.

Гүлнар оған да жауап берген жоқ. Қызының бұл үндемеуін әке ұялшақтыққа жорыды.

Қызылордаға келе жүре, қайнатасының кең пәтері бола тұра, Байжан ол пәтерге түскен емес, түс деп иелері шақырған да емес. Гүлнардың шақырмауы — күйеу мәселесінде шығыс қызының салтын ұстайтын, жетектеп әкелуге, әкесінен қымсынғандықтан, ал, Анатолий Кондратьевичтің шақырмауы —«кезі келгенде бірге тұрар, әзірге аулағырақ тұрулары дұрыс» дегендіктен.

Әкесінің ол ойын сезетін қызы, мына жолы Байжанды үйге түсір деуіне таңданды да, бірақ, не «түсер», не «түспес» деп түс ашпады.

Анатолий Кондратьевич жүріп кетті.

Үшінші тарау

ҚАРСЫ АЛУ

Байжан отырған поезд Қызылордаға күп еңкейе келгенімен, әлі ыстық басылған жоқ еді.

Вагонда шыпшып қана терлеп отырған ол, бұлтсыз

аспанның батыс жақ еңісінен шаңқая қараған күннің сәулесіне шыға келгенде отқа қалаған мұздай еріп, денесінен аққан тер, төбесінен құйған судай ақтарылды. Қызылорданың жазында ғана киюге арнап тіктірген оның ақ сушынша костюмы, терден шылқый шыланып, денесіне жабысып қалды.

— Достым, мұның қалай?! — деді, оның жүгін көтерісіп, вокзал үйіне қарай қатар келе жатқан Гүлнар қалжыңдап,— отқа қақтаған қорғасындай ерідің ғой.

Байжан тер ашытқан көзін төс қалтасындағы орамалымен бір сүртіп Гүлнардың кескініне қараса, мынадай ағыл-тегіл бола қойған жоқ, тек, күрең тартқан кескіні аздап қана ыпшыпты.

Вокзал ішінде аздап салқындап, екеуі әрі қарай шыққа, поездан түскендер мен оларды қарсы алғандардың жүрісінен көтерілген бозғылт шаң тұманданып тұр екен. Тұманның ішінен, ербеңдеген адамдардан басқа, әрірек жерде жадағай арбаларына есек, немесе ат жеккен арбакештер, бір «эмка», екі «виллис» және шөгерілген екі түйе көрінді. Соларға қарап аңыра қалған Байжанға:

— Кеттік! — деді Гүлнар.

— Қайда? — деді Байжан.

— Гостиницаға.

Екеуі Байжанның жүгін көтере бергенде, басында өзбек тақиясы, үстінде өзбектің ала шапаны бар жастау жігіт жүгіре басып келді де Байжанға амандасты.

— Біздің жаңа шофер Жантас,— деді Гүлнар таныстырып.

Әкәжан, мән алай! — деп жігіт жүкті көтере жөнелді.

Сапырылысқан адамдар мен арбакештерді аралап, қою шаңға құмыға олар машинаға жетті де, мініп ап жүріп кетті.

Машина көшесіне кіре берген бұл қаланың тарихы да Байжанға таныс еді. Нақ қай жылы орнауы белгісіз бұл қаланы XIX ғасырдың ортасына шейін Қоқан хандығы билеп келген де, одан кейін Перовский басқарған патша үкіметінің әскері жаулап ап, бұрынғы Ақмешіт атын Перовскіге ауыстырған. Перовск революцияға шейін сәнді болған қала емес. Оның көшелері Орта Азиядағы өзге ескі қалалардағы көшелердей әрі тар, әрі қыйсық. Түзу салынған — қазіргі Карл Маркс атындағы көше мен соған жалғаса шығатын Ленин атындағы көше. Тәуір үйлер де бұрын осы екі көшенің ғана бойына салынған.

Этажы біреуден-ақ болғанымен, бұл екі көшедегі үйлер Европа үлгісімен қыштан[1] қаланған. Өзге көшелерде ондай үйлер қадақ-құдақ-ақ кездеседі. Оларда кездестіретініңнің көбі — сырты қам кесектен[2] қаңқайта салған биік дуалды, терезелері қораларының ішіне қараған өзбек үйлеріне бейнелес.

Егер көшенің екі жиегіне ағаш екпесе, қатарлана шыққан қорғасын түсті сұрғылт теректердің тарбая өскен мол бұтақтарын қалың жапырақ жауып тұрмаса, қаланың сәні де болмас еді. Жаңағыдай сәні барлықтан, егілген ағаштардың түбін қуалап арық ағатындықтан, сол арық біраз қораларға егілген жеміс ағаштарын да суарғандықтан, Қызылорданың да бірнеше көшелері өзінше сәнді, өзінше көркем.

Қаланың шығыс жағы батыс жағына ұқсамайды. Совет дәуірінде, әсіресе 1925—28 жылдары Қазақстан үкіметі тұрған кезде, шығысына екі-үш этажды нелер көркем үйлер салынып, төңірегі бақшамен безенген. Қаланың бұл бөлімінің бір ғана кемшілігі — жаңа бөлімнің планы кең сызылып, көркем үйлер алшақтай салынған да, кейін, Қазақстан үкіметі Алматыға көшкен соң, ұсақ өндірісті қаланың құрылыс планы ойдағыдай орындалмай, алшақ салынған үйлердің біразының аралары тұтаспай қалған.

Гостиницаның да қайда екендігі Байжанға мәлім. Егер күтіп ұстаса, Қызылорда жағдайында ол жаман емес: ортасын коридор жарып өтетін бұл ұзынша, бір этажды үйдің қарсыма-қарсы келтірілген жыйырмадан аса номері бар, қора ішінде, ерекше қонаққа арналған екі бөлмелі флигель бар.

Гүлнар Байжанға осы флигельді әзірлеткен екен. Олар гостиницаға түсіп, күзетшіден флигельдің кілтін алғанда күн еңкейіп, ауа райы қоңыржай тарта бастаған еді. Флигельдің іші қапалау екен, күтуші әйел:

— Терезе жабық тұрғандықтан болу керек,— деп, жармалы терезені ашып қойып еді, бөлменің де ауасы салқындады.

Бұл номерге кеп түскен жігіттің кім екенін, мана осы номерді иемденіп кеткенде Гүлнардан естіген күтуші әйел, жастарды қымсындырмайын дегендей, шығып кетті. Шығарда оған Гүлнар Байжанға душ әзірлеуді тапсырды.

[1] Күйдірген кірпіш.
[2] Шикі кірпіш.

— Ал, отырыңыз қонақ! — деді Байжан Гүлнарға, күтуші әйел кеткен соң.

— Рахмет! — деп Гүлнар жымыйды да, орындыққа отырды.

Байжан да отырды. Екеуі де үн-түнсіз. Екеуі де «қасымдағым неғып отыр екен» дегендей, бірінен бірі көзін ұрлап қарап қояды.

Гүлнардың үндемеуін Байжан, «үйіне түсірмегенге ұялуы» деп жорып отыр; бірақ, Гүлнардың өзі қозғалмаса, ол жөнде аузын ашпақ емес. Ал, Байжанның үндемеуін Гүлнар — «үйіне түсірмеді деп өкпелеуі» деп ойлап отыр. Бірақ ол да, егер Байжанның өзі бірдеме деп қалмаса, ол жөнде сөз қозғамақ емес.

Тым-тырыс кальпта аз отырғаннан кейін:

— Ал, енді, тынығасың да,— деді Гүлнар түрегеп.

— Сөйтеміз де,— деді Байжан да түрегеп салқын дауыспен.

Бөлмеге күтуші әйел кірді де, душ даяр болғандығын айтты.

— Кеттім,— деді Гүлнар, есік алдына шығарып салған Байжанға.

Гүлнар жөнеле беріп жалт бұрылды да, үнсіз тұрып қалған Байжанға оралып кеп:

— Кешікпей келем. Жуын. Киін. Кешке бақшаға барамыз,— деді.

Содан кейін бұрыла берген Гүлнар, Байжанның кескініне күлімсіреп қарап тұрды да, оң жақ жағын жұмсақ алақанымен сыйпап қап:

Ну!.. До свиданья, мой орлёнок! — деп жүріп кетті.

Ол оралып келгенде Байжан баптанып болып әзір отыр еді.

— Әуелі бізге барып ас ішейік, — деді Гүлнар. — Содан кейін бақшаға барамыз.

Байжан — «ресторан бар емес пе?» — деп келатыр еді:

— Брось ты, ерунду, — деп Гүлнар назды дауыспен жекіп тастады.

— Молчу, — деді Байжан.

— Кеттік, — деді Гүлнар.

— Құп болады, — деп Байжан соңына ерді.

Кешкі мезгіл ғой деп Байжан қоңыр шалбарын, үстіне украинның кестелі ақ жібек көйлегін киген еді.

— Пенжак ки! — деді Гүлнар.

— Осындай қапада ма?

— Біздің қаланың күндізі қандай ыстық болса, түні сондай салқын болатынын білмейтін бе едің?

Дала рас салқын екен. Күндіз ашық аспанға қасқарая бозамық сирек бұлт жаятын дағдылы салтын Қызылорданың түні бүгін де істепті. Әлдеқайда, бұлт астында қалқыған ай бары түннің қоңырқай сұрғылт бейнесінен байқалады.

— Бұлты болады да, жаумайды, бұл араның, — деді Байжан, тыска шыға аспанға қарап, — сонысы келіспейді-ақ мұның. Біздің араның бұлты болса ғой, таңға жақын төгіп өтеді де, манағыдай шаңды басып тастайды.

— Кейін қыялданарсың, — деп Байжанның мына сөзіне айтар дауы жоқ Гүлнар қолтықтай жөнелді.

— Маса шақыратын бұлт қой мынау, — деді Байжан, гостиницаның үлкен корпусынан шыға, — естисің бе, Гүлім, масаның ызыңын?

— Но-но! — дей салды Гүлнар.

Гүлнар намыстанды деп маса намыстанған жоқ. Күндіз Сыр бойындағы тоғайда, қамыста жүріп, кешкі сайранды қалада жасайтын масалардың бір тобы, электр шамы әлсіздеу жанған бір көшемен қолтықтасып келе жатқан қалыңдық пен күйеудің мойындарын, беттерін шағып мазаларын алды.

Анатолий Кондратьевичтің пәтері конфискаланған бай өзбектің үйі еді. Үйдің көше жағы биік дуал, терезелері қора ішінде. Қора іші — жеміс және гүл бақшасы.

Бұл — Байжанның талай келген үйі. Үй ішіндегі бес бөлменің бірі Анатолий Кондратьевичтің кабинеті, бірі жататын бөлме, бірі ас бөлмесі, бірі қонақ бөлмесі, бірі Гүлнардың бөлмесі. Соңғы бөлме, Шаһадаттың заманынан «ішкәри» қалпын өзгерткен емес.

Келімді-кетімді қонаксыз болмайтын бұл үйде бүгін де ауданнан, ауылдан төрт-бес қонақ бар екен, бәрі де қазақ, бәрі де Полевойдың дос-жарандары, бәрі де су шаруашылығына байланысты қызметпен келіпті.

Бұл үйде Шаһадат заманынан келе жатқан шала татарлау, шала қазақтау Марфуға атты әйел бар. Шаһадат өлгелі ол өзін Гүлнардың қамқоршысымын деп түсінеді, барлық бабын табуға тырысады және табады да, әкесі де Марфуғаны сыйлайды. Үй-ішінің қожасы сол.

Әкесінің рұқсаты бола тұра, Гүлнар Байжанды осы Марфуғаның сөзіне қарап, үйіне түсірмеді. Бұл жөнінде Гүлнар айтқанда:

— Астағфираллаһ! — деп Марфуға өре тұра келді. — Нәрсә дигәнің ул? Никах уқылмаған үйгә күйәу киләмә икән? Халық нәрсә ди? Айта курмә, қызым. Никах уқытқан суң қайда бірләшіп тұрсағыз да ыхтияр, қазір рухсат юқ.

— Апа, қазір никах жоқ, ЗАГС қана бар ғой, — деп Гүлнар қалжыңдайын деп еді, Марфуға:

— Сізшә — ЗАГС, бізшә — никах. Ижәп — қабылының бәрі бір; сіз ЗАГСқа да бармағансыз әлі,— деп өз жосығын қолдады.

Марфуғаның да өзінше қулығы болатын еді. Егер Гүлнар ,не Анатолий Кондратьевич оны әлденеден тыңдағысы келмесе, Шаһадатты айтып ағыл-тегіл жылай бастайтын. Сонысынан қорқып Гүлнар да, әкесі де ырқына көне коятын. «Ырқына көнді» дегенде, Марфуғаның теріс жайылатын түгі де жоқ, бар көздейтіні осы үйдің пайдасы ғана.

Марфуғаның ырқына солай бағынып үйренген Гүлнар, Байжанды үйіне әкеп түсіремін деген сөзін Марфуға ұнатпаған соң қайталамады, қонаққа шақырайық деген сөзіне Марфуға да қарсы болмады.

Қонақасыны Марфуға қазақша даярлаған екен: шайды бауырсақпен берді, етті бесбармақ қып тартты.

Бақшаға Гүлнар мен Байжан кешігіңкіреп барды.

Ұзын тұрқы күнгейден теріскейге қарай созылған Карл Маркс көшесінің орта кезінде, шығыс жағын ала орнаған бұл бақша, көлем жағынан кең де, өсімдік жағынан көрікті де болушы еді. Оның серуенге арналған аллеяларының екі жиегіне өскен шынарлар қатар тіккен каздың қауырсынына ұқсап, бұтақтары тік өрлейді де, күндіз де биік шынарлар, түн мезгілінде күндізгісінен ұзарғандай, түнерген аспанға шырқап қақшандап кетеді. Солардың араларында, биік селеудің түбіне ұйыса өскен қалың көдеге ұқсап, бұтақтары жайыла біткен аласа бойлы қара ағаштар тұрды. Арғы іші шоқтана өскен қалың тал.

Бақшаға қолтықтаса кірген Гүлнар мен Байжан, осындай аллеяның біреуін бойлай, түкпіріне қарай тартты; өйткені бақшаның бергі іші сапырылысқан көп халық екен және әр жерде музыкалар ойналып, әндер айтылып, түрлі сауықтар жүріп, бақшаның бұл жағы ың-жың. Сол шудан Гүлнардың Байжанды оңаша алып кеткісі келді.

Бұдан бір жыл бұрын Гүлнар Байжанға мынадай бір сырын айтқан еді: «Менің мінезімнің тұйықтау екендігін мін көрмен келеді. Рас, тұйықтаумын мен. Тұйықтау ғана емес, тұйықпын. Бірақ, осы мінез бойыма шешемнің сүтімен кірді десем қателеспеген болар едім. Сен менің шешемді көрген жоқсың. Ол кісі сөзге сараң болатын-ды. Біреуді жек көріп тұрса да, жақсы көріп тұрса да, «мен солаймын» деп ақтарыла қоймайтын. Солай бола тұра, жақсы көрсе де ойланып, толғанып барып, өлшеп-пішіп барып жақсы көретін, жек көрсе де сөйтетін. Ал, егер жақсы жек көре қалса, ол бетінен бұру қыйын болатын... Есімді білген күннен бастап, шешем маған осы мінезін сіңіруге тырысты. Ол талабын шешемнің қаншалық іске асырғанын білу маған қыйын, дегенмен, шешемнің көп мінезінің кейде өзі, кейде көлеңкесі менде қалып қойған сияқты. Сондықтан, егер мен саған өзеурей қоймасам, ол менің сені жақсы көрмеуімнің белгісі емес, мінезімдегі кемшілік».

Гүлнар расында солай еді. Алматыда бірінші жолыққан күннен бастап, оның жүрегінде Байжанға деп орнаған жылылық, содан бері қоздана кеп, ақыры жалын атты: «Менің жеке өмірімнің бақыты сол ғана» деген ой оның басына енді қайтып ұшпастай ұялады. Сөйте тұра, Байжанмен талай жолыға жүре, талай сырласа жүре, жалыны лапылдаған жас бола тұра, жан сырын не бетіне, не қыймылына шығарып көрген емес. Қашан, қандай жағдайда кездессе де, бұлжымайтын бір салмақтылық қаймағын бұзбай мөлдірейді де тұрады. Осындай мінезіне ол кейде азаптанатын да еді, өзін сөгетін де еді, бірақ сол мінезді түзеуге қанша тырысқанмен, шамасы келмегендей, дағдылы қалпына қайта беретін.

Осы азапқа ол бүгін де түсті. Байжанды вокзалдан қарсы алғанда, гостиницаға орналастырғанда, одан үйіне шақырып әкелгенде, одан бақшаға ертіп барғанда, іштей қанша жұғысқысы, шын сүйетін жүрек күйін көрсеткісі келгенмен, сонысын сырттай орындай алмай-ақ қойды.

Бұл қылықтары Байжанға реніш туғызды деп ұққан ол, қалай жадыратудың ретін біле алмағанымен, бақшаға кіре:

— Ойпырай, жұрт не деген көп еді,— деп бір қойды.

— Өзі жаз болса, өзі бақша іші болса, өзі жастар болса, мұнда көп болмағанда қайда көп болады адам,— деді Байжан.

— Мұнда шу екен, былай жүрсек қайтеді? — деп Гүлнар Байжанды ықемдеп еді:

— «Шу» осындай бола ма,— деді Байжан.— Сен безінбесең мен безінбеймін бұдан. Көпшілігі өзіміздей жастар. Олардың сауығына біз де араласайық та.

Байжан Гүлнарды ырқына көндірді де, серуендеген көпшіліктің арасына алып кірді.

Таныс көпшілік. Бұл көпшіліктің Москва, Алматы, Ташкент тағы солардай қалалардың бақшаларында серуендеген жұрттан айырмасы жоқ. Советтік елдің барлық бақшаларында серуендеген адамдардай, бұлардың да жүздері жарқын, өңдері ажарлы, киімдері сәнді, өйткені, олардың әрқайсысының өндіре еңбек атқарып, мәдениетті дем алуға хақысы және мүмкіншілігі бар.

Кішірек қалалардың бір салты — шеттен көзге түсерлік біреу келсе біле қояды ғой. Бақшада қыдырғандар Байжан туралы да сөйтті.

— Мынасы кім? — деп қалды, Гүлнар мен Байжанға қарсы келген бір топ жастың бірі, қастарынан өте беріп.

— Қасындағы инженер Полевойдың қызы емес пе? — деді екінші,— оқуын бітіріп кеп, қалалық больницаға қызметке кірді деген.

— Егер ол болса қасындағы жігіт соның күйеуі,— деді үшінші,— ол да оқуын бітіреді деген, Москвада су шаруашылық институтында оқыйды деген, біздің Қызылордаға қызметке келеді деген.

— Білдім,— деді біреуі,— ол болса, быйыл біздің облыста қазылғалы жатқан каналға начальник болады.

— Оны кімнен есіттің? — деді өзгелері.

— Менің әкем сонда қызмет істемей ме,— деді анау, — содан естимін.

— О, ендеше бізге де начальник десейші,— деді біреуі күліп.

— Канал құрылысына сен де баратын болып па ең? — деп сұрады екіншісі.

— Қызық екенсің-ау! — деді анаусы.— Үш жарым мың комсомолец барайын деп отырған жоқ па қаладан, канал құрылысына? Сен мені әлде комсомолец емес деп ойлайтын ба едің?..

Көпшіліктің арасымен жүріп келе жатқан Байжан мен Гүлнар, төңірегін аласа қазықты тоқыма шарбақпен қоршаған, ағаш арасындағы ашық ресторанға кездесті.

— Қызылорданың мантысын жақсы көруші едім, соны жесек қайтеді? — деді Байжан.

— Жақсы.

Шарбақ іші кең, столдар көп болғанмен, орын атаулыда босы жоқ екен. Тамақтарын тауысуға жақындаған екі қазақты тосып тұрып Гүлнар мен Байжан олардың аузынан шыққан сөздерді ықласпен тыңдады. Сөз әлпетеріне қарағанда, екеудің қосқалы Жалағаш ауданынан келген, енді бірі облыстық тұтынушылар одағының дүкеншісі; ауданнан келгенді дүкенші «нағашы» деп, ол дүкеншінің «жиен» деп сөйлейді.

Аздап тастаңқырап алғандықтан ба, әлде табиғатында сөйлегіш пе, есіп сөйлеп отырған дүкенші. Егер оның айтуы рас болса, облыстық тұтынушылар одағы, қазылатын каналға дүниенің мүлкін жібергелі жатыр. Оның ішінде: адамның тіршілігіне керекті бұйымның бәрі бар.

— Тігулі еркек көйлегінен он бір мың данасын апармақпыз,— деп бір серіпті ол.— Кір жуатын сабыннан қанша апаратынымызды айтайын ба, нағашы?

— Қанша? — деді анау.

— Бір жүз елу жәшік.

Дүкенші тағы да көп бұйымдарды атады.

— Мынауың рас болса,— деді нағашысы жиеніне,— базардың үлкені сонда болады екен ғой.

Нағашысы өткен кездегі бір каналдың құрылысын есіне түсіріп өтті.

— Совет алғаш орнаған жылы еді,— деп бастады ол сөзін,— «жер, су сенікі» деген соң ылғый кембағал боп, «біз де тіршілік жасайықшы» деп арық қаздық. Үкімет құрал-сайманға жәрдемдесті, бірақ басқа бұйым-тайым берген жоқ. Жыйырма тоғызыншы жылы көпшілік боп үлкен бір арық қаздық. Онда біраз бұйым болды, бірақ мына сен айтқанның ширегіне де келмейді.

— Қайдан келсін!

— Бұ кеңесті доғарайық жиен,— деді нағашысы,— мына балаларды,— деді ол Байжан мен Гүлнарды негімен нұсқап,— тұрғызып қойып ұят болды ғой.

Шыдамсызданып тұрғанмен, Байжан:

— Асықпаңыз ақсақал,— деп сыпайысып еді:

— Біз болдық балам,— деді нағашысы,— ал есептес жиен, алған тамағыңа. Содан кейін көтерілейік.

Олар есептесті де, кетті.

— Бұл арада канал құрылысынан басқа сөз болмайды екен-ау! — деді Байжан отыра беріп.

— Енді қалай,— деді Гүлнар,— тіршілігінің тетігі каналда емес пе. Мантыны жеген соң, мен саған оның планын көрсетейін.

— Қайдағы?!

— Осы бақшадағы. Ол өте оригинальный план — екқкен гүлдерден оюлап келтірілген.

— Интересно! — деп қойды Байжан.

Барса, рас ғажап план екен: кеңдеу бір алапта, түрлі түсті гүлдерден келтіріп Сырдарияның, одан алынатын каналының, каналдан суарылып гүлденетін бақшалар мен егістік өлкелердің бейнелерін салыпты.

— Это уж уникум! [1]— деді Байжан қайран қап.

— Біздің қалада да осындай әдеміліктер болады!— деді Гүлнар масаттанып.

— Я!.. Мынау әдеміліктің де әдемілігі.

Ол арадан жылжыған екеуі, орала аяңдап отырып, бақшаның тым-тырыс бір бетіне шығып кетіпті.

— Әдемі бақша екен де мынау! — деді, махаббат сезіміне мас боп келе жатқан Байжан, бір тұйықта бөгеліп.

— Сүймеуге бола ма, осындай бақшаны? — деді Гүлнар.

— Әрине, болмайды.

Байжан кеудесін кере дем алды да:

— Осындай бақшада өскен ғашығын сүймеуге бола ма, Гүлім? — деді.

Жауап бермеген Гүлнарды, сол кезде құмарлық билеп кеткен Байжан иығынан құшақтай өзіне тартып еді, күші асты ма, әлде Гүлнар қарсыласпады ма, жабыса жақындай қалды.

Сол кезде, Байжан Гүлнардың бетін өзіне қарай бұрып, сүюге ыңғайланып еді, көзін жұмған Гүлнар, Байжанның құшақтаған қолына сүйеніп шалқая берді.

Еңкейе берген Байжанның еріндері, Гүлнардың ерінеріне жабыса кетті...

...Бұл олардың бірінші сүйісуі еді...

---

[1] Мынау өлшеусіз ғажап.

Төртінші тарау

СЫРДАРИЯ

Байжанның келгенін естіген Қызылорданың тұрғын халқы Байжан мен Гүлнардың некелену тойы туралы толып жатқан жорамалдар айтысты. Біреулер:

— Соқа қара басы жүрген жалғыз еркек, тойға даярланып не өндірді дейсің,— деп күдік айтып еді.

— Оның өзі емес, қайнатасының даярлануында кемдік жоқ,— деп дауласты білетіндер,— палауға деген бір қап өрік, мейізі, екі қап күріші, жуырда ғана дәлізінде тиеліп тұрғанын көргеміз. Осы тойға арнап базардан он ту қой сатып ап, тойға шейін жүре тұрсын деп, дайраның арғы бетіндегі «Аманкелді» колхозына айдатып жіберді. Әрқайсысына бес шелектен кететін төрт суқабаққа [1] біреуіне он шелектен кететін екі көзеге [2] ашытырған бозасы быжылдап тұр. Екі кеспек [3] мүсәллә [4] ашытып бересің деп бір өзбекпен уәделесіп ақшасын да, жүзімін де бергенін көзіміз көрді. Әнеу күні іңірде үйіне пар ат жеккен бричкаға лық толтырып әкелген жемісті көрсек, кемінде, жүз шақты қауын, ішінде: торлама да, күләбі де, әмре де, әңгелек те [5] бар, қауынқұрт пен қауынқақ қайнаттырғысы келді ме, нығыз екі қапқа салып түйнекке [6] шейін әкеліпті. Аз даярлық па осы?

— Егер мына айтқандарың рас болса, қайдан аз болсын,— десті бұл әзірлікті білмейтіндер,— осынша әзірлігі бола тұра, күйеуінің келуін күтпей, тойын жасамай елге шығып кеткені несі?!

— Мұнда да мән бар,— деп жорамалдады біреулер,— Н... ауданының «Тартоғай» колхозында, Сырбай дейтін мұрап бар. Анатолий Кондратьевич сонымен жан аяспас дос. Сырбай Анатолий Кондратьевичке: «Осы тойының міндетін мен алып, өз аулымда өткізсем» депті деген, оған Анатолий Кондратьевич көніпті деген. Ол соған ақылдаса кетті.

Күйеу мен қалындықтың өзара қарым-қатнастары ту-

---

[1] Суқабақ — ыдысқа арнап өсіретін кабақ.

[2] Шарап құятын зор мыс ыдыс.

[3] Кеспек — бөшке.

[4] Мүсәллә — қолдан ашытатын шарап.

[5] Торлама, күләбі, әмре, әңгелек — қауын аттары.

[6] Түйенек — қауынның азғыны, оны қайнатып қақ қатырады, құрт жасайды.

ралы ұғымы ескілік қалыптағы Марфуға, Байжан мен Гүлнардың қылықтарын ұнатпай әуре-сарсаң болды, өйткені, түсуі гостиницаға түскенмен, ұйқыдан басқа уақыттарын Байжан осы үйде өткізеді: таңертең Гүлнар орнынан тұра тап бола қалады да, асты бір ішіп, Гүлнарды қызметіне ертіп әкетеді, қызметтен шыққанда ертіп алып келеді.

Марфуғаның ұғымында, қыз бен жігіт оңаша жүруі ұят. Олардың күндіз бірге қыдыруы да ерсі. Түнде бірге қыдыруы масқара. Ал тапа-тал түсте суға шомылamыз деп кетуі... мұны Марфуға ешбір ақылына сыйғыза алмайды. Бұл туралы Гүлнарға жұқалап айтса:

— Еркектер мен әйелдердің шомылатын жері басқа болады әпи,— дейді Гүлнар.

Ішер суын құдықтан ап, дария жағасына баруды білмейтін Марфуғаның басына әйелдердің күндіз дарияға шомылуы кірмейді.

— Әйтмә, әйтмә! — деп зырылдайды ол,— ирләр тугіл құяшқа курсәтіргә була мыни, хатын-қызларға тәнін?!.

Гүлнар шомылатын костюмы барын айтады. Ондай костюмды Марфуға біледі: жеңдері жоқ, балақтары жоқ, денемен дене боп тұратын тоқыма киім. Сол киімді Гүлнар Марфуғаға оңаша көрсетсе, ұят көрген Марфуға:

— Астағфиралла, миннән башқаға курсәтмә аны! — деп зыр қағады.

Марфуғаны сыйлай тұра, көңіліне қарай тұра, шын сүйген Байжанмен бос уақытын бірге өткізбей тұра алмайды Гүлнар. Марфуғаға «Байжан мені қызметтен шығарда күтіп тұрады» дегенмен, көбінесе, гостиницадағы Байжанға, қызметтен шыға Гүлнардың өзі барады.

Байжанның ойы, Анатолий Кондратьевич келгенше қызметке орналаспай уақытын бос ұстау еді. Бірақ, ол ойы болмай, Қызылордаға келгеннен бір жұма кейін, канал құрылысының материалдарымен шұғылданып кетті. Оған мынадай себеп болды. Келгеннен екі-үш күн кейін ол қалалық партия комитетіне барып есепке кіріп еді, содан білді ме, әлде, былай да есітті ме, оны облыстық партия комитетінің бірінші секретары шақырып алды. Байжанды аса жылы шыраймен қарсы алған ол, оқыған институтының жайын, дипломының темасын, Қызылордада не істеуге ойы барын асықпай ұзақ сұрап отырды да:

— Жаңа құрылыста қызмет атқармақ болғаныңыз өте жақсы,— деді өзі сөз алып,— қазақтың әрі жас. әрі

жігерлі, әрі оқыған маманына бұл құрылыста қызмет көп. Құрылысшылардың жүздеп тоқсан бесі қазақ болады. Олардың ісін басқаратын кісі тілін де, әдет-ғұрпын да жақсы білу керек, солай емес пе, жолдас Бектасов?

— Рас.

— Бізде сондай қызметкерлер өте аз, әсіресе мамандар... Техник-қазақтар бірталай, ал, инженер-мелиоратор қазақ — жалғыз сіз ғанасыз. Техник те қажет болғанмен, ол инженердің міндетін атқара алмайды, рас па?

Секретарьдың бұл сөзіне Байжан елендей қалды. «Осы кісі мені каналдың жауапты бір ісіне тартқалы отырған жоқ па» деген ой келді оған, «бірақ, қайда?».

Кідірген секретарь Байжаннан жауап ала алмаған соң, тағы да сұрау берді.

— Біздің облыстағы канал құрылыстарымен таныс боларсыз сіз? — деп сұрады ол.

— Аздап қана,— деді Байжан,— мен мұнда аз уақыттық каникулға ғана келіп жүрдім ғой. Онда қанша мәлімет ап үлгіресің.

— Ендеше,— деді секретарь жымыйып,— егер сіз қарсы болмасаңыз, осы темада аздап кеңесейік.

— Пожалуйста! — деді Байжан.

— Тек, бір ғана мәселені ескертем: біздің қызылордалықтар, әсіресе жауапты қызметкерлер, егер Сырдың бойын суландырудан кеңес айтса, сөзді сол суландырудың тарихынан бастайды. Егер бұл кеңесті сіздің...

Секретарьдың аузына «қайнатаңыз» деген сөз түсіп кете жаздап тоқтала қалды, Анатолий Кондратьевичтің қызына Байжанның жуырда үйленетіндігін біле тұра, бұл жөнде ресми кеңес үстінде айтуға ыңғайсызданды. Сонысын білдіргісі келмегендей, ол сөзін тез жалғастырып әкетті.

— ...Сіздің қызметтес жолдасыңыз Анатолий Кондратьевич болса,— деді ол,— сөзін Сырдариянын кәрі тарихынан бастап, қай заманда, Сыр бойын суландыруда нендей шаралар істелгенін баяндап өтер еді. Мен ол кісінің мұндай кеңесін аса қызығып тыңдаймын. Бірақ, бұл жолы мен сізге ондай кеңестер айтқалы отырған жоқпын. Менің айтқалы отырғаным Сырдария өлкесінің шөлін совет тұсында суландыру мәселесі ғана. Бұл да сізге қызықсыз болмас деймін.

— Әрине. Ықласпен тыңдаймын.

Секретарь орнынан тұрды да, мүйіз жақтаулы көзіл-

дірігін киіп кең қабырғада жаюлы тұрған ақ жібек шымылдықтың қасына барды. Соңынан Байжан да жетті. Сол тұста сүйеулі тұрған таяқшамен секретарь шымылдықты бір жағына қарай сырып ашса, астында, осы облыста жерді суландырудың системасын көрсететін зор карта бар екен.

— Мынау тұтас сызықтар құрылысы біткен каналдар, — деді секретарь,— ал, мына үзінді сызықтар — болашақ каналдардың жүрер жолдары.

— Революциядан бұрынғы каналдардың системасы бар ма? — деп сұрады Байжан.

— Қайдағы «система» ол?.. Революциядан бұрын шын мағнасындағы канал біздің облыста болған жоқ. Болғаны арықтар мен арықсымақтар... Олардың хасиеті қандай болғанын аттары да көрсетіп тұр ғой, арық деген жақсы сөз бе? Арық мал, арық адам жақсы ма, арық су да сондай емес пе?

— Әрине,— деді «арық» деген сөздің екінші мағнасынан енді ғана есіне түсірген Байжан.

— Сіздің Мансұр ақын мен Дәме қыздың айтысын естігеніңіз бар ма?

— Жоқ,— деді Байжан.

— Қазіргі Нартай ақын Бегежановты білесіз ғой.

— Білем.

— Мансұр соның туған ағасы, ертерек өлген адам. Сол Мансұр көшпелі Жаппас руынан шыққан ақын қыз — Дәмені іздеп барып айтысқанда, қыз Сыр бойында егін кәсібін істейтіндердің ауыр азабын былайша суреттеген екен:

Медине, сенің жерің Мекке ме еді?
Мұбәрақ пайғамбардың мекені еді!..
Жалаңаш жаздыгүні шекпен киіп,
Құраған кедейінің шекелері.
Жеріңнің беті шимай, асты арық,
Жүрмейсің жолды тауып төте жерді.
Сөзімнің өтіргі болса ішінде,
Мынау ше, деші кәні, бекер еді!
Айтпассың сен жамандап түбі құмды.
Айтарсың кеміткенде құдығымды.
Кедейің шыйқылдатып жаздай айдап,
Жүргізген көк тарыға шығырыңды.
Тұзаққа қырғауылға қылын жұлып,
Құйрықсыз қор қыласың тұғырыңды.
Жүреді кей кедейің кесірленіп,
Желбегей жеңі болмас сұғынғыңды.
Көтеріп көк тарыға киім киіп,

Тапқанын күз ноғайға тығынулы.
Көтерер қыс азырық қарыз тағы,
Қалдым деп өтей алмай шығынымды,
Ал Мансұр сол кедейдің сен де бірі,
Айтпасам болмады ғой қылығыңды.

— Қалай бұл? — деп сұрады секретарь.

— Ғажап екен,— деді Байжан.

— Мынадай тағы бір жері бар, Дәме қыздың сыйпаттауында,— деп секретарь тағы да айта жөнелді:

Сырыңның көлі сасық, шөбі жасық,
Жарлы өзі жалаңқая, елі пасық.
Шулайды құрбақамен елі бірге,
Дариядан шыкса сыртқа суы тасып.
Таң атса өгізіне жүгін артып,
Құрғакка шұбырады асып-сасып.
Көкжиек көтеріліп күн баткан соң,
Зарланып дабыс қылып зағар шашып,
Жыртығын киімінің шөппен қымтап,
Жан адам шыға алмайды есік ашып.
Тезекпен ортасына түтін салып,
Жатады жербауырлап бетін басып.

— Бұ қалай? — деп сұрады секретарь.

— Мынау әлгіден де өткір. Аржағын да айтыңызшы!

— Оны Нартайға айтқызармыз. Қазір іс туралы сөйлесейік... міне, біздің советтік заманда қазылған каналдар...

Секретарь әр каналдың сызығын Байжанға қолымен нұсқап отыра, әрқайсысының жағдайын жеке баяндады. Оның айтуынша, бұл облыста канал қазу жұмысы 1926 жылдан басталған екен де, 1934 жылға дейін қысқалау екі-ақ канал қазылған екен. 1934 жылы тоғыз колхоз бірігіп Сталин атындағы каналды қазып, 4000 гектар жер суарыпты. 1934 жылы «Керкелмес» арығы қазылып бес мыңдай гектарға жетіпті. 1939 жылы Сталин атындағы тағы бір канал қазылып он мың гектарға, «Шиелі» каналы қазылып он бес мың гектарға, «Шіркейлі» қазылып он үш мың гектарға ие боптьі... Енді, міне, 1940 жылы Сталин атындағы жаңа канал жасалмақ. Оның жұмысы, жоғарыда аталған каналдардың бәрінен көп, соған сәйкес оның жалғыз өзі со каналдардың бәрінен жерді әлдекайда артық суарады...

Соның бәрін баяндай кеп:

— Бұл жаңа канал, зор ісіміздің аяғы емес, басы ғана,— деді,— зор істер алда. Алдағы бірер бесжылдықтың

ішінде, біздің облыстағы Сыр бойында үш жерден плотина құрылмақ: Жаңақорғаннан, Қызылордадан, Қазалыдан. Одан кейін, біздің облыста бір жарым миллион гектар егін суарылмақ. Бүйыл суарып отырғанымыз, барлығы —75 мың-ақ гектар!.. Екеуінің арасы жер мен көктей емес пе?..

— Әрине.

— Сол үш плотинаны құрғанда да,— деді секретарь, Байжанға ойлы көзбен қарап қойып, оның ойын Сыр бойындағы құрылыс істеріне бөле түскісі кеп,— Сырдың облысымыздағы өлкесінің егіндік жерінен үштен бірін ғана игере аламыз!.. Көрдіңіз бе, алдымызда нендей зор істер тұрғанын?.. Сол істерді жүргізуге кадр керек, әсіресе мамандар... сіз солардың бірісіз... сіздей маман облысымызда аз, әсіресе, Қазақстанда... Соның салдары ісімізге де тиеді... Мысалы, жоғарыда аталған үш плотина. Солар туралы мәселені біз үкімет алдына әзірге қоя алмай отырмыз... Неге?.. Со құрылыстардың планын жасап беретін мамандарымыз жетіспейді, әйтпесе, теориялық жағынан ол плотиналардың құрылуы дәлелденген, үкімет қаржы беруге әзір, тек қана жетпейтіні — со құрылыстардың іс планын жасау ғана... Облысымызда бұл іске жетік жалғыз маман жолдас Полевой. Оның қолы пландалған каналдарды жүзеге асырудан тимейді, плотиналарды пландауға босамайды, босатайын десең, орнын басар кісі жоқ, міне, бізді қатты қыйнап жүрген мәселе осы...

Секретарь столға қарай барды да, креслоға отыра кетіп, екінші креслодан Байжанға ымммен орын нұсқады. Қарсы отырған Байжанға ол жымыя қарап алды да:

— Сізден менің не күтетінім енді мәлім болды-ау деймін жас жолдас,— деді.

— Ұғам,— деді Байжан салмақты кескінмен.

— Бұл құрылыстар, партияның жеңімпаз туының саясында коммунизмге апаратын социализм жарық жолының шамшырақтарының бірі,— деді секретарь,— сіз коммунистсіз және инженер-мелиоратор коммунистсіз, сондықтан коммунизм жолындағы ұлы құрылыстың сыртында қала алмайсыз... Келісесіз бе, осыған?

— Әрине...

— Ендеше, сізге бар айтайын дегенім осы еді,— деді секретарь жымыйып,— сіздің партиялық істеріңізбен мен таныспын.

— Менің?..

— Я, сіздің. Бірер күн кешіккенмен, сіз қалалық партия ұйымына есепке тұрған жоқсыз ба?

— Я, жуырда,— деді Байжан.

— Я, жуырда ғана,— деді секретарь күліп,— оқасы жоқ. «Ештең де кеш жақсы» депті. Мен сізге көңілімді көптен бөлулімін: сіз Москваға оқуға кеткеннен және не себептен кеткеніңізден де хабарым бар, қалай оқығаныңызды да сұрастырып жүрдім... Сіздің дипломыңызды біреу маған жаңалық деп мақтады. Анығын айтқанда, қалалық комитетке кеп партия есебіне кіргенше, сізді бұл облыстың қызметінде қалар деген сенімім берік емес еді, енді бекіндім де, қуандым да!.. Енді қалай... Өзі инженер, өзі коммунист!.. Сталин атындағы мына қазылғалы жатқан каналда әлі күнге дейін бас инженер жоқ. Бір кандидатура болып еді, бекітпедік. Мамандық жағынан да, жергілікті халықтың тілін, салтын білу жағынан да сіздің кандидатураңыз бұл қызметке қатып тұр. Бұл ұсынысқа сіздің тез жауап бере қоюыңыз қыйын екенін білем. Әзірге сізді қыстамаймын да. Ойланыңыз, өлшеңіз, жауабын содан кейін бересіз.

Секретарь түрегелді де, қоштасу белгісін көрсетіп қолын созды.

— Ойланарсыз,— деді ол қолдасып.

— Әрине,— деді Байжан.

Секретарьдың ұсынысы қызықтырғанмен, жастығын, тәжрибесіздігін еске алған Байжан «жә, бәсе» дей қоюға жасқана берді. Ол Гүлнармен ақылдасып еді:

— Ықтыяр өзіңде,— деді ол,— бас инженері боламысың, әлде қатардағысы боламысың, бәрібір — каналда қызмет атқаратының анық, ендеше, бос уақытыңды бекерге өткізбей, канал құрылысының материалдарымен таныса тұр. Кім боп қызмет атқарарыңды кейін папам келген соң шешерсің.

Жақсы, Гүлім! — деді Байжан.

Материалдар облыстық су шаруашылық мекемесінде еді. Соған Байжан күн сайын барып, танысуға кірісті. Бірақ, Қызылорданың ыстығына дағдыланбаған ол, көп отыра алмай, гостиницасына қайтады. Жалғыз жатуға іші пысқан ол, номеріне басқа біреулердің орналасуына рұқсат еткен еді. Терезесі күнге қарағаң, маңында бұтасы жоқ номер, күн көтеріле ысыйды да, күн батқанша іші алауланып тұрады.

Бұл номердегі төрт кісі ыстыққа шыдау жөнінен төрт жүйеге бөлінді.

«Сексеуіл тресінің Қызылордадағы өкілімін» деп танысқан бір қазақ жігіті, ыстық бұдан бес рет күшейсе де мыңқ етер емес. Күн ысыған кезде ол, номерге қайнаған самауырды алдырады да, сүтсіз шайды қою құйып, тері жаңбырдай сорғалап, бір түйір қантты шетінен тістеп қойып, сораптап тартады да отырады.

Оның қарсысындағы кроватьта жатқан мосқал қазақ өзін «ауылдан келдім, облыстық сотта жұмысым бар еді» деп таныстырған. Ол «қарның тоқ болса ыстық өтпейді» деп , күн қыза бастаса-ақ үйінен пісіріп әкелінген сүр етті жеп, аулынан торсықпен алып келген айранды сораптап ұрттай береді, «жұқа кнімнен адам күнсиді» деп, тыска шықса мақтасын қалың қып сырған шапаны мен ақ киіз қалпағын киіп алады.

Үшінші адам — Ленинградтан ғылыми командировкаға келген. Орта Азияны бірінші көрген, жасы алпысты алқымдаған бұл адам, күн қызғаннан бастап, күшік қаруы қайтқанға шейін, аузын ашпастан демін ентіге алып, кроватьта басын көтерместен аунақшыйды да жатады, тек айтатын сөзі — «өліп барам!».

Қызметтен ыстықтап қайтатын Байжанды, көршілерінін, әсіресе Ленинградтан келген адамның пысынауы тіпті мазалайды. Гүлнар қызметінен келгенше ол кроватында аунақшып жатады да, Гүлнар келе:

— Кеттік, дарияға! — дейді.

Гүлнар кейде «обедтен кейін» деп Байжанды үйіне алып кетеді де, кейде «барсақ барайық» деп дарияға әкетеді.

Дарияға баруды ең алғаш бастаған Гүлнардың өзі. Байжан Қызылордаға келген күннің ертенінде, Гүлнар қызметтен шыға оның номеріне барса, пысынауы шектен шыққан екен; Гүлнар онымен аз уақыт қалжыңдасып отырды да:

— Дарияға барайық, онда! — деді.

— Неге? — деді Байжан.

— Шомылайық.

— Осы күйіп тұрған күнде ме?

— Суға суық күні шомылмайды ғой, ыстықта шомылады ғой.

— Ол рас қой, бірақ қалай жетеміз суға? Оған жеткенше діңкеміз құрымай ма?

— Қайтеді дейсің. Жолшыбай ағаштың көленкесімен барамыз.

Гостиницадан шыға, «көк базарды» жиектей өтіп, Қазақ көшесіне барған олар, сол көшені бойлап отырып, дарияның жағасына шықты: Жағаға шейін, расында Көленке екен. Ашық жағаға шыға, түстіктен жаңа еңкейген ыстық күн шықырая кетті. Со бір тұс тау-тау боп үйілген қамыс екен. Бірталай адам осы қамыстарды баулап байласып жүр.

— Бұл жағаны да бекітіп жатыр екен-ау! — деді Байжан.— Бекітусіз тұрмайтын не деген өзен еді!..

— Бір кезде бұл жаға қаладан алыс боптьі деседі,— деді Гүлнар,— бұдан елу-алпыс жыл бұрын, жаға бұл арадан шақырымға жақын екен. Ағын су жағаны кемірекемірге осы арада әкепті. Енді жағаны бекітпесе, қаланы су басып кету қауіпі бар. Сондықтан, соңғы жылдары қалалық совет осы жағаны қамыстан салы сап бекітуге кірісті.

Бекіліп жатқан жағадан Гүлнар Байжанды алысырақ әкетті. Өйткені, бергі жақта шомылушы жұрт көп екен.

— Бірге шомыламыз да,— деді Гүлнар, көпшіліктен оңашалана.

— Ықтыяр сенде,— деді Байжан, «мұнысы қалай» деп таңданған кескінмен.

— Менің шомылатын костюмым бар,— деді Гүлнар жымыйып.

— Онда, әрине бірге,— деді Байжан.

Гүлнар теріс қарасып шешіне бастады.

— Надеюсь, что ты умеешь плавать,— деді Гүлнар.

— А то как? — деді Байжан.— Сен Сырдарияның жағасында өсесің, мен Есіл жағасында өстім. Оның Сырдан ені тар болғанмен, түбі бұдан әлдеқайда терең.

— Мүмкін. «Жалақ ойнау» деген бола ма, Есілде?

— О не?

— Суда жарысып ойнау. Суда біреу қашады да, біреу қуады. Қашқанға қуған жетсе, шапалақпен арқаға шапылдатады.

— Ауылдағы тойларда «қыз қуу» деген ойын болушы еді ғой, қыз атқа мініп қашатын да, жігіт қуатын. Жігіт жетсе қыз орамал беретін, жете алмаса, жігіт кейін қашатын да, қыз қуып жетсе сабайтын, мынау «жалағың» да сол ғой.

— Ойнаймыз ба «жалақты?»

— Ойнаймыз. Болдың ба, шешініп?

— Болдым. Мен суға түскенше сен солай теріс қарап отыра тұр.

Шомылу костюмымен суға жүгіре жөнелген Гүлнарға Байжан көз қырын салса, оның киім ішінен әліде нәзіктеу көрінетін денесі, киімін шешінгенде толығып сұңғақтанып, аса сұлу көрініп кетеді екен. Жүгірген Гүлнардың сұлу денесіне Байжан тамашалап отырғанда, денесін жеңіл билеп, аяқтарын жылдамдата аттаған Гүлнар құмда кішкене табанының шұбырған ізін қалдырып суға күп берді. Су терең бе, әлде салқынан шыққысы келді ме, сүңгіген Гүлнар, біраз уақыттан кейін ғана, дарияның әртіпірек жерінен барып басын қылтыйтты.

Сол кезде Байжан да суға күп берді.

— Сен қуасың ба, мен қуам ба? — деді Байжан суда бір қырындай, құлашын сермей жүзген Гүлнарға.

— Ықтыяр сенде.

— Елдің «қыз қуу» салтына бақсақ, жол маған келеді де.

— Ықтыяр. Мен екеуіне де әзірмін.

— Ендеше, мен-ақ қашайын, сен-ақ қу! — деп Байжан жалтара жөнелді.

Суда өзін жүйрік-ақ санайтын Байжанға, Гүлнар қуса жетті, қашса шалдырмады. Судан шыға «бұ қалай болды?» деп Байжан жәбірленейін деп еді:

— Әркім өз суында жүйрік болады да,— деді Гүлнар, — Сырдың тұрғыны болсаң ғана менен озуың мүмкін.

* * *

Гүлнар Байжанды үйіне алып келсе, әкесі командировкадан қайтқан екен де, ас бөлмеде шай ішіп отыр екен. Байжан мен Гүлнар кіргенде ол орнынан тұрып қарсы жүрді де:

— Ай-ай-ай! — деді Байжанға қалжынды дауыспен,— бұ қалай, бізге түспей, гостиницаға түсіп?!

— Айыпты менмін,— деді Гүлнар.

— Солай ма? — деді Анатолий Кондратьевич,— бөлініп тұратын уақыт біткен болар, енді тойды жасау керек...

Шай құйып отырған Марфуға, Анатолий Кондратьевичке білдірмей, бет-аузының қыймылымен, «күйеуіңді ертіп кеп, әкеңнің алдында ұятты болдың гой» деген белгі білдірді.

Қалжыңы, күлкісі араласа, шай өте көңілді ішілді. Шайдан кейін Байжан Полевойға обкомның секретары жасаған ұсыныстың, ол туралы ойлана кеп, бас инженер болуды қыйынсынуын айтты. Анатолий Кондратьевич бұл кеңеске сөз қосқысы келмегендей, тыңдап болғаннан кейін орнынан түрегелді. Гүлнар оған «жатасың ба, папа?» деп еді:

— Жұмысым бар,— деді де кабинетіне беттеді.

«Кабинет» аталатын бөлме, Байжанға, осы үйге араласқалы жұмбақ. Жыл сайын аз уақытқа келсе, әдейі қашқандай, Анатолий Кондратьевич үйінде болмайды, ол жоқта, кабинет үнемі жабулы болады. Байжан көргісі келетіндігін білдірсе, «ренжиді, өзі жоқта ашуға рұқсат етпейді» деп Марфуға да, Гүлнар да олай қарай аяқ баспайды.

Сол кабинетті көруге Байжан осы жолы да құмартып, Гүлнар әкесінің келуіне қаратқан еді. Осы тілегін Гүлнар әкесіне білдіргеннен кейін:

— Өтінем! — деді Анатолий Кондратьевич кабинетіне кірерде Байжанға.

Кабинеттік бөлме кең екен. Бөлме қабырғаларының төрінде Ленин мен Сталиннің, екі жақ қабырғада Маркс пен Энгельстің, босағада Герцен мен Чернышевскийдің портреттері тұр. Оң жақ қабырғасының төменгі жақ жартысын ала ілінген, Қызылорда облысының физикалық картасы. Оның аржағында толып жатқан фотоснимоктер. Сол жақ босағада бірнеше шкаф. Олардың біразында кітаптар, қағаз толтырған папкалар көрінеді; ал, енді біреулерінде әлдене сұйық зат құйылған бутылкалар қатқатар тізілін тұр. Одан әрі түрлі аңдардың терісі ілінген. Бір қабырғаның төменгі жағында бауланған бірнеше егін сабақтары сүйеулі тұр. Одан жоғары бірнеше диаграммалар, графиктер. Сәкіге жайылған көнетоздау түкті кілем бөлмеге түгел жеткен. Қызмет столының алдына, бас бейнесі сақталған жолбарыстың терісі жайылыпты. Еменнен оюлап келтірген қызмет столының үстінде, шынымен қапталған екі рамкада тігінен қаланып Шаһадат пен Гүлнардың фотокарточкасы. Столдың одан басқа жерінде текшеленген кітаптар, папкалар.

Осы суреттердің бәріне босағадан аттай берген Байжан таңдана қарай қалды да:

Мына бөлменіз музей сияқты ғой өзі!.. — деді.

Солай екендігі рас та, — деді Анатолий Кондратье-

вич, — біздің Қызылордада ирригация мен мелиорацияның музейі жоқ. Ондай музей аса қажет. Біздің оны ұйымдастырмақ ойымыз бар. Мен мына экспонаттарды соған арнап жыйып жүрмін.

— Тамаша ой екен, — деді Байжан, — жыйнағаныңыз көп екен, қашаннан шұғылданып едіңіз?

— Мен Сырдарияның патриоты емеспін бе, — деді Анатолий Кондратьевич қалжыңды дауыспен, — менен кәрі мелиоратор бұл өлкеде бола қояр ма екен. Былай айтқанда, сіз сияқты дипломы бар инженерге, мұнда жаңалық ештеме жоқ, бәрі де мәлім істер...

Анатолий Кондратьевич сыпайысығанмен, оның су шаруашылығы туралы білетінінің жүзден бірін ғана білермін деген ой Байжанның басына, бірінші рет танысқанда-ақ келіп еді, әлі де сол ойдағы Байжан:

— Сізбен салыстырғанда, мен не білем, — деді тура ойын айтып, — өте аз білем, сондықтан, бұл туралы әрдайым кеңесіңізді тыңдауға дайынмын...

— Ә, солай ма, — деді Анатолий Кондратьевич жымыйып, — оқасы жоқ... Сырдарияның тарихын сен жақсы білесің бе?

— Кітаптан оқығаннан басқа не білем мен, айтыңыз!

Сырдария туралы кеңесін, оның тарихын баяндаудан бастауды жақсы көретін Анатолий Кондратьевич:

— «Сырдария» дегенің мынау, — деді картаның бетіне, қолындағы шыбығын жүгірте сөйлеп, — оның басы үлкен екі өзеннен құралады: анау — Гималай тауынан басталып ағатын Қарадария мен мынау — Қырғыздың Алатауындағы Ыстықкөлдің бергі іргесіне жақын жерден басталып ағатын Нарыннан. Осы екі дария, Өзбекстанның анау Ферғана өлкесінде ұштасып, содан Сырдария басталады. Сырдың ұзын тұрқы 2200 километр, осының 1800 километрі Шыназдан бастап Қазақстанның күнгей-батысын жиектеп отырып, Арал теңізіне құяды. Сырдың бұлай қарай ағатын себебі — аржағы бержағынан жоғары. Мәселен, Мырзашөл теңіз бетінен 273 метр биік болса, Қызылорда 129 метр, Арал сағасы 67 метр биік.

— Егер, — деді Анатолий Кондратьевич, — Қазақстандық Сырдың екі жақ өлкесі түгелімен егістік жер боп, Сырдың суын байлап түгел пайдалана алсақ, оның суы жылына он миллион гектар егінді суғаруға жетер еді; әттең не керек, — деп арман етті ол, — Сырдың батысында созылып жатқан Қызылқұм мен шығысында созы-

лып жатқан Қарақұм; үш жүз он сегіз мың да сегіз жүз қырық шаршы километр жердің, екі жүз алпыс мың да жеті жүз он екі шаршы километрін, яғни сексен екі процентін алып жатыр.

— Бірақ, — деп сергілді Анатолий Кондратьевич, — пайдаға асатын елу сегіз мың да бір жүз жыйырма сегіз шаршы шақырым жер де суаруға аз боп жатқан жоқ; латын тілімен айтқанда, бұл жердің — «brutto» сы мен «netto» сын айырғанда, яғни жалпы мөлшерімен, оның арасындағы пайдаға аспайтын оймыш-оймыш жерлерді шығарып тастағанда, нақ егіске жарайтын «netto» ның өзі, Қазақстандық Сырдың екі жақ жағасында бес миллион гектардай. Осы бес миллион гектар жердің, былай 1910 жылы жетпіс бес мың-ақ гектары егіліп отыр. Егіске лайықты жердің бұл екі жарым проценті ғана. Сонша пайдалы жер еусіз жатуына жаның қалай шыдар!

— Әрине, — деді Байжан.

— Күш жетпесе, шыдамағанмен адам не өндіреді, — деді, Анатолий Кондратьевич, Байжанды Сырдың бойын суландыру тарихымен де аздап таныстырғысы кеп, — бұл суды пайдалану тарихы кәрі заманмен тұтасып жатады. Қытай тарихшылары біздің дәуірден екі-үш мың жыл бұрын Сырдың бойында күріш дақылы болғанын айтады. Әйсадан төрт ғасыр бұрын Орта Азияны жаулап алған Гректің атақты патшасы Александр Македонский, Амудария мен Сырдарияның бойындағы халықтардан күріштің пазауын, жүзім, өрік сияқты жемістерді жеген. Александр шың тұсында, Сырды «Яхсарт» деп атаған. Александр «Яхсарттың» бойындағы мәдениетті егісті өркендетуге көмекші болған. «Яхсартты» ол аса жақсы көрген екен дейді, сондықтан, өлерде «Сырдың суын бөгеңдер де, мені арнаның астына көміп, үстімнен суды қайта жіберіңдер, мәңгі-бақый Сырдың астында жатқым келеді» деген екен дейді. Халық Александрдың сол тілегін орындап, Сырдың суағар арнасының астына көмілті-мыс. Қызылордаңың шығыс жақ бетінде, Сырдың арнасынан бөлінетін «Қуаң» атты терең сай бар. Сол араның казактарының айтуынша, Ескендір Зұлқарнайын[1] өлгеннен кейін, жұрт

[1] Александр Македонскийді мұсылман елдері Ескендір Зұлқарнайын деп атайды, оның — «Мүйізді Ескендір» дегені. Аңызда Ескендірдің мүйізі болыпты-мыс.

оны уақытша көме тұрады да, «Қуандария» сайын қазады. Содан кейін Сырды бөгеп суын «Қуаңға» жібере тұрады да, Сырдың арнасына Ескендірді көміп, суды өз арнасымен қайта ағызады.

— «Яхсарттың» тарихын білетін ем, мынау мен естімеген ертегі екен, — деді Байжан.

— Гректерден кейін, біздің дәуірдің тоғызыншы ғасырында, Сыр бойын жаулап алған арабтар да қолдан суарылып шығарылатын күріш пен бидайды, неше түрлі жемістерді кездестірген, — деді Анатолий Кондратьевич. — Арабтар Сырды — «Сихон», Амуды — «Жихон» деп атапты. Академик Бартольдтың айтуынша: «Жихан», «Сихан» атты екі өзен Африкада бар екен, Аму мен Сырға арабтар сол екі атты қойған.

— Онысы қызық екен, — деді Байжан бұл мәліметті де біле тұра, таңданған боп.

— Арабтардың тұсында да Сырдың жағасында өркендеген мәдени егістіктер, XIII ғасырда, Сыр бойын монғолдар жаулап алғанда түгелімен бүлінген. Сыр бойындағы қалалар мен қыстақтарды монғолдар өртеп, орнында күлін ғана қалдырған. Сондай жойылған қалалардың, қыстақтардың орындары біздің Қызылорда облысында да көп кездеседі. Мәселен, Шиелі ауданында, грек пен арабтардың тұсында аса зор қаланың бірі саналатын «Сағанақ» атты қаланың ізі қазір де бар.

— Білем.

— Монғолдар бүлдірген Сыр бойының егін шаруасы, — деді, Сырдың тарихын Байжанның білетіндігін көрсе де, өз білгенін түгел айтып шыққысы келген Анатолий Кондратьевич, — Сыр бойы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында Россияға қарағанша түзелген жоқ. Патша үкіметі бүлінген шаруаны түзеймін дегенмен, ойдағыдай түзей алмады. Қалай түзесін, ол кездегі ауыл кедейінде арық қазатын шама жоқ, үкімет оларға жәрдем бермейді, байлар қаздырған азын-аулақ арықтар, олардың өз жерін суарудан аспады. Сондықтан, революцияға шейін Сырдың Қазақстанға қарайтын барлық өлкесінде, 15-ақ мың десятина егін себілді. Соның ішінде, ең мол өнетін күріш, мәселен, 1913 жылы канша егілді деп ойлайсыз?

— Ондай мәлімет менің қолымда жоқ,—деді Байжан.

— Тоғыз, — деді Анатолий Кондратьевич.

— Бір тоғыз ба?!. — деді Байжан нанғысы келмей.

— Я, тоғыз десятина ғана!..

— Япырмай, тым аз екен! Себебі не екен, оның?

— Себебі: өзің білесің, күріш — суда ғана өседі ғой. Мол егінді қамтамасыз ететін суды Сырдариядан тартып шығаруға ол кезде кімнің күші келсін! Бұл бір. Екінші, күріш егілген жер, аз жылда сазданып, батпаққа, көлге айналып кетпей ме?

— Рас.

— Осы екі себеппен, бұрынғы уақытта жұрт күріш егісін өркендете алмаған.

— Сіз Сырдария өлкесінде биыл 75 мың гектар жер егілді дедіңіз, — деп сұрады Байжан, — соның қаншасы күріш екен?

22 мыңы.

Молайып қалған екен, — деді Байжан.

Қайдан мол болады! - деді Анатолий Кондратьевич, бұл оғе аз.

Анатолий Кондратьевич бір шкафты ашты да, ішінде текшелеле жыйналған папкаларды суыра бастап тағы да сөйледі:

— Обком секретарының «Сырдария өлкесін суландыру мәселесі Совет тұсында ғана шешіле бастады» деуі дұрыс. Қазақтың «қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрерсің» деген мақалы саған таныс. Кішкентай арықтармен ұзаққа бара алмайсың... Жаңа каналды қазсақ жүз мың гектар күріш еге аламыз... үш плотинаны құрған соң миллион жарым гектарды игереміз... Өткен жылы бір колхозда гектарынан елу центнерден күріш алды... Егер жерді күте білсе, одан да артық алуға мүмкіндік бар, мысалы, 75 центнерден... Соны миллион жарым гектарға көбейтші...

Бір жүз он екі миллион да бес жүз мың центнер...— деді Байжан есептеп.

— Бүкіл совет одағында екі жүз миллион халық бар дейік, сонда әлгі күріш жан басына қаншадан келеді?..

— Бес жүз алпыс екі жарым килограммнан келеді, — деді Байжан тағы да есептеп...

— Күпіне?

— Килограмм жарымнан артығырақ, — деді Байжан күліп...

— Әне, көрдің бе, — деді Анатолий Кондратьевич сәрне сөйлеп, — жалғыз Сыр өлкесінің күрішімен бүкіл совет елін асырауға болады!..

Қызмет атқарған өлкесінің болашағын соншалық айқын көріп қуана сөйлеген қайнатасына риза боп кеткен Байжан:

— Тамаша екен! — деді.

— Иә, тамаша! Бірақ, сол тамашаны ойда ғана сақтамай, іске асыру да керек емес пе?

— Әрине, керек.

— Что и требовалось доказать, — деді Анатолий Кондратьевич, Байжанға жымыя қарап.

— Соңғы сөзіңізге түсінбей қалдым, — деді Байжан.

— Ендеше, ашығырақ айтайын, ұлым. Коммунизм құрудан мақсат — адам табиғатқа бетпе-бет кеп, оның жасырын байлығын аша беру гой.

— Рас.

— Сондай істерге, бесжылдықтар біздің Отанды жылдан-жылға молықтырып келе жатқан жоқ па?

— Рас.

— Осы зор істі молайта түсу үшін адам мен адамның, топ пен топтың арасында социалистік жарыс бара жатқан жоқ па?

— Рас, — деді Байжан, «бұл кеңестің аяғы неге соғар екен?» деп ойлап, бірақ, неге соғарын жорамалдай алмай.

— Біздің Орта Азияны емізетін екі анасы бар ғой, ұлым, бірі — Сырдария, бірі — Амудария. Маған таныс мамандардың айтуынша, Амударияны Каспийге бұрып, жолындағы кең шөлді гүлдендіру туралы ғажап бір жоспар жасалып жатыр. Сырдария гүлдену жөнінде егізінен артта қалса ұят болмай ма?

— Әрине.

— Ендеше Сыр бойында орнайтын плотиналарды тездету керек пе?

— Керек.

— Соны жоспарлауға отыру керек пе?

— Бұл кімге жасаған ұсынысыңыз? — деді Байжан, Анатолий Кондратьевич сөз құйылысына енді ғана түсініп.

— Ол ашық мәселе ғой. Канал жоспары пісіп тұрған іс, оны орындауға жігер мен қайрат қана керек, ол екеуі де сенде бар. Отырып атқаратын қызмет шалдарға лайық болады да...

— Түсіндім, — деп келе жатқан Байжанды Анатолий

Кондратьевич «ол туралы кейін сөйлесеміз» деп бөгеді де:

— Айтшы, жас инженер, — деді, — Отанымыздың болашағы сияқты, Сырдың болашағы да аса жарқын емес пе?

— Әрине!..

— Болашағымыздың бейнесі осынша жарқын болса, — деді Анатолий Кондратьевич, — өткен күндердің бейнесі қаншалық қараңғы екенін дәлелдейтін мына папкада куәліктер бар, енді соларды көр!..

Папканы Байжанға ұстатты да, Анатолий Кондратьевичтің өзі отырды. Байжан да отырып ақтарса, папка іші фото-альбом сияқты екен.

Бірінші фотода: бет-аузы күйген көндей тырысып қалған, ағарған сақал-мұрты «кәріқыз» жабысқан жылқының жалындай ұйысқан, балағы жыртылған дамбалын тізесінен жоғары түрген, үстінде өзге киім жоқ, сүйектерін санап аларлықтай арық шал. Шалдың алдында, ұзындығы оның кеудесіне ғана келетін, айыр бұтақты аша. Ашаның арасына ағаш күрекке ұқсаған бірдеме көлденең орнатылған. Күректің жалпақ басы, ашаның қасындағы әуітте[1] тұр, сабын шал ұстап тұр. Бұл фотоның астына «атпақ» деп жазып қойған.

— Бұл не? — деп сұрады қасындағы Анатолий Кондратьевичтен Байжан.

— Әй жастар, жастар! — деп Анатолий Кондратьевич Байжанның кескініне ойлы кескінмен қарап қойды да баяндай бастады. — Баяғыда кедейдің арық қазар күші жоқ кезде, аштан өлмеуге жанталасқан олар дарияның жағасынан шұқанақ қазады, оның атын «әуіт» дейді. Сол шұқанаққа дариядан жырып су апарады. Шұқанақтың қасына мына ашаны орнатады, оның жықпылына басы ожау сияқты, сабы ұзын, мына күректі байлайды. Орнатушы адам сол күректің сабынан ұстап, басын суға батырады да, ожауға іліккен суды, егін сепкен жеріне шашады. Соның атын бұл ел «атпақ» дейді.

— Онымен қанша астық алады?!

— Егініне суды күні-түні осылай аткылаған кедейдің, ала жаздай азаптанып алатын азығы, үйлі жанын асырауға жетсе әрең жетеді, әйтпесе жетпейді де.

— Тірі азап екен, мынау! — деді Байжан.

---

[1] Әуіт — су толған шұқанақ.

— Жерді суарудың ең кәрі әдісінің бірі осы болу керек. Бұл әдістің қашаннан басталған тарихын ешкім білмейді. Тек білетініміз: «атпақ» білегін біріктірмеген кезде, ғылымға жанаспаған кезде, адамның табиғат күшін пайдалануда сорлылығына куә. Қазақтың «атарсың атпа, боларсың қатпа» деген мақалы содан шыққан ғой.

Екінші фотода: дарияның жағасы. Суға толтырған торсықты арқалап, дариядан далаға қарай бірнеше жүдеу адамдар тізбектелін кетіп барады.

— Бұл не? — деп сұрады Байжан.

— «Атпақпен» су шашса егін шығатын жақсы жер дарияның жағасынан кездесе бермейді. Ондай жерлердің көбін байлар меңгереді. Дарияның жағасынан алыс жерге егін сепкен, арық қазуға күші жоқ кедейлер, егістеріне суды осылай торсықпен тасыған.

Үшінші фотода: имектеу келген, шоқша сақал, ұзын, арық қара жігіт, жалғыз ғана түрінген дамбалымен, көзін киізбен шандып байлап тастаған арық сыйырды шығырдың жетегіне жегіп, ұсқынын айналдыра айдап тұр. Шығырда өзі жалғыз, өзі кішкене, ағаштары қыйсық доңғалақ. Оған байлаған бес-алты ағаш шелектерден шашырай төгіліп, егінді суаратын арықшаға су құйылып жатыр. Сыйырдың да, жігіттің де шаршағаны айқын-ақ біліпіп тұр. Бұл фотоның астына «кедейдің шығыры» деп жазған.

— Бұл шығырдан қанша астық алады екен? — деді Байжан.

— Бұдан ішермендігін алады. Тек дарияда су болсын.

Төртінші фотода: судың жағасынан шығыр орнатылған. Оның доңғалағы да әлгі көрген шығырдан екі-үш есе үлкен ағаштары да әлдеқайда сом, ұзын. Доңғалаққа жыйырма шақты шелек байланған. Шығырды көзін байлаған екі өгіз айналдырып жатыр. Шелектерден төгілген су ені астаудай ғана тар арықты толтыра, егін даласына қарай ағып барады.

— Ауқатты адамның арығы осылай болатын, — деді Анатолий Кондратьевич.— Енді байдың шығырын көр!

Бесінші фотода: судың нақ жағасында, әлгіден екі есе зор дерлік шығыр тұр. Доңғалағына байланған шелектің саны отыз. Шығырға көзін байлаған екі нар түйе жегілген. Бұл шығырдың дария жағасындағы әуіттен іліп алған суы жардың жағасындағы кең әуітке құйылып

жатыр. Әуіттің жағасына орнаткан екінші шығыр, кеңдеу қазылған арыққа су төгіп жатыр.

— Байдың шығыры деген осы,— деді Анатолий Кондратьевич.— Мұндай шығырмен, бір жазда бестен он десятинаға шейін суаруға болады. Шығырдың ескі түрінің ең тәуірі осы. Мұның атын «астан-кестен» дейді.

— Мұнысы еңбекке тұрады екен, әйтеуір,— деді Байжан. «Атпақ» кеңесі басталғаннан бері Сырдарияға суып отырған көңілі, енді ғана аздап жай тапқандай.

— Сіз шығырдың құрылысын білесіз бе? — деп сұрады Анатолий Кондратьевич Байжаннан.

Білмеймін.

Гидене айтып берейін,— деп, Анатолий Кондратьевич шығырдың бөлімдерінің аттарын санай жөнелді: бірінші — орын ағаш. Бұл жуан ағаш, жерге төселеді де, қозғалмастай боп бекіледі. Ағаштың ортасы ойылып, тік дөңгелек орнатылады. Оның аты — ұсқын. Бойы дел-сал біреуге қазақтың «ұсқының жаман екен» деуі осыдан. Бұл екінші бөлшек. Үшінші бөлшек — ұсқын аумау үшін, төбесінен бастырық салып, бастырықтың екі басын жерге қадамен бекітіп тастайды. Бұл үш. Төртінші бөлшек — ұсқынды айналдыратын көлік жегу үшін жетек істейді, оның аты «сірес». Бесінші — ұсқынның түбінде шығырдың су тартатын доңғалағын айналдыратын кішкене доңғалақ болады, оның аты «тоғын». Тоғын жуан ағаштан дөңгелете ойылып тұтас жасалады. Ол доңғалақтың тістерін «іркіс» дейді, іркіске қабысып жататын екінші доңғалақтың тістерін «тіркіс» дейді. Қазақтың арасласқан ағайынды «іркіс-тіркіс болды» дейтіні осыдан. Бұл екеуімен жеті. Сегізінші — екі доңғалақты жалғастыратын сырғауылды «кіндік» дейді. Кіндіктің басы доғалдау, шоқпарлау келеді, оның атын «ебей» дейді. Қазақтың «ебей басты сары үлек» деп түйені сыйпаттауы осыдан. Бұл тоғыз. Оныншы — жерден шелекпен су тартатын үлкен доңғалақтың құрсауын «төбелдірік» дейді, оны түзу ағаштан тұтас иеді. Он бірінші — күпшек. Бұл домалақ жуан ағаш. Күпшек пен төбелдірікті жалғастыратын тармақтарды «кегей» дейді. Кегей, бір доңғалақта төрттен он екіге дейін, ұзындығы сегізден жиырма карыска шейін болады. Бұл он екінші. Он үшінші — төбелдіріктің ішін айнала, су тартатын шелектер байланады, олардың саны бестен отызға шейін. Он төртінші — ағылған шелектердің суын төңкеріп шұңқырға құятын,

ұзындығы октаудай ағаш болады, оның атын «қасінек» дейді. Он бесінші — қасінек су құятын шұқырдың атын «сушалман» дейді. Он алтыншы — шығырдың шелектері су іліп алатын құдықтың атын «зуіт» дейді. Тереңнен су тартатын астылы-үстілі екі доңғалақты шығырдың атын «астан-кестен» дейді. Шығырды айналдыратын көліктің мойнына кигізілетін ағаш қамытты «мойылдырық» дейді. Оның өткерме ағашын «самиян» дейді. Сонымен он сегіз болды. Шығырдан менің білетінім осы.

— Ойпырой, тіпті көп біледі екенсіз,— деді, Анатолий Кондратьевичтің айтқандарын жазып алып отырған Байжан,— қайдан ұмытпай жүргенсіз, бұларды!..

— Бәрі де көз қанып қалған дүние ғой. Шығырдың бөлшектерін атау оңай болғанмен, соны жасау қыйын болатын. Ең алдымен, шығырға лайықты ағаш Сырдың бойынан табыла қоймайтын. Түзу ағаш, жуан ағаш сирек қой мұнда. Сондықтан, ертерек кезде ағашты Шымкент, Алматы жақтан түйемен тасып, кісі құнындай бағаға әрең сатып әкелетін.

— Мұндай шығырлармен қанша жер суара алатын еді?

— Бес-алты қорымнан артық жер еге алмайтын.

— «Қорымыңыз» не?

— Айнала ауыз соғып, қоршап алған жер, ең көп қорымы бар деген бай, шамасы он гектардай ғана егетін. Кедейдікі болса-болмаса да аз ғой. Айнала жүз құлаш еккен кедей аз болатын. Атпақпен немесе тасымалмен егетіндер, ат арқасындай ғана жерге үйілетін. «Керіз» дегенді білесің бе?

— Естігенім болмаса, көргенім жоқ.

— Ол мынау,— деп Анатолий Кондратьевич тауға өрмелеп жер қазып жүрген біреулердің фотоларын көрсетті де баяндай бастады.— Мен бір кезде орыстың орнеталистеріне[1] еліктеп, қазақтың фольклорын жыйнап ем. Сонда Арғынның Алтай деген руынан шыққан Құлтума деген ақын, сол рудың атақты екі байы — Ақкошқар, Сайдалы дегенге өлең айтқанда:

«Туып ең бір анадан егіз болып,
Арығың күйленіп тұр, семіз болып,
Шалқыған екеуің де дария емес пе ең,
Калмасаң бертін кезде керіз болып?»

[1] Шығысты зерттеушілер.

депті. Осы «керіз» таудан қазылатын арықтың бір түрі. Мысалы, таудың бүйірінде егіндік жер бар. Оған төменнен су шығаруға болмайды. Ондай жерді егуде мынадай айла жасаған: таудың басында бұлақ ағатын жер болса, сол арадан құдық қазып, бұлақтың суын саркыйды. Төменнен сатылап тағы бірнеше құдық қазады да, солардың арасын жырып қосады. Жоғарғы құдыққа толған су, жыракамен төменге ағады да, бірнеше сатымен егістік жерге жетеді. Осыны қазақтар «керіз» дейді. Парсыда «қараз» деген сөз бар. Оның мағнасы да осы. Бірақ, қазақтың білгіштері, «керізді» караздан алынған емес, қазақтың «кер» және «із» деген екі сөзінен құралған, «керді» қазақ «кейін» мағнасында қолданады, кейін кеткенді «кер кеткен» дейді, кер ағатын су болған соң «керіз» қойған деседі. Қайсысы расын кім білсін?..

Бұл фотоларды көріп шығу Байжанға, Сыр бойын жайлаған елдің егін кәсібін қалай өркендетуі туралы оқыған ғылми лекция сияқтанды.

— Енді біздің совет заманында қазылған каналдардың жайын көрсететін мына фотолармен таныс,— деп Анатолий Кондратьевич бір жүйелі фотолардың бетін ашты.

Байжан көре бастады.

Бірінші фотода: шөгерілген түйелердің арасында, жер өлшейтін аппаратқа сығалап қарап тұрған Анатолий Кондратьевич. Мұның астына «Керкелмес каналының басын белгілеу» деп жазыпты.

Екінші фотода: жан-жақтан керуендей тізіліп құрылысқа келе жатқандар.

Үшінші фотода: қаз-қатар тұрып кетпен шапқандар.

Төртінші фотода: түйелер, есектер, аттар, машиналар, бір орынға әкеп, болашақ канал құрылысына керекті заттарды төгіп жатыр.

Бесінші фотода: шлюз жасалатын арнаға, сереңіп дің гектер орнап қалған.

Алтыншы фотода: цементке араластыратын тастарды ұнтап жатқан дробилка.

Жетінші фотода: бір домалақ машина, цемент пен тастарды сапырып араластырып жатыр.

Сегізінші фотода: цементтен құйылған, шлюздің жуан-жуан тіректері.

Тоғызыншы фотода: цемент дің гектердің аралары темірлі бетонмен тұтасып, зор қорғанның қабырғасы сияқ-

танып кеткен. Қабырғаның бес жерінде су ақтарылатын кең темір қақпа.

Оныншы фотода: ағаш пен темірден шайнастырып жасаған тоған. Бұдан тоғандардың бірнеше түрі көрсетілген.

Он бірінші фотода: каналдың магистралы мен тармақтарының оқтай түзу, бірақ, әлі су жіберілмеген арналары түсірілген.

Он екінші фотода: шлюздің алғаш ашылуы, каналға су жіберілуі көрсетілген. Ол арада жыйналған топ, қуанышты кескінмен, әлдекімдерді каналға шыққан суға, белінс арқан байлап, киімшең лақтырып жатыр.

— Бұлары несі? — деп сұрады Байжан.

— Арыққа алғаш су жібергенде, сол арықты бастап қаздырған адамды суға киімшең малып алу, бұл елдің әдеті.

— Онда сізді малу керек қой? — деді Байжан күліп.

— Мынау фото маған ұқсамай ма? — деп Анатолий Кондратьевич, киім-кешегімен суға малшынған, айнала қоршаған жұрт оған күліп тұрған біреуді көрсетіп еді:

— Дәл өзіңіз,— деді Байжан, үңіле қарап,— суға түшықпай ма, адам бүйткенде?

— Әрине түшығады. Кейбіреу өлердей боп шығады. Елдің гұрпы! Амал нешік, көнесің.

— Өзіңізді неше рет осылай шомылдырды? — деп сұрады Байжан жымыйып.

— 76-рет.

— Совет тұсында?

— 4 рет.

— О қалай аз?

— Ленин айтқан жоқ па: «аз болса да жақсы болсын» деп. Совет тұсындағы төрт арық, ескі заманның төрт жүз арығынан артық.

Фотоларды қарап бітірген Байжан, кітап шкафтарын көрсе әр шкафтың маңдайына ақ бояумен, осы шкафта нендей кітаптар бары жазылыпты: Бірінші шкафтың маңдайында «Ирригация мен мелиорация туралы» деп жазыпты, екінші шкафтың маңдайына «Сыр бойын суландырудың материалдары» деп жазыпты, онда номерленген қалың папкалар: үшінші шкафтың маңдайында «Марксизмнің классиктері» деп, төртінші, бесінші шкафтардың маңдайына «Көркем әдебиет кітаптары» деп жазыпты.

Оларға біраз үңілген Байжан шкафқа қатарлана іліп-

ген бутылкаларды көре, Сырдың суының, жылдың әр кезінде химиялық құрылысының қандай болатындығына кепілдемелер екен. Одан арғы графиктерде, Сыр бойында ауа райының қай кездерде қалай құбылатындығы көрсетіліпті. Одан арғы диаграммаларда Сыр бойында арықтың қай кезде қаншалық қазылғандығы, қай кезде қанша жер суарылғандығы айтылыпты.

Бұл кабинетте өзінің алдағы ісіне қанша жәрдем барын шамалап, оған іштей қуанған Байжан, Анатолий Кондратьевичтің тұрған өлкесін шексіз сүйетіндігіне хайран қап, алғыс айтты.

— Бақшаға кіріп тыныстайық,— деді Анатолий Кондратьевич, бір көруге осы да жетер деген оймен.

Бұл ұсынысты Байжан қуанышпен қарсы алды. Анатолий Кондратьевичтің қолынан жасалған бақшаны, осы үйге келген сайын ол Гүлнармен бірге аралап шықпай тынбайтын еді. Бақшаны Анатолий Кондратьевич, Сырдың топырағына қандай ағаштар мен гүлдер өсуін сынау мақсатымен құрған. Не керсе соның бәрі ойдағыдай өнген бақшасын ол қалжыңдап «болашақ бақшасы» атайтын да, егер баптап ұстай білсе, бүкіл Сырдың бойы осындай бақшаға айналуына дәлел қылатын.

Анатолий Кондратьевич пен Байжан ас бөлме аркылы бақшаға шықты. Кешкірген күннің қызуы әлі де қайтпағанмен көлеңкелі бақшаның жұпар иісі аңқыған іші қоңыржай екен. Есіктен шыға Байжан төңірегін көзімен шолып тұрып, кеудесін кере ұзақ дем алды да:

- Жасасын гүлдер! — деп айқайлап жіберді.

Бұл оның жан жүрегінен шыққан шаттық үні еді. Өйтпегенде қайтсін!.. Клумбаларда өскен гүлдерде, табиғатта кездесетін бояу түстерінен жоғы жоқ!.. Осы бақшаны ол кеше ғана көрген еді, бүгін, кеше көзге түспеген нелер түсті гүлдер ашылған сыяқты!.. Байжанның бұл таңдануына жымыя қараған Анатолий Кондратьевич:

— Қалай, ұнай ма менің кілемдерім? — деді.

— Бұларға сайтанның кілемі теңессін бе,— деген сөз шығып кетті Байжанның аузынан. Бұл сөзіне ыңғайсыздангандай қайнатасынан кешірім сұрады да,— жоқ-ау,— деді сөзін жалғастырып,— расында, дүниедегі ең зор шебер осы сыяқты түстерді, түстердің осы сыяқты өзара келісімдерін, жапырақтар мен бүршіктердің осынша ғажап нәзік түрлерін жасай алар да!.. Табиғат — тамаша ғой!.. Егер осындай көркем бейнелерден үлгі алмаса, үш

есе Рембрандт боп туса да, ешбір суретші тұкке тұрмас еді... Суретшіні көркемдікке көркем табиғат қана жетектей алады...

— Оның рас,— деді Анатолий Кондратьевич ойлы кескінмен,— табиғат қана шексіз, өңгенің бәрінде де шек бар деген сөзді ұлы Ленин бекерге айтқан жоқ...

— Не деген таусылмайтын, үнемі өркендей беретін өмір!.. Иланыңыз, Анатолий Кондратьевич, әрбір келген сайын, осы бақшаға бірінші рет келгендей болам да тұрам!.. Әр жолы, кеше көрмеген жаңалықтарды көрген сыяқтанам... Соларды көрген сайын қызыға түсем!..

— Арала, көр, ұлым!.. Әне Галочка да келе жатыр. Екеуің серуендеңдер, мен отырып дем алайын...

Жастар жайнаған гүлдердің арасын жіңішке соқпақпен кезіп кетті. Расында, кешеден бері көп гүлдер қауызынан ашылған екен, әсіресе скабиозаның шоқтарында... олардың тұрпаты мен мөлшері бірдей болғанмен бояулары басқа: шымқай ақ та, бозамық қызғылт та, шие түсті қызылкүрең де, жарқын көк пен қошқыл көк те кездеседі... Кейбір бояулардың бір түстен екінші түске нәзіктеніп барып ауысуына қайран қаласың... Роза мен гиацинттердің де бірнеше ғажап түстері бүгін шешек атыпты... Көп гүлдердің Байжан да, Гүлнар да аттарын білмеді және оған өкінбеді де... Гүлдер олардың ақылдарын емес, сезімдерін билеп кетті...

Қлумбаларды орай жеміс ағаштары өсіп тұр. Олардың бұтақтарынан не салбыраған мәуелерден алма мен алмұрттың, өрік пен әнжірдің, шие мен шабдалдың неше сорттарын кездестіресің... Жеміс арасындағы жүзім мен жидек шырмауықтарының бойлары да мөлдіреген мәуеден сыңысып тұр... Бақшаның бір шетіне, Сыр бойында өсуге мүмкіндігі бар астықтардың бәрі де аз көлемді жерге шоқ-шоқ боп өсіпті...

Көркем бақшаны аралауға кіріскенде күле, қалжыңдаса, самбырлай сөйлескен Байжан мен Гүлнардың ойларын көркем бейне өзіне тартқандай, біраздан кейін екеуі де тым-тырыс бола қалды. Осы халде олар бақшаны орап шығып, Анатолий Кондратьевич отырған скамейкаға жақындады. Байжанның көзі, скамейка маңында бұрын кездестірмеген тармағы кең сарғылттау гүлдерге түсті. Соның біреуін үзіп ап Гүлнарға сыйлау мақсатымен ол қолын соза берді де, саусақтарына тікен қадалған соң, балаша бақырып қап, тартып алған қолы ашып, дуылдай

жөнелгенде аузына тығып үрлей бастады. Қалғып отырған Анатолий Кондратьевич Байжанның даусынан оянып кетті де:

— Не болды? — деді.

— Мына бір гүлдер тікенді екен,— деді Байжан, қолын аузынан бір алып, бір салып...

— Мұндағы гүлдердің бәрі де тікенді болады, шырағым,— деді Анатолий Кондратьевич,— оларды үзе білмесең, әрдайым жараланасың. Үзе білгендер ғана олардан ләззат алады...

— Оқасы жоқ,— деді, қолының ашуы басеңдеген Байжан күліп,— тек, шешек ататын гүл болсын да, үзу және ұстау тәсілін табармыз!..

Бесінші тарау

ІС ҮСТІНДЕ

Байжанның үйлену тойы өткеннен бір жұма кейін Анатолий Кондратьевич пен ол обкомға шақырылды.

Бұған шейін бірнеше рет жолыққан Байжаннан обкомның секретары канал жоспарының әрбір детальдары туралы ғана кеңесетін де, бас инженер болуы туралы сөзін қайталамайтын.

Секретарьдың кең маңдайлы, тұнық қаршыға көзді басында үкімет пен партия сеніп тапсырған облыстың шөл даласын гүлдендіру туралы зор ойлар барын, ол ойлар қиял емес шындық екенін, оның табиғатты қалай өзгерту туралы айқын сызылған пландарды қалай іске асыру туралы ойлайтынын, Байжан онымен жолыққан сайын тереңірек көрді. Бірінші жолығысудан бастап Байжанның ұққаны — бұл секретарьдың, іс жөніндегі сөздері түгіл, оған тән қалжың сөздерінің де астарында кезектегі міндеттерді қалай өтеудің, басқарып отырған облысындағы адамдардың өмірін жақсарта түсудің жобалары жатады. Өзінің жас өмірінде Байжан мұндай басқарушы партия қызметкерімен бірінші рет кездесті, партия басшылығы дегеннің не екенін іс жүзінде бірінші рет ұқты. Байжанның байқауынша, бұл адамның басы зор ақылдың, қатесіз тапқырлықтың, қырағы болжаушылықтың, үлкен ойды түсінікті тілмен айтып берудің, ұқтыруға шеберліктің ұясы сыяқты. Расын айтқанда, Анатолий Кондратьевичпен соңғы сөйлескеннен кейін, одан соң,

секретарьмен тағы бір жолыққаннан кейін, құрылыстың бас инженері болуға Байжан іштей ризаласты да, секретарь бұл жөнде сөз қозғай қоймаған соң, өзі килігуді ыңғайсыз көрді.

Бүгін обкомның бірінші секретары Анатолий Кондратьевичпен екеуін қоса шақырған соң, Байжан бұл шақыруды кеңестің тыянағына жорыды да, жолшыбай қайнатасына бас инженер болуға енді ризашылығын айтты. Қарт бұл шешімге қуанышын білдірді.

Секретарь оларды кабинетінде дағдылы жарқын мінезімен қарсы алды. Байжан мен Анатолий Кондратьевичті жуырда жасаған тойларымен құттықтағанда, оның шықшытты кеңдеу беті мен қоңқақтау мұрнының имек тұмсығы күлімсіреп қалды. Сол жайдары кескінімен ол Байжанға ұсынысы туралы сұрау беріп еді, Байжанның жауабын аузынан қағып алғандай:

— Оның несін сұрайсыз,— деді Анатолий Кондратьевич күлімсіреген кескінмен,— енді қайда барады дейсіз бұл жігітті, тізгіні біздің қолда!.. Ол риза, жолдас секретарь,— деді Анатолий Кондратьевич даусын салмақтандырып.

— Рас па? — деді секретарь, Байжанға көзінің сынау карасымен.

— Солай болғаны да,— деді Байжан.

— Жігіт! — деді секретарь Байжанның қолын алып,— сіздің тез көндіге қоймауыңыз табиғы және түсінікті іс. Жақсы дипломы бар, оқымысты болғанмен тәжрибесі аз жас инженерге Сталин атындағы канал құрылысы сияқты зор істі басқару оңай ма екен!.. Әрине, қыйын... Бірақ, сіздің жалғыз еместігіңізді естен шығармау керек, жолдас Бектасов. Сіздің қасыңызда халық, алдыңызда большевиктер партиясы. Ол женімпаз партия екенін білесіз. Оның күш бұлағы халық екені де сізге мәлім. Ендеше сізден тілейтініміз не? Мемлекет тапсырған іске адал кірісіп ынталана атқару. Егер активке сүйене отырып, солар арқылы халықты басқара білсеңіз, орындалмайтын іс жоқ. Рас, іс үстінде қыйыншылықтар да кездеседі, одан қорықпау керек, жеңе білу керек... Сонымен, іске кірісеміз де, жолдас бас инженер?..

— Әрине,— деді Байжан.

Секретарь Байжанға каналдың іс планы обкомның бюросында әлі актық рет бекілмегенін айтты.

— Ол план даяр,— деді Анатолий Кондратьевич,—

менің бұл орынбасарым,— деді ол Байжанды негімен нұсқап,— даяр планмен танысып, қосар, алары болса пікірін айтуы жөн... Бұдан былай құрлыс жұмысының салмақты жағы бұл жігітте болады ғой,— деді ол секретарьға көзін қысып қойып.

— Әрине,— деді секретарь жымыйып,— бюро келесі жұмада болар, соған дейін даярланыңыз, жолдас Бектасов!..

Байжан іске кірісті.

Жалпы Сырдария туралы, одан қазылғалы жатқан канал туралы Байжанның бұрынғы білемін дегендері, баяндамаға әзірлену мақсатымен материалдар ақтарғанда түкке тұрмайтын сияқтанып кетті.

Оның пионер күнінен бастап зер сала қарайтын бір мәселесі соғыс ғылымы еді. Ол, әсіресе, соғыстың айлаәдісін баяндайтын кітаптарды көп оқыған. Соларға қарап отырса: бір мемлекеттен екінші мемлекет соғысу үшін, ең алдымен бір-біріне астыртын барлаушы жіберіп материал жыйнайды. Ондағы қажет материалдар: қарсы мемлекеттің жерінің, байлығының, өндіріс күшінің, техникасының қандайлығы, қаншалық соғыс күшін шығара алатындығы, соғыстың құрал түрлері, халқының бірлігінің қаншалық беріктігі, қанша әскерінің барлығы, олардың соғысқа қаншалық әзірліктері... Қай мемлекет болса да, осы жағдайларды әуелі анықтап алып, жеңуге шамам келеді деп дәмеленсе ғана соғысады да, шамасы келмейтінін көрсе, өлерін білмейтін есерсоқтау біреуі болмаса қарсы жақтың дегенін істеп, тым-тырыс отыра қояды.

Адам қоғамының өзара соғысы осылай есепті болатынынан біраз хабары бар Байжан, табиғат пен адамның арасындағы мәңгілік күресті де соғыстың бір түріне меңзейтін еді.

Расында солай емес пе?

Отты, суды, ауаны, жер байлығын адам пайдасына жұмсап, жансыз табиғатқа, саналы жандының қызметін атқартып қою, күрессіз бола ма?.. Бір күннің күресі ме, бұл?.. Отты, суды, ауаны, жердің, күннің байлықтарын керегіне жарату жолында, адам баласы басынан нелер қыйындықтарды, нелер ауыр күндерді кешірмеді? Нелер ұрпақтар ауырлықтың астында жаншылып арманда кетпеді?.. Табиғат байлығын бұдан да мол меңгеру үшін, адам баласының алдында, әлі де нелер ауырлықтар жоқ?

Осылардың бәрінен де Байжанның хабары болушы еді. Ол, әсіресе, біздің Социалистік Отанда болған, я жү-

ріп жатқан зор құрылыстардың бәрін де баспасөзден бақылап, олар туралы жарияланған материалдарды түгел оқыйтын. Оның әсіресе қарайтыны «ССРО құрылыста», «Ғылым және техника», «Жастар және техника» дейтін журналдар. Байжан олармен ғана қанағаттанып қоймай, «Беломор-Балтық каналы», «Днепро ГЭС», «Магнитогор құрылысы», «Метро құрылысы» сияқты, біздің Отанда жүрген зор құрылыстар туралы шыққан қалың кітаптардың да талайын оқыған. Соларға қаншалық адам күші, қаншалық қаражат кететінінен оның хабары бар-ды.

Бірақ зор құрылыс туралы кітаптан алған мәліметпен, сондай бір зор құрылысты өзі басқарудың арасында үлкен айырма барын, табиғатпен соғысудың шын мағнасында не екендігін, Байжан Сталин каналының материалдарына шұқшыя қарағаннан кейін ғана айқын білді. Тарихи деректерге қарап отырса, Сырдарияның суын меңгеріп алам деп, жағасын жайлаған елдердің онымен соғысуы, Айсадан бірер мың жыл бұрын басталған екен. Бұл соғыстың, оның аржағында неше мың жыл бұрын басталмауын кім біліпті!.. Бірақ, мәселе Сырдарияның жағасындағы елдердің онымен неше мың жыл соғысуында емес, қашан, қалай жеңуінде. Байжанның қолына түскен материалдарға қарағанда, совет дәуіріне шейін, Сырдарияның асау суын жеңіп бағындырған бір ел де, бір мемлекет те болмаған. Совет заманында, асау Сырдарияның мойнына бұғалық тастау әуелі Өзбекстан өлкесінен басталып, «Мырзашөл» арқылы Қазақстан өлкесіне де тараған. Бірақ, әзірге, бұғалыққа жуасып жатқан Сырдария жоқ. Ол әлі баяғыдай асау. Оның әлі баяғы, арнасындағы сары саз-топырақты кеміре, қоймалжың қып сапыра, көпірші, екпінмен ілгері ентелей, бұрыла, жалтара, орағыта, көп жерден арнасын ауыстыра, бет келіп қалған көлдердің қопасын, тоғайларды қопара ағуы бәсеңдеген жоқ.

Совет заманына шейін де жуасытқысы келгендердің талайының басын қатырған тентек Сырдария, Совет тұсында да аз адамды әурелемепті. Бұл жөнде, совет инженерлері талай томды еңбектер жазыпты, олардың кейбірі кітап боп та шығыпты. Сол еңбектердің негізділерін түгелге жақын қараған Байжанның келген қортындысы: Сырдарияның екі мың шақырымнан артық өлкеге ирелеңдей әрдайым арнасын ауыстыра ағатын тентек суына, тура ағатын цементті арна жасап алғанша, неше жерден

плотина құрғанымен, ырқыңа түгел бағындыра алмайсың. Түбінде осылай істеу керектігін инженер атаулының бәрі де айтады. Бірақ, қашан? — Мәселе сонда. Бір инженердің есептеуінше, Сырдарияға қолдан цементті арна жасау үшін, мәселен, Совет мемлекетінің 1936 жылғы бүкіл бюджетінің тең жартысы жетеді екен. Бұл қызметті бір жылда атқарып шығу үшін, Орта Азия елдері мен Қазақстанның барлық жұмысқа жарарлық адамдары түгел қатнасу керек екен. Әрине, бір жылда мұнша қаражат шығару, мұнша адам жұмсау әзірге мүмкін емес, мәселе, қазір онда емес, қазіргі мәселе — бар мүмкіншілікті пайдаланып, Сырдарияның қымбат суын күш келген мөлшерде кәдеге асыру.

Байжан басқарып алдағы күнде қаздырылғалы тұрған Сталин атындағы канал, Сырдың қазақстандық жағасында қазылған арықтардың ең зоры болмақ. Осы «ең зор» деген каналдың өзі Сырдарияның суының мыңнан бірін буып ала алса, сол осындай аз ғана суды буып алудың өзіне, материалдарға қарағанда, қанша адамның мыйы сарып болған.

Байжан материалдарға қарап отырса — аумаған зор соғыстың планы: план жасалардан бұрын, канал қазылатын өлкеге талай экспедициялар шығып, талай рет барлаған; талай жүйелі жоспарлар жасалған; солардың көбі іске аспай, архивтың материалы болып қалып қойған; іске асатын материалдардың ішінде ең қолайлысы Анатолий Кондратьевичтікі боп шығып, ақыры сол қабылданған.

Айтқаны іске асқандықтан ба, әлде мінезінің сабырлылығынан ба — Сырдарияны жеңуіне көзі еркін жеткен адамдай, Анатолий Кондратьевич абыржуды, күйгелектенуді білмейді. Талай жеңісті қолынан өткерген қарт, қолбасшылардай маңқыйған сабырын өзгертпейді. Байжан жастығын білдіріп, сабырсызданайын десе:

— Балам, қандай майданда болса да, сабырын жоймаған жақ жеңеді, күйгелек тез күйрейді, саспай қыймылда, — дейді.

Қазіргі канал құрылысында жерді суару мен құрғату мәселесі қатар шешілу керек. Сырдария өлкесінің суарылған май топырағы, аз жылда сазға, кейде көлге айналып кетеді де пайдаға асудан қалады. Бұлай болдырмау үшін жүргізетін күрестің бір түрі — елінің тілімен айтқанда «қашыртқы салу», ғылым тілімен айтқанда

«коллектор» жасау. Ол — егіс өлкесінде пайдаланған суды не алыстағы сайға, не дарияның өзіне құлату, ол үшін суды өзіне тартып алатын қосымша каналдар қазу.

Бұған дейін жасалған каналдардың тәжрибесіне қарағанда, қыйын мәселенің бірі — жол. Сырдың боз топырағы машинаның доңғалағы көп жүрсе-ақ ор боп қазылады да, жаңбырдағы саз түгіл, құрғақтың өзінде де дөңес ортасы диферга[1] соғысып машинаны жүргізбейді. Бұл пәледен құтылудың жолы — грейдерлік жол жасау. Осы жөнде қызмет атқарған экспедицияның келген қортындысы — грейдерлік жолдарға битум[2] құю, сонда ғана жол тез тозбайды. Әрбір шаршы метр жерге бес килограмм битум құйылу керек, ал, пландағы грейдерлік жолдардың жалпы тұрқы 350 километр. Оған қанша битум керек!.. Грейдерлік жолдың өн бойында қазылатын жер қанша!..

Канал құрылысын осылай тұтас алғанда, барлығы 25 миллион кубометр жер қазылмақ!..

Бір кісі бір күнде орта мөлшермен үш кубометр топырақ қаза алады десек, жыйырма, он бес миллион кубометрді бір күнде қотарып шығару үшін жеті-сегіз миллион адам, бір айда қотарып шығару үшін екі жүз мыңнан астамға жақын адам керек болар еді.

Сол жылы бүкіл Қызылорда облысының барлық колхоздарында 150 мыңдай жан бар, солардан бала-шағаны, кәрі, құртаңды шығарып тастағанда, қолына кетпен алатындары 70 мыңға жақын кісі, олар түгел жұмылғанда, каналды үш-төрт айда қазып кетуі мүмкін. Бірақ, колхозда каналдан басқа да жұмыс көп болғандықтан, облыстың барлық колхозы ең көп дегенде 40—50 мың кісі ғана шығара алады. Бұлар да егінді егу, суару, ору кездерінде түгел босамайды. Октябрьдің жуан ортасына кіре, Қызылорда облысының жері тоңданып қатады да, мартта ғана жібиді, бұл айларда да канал қазу мүмкін емес... Канал құрылысы — жалғыз жер қазу емес. Оның бойына талай жерден ұлылы-кішілі тоғандар, көпірлер салынуға тиісті.

Осының бәрін және жер қазуға жұмсалатын машина күштерін есептеп, облыстық су шаруашылық бөлімі каналдың құрылысы екі жылда аяқталады деп есептеген.

---

[1] Машинаның кіндігі.

[2] Мұнайдың қою қойырпағы.

Құрылыстың бәріне үкімет жыйырма миллион сом акша бергелі отыр.

20 миллион сом акша!.. Оны жұмсай білу оңай боп па?!. 40—50 мың адам!.. Оны жұмсай білу оңай боп па?!. Және қандай адамдар олар? — Совет адамдары!.. Олардың тілегіне лайықты жағдай: баспанасы, тамағы, құралсайманы болу керек.

Солармен ғана қанағаттанып қоя ма олар?.. Оларға клуб керек емес пе?.. Клубта кино, театр, концерт жүріп жатуды тілемей ме?.. Жастарына спорт ойындары қажет емес пе?.. Радио қайда?.. Кітапхана, газет, журнал қайда?.. Бұлардан басқа да мәдениет тілегі жоқ па, олардың?..

Осынша зор құрылыстың бас инженері біздің Байжан!.. Жас Байжан осының бәрін дұрыс басқарып шыға алса жақсы, егер шыға алмаса?..

Алғаш жүрексінгенмен, іске кірісе Байжан бекінді. Оған ұлы жорықты бастайтын қолбасшылық сезім пайда болды. Шабуыл жасайтын «жауы» — Сырдария. Бұл жорыққа керекті күштің бәрі қолында. Ендігі міндет — сол күшті жұмсай біліп, жеңіске жету.

Байжан Махамбеттің өлеңдерін жақсы көруші еді, әсіресе «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңін ерекше ұнатып, бала күнінен жатқа айтатын. Осы өлеңдегі «ер төсектен безінбей» деген сөздің шын мағнасына, каналдың материалдарымен шұғылданғаннан кейін ғана түсінгендей болды.

Оның үйленгені жуықта ғана. Және ол әлдекімге емес, өзінің бірнеше жыл құмартқан адамына қосылып отыр. Сондықтан, орысша «бал айы» аталатын оның алғашқы күндері балдан да тәтті боп, жастық ләззәтінен басқа ешнәрсені ойламауы керек еді, іс жүзінде олай болмады.

Жатса да, тұрса да есінде үнемі канал!.. Ұйқы мен астан қолы аз босаса, не канал жабдығына шапқылап кетеді, не каналдың шыйыршықтап бүктеген сарғылттау май қағазын отырған жеріне жазып жіберіп, төрт бұрышын бастырмамен бекітіп қойып, әлденеменесіне үңіліп, әлденеменесін есептейді де жатады.

Оның бұл қылықтары, Гүлнарға алғашқы кезде ұнамады. Бірнеше рет ол «қоя тұршы осыныңды!» деп қолынан алып жыйнап та қойды. Бірақ, жүре келе, Гүлнар бөгет болу былай тұрсын, қайткенде жұбайының жұмысын жеңілдетудің амалын білмей әуреленді.

Гүлнардың не себепті медицинаны таңдағаны бізге мәлім: оның шешесі Шаһадат қылтамақ боп өлді де, сол сырқаттың емін табуды ол арман етті. Алматының медицина институтында бес жыл оқығанда оның табам деп іздегені де осы еді, таба алмады. Бұл мәселеде ғылымның әлі әлсіздігін көрген ол, көңілі қайтқандай, медицинаны тастап кетуге бір ықғайланды да, аяқтап қалған оқудан безуге обалсынды және әкесі де рұқсат етпеді. Қазір ол — врач. Хирургиялық қызмет атқара отыра, оның қалада зерттейтіні — рак. Бұл жөндегі үміті жеткізе ме, жоқ па, жеткізсе — қашан? Оны Гүлнар білмейді. Өзімен салыстырғанда, күйеуі — Байжанның қуған қашағанына құрығы түскен сияқты, ол — Сырдария.

Гүлнарға Сырдарияны бөгеу де өлімді бөгеумен бір сияқтанады. Бөгеу емей немене? Сырдың екі жақ бетіндегі кең даланың сусыны бір қанбай, өмір бойы өліктей бозарып жатқанына не заман!.. Сол далаға су беріп тірілтсе, өлімді бөгеу, жеңу емей немене? Сырдың өлік даласын тірілту туралы Байжанның атқарғалы отырған қызметіне Гүлнар аса зор қуанышпен қарайды. Неге қуанбасын ол? Осы мамандықты Байжанның алуына себепші өзі емес пе? Енді, міне, өз қуғанына әзірге жете алмағанмен, Байжанның жетуін, ол өз жетістігіне санаса айып па?..

Гостиницадан көшіп келген күні-ақ, Байжан Гүлнарға:

— Гүлім, — деді, портфелінің аузына қыстырылған ширатпалы қағаздағы Сталин атындағы каналдың планын ап, алдына жайып, — мынаны қабырғаға ілейік.

План қабырғаға ілінген соң, Гүлнар қарап тұрса, адамның кәдімгі дене тамырларының тарауларына ұқсайды: Сырдария — күре тамыр; күреден жан-жаққа әуелі жуандана, одан кейін жіңішкелене тамырлар тарап, дененің бар мүшесіне қан таратып, жан беретіні сияқты, каналдың магистралынан жан-жаққа жуандала, жіңішкелене арықтардың толып жатқан тарамдары тарап кетеді екен.

Соларға қарап тұрып, «тамырлар болмаса, тәннің өлетіні сияқты, арықтар болмаса Сырдың өлкелері де өлік екені рас-ау! — деп ойлады Гүлнар.— Сырдың даласына өмір орнау — оны жайлаған елге өмір орнау. Сол өмірді орнатушының біреуі менің жұбайым болса, о да маған зор бақыт емес пе!»

Байжан кенседен тысқары қызметін, Гүлнар мен екеуінің сыбағасына тиген, көлемі кішірек, іші шығысша сәнделе жыйналған бөлмеде атқарды. Бөлменің терезесі кораға қарайды. Нақ алдына өскен алма ағашы бөлмеге күн сәулесін түсірмейді, жел тұрса ырғала теңселіп, желпінген бұтақтар, бөлменің ішіне жұпар иісті салқын беріп тұрады. Түнді еңсеріп барып жататын Байжан, Гүлнар әлдеқалай оянып қараса, майкасымен, трусімен ғана, қызмет столына кеудесін артып, қағаздарына төнеді де жатады.

Терезе ол кезде ашық тұрады. Бөлмеге маса кіріп кетпеу үшін жақтаулап керген марля қойылады. Жаңада қосылған екі жасты құттықтағандай, таң белгі берген кезде, ашық терезенің алдындағы алма ағашына қонған бұлбұл күш көтерілгеншс сайрайды да тұрады. Соған үн қосқандай, Байжан да әлде не бір әнді ақырын ғана ыскырып, жұмысына шұқшыя түседі.

Бұлбұлдың да, Байжанның да әндерін құмарта тыңдаған Гүлнар, қозғалса, я дыбыс шығарса жұбайының көңілін бөлетіндей көріп, ақырын алған деммен кірпігін ашып-жұмып біраз жатады да, тәтті ұйқыға кетеді...

Алтыншы тарау

«ТАРТОҒАЙ»

Канал құрылысының материалдарын меңгеріп болған Байжан, обкомның секретарына жолықты да, канал қазылатын өлкеге барып, жер жағдайын көріп қайту тілегін айтты. Секретарь:

— Жақсы! — деп мақұлдық білдірді де,— әрине, Анатолий Кондратьевичпен,— деді.

— Әрине! — деді Байжан да.

Жолға шығардың алдында Анатолий Кондратьевич Байжанға канал құрылысының жолында көп бөгет жасайтын «Түйемойын» құмын көре кетудің қажеттігін айтты.

— Түйемойынның бержағындағы Мырзашөлдің кең жазығына қолды жеткізбей,— деді ол бұл ұсынысты айтар алдында,— бұл каналдың боиынан егінге молыға алмайтындығымызды, құрылыс жоспарының материалдарынан көрдің. Қай заманда екендігі туралы мәлімет жоқ, бір заманда, Түйемойын құмы арқылы Мырзашөлге арық қазылған, оған дәлел — Сырдың жағасында кәрі заманда

қазылған арықтың, қазір сай ғана боп қалған ізі жатыр, оны «Торанғұлсайы» деп атайды, кейін ағашты жұрт кесіп алған, қазір түбірлері ғана кездеседі. Осы Торанғұлсайы аржағынан кеп Түйемойын құмына тіреліп жоғалады. Сол бетпен құмды кесіп өтіп екінші жағына шықсаң, әлгі Торанғұлсайы қайта басталады да, Мырзашөлді біраз алқымдап барып таусылады. Осыған қарағанда, ескі заманда қазылған арық бір себеппен жабылған да, тегіс жерде ізі ғана қап, орта кезін көшкен құм басып кеткен. Торанғұлсайының екі жағасында да көрі заманда қоныстанған ел болғандығы қыйраған ескі қалалардың орнындағы қалдықтардан белгілі.

Жер жайын осылай баяндап алғаннан кейін, Анатолий Кондратьевич:

— Осы құмды көре кетуіміз керек, ол үшін атпен жүргеніміз қажет, машинамен жол аса ауыр,— деп еді, атқа құмарлығы аз Байжан:

— Машинамен-ақ жүрейік,— деді.

Құм арқылы жүретіндігі ескертілген Жантас, кәнілігін істеп, жолға бір кесек киіз және ұзын қып тоқылған ши алыпты. Қалың құм жолдың өнбойына үйіле бермей, ара-тұра, не сайда, не өркешті екі құмның астасқан тұсында кездеседі. Жантас сондай жерлерді байқап келе жатады да, күп беріп қойып кетпей, құмның қалың жеріне киізі мен шиін төсеп, машинасын солардың үстімен алып шығады.

Бірер жерде еспе құмның ені жалпақтау кездесіп, киіз бен ши алып шыға алмай, машина мықтап-ақ шөгіп еді, «өлмейтінге өлі балық кездеседі» дегендей, жүктен қайтқан түйешілер кездесіп, солар сүйреп алып шықты. Бір қызығы — машина түйелерді Түйемойын құмына кіре бере қуып жеткен еді, сол түйелер, белесті құмнан машинамен қатар шықты.

— Саз бен құмға кездессе, машинадан түйе жүйрік,— деп қуланды, түйелерді бастаған жігіт.

Түйемойынның аржағы теп-тегіс жазық екен. Сол жазыққа шыға бергенде, жырағырақта сағыммен бұлдырап көгілдірленген бұйық бірдеме көрінді.

— Сонау не? — деп сұрады Байжан Анатолий Кондратьевичтен.

— «Тартогай» деген сол.

Жақындап келсе, «Тартогай» деген, айналасын өзен орап кеткен биіктеу төбешікке шоқтала өскен ағаш екен.

— Еккен бе, өзі шыққан тоғай ма? — деп сұрады Байжан.

— Бұл тоғайдың бірсыпыра тарихы бар,— деді Анатолий Кондратьевич,— осы ара өткен ғасырдың ортасына дейін Қоқан хандығына бағынып тұрған ғой. Ханның тұрғын елден бөлінген әкімін «датқа» деген ғой. Осы тоғайдың ығында Торғай датқа дегеннің әулеті тұрған. Ол әулет елге аса содырлы болса керек те, зорлық көргендер өлтіріп тастар деп қорықса керек. Бірақ, отырықшы елдің бегіндей олардың қорғанды сарайы жоқ. Олар қысы-жазы малымен көшіп жүреді екен де, көктемде тары ектіріп бірер ай, күздігүні тарысын жыйғанда бірер ай Сырды сағалап отырады екен. Со кезде Сырдың доғадай боп иілген осы бір қойнауына мекендепті де, ішіне ағаш ектіріп, қалың тоғай шыққан тоғайды «Тартоғай» атапты. Тоғайдың ығына датқа тұқымы бертінірек күйген күрпіштен мешіт, медресе және бірнеше үйлер салдырып, қыстайтын да болды.. Кейін, 1928 жылы олар конфискацияланған ірі байлардың тізіміне ілікті де кетті, мекені кедейлердің қолында қалды. Сол араға орналасқан колхоздың да аты «Тартоғай». Менің жас шақтан бергі досым Сырбай да осы колхозда.

Анатолий Кондратьевич Сырбайдан қысылып келе жатыр, оған себеп — бұдан бұрынғы сапарында Анатолий Кондратьевич күйеуі келгенін және жуырда қызын ұзату тойы болатынын айтқанда Сырбай: «тойды ауылда жасайық, шығынның көбін мен-ақ көтерейін» деп досына жабысқан. Сырбайдан құтыла алмасын көрген Анатолий Кондратьевич, «күйеуіммен ақылдасып көрейін» деп емексіткен сөз тастап кеткен. Тойды қалада жасауға бекінген Анатолий Кондратьевич, «жағдай осылай боп қалды, тойға келсін, ауылдағы тойды тағы да өткізе жатармыз» деп хабар салғанда, Сырбай келмей қалған. «Онысы өкпесі» деп жорыған Анатолий Кондратьевич, досы өкпесін бетіме баса ма деп қысылып келе жатқан. «Тартоғайдың» тарихын баяндау туралы кеңесін бітірген қайнатасына Байжан:

— Досыңыз қалай қарсы алар екен? — деп қалжыңдап еді:

— Кім білсін,— деді ол,— бір ашуланса бой бермейтін қыңырлығы да болушы еді, сонысына бақпаса!..

Олар солай кеңесіп отырғанда, машина Тартоғай жарты аралының босағасына кіре берді. Жарты аралды са-

қыйналандыра айналып кетіп, доғадай иілген судың екі жаққа шалқыятын осы бір алқымы, кеңдігі 50—60 метрдей ғана биік дөң еді. Көлденең қарағанкісіге бұл алқымы қолдан жасалған көпір сияқты. Тұрғындардың айтуынша, ертеректе бұдан әлдеқайда кең алқым жыл сайын тарылып, екі жағынан да мүжіліп қымқаланып қалыпты.

— Енді біраз жылдарда,— деді Анатолий Кондратьевич, алқымының босағасынан өте беріп,— мына екі бүйір қосылып, «Тартоғай» арал болып қалуы да мүмкін.

— Қоршауда қалса колхоз отырмайтын болар.

— Өздері де айтып жүр, сол сөзді. Сталин атындағы каналы қазылып іске аса бастаса, соның жағасына орналасамыз дседеді. Онда бұл арал «Тартоғай» колхозының жеміс бақшасы және дем алатын орны боп қалмақ.

Дәл осы сәтте колхоздың көшесіне кіре берген олардың алдынан, астында жорғалаған жарау құла аты бар, басында қаракөлмен тыстаған сусар бөркі бар, көйлегін галифесіне шалбарланып алған бір жас жігіт көлденеңдей берді.

— Дәулет! — деді Анатолий Кондратьевич, салтты жігітке машинаның терезесінен үңіле қарап ап,— Сырбайдың баласы. Тоқта, Жантас!..

Жантас кілт тоқтады. Машина доңғалағының екпінімен көтеріліп келе жатқан қою бозғылт шаң ілгері лықып, тақалып қалған аттыны көрсетпей жауып жіберді. Ілгері толқып, бір жағы сұйықтала бастаған қою шаңның ішінен қалың бұлтты жарып шыға берген самолеттің тұмсығы сияқтанып, әуелі аттың басы көрінді де, іле тұтас денесімен оған мінген манағы жігіт көрінді. Машинаға қатарласа берген жігіт үстін, бет-аузын қағына, атынан қарғып түсті, шықшыттылау, кертеш мұрындау келген денелі қараторы жас жігіт екен. Анатолий Кондратьевич машинаның есігін аша берді.

— Ассалаумағалайкум! — деді жігіт Анатолий Кондратьевичке.

— Уағалайкумссәлем! — деді Анатолий Кондратьевич байырғы қазақтың даусымен.

Екеуі қол алысты.

— Менің күйеуім, таныс! — деді Анатолий Кондратьевич Дәулетке машинаның ашық есігінен Байжанды нұсқап.

— Ә, осы жігіт пе? Сәләматсыз ба? — деп Дәулет Байжанға қолын ұсынды.

Дәулеттің алақаны да денесіне сәйкес екен: қол алысқанда Байжанның жіңішке саусақты алақаны баланікі сияқтанды.

Олардың амандық кеңестерін жан-жақтан атты-жаяулы қаптай қалған адамдар бөлді. Анатолий Кондратьевич оларға машинадан түсіп амандасты.

— Күйеуіңмен, қызыңмен келеді дегені қайда? Тойды осында жасайды дегені қайда? — десті әркімдер оған.

Жөнін айтқан Анатолий Кондратьевичтен, күйеудің осында екенін білген жұрт:

— Мұнысы қай пәлдену? Машинадан неге түспейді? — деп ажуалай бастаған соң, жастар жағы,— көрейікші өзін! — деп, машинаның есік-терезесіне үймелей бастаған соң, Байжан да сыртқа шығып, көпке амандасты.

Құрылғалы жатқан каналдың бас инженері осы күйеу екенін естіген жұрт:

— «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деп еді, бұл ырыс әкелген күйеу болды ғой! — деп қуанысты. Біреулер: —«бөгемендер, ендігі сөзді орнығып отырып сөйлесейік»,— деген соң, қонақтар машинасына мініп жөніне тартты.

Көшенің ілгергі жолы тегіс екен. Сонымен зымырай жөнелген машинаға Дәулеттің жорғасы жеткізбеді.

— Япырай, ұшқыр екен, мына жорға! — деді Байжан.

— Керемет жорға! — деді Анатолий Кондратьевич,— өткен жазда Ұлытау жақтан бір қыздың қалыңмалын төлеп алыпты. Мұнша қымбатқа неге алдың? — десем, «жоқ кезінде, жорға түгіл есекке де зар болдық, бар кезінде, балалар қалағанын мінсін!..» деді.

Сырбайдың қам кесектен соққан үш бөлмелі үйі болуы еді, бірі қонақ жайы. Сырбай қонақтарын сол бөлмеге түсірді.

Сырбай Анатолий Кондратьевичті жолшыбай айтқанындай салқын жүзбен емес, жарқын жүзбен қабылдады. Қайнатасы таныстырған Байжанға да ол аса жылы ұшырап қолын алды да:

— Ә, сен бе едің, күйеубала? Өмірлі, бақытты бол! — деді.

Тойды ауылға әкеп жасай алмаған жай-жапсарын Анатолий Кондратьевич айта бастап еді:

— Жүдә[1] окасы жоқ,— деді Сырбай,— болары боп,

[1] Жүдә — Оңтүстіктегі қазақтарға өзбектен ауысқан сөз мәтелі, — тіпті, өте деген мағнада қолданылады.

бояуы сіңген соң, неде болса қайырымен болсын. Жүдә жасыратыны жоқ, басында көңіліме келгені де рас. Бірақ, аталарымыз айтқан емес пе, жүдә, «үйіңе келгенде үйдей өкпеңді айтпа» деп. Келдің, кештім. Бірақ, сөзімнен қайтқым жоқ,[1] бір той менің мойнымда, уақытын өзім айтам.

— Жақсы, ақсақал,— деді Анатолий Кондратьевич,— жарлығыңызды асығып күтем.

Бұл кеңес сонымен аяқталды.

Байжан Сыр еліне араласқалы, бұл жердегі қазақтардың үй іші Арқа қазағынан жасаулы болатынын, әсіресе кілемі, көрпе-жастығы көп болатынын байқаған еді. Сырбайдың өзі де сондай екен. Әсіресе, оның қонақ бөлмесі салтанатты: төбесін балшықпен майлаған, тақтайлы сәкісіне қалы кілем, оның үстіне қалың мақталы көрпе төселген бұл бөлменің бір қабырғасын тұтас алып қазақша оюлы тұскиіз тұр да, екінші қабырғасын тұтас алып, Анатолий Кондратьевич бұрын бұл үйде көрмеген бір асыл бұйым тұр. Ол бұйымның ортасына, нақ тірі қалпындағы бояуындай қып, дәл өзінен айнытпай тотықұстың суреті жібекпен кестеленіпті. Тотының алдында кестеленген неше түсті гүлдер, артында — маңайын жасыл жапырақты сирек талдары қоршаған хауыз[2].

Анатолий Кондратьевич ол бұйымға біраз хайран қала қарап отырды да:

— Қайдан алдың мынаны? — деп сұрады Сырбайдан.

— «Жиделі» колхозында корей тамырым бар еді, сонда осы затты көрдім де, жүдә қызықтым. Бірақ, ішімнен: «қыймас мүлкі болар, ретін келтіріп сұрайын» деп ойладым. Быйыл реті жүдә келе қалды. Баласы жоқ кісі еді, быйыл бала көрді. Бір малымды сойдым да қалжа апардым. Алдында айтып, құлағына жүдә сіңіріп қойғам: «көңілдес адамның әйелі босанса, қазақта мал сойып қалжа апару деген болады, сөйтеді де қыймасын қалайды» деп. Олар да қазақ сыяқты жүдә ұлды жақсы көріп, қатыны ұл тапса, не сұрасаң да береді екен. Менің бағыма — қатыны ұл тапты. Соған қалжа апардым да, осы затын сұрадым. Қатыны қынжылайын деп еді, байы «сөйлеме, үодем бар» деп алды да берді. Дәулетіме шүйкебас әперсем, соның тұсына құрармын деп алдым.

---

[1] Қайтпаймын, бармаймын, ескермеймін деген сыяқты сөздерді Сыр елі: қайтқым жоқ, барғым жоқ, ескергім жоқ деген сыяқты қып айтады.

[2] Қолдан жасалған көлшік.

— Қайырлы болсын,— деді Анатолий Кондратьевич,— құда болған жерің бар ма еді?

— Бұл заманда жүдә баяғының құдалығы бар ма, әкенің өзі біліп атастыра салатын? Сүйіп қосылу деген бар емес пе, бұл күнде. Баланың көздеп жүрген жері бар, соған мен де жүдә ризамын.

— Ол кім еді? — деді Анатолий Кондратьевич.

— Осы үйге келгенде кімді көбірек көруші едің? —деді Сырбай жымыйып.

— Айбарша ма? — деді Анатолий Кондратьевич, аз ойланып.

— Әзірге жүдә солай сияқты,— деді Сырбай күліп,— артын қайдам...

— Қайырлы болсын,— деді Анатолий Кондратьевич,— балаңызға татырлық қалыңдық.

— Мен де жүдә мақұлдаймын,— деді Сырбай.

— Той қашан?

— Оған жүдә алысырақ па, қалай. Айбарша быйыл он жылдық мектепті бітіреді білем. Содан кейін ілгері оқуға барам дей ме, немене. Жүдә қойсай, бармасай [1] дейтін жігітім де жоқ білем,— деді Сырбай күліп.

— Бұ заманның салты со ғой, ақсақал. Оқуға ынталанбайтын жас бар ма қазір. Балаңыздың өзі де оқыймын дей ме?

— Оншасын әлі сұрағам жоқ...

Бөлмеге жаңа екі қонақ келіп кірді, бірі Байжанға таныс Рахмет, ол осы аудандағы райкомның секретары боп шықты. Екінші, дембелше, орта бойлы, қоңыр өңді, көтеріңкілеу шолақ мұрынды, қысқалау қою қара мұртты жігітті Байжан танымады.

— Самарқан Аққожаев,— деп таныстырды ол өзін Байжанға.

Бұл жігітті Анатолий Кондратьевич Байжанға сырттан таныстырып, «ауандық агроном, жер-су жайын жақсы біледі, шаруаға да қырлы, соны каналдың шаруашылық жұмысын басқаруға алу керек» деген еді.

Амандықтан кейін Рахмет Анатолий Кондратьевичпен канал туралы сөйлесіп кетті. Ол да Байжанға ауданның қазіргі және болашақтағы шаруасын жақсы білетін адам боп көрінді. Кеңеске Самарқан мен Байжан да араласты.

---

[1] Қойсайшы, келсейші, жүрсейші деген сияқты сөздердің Сыр елі «ші»сін алып тастап айтады.

Сөз арасында Байжан Самарқанға ұсынысын айтып еді, «өзің кнетін тондық терінің пұшпағын өзің уқала» депті ғой,— деді Рахмет,— канал біздің аудандікі, іс біздікі болған соң, құлағым шалған кеңеске бұл Самарқанды мен де қажап жүрмін, тегі көндірдім ғой деймін, солай ма, Аққожаев жолдас?

— «Халық қаласа хан түйесін сояды» депті. Сіздердің ұнатқандарыңыз болады да,— деді Самарқан.

Бұл үйдегілерден сарап сөйлеген Сырбай ғана. Ол сұрауға, я жауап беруге қажетті бір кезегі кеп қалмаса үндемей, ұзындау, тарамыс денесін не шарта жүгініп алады да, қанша отырса да, со қалпынан қозғалмай, құлағын өзгелердің сөзіне салумен қанағаттанады. Өмірінде көп бейнет көрді дегенмен, беті мен маңдайындағы қос қыртыстанған әжімдер болмаса, жасы жетпісті алқымдаған Сырбайдың денесі әлі тіп-тік, сақал-шашы әлі қарабұрыл, ұзындау сарғылт тістері жұптарын жазбай түп-түтел қарап тұр.

Сырбайдың күші әлі де молдығын Байжан тез көрді. Үйде біраз отырып жайланған Байжан тысқа шыққа, одан бұрын шығып кеткен Сырбай, жуандығы кісінің көудесіндей, ұзындығы кісіден биік бір сексеуілді жердегі кесек таска көтере соғып жатыр екен. Балтамен шабуға сексеуіл көнбейтінін, таска ұрса ғана морт сынатынын Байжан білетін. Сырбайдың жанына тоқтай қап таңдана қарағанда, оның қайран боп тұрғаны, сексеуілдің таска соғылып сынуы емес, сондай зор сексеуілді Сырбайдың мықшыймай еркін көтеріп соғуы. Байжан: «маған бере тұрыңызшы, ұрып көрейін» деп алып көріп еді, құлаштап таска соқпақ түгіл, жерден әрең көтеріп алды.

— Япырай, мықты екенсіз, ақсақал! — деді Байжан сексеуілді тастай беріп.

— Жүдә күштің қайтқан кезі ғой бұл, шырағым,— деді Сырбай.— Мақтанды деме балам, күш түгел кезде жүдә түйенің жүгін көтеріп кете беруші ем.

Сырбайдың бұрынғы әйелі қайтып, жасы отыздан асқан бір әйелді алғанына он шақты жыл болпты. Аты Тәрбия екен. Ол да күйеуі сияқты жұпыны, шаруа баккан, тілге сарақ кісі екен, қонақтардың үстіне ас бергеннен басқа уақытта кірген жоқ.

Қонақтарды қарсы алушылардың ішінде колхоздың бастығы Масақбай бар еді. Сұйықтау қара мұртын жеткен жеріне шейін өсірген, қырма сақалды, таңқы мұрын-

ды, қасқа басты, балпыйған семіз денелі Масақбайдың Рахметке орынсыз жалпылдауы Байжанға ұнаған жоқ.

Қонақтар келген күннің кешіне қарай, осы үйге, ұзынырақ көйлегінен басқа киімдерінің бәрі қалаша, басына қызыл жібек орамал тартқан, иығында ұзын екі бұрымды шашы бар, толықша орта бойлы, кең жаурынды, тар мықынды, дөңгелек бетті, өңі қызыл шырайлы бір жасырақ қыз пайда болған еді, Байжан оны осы үйдің қызына жорыған. Сұрастырса, сыртынан танысқан Айбарша осы боп шықты. Қыз тым еркін. Осы үйге келіп болам деп қымсынып жүрген ол жоқ, екпіндей, әркімді қағыта сөйледі. Алғашқыда ол Дәулетке еріп келді де, қонақтармен түгел қол алысып, тотықұстың суретінің қасында тұрған орындыққа отырды. Төрде радионың үнсіз репродукторы тұрған.

Анау неге сөйлемей тұр! — деді қыз, аз отырғаннан кейін Дәулетке, репродукторды семізшелеу қолының сүйірлеу саусағымен нұсқап.

— Бұзылған ғой деймін. Кешеден үндемей тұр.

— Патефон қайда?

— Мына бөлмеде.

— Алып келші!

Қыздың бұйыра сөйлеуі қонақтардың бәріне жат естілді. Дәулет түрегелді де, «қонақтардан ыңғайсыз болар» дегендей кідірді.

— Әкел, әкел! — деді қыз,— әнеугі Ташкенттен алдырған пластинкаларыңды әкел!..

Дәулет қызыл түсті барқытпен тысталған патефонды алып келді де қыздың қасына қойды. Қыз жерге отырды да, пластинкаларды ақтарып, ішінен біреуін алып, құлағын бұраған патефонға қойды — «Москва» деген орысша ән екен.

Пластинка ойналып болмай, Тәрбия қымыз құйған тегенені алып келді де, қолтығына қыстыра келген дастарханды қонақтардың алдына жайды. Дастарханда тарелкаға салған сары май және бауырсақ бар екен. Күткісі келген қонақтың аузынан ас айырмау, әрбір әлді қазақтың салты. Шаңқай түсте келген қонақтардың алдынан неше түрлі ас өткендіктен, олар ықылық ата тойып отыр еді, сонда да ауылдың сыпайылығын сақтап, Тәрбияның дастарқан жаюына, қымыз құюына қарсы болған жоқ.

Түнге қарай шақырыс басталды. Қонақтар «ас ішер жеріміз жоқ» дегенмен, шақырушы адамдар «малымыз

сойылып, етіміз асылып жатыр, жеуіне көпшілік көмектесер, ішінде отырыңдар, мәжілістеріңді қыйыңдар» деп болмады.

Қай үйге барса да кеңестің көбі канал туралы болды. Сол кеңестің ішінде, бұл араның тіршілігіне бұрын таныс емес Байжан сыяқты адамға бұдан бұрын ауызша да ешкімнен естімеген, кітаптан да оқымаған, бірақ, ғылымдық мәні үлкен сөздер кетіп жатыр. Ондай сөздердің кейбірін Байжан блокнотына түртіп те алды. Ұзақ түнге бітпеген, тарамданып өрби берген, өрбіген тарамдарының ұшы-қыйыры көрінбеген бұл кеңестер, Сырдарияның шөлді даласын сусындату мәселесін Байжанға айқындай түсті.

Халық арасында қайпатасының беделі қандайлығын Байжан осы мәжілістерде көрді. Байжанға көп сөзді адам сыяқтылау көрінетін Анатолий Кондратьевич, көпшілік арасында сөзге ең сараң кісі екен. Кеңескен кісілерін көп тыңдап, өзі қажетті жерде керекті сөзді ғана қосады да, көбіне, сұрауларға жауап береді. Жауап сөзінде болсын, жай сөзінде болсын, Анатолий Кондратьевичтің алдына қоятын бір ғана мақсаты бары байқалады, ол — осы Сырдария жерінің суын да, топырағын да пайдаға асыру жөнінде бар білгенін жұртқа ұғындыру, жұрттан өзі де керегін алу. Жұрт та, ол да бір-бірінен қыпжылмай, бүгежектемей, еркін, ақжарқын сөйлеседі. Бұл сөздерден олардың өзара шын сенісетіндігі, бірі — бірін жәрдемші, ақылшы көретіндігі байқалады. Бәрінің ақылын жыйнағанда, құятын арнасы бірсу-ақ, ол — колхоздың байлығын қайткенде молайта беру. Молаюдың алдағы күндердегі тетігі — қазылғалы жатқан каналда. Осы каналды қаздыру жұмысын басқарып жүрген Анатолий Кондратьевич, оларға молаю бұлағының көзін ашып беріп жаткандай. Сондықтан да, олар оны «өз кісіміз» деп, «жай кісінің бірі емес, басшы кісіміз» деп, жылы шыраймен, шын ықласпен, туысқандық махаббатпен кеңеседі.

Байжан таңға жақын қалғып бастады. Бірақ ұйқтап кете алмады, өйткені, есікті ашып тастап отырғанмен, іші лық толған бөлме ыстық еді және көсіліп жату түгіл, шынтақтап қыйсаяр да орын жоқ.

Байжанның осы халін көрген Сырбай:

— Шырағым,— деді, ұйқы әбден жеңіп, кеудесіне салбыраған басы денесін алдына қарай ала жығыла жаздап барып әрең оңалған Байжанға,— үйге қайтайық.

Қалғығанына ұятты болдым ба дегендей, қызарған бетін кең ашып жан-жағына қараған Байжанға:

— Бар шырағым, бар! — десті әркімдер.

Мейманларына шын ықласы түсіп, барын аяғысы келмей отырған үй иесі:

— Шай даяр еді, соны ішіп кетсе қайтеді? — деп еді:

— Тыныксын бала,— деді Сырбай.— Түйемойынмен жүріп жүдә жолқақты боп кепті өздері. Келгелі тыным алған жоқ. Тыныксын бала.

— Онда бәріміз де тарайық,— деп әлдекімдер қопандай бастап еді:

— Қонақ жігітке рұқсат,— деді үй иесі — өзгең тырп етпейсің.

«Сіз қайтесіз» дегендей көпшілік Анатолий Кондратьевичке қарап еді:

— Қонақ болған көріне жастарың қайдан шыдасын, деді ол, қалжыңды кескінмен, төңірегіне қарап,— ылғый көрі-құртаң қалыпсыз ғой іркіліп. Ұйқыға шыдамаған жастар жөнеле берсін, біз үй иесі босатпай тарамаймыз.

— Е, бәсе! — деп ду етті үйдегілер.

Рұқсат алған Байжанға Сырбай ере шықты. Байжанның:

— Өзім де таба алам ғой үйді, сіз қала беріңіз,— деген сөзіне:

— Жоқ, шырағым, жүдә қалай жіберем жалғыз өзіңді, деп Сырбай болмады.

Тыска шыға, Байжан:

— Сыр-еке, Дәулет қашан кетіп қалды? — деп еді.

Кім білсін, со шіркіннің жүдә қашан кетіп қалғанын, деді Сырбай.

— Неге кетіп қалған ол? — деп келе жатқан Байжанға:

— Ой, балам-ай, қайталай бердің-ау жүдә, сұрамайтын сөзді,— деді Сырбай жымыйып,— байласа тұратын шағы ма оның? Өз басындағы жастық емес пе?

Сұрауының ыңғайсыз болғанын жаңа ғана түсінген Байжан:

— Кешіріңіз Сыр-еке, со жағы бар екен ғой,— деді.

Екеуі осыдан кейін біраз уақыт үндеспеді. Бұл кезде таң бозара бастаған еді. Тыска, салқын ауаға шыққаннан кейін сергіген Байжанның ұйқысы, аз уақыт жаяу жүр-

геннен кейін шайдай ашылып, мана қалғыған салбыраңқы тартқан денесі енді елгезектеніп кетті.

Олар қайтқан жол колхоздың жеміс бақшасын жанап жүретін. Бақшаның айналасы, биіктігін адамның кеудесінен келтіре тоқыған шарбақ та. Арғы шетіне көз жетпейтін кең бақшаны жағалап аз жүргеннен кейін:

— Бұл өзі неше гектар? — деп сұрады Байжан.

— Дәл санын кім сұрапты соның? — деді Сырбай,— шамасы жыйырма шақты болу керек.

— Қай кезде егілген бақша, бұл?

— Датқаның заманында аздап егілген еді. Колхоз болған соң, одан әлдеқайда кеңіді. Ескі ағаштары жүдә шіріп те таусылды. Жеміс беріп тұрғандары — кейінгілер.

— Күзетшісі болмай ма, мұның?

— Бар да. Әлгінде ғана тоқылдағының даусы естіліп тұрған. Таң білінген соң қалғыған болар, жүдә.

Кеңесіп отырып олар бақшаның қақпасына кеп қалды.

— Кіре кетсек қайтеді, Сыр-еке? — деді Байжан.

— Жүдә жақсы.

Олар қақпадан кіре берсе, арқасын шарбаққа сүйеп күзетші шал қалғып отыр екен.

— Зәресін ұшырсам қайтеді, өзінің? — деді Сырбай, күзетшіге тоқырай қарап.

— Қайтіп?

Сырбай жауап берместен, қабанға шабатын жолбарыстай еппен басып, күзетшінің ту сыртынан барды да, өзінің желбегей салған шекпенін сыбдырсыз шешіп, күзетшінің басына жаба сап, қапсыра құшақтай алды. Ұйқыдан шошып оянған күзетші, алғаш есеңгіреп қалып, аһа-а-а-лап бұлқынып еді, карулы Сырбай, тырп етуге әлін келтірмеді.

— Тұншықтым! — деді есін жыйнаған күзетші, әлдекімнің басып жатқанын енді шамалап,— жібер!

Сырбай үн де қатпай, жібермей де, шекпенді тұмшалай түсті.

— Өлдім, Сырбай! — деді күзетші кенеттен.

— Өрем қап, өлмесең! — деді Сырбай.

— Босат, кәрі ит! — деді күзетші.

— Ендігәрі ұйқтаймысың күзетте? — деді Сырбай.

— Жібер деймін.

Күзетшінің басын жапқан шекпенді Сырбай сыпырды да түрегелді. Сырбайға құрдас күзетші, дағдылы қалпы-

мен боқтап жіберуге бір ыңғайланды да, танымайтын жігітті көрген соң сыпайылық сақтап:

— Кәрі атан сыяқтанған кәпір, езіп өлтіріп құныма қала жаздадың ғой,— деді.

Күзетші түрегелді. Денесі Сырбайдың кіндігінен ғана келетін қаба ақ сақалды шал екен.

— Мен туған жылы, осы ит те туыпты,— деді Сырбай Байжанға күзетшіні нұсқап.— Мені мұнымен құрдас деп кім айтар? Әкемдей емес пе менің қасымда?

Шалдардың сөзіне араласқысы келмеген Байжан, Сырбайдың сұрауына жауап берген жоқ.

- Есектің қодығындай бой берген соң, құдай мұны, жүгі жасына жетпей, мына сыяқты қуартпасай?! — деді Сырбай, сақалынан ұстамақ боп.

Кет әрі, қаңқайған түйе сыяқты кәпір, дәретсіз қолыңмен періште қонатын сақалымды ұстамай! — деп, Сырбайға күш жағынан бағынып қалған күзетші шал, күлімсіреген кескінмен шегіне берді.

— Құрдасым, шырағым,— деді Сырбай Байжанға,— атың Сақпан, бірге өсіп, біте қайнаған тату шіркін, ойынымызды ерсі көрме, балам.

— О не дегеніңіз, жарасып тұр,— деді Байжан.

— Бұ жігітті танымайтын боларсың, Сақпан? — деді Сырбай күзетшіге Байжанды нұсқап.

— Көрмеген жігітім сыяқты.

- Ақпатөлдің күйеуі.

Осы ма еді? — деп Сақпан Байжанның кескініне тіке қарады да,— қол алысайыншы,— деді жақындап.

Қолын ұсынған Байжанға:

Сапарың оң болсын, балам!— деді Сақпан қол беріп. Естіп жатырмыз балам, мән-жайыңды. Аталарың айтыпты: «жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады», деп. Кент сала келді деп естідік, сені. Бетіңнен жарылқасын, шырақ.

— Жобаң түзу,— деді Сырбай, құрдасына,— қуанғанынды білейін, шығасың ба, кетпен ап?

— Шығам! — деді Сақпан.

— Жүдә, қыйратарсың, сен, шығып,— деді Сырбай,— одан да кемпіріңді жіберіп, өзің үйде қал.

— Отта, шіркін! — деп, Сақпан аржағын айтпай күмілжіп еді:

Өзі қолтоқпақтай болғанмен, бәйбішесі еңгезер-

дей,— деді Сырбай Байжанға,— осындай қортыққа бала тарта ма, балалары шешесіне тартқан.

— «Бай жоқта бала қайдан болады» деген мақал бар дейді. Кішкентай болсам да күскентай екенімді, саған жүдә ұқтыра алмай қойдым-ау,— деді Сақпан.
Байжан күліп жіберді.

— Тіл-аузым тасқа,— деді Сырбай,— азамат бес баласы бар, бұл кәріқнің. Төртеуі бөлек үй боп кетті. Жүдә, құдай берген шал бұл. Сонда да қол қусырып отырмай, күзетке өзі тіленіп кіріп жүр.

— Бәсе,— деді Сақпан, масаттанғандай,— солай деші жүдә.

— Ал енді, аралат мына балаға бақшаңды! Әдейі көре келді.

— Жүдә жақсы.

Мыжырайған шалдың өз ісіне мықтылығы бақшаны аралағанда байқалды. Баққан табынының әрқайсысын жекелеп білетін малшы сияқты, бақшада өскен барлық жеміс ағашының тарихы Сақпанның қолында екен. Қай ағаштың тұқымы қайдан келтірілгенін, қашан отырғызылғанын, неше жыл жасағанын, қай жылдан бастап жеміс бергенін, қай жылы көп, қай жылы қысырағанын, оның себебі неде болғанын, кейбір кесілген бұтақтардың қашан, не себепті кесілгенін, қай ағаштың не себеппен ескіргенін...— осының бәрін сарнатып айтып берді.

Бақшаның бір бүйірі, Тартоғайды орай жүрген Сырдарияның жағасына барып тірелетін еді. Сол араға серуендеушілер жақындағанда, алдарынан әдемі бір қоңырқай самал есіп кетті.

— Түу, не деген рахат еді! — деді Байжан, көудесін кере дем алып.— Көгал да бар екен, осы бір жерде отырсақ қайтеді, Сыр-еке?

— Дайра тиіп тұр осы арада. Оның жағасында бұдан да жақсы көгал бар, соған шығайық онда.

Ересек кісі еңкейіп өрең өтетін бір кішірек есікке ертіп әкеп:

— Мен осында қалам,— деді Сақпан.

— Жүдә мақұл,— деді де, Сырбай Байжанды бастап, шарбақтың сыртына шықты. Дария аржақта тиіп тұр екен. Оны, тек бержағына өскен тоғай ғана көрсетпейді екен. Тоғайдан арғы саяндау жаға, расында ұйысқан көгал. Сол көгалға жеткенде:

— Түу, Сыр-еке-ай! Есілдің шалғынын көрсеттіңіз

гой маған! — деп, Байжан жерге бауырын төсей жата кетті.

Көгалға баладай аунап-аунап мауқын басқан Байжан, «о кісі қайда екен» дегендей Сырбайды көзімен іздесе, кесілген ағаштың тапал түбіріне отырып, постаменттің үстіндегі статуядай қыймылсыз қатып қапты. Сырдың суындағы кескіні де қыймылсыз.

Сырбайдың бұл қалпындағы жан жүйесін сөзсіз ұққандай болған Байжан, әуелі оның әсерлі сезімін бұзғысы келмей, тым-тырыс аз жатты да, орнынан ақырын ғана тұрып, Сырбайдың қасына кеп дыбыс берді:

— Ә, сен бе едің, балам? Тынықтың ба? — деді ол.

— Тым қадалып қапсыз ғой, Сырдарияға?! — деді Байжан.

— Я, шырағым,— деді Сырбай,— кәрі кісі, жүдә не ойға келмейді дейсің! Бұ дарияға неше рет үңілмеді дейсің, қарның!.. Пелер ой түспеді дейсің, шырақ, сонда!.. Міне,— деді Сырбай, бетін бақша жаққа бұрып, бақшаның көлемін қолымен шолып,— мына тұрған бақшаны кемдігі бар деп кім айтар!..

— Ешкім де айта алмайды. Тамаша бақша.

— Сырдың өн бойына түгел өсіруге болмай ма, осындай бақшаны?

— Әрине болады.

— Сол еді де, шырағым жүдә, ойлағаным. Шіркін! — деді Сырбай, кеудесін кере дем алып,— Сырдың жағалауы жағасының бәрі осындай жеміс бақшасына айналса!..

Қыялшыл адамі екен,— деді Байжан,— бірақ, іске асатын қиял ғой, Сыр-еке, бұл! Канал қазуымыз сол қиялшылығың іске асырудың жолы емес пе.

— Солай! — деді Сырбай,— сепем оған. Бірақ, біз көрмейміз ғой оны.

— Неге, Сыр-еке? Екі-үш бесжылдықтың ғана жұмысы ол. Оған шейін қартая қоятын түріңіз жоқ қой...

— Ал, үйге беттейік, бала! — деді Сырбай, Байжанның сөзіне сенімі бекігендей, тағы да кеудесін кере дем алып.

Екеуі жүріп кетті.

— Сіздің атыңыз екі сөзден құралады ғой, Сыр-еке,— деді Байжан қатар келе жатып,— «Сыр» және «бай». Бұл «Сырбай», «Сыр» сияқты бай болсын деген тілекпен туған-ау, зады?

— Әрине, солай болады да,— деді, Сырбай,— дал-басасы да сол кездің. Қолда жоқтан үміт қылу да, жүдә. Әйтпесе, қай бір бай қояды деп ойлады дейсің, әкем мені.

— Ол кісі кедей болған ба?

— Кедейің не? Жүдә кутақыр болған.

— Аты кім еді?

—Дайрабай деген кісі де, балам.

— Сіздің ел «дайра» деп дарияны айтады ғой, ақ-сақал?

— Солай, балам.

— Сонда, әкеңіздің атын да дариядай бай болсын деп қойған-ау?

— Олай десең,— деді Сырбай,— менің бесінші атам-ның аты Ешкібай. Ол кісі қыс Сырда, жаз Арқада мал бағып көшіп жүретін Қорамсақ дейтін байдың баласы екен дейді. Баяғыда қазақты қалмақ шауып, мал-мүл-кін талап, аталарымыз жүдә жоқшылыққа ұшырапты ғой. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанып ты ғой сол жұт.

— Тарихта белгілі оқыйға ғой ол,— деді Байжан, іштей есептеп ап,— оған быйыл 217 жыл.

— Сол «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейін, мал-мүліктен, туысқан-туғаннан түгел айрылған Ешкібай, өзі сияқты жаяу-жалпы қаңғырғандарға қо-сылып, осы жаққа келіпті де, Сырдан бөлініп ағатын «Көксуға» тұрақтапты. Сол топ, жаздай жүдә балықпен күн көреді де, қыс су бойына тоған байлап, келер жаз егін себеді. Егіндері жүдә жақсы шығады. Тоғанның ба-сында Ешкібайдан ұл туып, тоғандай бай болсын деп атын Тоғанбай қояды. Бірақ Тоғанбай тоғаннан баи ал-майды. Ол жігіт боп үйленген кезде, «Көксу» тартылып, мекендегендер жүдә сусыз қалады. Не істеу керек? Тар-тылмайтын бір ғана су — Сырдария. Олар көшіп дария-ға келеді. Арық қазбаса Сыр суын егінге бермейді. Кө-шіп келгендер арық қазып егіндерін суарады. Сол кезде Тоғанбайдан ұл туып, арықтай бай болсын деген тілек-пен, атын Арықбай қояды. Ол кезде жұрт арыққа суды шығырмен шығарады. Шығырдай бай болсын деп, Арықбай баласының атын Шығырбай қояды. Шығырбай баласының атын Дайрабай қояды. Менің әкем сол. Жүз жетіге кеп өлді ол кісі. Мен ол кісінің алпыс үш жасын-да, төртінші әйелінен туыппын. Байлықпен алған қатын-

дар емес, бірі өлген соң бірін алғаны да. Бұрынғы қатындарынан бала жоқ. Әкем, мен сияқты ұяберік емес еді, сөз білетін, шежірені көп білетін кісі еді. Со кісінің айтқандары ғой, жүдә біздің құлақта қалған. Әйтпесе, біз не біледі дейсің.

— «Ақпа құлаққа айтса ағып кетеді, құйма құлаққа айтса құйып алады» депті ғой. Құйма құлақтығыңыз ғой, соның бәрін ұғып қалған.

— Әкем бертінде өлді,— деді Сырбай.— Менің тентек жалғызым бар ғой. Сол туған соң өлді. Біз өзі, жеті атадан адақтап жалғыз-жалғыздан келеміз. Туысымыз көп болады да, тұрмысымыз аз болады. Менен де көп туып, қалғаны осы жалғыз. Әкеме «соның атын қой» дегенімде, әкем әлгі айтқан аталарының аты, өзінің аты және менің атым по себепті қойылғанын айтып келді де «бу немерем Ешкібай, Жылқыбай да болмай-ақ қойсын, Дайрабай, Сырбай да болмай-ақ қойсын, кембағалдарға дәулет біткен кезде туған бала, аты Дәулет болсын» деді.

— Табылған ат екен,— деді Байжан.

— Ендігі тілеу соның үстінде,— деді Сырбай.— Біз не істесек те, жастар, сендер үшін істейміз. Сендер бақытты болдыңдар!

— Сіздер де! — деді Байжан.

— Сендердің бақыттарың бізге бақыт емес пе?

— Рас, Сыр-еке!

Со кезде, шайы жібектей құлпырған шығыс жақтан, бақыттың символы сияқтанып, жер бетіне нұрын шаша күн де шыға берді.

Жетінші тарау

«ШОЛАҚАРЫҚ»

Күн көтеріле оңаша бөлмеге жатқан Байжан, көзі іліне сала әдемі бір түс көрді... Осы түстің рақатына батып жатқанда, мұрны жыбыр ете қалды оның. Шошып оянғандай болған ол, қолдарын қармана түрегелгенде, әлдекім құшағына іліге кетті. Іліккен адамды өзіне қарай қаусыра тартып алған Байжанның аузынан:

Гүлім! — деген сөз шығып кетті.

Оның мен ғана қоймай, көзін әлі де еркін ашып бол-

маған Байжан, құшағына іліккен адамды сүйгісі келген белгі көрсетіп бетінен аймаламақ болды. Құшаққа іліге босануға ұмтылған адам, қанша тырмысқанымен, қаусырған құшақ жібермесін көрген соң:

— Жезде! — деді сүймек болған Байжанның негін алаканымен тіреп, — босат!

Әлі де қалғудан арылып болмаған Байжанның мыйын, құлағына сап ете қалған мына үн оятып жіберді. Әйел үні!.. Көзін кең ашқан Байжан құшағындағы адамға қараса — Айбарша!.. Аржағында, есіктің алдында ішегі қата күліп Дәулет тұр.

— Извиняюсь! — деді, не боп, не қойғанын білмей, әлі де есеңгіреген сыяқты боп отырған Байжан, Айбаршаны босатып.

— Ойпырай, жезде-ай, қолың қалай қатты еді! — деді Айбарша,— күйретіп жібере жаздадың ғой қабырғамды!...

— Не, Айбарша, бұ не болды өзі?! — деді, Байжан көзін уқалап.— Сен айтшы, Дәулет, не болғанын!

— Мен қайдан білейін,— деді ол күлкісін тыя алмай,— менің көргенім — бір қыз бен бір жігіттің құшақтасуы.

— Білдім,— деді Байжан, көзін қаттырақ жұмып ашып, маңдайын уқалап жіберіп, не болғанын енді ғана шамалап,— екеуіңнің қайдан душар болғандарыңды білмеймін, өз жайымды айтайын сендерге. Қызылордада екемін деймін, қайнатаның пәтері екен. Жаз екен. Күндіз екен. Гүлнар екеуміз бақшада, гүлдеген алма ағашының көлеңкесінде, өрік, мейіз сыяқты кепкен жеміспен шай ішіп отыр екеміз. Белгілі ғой, жаңа үйленген кісілер оңаша отырған соң,— деді Байжан қуланып, Айбаршаға білдірмей, Дәулетке көзін қысып қойып.

— Әрине,— деді Дәулет.— Мен де сондай түс көрсем деймін!..

— Өңде барды түсте көріп қажеті не,— деді Байжан,— Айбаршаға жүзім алдыр да...

— Болды жезде! — деді Айбарша Байжанға көзін наздана алайтып қойып,— ашуландырма мені, әйтпесе...

— Кешеден бері біріміз жезде, біріміз балдыз болғанымыз қайда? Жезде әзілін балдыз көтермей ме екен?

— Ұрланып үйленген жездеге балдыздың әзілін көтермеуге де болады,— деді Айбарша,— келмей, таныс-

пай жатып бетіңізден алуға ұялып жүргемін, әйтпесе, шын жезде болам десеңіз, сізде есем көп.

— Білуге болар ма екен, сол есені?

— Неге болмасын: «түйедей қыз беріп түймедей ет жемедім» депті. Қарттардың жолы өзімен. Біз неге шақырылмаймыз тойға?

— Жеңілдім...— деп Байжан тойға неліктен шақыра алмаған себебін бастай беріп еді:

— Оны қоя тұр, жезде! — деп Дәулет Байжанды бөгеді де,— Айым! — деді Айбаршаға,— әзіл-назыңа уақыт табылар, сені құшақтай алған себебін білейікші, әуелі!

— Білейік,— деді Айбарша.

— Я,... сонымен,— деді Байжан, айтар сөзін есіне түсіріп ап,— Гүлнар екеуміз шай ішіп отыр екеміз деймін. Гүлнар мені шынтақтай отырған... Ол еркелеген кескінмен, тарелкадағы мейізден алады да менің аузыма салады... мен мейізді тез жұтам да, Гүлнардың төңкере қараған көзінің үстінен сүйем. «Ненің ақысы?» дейді ол. «Мейізге сусыным қанбаудың!» деймін мен...

— Түүһ, аузымнан сілемейімді ағызып жібердің ғой, жезде! — деді Дәулет, аузын тамсанып.

— Бөлме, сөзін! — деді Айбарша Дәулетке бұйырған үнмен...

— Қойдық...

— Сөйтіп отырғанда, плотина құрылысын қабылдауға үкімет комиссиясы шығады деген телеграмма келді...

«Канал» деңіз,— деді Дәулет.

Канал емес, плотина,— деді Байжан.— Планы өзіміз бұдың басымызда ғана жүрген плотина, түсімде құрылып болған екен деймін, және бір жерде емес, екі жерде. Қызылорда мен Жаңақорған қаласында құрылған екен деймін.

— Ал, енді екеуің айтыңдаршы, қайдан келгендеріңді? — деді Байжан.

— Біздің кеңес қысқа,— деді Айбарша,— кеше Шолақарық бойын бүгін аралаймыз, деген екенсіздер ғой. Дәулет екеуміз де бармақ болғамыз, таңертең келдім — ұйқыдасың; мана келдім — ұйқыдасың. Білесің бе, жезде, күп қай уақ болғанын?

— Қай уақ?

Түстен ауып кетті.

Қойшы!

Рас.

Байжан сағатына қараса, бірге жақындап қапты.

— Рас екен,— деді ол,— неге ертерек оятпадыңдар?..

— Сонан,— деді Айбарша,— оят десем ұйқысы қансын деп ешкім оятпады, жұрт күтіп отыр. Сонан «мен-ақ оятайын» дедім де, мұрныңызға құстың қауырсынын жүгірттім.

— Жыбырлаған сол екен ғой,— деді Байжан қарқылдап күліп.

— Бассалғанда мұндай зәрем ұшпас! — деді Айбарша да күліп,— құшағыңыз қатты екен!..

— Е, қатты болмай, «жігіт» деген атым бар емес пе!..

— Мақтанба, жезде! — деді Айбарша,— қапыда құшақтаса балуанды да көтеріп соғуға болады. Байқасып ұстассақ...

— Мен дайын! — деді Байжан Дәулетке көзін қысып қойып.

— Ендеше Шолақарықтың жолында сынасармыз. Ал, киін жезде, мен шыға тұрайын.

Айбарша шығып кетті. Дәулет қалып қойды.

— Іңірден қайда жоғалдың, Дәулет — деді Байжан киініп жатып.

— Жүрдім де, ағай,— деді Дәулет күмілжіп.

— Айбаршамен ғой?

— Жорамалдасаңыз солай болады да.

— Маған ұнайды, Айбарша,— деді Байжан.— Ер көңілді қыз екен. Қандай еркін ұстайды өзін және еркінмін деп дарақыланбайды, қылығы да, сөзі де келісімді! Жақсы қалыңдық тапқансың, өмірлі, бақытты болыңдар.

Дәулет жымыйды да үндемеді.

— Той қашан?

— Сен тіпті жақындатып жібердің ғой, жезде,— деді Дәулет,— біздің жақындық, әлі достықтың төңірегінде. Бола қалған күнде де, тойға біраз уақыт бар.

— Себеп?

— Кейін, жата-жастана естірсің оны.

— Жақсы,— деді Байжан түрегеп,— тек, бір ғана өтінішім — бұдан былай сырлас болайық!

— Болсын!

Анатолий Кондратьевичтің өтінуімен, сәскелік ас бақша ішіндегі шоқтана өскен талдардың көленкелі қуысына даярланған еді. Жуынып баптанған Байжан сол араға

келсе, қайнатасы, Сырбай, інірде басқа бір колхоздарға барып қайтам деп кеткен Рахмет және біраз кісі дастарқанды айнала отыр екен. Байжан отыра келген шайды конақтарға Айбарша құйып берді.

Шай үстінде жол жөні сөз болып еді, Байжан бірнеше ескі арықтарды көргісі келетіндігін айтты.

— Кеше айттым ғой,— деді Сырбай,— ескі заманда бұл маңда қазылған арықтардың ең зоры Шолақарық деп. Аты да көрсетіп тұр ғой оның қандай арық екенін. Соны көрсең ескі арықтардың бәрін де көргендей боласың...

— Мақұл,— деді Байжан.

— Жүдә жақсы,— деді Сырбай, Дәулетке иек қағып,— бар, ат даярла; үш конаққа — үшеу, маған біреу — төртеу. Масақбай сен де баратын боларсың?

— Сізден бұрын мінеміз де! — деді, колхоздың аттарын Сырбайдың өзі билеп отырғанын ұнаптай қалған Масақбай.

— Аттар колхоздікі екені рас,— деді, Масақбайдың сөзін ауырлаған Сырбай,— сол колхоздың, біз де мүшесі емеспіз бе, жүдә. Бәрімізге ортақ қонақ деп, аттарынды өзімсінсем, онда не айып бар?

Оңаша болса ілінісе кететін Масақбай, сыпайы қонақтардың көзінше өйте алмай, тік келген шалға:

— Қалжыңдаймын да,— деп қыйпаңдап қалды.

— Шалдыкі дұрыс,— деп қалжыңдап қойды Рахмет.

— Бар, ерттес, аттарды,— деді Масақбай колхоздың сол арада отырған есепшісі Тыртыққа. Дәулет пен Тыртық жөнелe бергенде:

— Маған да бір ат! — деді Айбарша.

Көпшілікке еріп Тыртық та аттанды. Беттеген жаққа біраз ұзап шыққаннан кейін:

— Жарыссақ қайтеді? — деді Айбарша жастарға.

— Оны Байжан ағай білсін,— деді Дәулет.

— Не білгені бар! Ол да жап-жас жігіт емес пе?

— Рас,— деді Байжан күліп,— Масақбай, сен ше?

— Мен шалдармен болайын да,— деді ол.

Жастар жарысып кете барды. Рахмет, екі шал Масақбай төртеуі қала берді.

— Жаңағы қызды сіздің болашақтағы келініңіз деген сөз рас па, Сыр-еке? — деп сұрады Рахмет.

— Жастардың өз арасында сондай сөз бар деседі, жүдә бүйырғаны болады да,— деді Сырбай.

— Ерке екен де, өзі.

— Біреудің еркелетіп өсірген жалғыз қызы еді. Әкесі өткен жылы қайтыс болды. Бірақ, шешесі әкесін жүдә жоқтатып отырған жоқ.

— Шешесінің аты кім?

— Дәметкен.

— Тоғыншы[1] Қарымсақтың әйелі ғой,— деді Анатолий Кондратьевич.

— Сіздің де білмейтініңіз жоқ-ау,— деді Рахмет.

— Осы Сыр бойындағы тоғышының талайын істеген Қарымсақты білмей мен не бітіріппін. Таныс, дос адамым да. Ол да мына Сыр-екең сыяқты момын кісі болатын, әйелі де шаншаң кісі емес, қызы пысық боп кімге тартты екен?

— Айттым ғой,— деді Сырбай,— ерке өскен бала деп. Жаңа заманның адамдары емес пе. Иілтіп-бүгілтіп қайтем деп, еркіне жібергім кеп жүр. Жақсы болса, о да менің бір балам. Бетке қағып қайтем. Солай емес пе?

— Әрине солай.

Бұлар дарияға келсе, жастар пароммен әрі қарай өтіп ап, қайырып жіберген екен. Паромға мініп аржаққа бұлар да өтті.

Аржақта егістік даласы алыс емес еді. Сырбай қонақтарын сол далаға онша көңілді қалыппен басқарып апара жатқан жоқ, себебі, быйылғы жылғы егін шығымы әлсіз. Бір колхоздың мұрабы боп қызмет атқаратын оған шығымы шамалы егінді көрсету намыс боп келеді. Бірақ намыстанғанда қайтсін, барамыз деген қонақтарына бармандар десін бе!..

Сырбай ес білгелі егіннен басқа кәсіппен шұғылданған да емес, шұғылданам деп ойлаған да емес. Егін атаулыдан оның ең сүйетіні күріш. «Азығын тауып өсіре білсең, екі түрлі дақылда жүдә шек болмайды,— дейді ол,— біреуі — жүгері, екіншісі — күріш. Баягыда, күріш шығып кеткен жылы, оның бір қабынан елу қап алғамыз. Өзге дақылдан ондай өнім алған адамды ол кезде ешкімнің құлағы естіген емес».

Сырдарияның жеріне өзге дәнді егістен күріш көп өнетінін жалғыз Сырбай ғана емес, басқалары да біледі. Білгенде амалы нешік. Өзге дәнді егістен күріш суды көп

[1] Тоғыш — шығырдың тісті доңғалақтары, тоғышы — соның шебері.

тілейді де, тілеген мөлшердегі суды колхоздардың көбі жеткізіп бере алмайды.

Су!..

Бұл сөзді Сырбай қашан да кеудесін кере алған деммен айтып келеді. Оның ұғымында, дүниедегі ең зор байлық — суда. Сондықтан ол суға аса қасиетті деп қарайды да, ең аяғы қолын жуғанда да артық тамшы төгуді обал көреді.

Судың әр тамшысын сонша қасиетті көретін оның көз алдында, мынау Сырдария сияқты мол судың, аулының тұсынан пайдасыз ағып жатуы — өз денесінің қаны төгіліп жатудан кем батпайтын еді. Міне, енді сол Сырдариянын жағасынан, өз аулына жақын жерден канал қазылады дегелі Сырбайдың қуанышы қойнына сыяр емес. Бойында қалған күш сарқынын түгелімен канал құрылысына бермек боп, қолыма кетпенді қашан алам деп ол асығуда.

Қонақтарымен егін басына жеткенше, оларға айтқаны осы кеңес болды. Егінді аралағанда, олардың көргені: не заманнан бері тынымсыз жыртылып келе жатқан аз көлемді жер сортаңданып кетіпті, оған шыққан егін де таз кісінің шашындай оймыш-оймыш.

— Күйеужан, байқап келесің бе, мынау егіннің түрін? — деп қойды Сырбай Байжанға.

— Көріп келем, ата! — деді Байжан, Сырбайдың сұрауының астарына түсініп.

— Сенің туған жеріңді білем, мен. Әне, жүдә, жер деп соны айт. Сортаңдануды, тозуды біле ме ол жарықтық!

— Неге білмейді? — деді Анатолий Кондратьевич — тозғанда сол тозсын. Үш-төрт жыл өткен соң ол да өңдеуді керек қылады. Қажетті агротехниканы қолданып отырса, бұл араны өңдеу, Сібірдің жерін өңдеуден қыйын емес, тек, не керек, колхоздардың көбі соған мән бермейді.

— Мына Масақбайға айту керек оны,— деді Рахмет қалжыңды кескінмен қарап қойып,— агрономның айтқанын тыңдаса, мұның бірі де болмас еді.

Райком секретарының бұлай қалжыңдауын Масақбай ауыр алды. Тағдырым соның қолында деп ойлайтын ол шамасы келгенше мысын шығармауға тырысатын, ондай мысым жоқ та шығар деп ойлайтын. Рахметтің әлгі қалжыңы оған мыстың ауыры сияқтанды.

Қыйпақтап қалған Масақбайдың кескініне Рахмет жымыя қарады да:

— Саскалақтап қалдың ғой, жолдас председатель,— деді,— егінді күтуде айыпсыз да емессің. Бірақ, дәл Шолақарық өлкесіне егілген жерге сені айыптауға да болмайды.

Рахмет бетін Байжанға бұрды да:

— Көріп келдік қой жолшыбай,— деді,— барлық ұзын тұрқы жеті-сегіз-ақ километр. Датқа қаздырған мұны. Сыр-екең сыяқты кедейлер қазған. Солай ма, Сыр-еке?

— Жүдә солай. Мен өзім бірге қазыстым.

— Датқа ақыларыңызды қалай төледі деп едіңіз, Сыр-еке?

— Қазылған арықты сырықпен өлшейтінбіз де, бай тоғыз сыбаға, біз бір сыбаға болатынбыз.

— Көрдіңіз бе,— деді Рахмет Байжанға,— солай қазылған арық бұл. Датқаға көп жер керегі жоқ. Арық жеткен осы тұс онын егісіне де жеткен.

— Бұдан әрі неге қазылмаған бұл арық?

— Аржағы биік, су бармайды. Солай ғой, жолдас Полевой?

— Солай,— деді Анатолий Кондратьевич,— сондықтан да жас инженердің мұны көруі мақұл.

Қонақтар егінді көріп боп қайтуға беттегенде, оңашаланған жастарға Айбарша тағы да жарысайық деп еді, мана жарысқанда Айбарша аударып әкете жаздаған Байжан, тағы да сөйтер деп сескенді де «арық көп, жығыламды» сылтауратып шапқысы келмеді.

— Арықтан емес, аударыспақтан қорқам десеңізші, жезде,— деді Айбарша,— Сырдың қызының жекпе-жекте қолы қатты болатынын біліп қойыңыз!..

— Қолынан тақымы қатты ма дедім ғой мен,— деді Байжан әзілден ұтылғысы келмей,— ерге шегелеп қойған сыяқты екен де,— деді ол, әзіл сөзін екіұшты қып жаңсақтатып.

— Қорықсаңыз қалыңыз, біз кеттік Дәукеш! — деп Айбарша атын тебіне жөнелді. Оған ере Дәулет те жөнелді. Байжанның астындағы желөкпелеу ат дүсірге қызып, ала жөнелді де, басын шаужайлап тартқан соң желігінкіреп барып тоқтады. Оған кеп Тыртық қатарласты.

Байжанның ұғымында жылпос жігіт саналған Тыртық бұл жолы да сонысын істеп әлденемелерді айтып жылпыңдап еді, көзін төңірекке шола тіккен Байжан онымен шүйіркелесе қоймады.

Айнала дала. Таусыз, ормансыз дала. Кейде қамыс-

қа, кейде қурайға араласа өскен тоғай-сымағын ішіне кірмей олардан айырып алуға да болар емес... Керілген кең даланың сұрғылт түсін анда-санда ғана ұшырасатын жыңғылдың қызғылт гүлдері мен жас сексеуілдің жасыл жапырақтары ғана, немесе мырза қурайдың көкшіл гүлдері мен балықкөздің сарғылт гүлдері ғана бұзады... Әлдеқайда, сағым ішінде теңізде жүзіп бара жатқан кемелердей боп белестенген құмдар бұлдырайды... Соның бәрін шалған Байжан, осы кезде әр түсті гүл араласқан жасыл шалғыны белуардан келетін, қалың орманды өз жерін есіне түсіріп, демін ауыр алып қойды...

— Дәукеш! — деді Айбарша біраз шауып ап аттарын аяңдатқаннан кейін.

— Әу.

— Малыңды сен әлі де баға бермекпісің?

— Бақпағанда қайтем? — деді Дәулет, бұл сұраудың мәнісіне түсінбей.

— Құрбы-құрдастарыңның бәрі кетпен алып канал қазуға құлшынып жатқанда да ма?

— Мал кәсібі егін кәсібінен кем дегенді кім айтты саған? — деді Дәулет, Айбаршаның сұрауына енді ғана түсініп,— әлде мен абырой алмай жүрмін бе?

— Әрине, кем емес.

— Ендеше не, айтып келе жатқаның?

— Айтып келе жатқаным: қойды кәрі-құртаң, балашаға да бағады, ал, олар кетпен шаба алмайды, сен шаба аласың.

Дәулет тосылып қалды.

Мал бағуды ол еріккеннен таңдаған жоқ еді, ес білгелі оның құмартқаны мал емес, техника, әсіресе трактор болатын. Оның орталау мектептен ілгерілеп оқымауына да осы құмарлық себеп болған.

Мектепте оқып жүрген шағында, Анатолий Кондратьевич, «базарлығым» деп, бұл ауылға келген сайын Дәулетке әртүрлі ойыншық әкеп беретін еді. Сол ойыншықтардың ішінде, Дәулеттің ең қызыққаны «конструктор» болды. Бұл ойыншық қолына тигеннен кейін ол өзге ойыншықтың біреуіне де қарамай, суретте көрсетілген машиналардың бәрін өз қолынан құрастырып көрді және әдемі де құрастырды. Сөйтіп жүріп ол трактордың да моделін жасады.

Оның ауылына СТЗ тракторы 1930 жылы келді. Сол жылы он төрт жастағы Дәулет орталау мектепті бітірген

еді. Одан әрі әкесінің Дәулетті аудан орталығындағы он жылдық мектепке бергісі де кеп еді, бала қашқалақтап бармады, ерке баласын әкесі қыспақтамады.

Дәулетті оқудан тартпақтаған трактор болды. Ол тракторды көрген соң-ақ қызықты да, маңынан айналақтап шықпады. Сөйтіп жүріп, әуелі бірер жыл тракторға есепші болды, онан кейін майлаушы, одан кейін жәрдемші боп, ақыры, он сегіз жасында, МТС те үш айлық курсты өтіп, трактористің өзі болып шықты.

Осы жұмыста ол қалып қояр ма еді, қайтер еді, егер, келер жылғы көктемдегі бір қара суықта өкпесі қабынып ауырмаса. Оны емдеген дәрігер, егер бұл қызметтен босанбаса туберкулезге шалдығатынын айтты. Бұл сөздер Дәулеттен гөрі оның әке-шешесінің зәресін ұшырды. Дәулет өмделіп айыққаннан кейін олар жылапсықтап, СТЗ дан айырды?

Дені сауыққан жас жігіт, кәсіпсіз қалай отырады? Отырмаса не істеу керек?

Дәрігердің де, колхоз басқармасының да, әке-шешесінің де ұсынғаны мал бағу болды. Мал дегенде, бұл колхоздың ең көп ұстап отырғаны қаракөл қойы. Ондай қойдың саны он мыңнан астам. Бұл қойлар, қары жұқа Сырдария өлкесінде, жазы-қысы аяғынан оттайды. Жаз Терискей жақтағы Сарысу өзеніне қарай кетеді, қыс Күнгей жақтағы «Қызыл» атанатын құмды жайлайды.

— Ат үстінде, еркін ауада боласың, үнемі ақ ішіп, ет жейсің, мұның бәрі әлсіз денсаулығыңды нығайтуға себеп,— деп Дәулетті көпшілік боп көндірді.

Ақыл берушілердің айтқаны келіп, Дәулет бірер жылда құлантаза боп жазылып кетті. Оның бойы бұрынғыдан өсті де, шыңдалды да. Ол енді дені сау, қарулы жігіт боп, балуанға да түсіп, ұстасқанын шыдатпауға айналды.

Оның малы жайылатын жерлерде, адам аңшы болмай қоймайтын жағдай бар еді. Құмның іші толған қаскыр, түлкі, қарсақ, қояң... Сарысу жақтың даласы мен тауында өріп жүрген киік, арқар, жайран. Көлі мен өзенінде қаптаған құс... Сонша аңның ішінде жүріп Дәулет мерген боп алды. Ол нысанаға алғанын мұлт кетірмеді. Атқан аңдарын, құстарын өз үйі мен қайнының үйіне бірдей бөлетін Дәулет, жұрттың көзі түсерліктей қып Айбаршаға үш сый тартты. Бірі — кішкене кезінде қойнына сап әкеп берген киіктің лағы. Бұл лақ Айбаршаға үйреніп

ап, қайда барса сонда жүрді, оны Айбарша аудан орталығындағы мектепке түскенде де өзімен бірге ала кетті. Екіншісі — бірқазан құстың балапаны, ол да Айбаршаға киіктің лағынан кем үйренген жоқ, оның қызығы — жылан жегіш. Жылан көрсе-ақ, жүгіріп барып желкесінен жалпақ қызыл табанымен баса қояды да, басынан бастап жұта береді. Ол ұзақ жұтады, жұтынған сайын жылан ішіне жылжып кіре береді. Кейде түгел жұтпай, құйрығын салбыратып, біраз уақыт жүріп алатыны бар... Үшіншісі — келес. Бұл Қызылқұмда өсетін кесертке: ұзындығы құлаштан артық, сырты мүйізгек қабыршақ, аяқтарының бүйіктігі бір қарыс, жерден бауырын көтеріп жүгіргенде, аттыға болмаса, жаяуға жеткізбейді, атпен жетсе ысқырып айбат шегеді, ысқырығы қатты және құлаққа тұрпайы естіледі. Қуып жеткен ат қалшылдап қорқып жоламайды, түрі, даусы солай бола тұра, қарсыласар қайраты жоқ, ұрсақ басын қорғап қаша береді, бастан басқа жеріне ұрса сойылдан басқаға жығылмайды, егер құм кездессе астына кіріп сіңіп кетеді...

Осындай мақлұқтың барын Дәулеттен естіген Айбарша, «маған ұстап әкеп бер» деп жабысты. Еркін білеп алған Айбаршаның өтінішін орындамауға, Дәулетте күш қайда?..

Дәулет келесті ұстап әкеп еді, түсі суық-ақ екен. Айбарша келестің түсінен қорықса, Дәметкен «ісінен» қорықты. «Кәрі құлақтымын» дейтін Дәметкеннің үлкендерден естуінше келес еркектің астынан өтсе белі кетеді, әйелдің астынан өтсе бала көтермейді. Содан сескенген Дәметкен келесті Алматының хайуанат паркіне жібертті.

Осылай малшылық, аңшылық өмірге беріліп алған Дәулетке, Айбаршаның «ол кәсібіңді тастап, канал қазуға кел» деуі күтпеген жаңалық болды. Сондықтан, әртүрлі дәлел айтып бұлтақтайын деп еді:

— Кетпенге сен түгіл мен де түсем,— деді Айбарша,— сонда сен ұялмайсың?

Қатар келе жатқан екеуі аз уақыт көздерімен сынаса қарап арбасқаннан кейін:

— Жеңдің,— деді Дәулет,— көндім.

— Ендеше шарт мынау болады,— деді Айбарша қол алысып,— әрине, құрылыс басында социалистік жарыс ұйымдасады, сонда мен өзгемен емес, сенімен жарысам.

— Болсын,— деді Дәулет,— бірақ...

— Неге кідірдің? Айт, айт! — деді Айбарша жымыған кескінмен тоқтай қалған Дәулетке.

— Пәленнен қорқам,— деді Дәулет күліп.

— Не пәле ол? Айт, айтайын дегеніңді...

— Шатақ шығарасың...

— Қызық екенсің ғой өзің, айтсай пәлденбей!..

— Жанжал жасамайсың ба?

— Жасамайын.

— Честное комсомольское?

— Болсын, честное комсомольское.

— Ендеше айтуға болады. Канал қазысуға ризаластым ғой мен, бірақ мен, кетпен ұстап әуре боп жүрем бе? Техниканың тілін білем, экскаваторға отырмаймын ба? Сонда сен менімен қалай жарысасың?

— Айбарша кідіріп ойлап қалды да:

— Аһа, ұғымды,— деді қалмақты дауыспен,— сонда сен, сенде ғана қол мен бас бар да, менде жоқ деп ойлайсың ба? — деді.

— Әне, ашуландың енді...

— Ашуым емес, расым — сен меңгерген экскаваторды мен меңгере алмаймын ба?

— Әрине, меңгересің.

— Есіме кезінде түсірдің,— деді Айбарша,— мен де оны үйренуге кірісем.

— Ендеше, әкел, қолыңды!— деді Дәулет қолын ұсынып.

Айбаршаның жігерлене ұстаған ыстық қолы Дәулеттің қолын темірдей қысты...

Сегізінші тарау

ШЫНДЫҚ ҚЫЯЛ

Жарыспай қалғандардың әрқайсысы өзіне тән ермек тапты. Ең артта қалған Сырбай мен Полевой өткен бір күндердің кешесіне беріліп, аттарын ақырын аяңдатты. Өзгелерге айта қоярлық кешесім жоқ деп ойлаған Масақбай, «көре кететін тағы бір егіс танаптары бар еді» дегенді сылтау қып, серіктерінен қыйғаштай тартты. Байжанмен жарыса түсіп қатарласқан Тыртық, жаңа таныс болған адамымен шүйіркелесе кешеспек боп еді, мінезі шапшаң Тыртықты ұнатпады ма, әлде ойын бас-

ка бірдеме биледі ме, Байжан келте ғана жауаптар беріп, шешіле қоймады. Со кезде оларды Рахмет қуып жетті.

— Шырақ,— деді ол аздан кейін Тыртыққа,— мына Бектасов жолдаспен менің аздаған кеңесім бар еді, ұят болмаса бізді оңаша қалдырсаң қайтеді?

— Оқасы жоқ,— деп Тыртық атын тебініп шоқыта жөнелді...

Сөз әлпетіне қарағанда, Рахмет Байжанды сыртынан Москваға кеткен жылынан бастап біледі екен. Со жөнде айта кеп:

— Ұзынқұлақтың хабарлауынша, оқу бітіргеннен кейін біздің облысқа сені қызметке келуіңді де, келе сап үйленуіңді де біліп отырдық,— деді ол күліп,— қайталап айтайын, жаңа қызмет, жаңа мекенің тұрақты, жемісті болсын!..

— Айтсын — деді Байжан.

— Сені ертерек бір көрген екем, ұмытып қаппын, кескініңді поезд ішінде шырамыттым,— деді Рахмет.

— Қайдан көріп жүрсіз?

— Сен бір рет Қабандыда болдың ғой деймін?

— Не ол «Қабанды?» — деп сұрады Байжан.

— Біздің ауданның орталығы.

— Қашан болдым екен? — деп Байжан аз ойланды да,— я, түсті есіме,— деді,— бұдан екі жыл бұрын тәжрибе ісінде жүріп соққам. Сіз сонда да райкомның секретары едіңіз ғой?

— Онда екінші секретарьмын да, соның алдында ғана Алматының комвузын[1] бітіріп келгем.

— Оған дейін қайда болып едіңіз?

— Оқуға Жезқазғаннан бардым. Сонда шахтада бірнеше жыл жұмысшы боп ем.

— Поезд ішінде неге айтпадыңыз таныйтындығыңызды?

— Біздің өлкеде қызмет атқаратындығынды білген соң, асығып қайтем деп ойладым.

— Бұл қызметке ризаласпасам қайтетін едіңіз? —деді Байжан жымыйып.

— Білдім ғой ризаласатынынды,— деді Рахмет те жымыйып.

— Қайдан?

---

[1] Жоғары дәрежелі партия оқуы.

— Қазық аттан мың есе жеңіл емес пе? Бірақ, сол қазықты жерге қағып атты соған арқандаса, бұлқынғанмен ат қайда барады...

— Солай деңіз,— деп Байжан күлді.

— Солай,— деді Рахмет,— Гүлнар тұрғанда бұл жақтан қайда барасың сен. Солай болып шыққан жоқ па ақыры?

— Әрине, солай болды,— деді Байжан,— бірақ сіз оған ренжімейтін боларсыз?

— Қуанасың дессейші. Рас, біздің Сырдария өлкесі алғаш көрген адамды қызықтыра қоймайды. Қайдан қызықтырсын: мұнда, табиғаттан бір түйір дән өсіріп алу үшін, сол араға он тамшы тер төгу керек... Бұл араның қарсыз қысы қары қалың жерден әлдеқайда ызғарлы... Жазы алауланған аңызақ, жаңбыры керексіз кезде жауады... Несі қызықты осылардың?.. Ешнәрсесі де емес... Мұның қызығы — адамның еңбегінен туатын жемістің бәрі осында... Адамның рақатына қажетті еңбек жемісін шығарам деген кісілер осында келулері керек. Ақылға да, еңбекке де мұнда ермек көп...

— Сіздің Сыр бойының барлық адамы да маған романтик көрінеді,— деді Байжан жымыйып,— кіммен сөйлесе кетсең де, бұл өлкенің болашағы туралы басында тұнып тұрған қыял.

— Қыял дейсің бе? Шындыққа негізделген қыял емес пе, бұл?.. Бұл романтика емес, болашаққа берік сенім!..

— Рас...

— Осыған сенбейтіндер де бар... Әсіресе мелиорация жөніндегі кейбір мамандар... Ондайлардың көбі республикамыздың тысқары өлкелерінен келеді де, мұнда тұрақтамайды... Сондықтан,— деді Рахмет жымыйып ап,— вагон ішінде сені көргенде, жол-жөнінді жорамалдадым да, іштей «біздің торға түскелі келе жатқан бала екенсің, одан тез босана қояр ма екенсің» дедім де қойдым... Көңіліңе келмесін, бұл қалжыңым. Расымды айтсам, басыма сонда келген ой: «ыстықтап келеді екенсің, жас инженер, Сырдың суына жанассаң, ол сені тереңіне тартар да салқындатар... Біздің романтика саған да жұғар... Каналды қолдан құрысарсың, содан кейін, біз рұқсат бергенмен өзің де кете қояр ма екенсің!..»

— Соған айналып келеді,— деді Байжан.

— Өте жақсы... Қайратты жас инженер тағдырын Сырға байланыстырам десе, оған кім қуанбайды?.. Әсі-

ресе, жаңа канал ішінде құрылатын бізің аудан. Бұл үлкен аудан емес. Колхоз саны мұнда жыйырма екі-ақ. Оның да көпшілігі қоныстанған жоқ. Ауданның тең жарасы мал шаруашылығын бағып көшіп жүреді. Отырықшы дегендердің өздерін де көшпелі деп есептеуге болады. Олай дейтінім — егіндік жерлер тозған, көбінің сортаны шыққан, бірталай өлке сазға, не көлге айналған, соның бәрі дұрыс құрылған каналдың жоқтығынан... Жері тозғандар тың жер іздейді де, тапқан жеріне қоныс аударады. Ол жер тозса, тың жерге тағы көшеді... Сонымен, қысқасы, табан тіреп қоныстанып отырған колхозды бұл ауданнан өте сирек кездестіресің...

— Бұл сіздің ғана ауданның емес, сіздің облыстағы көп колхоздың трагедиясы екенін көріп жүрмін,— деді Байжан,— Сырдария ауданында колхоздасқалы мекенін үш-төрт рет ауыстырған ауылды көрдім. Жеке үйлерімен катар ол ауылдың: мектеп, клуб, сарай, қора сыяқты қоғамдық үйлері де көшеді екен... Не деген көп жұмыс бұл!.. Не деген далаға кеткен еңбек!..

— Осы бақытсыздық біздің ауданның басында...

— Жаңа канал мұның бәрін де жаңартады... Біз жердің топырағын аздырудың орнына ныгайту шарасын колданамыз. Біз қоныстандырған колхоздың іргесі со калпынан бұлжымауға тиісті...

— Жаңа қаналдан күтіп отырғанымыз осы!— деді Рахмет қуанышты кескінмен, отырған ерінен көтеріле түсіп.— Бүкіл аудан боп күтіп отыр осыны. Аудан адамдарының арманы — жерге қозғалмастай мекен теуіп ап, содан кейін жерді пігенінше сауу.

— Плотинасы кейінірек құрылатын аудандар болмаса, сіздің ауданда бұл тез іске асатын тілек қой.

— Рас. Канал құрылысымен қатар, ауданның колхоздарын тұракты етіп қоныстандыруды да қолға алмақпыз. Сол міндеттің ішінде аудан орталығы — Қабандыны да мәдениеттендіру ісі кіреді.

— Қандай мәдениетін айтасыз?

Кезекті міндеттерді баяндаудан бұрын Рахмет Байжанға Қабанды қаласының тарихын сөйлеп берді.

Оның айтуынша «Қабанды» деген көлдің аты екен. Ортасы жалтыр, айналасы қалың қамысты бұл шалқар көлде, ерте заманда қабан көп боп, содан «Қабанды» аталып кетіпті.

Қазақта «қысың қатты болса қопалы көлді қыста»

деген мақал бар. Өткен бір кезде Сыр бойында қыс қатты болады да, бір жолы осы көлді қыстап, малдарын жұтатпай алып шығады. Со қыстаудың маңына кейін ел үйіріле береді де, бертінде кішірек қалаға айналып, совет тұсында, оған әуелі болыстың, одан ауданның орталығы орнайды, аудандық мекемелердің кеңселері, интернаты мен орта дәрежелі мектеп, больница тағы сондай қоғамдық үйлер салынады.

Қыстау салынған кезде, дария көлге жақын жерден ағады екен, жыл сайын дария тасығанда көлді толтырып кетеді екен. Кейін, дария ол тұста арнасын ауыстырып алыстап кеткен де, қорынан айрылған көл жыл сайын сарқыла беріп, ақыры шалшыққа айналып кеткен. Дариядан бұ көлге арықпен су тартып әкелуге ауданның күші келмеген. Бұрын көлден су ішетін егістердің бәрі біртіндеп құрып, кейінгі кезде көл төңірегі құлазыған шөлге айналған, қала халқы құдықпен ғана жан сақтаған.

Рахмет бұл ауданға, Қабандының осындай халге ұшыраған кезінде келген екен. Аудан орталығын бұл арадан көшіру мәселесі бұл кезде піскен, бірақ қайда?..

Осы кезде, бұл ауданда канал қазылу мәселесі қозғалады. Бұл мәселе обкомда бірінші рет қаралғанда аудан өкілі боп Рахмет те қатнасады...

Баяндама жасаған Анатолий Кондратьевич, болашақ каналдың маңызын сыйпаттай кеп, оның бір тармағы Қабандыға келетінін, бұл тармақтан суарылған Қабанды бұрынғыдан да зор көлге айналатынын, көлдің өз қабағынан да жан-жаққа арықтар тарап, оның төңірегі гүлденген өлке боп кететіндігін бар ықласын сала, тілінің бар көркемдігін жұмсай, қызғылықты жазылған повесть сыяқтандырып айтып береді...

Бұл жоспар қабылдануымен қатар, Қабанды қаласын қайта құрып, шын мағнасындағы мәдениет орнына айналдыру туралы қаулы алынады да, оны жоспарлау комиссиясына Рахмет те мүше боп кіреді...

Қабандыны қайта құру жоспарымен Байжан таныс еді. Жаңа жоспармен құрылған Қабанды ең мәдениетті аудан орталығының біріне айналмақ та, аты Алмалық қойылмақ, жаңа қаланың құрылысы канал құрылысымен қатар бітпек...

Ауданға осындай қуанышты іспен келіп отырған Байжанға, Рахмет кеңесінің аяғында алғыс айтты да:

— Аудан бойда бар күшін аямас,— деді оған,— кетпен көтеруге жарайтын адамның бәрі жұмыска шығар... Қамыт көтерер көлікті де түгел жегерміз... Ас-суымызды да аямаспыз... Қысқасы, біздің ауданның барлық мүмкіншілігі қолымда деп ойла, жолдас Бектасов!... Тек, каналды, жаңа қаланы тез бітіртсең болғаны...

— Әдемі қыял бұл,— деді Байжан,— бірақ шындық қыял, өйткені ол большевиктік қыял... Солай емес пе, ағай?

— Солай!..

Тоғызыншы тарау

ОҚПАН

Ойда жоқтағы бір оқыйға боп қалды. Шолақарықтан қайта, Анатолий Кондратьевичтің анда-санда қайталайтын тропикалық безгегі ұстап безек қақтырды. Сырқаттың температурасы түнге қарай қырықтан асты. Төсекте дірілдеп дөңбекшіген оны, ұстап отыруға төртбес кісінің әлі әрең келді. Бұрын мұндай безгекті көрмеген Байжан да, басқалар да оны өліп кетеді екен деп қорықты. Өзі де солай ойлаған Байжан, Тартоғайда жәрдемші жоғын айтып, Қызылордадан самолет шақыртты.

— Таң біліне келген самолетке қайнатасын шығарып салған Байжанның қалаға бірге барғысы келіп еді, бітіріп қайтқалы келген жұмыстың тығыздығын айтып, Анатолий Кондратьевич рұқсат етпеді.

Қайнатасын Қызылордаға, Рахметті Қабандыға жөнелткен Байжан, Сырбайды ертіп канал трассасы жүретін жерлерді, әсіресе канал сағасы алынатын «Құстұмсықты» көрмек болып еді, аттанар алдында Сырбай оны «айтар сөзім бар еді» деп, көпшіліктен оңаша алып шықты. Ол екеуі, шеңгел мен топырақты араластыра жасаған ауланы айналып, қауын, қарбыз сыяқты жеміс егілген бақша жаққа жөнелді. Бақшада қатарлана қазылған терең қарықтардың Сырбай бірінен соң біріне киіктей қарғығанда, оған әрең ерген Байжан ішінен «бұ кісі қайда бастап апарады?!» деп ойлады.

Бақшаның арғы түкпірінде, жоғарғы жағының бұтақтары мұқылданып, мұқылды маңайлай өскен жіңіш-

ке жас бұтақтары кең жайылып кеткен жуан терек тұр еді. Соның көлеңкесіне Байжаннан озыңқырап жеткен Сырбай, көптен су жіберілмеген, жиегі опырылған бір қарықтың кемеріне, аяқтарын терең жыраға салбыратып отыра кетті. Ентіге адымдай Байжан да келді.

— Отыр, күйеу! — деді Сырбай қасынан орын көрсетіп.

Отырған Байжан аздап дем алғаннан кейін, Сырбай қабағын көтере бір қарап алды да:

— Сен, біздің Сыр елінің «оқпан» дегенін білесің бе? — деп сұрады.

— «Оқпан» деген жер астында кездесетін қуыс емес пе? — деді Байжан.

— Білдің,— деді Сырбай.— Өзің кездестің бе оған?

— Өткен жылы тәжрибе ісінде жүріп кездестім.

— Үлкеніне кездескенің бар ма?

— Бар. Қеңдігі сексен метр, ұзындығы — ұмытпасам, екі жүз алпыс метр...

— Тіфу! — деді Сырбай бетін шүйіріп,— жүдә, со ғана ма?

— Аз ба, ол?! — деді Байжан.

— Жүдә, мен оның әке-бабасындайын көрдім.

— Қайда?

— О бір заманда,— деді Сырбай даусын нәштеп,— менің бала жігіт кезімде, Қазалы жақтың бір байы, Сыр бойына түгел сауын айтып, арық қаздыруға асар[1] салды. Жүдә, жұмыссыз жүрген кезім еді. «Жарлының бір тойғаны — шала байығаны» дейтін еді ғой, ол кезде.

— Естігенім бар, кітаптан оқыдым да.

— Естісең сол,— деді Сырбай, со кездегі халін көз алдына келтіргендей қабағын шытып ап,— сонан әлгі Қазалының байы, асарға барғандарды қарық қылады деген соң, өзім сияқты тамақ іздегендерге еріп мен де кеттім. Бардық. Шамасы, екі-үш жүздей кісі жыйналдық.

— Аз гой,— деді Байжан.

— Қайдан аз болады, ол кез үшін жүдә көп кісі ол. Осы кез деймісің, он мыңдап жыйнала қалатын, арық қазылса?

— Кешіріңіз! Аяқтаңыз кеңесіңізді.

---

[1] Сыр елі «асар» деп көп адам жыйналатын үмені айтады, «үме» деп аз адам жыйналатынды айтады.

Сырбай аз кідіріп, сөзінің жалғасын есіне түсіріп алды да:

— Ие, сонымен,— деді,— жыйналған кісі арық қазатын жерге бардық. О кезде, бұл арада Анатөл мен сен сияқты жерді оқумен өлшейтіндері жоқ. Жерді қазақтың қара тоқпағымен өлшейді. Білемісің, қалай өлшейтінін?

— Жоқ.

— Білмесең... Көзі қарақты дейтін біреу арықты жүргіземіз-ау деген бетке қарап етпетінен жатады да, иегін жұдырығына сүйеп, алдыңғы жағына қарайды, сонда, көзі арықты жеткіземіз-ау деген тұсты бөгетсіз шала алса, суды апара аламыз деп жорыйды, шала алмаса, апара алмаймыз деп жорыйды.

— Қызық әдіс екен...

— Сонан арық қазатын өлкеге бардық, мен сияқты күнге жайған тулақтай жүдә қырысып қалған қасаңдау бір қарт бастап апарды.

Байжан мырс етіп күлді.

— Ие, ие,— деді Сырбай да езу тартып,— жүдә аумаған мен!.. Оның қасында менің әжімім аздау; ол жүдә менен де сорақы. Бет-аузының қыртысы — жаңбырдан кейін айғызданып жарылатын біздің дайра жерінің қабыршағы сияқты... Со кәрің жүдә бастап та апарды, пәлені де бастады — арықтың жолында оқпан бар екен деп. Көбіміз «оқпанның» не екенін ол кезде білмейді екеміз. Шал бізге түсіндірді. «Мұнда оқпан барын қайдан білдің?»— деп едік, шал бетін арық қазылатын жаққа қаратып етпетінен жата қалды да, «айтам ғой, бұрын бір көргенімнен бұл араның жері қайқаң тартып төмендепті, астында апық оқпан болды» деді.

— Тексердіңіздер ме? — деп сұрады Байжан.

Шал: «оқпан боп, жүдә еңбегіміз далаға кетпесін, әуелі сол араны қазып көрейік» деді. Қаздық. Жүдә көрген жоқ екеміз, керемет! — деді Сырбай, оқпан қазір алдында тұрғандай, үрейленген дауыспен,— қаза бастағанда-ақ асты қуыс сияқтанып дүңгірлеп кетті!.. Тереңдеген сайын дүңгірлей түседі!.. Бірақ, жеткізбейді!.. Біреулер «осынымыз әурешілік, жоққа қыйналмайық» десе, шал «қазайық» деп болмайды... Сонымен, қысқасы, жүдә «өлдік-талдық-ау» дегенде, аржақтан оқпан шыға келді!..

— Ие, ал? — деді Байжан елегізіп.

Шал: «оқпан деген бір пәле екен де!.. Жер астының түңгірлеуі күшейген кезде, «оқпан терең боп түбіне кетіп қаларсыңдар» деп, қазуға түскен жігіттердің белiне арқан байлап, арқанның ұшын, қазған жерді айнала қаққан қазыққа байлап қойған. Со болмаса, жүдә, өлген екен қазған жігіттер!..

— Әриие! — деді Байжан, оқпанға құлау қаупын көз алдына келтіргендей.

— Қазылған жердің кемерінен бәріміз анталай қарап тұрғанымызда, жігіттер, шамасы... он құлаштай тереңдеп барған кезде, астыңғы жақтары опырыла кеп құлады!.. Жігіттер, жүдә, күп беріп, әрі қарай түсті де кетті!..

— Сонан соң?

— Арқаннан тартып суырып алдық...

Жұрт әртүрлі жобалар айтты: біреулер — «осындай жерде айдаһар жатады деген» — деді... біреулер — «шайтандардың мекені болады деген» — деді... біреулер — «жылан патшалығының ордасы осындай болады десетін» деді... енді біреулер — «осындай үңгірлер тамық есігінің алдында болады дейтін» деді... Әркім әр жоба айтып, содан үрейленгендер, кетейік деп қобалжып еді, бастық шалымыз «қуыстан басқа түк жоқ мұнда, тас байлап арқан жіберіп тереңдігін шамалайық» деп болмады...

— Өлшедіңіздер ме?..

— Тас байлап бір арқан жібердік, жүдә жетпеді... Тағы арқан жалғадық. О да жұқ болмады!.. Көрмегенге өтірік, маған шын,— деді Сырбай,— тағы бір арқан жалғап, сол орталағанда барып, тас оқпанның түбіне тиген белгісін көрсетті.

— Апырай, терең екен, Сыр-еке. Мен ондай оқпанды естіген де, көрген де жоқпын. Соның кеңдігін біле алмадыңыздар ма?

— Кім біледі оны, әлгіндей тереңдігін көрген соң жұрттың жүдә зәресі кетіп, бытырай қашты. Мен де тартып отырып, елден бір-ақ шықтым.

— Керемет екен,— деді Байжан «сөзім бітті» дегендей, кескініне қарай қалған Сырбайға, «осы кеңесті неге қозғадың?» деген түрмен.

Аз кідірген Сырбай:

— Саған бұ кеңесті айтқан себебім,— деді Байжанға,— менің кеуліме жүдә, бір қауып ұялап тұр.

— Қандай?

— «Құстұмсық» дейсіз ғой, Сталин атындағы каналдың бір басы шығатын иінін?

— Ие, дейміз! — деді Байжан Сырбайға сұғына қарап, қауыпты бірдеме айтқалы келе жатқанын енді ғана жобалап.

— Шіркін, жүдә жақсы жер ғой, арықтың басын алуға!.. Дайраның кілт бұрылатын иіні. Судың нақ ұрма жері... Жағаны жырсаң-ақ ытқып шыға келеді... Бержағы қайқандау жазық, қандай домалайды оған қарай су!..

— Оны білеміз,— деді ұзын сөздің қысқасын білгісі келген Байжан,— осы сіз айтқан белгілері ғой, Анатолий Кондратьевич қызықтырған. Не қауып бар дегіңіз келеді сонда?

— Оқпан бар ма дейміз.

— Оқпан?!..— деді Байжан жылан шағып алған адамдай үрпие қап,— қайда?

— Құстұмсықтың бергі бетіндегі қалың шеңгел шыққан қайқанда.

— Оны қайдан білдіңіз?

— Сен жүдә қорқып қалдың ғой күйеу,— деді Сырбай,— жөнің бар қорқатын. Қорықпағанда ше? Осы қазылатын каналға сенің қайнатаңның қанша еңбек сіңіргені маған жүдә белгілі емес пе? Мен кісіні көзіне мақтауды білмейтін адаммын, сыртынан айтуға болады, егер Анатөлдің осы канал жұмысына төккен терін жыйнаса үлкен бір көл болар еді...

— Неліктен ойлайсыз сіз, канал жолында оқпан бар деп? — деді Байжан,— канал жоспарланудан бұрын оның жолы ғылым жолымен зерттелген ғой.

— Өзім де жүдә соны айтқалы келем ғой,— деді Сырбай,— оқпаннан артық пәле бар ма? Көптің терін төгіп казған каналының алдынан оқпан шықса, одан артық қырсық болар ма? Әкем айтып отыратын еді, «Қоканның бегі қаздырған бір арық оқпанға кездесіп... дайраның суын тарта жөнеліп... түгел жұтып қоятын қаупы туып... ел жүдә сасып... жағаны тас байлап әрең бекіттік» деп. Сол белгісі әлі бар. Сондай бір оқпанға жолықсаң жүдә пәле ғой!..

— Әрине.

— Канал қазу жұмысы басталуына жүдә көзім жеткен соң, әнәугүні жаттым да ойға кеттім. Өткенді де ойлап

жатырмын, жүдә қазіргі күнді де ойлап жатырмын, келешекті де ойлап жатырмын... жүдә сол ойда жатқанымда, оқпан құрып қалғыры қайдан есіме түсе қалғанын білмеймін!.. Жүрегім зырқ ете түскені, сонда!..

— Неге?

— Құстұмсықтың бергі қайқаңының астында оқпан бар ма деген ой кеп!..

— Неге?

— Неге екенін өзім де білмеймін. Сол ой келген соң жүдә дәтім шыдамай, жұрт шырт ұйқыда жатқан кезде атымды ерттедім де, кеттім де қалдым.

— Қайда бардыңыз?

— Қайда болушы еді? Құстумсыққа да! Ай жүдә сүттей жарық еді. Күдік алған жеріме жеттім де, жата қап қарадым. «Оқшы атаның обасы» аталатын төбені білесің бе?

— Білем.

— Бала кезімде Құстұмсықтың бергі қайқаңына талай ешкі бағып ем, сонда «Оқшы ата обасы» көзге әрең шалынатын сыяқты еді, енді қарасам қақшыйып биікте тұр. Соған қарап, Құстұмсықтың бергі беті төмендеген бе деп ойладым. Астында оқпан болмаса неге төмендейді ол? Бұл бір.

— Бала кез бен үлкейген кездің көзі бірдей емес қой, Сыр-еке! Соңғы көргенде көзіңіз алдап жүрмесе?

— Олай емес қой деймін күйеужан. Өзім жаман болғанмен, жүдә көзім жақсы. Көруім бала кезімдегі қалпында.

— Мүмкін, деді Байжан,— тек балалық шағыңыз алдатпаса дегенім ғой.

— Олай емес, шырағым. Сен сыяқты оқыған кісі емес, біз сыяқты қараңғы кісі, бір көргенін соқырдың таяғындай ұмытпайды. Бір дәлелім өлгі болса, екінші дәлелім — Сыр бойында қайқаң жердің ығалы шығып сызданып жатады. «Оқшы атаның» қасындағы қайқаң құрғақ; үшінші — үлкендер айтар еді: «сасықкүзен, тышқан, жылан сыяқты жәндіктер оқпанды жерден інді көп қазады, неге десең, ондай жердің асты ығалсыз құрғақ болады» деп. Мен айтып отырған жер, оған да жүдә дәл келеді — қайқаңның беті ізге сыймайды...

Байжан ойланып қалды...

— Күдігім жүдә көбейген соң,— деді Сырбай,— түнде

сол арага бара сап, жынды кісіше қайқанды өрлей ерсілі-қарсылы шаптым кеп!.. шаптым кеп!..

— Неге?

— Жер дүңкілдер ме екен деп.

— Дүңкілдеді ме?

— «Қорыққанға қос көрінеді» дегендей, кеуіл секем алғандықтан ба, әлде расы солай ма — атымның аяғы тиген жер, іші бос тұрған бөшке сыяқты қаңғырлап кеткендей болды.

— Ім-м-м! — деді Байжан енді сенген сыяқтанып.

— Солай, күйеужан,— деді Сырбай күрсіне дем алып, — лайым да келе көрмесін менің айтқаным.

Сырбайды тыңдай отыра, оның сөздерінен көңіліне қауып ала тұра, Байжанға көлденең бір ой кеп кетті. Ол мынау еді: қамылмақ каналдың жолында, канал ортасын жарып өтетін құм төбе бар, оның бүгінде ескі қабырғалар бар, солардың арасында «Оқпы ата» аталатын оба тұрады.

Осы оба туралы Сыр бойында ертегі барын Анатолий Кондратьевич Байжанға былайша баяндап берген еді: ерте заманда Қалмақ ханы Сырдария бойын жаулап алады да, бағынған елге: «маған күніне бір саба қымыз, бір ту бие, бір сұлу қыз әкеп беріп тұрасыңдар» деп әмір береді; шарасыз ел әмірді орындайды... Хан нөкерлерімен мәжіліс құрып қымызды ішеді, ту биенің етін жейді... Содан кейін түн бола нөкерлерін таратып, қызды қасына қондырады, таңертең мойнына тас байлатып Сырдарияға ағызады...

Ханның осы қылығынан, жаулап алған елдің сұлу қызы тәуекелге айналады... Бірақ, амалы нешік!..

Сол елде өзі кедей, өзі батыр бір жігіт болған екен дейді. Жігіттің жанындай жақсы көретін шешесі және қарындасы бар екен дейді. Қарындасы, «ай десе аузы, күн десе көзі бар» сұлу екен дейді. Қалмақ ханы елін жаулап алғанда, жаңағы жігіт соғыстың жуан ортасында болады да, жеңілген соң, ханнан ығысып, Сыр бойынан кетіп, Қаратауға паналайды. Шешесі мен қарындасын өзімен ала кетеді. Таудың бүгіндегі бір тас үңгірге үйімшімен орналасқан жігіт, тіршілік жасау қамына кіріседі.

Не істеу керек? Өсіріп пайдасын көретін мал жоқ. Сенгені — бойындағы қуаты ғана. Жігіт мерген екен дейді. Тауда аң көп, оларды аулап күн көруге болады. Жігіт сол кәсіпке кірісіп тамақ асырайды. Жау басып алардан

бұрын жігіт Сыр бойында егін кәсібімен шұғылданатын диханшы екен. Аңын аулай жүре, жігіт сол кәсібін ансайды.

Таудың басында егінге лайық қара топырақты ніндер бар, дән сепсе өне кететін; егінді суарарлық су да бар: биіктегі бұлақты бөгеп, керіз аркылы иінге әкелуге болады. Жоғы, тұқымдық дән! Оны қайдан алады?

Жігіт бір күні тас үңгірде отырып, шешесі мен қарындасына осыны айтып мұңаяды. Ұлының мұңын қалай женілдетуді білмеген анасы, іліккен бір түйір дән негып шықпас екен дегендей, бейбіт күнде егін жұмысына пайдаланған киім-кешектерін қағып-соғып, қалталарын ақтара бастайды. Сөйтіп жүріп, бидайдың жалғыз түйір дәнін табады. Осы дәнді олар жерге отырғызып, күз бір уыс дән жыйнайды. Келесі жылы сол дәндерді қайта себеді... Үй орнындай жерге жайқалып жасыл егін өседі...

Қуанышты жігіт аңын аулай береді. Ол аңға шыкса жұмалап жүріп қалады екен. Сондай бір жолдан қайтса, шешесі зарлап отыр: ханның тіміскілеушілері үңгірді тауып апты да, қарындасын алып кетіпті...

Қарындасының халін көз алдына келтірген жігіт не істеуге білмей сасады. Міне шабатын аты жоқ, жаяу жеткенше қарындасы тірі де қалмайды.

Не істеу керек?

Сасқан жігітке:

— Балам,— дейді шешесі,— қаруың бар батыр ең, осы таудың басынан, Сыр жағасындағы ханның ордасына садақ тарт!.. Жебеңнің басына темір қадама, бидайдың дәнін қада, дәннің қуаты темірден күшті дейтін бабаларың!.. Қаруына ыза қосылса, атқан оғың хан ордасына жетер де, өлтірер!..

Ызалы батыр, таудағы бір биік шыңға шығады да, жебесінің басына дән қадап, Сыр бойындағы хан ордасына садақ тартады... Сол сәтте хан түнгі мәжілісін аяқтап, нөкерлерін таратып, жігіттің қарындасын зорлауға кіріскен екен дейді... Қарулы жас қыз ханның зорлығына қарсылық білдіріп, екеуі алысып жүргенде,... хан «ah!» дейді де, кеудесін баса құлайды!.. Не болғанын білмеген қыз, құлаған ханға үңілсе, кеудесінің қолымен басқан жерінен шапшып қан атады!.. Хан өліп бара жатады!.. Қыз үйден қашып шығады да, қалың сексеуілге тығылады... Ертеңіне ағасы да жетеді... Ханның өлгенін білген жұрт көтеріліс жасап, жауды жерінен қуады... Жауды қуған жұрт,

көшпелі ішін ақтарса, атылған дән жүрегіне қадалып, тоқтаған екен дейді... Содан, жанағы жерге «Оқшы ата» аталып, қартайып өлгенде, жұрт оны осы жерге өлгендердің арасына көмген екен де, батырдың қабірін «Оқшы ата обасы» атаған екен дейді...

Сталин атындағы каналдың Анатолий Кондратьевич жасаған жоспарында, канал осы оба тұрған төбенің дәл ортасын кесіп өтетін еді. Соған Сырбай да, басқа карттар да наразылық көрсеткенмен, каналдың геометриялық жолы басқа жаққа бұрылуға мүмкіндік бермеді. Карттардың бұл наразылығын пайдаланып, жол берушілер де табылмай қойған жоқ. Ақыры, істің пайдасы алдымен Сырбайды жөнін:

— Амал нешік, — деді ол, Анатолий Кондратьевичке соңғы бір жолыққанында, — жұрт жұмысына, қайсысы кесіп өлмейміз, пайғамбардың да біреуі баласын құрмалдыққа шалыпты дескеді, «Оқшы ата» үшақтыға ақсарыбас шығ айттым да, жүдә, бердім рұқсатымды!

Анатолий Кондратьевичтің естуінше, Сырбай бір семіз ақсарыбас қойды «Оқшы атаның» басына апарып сойыпты да, шал-кемпірлерді ерте барып, асып беріпті. Сонда, шығ шалып жатып: «а, жарықтық, Оқшы ата! — деп жылап жіберіпті дейді Сырбай,— көптің қамын жеген масайлық дейтін еді, назалана көрме!»

Рұқсатын берс отыра «Оқшы ата обасы» бұзылуға Сырбайдың жаны ауыратынын Анатолий Кондратьевич Байжанға айтқан, сондықтан да ол, «Оқпан» қаупы туралы Сырбайдың сөздерін тыңдай отыра «осы кісі әлі де Оқшы атасын қоймағандықтан айтып отырған жоқ па» деген күдікте отырды. Сол ойын ащғара қойғандай:

— Сен мұны әлде не ойменайтып отыр деме, шырақ, — деді Сырбай, Байжанға,— арам ой дегенді мен жүдә білмейтін кісімін, күдікті ойым мені алдар да. Ылайым да солай болсын! Бірақ, ойланбауға да болмайды. Бүкіл Қызылордада облысы боп қазғалы отырған канал!.. Қанша шығын ұсталғалы тұр... Ол да жұрттың қазнасы. Мұны қарау жүдә керек. Еңбек босқа өлетін болмасын!..

— Әрине тексереміз. Сіз осы қауыпты Анатолий Кондратьевичке айттыңыз ба?

— Айта алған жоқпын. Осы жолы айтпақ ем, ойда жоқта ауыра қап есімді шығармады ма!.. Енді оған естірткенше сен тексер.

— Болсын! — деді Байжан.

Оныншы тарау

ЖАҢА ЖОСПАР

Әдейілеп зерттеген геологиялық партия, жаңа каналдың бойында оқпанның барын анықтап берді. Зерттеудің сөзіне қарағанда, бұл оқпанның терендігі мен кеңдігі құлақ естімеген мөлшерде болып шықты.

Геологиялық партия басқаруға Москвадан келген профессордың жобалауынша, бұл оқпан бір заманда жер астымен Сырдан теріскей-шығысқа қарай аққан өзеннің арнасы, өзен Бетпақдаланың терең астында деп мөлшерленетін теңізге құю керек те, бір заманда сарқылу керек. Ондай сарқылған, не кепкен өзендер жер тарихында кездесе береді. Мысалы, Орынбор мен Актөбенің арасындағы «Елек тұзы» аталатын, жер астынан шығатын орқаш тұз, бір кезде жер астымен ағып, кейін қатып қалған сортаң өзен. Москва маңында, мың метрге жақын тереңдегі жер астында тұз боп байланып қалған көл бар. Профессордың бекітуінше, жер астымен ағатын өзен әлі де бар сияқты. Мысалы, оның айтуынша, Алатаудың Алматы тұсындағы бір биік асуына біткен «Есік» атты көл, жер асты арқылы Балқаш көлімен байланысып жатады. Оған дәлел— форель аталатын балық Балқаш көлінде өседі. Есікте жоқ бұл балық, тек көктем кезінде ғана пайда болады. Бұл, форельдің ұрық шашатын кезі. Ұрығын ол суы мұздай көлге ғана шаша алады. Ондай көл таудың биігінде ғана кездеседі. Егер Есіктің жер асты арқылы Балқашпен байланысы болмаса, ұрық шашар кезде ғана бұл форель қайдан пайда болады?..

Канал жолында оқпан барлығы анықталғаннан кейін, жұрттың аузындағы сөз көпке дейін сол ғана болды. «Егер,— деп дуылдасты жұрт,— оқпан бары сезілмей, канал қазыла берсе, қанша қаражат, қанша еңбек далаға кетер еді!.. Каналға шығарылған Сырдың суы оқпанға кетсе тіпті масқара болар еді... Онда, біздің облыс түгіл, осы өзеннен ғана күн көріп тіршілік жасап отырған Орта Азияның көп өлкесі құрамай қабар еді!..»

Жандары солай түршіккендердің ішінен, оқпанның шығуына Сырбай өзінше қайғырды. Оған келген ой: «мұнша кең оқпанның жасалуы, Оқшы атаның азырқануынан. Азырқанбай қайтсін, ұшпақтым,— деді ол сыр-

...сарына,— тыйыш жатқан қабыры қазылып, сүйегі шаш...ғанын неге жақсы көрсін, жарықтық!..» Солайша ...ресі кеткен Сырбай, өзі сияқты дінге, аруаққа сенгіш ...рі-құртандарды жыйнап ап, көптің көзінен ұрланып, Оқпы атаның басына бір серкесін сойып бата оқытты.

Оқпанның табылуына катты қайғырған адамның бірі Рахмет. Мамандардың айтуынша, каналдың басы енді Күстұмсықтан алынбайды, одан алынбаса, аудан орта...лығы — Қабандыны гүлдендіру көлді судың үлкен сара...шына айналдыру мәселесі өзінен өзі аяксыз қалып қояды. Оның аты — бұл орталықтың келешегі бітті деген сөз!.. Ол ол ма, каналдың басы боларлық ның Сырдарияның бұл ...ғында аралап өтетін тұсынан табыла ма, жоқ па?.. Егер ...ылмаса, Рахметтің колхоздарды қоныстандырам, егіс ...нетін әрі өсірем, әрі кеңейтем, ауданды ең мәдениетті ...ландардың біреуіне айналдырам деген талабы боска ...ней ме?.. Осы ойдағы Рахметтің, со бір кездегі әлем...ырық кескінінен жан шошырлықтай еді...

Оқпан мәселесі Анатолий Кондратьевичке Рахметтен де артық батты. Ауыр ойдың зілдей салмағынан, оның бұған дейін тіп-тік жүретін денесі бүкірейіп, еңсесі түсіп кетті... Күлімсірей карайтын ойнакы көкшіл көзі жансыз мұңдай молдірей калды... Жирендеу кою касты қалың кабакты көзін жауып төмен салбыраудан жадырамады... Бұрын ол үйінімен де, таныстарымен де сөйлескіш, кал...жылдескыш еді, енді одан өзгеріп, «қатем қайда» деген**дей өзі жасаған** планға үнемі үңілуден бас көтермеді, **басқаға мойын бұрмады**... бұрын «үстінен түйе жүрсе де **көтерілмейтін**» дейтін салмакты, сабырлы ол, енді ашу...**ланғыш, ұрысқақ** болды... бірақ, оның бұл қылығына **ешкім де жәбірленген** жоқ. Неғіне жәбірленсін, біреудің **халық пайдасына** деп әлденеше **жыл** бойына жасаған ең...бегі өлу оңай болып па!.. Жұрттың, тек, қорыққаны — «осы кісі жынданбаса не қылсын!..»

Алғаш, жауар бұлттай боп осынша қалың торланған оның көңілсіздігі біртіндеп ыдырады. Біраздан кейін ол сабырлы ойға шомған калып көрсетті. Сәтсіздікке ұшыраған планына оның ендігі төнуі — талай уақыт емдеп жүріп, жаза алмай өлтірген сырқат адамның жансыз денесіне тергердің төне қарап, «қалай қапы жібердім!» деп ...ынуына ұқсайтын еді...

Оның осындай жан толқынын өзгелерден гөрі Байжан ...ре...ре... ұқты. Сонда оған келген ой: шалға қосарлана

қайғыру емес, оның дерті жазылуға жәрдемдесу үшін, ақылдың да, сезімнің де барлық қуатын жыйнап, асықпай, саспай, мына тұйықтан жол тауып шығу керек, сонда ғана ол дағдарған қайнатасына да, халыққа да жәрдемдесе алады...

Бұған жалғыз-ақ құрал бар, ол — сәтсіздікке ұшыраған планнан шаруашылық, техникалық және мәдениеттік жағынан артық болмаса кем түспейтін жаңа план жасау.

Байжан осы ойда жүрген кезде, бір күні қайнатасы мен екеуін обкомның секретары шақырды. Бұған дейін Анатолий Кондратьевичтің денсаулығын сақтауға қамқорлық жасап, қаланың ең жақсы дәргерлерінің қарауын ұйымдастырған және өзі де жиі хабарланып хал-жайын біліп тұрған секретарь шақырған адамдарымен амандасып, екеуінің ортасына отырды да сөзін бастады.

— Хал, әрине, ауыр,— деді ол,— бұл жағдайдың маған сіздерден кем батпауына күдіктеріңіз болмас деп ойлаймын. Бірақ, бұдан сарыуайымға салыну керек пе? Әрине, керегі жоқ. Біз — большевикпіз. Біз алмайтын қамал жоқ... Мүмкіншіліктің бәрі қолымызда: жер біздікі, су біздікі... Бізді дарияның бір иіні алдағанмен, бар иіні алдамайды... Сырдың бар өлкесінде оқпан жасырынып жатуы мүмкін емес. Ендеше, оқпаны жоқ жерді табуымыз керек. Және тез табуымыз керек, ұзақ сонарды уақыт көтермейді. Үкімет қаражатты да, материалды да жетерлік қып беріп отыр. Жұрттың қолы жұмысқа қышулы. Ендеше, каналдың сағасын қайдан алуды ойланайық та, тез шешейік.

Күтпеген жерден, болашақ іс туралы бірінші пікірді Анатолий Кондратьевич айтты. Әлі де қуаты кіріп болмаған ол, ақырын және тоқырап сөйлегенмен, терін сүрте отыра, көлденең сөздерді араластырмай, тура ұсынысын сөйледі.

— Каналдың сағасы,— деді ол,— өзеннің шұғыл бұрылатын иінінен алынатыны өздеріңізге мәлім. Ондай иіндер Сырдың барлық жағасында кездесе бергенмен, көбінің тұсында егінге лайықты танаптар болмайды. Кейде, ондай танаптар бола тұра, жерінің топырағы қолайлы келмейді. Өзі де, жері де қолайлы иіндер дарияның бұл тұстағы өлкесінде екеу-ақ: бірі — Құстұмсық, бірі — Бақабас. Бұл екеуін салыстырғанда, ең қолайлысы Бақабас еді, соны біле тұра, канал сағасын Құстұмсықтан алуды жоспарлау себебіміз неліктен?

Полевой аз дамылдап, себептерін айтты.

— Біріншіден,— деді ол,— Бақабастан өте дария доғадай боп иіліп барып түзеледі. Дария қатты тасыған жылдары, осы иілген тұсқа сең бөгеліп, судың ағысын жабады да, оң жақтағы қайқаң далаға тасыған су төгіледі, сөйтіп жер-дүниені сел қаптап, қайқаң көлге айналып, көп жылдар құрғамай жатады, пайдаға асудан қалады... Екіншіден, тасыған су жардан жай ғана асып төгілсе дұрыс қой, кейде, олай етпей жарды жыра төгілетіні бар, олай етсе, дарияның арнасы ауысып кетуі мүмкін. Арна Бақабастан ауыса қалса, дарияға ол өте қауып. Онда, Талас өзеніне ұқсап, дария құмға жоғалуы мүмкін, оның аты — дариядан айрылу деген сөз. Бұл оқпаннан кем апат емес...

Байжан мен секретарь біріне бірі таңданған кескінмен қарап қойды.

Осы дарияның құмға бір заманда солайша бір кетуі рас па? — деп сұрады секретарь.

— Рас,— деді Анатолий Кондратьевич,— осы дарияны шірек ғасыр бойына зерттеп келе жатқан профессор Яковлевтің дәлелдеуінше, бұл дария өзінің тарихында арнасын үш мыңнан артық рет ауыстырған. Бір заманда мұның Қаратауды жағалап барып Балқаш көліне құйғаны байқалады...

Сонымен,— деді Сырдың арнасын ауыстыру тарихын түгел тыңдағысы келмеген секретарь,— Бақабас тұсына жыраланған жаға қалай бекіген?

Дес бергенде, ошарылған сең тез қозғалып кеткен де, тасыған су жыраладан төмен түскен. Және су жағаны кең жырып үлгермеген. Тар жыраланы жұрт тез арада қарабұрамен бекіткен, сол бекініс әлі күнге дейін мызғымай тұр. Дегенмен, бұл аса қауіпті ніп. Сондықтан, каналдың сағасын одан алуға мен жолаған жоқпын да, бірақ, каналсыз да ол жағаны бекіту қажет екендігі туралы талай рет мәселе көтердім, оны өзіңіз білесіз...

— Білем,— деді секретарь,— бақытқа кейде бақытсыздық басшы болады деген сөз бар. Бақабасты бекіту кезекті міндетіміздің бірі болатын. Мүмкін, каналдың сағасын енді содан алармыз да, жағаны біржола бекітерміз?

Оны істемей амал жоқ,— деді Анатолий Кондратьевич.— Каналдың сағасын алуға тұрарлық ніп бұл тұста Сырдың басқа жерде жоқ... Егер сағаны бұдан бастайтын

болсақ, үлкен жұмыстарға осы бастан мойындау керек. Ең алдымен, доғаланған имек арнаны жойып, доғаның екі басын байлау керек те, өзен арнасын туралау керек. Ол үшін, бес-алты километрлік тың арна қазылады... Екінші — дарияның Бақабас жақ жары ойлы-қырлы, оларды Бақабас иінімен теңестіріп көтеру керек... Үшінші — канал сағасының екі босағасын да кең қылып цементпен бекіту керек... Төртінші — сен бөгегенде су жағадан асып төгілсе, ойдағы қалалы және егістікті қарық қып кетпеу үшін, суды ұстайтын көтерме соғу керек... Дарияның құмға ауып кету қаупінен осындай шараларды қолданғанда ғана құтыламыз, ол шараларды жүргізбей, Бақабастан каналдың сағасын алуға болмайды.

— Түсінікті,— деді Байжан,— сізге бір сұрау беруге бола ма, Анатолий Кондратьевич.

— Әрине болады.

— Сіздің баяндауыңыздан, канал сағасын Бақабастан алу, Құстұмсықтан алудан шаруаға пайдалы сияқты. Сіз, тек қана, шығыны көп болады деп ойлаған сияқтысыз. Неге өйттіңіз? Жаңағы сөздеріңіздің бәрі дәлелді. Мәселені үкіметтің алдына осылай қойғанда, бұл тұсты бекітуге үкімет сізге жеткілікті қаражат та, материал да беретін еді ғой?..

— Рас,— деді Анатолий Кондратьевич,— суландыратын егіс көлемі жағынан алып қарағанда, Бақабас варианты[1] Құстұмсық вариантынан әлдеқайда бай. Соны біле тұра Құстұмсыққа тоқтаған себебіміз, біріншіден, оған құрылыс материалы екі есе аз кетеді; екіншіден, Бақабастан ол екі есе жылдам бітеді; үшіншіден, егер жолында оқпан кездеспегенде, ол жөнде дарияға деген қауып жоқ та.

— Сонымен, енді Бақабасқа тоқтаймыз ба? — деді секретарь.

— Зерттеп, оған байланысты мәселенің бәрін алдын ала шешіп болғаннан кейін,— деді Анатолий Кондратьевич.

Бірақ, бұл жоспарды тез арада жасап шығарлық қуат Анатолий Кондратьевичте жоқтығын секретарь бұған дейін де білетін, қазір де көріп отыр. Ұзақ ұстап барып әрең айыққан безгектің салдарынан ба, әлде оқпан қайғысы-

[1] Жобасы.

шы ма, онда казір зерттеу жұмысын басқарарлық физикалық қуат жоқ. Сондықтан, секретарьдың:

— Сонда, бұл жоспарды жасауды кімге тапсырамыз? — деген сұрауына, өз халін жақсы білетін Анатолий Кондратьевич:

— Әрине, Байжанға! — деп жауап берді.

Олар осыған уәделесті. Жаңа жоспар жасалатын өлкені географиялық және геологиялық жағынан зерттеу үшін Байжан басқарған партия іске кірісті.

Он бірінші тарау

ҚУАНЫШ

Бақабас жоспарын жасауға кіріскен зерттеу партиясы, жазды аяқтай, қызметін бітірді. Оның қорытуы бойынша, бұл беткейде ешбір оқпан қаупы жоқ. Сол кезде, Брехунец басқарған техниктер мен инженерлер бригадасы да канал сағасын бекітудің, дарияның имек арнасын түзетудің, көтерме соғудың, кауыпты жағаның ой-қырын тегістеп, еңсесін көтерудің, канал бойына ірілі-ұсақты шлюздер мен тоғандар соғудың жоспарын жасап болды. Анатолий Кондратьевичтің жобасы дұрыс екен — Бақабасты бекітуге материал, әсіресе цемент пен темір Құстұмсықты бекітуден әлдеқайда көп керек және ол материалдардың біразын тыскары республикалардан алмаса, Қазақстанның өзінде жоқ.

Байжан басқан зерттеген бригаданың мөлшерлеуі бойынша, Бақабастан басталатын каналдың жер қазу жұмысы, Құстұмсық жоспарымен шамалас боп шықты. Бірақ, бұған дарияның имек арнасын түзету жұмысы кірмейді. Бригаданың есептеуінше, бұл түзетудің жер қазу жұмысы, каналдың магистралын қазып шығудан кемге түспейді, қаражат пен адам күші де содан кем жұмсалмайды.

Бақабас вариантын зерттеуге шыққан Байжан жұмысын бітіргеннен кейін Қызылордаға қайтты. Жаңа жоспар облыстық су шаруашылық мекемесінде қаралып бекілді. Одан кейін обкомның қарауына тапсырылды. Бюроның мүшелеріне, өзге мамандармен қабат Анатолий Кондратьевич те шақырылды. Бұл кезде ол безгектен айығып болған болса да әлсіз еді.

Жоспар туралы баяндаманы Байжан жасады. Оның

салмақпен дәлелдей, әрбір егжей-тегжейіне тоқтала сөйлеуінен, өз міндетіне алып атқарған істе тәжрибелік және теориялық жағы көп екендігі байқалды. Қаналдың жоспарымен қатар, Байжан Бақабастың сағасына аудан орталығы да көшетіндігін, бұл қаланың аты да Алмалық болатындығын, оны мәдениетті қала қып салу үшін нендей материалдар, қаражат және күш керектігін айтып шықты.

Жасалған жоспарға бюрога қатнасқандардан қарсылық айтушылар болған жоқ. Тек, олардың талқыға салған мәселесі — әуелі нені бұрын бастау: каналды ма, өзеннің арнасын туралауды ма? Екеуін қатар жүргізуге облыстың күші келмейді. Сондықтан кезекке қою керек те, әуелі біреуін бітіріп алып, екіншісіне содан кейін көшу керек.

Бұл туралы әркім әртүрлі ұсыныстар жасағанда, Анатолий Кондратьевич бірінші кезекте арнаны туралап, жағаны бекітуді ұсынды. Ентіге сөйлеп ұзақ дәлелдегенде оның қорытып айтқаны:

— Имек арна туралынбай, бергі жақ жаға тегістеліп бекілмей, жаңадан орнайтын Алмалық қаласын топан басу қаупынан, дарияның құмға ауу қаупынан құтыла алмаймыз. Мұны істемей каналға кіріссек еңбегіміз далаға кетуі мүмкін...

Сырласатын қайнатасымен Байжан бұл мәселе жөнінде бюродан бұрын, өздерінің пәтерлерінде де айтысып, екеуі келісімге келе алмап еді. Дегенмен, дәл бюро мәжілісінде қайнатасы бұрынғы пікірін қолдай қояды деп ойлаған жоқ еді. Анатолий Кондратьевич бюрода өз пікірін қолдап шыққан соң, Байжан онымен амалсыз айтысқа түсті. Өз сөзінде ол, орынсыз сақсынудың қажеті жоқтығын, соңғы он бес-жыйырма жыл бойында қайталамаған қауыптың алдағы бірер жылда қайталауы дәлелсіздігін, ендеше әуелі каналды жүргізіп ап, оған сыбайлас істерді асықпай қолға алуға болатындығын, карт және сырқат қайнатасының ашуын келтірмейтін дәрежеде жұмсақ, жатық тілмен айтып берді.

— Егер,— деді ол, сөзінің қортындысына таяна, бетін қайнатасына тура қаратып ап,— сіздің ұсынысыңыз бюрода қабылданса, быйылгы күз, алдағы жаз түгелімен өзеннің арнасын туралаумен өтеді. Оның аты — каналдың өз құрылысы 1942 жылдың көктемін күтеді деген сөз. Оның аты,— деді Байжан, дәлелін салмақтандыра түскісі кел-

ген мақсатпен, сөзін қайталап,— ауданның егістік көлемін өсіруді, бай астық алуды, көшпелі колхоздарды қонықстандыруды бірер жыл бөгей тұру болады... Ауданның орталығын жаңа қонысқа әкелу де кешігеді... Мемлекеттік көзбен қарағанда, мұның аты — көрінеу көзге, сарайымызға төгілгелі тұрған байлықтан бас тарту болады. Рас, Анатолий Кондратьевич сөзі де дәлелді. Бірақ, қайталап айтқанда, соңғы он бес-жыйырма жылда ұшыраспаған апат алдағы жылда ұшырасар деуге дәлеліміз жоқ. Әуелі каналды бітіріп алу қажет. Мүмкіндікті есептегенде, оған жыл жарым ғана уақыт керек. Содан кейін Анатолий Кондратьевичті мазасыздандыратын іске кіріссек, аржағында сондай мерзімде орындап тастаймыз. Сонымен, қайталап айтқанда, менің ұсынарым: осы күзден бастап канал құрылысына кірісу керек. Ең алдымен қолға алатынымыз — сағаны бекіту, бас шлюзді орнату, бұл жұмыстар көктемге дейін жетеді. Жер қазу жұмысына көктемнен кірісеміз. Техниканың және адамның күшін есептегенде, алдағы жазда, бірінші кезекте суландыратын жерге жеткілікті канал тармағын қазып үлгереміз. Қалғанына асықпай кірісеміз де, 1942 жылдың көктемінен, басты міндет қып өзен арнасын туралауды қолға аламыз...

Бюрога қатнасқан мамандардың көпшілігі, Байжанның ұсынысын қолдады. Бұл жөнде әсіресе қызу сөйлеп, Байжан ұсынысы алынуды талап еткен Рахмет. Дегенмен, **бюро мүшелері** өзара ақылдасты да, мәселені ойлана түсіп шешу үшін кейінге қалдырды.

Кейінірек шақырылған бюрода біраз мамандардың пікірлерін тағы да тыңдап алғаннан кейін, обкомның бірінші **секретары Байжанның** ұсынысын қолдап шықты.

Бірақ, деді ол сөзін қорытарда, — бұған Анатолий Кондратьевич өкпелі бой қалуға тиісті емес. Ол кісінің сөзі сақтанудан ғана шыққан жоқ, ойланудан, дәлелдеуден туып отыр. Бұл сақтықтың артында, аз уақыттың емес, көп уақыттың қамын ойлау, өлкеміздің және дарияның болашақ тағдырын кеңінен толғау жатыр... Сонымен қатар, Байжанның сөзі де жанды: халықтың асыға күтіп отырғаны канал!.. Ол шөл даланың тез суланып гүлденуін ойлайды. Сондықтан, Анатолий Кондратьевич болжаған қиыншылықтарға, тәуекелге бел байлап, қарсы шығу қажет. Біз комиссиямен тартысқа түскелі, анығырақ айтқанда, соғысқалы отырмыз... Соғыскан «жауды» сақтықпен ғана жеңуге болмайды. Оған тәуекел де керек. Әрине, ақылға

сыятын тәуекел... Бектасов жолдастың ұсынысын алғанда, сағаға орнайтын қаланың да, егіс өлкелерінің де қауыпта болатыны рас. Бірақ карттардың да, өзіңіздің де айтуларыңызша, дарияның Бақабас тұсындағы жарынан төгіле тасуы анда-санда, яғни жыйырма-отыз жылда бір-ақ кездесуге мүмкін көрінеді ғой. Ендеше, ондай қауыпты алдағы бірер жылда неге күтеміз? Бұл бір. Екінші, тентек дарияның шалдуар қылығын аяқ астынан күтіп үнемі үрейлене бермеу үшін, Бектасов жолдастың жоспарына да аздап түзету кіргізейік. Оның жоспарында көтерме соғу бар ғой, яғни, дарияның тасыған су төгілер-ау деп қорқатын аласа жағасының бержағына суды тоқтататын бөгет жасау. Бұл бөгет дарияның алшақ екі пінін жалғастырса, жағадан су төгілсе де далаға кетпейді. Сайға көл боп тоқырап қалады, онда, қаланы да, егіс даласын да су басып кете алмайды, тек, көтермені биік салсақ болғаны... Бұл да оңай жұмыс емес. Ені елу метрдей, биіктігі бес-алты метрдей, ұзындығы бес-алты километрдей көтерме соғу, кіші-гірім канал қазудан аз күш тілемейді. Мұны істемей және болмайды. Өйткені, Полевой жолдас айтқандай, дарияның кенеттен күтілетін жауының алдында қол қусырып, бас иіп отыруға мүмкін емес. Біз мылқау күштің қорқынышынан ығыспайтын болуымыз керек...

Бірінші секретарьдың толықтыруын қоса, құрылыстың Байжан жоспарлаған кезегі бюрода қабылданды. Іштей өз ұсынысынан қайтпағанмен, Анатолий Кондратьевич обкомның секретарына қарсы келген жоқ.

Бюродан кейін, денсаулығының әлсіздігін дәлел қып Анатолий Кондратьевич обкомға канал құрылысының начальниктік қызметінен босату туралы арыз берді. Оның денсаулығы әлсіздігін білетін бюро мүшелері қарсы болмады да, алдын ала келісіп ап, ол қызметке Байжанды тағайындады. Анатолий Кондратьевич денсаулығы түзелгеншен кейін, Қызылорда плотинасын жоспарлаумен шұғылдануға ризаласты.

Каналдың жаңа начальнигі бюроның қаулысынан кейін қаладан әкететін қажетті адамдарын алып Бақабас участогіне көшті. Больница қызметінен босана алмаған Гүлнар, орнына кісі табылғанша қалада қалып қойды. Алдағы көктемге дейін жасалатын жұмысқа керекті мөлшерде адам және көлік тауып беруді Рахмет мойнына алды. Құрылыс материалдарын табу, жеткізу жұмысы Самарқанға жүктелді.

Қабандыдан Бақабаска көшірілетін аудан орталығы үлгілі социалистік қала боп орналасуға жоспарланғанын біз білеміз. Оның жоспарында, жеке адамдардың үйлерінен басқа, бүкіл аудандық мекемелер түгел сыятын совет үйі, интернаты мен он жылдық мектеп, клуб, больница, электростанция тағы бірнеше қоғамдық үйлер, сарайлар салынуы керек. Құрылыс кезінде жұмыскерлер тұратын үйлер уақытша ғана каланып қоймай, кейін ауданның және аудан орталығындағы колхоздың түпкілікті пайдасына жарарлықтай боп жасалу керек.

Каналдың сағасын бекітуге, шлюз салуға қажетті материалдардың біразы Қазақстаннан тысқары жерден алынатынын білеміз, мысалы, ағаш Сібірден, темір Магнитогордан, цемент Оралдан, стандарттық үйлер Ленинградтан...

Осы материалдарды алуға Самарқанды аттандырғаннан кейін, Байжан іске кірісті. Бұл араға мекендеген елдің байқауынша, жер боп жаралғалы тып-тыйыш тағылық қалыпта жатқан Сырдың жағасында қызу қыймылдан тұмандай шаң көтеріліп, тарсыл-тұрсыл көбейе бастады...

Істің сондай қарқынмен басталып жатқан шағында, дүбір естілсе ойнақшып мазасы кететін жүйрік сияқтанып, қызу қыймылдың дыбысын есітіп қалада жатуға шыдай алмаған адамдай, бір күні құрылыс басына салып-ұрып Анатолий Кондратьевич келіп қалды. Окпан оқиғасынан бері түсіп кеткен оның еңсесі, мына қызу іспі көргеннен кейін, суға жіберген балықтай сергіп жайғандан кетті. Ол тек қана жайғандаумен қанағаттанған жоқ, білегін сыбана іске араласып, көп мәселеде ақылшы болды. Бұған қуанған Байжан, Кентогайға түскен бір жолында, бұл халді Сырбайға баяндап еді.

Жүдә есіңде болсын, күйеужан,— деді бұл хабарға Байжаннан кем қуанбаған қарт,— алғыр қыранның шабатын аңды көргенде түседі, жүйрік аттың күйі бәйгені көргенде келеді, балуанның аркасы топты көргенде қозады. Анатөл өз ісінің қыраны да, жүйрігі де, балуаны да. Соңда оның, жүдә, қыран боп шарықтаса да ілер аңы — ағайың Сырдария, жүйрік боп шапса да ұтар жері — біздің Сырдария, балуан боп күресе де жығары — Сырдария!. Оның жүдә бойына қуат, ойына ақыл, бетіне ажар ... Сыр бойында ғана бітеді. Сырдан айырдың — сол...

Алмалыққа кеп іске кірісе, бойын басқан ауыртпалықтан ажыраған Полевой сырласқан Сырбайға оқпанды табу жөнінде алғысын айта кеп:

— Біз сыяқты кәрілердің,— деді ол,— Байжан сыяқты жастарға, көпшілікті бастайтын зор істі меңгеруде жастық істейді деп қарайтыны болады ғой.

— Әрине,— деді Сырбай.

— Сонымыз қате екен. Расымды айтсам, Байжан канал құрылысының начальнигі боп тағайындалғанда, «басқарып кете алса жақсы, егер кете алмай жастық істесе обал-ау!» деп іштей өкінген ем. Іс жүзінде олай болмай шықты. Мақтағаным емес, жұмысты біліп және орнықты қып істейді.

Байжанның ісін мақтаған Анатолий Кондратьевич оның семьялық өмірі туралы түйткіл боп жүрген бір ойын да досынан жасырмады. Ол ойы — күйеуі Алмалыққа көшкенде, қызының қалада қалып қоюы еді. Бұл туралы ойлағанда, Анатолий Кондратьевич өзінің Шаһадатқа қосылған күнін еске түсіретін. Алыста қап, анда-санда ансайтын жастық шағы мөлшерден тыс ыстық көріне ме, әлде расы солай болды ма, Шаһадатпен оның жаңа қосылған күндері, мына екеуінің қосылған күндерінен әлдеқайда ыстық сыяқты. Шаһадатпен қосылғаннан кейін, ең аз дегенде жыл тәулігіне шейін, күн сайын көрмесе, құшақтап сүймесе, Анатолий Кондратьевичтің көңілі көншімейтін еді. Шаһадат та солай еді.

Гүлнар мен Байжанның арасы олай емес сыяқты. Көзді алдаса өздері біледі, әйтпесе, көзге көрінер жерде, қызу күндері өтіп, қызылы бозамық тартқан жасамыс адамдардай, бір-біріне өте қоңыржай ғана...

Мұның себебі неде екенін Анатолий Кондратьевич талай толғана ойлап таба алмайды. «Жасырын сыры болса, әйел өз жынысына айтатын болар» деген оймен, Анатолий Кондратьевич Марфуғадан жұқалап сөз тартса, оның да ешбір жаманат білмегендігі байқалады... Байжан мен Гүлнардың өзара сыпайылығы Анатолий Кондратьевичке ұнамағанмен, Марфуғаға аса ұнайды. Жас қосылған адамдардың өздерін жұрт алдында осылай ұстауы, Марфуғаның ұғымында «ифрат дәрежеде шәп». «Әсіреқызыл тез оңады» деген қазақ мақалын білетін және сол мақалды дұрыс көретін Марфуға, Байжан мен Гүлнардың бір-

біріне құрақ ұшпауын салқындық емес, ұзаққа төзетін сабырлы махаббаттың бейнесіне жорыйды.

Сондай ойдағы Марфуға, Анатолий Кондратьевичтің Гүлнар мен Байжан туралы бір емес, бірнеше рет сыр тарта сұраған сөзін сезбей де қойған жоқ. Бұл сезу оны азапқа да салды. «Күйеуі мен қызының бір-біріне сыпайылығын, өзара салқындығы деп ойламағай еді» деген күдік кірді Марфуғаның көңіліне. «Салқындық қайдан болады?» деп толғанды ол. Оның ұғымында, ерлі-зайыпты адамның өзара салқын болуында екі-ақ себеп бар, бірі — қалыңдық күйеуге айыпты келсе, екіншісі — әйелі күйеуінің көзіне шөп салса...

Қалыңдықтың айыпсыздығына көзі жетуде ескі ұрып қолданатын тәсілдің талайын білетін Марфуға, Байжан мен Гүлнар қосылғанша, «Ілаһи солай болғай да!» деп Гүлнардың айыпсыз болуын зар илеп тілейтін Марфуға, ол екеуі қосылған күннің ертеңінде ғана көңілі жай тауып, сыр айтатын абысын-ажынға «аллаға шүкір» деп бастап, көрген-білгенін жасырмай көйітіп берді... Анатолий Кондратьевичтің сыр тартқан сөзіне қарап, «күдігі осы жақтан болар ма» деген оймен, оған да көрген-білгенін айтайын десе, әйел емес, еркек адам, ретін келтіре алмай-ақ қойды.

Жас үйленгендердің некеленгенге дейінгі халі, Марфуғаның білуінде әлгіндей болса, некеленгеннен кейінгі **сырдың** түрмысы, оның ойында айта қалғандай. Ескі за**маннын** көп түрлына бас иетін, жаңа заманның салтынан **шығын** қалған ескі түрлітың бірталайын сағынатын Мар**фуға, Байжан мен** Гүлнардың көптің көзінде өздерін сы**пайы ұстауынан ескі** замандағы жастардың салтын тауып, өзінше аса риза болады. Қысқасы, Марфуғаның ұғымында, Байжан мен Гүлнардың арасындағы махаббат қай заманның жастарының арасындағы махаббатты алсан да, ең үлгілісі. Бұл пікірін ол Анатолий Кондратьевичтен де жасырмай:

- Ілаһи шүшы инсафлары ұзақ болып, ұмырлы, бақытты болсынлар! — деп жылап та алады.

Гүлнардың қара басына арнаулы өзге сырларын әкесінен жасырып ұстайтын Марфуға, бір сырын айтып қойған. Бір мезгілде Гүлнар ауырды. Алғаш шошынып қалған Марфуға, кешікпей ауру жайын түсіне қойды да, ретсіздің орнына қуанды. Гүлнардың сырқаты — асқа кө-

ділі шаппайды да, ішкенін құса береді. Тұмса адам бұл сырқаттың жайын шамалай алмай:

— Әнш, не болды маған? — деп сұраса:

— Хайырлы сырхат балам, аллаһ тағала ахырын хайырлы итсін; — деп күмілжиді...

Гүлшар врачқа көрінсе, Марфуғаның жорамалы рас екен. Жерік айы басталғанын ол енді ғана білді. Ғылым жүзінде «жерік» дегеннің не екенін жақсы білетін ол, өзіне ол «дерт» жабысқанша мән бермейтін еді, енді өз басына түскенде байқаса, айтып түсіндіре алмастықтай бір керемет!..

Ол киіктің мыйына құмартты. Өткен жаздағы қанқкулға кеп, әкесіне еріп Қаратау жағына барған ол, аңшы атып әкелген екі-үш киіктің мыйынан істеген шұжықты жеп, аса дәмді ас көріп қайтқан еді, сондықтан ба, әлде жеріктің белгілі бір асты ғана талғайтындығынан ба, соны жемесе сүлдері құруға айналды. Өзге ас-судың бірі де мейірін қандырмай, ләззәт алудың орнына құсты...

Сол кезде, құрылыс басынан Анатолий Кондратьевич келе қалды. Оған «қызың сондай халде» дей қою, Марфуғаға ұят сияқты, айтпайын десе, Қызылорда маңынан киіктің мыйы түгіл еті де табылар емес...

Үйінде екі-үш күн болған Анатолий Кондратьевич қызының халін сезді де Марфуғадан сұрады. Жалтақтағанмен айтпауға амалы жоғын түсінген Марфуға, басына шаршылай тартқан ақ жаулығының бір ұшын Анатолий Кондратьевич отырған жаққа қалқалап, бетін бірқырын ұстап отырып, киік мыйының қажет болған себебін айтып қойды...

Киік бұл мезгілде Қаратауда... Онда барып киік атып әкелуге Анатолий Кондратьевич Байжаннан қолайлы кісіні таппады.

Ол тез аттанды да, Алмалыққа бара Байжанды шақырып ап, кескініне қулана қарап отырды да:

— Шырақ сен, тегі, Қаратауға барып қайтасың ғой дейміп,— деді.

— Неге? — деп сұрады Байжан.

— Киік көп деседі сонда. Семіз де кезі ғой, қазір оның.

— Киік етін жегіңіз келді ме?

— Мен жермін, басқа жер, барып келсейші, әуелі.

Киік кешесін әуелі ойын көрген Байжан, қайнатасы шындап бара жатқан соң, бұрын бүйтіп көрмеген карттың сөзіне қайран қап, себебін білгісі келіп еді, Анатолий

Кондратьевич қаздаған құлық сөз араластырып отырып, ақжаркын қалпына тартты да турасын айтты.

Бұл хабардың Байжанға қаншалық әсер бергені оның кескінінен байқалды. Соңғы кезде күнінің көбін түзде өткізетіндіктен қоңыр тартқан оның беті, қуанған жүректің дағдыдан тыс серіпкен қанынан күреңдене құлпырды. Былай да өткір көзінің қарашығы, қыза лаулаған жалындай ұшқынданып кетті. Екі езуіне оралған күлкі ұят пен қуанышты сапыра араластырып, бір орнында құйындай үйірілді де тұрды. Болашақ сәбиді сүюге шөлдегендей, еріндері кезеріп, сол сүюдің тезірек болуын тілегендей қыбыр-қыбыр етті...

Соның бәрін бақылаған және себебіне түсінген Анатолий Кондратьевич:

— Қайнатасының күйеуін ұрпағымен құттықтауы, шығыста жоқ әдет,— деді Байжанға қолын ұсынып,— бірақ, мен орыспын ғой, біздің әдетке сыймайды... Тұңғышыңмен құттықтаймын. Оның да, әке-шешесінің де өмірлі, бақытты болуын шын жүректен тілеймін!..

— Рахмет! — деген сөз шығып кетті, қайнатасының қолын алған Байжанның аузынан.

— Бұрын ойға оралғанмен, тілге оралмай жүрген бір сезімді енді айтуға рұқсат ет,— деді Анатолий Кондратьевич Байжанның қолын босатпай, кескінін қуландыра түсіп. Сырдың жеріне де, суына да бұған дейін жатырқай қарамаған ең. Енді қайтер екенсің? Сырдың қазағы жеңер ме екен, сен жеңер ме екенсің?.. Әй, ол жеңер-ақ сені, себебі келешек оның кі ғой!.. Сөйтіп, Сырдың қазағы боласың да енді?

«Әрине!» деген жауапты Байжанның өзі емес, қуанышты көңіл айтып тұрды... Соған «келістік» дегендей, екеуі айқыра құшақтасты да, қадала сүйісті...

Он екінші тарау

КОМСОМОЛЕЦТЕРДІҢ ІСІ

Алмалық қаласының құрылысын басқаруды мойнына алған Рахмет, кезектегі міндеттерді есептеп көрсе, көлемі ұлан-байтақ екен. Оны орындап шығуға орасан көп күш және ынта керек.

Қоғамды басқару ісіне араласқалы бірнеше жыл бол-

ған Рахметтің басына мықтап бекіген сенім — егер ретін тауып жұмсай білсең, қандай қыйын жұмысты болса да еңбекші көпшілік мерзімді уақытына жеткізбей, әрі салғанда асырмай орындап береді.

Рахметтің және бір байқағаны — әрбір қоғамдық істің басталуына да, орындалуына да жетекші керек. Бір адам, не бір топ сол істі бастап көпті көмекке шақырса, көңіліне қонған істен бас тартатын көпшілікті Рахмет көрген емес, оған социалистік құрылыстың істерінен Отанда мыңдаған мысалдар бар.

Алмалық қаласын құруда осы инициативаны кім бастауы керек?

Осы сұрауды алдына қойған Рахметтің есіне Айбарша түсе қалды.

Айбаршаны Рахмет мектеп күндерінен бастап біледі. Қабандыдағы он жылдық қазақ мектебін аудандық партия комитеті шефке алған еді. Мектепке райкомның өзге көрсететін жәрдемдерінің үстіне, Рахметтің өзі де жыйы қатнасып, оқу программасының орындалуына дейін көңіл бөлетін. Аулындағы бастауыш мектепті бітіріп кеп, Қабандының он жылдығына түскен Айбарша, кластан класқа үнемі «үздік» бағамен өтті де отырды. Оның бұл үлгеруіне қуанған Рахмет, Айбаршаны үнемі қамқорлыкка алды, оқуының барысында болмашы ғана бәсеңдеуін сезсе, тез көтерілуіне араласып отырды. Жүре-келе Айбарша Рахметтің үйішімен де араласып, бір жанындай боп кетті. Рахметтің әйелі Назипа Айбаршаға «біздің үйде тұр» деген ұсыныс та жасаған еді, жас та болса кісіге табығы болуды ұнатпайтын Айбарша:

— Рахмет, апа, интернатта сабақтас балалармен бірге болғаным жақсы, мектептен тыс уақытта да сабағымызды пысықтау үшін,— деп ризаласпады.

«Кісі болатын бала! — деген ұғымда болды Рахмет пен әйелі Айбарша туралы,— оқуды үлгеруі де, мінезі де, қылығы да соған келеді».

Потерге тұрмағанмен, Айбарша Рахметтің үйіне келіп жүретін еді. Және, келгенде, жай ғана кіріп шықпай, ассуына араласа, балаларын алдандыра, ойната, тіпті, кейде, кір-қоқын, сөкісін жуыса, бөлмелерін сыпырыса келеді.

— Шешесі көргенді, үлгілі кісі-ау деп ойлаймын,— дейді Назипа,— қаршадайынан қалай үйретіп тастаған үй шаруасына!.. Іскерлігіне не берерсің, ине ұстаса, сау-

сақтары жез қармақтай майысады!.. Жеңіл-желпі көйлек-көншекті өзі пішіп тастайды...

— Үй шаруасын да білгені оңды ғой,— дейді Рахмет,— бірақ, түбінде бұл, ең бері салғанда ғылымның бір маманы болады, әйтпесе, көрерсің, осыдан дыңдай академик шығады.

— Орта мектепті бітірген соң, қандай оқуға кетер екен бұл? — деп кеңеседі Рахмет пен әйелі.

Айбаршаның өзінен сұраса:

— Әуелі бітірейік те, содан кейін көрерміз,— деп жылжытпа жауап береді.

Рахмет те, әйелі де Айбаршаның орта мектепті бітіруін асыға күтіп жүрген шағында, олар күтпеген бір жаңалық шыға келді. Райкомда, кабинетінде отырған Рахметке бір күні аудандық оқу бөлімінің бастығы келді де, 1940 жылы он жылдықты бітіретін балалардың арызын көрсетті. Бұл апрель айының іші еді.

«Біз, он жылдықты быйыл бітіретін комсомол мүшелері,— деп жазыпты арызда,— алдағы көктемде, Сталин атындағы каналдың құрылысы басталады деп естідік. Бұл қуанышты іске біздің де араласқымыз келеді. Сондықтан, біз экзаменді апрель, май ішінде түгел және «үздік» және жақсы бағамен тапсыруға ұйғардық. Осы кезде біздің экзамен алуларыңызды, оқудың бітуіне қаратпауларыңызды өтінеміз!»

Рахмет арыздың аяғына қараса, қаз-қатар тізбектеле қойылған қолдардың біріншісі боп, барлық әріптерін сұлу, иіқыш қондырған «А. Қарымсақова» тұр.

Кім бұл, Қарымсақова? — деген сұрауды Рахмет аудандық оқу бөлімінің бастығына айта берді де,— Айбаршаның ба? — деп сұрады.

— Сол.

Рахмет аз ыңылдап отырды да:

— Жақсы арыз,— деді оқу бөлімінің бастығына,— комсомолецтердің патриоттық сезіміне куә боп тұр бұл. Бірақ, оларға айтыңыз: құрылыс жұмысы оқу жылы аяқталмай басталмайды. Сондықтан, экзаменге асықпасын, экзаменді жақсы ұстап шыққан балаларды канал құрылысына қатнастыру, я қатнастырмау мәселесін біз шешпейміз, облыс, асса республикалық басқарушы ұйымдар шешеді. Оны кезінде көрерміз.

Оқу бөлімінің бастығын сол сөзбен қайырған Рах-

мет, кешке Айбаршаны үйіне шақыртып алды да, арызға қол қойған мәнін сұрады.

— Өзіміздей жастар канал құрылысына жұмылғанда, біз сыртта қаламыз ба деп берген арыз ғой, аға! — деді Айбарша.

— Ол дұрыс. Бірақ, оқуды қайтесің? — деді Рахмет.

— Қайдағы оқу?

— Жоғарғы мектепке бармаймысың.

— Оған да өмір жетеді ғой, аға. Канал құрылысы бір жылда бітеді. Бір жылғы оқуды көпшіліктің ісіне қыйғымыз келіп еді де.

— Ол жақсы ғой, бірақ тотығып қап жүрмесеңдер?

— Жоқ, тотықпаймыз, аға. Бұл арызды комсомол ұйымының жыйналысында талқыладық. Сіз айтқан қауып та сөз болды. Көп талқылағаннан кейін тотықпаймыз деп қаулы алдық.

Рахмет күліп жіберді.

— Күлмеңіз, аға! — деді Айбарша,— рас тотықпаймыз. Әр институттың қасында сырттан оқыйтын бөлімі бар деседі. Быйылша сырттан оқыймыз да, келесі жылы екінші курсына түсеміз.

— Өзің қайсысына ұйғардың? — деп сұрады Рахмет.

— Ташкенттегі су шаруашылық институтына,— деді Айбарша.

— Түсінікті! — деп Рахмет салмақты кескінмен аз отырды да,— ал, қарындасым,— деді аздан кейін жымыйыңқырап,— мысалы, құрылыс ісі бір жылға емес, екі жылға созылды дейік, сонда қайтесіңдер?

— Созылмайды, аға.

— Оны қайдан білесің?

— Жұрттың ынтасынан байқаймын. Құрылыстың басталуын күтіп көпшілік құлшынуда.

— Оны қайдан білесің? — деді Рахмет, жымыюын молайта түсіп.

— Білетінім,— деді Айбарша,— Қармақшы ауданында нағашым бар еді, шешем екеуіміз қыстығүні барып қайтып ек, сонда бұл араның адамдары түгіл, со жақтағы елдер де канал жұмысы басталса-ақ барамыз деп отырды.

— Түсінікті,— деді Рахмет демін кең алып.— Сендердің арыздарың да түсінікті. Комсомолдық санадан шыққан сөздер ол. Бірақ, мен сенің кетпен ұстауыңнан гөрі институтқа кеткеніңді жақсы көрер ем.

— Неге, аға?

— Рас, біздің ауданның пгілікті ісі. Кісі неғұрлым көп болса, канал соғұрлым тез бітеді. Сондықтан, әр бір адамның күші бізге аса қымбат. Әсіресе, сендей қайратты жастың күші қымбат...

— Аға...— дей берген Айбаршаға:

— Тоқтай тұр шырағым! — деді Рахмет қолын көтеріп. Айбарша тоқтады.— Ойын бір басқа шырағым, шын бір басқа. Саған мен, қалжыңсыз шын сөз айтқалы отырмын. Менің айтайын деп отырғаным, канал қазуда әрбір адамның күшін қымбат көре отыра, сенің оқуға кеткеніңді жақсы көрем. «Неге?» дейсің ғой?

Айбарша басын изеді.

— Неге десең,— деді Рахмет, нықтай сөйлеп,— каналды біз бүгінгі өміріміз үшін ғана емес, болашақ өміріміз үшін де қазамыз. Ондағы мақсатымыз: Сырдарияның бай суын пайдамызға асыру. Бірақ, суды қарапайым елдің пайдаға асыруы бір басқа да, ғылымның пайдаға асыруы бір басқа. Жасыратыны жоқ, су шаруашылығында ғылымның соңғы табысын толық қолдана алып отырған жоқпыз. Соған кадр жетпей отыр. Жеткені сол ма, бүкіл ауданымызда институт бітірген бір мелиоратор жоқ, техникум бітірген төрт-ақ адам бар.

— Аз екен ғой, аға,— деді бұл мәліметті бірінші рет естіген Айбарша.

— Қажеттік жағынан қарасаң, колхоз басы бір мелиоратор керек болар еді. Бүгінгі осы жоғымыз, ертең де жоқ болса, қайтпекпіз? Колхоздардың ғылымға сусауы жылдан-жылға арта береді. Оларды қалай сусындырамыз?.. Ұзын сөздің қысқасы — бізге су шаруасының жоғарғы білімі бар мамандар керек. Біздің келешегіміз Сырбайлар емес, сол жоғарғы білімді мамандар болуға тиісті. Сондықтан, мен сенің институтқа кетуіңді мақұл көрем.

«Ұғындырып болдым» деген кескінімен, Рахмет Айбаршаға тағы да қарап еді, ол үндемеді. «Жеңдім» деген ойға келген Рахмет:

— Сонымен, уәделестік қой, осыған? — деді.

Рахметтің күткен жауабы «иә» еді, Айбарша тағы да тым-тырыс.

— Жақсы, келістік осыған! — деді Рахмет.

Рахмет жеппелдеткенмен, Айбарша өз сөзін ішінде берік сақтап отыр. Беріктігін ішке сол мықты сақтауымен ол кетіп қалар еді, егер Рахмет оған хоштасарда:

— Оқу бөлімінің бастығына, арыздарыңды іске тігіп қой дермін,— демесе.

— Тіксе тіге берсін, аға,— деді Айбарша,— өзге балалармен сөйлесіп көріңіз. Ал, мен өзім, сөзімнен қайтпаймын.

— Не сөзден? — деді Рахмет.

— «Жұмыста быйыл қалам» деген.

Не дерге білмей қалды Рахмет. Манадан айтқан сөзінің бәрі далаға кеткен сияқты болды оған. Іштей қатты кейіген Рахмет, өзін ұстай білетін қалпына бақты да:

— Жақсы, кейін кеңесерміз тағы,— деп қала берді.

Айбарша он жылдықты барлық сабақтан да «үздік» бағаға бітіріп аттестат алды. Үйіне барып осыған байланысты той жасатқан Айбарша Рахметті де шақырды. Тойға барған Рахмет, кезегі кеп қалған бір сәтте, Айбаршаның тамырын басып көрсе, баяғыдай соғады. Сөзі — «быйыл жұмыста қалам да, институттан сырттай оқыймын».

Қанал құрылысы 1940 жылдың күзінен 1941 жылдың көктеміне көшетін болған соң, Рахмет Айбаршаға тағы бір жолығып сұраса, баяғы сөзінен әлі де танбайды. Рахметке: «осыны тартпақтайтын жұмыс емес, басқа бірдеме ғой» деген ой келді. Сол ойын жасырмай Айбаршаға айтқанда:

— Не деп ойлайсыз «басқа бірдемені?» — деп сұрады Айбарша.

Дәулет пен Айбаршаның өзара сүйіспеншілігі барын білетін Рахмет, тік мінезді Айбаршаны өкпелетіп алмайын деген оймен, осы жөнде жұқалап айта кеп:

— Ойың осы болса, оған қосыла алмаймын,— деді сөзін аяқтап.— Қосыла алмағанда, Дәулетті саған, сені Дәулетке қыймайды емеспін. Екеуің де бір-біріне теңсің. Тек, менің айтарым — оқуыңды бітіріп ал да, содан кейін қосыл.

— Көрерміз оны,— деп жалтақтатқан Айбаршаға:

— Қашан көресің? — деді Рахмет,— оқуға баратын болсаң, мезгілі таяып қалды. Арызыңды беру керек.

— Арыз бере алмаймын, аға!

— Неге?!

— Қаналды қазысам дегенім деген.

— Алдағы жылда қазылатын болды ғой ол канал, соған шейін отырамысың ауылда?

— Отырам.

— Неге?!

— Әйтеуір қазысатын болған соң, бір жыл оқып келген не болады.

— Сырттан да оқыймын деген жоқсың ба? Содан кем бе, институттың өзінен барып оқу?

— Кем емес, артық.

— Ендеше?

— Кісі оқуға бармау керек те, барған соң қайтпау керек.

— Қайтпасаң нетеді?

— Бұрынғы сөзіңіз ғой ол. Менің пайдама айтылған сөз. Сонда да орындай алмаймын оны.

Рахмет ашуланып қалды. Тек, тойға келгендігі ғана бөгеді оны, әйтпесе «ақылың жоқ қызбысың өзің, неменесің? Өз дегеніңнен аумайтын қыйсық екенсің!» — деп кетіп қалар еді.

Тойдан кейін салқын амандасып кеткен Рахмет, Айбаршаға ұзақ уақыт жоламай жүрді. Сонда күткені — Дәулетке Айбаршаның қосылуы еді. Егер ондай тойға шақырылса, Рахмет бармауға бекінді. Құлағын Айбарша жаққа түріп ұстаған Рахмет тойды күн сайын күтті, үміті оны күн сайын алдай берді. Астыртын сыр тартатындарды жіберіп көрді ол.

— Біз таныған қыз болса,— деп келді олар,— күйеуге әлі шыға қоятын ойы жоқ оның.

— Мұнысы не?! — деп хайран болды Рахмет.

Райкомның ризашылығымен, аудандық комсомол комитеті Айбаршаны күзге қарай Тартоғайдағы комсомол ұйымының секретары қып сайлады. Содан кейін «Әйтеуір ауылда қалатын болсаң, сені үлкендеу бір іске жегермін!» деп ұйғарды Рахмет.

Рахмет Айбаршаны не іске қосудың ретін келтіре алмай жүргенде, 1940—1941 жылдың қысында аудан орталығын Қабандыдан Алмалыққа көшіру мәселесі кеп шықты. Бұл жұмыстың орындалу тетігі аудан жұртшылығының ынта көрсетуіне байланысты боп отыр. Жұрттың ынтасын көтеруге мұрындық боларлық кісі керек. Оған дәл кеп тұрған адам — Айбарша...

Осыған ойын бекіткен Рахмет «Тартоғай» колхозына жүріп кетті.

Рахметтің машинасы Айбаршаның үйіне кеп тоқтай қалғанда, Дәметкен есік алдындағы тандырға күлше жауып жатыр еді. Айбарша үйде кітап оқып отырған. Дә-

меткенге де, ауылдың басқа адамдарына да машина таңсық емес. Талайы келіп, талайы кетіп жатады. Сондықтан, көшені бойлап зырлап келе жатқан машинаны Дәметкен елеген жоқ. Тек, шаңды бұркыраткан машина қақпасының алдына тоқтай қалғанда «бұ кім?» дегендей Дәметкен түрегелді. Со кезде, қолына оқыған кітабын көтере, үйден Айбарша жүгіріп шықты.

Қою шаңдақ машина маңынан сергіген кезде, машинаның есігін ашып шыға берген адамға қызы мен шешесі қараса — Рахмет. Оған жүгіріп барып амандасқан Айбарша:

— Үйге жүріңіз! — деп еді:

— Билік сенде емес, жеңгейде болар,— деді Рахмет Айбаршаға қалжыңдап,— рұқсатты со кісіден сұрайық.

Таныс сыпайы амандасқан Дәметкенге:

— Рұқсат болса қонамыз, жеңгей,— деді Рахмет.

— Қон, шырағым,— деді Дәметкен.

«Айбаршаның үйіне райком кеп қоныпты» деген сөз бүкіл «Тартоғайға» іле дүңк ете қалды. Бұл қонуды әркім әртүрлі жорыды. Көп жорудың ішінде:

— «Той» деп бір кеп, бұлайша бір кеп, мұның өзі осы үйге үйір боп болды-ау?!.. Жай келіс болса игі еді, бұл! — деушілер де болды.

— Жай емей немене дейсің? — дегенге:

— Еркек емес дейсің оны? — деді құдіктенуші,— ойында бірдемесі болады да...

Бұл хабар, колхозға мал өрісінен түн ортасын аудара келген Дәулетке де жетті. Оған қобалжый коймаған Дәулет, қонақты күтісу үшін Айбаршаның үйіне барса, шамы жанған үйде ешкім жоқ. Дәулет қора ішінде жарқылдаған отқа барса, Дәметкен жерошаққа орнатқан қазанға ет асып отыр.

Екеуі де қатты ыңғайсызданып қалды: «Қызың қайда?» деу Дәулетке ұят, қызы жоқ болу Дәметкенге ұят. Ұялмас еді, әлгі бір кезде Рахмет Айбаршаны далаға ертіп шығып, қараңғы түнге сіңіп кетпесе!

Қызының олай кетуіне Дәметкен риза боп отырған жоқ-ты. Жасы үлкен болса да, еркек адаммен жетікараңғы түнде Айбаршаның онаша кетуі, Дәметкеннің ақылына да сыймаған, ойын да қобалжытқан, бірақ, ол, бұл күнге шейін тыйым айтып көрмеген қызына, кетіп бара жатқанда «қайда барасың» дей алмаған, кеткеннен кейін,

неге айтпағанына өкінген.. Дәулет оның қасына, жанжүйесінің осындай тыйышсыздықта отырған қалпында келді...

Ол екеуі сондай ыңғайсыздықта тұрғанда, қаранғы жақтан қарандап бері беттеген екі адам көрінді. Дәметкеннің де, Дәулеттің де жоруынша, олар Рахмет пен Айбарша!.. Айбарша Рахметті қолтықтап апты...

Алдарынан қарсы барған Дәулетке Рахмет ыңғайсыздана амандасты, өйткені, Дәулет сыр бермеуге тырысқанмен оның қызғанышы даусынан танылып тұр еді. Соны сезген Рахмет:

— Кешір, Дәулет!..— деп келе жатыр еді:

— Неменені кешіреді? — деді Айбарша, сөз төркінін түсіне қап.

— Мезгілсіз кезде жүргенімізді айтам да! — деді Рахмет, әдейі ақкөңілсіп, Дәулетке кешірім сөзін айтып қалғысы кеп.

— Бізге контроль ма екен, бұл? — деді Айбарша, еркінсіген дауыспен,— осыдан сұрай ма екенбіз, қай уақытта қайда жүруді?..

Рахметпен түнде не кеңескенін Айбарша Дәулетке ертеңінде, мектептің комсомол комитетіне арналған бөлмесіне келгенде айтты.

— Ұзын сөздің қысқасы,— деді ол, «осылай да осылай» деп баяндай кеп,— аудан орталығын Алмалыққа орнатуда, бүкіл ауданның комсомолецтеріне біздің, «Тартоғай» колхозының комсомол ұйымы үндеухат жазатын болды...

«Тартоғай» колхозының комсомолецтері аудандық газетке жарияланған үндеухатқа, комсомолецтер ойдағы мөлшерден артық үн қосты.

Үндеухат колхоздардағы комсомол ұйымдарына ғана арналған еді. Бірақ, оған жауап, аудандағы отыз алты колхоздың комсомол ұйымдарынан басқа, осы аудандағы бес совхоздың комсомол ұйымдарынан да келіп жатты.

Әр хатта, қай жердегі комсомол ұйымы қаншалық кісі шығаруға ұйғарғаны аталып жазылып, келетін адамдардың тізімі тіркелді. Жауап хаттарды жыйнап қорытқанда, келетін адамның саны, Алмалық құрылысына керекті күштен әлдеқайда асып кетті...

Солардың күшімен Алмалықта және қазылмақ каналдың сағасында қызу қарқынды іс басталды...

Он үшінші тарау

«ТЕЛКӨЛ»

Өткен күз планы ғана сызылған Алмалықтың көшелерінде, 1941 жылдың көктемі басталған кезде ірлі-ұсақты-лы үйлер көбейіп қалды. Екі этажды Совет үйінің ішкі-сыртқы қабырғалары түгел қаланып боп, шатыры жабылып, төбесі мен сәкісі төселіп, шеберлер ішін сылау мен өрнектеуге кірісе бастады. Негізгі жұмысы бітіп болған больницаның бірнеше палаткалары қызметке кірісті. Клубтың іргесі қаланып боп, қабырғалары өсуге айналды. Қалалық монша жылдың басынан жұмыс істеді, салынып болған электростанцияның бірнеше машиналары марттан бастап қыймылға кіріскенмен, әзірге канал құрылыс объектілерін ғана қамтамасыз етті. Механикалық және кірпіш заводтары өткен күзден-ақ тоқтаусыз жүрді.

Қанал құрылысына қажетті құрал-саймандар қыстай тасылып жатты: көктемге дейін бірнеше экскаваторлар, тракторлар, грейдерлер, тасты уататын, бетонды араластыратын машиналар әкелінді... Мыңдаған кетпендер, шоттар, күректер, қайлалар, зембілдер жергілікті мастерскойлардың өздерінде даярланды... Құрылысшыларға керекті: кілем-кешек, ыдыс-аяқ, төсек-орын, сабын, темекі сияқты бұйымдар қоймаларға күн бұрын үйілді.

Бақабастың канал сағасы алынатын тұсы кең қазылып, темірлі бетонмен бекілуге кең алқап даярланды. Қажетті мөлшерден әлдеқайда кем болғанмен, темір мен бетонның алғашқы партиясы келіп те үлгерді. Бетонданатын сағаға айнала салынатын қарабураға жүздеген тонна қамыстар байланды. Сағадағы үлкен шлюздің сұлбасы (каркасы) салынып болды...

Осы жұмыстардың бәрін, «Тартоғай» колхозының комсомолецтері жазған үндеумен жыйналған комсомолецтер атқарып жатты...

Жұмысқа ынталы жастар, бос уақыттарын көңілді өткізді. Олардың ішінде, драмалық, әдебиеттік, ән-күйлік үйірмелер ұйымдасты. Саяси және спорт үйірмелері де ашылды. Клубта шахмат пен дойбы үйірмелерінің жарыс ойындары жүріп жатты. Дарияның мұзында сырғанақ алабы құрылды. Демалыс күндері жастар шаңғы жарысына шықты...

Осының бәріне сүйсіне қараған Байжанда, араласуға

ында бола тұра, уақыт болған жоқ. Оның үстіне жұмыстың ауырлығынан ба, әлде бұл араның қысында дағдыланбауынан ба, ол көктемге қарай қазыла жүдеп, тымаудан арылмайтын халге түсті...

Оның бұл халіне өзгеден гөрі Гүлнардың тыйышы кетті, сондықтан ол Қызылордадан Алмалыққа қыс ортасында біржола көшіп келді де, больницаның қызметіне орналасты. Содан кейін, Қызылордаға апарып, дәргерлерге тексертіп көрсе, шаршау мен аздап тымауратудан басқа дерті жоқ екен. Дәргерлердің айтқан ақылы — каналдың жер қазу жұмысы басталғанша дем алу. Бірақ, оған уақыт қайда — жұмыс бастан асып жатыр...

Байжанды демалыска көндіре алмаған Гүлнар оның күтіміне көңіл бөлді. Байжан жылқы етін жақсы көретін еді. Алмалыққа келе, Гүлнар бір семіз байталды сойдырды да, соның етінен күн сайын дәмін келтіре бесбармақ асып берді.

Бабы келе біраз оңалған Байжан, Гүлнардың ойындағыдай халге келе алған жоқ. Оның себебін Гүлнар ұйқыға байланыстырды. Бұл жөнде қанша режим сақтатам дегенмен, айтқанын орындауға Байжанның уақыты жоғын Гүлнар көрді. Сонда да, кейде баласындай ұрсып мезгілімен жатқызса, таңертең оянғанда орнын сыйпайды. Оралып келгенде «мұның не?» деп ұрысса, шешенің алдындағы кінәлі баладай еңсесін түсіріп, жалбарынышты көзбен қарай қояды. Сұс бергісі-ақ келмеген Гүлнар, сүйікті жарының баладай мінезіне күліп жібереді де:

— Қайталаймысың, енді? — дейді, назды дауыспен.

— Жоқ! — дейді Байжан да еркелеген дауыспен.

Осы назды сұрау мен еркe жауап күн сайын қайталайды да, ешуақытта орындалмайды... Ұйқыдан басқа уақыттарын ол үнемі құрылыс басында өткізеді...

Көктем бастала, Байжан мен Самарқан «Телкөл» аталатын жайлауға баруға жыйналды. Бұл хабарды Гүлнар қуанышпен қарсы алды, өйткені, Телкөл — Сарысу өзені құйылатын алыста. Жері бетегелі, селеулі келетін ол төңіректің ауа райы, Гүлнардың ұғымында Сырдан әлдеқайда жақсы. Ол тұстың көлдерінде қазір сыңысқан қалың құс, соларға аңшылауға да болады, ендеше, шаруашылық мәселелерге байланысты болғанмен, бұл сапардан Байжан біраз дем алып қайтады.

«Эмкаға» мінген Байжан мен Самарқан, Телкөлге таң біліне аттанды. Сыр өлкесінің көктем алдындағы қарасуы-

ғына бүріскен олар, көктемнің басталғанын Сырдан алыстаған сайын көбірек көрді.

Сырдың Телкөл жақ бетінде, шамасы елу-алпыс шақырым жерде «Сәдірсарайы» аталатын ескі тамның жұрнағы бар. Тұрғын елдің ұғымында «Сыр өлкесі» осыдан бітеді де, әрі қарай «Дайралықтың тақыры» аталатын, тегістігі тақтай сөкідей жазық дала басталады. Ара-тұра шоқтала өскен сексеуілдерге үйірілген құм төбелер болмаса, бұл тақырда көз тоқтарлық ешнәрсе жоқ. Тек, көктем туып, қар ерігенде ғана, кейбір қайқандау тұсына қақ тұрып, терендігі үш-төрт елі ғана су телегей-теңіз сияқтанып, желді күні беті толқынданып жатады.

Біздің сапар шыққан адамдарымыз, бірінші көкті, осы «Дайралықтың тақырына» жете кездестірді, ол — сабағы сыйдамданып, басы бүршіктеніп өсетін «қарғатұяқ». Бұрын көрмеген Байжанға мұның не шөп екенін Самарқан таныстырды.

— Гүлі ұшып піскен кезде,— деп мақтады ол «қарғатұяқты»,— мұның тамырын қазып жесең сүт татып және иісі жұпардай аңқып мейіріңді қандырады...

— «Бүркіті жоқ қоразын мақтайды» деген,— деп күліп қойды Байжан,— жерінде жабағыдай ұйысып, жібектей оралып жатқан бетеген болмаған соң, шошқаның қылтанындай тікірейіп сыйдам өскен «қарғатұяғыңды» мақтамай қайтейін деп ең!..

Әзілдесіп отырған олар, Дайралықтың тақырын орталай қалың көшке кездесті. Бұлар, жаздың ерте басталуымен, Телкөлге ерте айдалып жатқан колхоздардың малдары екен. Одан әрі кездескен көштер мен малдар, ұзақ жолдың өн-бойына тұтасты да отырды. Бұлардың ішінде араласа өрген қойлар да, сиырлар да, жылқылар да, түйелер де табындап кездесті...

Табын малдарды ілгері қарай өргізе жайған көштердің біразы жол бойына бытырай тоқыраған екен; себебі, кейбір колхоздар малдың, әсіресе қойлардың төлдер шағын шамалай алмай қап, көш үстінде жаппай төлдеу басталыпты да, еріксіз кідіртіпті. Осыларды аралап, қойдың сары уызын іше жүру біздің эмкадағыларға аса зор рахат болды.

— Апыр-ау, мал деген бұл облыста осынша көп пе еді,— деп хайран қалды Байжан, бір-біріне жалғасқан табындардың арасын жара жүріп келе жатып,— ұшы-қыйырына шығып болмайтын дүние ғой, мынау!

— Енді калай деп ең, жезде? — деді, Самаркан, өз облысының шаруашылық жайын білетіндігін көрсеткісі кеп және облыстың халі бұл мәселеде жақсы болғандықтан мақтанғысы кеп,— білмейсің бе, жезде, Қазақстан Орталық Партия Комитеті мен Халық Комиссарлар Советінің ауыспалы қызыл туы біздің облыста екенін?

— Солай екен ғой, айтпақшы!

— Қызылорданың республикадағы ең бай облыстың бірі екенін газеттен оқу бір сәрі де, сол көп малды көзбен көру бір сәрі ғой жезде,— деді Самаркан, Байжанның көп малдан алған әсерін күшейте түскісі кеп,— «тіл тиеді», «көз тиеді» дейтін баягы заман емес, не деген көп мал, бұл!.. Жердің жүзіне, күннің көзіне сыяр емес қой!..

Самаркандың мақтанып кетуіне Байжан қарқылдап күлді де, көңіліне кеп қалар деген оймен, күлкісін тез тыйып:

— Рас,— деді мақұлдап,— неше ауданның малы екен мұның өзі?

— Осы тұстағы үш ауданның ғана,— деді Самаркан,— олардың да барлық малы емес. Ірі қаралардың көпшілігі әлі Сыр бойында.

— Өзге аудандардың малдары қай жайлауға шығады? — деді Байжан.

— Мойынқұмға, Қарақұмға...

— Жайылымға жете ме, ол құмдар?

— Түүһ, білмейтін бе едің құмды жердің Сыр өлкесінде қанша екенін?! — деді Самаркан.— «Брутто», «нетто» деп бөліп жүрген жоқсыңдар ма бұл өлкенің жерлерін? «Бруттосы» — егінге жарарлық жер деп, «неттосы» — егінге жарамсыз жер деп? Есіңде бар ма, «неттоның» қанша екендігі?

— Шамасы, 95 процент қой дейміз.

— Сонда, осы 95 процент «неттоның» мал жайылымына қаншасы «брутто» екенін есептеген кісі бар ма екен?

— Қайдам,— деді Байжан,— менің есебімде егіндік жердің «бруттосы» бар. Мал жайылымының «бруттосын» есептеген емеспін және есептеймін деп ойламаймын да. Қайтем, есептеп, землемер емеспін, малшы емеспін.

— Онда, есептемесем де мен-ақ айтайын. Әлгі, 95 процент деп отырған «неттоның» шамасы алпыс процент — Қарақұм мен Мойынқұмда ғой деймін, қырық процент — Қызылқұмда. Қарақұм мен Мойынқұм малдың жазғы жайылымы, Қызылқұм — қысқы жайылымы. Осы жайлау-

ларда, малға жайылым болмайтын бір процент те «нетто» жоқ десем артық болмайды ғой деймін. Бұл құмдардан мал жұтап көрген емес. Өзге өсімдік шықпай қалғанда, жалғыз «қоянсүйекті» жеп те мал күн көреді.

— Не ол «қоянсүйек?»

— Ағаш пен шөптің арасындағы бірдеме. Тегі, сексеуілдің азғыны ғой деймін. Құмға қаптап өседі. Жыл сайын көктемде ағаштай көктеп жапырақтанады. Дәмі жусан сияқты ашқылтым. Көктеген кезде, мал оған өліп кете жаздап, өзге көк шөпті оттамай, соның басын ғана шалады. Жапырағы тез ұшады, одан кейін, ашықпаған мал жемейді, ашыққан мал бұтағын жесе, сұлыдай семіртіп жібереді.

— Тамаша екен ғой,— деді бұған шейін «қоянсүйек» дегенді білмейтін Байжан, Самарқанның ол туралы кеңесін қызыға тыңдап,— білмейтін байлығымыз көп-ау жердің үстінде де, астында да.

— Әрине, көп. Мысалы, айтып келе жатқан құмдар. Білмейтін жұрт «құм» деген атынан қорқады. Білген кісіге тамаша ол!

— Мүмкін, Сыр бойының құмы ғана солай болар? — деді Байжан қуланып.

— Мүмкін. Әркім білгенін мақтайды да. Мен өз жерімнің, өзім жасымнан ішінде өскен құмын мақтаймын. Және, мақтауға тұрарлық болған соң мақтаймын. Малдың семіздігін мақтағысы келген қазақ: «түгін тартса майы шығады» дейді ғой. Сол айтқандай, Сыр бойының құмының түгін тартсаң майы шығады. Білмеген жұрт «шөл» деп ойлайды ол құмды. Қайдан шөл болады ол? Белес құмдардың арасынан бұлақ ағып жатады!.. Төртбес метр құдық қазсаң, суы бір табын малға жетеді.

— Бай екен онда,— деді, бұл темада кеңес тыңдауға жалыққандай болған Байжан, Самарқанның сөзін аяқтағысы кеп.

— Әрине, бай,— деді Самарқан, шалқыған кескінмен,— сіздер ойлайсыздар, Сыр бойын егінмен ғана байытамыз деп. Қате пікір. Егінмен де байыйық. О да өркендей берсін. Бірақ, Сыр бойының байлығы ол ғана емес. Сырдың егін жөніндегі қазіргі байлығынан да, келешектегі байлығынан да, малының қазіргі және келешектегі байлығы кем болуға тиісті емес.

— Артық болса да қызғанбайық,— деді Байжан күліп.

— Қызғанар ең,— деді Самарқан қалжыңды дауыс-

пен — егер, артылтпауға шаманың келсе. Келмейді шаман. Қайдан келеді, Сыр бойындағы егінге жарайтын барлық «брутто» — бес-ақ миллион гектар жер, одан артықты таба алмайсың. Ал, құмдарына малды неше миллион қып өсірсең де жете береді: мейлі он, мейлі жүз миллион болсын!..

— Аздап кемітуге болмас па екен,— деді Байжан күліп.

— Мәселе кеміту, өсіруде емес,— деді Самарқан салмақты дауыспен.— Мәселе, малдың басын өсіруде. Сталин жолдас айтыпты дейді ғой, Қазақстан Шығыстағы мал шаруашылығымыздың базасы болу керек деп. Сондай мал өсіп жатқан да, өсетін де ең жақсы базаның бірі біздің Сырдың құмдары. Малдың көбеймеуіне бола ма, егер жаз да, қыс та аңызын оттап шығуға өсімдігі жетіп тұрса... және малға жағымды өсімдік болса?

— Әрине. Бірақ, сапын ғана өсіре бермей, сапа жағын да ескеру керек болмаса?

— Әрине, керек болады. Бұл құмның малы — қой ғой. Қаракөл қой дегеніңіз, жуырда ғана келгенмен, бұл құмдардың ата малындай боп алды. Қозыларының терісі, ең мақтаулы қарақалпақ қаракөліне беріспейді.

— Рас ол, әнеукүні жолым түсіп, «Бірінші май» колхозына соғып ем, кейбір күйек-асты болған қойлар қозылап жатыр екен, сонда бір шал «мынау Анатөлдің немересіне сыйым» деп, бұйрасы маржандай тізілген күрең қаракөлді ұстата берді.

— Немересі кім? — деді Самарқан.

— Оның жобалар десем, сұрағаның не қылғаның? — деді Байжан жымыйып.

Ім-м-м, білдім, деді Самарқан,— бауы берік болсын деп тілейміз де, ол немереңің?

— Әмин! — деді Байжан,— сонымен, әлгі шал берген қозының терісіне қарасам, бақайшақтарына, құйрығына, шаптарына шейін бұйра!.. Ондай бұйраны көрген емен!..

— Көрмесең біздің елден көр! — деді Самарқан сергіп,— жалғыз біздің ауданнан быйыл сексен мыңға жақын қаракөл қой қозылайды десіп жүр, соның бәрі де сол сапқа берген елтірідей болады...

Машина бұл кезде, алдында мана бұлдырап көрінген бұйрат құмға таянып қап еді. Бұйрат жолдың күнгей жағына ғана біткен және өркештенген биік. Сол құмды орай жылжырап келе жатқан машина, бір қалтарыстан өте бер-

генде, алдағы жазық дала́да, сағым ішінде бұлдырап бір керемет көрініс ұшырай кетті: екі салт адам қашып барады, бір түйе оларды қуып барады... Құм арасында жайылған бір топ түйе, оларды қызық көргендей, мойындарын көтере, бастарын қақшыйтып қарасып тұр.

— Көрдің бе ананы? — деді Байжан Самарқанға.

— Көрдім.

— Бура қуып барады ғой, анау екі адамды!.. Байқайсың ба, қашқанның біреуінің аты еркін сияқты?.. Артындағысының аты тегі қаржалған ба, қалай?

— Меніңше, қаржалған ат емес. Оның да аяқ алысы жыйнақ. Алдыңғысы жүйрік, кейінгісі топырыш ат болуы мүмкін...

— Әйел сияқты емес пе, арттағы адам?

— Иә, әйел,— деді Самарқан үнілe қарап,— түйе жетуге айналды... Әйелді алады ол... құтқару керек!..

— Қалай?

— Бұрыламыз да тартамыз, соларға қарай!.. Жер — жазық!..

Рульде отырған Байжан машинасын түйеге қарай бұрды да, бар жүрісімен айдады...

Жазықтың тегістігі асфальттай екен. Бура салттыларды ұтса, машина бураны ұтты. Бірақ, машина канша ұтқанмен, бура мен машинаның арасы алшақ, салттылар мен бураның арасы жақын; бура салттыларға машинадан бұрын жететін...

Түйе салттыларға тіпті жақындап қалған кезде, алдындағы салтты артына кілт бұрылды да, бураға қарсы дүрсе қоя берді. Түйе қарсы ұмтылған адамнан сескенгендей, жерге төсей шапқан мойнын қайқайта көтеріп алды...

...Қарсы шапқан салтты түйемен айқасып кеп кетті. Түйені салтты ұра алды ма, жоқ па, оншасын машинадағылар шамалай алған жоқ. Тек, олардың айқын көргені — салтты тоқтай қалған түйеден машинаға қарсы ағып өтті. Жолаушылар «енді не болар екен?» деп аузын жыйғанша, тоқтаған түйе артына кілт бұрылды да, салттының артына түсіп кеп берді!..

Не деген жүйрік екенін кім білсін, недәуір жер кетіп қалған салттыны түйе бастырмалатуға айналды... Екінші салтты да түйеге қарай шапты... Машина әлі алысырақ... Түйе салттыны бұрын шалатын...

— Мылтықты ал да ат! — деді Байжан Самарқанға, мынау құтырған бура екен, енді салтты алады...

— Ок жетер жер емес қой,— деді Самарқан.

Аты қаржалды ма, әлде бойын жыйнап әдіс қолдангысы келді ме, салтты атының қарқынын тежеген сыяқтанды... преленден қуған түйе тақалып қалды...

Түйенің бұл жолы тістеуге ойлағандығы, қуып жеткен аттың қыр аркасын көлбете, ат үстіндегі адамға соза берген мойнынан байқалды...

Түйенің созған басы аттың сауыр жағынан үстіндегі адамға жақындай бергенде, салтты ерге бір жамбастай отыра қап, бастан ұрып кеп жібергенде, түйе омақата кеп құлады.

— Ұруына болайын! — деді сүйсініп кеткен Байжан.

— Ұру емес, ату гой, мынау! — деді Самарқан қостап.

Со кезде алдыңғы салтты а арткы салтты жетті де, екеуі қатарласа, машинадағыларға қарсы шапты... Олар машинаға жеткенше, түйе құлаған орнынан түрегелді, бірақ бойына әрең ие болғандай теңселіп, басын шайқап, құйрығын бұлғақтатып сол орында тұрды...

Ағызып кеп қалған машинаға жақындағанда, салтты-лар тоқтай қалды. Машина да тоқтады. Таныс адамдар: түйені соққан — Дәулет, қасындағы — Айбарша!.. Екеуінің де кескіндері күп-күрең!.. Дәулеттің иығында асынған мылтық...

— Бұл не? — деді Байжан Дәулетке.

— Артынан естірсің жезде, әуелі бураны көрейік! — деді Дәулет.— Өлмесе де өлімші болған шығар!..

— Немен соқтың, өзің?

— Мынамен! — деп Дәулет оң қолына ұстаған дырқамшыны көрсетті: сабы қысқа, алақаны жалпақ, өрімі әлді білектей жуан, ері ұшындау келген қамшы екен.

— Жүр, жезде көрейік! — деп Дәулет атын тебіне жөнелді. Машина да қозғалды... Жеген таяқ батты ма, әлде машинадан үрікті ме, беттегендер таяна бергенде, бура бұтын талтайтып, құйрығымен жаясын сабалап, аузынан жынын шашып аз шабынды да, бет-алды құладүзге каша жөнелді.

— Ал, құдық! — деді Дәулет атын тебіне жөнеліп.

Оның астындағы, Байжанды алғаш қарсы алғанда мініп шыққан құла жорға екен. Жорғасы мұндай қатты болар ма, дедектегенде құстай ұшты. Машинасының аттан озбауын намыс көргендей, Байжан жылдам жүрісіне са-

лып жіберіп еді, төселген тақтайдай тегіспен зымыраған машина аттан озып кетті.

Қашқан бураны машина ілезде қуып жетті. Тағы да бір «пәленің» таяғының дыбысынан аңғарған бура, бас сауға іздеп, артына жалтақтай, жан-жағына жалтара қашты. Бураның сасқанын көріп еркінсіген Байжан алдын ораса, оң көзінен қан шұбырып тұр!.. Құтырған бураның бәріне тәуелді дағдымен, бұл бураның да өнеші аузынан шығып, қып-қызыл боп салбырап кеткен... Машинасын тоқтатқан Байжан, қасынан ағып өте берген Дәулетті айқай сап шақырып алды.

— Көрдім,— деді ол Дәулетке,— көзін шығарыпсың. Несіне қуасың енді.

Айбарша да жетті. Дәулетті ол кекете келді.

— Не болды, сонша еліре шауып? — деді ол, Дәулетке тікіленіп.

Дәулет «айыптымын» дегендей төмен қарады.

— Бәсе, деймін-ау,— деді Байжан Дәулетке қарап, Айбаршаны аздап ұйтқыттағысы кеп,— артына қарайламай шабасың. Атыңның ұшқырлығын көрсеткің келе ме Айбаршаға?

— Онда сіздің жұмысыңыз қанша, жезде-еке? — деді Айбарша,— қыстырылмай-ақ қойыңыз, бойыңыз сыймайтын жерге!..

— Э, солай ма еді, балдызым,— деді Байжан, жымыйып,— жіксіз біріккен адам болсандар кіріспей-ақ қойдық. Менің жоқтағаным сенің намысың еді.

— Рахмет, жезде! — деп Айбарша атынан түсті де, қарығын бастыр, аттарды аяңдатып кел! — деп атының тізгінін Дәулетке ұсынды.

Дәулет Байжанға жымыя бір қарап алды да, Айбарша берген тізгінді алып, атын үн-түнсіз жетектей жөнелді.

— Правильно делаешь товарищ колхозница! — деді Байжан.— Мұның халық мүлкіне қамқорлығың. Дұрыс па, Самарқан?..

Солғын жүзді Самарқан жауап берген жоқ. Айбарша мен Дәулеттің арасындағы сүйіспеншілік қылықтар Самарқанға бататынын біле тұра, әлгінде басына келген бір әзілді аяқтағысы келген Байжан:

— Азар болса, «кіріспе» деп тағы сөгерсің, балдызым, — деді Айбаршаға,— сонда да айтайын, сенің астыңа топырыш беріп, жорғаны өзі мінгені несі, Дәулеттің?

Айбарша Дәулетті арашалай жауап берді:

— Жорғаны мінбеген өзім,— деді ол.

— Неге?

— Басы қатты. Әнеукүні мінемін деп, қолымды қарыстырып тастаған.

— Балуан қыздың бірі ме деп жүрсем, сен де нәзік пе едің, балдызым?

— Атымыз «әйел» ғой жезде-еке, қара күшке еркекпен қалай теңдесе аламыз және Дәулет сияқты жігітпен!..

— Солай ма?! — деді Байжан күліп,— ал, жол болсын!

— Әлей болсын, жезде. Малшы емес пе, әлгі Дәулет деген. Қыстай құрылыс жұмысында боп, малын сағынып қапты. Бақкан малы Телкөлге кетті деген соң, көріп қайтуға келе жатыр.

— Сен?

— Босқа жол шеге ме кісі? Менің де жұмысым болғаны да.

Әңгіл соңдағы әрі қарай орбітуге, аттарын тыныстатқан Дәулет көп қалды.

— Жүреміз бе? — деді ол Айбаршаға.

— Жүрейік,— деді Айбарша, атына беттеп.

— Мүмкін, машинаға мінерсің, балдызым? — деді Байжан.

— Рахмет, жезде. Атым тыйыш.

— Бура қуған қызықты сұрамаппын-ау, — деді Байжан Дәулетке, Айбаршаны қолтықтай атына мінгізе беріп.

— Байлауда жатқан бура ғой деймін, — деді Дәулет, сабаны үйілген нүктасы басында тұр. Және шөгіп көп жатқандықтан тіпс жүндері де түсіп, қара қайыстанып қалыпты. Мейлінше жараған ку екен, өзі...

Дәулет Айбаршаға қарады да, кідіріп қалды. Оның айтайын дегені: «Маған бура я жетер, я жетпес еді, Айбаршаға қарайладым» деу еді, оны түсінгендей Айбарша «айтпа» деген кескін көрсетті.

— Қолың да қатты екен, қамшың да өткір екен! — деді Байжан, — қайдан алынған қамшы, бұл?

— Баларақ күнімде, — деді Дәулет, — әкем Сарысу бойындағы жекжатына ертіп апарып, ат-түйедей қалап алып еді, Сарысу елі мұндай қамшыны төбелес үшін өргізіп, атқа мінсе, ердің басына қыстыра қоятын көрінеді.

— Неше таспа екен өзі?

— Жыйырма төрт. Өзегіне қорғасын сап өрсе керек.

Иесі батыр және аңшы кісі екен. Даланың тағы қабанын осы қамшымен бір тартқаннан қалдырмайтын едім деп отырды.

— Болар, болар, — деді Байжан қамшыны қолына алып, салмақтап көріп, — мылтығың бола тұра неге жұмсадың қамшыны?

— Қолымның күшін сынайын дегенім де!..

«Мақтанба!» дегендей Айбарша Дәулетке көзін алларта қарап қойды.

— Ал, жақсы, — деді Дәулет, қайтып берген қамшыны қолына ап, жүретін ыңғай көрсетіп, — біздің ауылдың бақташыларына бара берерсіздер. Телкөлдің қоспақ тұсында отырған болар. Біз де кешікпей жетерміз.

Байжан Самарқанға қарап еді, кескіні ыңғайсыздау екен. Байжан ол халін сезбеген қалпын көрсетті.

Айбарша мен Дәулет жөнеле берді.

Он төртінші тарау

ТҮНГІ КЕҢЕС

Айбарша мен Дәулет жөнелгеннен кейін машинаға міне берген Байжанның аузына: «мынадар біржола қосылып болған адамдар ғой» деген сөз кеп қап еді, «мына» дей берді де тоқтай қалды.

— Бірдеме айтайын дедің бе? — деп сұрады, қасына отыра берген Самарқан.

— Жай, — дей салды ыңғайсызданған Байжан, машинаны жүргізе жөнеліп.

— «Мына» деп келе жаттың да тоқтай қалдың ғой!

— Жай, мына кең даланың маужырап рахатта тұрғанын айтайын деп ем де; осы кез ғой, бұл араның жақсы шағы, жаздыгүні күйіп тұрады ғой, бұл шөл!..

— Солай ма? — деді Самарқан, Байжанның шынын айтпағанын біле тұра, қыстағысы келмей.

Одан кейін екеуі ұзақ уақыт үн қатыскан жоқ. Неге үнсіз отырғандары екеуіне де түсінікті сыяқты: Байжанның үндемеуі — «онсыз да жаралы» деп есептейтін Самарқанның жүрегін тырналамау. Самарқанның үндемеуі — Айбаршаны Дәулеттен қызғана отыра, онымен таныс болғаннан бергі күндерін көз алдына келтіру.

Бұл таныстықтың тарихы ұзақ емес. Әке-шешесінен жеті-сегіз жасында жетім қап, асырап туыскандары

болмай, Арыс станциясындағы детдомға түскен Самарқан, орталау мектепті сол детдомда бітірді де, 1929 жылы Ташкенттегі су шаруашылық техникумына түсті. Онда төрт жыл оқып дипломын алған ол, өзінің туған ауданына келді де, аудандық су шаруашылық мекемесіне техниктік қызметке орналасты.

Қызметке кірісер алдында ол мекемесінен рұқсат алып, туған жері Тарторғайға барып қайтты. Бұл оның детдомға кеткелі бірінші баруы еді. Қарындас-туысы жоқ оған, Тартоғайдағы тұрғын адамдардың «алда, бақыр-ай, Қожа екеміің баласы екенсің ғой, «ат тұяғын тай басар» деген, жігіт боп қапсың ғой; бәрекелді, өмірлі бол» деген сыйлы сөздері жүрегін елжіретерліктей әсер берген жоқ.

Жасында кетіп жатырқап қалған қоныста ол сырғақсып үйық түрп алмай, бірер күнде қайтып кетті. Былай шыға өзіне «кені көрдім, кімді көрдім?» деп сұрау бергенде, есінде қалғаны — «осылардың әкең қолынан егіп еді» деген бес-алты терек; адамнан есінде қалғаны — «шырағым, үйге жүріп дәм татшы!» деп арнап шақырған төрт-бес адамның ішінде Айбаршаның әкесі Қарымсақ.

Аса ықласпен күткен Қарымсақты есінде қатты тұтқан Самарқан, артынан да Тартоғайға соқса, түсіп сәлем беріп, амандасып жүрді.

Айбаршаол кезде жас жағынан жаңа өспірім, мінез жағынан шалдуар, еркек-шора қыз болатын. Араға бірнеше жыл түсіп, әкесі өлгеннен кейін Айбаршаны Самарқан Рахметтің үйінде кездестірсе, соктауылдай қыз боп қапты!.. Және қандай қыз — піскен алмадай!..

Самарқан сол сәттен бастап оны есіне ұстады да, жолыққанда пұлына түспеген сөздерін, бір ретте хатпен жолдады. Хатқа қысқа жауап қайтты: «Аға! — деп жазыпты Айбаршаның, — бұдан былай мұндай хат жазбауыңызды өтінем. Жазсаңыз реніш болады».

«Неге ренжіді? Ренжірліктей не жазыппын оған?» Бұл сұраудың жауабын Самарқан ойлап-ойлап таба алмай-ақ қойды.

Ауызша сөйлесе алма, хат жаза алма, сырын енді қалай ақтармақ? Осы арманда жүрген Самарқанға, 1939 жылдың күзінде, Айбаршамен еркін сөйлесудің реті келе қалды.

Самарқан әлдекалай жолаушылай қалды. Ол салт сай. Әдеп ол қатты жүруді жақсы көретін. Сол дағдысы-

мен құмға біткен қалың сексеуілдің арасында шоқытып келе жатса, алдынан салт мінген Айбарша кездесті. Тоқтай қап жол сұраса, Қабандыға оқуға барады екен.

Айбаршаның тік мінезінен қаймығатын Самарқан, өзі білетін сыпайы әдістің бәрін қолданып сөзге келтіріп алды да, туралап айтпағанмен, көңіл күйін сездірді. Оны түсінген Айбарша, есін білген қыздың түлкі жортағына салып, қоштасқанда Самарқанның кеудесіне үміт сәулесін қалдырған сияқтанып кетті.

Арманы алыста болғанмен, сол арманның ұзын арқауының ұшы қолыма ілікті деген үмітте жүрген Самарқан, көлденең тұрар бар ма екен деп қарастырғанда, алдынан Дәулет шыға келді. Жұрттың сөзіне құлақ қойса — Дәулет үлкен кедергі; өз ойына салса — оншалық кедергі емес сияқты. «Қалай кедергі болады? — деп ойлайды Самарқан, — кедергі болар еді, не менен жоғары болса, не менімен қатар болса! Ол — оқымаған, мен — оқыған... Екеумізді қалай қатар қояды, ол?»

Самарқан қызды сыртынан өзімсініп жүргенде, Айбаршаның Дәулетке бейімделіп бара жатқандығы байқалды. Шын қызғаныш оның көңіліне содан бастап кірді... Не істеу керек?.. Әрине, шама келсе, қыздың бетін өзіне бұру керек!..

Олай ойламас еді, егер қыз, емексітуін доғарса. Қыздың бұрынғы ақжарқын қалпы әлі де ақжарқын. Тек махаббат мәселесі туралы ғана аузын ашырмай, егер ол жөндегі сөздің ұшығы көріне бастаса, «мен кетем, аға!» деп дағдылы қорқытатын сөзін көлденең тоса қояды. Үмітін үзбеген Самарқан, «кетсең кет» деп қалай айтсын. «Жанжалы құрсын, — дейді ол, — қойдық!»

Қызғаныштың үлкені — 1940 жылдың күзінен басталды: Алмалық қаласын салуға жыйналған комсомолецтер де, канал құрылысына жәрдемдесуге жыйналған комсомолецтер де бірнеше бригадаға бөлініп, бригадалар өзара социалистік жарысқа түскенде, Дәулет пен Айбаршаның бригадасы шарт жасасты. «Бұл екеуі қайда болса да жұбын жазбауға уәделескен екен!» деген ой келді Самарқанға. Оның бұрынғы қызғанышы үдей түсті. Дәулеттен жеңілдім деп санаған ол, сүйгенін көзіне күйік қылмай, бұл маңнан кеткісі келді де, Байжанға шынын айтты. «Осылай да осылай» деп бар сырын баяндап кеп:

— Сенен өтінішім, — деді ол, — маған рұқсат бер, өйткені менің де өзімше арым, намысым, кегім бар; басы

жұмыр пендемін ғой, Айбаршаға құмарлық ойымды үнемі ақылға билетіп жүре алсам жақсы, өйтпей, бір күні, күншіл қызғаныш жеңіп кетіп масқара болсам, маған обал болар, саған да ыңғайсыз болар...

Бұл сөздердің бәріне мән бере тыңдаған Байжан:

— Рас қой, оларың, — деді жауабында, — бірақ, менің қолымда емес қой, сенің қызмет мәселең, обкомның қолында ғой.

- Сенен өтінішім, — деді Самарқан, — маған тек, «рұқсат» деген бір ауыз сөз айтсаң жетті, аржағын өзім шешіп алам.

Енді ғана жалтарудың орынсыз екенін көрген Байжан **турасын айтты**:

Бұл сөздер, — деді ол, — өткен жылы айтылса, мен **сөз де қайырмас** ем. Биыл амалсыз қарсы болам, өйткені **канал құрылысының** көп жұмысы сенің қолыңда. **Көзіңе мақтанышым емес**, сен сияқты қызметкер таба алмайсың...

- Мен тауып берсем ше?

Жоқ, жолдас, сен таба алмайсың. Қалай табасың? Адамды жерден егіп шығаруға болмайды, кадрды даярлау керек. Ар-ұятыңа жүгініп өзің айтшы, сен басқарып жүрген жұмысты сендей білетін кім бар, бұл арада? Орыс, жоқ... Хал-жайыңды жақсы түсінем. Бірақ, жеке бастың ісіне көпшіліктің ісін айырбастауға болмайды, сондықтан, бұл пікірден қайтуыңды өтінем!..

Самарқанды Байжан жеңді... қызметінде қалған Самарқан, содан кейін, Айбаршамен де, Дәулетпен де кездесуге тырысты. Соңғы бірер айдан бері Айбарша **Алмалықта жоқ еді**, ол Қызылордадағы экскаваторшылар **даярлайтын курсқа** кеткен, Айбарша мен Дәулеттің **құрылыс басында жүптарын жазбауы** көзіне күйік боп көретін Самарқан оған қуанған.

Сөйтіп жүргенде Айбарша мен Дәулеттің бүгін, Теңгіз жолында бірігіп ұшыраса кетуі Самарқанға қатты тиді, көңілінде бөсендеген махаббат дауылы қайта көтерілді. Қасындағы Байжанға оның тіл қатпау себебі енді еді...

Олар ұзақ уақыт тіл қатыспас па еді, қайтер еді, кім біледі, біраз жүргеннен кейін, алдарын кесе бір топ киік шыққан...

Бабқаннің «әне!» деп қолын ұсынған жағына, серігі болып Самарқан көзін тіксе, алдағы жазықта тол-

қыған сағым ішінде бұлдырап, бір топ киік қашып барады екен.

— Қаратаудың киіктері ғой бұл,— деді Байжан,— лақтамайтын саяқтары, не текелері болу керек бұлар, жазыққа отқа шыққан. Қуайық!..

— Жетеміз бе?

— Беті — Сарысу. Өзеннің бергі жағында бұйрат тастар болушы еді, соған паналауға тартты, оған шейін жетеміз. Бержағы жазық.

— Күн кешкіріп барады ғой.

— Қайтер дейсің. Күн батқанша талайын атып аламыз.

Дәулет шақырған ауылға барудан аң қууды артық көрген Самарқан:

— Өзің біл, — деді ризашылық білдірген үнмен.

— Ендеше, мылтықты сен атарсың, мен машинаны жүргізем ғой.

Бетіне іркістеле құм байланған жазық далада машинаның еркін жүре алмауынан ба, әлде қашқан жануарлар жүйрік пе, киіктер ұзақ уақыт шалдырмады. Ызаланған Байжан, іркісі құмнан секеңдеуіне қарамай, мамашинаның педалін жеткен жеріне шейін басып еді.

— Оу, Байже-еке-ау, өлтіремісің бүйтіп? — деді мазасы кеткен Самарқан.

Самарқан мазасызданғанмен, Байжан машинаны іріктеді. Екпінді жүйткіген машина, киіктерді біраздан кейін ұта бастады.

— Енді тәуекел де! — деп қойды үміті бекіген Байжан, — даярла, Самарқан, мылтықты! Шалым жерге келген соң-ақ ат!..

— Мерген емеспін ғой, мен.

— Тұк те мергендік керегі жоқ. Алыста еркінсіп барады киіктер. Жақындасақ берекесі кетеді. Жетсек бұлтандап шаба алмай қалады. Сигнал берсең құты тіпті қашады. Ынғайына келтіре қусам да, тіпті, таяқпен соғар жерге келтірсем де ата алмайсың ба?

— Қайдам, — деді Самарқан күліп, — қолым қалтырамаса!.. Сонда да тәуекел деп көрейін...

Киікті қуу қызығы, Самарқанның кеудесін Айбаршаның қайғысынан түгел аршыды. Өзі мерген болмағанмен, киікті атып жығуға сенгенмен, қуу қызығына Байжаннан ол кем батқан жоқ... Бірақ, оны үміті алдады. Киіктерге жақындай берген кезде, сасқалақтаған киіктер

бытырай қашуға айналған кезде, машинаның артынан әлде не сарт ете түсті де, жүрісі ауырлай қалды.

— Қап, баллон жарылды-ау! — деді Байжан, машинаны тоқтатып.

Баллон рас жарылған екен. Запастағы доңғалақты салғанша, киіктер қара үзіп кетті. Күн батуға айналды.

— Паналайтын жерлеріне жетті киіктер, — деді Байжан, машина даярланып болған соң, — күш кешкірді. Бүйірмаған аң екен, Телкөлге қайтайық...

Жолсыз жермен қайтып түнге ұрынған олар, Телкөл маңындағы ауылдарды таба алмас па еді, қайтер еді, егер, ауыл жақтан шыққан түнгі дыбыстар алыстан естіліп тұрмаса... Дыбыстарға қарай беттеп келе жатқан машинадағылардың ойларын шырқап шыққан бір әйелдің әні ерекше болды. Ән өте көркем де, бинк те. Жақындаған сайын тіпті көркемдене, тіпті биіктей түседі.

Не деген әнші еді, мынау әйел! — деп таңданды Байжан. Кім болды екен бұл?! Даусы аспанның астына сыярлық емес қой, өзіңіз!..

Самарқан жауап қатпады. Оның жобасы — «Айбарша».

Машина бетін әнге туралап келсе, көлді жағалай қонған екі ауылдың арасында жастар алтыбақан теуіп жатыр екен. Фары жарқыраған машинаны көрген алтыбақашылар ойындарын доғарып, күткендей топтала қалысты. Машина тоқтағанда, жұмылған көп жастың ішінен Дәулет қана ұшырап, Айбарша көрінбеді.

Неғып келдіңіздер? — деп сұрады Дәулет, — есік алдын ашқан Байжанған.

Байжан қысқаша жөнін айтты.

Ал, жүріңіз онда, — деді Дәулет, — қонақ үй күтіп отыр.

Дәулеттің сілтеуімен машина көп тоқтаған, қатар тігілген үш үй, көлдің жағасына жақын екен, алдында — тоқіреген қамыстан қоршаған қора, маңайы бықыған қой.

Шәймерден деген кісінің үйі, — деді Дәулет, машина тоқтаған киіз үйді нұсқап,— бір қора қойдың бас пілбаны, түсіңдер!..

Машинадан түскендерді: сақалын шоқша ғана қып қойған, ұзын қара мұртын баспай еркіне жіберген, орта жастағы, зор денелі адам қарсы алды. Шәймерден осы екен.

— Үйге жүріңіздер! — деді ол қонақтарына, аманды-қтан кейін.

Жуырда көтерген жаңа киіз үйдің төрінде фонарь ілулі екен, ортада сексеуілдің маздап жанған оты. Тоңазып келген қонақтар отқа жақын отырды.

— Ал, хұп келдіңдер, қонақтар! — деді Шәймерден, — бір ғана айыбымыз болғалы отыр. Мал төлдеп жатқан кезде қан шығармайтын ата салтымыз бар ғой. Ұят болмаса, жеңгелеріңнің қатқан, құтқанына риза болаcыңдар.

— Оқасы жоқ, — деді Байжан сыпайлық білдіріп. Қарны ашқан өзінің жас етті жегісі-ақ кеп отыр. Оның болмайтынын білген соң, «қатқан-құтқаны тәуір болғай да» деп тілеп отыр.

Бір әйел тыстан екі шелек су көтеріп әкелді. Шамасы 25—30 дағы әйел. Киімі ауылша. Бойшаңдау келген, аққұба, көрікті кісі.

— Жеңгелерің! — деп сыбыр етті Дәулет.

Қонақтар амандасты.

— Ал, қатын, — деді Шәймерден, әйелін кетпендей тұрпайы сөзбен атап қалғанына қонақтарынан қымсынған белгі көрсетіп, сонысын сездіргендей, беттеріне жымыя қарап қойып, — кебежеңнің түбін қақ бүгін. Сыпайы қайындарың кеп қалды, лайықты сыбаға ас!

Әйел күлімсіреді де үндемеді. Ас жабдығына кірісті, әуелі отқа ошақты әкеп тұрғызды, одан, қазан асып су құйды, содан кейін, оң босағада тұрған кең кебеженің қақпағын ашты да ішінен сүрленген жылқы етін ала бастады. Байжан көз қырын салды да, көңілі тоғая қалды, семіз сынар қазы, ұзындығы екі сүйемдей жуан қарта, жаяның құйымшақ жағы, қыртыстылау келген және бір жалпақ қақпыш... Семіз сүрді көріп Байжан әлденеше рет жұтынып қалды...

Табаққа түскен сүрге Шәймерден көз қырын тастап отыр еді. Әйелі «сыбағалы етті салып болдым» дегендей, табақты көтере беріп еді:

— Қатын! — деді Шәймерден. Әйелі тоқтай қалды. — Күйеу кімнің білмейтін бе едің анау жігіттің, Анатөлдің қызын алған мырза осы болады. «Төсін» де сал күйеудің!..

Әйелі тағы да бір жымыйды да, кебежеге қайта барып, қойдың сүрлеген төсін алып шықты. Әйел етті жуып қазанға салғанша, үйге бірталай жұрт жиналып қалды.

Жас әйелдер, үй иесі әйелдің ас-суына жәрдемдесті, өзгелері қонақтармен кеңеске кірісті.

Байжанның қарны қатты ашқан екен. Ауыл адамдарымен кеңесе отырып, көптен ұрлап көзін тамақ жаққа салып қояды. Шай жабдығы әзірленіп жатыр: ошақтың арғы жағына кішкентай бір ошақ орнатылды да, астына шоқ тартылып, үстіне қойған табаға әуелі бауырсақ пісірілді, содан кейін, үй иесі әйел қазан жаққа құрылған шидің ішінен жүні жұлынған екі қазды алып шығып, мүшелеп бөліп, әлгі табаға салып майға қуырды; өзі қуырдақпен шұғылданған үй иесі әйел, жәрдемдесіп жүрген жас келіншекке сыбыр етіп еді, ол кровать астынан іштілеу келген аққалайлы кастрюльді алып шықты да, ішіне су құйып отқа қалай бастады.

— Тым қатырып пісірме, келін! — деп қойды Шәймерден келіншекке, — қаланың адамдары тұқымның[1] жұмсақтау піскенін жақсы көреді.

— Ұят да пісіріңдер! — деп қойды, аздан кейін Шәймерден, әйеліне, — мал төлдеп жатқан кез, таңсық ас...

— Пісіріп жатқан ас та жеткілікті сияқты ғой, — деді көбейген асқа іштей тойғандай боп қалған Байжан, ішінен, үй иесін «мақтаншақтау біреу емес пе, үйіндегі бар асын аузына алғаны несі!» деп ойлап, — уызды ертең ішерміз.

Шәймерденің шылымшы екенін ұмытып барады екем. Қонақтарын үйге алып кіріп отыра бере, пенжактің ішінен киген гимнастеркасының төс қалтасынан суырған темекі кисетін ол қалтаға қайтып салмай, алдына қойды да, газетке оралған темекіні мүштікке тығып, әлсін-әлсін сорылдата берді.

Байжан «уызды ертең ішерміз» деген кезде ол бір шылымды оран боп, мүштікке салып жатыр еді, Байжан сөзін бітіргенде, Шәймерден сексеуілдің шаласына шылымын тұтатып алды да, мол сорған түтінді еппен біресе мұрнынан, біресе ұртынан, біресе мұртының арасынан шығарып, аузындағы түтінді шайнай отырып сөйлеп кетті.

— Күйеужан! — деді ол Байжанға. — Сен мені танымайсың, мен сені таныймын. Талай көрдім. Жұмысым

[1] Жұмыртқаны Сыр елі «тұқым» дейді.

болмаған соң жалпаңдап танысқан жоқпын. Дәм жазып бүгін ғана танысып отырмыз. Шайды даярла, қатын! — деп қойды ол, әйеліне, — бұрқылдап қайнай бастаған ақ самауырды көзі шалып, — көзбен ғана тойғызбайық қонақтарды. Қарындары ашқан болар. Жаса, дастарқанды!..

Қонақтар от басынан кейін шегініп отырды. Шай даярлана бастады.

— Сонымен, — деп жалғастырды Шәймерден сөзін, — дәм айдап мұнда келе қалдың, күйеужан. Барын қонақтан аямайтын ата салтымыз. Бірақ, бар боп тұрса аямайды да, жүдә. Жоқ болса, аямағанда шарасы не? Менің әкем де қойшы болған кісі, өзім де қойшымын. Бірақ, әкем мендей тұрған жоқ. Ол мұндай ақ үй тіккен жоқ. Азар болса, «мақтаншақ екен» деп сөгерсің ағаңды; бұл үйдің ішіндегі жасаудың әкеме біреуі де біткен жоқ. Ас-су да сондай. Неге олай? — Шәймерден қызына сөйледі. — Сексен жыл жасаған әкем, жетпіс жылдық өмірін байдың қойын бағумен өткізді. Сонда, аузы аска, ауы атқа, ині киімге жарыған жоқ.

Әйел дастарқан көтеріп кеп еді:

— Төсей бер, — деді Шәймерден, — асты қоя бер... Ал, мен ше? — деді ол, төселген дастарқанның бір шетін ұстаса беріп, — мен де қойшымын! Бірақ, мен көптің еңбегі жанған кезде тудым. Тағы да мақтанды дерсің, күйеужан, бұрын қазақтың байы да мендей тұра алған жоқ.

Төселген дастарқанның үстіне піскен астар қойыла бастады.

— Өзге сөзді кейін айтармын, — деді Шәймерден, — қатын, «ақмағамбеттен» де әкел, қонақтар бойын жылытсын.

Әйел кебеже қасындағы шкафтан бір графина толы арақ әкеп күйеуінің қолына ұстатты.

— Біздің араның салты осылай болады, — деп Шәймерден арақты стакандарға толтыра құйды да, қонақтардан бастап, дастарқандарды төңіректей отырғандардың алдарына түгел қойды.

— Ал, көтерелік, қонақтар! — деді Шәймерден, өзі толтыра құйған кіші кесесін көтеріп.

— Маған сөзге рұқсат етіңіз, — деді стаканын қолына алған Байжан үй иесіне.

Қала ғұрпында тост[1] айтылатынын көрген Шәймерден:

— Сөйле, шырағым! — деді Байжанға.

— Менің айтайын дегенім, — деді Байжан, жан-жағына қарап ап, — сіздің манағы сөзіңіздің жалғасы еді, Шәймерден ағай. Мен өзім қалада өскен жігітпін. Ауыл өмірін, әсіресе малшылар өмірін аз білем. Расымды айтсам, колхоз малдарының жайлауын бірінші көріп отырғаным, бұл.

Біреуелері күлейін деп еді:

— Сөз тыңдайық та! — деп Шәймерден жекіп тоқтатып тастады.

Рас айтпыңыз, Шәймерден ағай, бұрынғы ауылдағы қатақтың басында, — Байжан төңірегін көзімен тағы шолып алды, — бұл үйдей салтанат болған жоқ. Бұл үйдегі жиһаздың бәрі әдемі, бәрі мәдениетті. Қала тілімен айтсақ, бұл мәдениетті квартира. Радиоприемник қой деймін, анау тумбочка үстінде тұрған?

— Не, — деді Дәулет.

Сөйлейді ғой? — деді Байжан.

— Сөйлейді, — деді Шәймерден, — Москвадан, Алматыдан, Ташкенттен тыңдаймыз.

— Техникі кім? — деді Байжан.

— Бұ кісінің қыз баласы, — деді Дәулет Шәймерденді иегімен нұсқап, — өзі және зоотехник.

Байжан:

— Ім-м-м-м! — деп күлімдей ыңыранып алды да, — Қане, ендеше, — деді стакан ұстаған қолын басынан асыра көтеріп, — біздің мәдениетті малшылардың денсаулығы үшін!

Ол стаканды көтере салды... Өзгелері де ішті. Самарқан да ішті. Бірақ, мылқау кісідей, онда үн жоқ. Екінші стаканды да ол іркілмей қақты. Шайдан кейін ол ірге тас жастық салдырды да пальтосын бүркеніп жатып қалды. Іле, қор ете түскен дыбыс естілді.

— Сырқат емес пе? Неге көңілсіз? — деп сұрасты өрікімдер.

Шаршаған болар, — деді Байжан. Өз ішінде «қызғаншақтық салдары ғой» деп отыр.

Байжанның бір хайран қалғаны — Айбаршаның көрінбеуі. «Радионы сөйлетсін» деп Шәймерден қызын ша-

[1] Дастарқан басында тілекке бағыштап ішу.

қыртқанда: «Айбаршаны да ала келсін!» деп еді, қызы келгенде Айбарша келмей қалды.

— Айбарша қайда? — деген әкесінің сұрауына:

— Ойында, — деп жауап берді қызы.

— Келмегені несі? — деген сұрауға қыз күйбеңдеп жауап бермеді. Несіне жауап берсін, келмеу себебі белгілі: сырлас Айбарша бұл қызға Самарқан жөніндегі бар сырын айтып: «Сол бейшараны аяймын да, аяғанда амалым нешік! Дәулетке ауған көңілімді қалай бұрайын, бұра алмасам, ырқын қалай табайын!.. Ендігі қолымнан келетіні — көзіне күйік боларлық қылық көрсетпеу ғой дейміп. Бүгін, далада Дәулет екеумізді жолықтырғанда қатты қызғанышта қалды ол. О да адам баласы емес пе, қызғаныш отын үрлей беріп қайтем, көз алдында елбеңдеп, бармай-ақ қояйын» деді.

Қыз радиоприемникті жүргізгеннен кейін киіз үйдегілер Алматыдағы мемлекеттік филармонияның қазақша концертін тыңдады.

Піскен сүрді жеуге Самарқан тұрмады. Оятқанға оянбады.

— Әбден ұйқы жеңген екен! — десті біреулер.

— «Ақмағамбет» те себепші болған болар, — десті екіншілері.

Расында Самарқан ұйқтаған да жоқ, мас та болған жоқ. Оны жеңген қызғаныш. Жұрт ұйқыға кете, оның ойы ұласа, қалыңдай, улана түсті; өйтуіне себеп, «Айбарша ғой, қазір Дәулеттің құшағында?!» деген жорамал еді. Осы ойы шиеленісе келе, оны долы ыза қыса жөнелді де, ол жатқан орнынан ұшып тұра келді... Кереге басына бауынан іліп қойған қосауыз мылтықтың дүмі оның төбесіне тық ете қалды.

Өлуге белін буған Самарқанға: «ә, таптым!» деген ой кеп кетті... Оның түрегелгенін, кереге басындағы қосауыз бен патранташын қолына алғанын үйдегілерден жан адам білген жоқ.

Ол ешкен басып тыска шықса, толған ай көктің кеудесіне өрлеп, дала сүттей жарық екен. Күзетшіге көзін тіксе, қамыспен қоршаған қораның ішінде қарандап жүр... Ешкен басқан Самарқан, қораның таса жағына шықты да, еңкеңдей басып дөңге қарай жөнелді.

Дөңде ескі молалар тұрған. Ағашы жоқ далада кездесетін мұндай молалар не жаңқа тастардан, не долбарлай салған шілі кірпіштерден қаланады. Неден қаланса

да ондай молалар киіз үй сыяқтанып, төбесі бүріле, мұнарлы боп өседі. Берік материалдан қаланған молалар жаңбыр мен қардан тез бұзылып, бүйірлері опырылып үңіреййп, кейі омсырыла құлап жатады.

Ондай далада моланың құламайтын екі-ақ түрі болады, бірі күйдірген кірпіштен қаланғандар, енді бірі — ұсақтап шапқан жылқының қылы мен ешкінің майын араластыра илеген қам кесектен соғылғандар.

Самарқан беттеген дөңдегі опырылған көп молалардың ішінде, берік мола тұратын еді. Жұрттың аңызынша, ол мола — бір байдың жылан шағып өлтірген жалғыз қызының моласы. Бай ол моланы жүз жылқының қылы мен жүз ешкінің майын араластырған қам кесектен соқтырған. Моланың бейнесі мешіт сыяқты, төбесінде екі мұнарасы бар.

Ыза кернеген Самарқан сол молаға жетті де, ішіндегі баскыншымен өрлеп, мұнара түбінен жоғары жақ иініне шықты. Төңірегін бір шолған оған, дүние енді әдемі көрініп кетті. Ыза қысқанда тарс жабылған құлағы енді ғана ашылып, дөңнің екі жақ астындағы көлдердің жұмсақ желге толқыған сыбдырын, теңселген құрақтарының сылдырын, түрлі құстардың түрлі дауыспен сайрауын ол енді ғана есітті... Оның төбесінен, біресе сып етіп үйректер өтті, біресе, биікте тізбектеліп қаздар өтті. Ауыл маңындағы малдардың даусын да, алыста жайылған жылқылардың кісінеулерін де ол жаңа ғана естіді... Әлдекайдан ұлыған қаскырдың даусы шалынды, аш қаскыр ол... Дүниенің рахатына өгей қаскыр!.. Бұзылған бір моланың ішінен байғыздың даусы естіледі... Оның ысқырығы — өкінішті адамның үйлесуіне ұқсайды... Көп моланың ішінде тірі мақлүк — байғыз бен Самарқан ғана сыяқты...

Төңірегіндегі осындай көріністер ауыр ойын біраз бөлгендей боп, Самарқан мылтыққа сүйеніп тұр еді, артынан біреу үн-түнсіз құшақтай алды. Сескеніп қап, ырғып түскен Самарқанды сыртын ала белінен қауырған құшақ босатпады. Денесі тұршіге түскен Самарқан, бұлкынуын күшейтіп, бетін артына бұрса — Айбарша!..

«Шатасуым емес пе?!» дегендей Самарқан көзін қайтарып жұмып ап тағы да ашса — Айбарша!

«Босат!» — дегеннен басқа сөз түспей қалды Самарқанның аузына.

Танықың ба? — деді Айбарша босатпай.

— Танылым.
— Кіммін?
— Айтпаймын...
— Айтпасаң босатпаймын.
— Ал, Айбаршасың!..
— Ол емес сұрағаным.
— Енді не?
— Расыңды айтасың.
— Қандай?
— Осы молаға неге келдің, үстіне неге шықтың?!.
— Жібер деймін, Айбарша!..
— Айтсаң ғана жіберем.
— Айтайын.
Айбарша босатты да:
— Ие? — деді кескініне қарап.
— Не айт дейсің? — деді Самарқан.
— Ұмыттың ба, әлгі уәденді?
Самарқан аз кідірді де:
— Сен айтсаң мен де айтайын, — деді.
— Нені?
— Бұл араға қайдан келгеніңді.
— Мылтықты маған бер! — деген Айбаршаға:
— Қорықпа,— деді ол,— мен сені атпаймын.
— Ендеше төмен түсейік, — деді Айбарша.
— Қайда барамыз?
— Өліктің үстінде отырып сөйлеспейік, тірі дүниеге шығайық!

Самарқанды көндірген Айбарша, оны қолтықтап төмен түсті де, екеуі көлге жақын жердегі тобылғы арасына өскен таска барып отырды. Екеуінде де үн жоқ...

Айбаршаның бұл араға қалай келуін Самарқан байқамағанмен, Самарқанның қалай келгенін Айбарша байқаған еді.

Дөңге еңкеңдей тырмысып молаға бөттеген Самарқанды, көлге төне біткен жарқабақта қатар отырып баяу ғана эңдеткен Айбарша да, Дәулет те көре қалды.
— Кім, бұл? — деді Айбарша.
— Мылтықпы ғой деймін, — деді Дәулет.
— Жеті қарақгы түнде мылтық атпайды ешкім.
— Енді кім деп ойлайсың?..
Еңкеңдеген адам молаға таянғанда:
— Самарқан! — деді Айбарша.
— Қой! — деді Дәулет үніле қарады да, — сол!..

Олар тым-тырыс отырып бақылағанда, Самарқан моланың ішіне кірді.

— Атылады! — деді Айбарша, ұшып түрегеп.

— Неге?

— «Неге» дейді ғой! — деп Айбарша мола жаққа тұра жүгірді. Соңынан Дәулет те жүгірейін деп еді, жалт қараған Айбарша қолымен «қал!» деген белгі берді. Аңырып тұрып қалған Дәулет не істерге білмей сол орында тұрғанда, екі адам моладан шыға берді, тобылғы арасына бұға қалған Дәулет таный кетті: Айбарша, Самарқан!.. Олар Дәулетке жақын кеп отырды...

— Самарқан! — деді Айбарша, аз уақыт тым-тырыс отырғаннан кейін, — сүймеген жүрекке зорлық көрсету — біздің заманның салтында бар ма?

— Кім зорлық көрсеткен?

— Сен!

— Мен? Қалай? Зорлық түгіл, бір ауыз қатты сөз айттым ба саған?

— Айтқан жоқсың.

— Ендеше?

— Өзіңе қатты сөз айтуың — маған айтуың.

— Қандай қатты сөз?

— Өлімге бел байлау, жұмсақ сөз бе екен?

— Кім бел байлапты?

— Сен!

— Мен?

— Моланың үстіне түнде мылтық ап шыққанда, оруекті атуға шықтың ба, өзіңді атуға шықпай?

Самарқан қатты күрсінді де, үндемеді.

Күрсінемісің? — деді Айбарша. — Неге атыласың? Әрине, маған көктеніп!.. Дұрыс па сол? Менің көңілім саған аумай басқаға ауса, неге күштілік көрсетесің оған?

— Қандай күштілік? Өзі өлу күштілік пе?

— Әрине, күштілік. күштілік болмас еді, сен менің дұшпаным болсаң. Дұшпанбысың сен? Жақсы көрмейтінімді қайдан білдің сен? Жақсы көрген жігіттің бәріне тіл бере ме екен, қыз? Адамгершілік көзбен жақсы көріспе болмай ма екен, жігіт пен қыз бірін бірі? Әсіресе, бұлың заманда?..

Оу, жолдас, мені бастырмалатып барасың ғой, — деп, ойын енді ғана кінәлі санай бастаған Самарқан.

— Өтірік пе, осы айтқандарым?
— Кейін кеңесетін сөз ғой, ол.
— Қашан? Сен өлгеннен кейін бе?
Самаркан күліп жіберді.
— Кеттік, ауылға! — деді Айбарша, қозғала беріп.
Самаркан қозғалмады. Айбарша қолтығынан көтерейін деп еді, денесі қоргасын сияқты.
— Тұр! — деді Айбарша.
Самаркан тұрмады да, жауап та бермеді.
— Ендеше мені ат! — деді Айбарша оңашалана беріп. — Неге атпайсың? Өзің өлгенше жауыңды өлтір!
— Сен бе жауым?
— Жауың да, дос та болмасам, кімің болам сонда?
— Кім деп атау еркі сенде.
— Осыған тоқтадық ендеше... Жүр ауылға!
Қолтықтай берген Айбаршаға Самаркан қарсылық көрсеткен жоқ.

Он бесінші тарау

«ЖОЛБАРЫС ТОНДЫ ЖОРТУЫЛ»

Телкөлде бірер күн ғана болып қайтамыз деген оймен келген Байжан мен Самаркан жұмаға жақын жүріп қалды. Мал шаруашылығынан канал құрылысшыларына қажетті азықтар алып тұруға, Самаркан бұл арадағы бай колхоздармен шартқа отырды. Қолдары бос кезін олар аңшылықпен өткізді.
Өйтпеуге болмайтын да еді. Теріскейден күнгейге беттеп ағатын Сарысу өзенінің аяқ жақ екі жағасы да бытырай біткен ұлылы-кішілі көлдер. Суды сағалайтын құс атаулы өзге жерден мекен таппай осы араға жиналған сияқтанып, көлдердің бетіне сыймайды. Мылтық даусынан шошына ұшқан олар со бетімен жөңкіліп кете бармай, осы маңайдағы көлдердің бірінен біріне ауытқыйды да жүреді. Қонса көл бетін, ұшса аспанды жабатын қалың құсқа оқ тигізу де қыйын емес сияқты. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей, аузын қарата атқан мылтықтың оғы, бірін болмаса бірін шалады.
Мылтыққа Байжан, Самаркан, Дәулет — үшеуі шығады да, кешке қарай ауылға оралғанда, аяқтарын матастыра байлаған қаз, үйректерді әрең көтеріп әкеледі...

Байжан атқыш екен де, бірақ ұшқалақтау атады екен: құс нысанаға ілігетін жерге келтірсе-ақ, оқтың жетер-жетпесіне қарамай басып салады және көбінесе, ұшқан құсты атады, соларының біразы тиіп те қалады. Сонда, «көздеп атқан мерген бе екен, тәйірі! — деп мақтанады ол, — әңгіме көзде емес, қолда. Көздеп тұра ма, шын мерген?.. Аң мен құс, сенің көздегеніңді күтіп тұра ма?.. Қашқан аң мен ұшқан құсты қолы мерген кісі ғана іліп түсірмей ме?..»

Дәулет асықпай, саспай атады екен. Кемеліне келтіріп болмай ол оқ шығармайды, кемеліне келе қалса, оғы босқа кетпейді, сондықтан, Байжан оның атын «Сұрмерген» қойып алды...

— Рас,— деді, Байжан оған, мергендігіне сүйсінуін білдіргенде, - жақсы-ақ атасың сен. Бірақ, мақтанғаным емес, сен менен мерген емессің. Тек, арамыздағы айырма - мен асығыспын, сен сабырлысың.

Дәулетті өзіне тең санайтын Байжан, бір жолда оған ден қойып қайтты. Дәулет, ол, Самарқан және тұрғын ауылдардан үш-төрт жігіт, бір күні көлден көлге жаяу келе жатыр еді, алдарында зымырап қарсы ұшқан екі үйрек көрінді.

— Ал, осыларға тигізейік! — деді Байжан, қосауызын ыңғайлай беріп.

— Атқыш болсаң мынамен түсір, жезде! — деп, Дәулет оған қолындағы жалғыз оқты осоавиахим мылтығын ұсынды.

— Несі бар түсірсе? — деп Байжан Дәулет ұсынған мылтықты алды да, тас-төбеден өте берген үйректі тартып кеп қалды. Үйректер өте шықты.

— Шамаңды көрдік, жезде! — деп күлді Дәулет.

— Күлетіні жоқ,— деп дауласты намыстанған Байжан,— өзге құс емес, үйрек болса және үйректің де өзгесі емес, шүрегейі болса... оны түсіру оңай болмас.

— Тигізе алмайтын кісінің сөзі осылай болады, жезде! — деді Дәулет, намыстандыра түскісі кеп,— мен болсам қағып-ақ алатын ем.

— Мынаның мақтануын-ай! — деп ызаланды Байжан,— қап, тағы бір үйрек кездеспейді-ау, әуселеңді көретін!..

Байжанның тілегі қабылданғандай, іле арт жақтарынан қаңқылдаған қаздың даусы естілді, жалт қараса, жоғарыдан жалғыз қаз ұшып келеді.

— Ал, келді ретің, мергендік көрсетер! — деді Байжан Дәулетке.

— Болсын,— деді Дәулет, мылтығын ала беріп, Байжанға қарап,— бірақ бұл қазды түсіріп қалсам ғой, үйрек емес деп дау қыласың?

— Тигізсең дауым жоқ,— деді Байжан.

— Ендеше көр!..

Қаз жақындап қалды, аңшылардың мылтығы барын нақ төбелеріне жақындағанда ғана көріп үріккендей, каз бұрыла қашқысы келген бойынемен қанаттарын жалтандатты да, «қашып құтылмаспын, одан да биікке шырқайын» дегендей көтеріле берді. Со кезде ақырын дауысты «осоавиахимның» дыбысы тымп ете қалды... Қаз кірпік қаққандай ғана уақыт бір орында қалбақтап, кенет жерге қарай құлдырай кеп құлады... Қазды бауыздағаннан кейін, біреулер:

— Үйрек емес, каз ғой және аласа ұшты ғой,— деп қалжыңдайын деп еді:

— Шынын айтқанда,— деді Байжан,— менен мерген екен, бұл!

Ертеңіне Дәулет тағы бір мергендік көрсетті. Бұл жолы құсқа Байжан, Самарқан үшеуі ғана шыққан еді де, көлді жағалап келе жатып, Байжан бір бетке, Самарқан мен Дәулет бір бетке кеткен еді. Ретті солай кеп қалғаны болмаса, бұл екеуі, сырты сынайы болғанмен, іштері дүрде араз-ды...

«Сыныктан басқаның бәрі жұғады» деген рас екен: осы сапарға дейін көк мылтықты көлденең ұстап көрмеген және мылтыққа қызыға қойман деп ойлайтын Самарқан, мылтық атқан Байжанға еремін деп, ойда жокта атуға құмартып алды. Мүмкін, ол құмартпас па еді, қайтер еді, егер алғашқы шығарған оғы дарый қоймаса. Бір жолы, оны ертіп шыққан Байжан, көлдің жағасына алып келді де, көл бетінде сыңысып отырған құсты нұскап:

— Атып көрші! — деп өтінді Самарқаннан.

— Ойбай, Байже-еке, туғалы мылтық ұстаған кісі емеспін демен не ем? — деп Самарқан қашқалақтап еді:

— Ұстамасаң енді ұста! — деді Байжан мылтықты зорлықпен ұстатып,— ат, анау үйректердің қалыңына!.. Бытыра мылтық, біріне болмаса біріне тиер... Тимесе айып алмаспыз...

Еріксіз ұстаткан мылтықты, тәуекелге сыйынған Самарқан көтеріп, құндағын нығына тіреп, ұңғысын құстарға

қарата көздей бергенде «пли!»[1] деп қалды Байжан. Мылтық гүрс етті, Самарқан сескеніп қалды... Үйректер ду көтеріле ұшты...

— Тиді! — деді Байжан,— жігіт екенсің!..

Көлге төне қараған Самарқан өз көзіне өзі сенбеді: үйректер мылтық даусынан шошып көтеріле ұшқанда, орындарында екі-үш қарайған қалды. Не бұлар?.. Көл бетінде құс сияқтанып қалқып тұратын у жапырақ па, құс па?.. Байжан «құс» деді, Самарқан «жапырақ» деді. Бірақ, құс болсын, жапырақ болсын, қарайғандар алынатын жерде емес, алыста еді, малтып барып әкелуге су әрі терең, әрі салқын. Қадала қарап тұрған олар құс екенін көрді: көлдің әрі қарай толқынына қалқып, олар тереңге кетті...

— Көне ата алмайтынын,— деді Байжан, жолшыбай,— дәл-ақ тигізген жоқпысың. Алғаш атқанда екеуін түсірдің. Қырғын мерген сен болармысың деп келем. Нанбасаң тағы да атшы!.. Құдай біледі, қалпақтай түсіресің!..

Келесі жолы Самарқан көл жағасында отырған бір топ қазға бұғып кеп, біреуіне тигізді. Содан кейін ол мылтық атуға үйреніп кетті. Бірақ, мерген бола алған жоқ, аткандарының азына ғана тигізді, көп оғы босқа кетеді. Енді оғын шығынсынатын болған Байжан:

— Бір теңге беріп жырлатып, мың теңге беріп қойғыза алмасам не қылсын сені! — деп ажуалады.

Байжанға шын ықласымен серік болған Самарқан, Дәулетке өйте алған жоқ. Оған мәдениетті адам болғандықтан ғана сырты жылтырайды, іші суық; іші қайдан жылысын, Айбарша деген қызғаныштың ызғары жатса!.. Шығары жұқарудың орнына күн сайын қалыңдай береді, оның ішін ешкім білмейді... Күншілік деген пәле емес пе!.. Дәулетті Айбаршадан күндеген Самарқан, оған бұдан басқа да абыройды қыймайды. Мысалы, мергендік. Атқаны мүлт кетпейтін Дәулеттің оғы құсқа тие қалса, сырты қуанған болғанмен, асыранды құсын атқандай іші ұнатпай күндей қалады. Дәулет ұсынған мылтықты ол тисе екен деп тілемейді, тимесе екен деп тілейді. Байжанмен бірге жүргенде ғана болмаса, Дәулетке ол ермейді, еретін реті кеп қалса, жоқ нәрсені сылтау қып бұрылып кетеді.

Дәулетке осылай қарайтын Самарқан мылтыққа шық-

[1] Бұрат!

қан бір жолында оған аса риза боп қайтты. Бұл жолы үшеуі ауылдардан алысырақ бір көлді жағалап жүрді де, аңшылыққа шапшаңбайлау Байжан озынқырап кетті; біраз жүрген ол, көл бетінде топталған үйректі көрді де, өзі бұға жақындап, қолымен серіктеріне «жақындамаңдар, жатыңдар» деген ишарат білдірді. Дәулет пен Самарқан жата қалысты... Бірақ, Самарқан Дәулеттен алысырақ жатты да, саяңмен әрі қарай жылжыды.

«Қызық жігіт екен-ау! — деп ойлап қойды Дәулет,— маған жолағысы келмейді!.. Неменеге өкпелейді? Қыз оны сүйіп, мен тартып аппын ба?»

«Тартып аппын ба?» деген ой Дәулеттің басынан біраз уақыт арылмай әуре қылды. Расында тартып алып па ол? Тартып алған болар еді, егер Айбарша оған уәде берсе. Көлденең жұрт Дәулет пен Айбаршаны алдақашан қосып қойғанмен, араларында байласқан сөз әлі жоқ. Жоқтығы былай тұрсын, сол уәдені берер-бермесі де мәлімсіз...

Дәулеттің бұл халдері түсінікті болу үшін, оқушыларға олардың қалай танысып жақындасқан тарихын қысқаша баяндап өтейін.

Ол екеуінің ауылы колхоз құрылысына шейін бөлек еді. Ру жағынан да, туысқандық жағынан да тұқ байланысы жоқ Сырбай мен Қарымсақ, жас күндерінде еңбек үстінде түйісті де, содан достасып, Қарымсақ өлгенше жіктерін айырмай, тату-тәтті тұрысты. Өлерінде Қарымсақ үйішін өз ағайындарына емес, Сырбайға тапсырды. Жан тәсілім қыларда қасында болған Сырбайға:

— Сыр-еке! — деді ол, қолын қысып жатып,— «құдаңы құдай, тамырды көңіл» қосады деп еді, көңіл қосылған тамырым ең. Жамағайын болмаса кіндіктес туысым жоғын білесің. Артымда жесірім мен жетімім қалып барады, оларды ағайынға емес, саған тапсырам, ахыретте сенің қолыңнан алам.

— Болсын! — деді Сырбай қысқа қайырып.

Одан артық сөзге уақыт та жоқ еді. «Қолыңнан алам» дегенді Қарымсақ бөлшектеп әрең айтты. Оның жан кешуге айналғанын көрген Сырбай уәдесін беріп қалуға асықты.

Жаны алқымға келіп, тынысы тарылғанмен, жан ашуынан құлағы шыңылдағанмен, Қарымсақ Сырбайдың «болсын!» деген сөзін жақсы естіді де және растығына сенді де; өйткені, кіршіксіз жүректен айтқандығына куә боп, көзінде мөлтілдеген жастар тұрды.

Сырбайдың бұл көз жасын, ерінің келмес сапарға кетуін біліп еңіреп отырған Дәметкен де көріп, ол да «болсын» деген сөздің растығына сенген еді. Сол сенім бұлжымастан әлі келеді. Сырбай мен Дәметкен жай ғана көңілдес кісі сыяқты емес, аға мен қарындас сыяқты, аралары-нан қыл өтпестей тату. Өсекшілер оларды «күйек астынан жарасқан» деп күңкіл де қылады. Адамгершілік жүрекпен достасуы, олардың өзіне аян. Бір есептен өсекшілерді кінәлауға да болмайтын сыяқты, өйткені, Қарымсақ өлгелі, Сырбай ол үйдің қамын өз үйінің қамынан кем жемейді, отын-суын, азық-түлігін, киім-кешегін жеткізіп тұрады. Не жиені, не нағашысы, не құда-андасы, не жекжаты, не туысы емес біреуге Сырбайдың мұнша қамқорсуы, көлденең жұрттың көңіліне, әрине, сыймайды.

Сырбай мен Дәметкен осындай достас болғандықтан, олардың үйіштері де бір семьядай араласып кетті. «Үйіші» дегенде, Дәметкенде бары жалғыз Айбарша, Сырбайда бары — Тәрбия мен Дәулет. Дәметкен мен Тәрбия апалы-сіңлілідей, бірін-бірі көрмесе отыра алмайды, бірінің тәтті-дәмдісін бірі аузына тосады, сабақты инесін бөліп жұмсайды.

Ал, Айбарша мен Дәулет ше?

Бала кезінде олар пәлендей жұғыса алысқан жоқ. Аралас-құралас жүргенмен, жұғыса кетуге, екеуінің мінезі үйлеспеді: Айбарша тентек, Дәулет — момын. Тартоғайдағы орталау мектептен олар осы қалыптарында айрылысты. Дәулет пен Айбаршаның бұлай жұғыспауларына Сырбай көңіл бөлмегенмен, Дәметкен мен Тәрбия көңіл болді. Әсіресе — Тәрбия.

Қыздың болашағын жасынан ойлау — әрбір ақылды шешенің дағдысы емес пе. Айбаршаның қамын да жасынан ойлаған Дәметкен, болашақта Дәулетке жар болуын арман етті. Қызы өскен сайын, соның бұл арманы алыстай берген сыяқтанды, өйткені, бұл заманда әке-шешенің еркімен қоса салу жоғын, жігіт пен қыз бірін бірі сүйіп қана қосылатындығын Дәметкен жақсы біледі. Өзі де қыз боп көрген Дәметкеннің ұғымында, қыз он үш, он төрттен бастап-ақ жар болар деген жігітке көз қырын сала бастайды. Сол жаска келгенде, «Айбаршаның көзі Дәулетке түскей де!» деп тіледі ол.

Жаңа заманның салты сол ма, әлде мінезінің солайлығы ма, Айбарша он үш, он төрт жасында түгіл, он беске шығып орталау мектепті бітіргенше де балалық мінезінен

өзгерген жоқ. Қылығына қарағанда ол, жігітке көз салу былай тұрсын, өзін қызбын деп те түсінбейтін сияқты. Әке-шешесінің еркелетіп өсіруінен бе, әлде сүйегіне біткен мінезі солай ма, қылығының бәрі еркек бала сияқты және оның да жайы емес, еркесі сияқты. Қабандыдағы орта мектепке Айбарша сол мінезімен кетті.

Осы арада Дәулеттің бір жасырын сырын ашайық. Мінезі үйлеспегендіктен Айбарша балалық шағында жұғыса алмаған Дәулет, жігіттік әсері елес бере бастаған кезде жұғысқысы-ақ келді де, тұйықтығына бағып, Айбаршаға Қабандыға оқуға кеткенше үндемей қалды. Бірақ, Дәулеттің бұл ойын Айбарша сезіп кетті.

«Таң атпайын десе де күн қоймайды» дегендей, жеткен уақыт қызды да ойландырмай қоя ма? Белгілі мезгілде өзге қыздарды «қызбын» деп ойлататын уақыт, сол мезгілде Айбаршаны да сондай ойға түсірді. Ол болашағын қиялдай бастады. Сол кезде «кім болар екен сол!» деген сұрау туды оның басына... Бәсе, «кім?»... Қайдан білсін Айбарша оның кім екенін!.. «Менмін» деп кім келіп тұр, оның алдына?..

Сол іздегені оның алдына бір күні келе қалған сияқтанды: Тартогайдағы жеті жылдықты бітірген Айбарша Қабандыдағы орта мектепке аттанарда, Дәметкен бір қойын сойып той жасады. Сол той тарқап, жеккен пар аттың тарантасына Айбарша мінерде, ауыл адамдары жапырласа қолдасып амандасты. Көпке араласа Дәулет те қолын берді. Бірақ, оның қолы Айбаршаның қолын өзге қолдан қаттырақ қысты!.. Және ол қыскан қол Айбаршаға өзге қыскан қолдан ыстығырақ сияқтанды!.. «Мұнысы несі?!» дегендей, Айбарша Дәулеттің көзіне қарап қап еді, онда да ерекше от, ерекше қарас бар сияқтанды!.. Бұл қараска шыдамағандай, Айбаршаның көзі төмен түсіп кетті... Сол кезде арба да жылжый берді... Былай шыға әлгі көзқарасты есіне түсірген Айбаршаға «Осы болар ма!» деген ой кеп кетті.

Бұл ойдың түйіні, Айбарша Қабанды мектебінің тоғызыншы класын бітірген жылдың жазында ғана раска айналды. Оқу жылы бітіп каникулға шыққан Айбарша, жаздың екі айын пионерлер лагерінде вожатый боп өткізетін болды да, оған шейін үйіне барып келуге ойлады. Сол кезде аттың, я машинаның реті келе қоймай, Айбарша таныс біреуден есек сұрап ап, аулына қайтты. Жол жыңғыл өскен құмайттың арасымен жүруші еді. Сонымен жө-

неп келе жаткан Айбаршаға жолшыбаі ешкім жолықпады, әрі тыпыңдай аяңдаған есектің жүрісі ішін пыстырды, оның үстіне, күн де қайнаған ыстық, әрі желсіз тымырсық... Көңілсіз кескінмен күреңдене терлеп, есегін тебіне келе жаткан Айбарша, артынан естілген дүрсілге жалт қараса, салт мінген әлдекім ағызып шауып келеді... «Жүргіншінің біреуі болар» деп ойлаған Айбарша тағы да тепендей бастап еді, қуып жеткен салтты қасынан сып етіп өте шықты да, оза бере кілт бұрылып, атынан қарғып түсе қалды.

Дәулет!..

Айбаршаның жүрегі ойнақшып кетті. Сонда да ол өзін билеп, Дәулеттен бұрын тіл қатты.

— Не, қайдан жүрсің? — деді ол, есегін тоқтатып, кескінінде қуаныш пен қаймығудың елесі сапырылысқан үнсіз Дәулетке.

— Өзің қайдан? — деген сөз түсіп кетті Дәулеттің аузына.

Бұл екі сөз оның аузынан дірілдеңкіреп, тұтығыңқырап шықты.

Дәулеттің еркінен өз еркі басыңқылау екенін байқаған Айбарша өзін одан да жоғарылата түскісі кеп:

— Не болды сонша, аптығып шабатын? — деді.

— Жай...— деді Дәулет маңдайының шаңға араласқан кірлі терін саусағымен сыпырып, күмілжіген дауыспен.

Дәулеттің айтар сөздері тіліне оралмай, көзіне оралып тұрғанын байқаған Айбарша, егер тұра берсе сол сөздер көзден тілге ауар деген қауыппен, есегін тебініп жылжый берді.

— Не, қайда барасың? — деді Дәулет, есектің алдына кесекстей беріп.

— Ауылға барамыз да,— деді Айбарша, жылжый бере тоқтай қалған есегін тебініп.

Тағы да қозғалған есекті жүргізгісі келмегендей Дәулет мойынынан ұстай ап тоқтатты.

— Неге тоқтатасың? — деді Айбарша.

— Менің атыма мін!

— Ненің ақысы деп?

— Ештеңенің де емес. Мін, мына атқа!

— Жоқ, рахмет!

— Неменеге «рахмет!» Міпіп айт, рахметіңді.

— Жоқ, мінбеймін.

— Неге?

— Сол!..

Айбаршаның расында мінгісі келмей тұр, қылымсып тұрған жоқ. Оның кеудесіне өмірінде бірінші рет «кісі атын мініп көркеймей-ақ қояйын» деген такаббарлық орнай қалды. Айбаршаға аз уақыт үнсіз қадала қарап тұрған Дәулет:

— Неге мінбейсің, атқа? — деді жалынышты дауыспен.

— Неге мінем? — деді Айбарша.

— Ат емес пе, бұл.

— Ат болса қайтейін?

Дәулеттің аузына «мұны да есек деп тұрмысың?» деген сөз келе берді де тыйыла қалды, намысына тиермін деп ойлады. Кісі атына мінуді Айбаршаның намыс көргенін Дәулет онсыз да біліп тұр. Айбаршаны бүйтеді деген Дәулеттің ойында жоқ еді. Сарысу бойын жайлаған малдан келе жатқан ол, жолда қарсы жолыққан таныс шалдан:

— Алда кісі бар ма? — деп әлдеқалай сұрағанда:

— Бар,— деген шал,— Қарымсақтың оқудағы қызы кетіп барады. Байғұс балаға ат тимей, есек тіпп кейіп барады екен.

«Сырбай баласына Қарымсақтың қызын айттырып қойыпты» деген сөзді құлағы шалған бұл шал, «ат тимей, есек тіпп» деген сөзді әдейі басыңқырап айтты. Ондағы ойы: «тез жетсін де, намысы бар жігіт болса, атын қызға беріп, есекті өзі мінсін» деген құлық еді.

Шалдың қулығын абайламағанмен, Дәулеттің өзіне де «тез жетейін де, атымды берейін» деген ой кеп кетті. Шалға хоштасқан ол, осы оймен, жөнеле бере атына қамшы басты. Екпіндей сілтеп тымық күнде алдынан жел тұрғызған аттың шабысы, оның ілгері ұмтылған көңіліне есектің аяңы сыяқтаңды. Дәл сол бір сәтте, ат түгіл автомашинаның ең жүйрігіне мінсе де, ол түгіл, самолеттің ең жүйрігіне мінсе де, ол түгіл, оқтың ең жүйрігіне мінсе де, ол түгіл, аққан жұлдызға, одан да жүйрік — күннің сәулесіне мінсе де Дәулеттің Айбаршаны көруге ынтықкан көңіліне қанағат бола алмас еді!..

Оның Айбаршаға ынтығуы қашан?.. Өзін жігітпін деп санаған күннен бастап көңіліне ұялаған сол Айбарша емес пе?.. Жан сырын ақтаруға асығыс емес пе ол?.. Кезегі келмей жүрген жоқ па, сыр ақтарудың оған?.. Мынау елсіз даладан қолайлы орын бар ма, сыр ақтаруға?.. Көктен тілегені жерден берілгендей болған жоқ па оның?.. Тез

жету керек емес пе ендеше?.. Осылай асыққан көңілді қанағаттандыратын көлік дүниеде бар деймісің!..

Алдағы Айбаршаға Дәулеттің көлігі тез жетпегенмен, көңілі тез-ақ жетті. Шалдың «Айбарша кетіп барады» деген сөзі құлағына шалынғанда-ақ оның ойы Айбаршаға барып қалды. Міне, Айбарша оның көз алдында... Міне, жетті де ол... Тоқтатты да... Бірақ, тоқтатқанмен, айтам деп келе жатқан сөздерінің біреуі де аузына түскен жоқ... Бар аузына түскені —«атыма мін!» дей береді!.. Хош, Айбарша ризаласып, атына міне-ақ қойсын дейік. Сонан соң?..

Дәулет «мін» деп, Айбарша «мінбеймін» деп, екеуі осы екі сөзді мөлшерсіз қайталап ұзақ тұрды. Олардың солай қанша тұрары мәлімсіз еді, егер арттарынан, пар ат жеккен тарантасты Масақбай келе қалмаса. Ол Дәулет пен Айбаршаның қасынан өте берді де, бөгет болу ниетімен тоқтай қалды. Кекесіні аралас аз қалжың айтқаннан кейін:

— Қәне, Айбарша, мін, менің арбама! — деді ол.

Айбаршаны «мінбейді» деп жорыған ол, бұл сөзді жай медресін қып айта салған еді. Күтпеген оқыйға болды: Айбарша арбаға ырғып мініп алды.

— Есекті қайтеміз? — деді кескініне таңдана қараған Масақбай.

— Дәулет айдап келеді,— деді Айбарша.

— Дәулет?!..

— Ие, Дәулет!.. Айдаңыз атыңызды!..

«Рас па?» дегендей, Масақбай, күлімсіреген кескінін Айбаршадан аудармап еді:

Рас айтам, ата,— деді Айбарша,— жүріңіз!

Басын тартумен тоқтап тұрған семіз, жарау, құлшынған аттар, божы босай жұлқына жөнелісті. Доңғалақтар мен аттардың тұяғынан көтерілген шаң арт жақты жауып кетті...

Дәулет аң-таң қалпымен орнында тұрып қалды. Есек жолдан бұрыла беріп, жантақты шалуға кірісті... «Бұ несі?» деп ойлады ол. Айбаршаның қалдырып кеткеніне қорланғандай болған Дәулет, «есегін тастап кетейін» деп бір ойлады да, «сол қыз маған бұйырып кетті-ау!» деп, айдауға жүре қоймаған есекті қамшымен пергілей бастады...

Дәулет пен Айбарша осыдан кейін жыйы жолығысты.

Қысқа қарай бірі баққан малына, бірі оқуына кеткенде де хатпен ғана хабарласып қоймай, Дәулет «айында, аптасында» дегендей келіп тұрды. Не айтысады сонда?..

Талай қызық кеңесті көйітеді екеуі де, тек, бір ғана кеңеске жоласпайды, ол — махаббат мәселесі. Бұл кеңесті сөйлесуге Дәулет құмартқанмен, Айбарша ауызға қағады. Бір рет бұл жөнде сөз қатам деп, Дәулет пәлеге қалған, сол сөзге бұртаңдап өкпелей қалған Айбарша: «Мен сені аға, дос көрсем, осылай ма еді ойың?»— деп кетіп қалған да, айдан артық уақыт сөйлеспей қойған. Оған ерегісер дәрмен бар ма, Дәулетте?.. Ерегіссе — сүйгені қайда?... Жалынып-жалпайған Дәулетке:

— Бір ғана шартпен татуласам,— деді Айбарша,— бұдан былай ондай сөз аузыңнан шықпасын. Шықса — өмір бойы менімен келіспейсің.

— Ауыр шарт екен,— деп Дәулет қыйпақтағанда:

— Ендеше, қазір-ақ көріспеуге әзірмін,— деп Айбарша кесінді сөз айтты.

Ақыры, Дәулет көнді. Сол шарт, екеуі неше кездессе де, нелер оңаша жолықса да бұзылмады. Телкөлге сапар шеккенде де жабайы достық сөздерден артыққа бара алмады. Айбаршаның ішкі пікіріне әзірге араласпай қоя тұрайық, ал Дәулетке келетін ой: «Мұның арты не болмақ?».. Ойы осылай толқығанмен, қуған үміті оған күн сайын жақындай түскен сыяқтанды... Талай рет қолына іліккендей болады ол үміт... Бірақ, сынап сыяқты бірдеме, ұстатпай жылжый береді... Оның Самарқаннан басқа Айбаршаны қызғанары әзірге жоқ. Ал, Самарқан ше?

Дәулет Айбаршаны Самарқаннан әуелі шын қызғанып жүрді де, артынан оған қызық көзбен қарайтын болды.

— Бір түрлі жігіт екен де,— дейтін болды ол сырластарына,— Айбаршаны ол айналақтай береді, Айбарша оған көңіл бұрмайды. Тым болмаса, мен сыяқты дос болса екен, ол да жоқ. Тұк емексітуі жоқ, қызға да сөйтеді екен адам!.. Менен несін қызғанады сондай қыздың?!

Самарқанға солай қарағанмен, Дәулет одан қауып та күтеді.

— Кім біледі,— деді ол жолдастарына,— қызғанышпен күндеуден артық пәле жоқ деседі, ол да намысы бар жігіт. Рас қызғанса, не өзі жазым болуы, не мені жазым қылуы мүмкін.

Сондай қауыптанатын Дәулет, Самарқан Телкөл дөңін-

дегі молаға шығып атылмақ болғанын білгелі тіпті қауыптанады.

Ол оқыйғаны Дәулет Айбаршаның бұйыруымен көрмеген, білмеген болған еді. Айбарша Самарқанға «бұл оқыйғаны екеумізден басқа жан білуге тиісті емес, сен де, мен де тісімізден шығармаймыз, өлгенде сүйегімізбен кетеді» деп, осы сертке уәдесін алған еді. Осы сертін есті отыра, Самарқанның жаман ниеттен қайттым деуіне Айбарша иланғанмен, Дәулет иланған жоқ. Оның бұл сертін Дәулет маздаған оттың уақытша бықсуына жорыды. Енді қашан лап етерін білмегенмен түбінде сөйтуіне Дәулет шек келтірген жоқ. Сондай ойда бола тұра, оның хайран қалатыны — атылам деген түнде Айбаршамен оңаша сөйлескелі, Самарқанның көңілі бұрынғысынан әлдекайда жадыраққы. Аңшылаудың арасында ол шаруашылық жұмыстармен шұғылданып, колхоздармен Телкөлден балық аулауға, жұмыртқа жыйнауға, брынза, май сыяқты, сүт заттарын, сойыстық малдарды алуға шарт жасасып жүр. Сол шартпен ол, канал құрылысына аз күнде отыз шақты түйемен жүк те жіберді. Өмірге қызықпаған, жасағысы келмеген кісі осыны істей ме? Әрине, істемейді. «Қеше атылып өлуге бел байлап, бүгін былайша жадырай қалса, мән жоқ па екен мұнысында?.. Мән бола қалса, Айбаршаның аузынан жылы леп шығумен байланысты емес пе екен?..»

Дәулетке осындай да күдік кірді. Соның мәнін Айбаршадан сұрауға окталады да, бата алмайды. Мола басында болған оқыйғаны Самарқан шынында да Дәулет білмейді деп ойлайды және қанша сынап қарағанмен, білетін белгісін таба алмайды. Дәулеттің қыңырлығын ол ескі қылығының салдарына жорыйды. Іске байланысты қажетті бір сөздер болмаса, екеуі өзара тіл қатыспайды.

Сол тілді олар, Байжанның ымдауымен шұқырлау жерге жата қалғанда да қатысқан жоқ. Екеуінің шұқырдан бастарын қылтыйтып қарайтыны Байжан ғана.

Құс отырған жағаға бұғып-ақ барғанмен, Байжанның жолы бола алған жоқ. Мылтықшылар келгелі мазасы кеткен құстар аса сақ екен, бұғып-ақ барған кісіні қайдан көргенін кім білсін, оқ шалар маңға келтірмей ұшып кетті. Және ұзай, басқа көлге ауа ұшты. Аспанға көтерілген құстарға аңырайып аз қарап тұрған Байжан, көлдің бетін көзімен шолды да, жуықта құс жоғын көрген соң, бұғып

жатқан серіктеріне «мында кел» дегендей қол бұлғады.

Самарқан орнынан көтеріле берді. Дәулет көтерілмеді. Түрегелген Самарқан Дәулетке қараса, ол бетін әрі бұрып, жербауырлай, әлденені мылтықтың нысанасына алып жатыр. Самарқан да қадала қарап еді, көзіне ешнәрсе ілікпеді.

«Есі дұрыс па, мынаның?!» — деп таңданған ол тіл қатқанша, Дәулеттің «осоавиахимы» тырс ете қалды. Самарқан селк ете түсті.

Мылтығы атыла салысымен-ақ Дәулет орнынан тез тұрды да, оқ ұшқан жаққа қарай жүгірді. Самарқан ақырған қалпында тұрып қалды... Аз жер жүгірген Дәулет кілт тоқтай қап, әлденеменеге еңкейе үңілді де, Самарқанды қолын бұлғап шақырды.

Самарқан барса, Дәулеттің алдында ұзындығы метрдей бір қара шұбар жылан бұрқан-тарқан дөңгеленіп жатыр.

— Не болды? — деді Самарқан.

— Атып түсірдім,— деді Дәулет.

— Қай жерінен?

— Көзінен,— деп Дәулет жыланды желке тұсынан аяғымен баса қойды. Жылаңның құйрық жағы етігінің қонышына орала қалды.— Орала бер,— деді Дәулет күліп,— құйрығымен шаққан жыланды естіген емен!

Самарқан үңілсе — оқжыланның бір көзінен тиіпті де, екінші көзінен шығып, басын талқандап кетіпті.

— Жарайсың! — деді сүйсініп кеткен Самарқан.— Қалай көрдің мұны?

— Осы тұста, әлгінде, аспанда шырлап тұрған бозторғайды көріп пе едің?

— Ие, көргем.

— Қарап жатсам, сол торғайдың қанат қағуы әлсіреп барады, «әй, жылан арбамағай да осыны!» деп жерге қарасам, осы арада, қаққан жіңішке қазықтай бірдеме қыбырлайды... Қадала қарасам ашық жылан!.. Содан, «дәл көз тұсың болар» деп көздеп тұрдым да, басып кеп қалдым. Мұлт кеткен жоқ екем!..

— Торғай қайда? — деп сұрады Самарқан.

— Арбалып қалса керек, осы маңайға қалбалақтап кеп әрең қонды да, жан дәрменде жусан арасына жорғалап кіріп кетті.

Самарқанның аузына «жігіт екенсің!» деген сөз кеп қап еді, басынан әлгінде ғана шыға қойған қызғанышы құрғыр, мыйына қайтадан орала қап, тілін күрмей қойды.

Самарканның көмейінде іркіліп қалған бұл сөз, және бір жағдайда аузынан еріксіз шықты.

Сыр бойына ертең қайтамыз деген күні таңертең:

— Ал, жолдастар,— деді Байжан, ауыл қыдырып жүрген Дәулет пен Самарқанды шақырып ап,— үшеуіміз мылтық атуда сыбайлас болдық қой. Бүгін соңғы рет шығып келсек қайтеді?

— Оқасы жоқ,— десті серіктері.

— Қысырақ қарағандар,— деді Байжан.— Қопалы көлдің біреуінен кеше кешке қыр шошқасын көріпті.

— Ендеше соған барамыз,— деді Дәулет.

— Қабан кездессе,— деді, Байжан,— «сосавиахиммен» жыға алмассың. Оған винтовка керек.

— Оны сіз сыяқты қабан атып көрмеген кісі айтады да,— деді Дәулет қалжыңдап,— біз сыяқты, атып көрген кісі айтпайды; өткен жыл қабанды бытырамен-ақ атып алғам!.. Жолбарыс кездессе бір сәрі...

— О да бар ма, бұл маңда?! — деді Байжан.

— Неге болмасын. Тұсаулы, не бағулы мал емес, ауа жайылмас дейтін. Шу бойында бар жолбарыс бұл жаққа келмейді деймісің. Қарттар ертеде өзге жер түгіл осы Телкөл маңында да көрдік дейді.

— Қойшы?!.

— Көрмей тұрып зәрең ұшты жезде, көріне қалса қайтпексің? — деп Дәулет күлді.

— Кімнің зәресі ұшты? — деп Байжан ішкі кобалжуын білдіргісі келмеп еді:

— Аттанайық! — деді Дәулет.— Бірақ винтовка алу керек. Көрерсіз, жолбарысқа қалайда кездесеміз.

— Оны қайдан білесің?

— Сенің қобалжуыңнан сезіп отырмын, жезде.

— Но, но...— деп күлген болды Байжан.

Ақға Байжан, Самарқан, Дәулет үшеуі ғана шықты. Сарысудың жоғарғы жағына қарай өрлеп кеткен олар, жолда жалғыз-ақ бөкен атып алды да, күн еңкейе ауылға қарай беттеді.

Жолда да олар Қопалы көлге кездесті. Сол арада Байжан машинасын қараса, бір баллоны босаған екен. Ол соны дұрыстап алуға кіріскенде, Дәулет:

— Көл жағалап келмейміз бе? — деді Самарқанға.

— Онда не бар?

— Қабан-мабан, жолбарыс-молбарыс кездеспесе дегенім ғой? — деді Дәулет қуланып.

Жырткыш аң кездесер деп қорықты ма, әлде күндесіне ергісі келмеді ме, Самарқан Байжанның қасында қалып қойды. Қолына винтовканы ғана алған Дәулет, көлді жағалап жалғыз кетті.

Сарысу қатты тасыған жылдары ғана су түсіп, өзге жылдары қар суынан ғана пәр алатын бұл көлдің жиегі биыл құрғақ екен. Бірақ, қашан өсіп жеткенін кім білсін, қуарыңқыраған қамысы әрі білектей жуан, әрі сырықтай биік, әрі қалың!.. Жыныска кіре қойғысы келмеген Дәулет, жағалап отырып, машина тоқтаған жерден ұзаңқырап кетті.

Жағаның құрғаған сазында әртүрлі хайуандардың ескі іздері кездесіп отырды. Кей іздің ненікі екенін танып келеді, кейін танымайды. Сөйтіп келе жатқан оған, қамыс ішіне кіре берген соқпақ кездесті. Соқпаққа кірген-шыққан іздерге үңілген оның көзіне шикі қыл шалынды — таныс, қыр шошқасының қылы.

— «Жақында ғана жүрген-ау» деп ойлады ол.

Соқпақтың қамысқа тақалған жеріне барса, сазға екі ірі шошқаның, жеті-сегіз кішкене торайдың тұяқ таңбасы түсіпті.

«Осы маңайда екен олар,— деп ойлады Дәулет,— жағаға шуақтауға шыққан екен де, мені көріп қамысқа кірген екен. Қап, шықпайды-ау бері!»

Сол арадағы жарқабақтау бір жерге Дәулет отырды. Ойында қыр шошқалары. Олар Дәулетке таныс хайуандар: қабаны ғана басына қауып туғанда адамға қарсы шабады, әйтпесе, момын-ақ жәндіктер, тек торайын ғана шамасы кетпей алдырмайды. Қазақтың ауыз әдебиетінде:

«Қас жақсының белгісі —
Топтап торай шалдырмас,
Жақынын жауға алдырмас» —

деген сөзі де осыдан шыққан. Торайын қатты қорғайтыны мегежінің емес, қабаны. Қауыпты жерде ол үнемі алда жүреді. Өшіккен оның бет-алдына кездеспе. Кездесе қалсаң, аузына іліксең-ақ жарып тастайды. Аузының қиығы сошпалық өткір, мысалы, аттың қыл құйрығы іліге қалса, қайшыдай қырқып түсіреді. Оны оралымсыз деген сөз қате, керекті жерде ұршықтай үйіреді.

Осыларды ойлап отырған Дәулеттің құлағына қамыс арасынан қабанның қорсылы шалынғандай боп кетті. Ол

елегзіп қалды да, винтовкасын үнсіз әзірлеп, дыбыс естілген жаққа құлақ түрді. Жел сол жақтан. Қара дауыл, қатты жел... Рас, қорсыл!.. Бері жылжып келе жатқан сияқты!..

Қобалжыңқыраған жүрегін тез билеген Дәулет, винтовканың предохранителін[1] босатты да, оқты ұңғының ішіне ақырын жіберіп, затворын[2] шаптырмай ғана жауып, атуға даярлап алды...

Қамыс арасына сығалай тіккен Дәулеттің көзіне, торайларын бауырына топтай ертіп бері қарай шыға берген мегежін ілікті. Ол көріне түсті де, жағада тұрған адамды көріп, соқпақтан қалыңға жалт беріп сініп кетті... Қорсыл әлі де кейін. «Ол, әрине, қабан! Бірақ тобынан неге бөлінеді ол?!»

Дәулеттің ойына: «жолбарысқа тап болмаса не қылсын ол!» деген ой кеп кетті. Білетін адамдардың айтуынша, жолбарысқа кездескен қабан артымен жылжыйды...

Несі болса да көргісі кеп кетті Дәулеттің. Сол арадағы бір түп итсигекті бетіне ұстап шөкесінен отыра қалды, винтовканың құлағы ашулы, тілі бармақта...

«Жолбарыс адам исінен алыстан қашады дейтін еді,— деген ой келді оған,— егер жолбарыс болса, бері қарай қалай келеді?! Әлде, жел сол жақтан болғандықтан сезбей ме екен?.. Машина да ықтан кеп тоқтады ғой!..»

Қорсыл жақындап қалды... Қамыстың сыбдыры да естілді... Қарайған бірдеме көрінді... Қабанның бөксесі!.. Шегініп келеді... Дәулет шымыр ете қалған бойын тез жыйнап, винтовканы ысанаға алды...

Оне, қабанның денесі де түгел көрінді... Әлі шегінуде... Тіпті жақын қалды... Аржағында...

Дәулеттің көзі жасаурап кетті. Көзін саусағымен сүртіп жіберіп қараса, көргені рас: артымен жылжыған қабанның аржығында жербауырлап, тап-тарғыл бірдеме жылжып келеді... Жолбарыс!..

Қарауылға жолбарыстың басын келтіре, Дәулет тартып кеп жіберді.

Не болғанын Дәулет білмей қалды, қабан жолбарысқа қарай ыршып түсті... жолбарыс жоғары секірді де, бүк-

---

[1] Аткызбайтын кедергі.
[2] Шаппасы.

тетіле кеп құлады... Қабан жалт беріп қамыска жоқ болды...

Жығылған жолбарысқа жүгіре беріп тоқтай қалды Дәулет... Ет жүрек, аржағында тағы жолбарыс жоғын, не қабан аңдып тұрмауын кім біледі?!.. Ол не істеуге білмей қобалжып тұрғанда, жағада машина гудогі естілді. «Тәуекел,— деген ой кеп кетті оған,— аналар келгенше алып шығайын!»

Дәулет жақындаса жолбарыс өліп қапты. Оқ бір шекеден тиіп, екінші шекені ойып шығыпты... үлкендігі тайдай жолбарыс!.. Көтерейін десе — зілдей!.. Сонда да, бойын мақтан билеп кетті ме, әлде қаруы орасан ба, тізерлеп отыра қалған Дәулет, жолбарыстың алдыңғы екі аяғынан қапсыра ұстап, кеуде жағын ныгына артты да, көтере жөнелді. Жан кешкенмен, жылылығы қаз қалпында тұрған жолбарыс денесінің бөксе жағы Дәулеттің бойшаң денесінен артып, жерге салбырап жатты.

Мылтық даусын естіп келген машиналылар дәл қай тұстан атылғанын шамалай алмай, ақырын жүріспен жағаны жағалай келе жатқанда, алдарынан, жолбарысты аркалаған Дәулет, қамыс арасынан шыға келді...

Арғы қуаныш сөздерді жазып, оқушының уақытын алмай-ақ қояйын. Тек, Самарқанның сөзін ғана ескере кетейік.

Байжаннан кейін Дәулетпен құшақтасып сүйіскен ол, құшағын жазғаннан кейін, Дәулетке:

— Жігіт екенсің! — деді...

— Грузияның атақты ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жортуыл» деген поэмасын оқыған ба едің? — деп сұрады Байжан Дәулеттен.

— Қазақша аударmасын ғана көріп ем.

— Сол поэманың геройы — Автондил дейтін батыр ғой?

— Білем.

— Жолбарысты жеңген батыр ғой ол?

— Алысып жеңген ғой ол. Менікі, мылтықтың күші ғой,— деді Дәулет сыпайысып.

— Сонда да ғажап ерлік, бұл! — деді Самарқан.

— Рас! — деді Байжан.— Мұның да ендігі аты «Жолбарыс тонды жортуыл» болсын!..

Он алтыншы тарау

ШҮЙІНШІ

Байжан мен Самаркан Телкөлге барған шаруаларын ойдағыдай артық орындап қайтты: жыйырма тоннадай балыққа шарт жасасамыз деп барған еді олар, колхоздардың балықшы бригадалары отыз тоннаға жасасты және майдың аяғында бітіріп береміз деген шарттың, бір жұмада сексен процентін орындап жөнелтті, планның орындалуы ойдағыдан артып кеткендіктен, шарт тағы да он тоннаға өсірілді; брынзаның шарты отыз бес тоннаның орнына елу тоннаға жасалды; жұмыртқаға шарт жасау ойда жоқ еді, «көлдерден оны да даярлап береііік» деген ұсынысты колхоздардың өздері айтты да, жыйырма бес мың жұмыртқаға шарт жаздырды; жыйырма тонна қаймақтың орнына Телкөлден жетпіс бес тонна қаймақ алынатын болды; құрт-ірімшікті даярлау да жоспарда жоқ еді, ащы құрттан он тоннаға, тұщы құрттан он бес тоннаға, ірімшіктен жыйырма бес тоннаға шарт жасалды. Осы заттарды тасуға, Телкөлге құрылыстың бес грузовигі үздіксіз жүріп тұратын болды да, машиналардың алды келіп үлгеріп, азықтарды тасый бастады.

— Көрдің бе, біздің елдің байлығын! — деп мақтанды Самаркан Байжанға.— Колхоздардың Телкөлді жайлай келген малшыларының өзінен осынша азық алатын болдық. Сыр бойында отырған тұрғын колхоздардан алатынымыз қанша!.. Мұндай байлықпен бір ғана канал емес, бірнеше каналды құруға болмай ма!

— Орнше! деді Байжан.

Байжан Телкөлден алатын азық-түлігіне ғана емес, оны жайлайтын елдің қадыр-құрметіне де, мәдениетіне де оте ризы болды.

Ес біліпнен бергі күндерінің көбін оқумен өткізген Байжан, бұл сапарына дейін «колхоздардың жайлауы» дегенді әдебиеттен оқып қана білетін еді де, өз көзімен көрген жоқ еді. Енді кеп көрсе, социалистік құрылыстың әдемі дүниесінің бірі екен, бұл!..

Ең алдымен «малшы» дегендерге хайран қалды ол. Кейбір ескілікті адамдардан естуінше, кейбір ескілікті баяндайтын кітаптардан оқуынша, революциядан бұрынғы ауылда «малшы» деген сөз дәреже емес, кемшілік болатын; енді көрсе — малшы еместен малшының праволық жағынан да, даңқ жағынан да, дәреже жағынан да, күн

көріс пен тұрмыс жағынан да, мәдениет жағынан да ешбір айырмасы жоқ.

Қайдан болады ол айырма? ССРО Жоғарғы Советінің депутатын іздесең осы малшылардан табасың!.. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутатын іздесең осы малшылардан табасың!.. Облыстық советтің де депутаты бар бұлардың ішінде!.. Аудандық, ауылдық советтердің де депутаттары бар!.. Қазақстан Орталық Партия Комитетінің де, облыстық партия комитетінің де, аудандық партия комитетінің де мүшелері кездеседі олардан!.. Әр бригада да парткомдар бар... Малшылардың бірталайы коммунист!.. Отанымыздағы құрметті ордендердің малшылардан бәрін де кездестіресің. Кей малшылардың кеудесінде әлденеше орден жарқырайды...

Малшыларымызға тоқырай түсейік: бүкіл Телкөл маңын жайлаған малшылардың арасынан бірер кәрі шалкемпірден басқа сауат білмейтін адамды Байжан кездестірген жоқ. Зоотехнигі жоқ бригада Телкөл бойында жоқ екен. Әр ауданның бригадаларында өзіндік ветфельдшер, барлық ауданның малдарын бақылап Телкөлде тұратын екі ветврач, олардың арнаулы пункттері, аптекалары бар. Екі жерде адам дәрігерлігінің пункттері бар, оларда төрт фельдшер, екі врач және бірнеше сестралар қызмет істейді.

Малшыларда өз үйіне газет жаздырып алмайтындары кемде-кем. Бірнеше қызылотаудың қасында драмалық, музыкалық, хор үйірмелері бар. Олар сауық кештерін қояды.

Әр аудан өз бригадаларын қамтамасыз ететін промтоварлық және азықтық магазиндер ашқан. Оларда лықып толған дүние... Дүниенің солай молдығынан, малды өріс-тетіп қайтқаннан кейін жуынып-киініп шыққан жастардың қаладағы интеллигент жастардан ешбір айырмасы жоқ. Әр жас жігіттің үстінде европалық жақсы костюм, сорочка, көйлек, галстук, басында шляпа, аяғында модылы ботинка, жас әйелінің үстінде жібек көйлек, оның үстінде не модылы фуфайка, не модылы пенжак, басында жібек косынка, аяғында бізәкше туфли... Расында олар интеллигент те... Орта, я соған жақын білімі болса, қазақ және орыс тіліндегі газет, журналдарды, саяси және көркем әдебиет кітаптарын үзбей оқыса, саясаттан, ғылымнан, әдебиеттен хабардар болса, дүниеге өзіндік көзқарасы болса, интеллигент емей кім ол?

Малшылардың халі осындай болса, «мал» да аты «мал» емес, мәдениет жолымен өсіруге айналған мал екен.

«Мал» дегенде, бұл жайлауда ең көп мал — қой. Қойдың көбі — қаракөл. Қаракөл жүнді ол қойлардың мыңдаған табыны жайылған дала, желді күні толқып жатқан теңіздің беті сияқтанып тұрады. Жылына мемлекетке он мыңдай каракөл елтірі беретін колхоздар бар екен. Аз қалма ма бұл!..

«КППНЖ»[1] аталатын қой Телкөлге бұдан екі жыл бұрын келті. Меринос пен қазақы қойдың шағылысуынан пайда болған бұл тұқым да жақсы нәтиже беріпті: қойлардың етінің ауырлығы алпыстан жүз килоға шейін. Бригадалар қойдың осы түрін де молайтпақ екен.

Қойдан соң Телкөлге көп ілікқан мал — жылқы. Ол да асылдандыл, арғымақка айнала бастаған және арғымақ пен қазақы жылқының шағылысуынан, әрі тұрықты, әрі сұлу, әрі жалғы шетік, қысқы суықта далаға жайылымға төзімді бол алған. Түбе Телколде көліктік қана мал екен, сайыр атымен жоқ, ол түлік түгелімен Сыр бойында болады екен.

«Малшы» дегендер қонақ күткіш ел екен. Телкөлге келгелі Байжанды, Самарқанды, Дәулетті, Айбаршаны күн сайын бірнеше бригада кезекпен қонаққа шақырды да отырды. Және олар бұл төртеуін ғана шақырып қоймайды, өзара да бірін бірі шақырысып, әр кештің қонағы көп үйге әрең сыяды, кейбір шақырушы қонақтарын екі үйге орналастырады.

Бұл мәжілістер тамақ ішудің ғана емес, мәдениеттің де мәжілісі болды. Жұрт қонаққа жыйналған соң әуелі саясаттың, ғылымның, шаруашылықтың, мәдениеттің мәселелері кеңес боп отырады да, арты сауыққа айналып кетеді. Әншілер де, күйшілер де, күлдіргіштер де сол топтың ішінен табылады. Кейде радиоприемник арқылы Москвадан, Алматыдан концерттер тыңдайды.

Малшылармен мәжілістесе отыра, Байжан өз есебін де ұмытпайды. Оның Телкөлге келудегі мақсаты азық-түлік дайрлау ғана емес, адам күшін де алу екендігі бізге белгілі. Мәжіліс арасында ол осы сөзін де көңірсітті.

Еңкейген кемпір-шал мен еңбектеген жастан басқа, бұл сияқты елдің игілікті ісіне бармай кім отырар дей-

[1] Қазақтың малшарушылығы ғылми-зерттеу институты

сің,— деседі оған көпшілік,— мал бағуға аса қажетті біреулер болмаса, былайғы жастың көбін жібереміз.

— Кісі жетіп тұрғанда, мың қойда бір қос жасаушы ек және сол отарда кезектесіп бағатын және күзететін он шақты кісі болушы еді,— деседі біреулер,— каналға кісіні көбірек жіберу үшін, отардың санын да, бақташының санын да қысқарту керек, екі отардан біреу жасау керек, одан отарға кемшілік келмейді, кең дала неше отарды біріктіріп жайсақ да оттауға жете береді.

Мұндай ұсынысты көбінесе шал-кемпірлер жасап:

— Екі отарды біріктіріп, күндізгі бағымын да, түнгі күзетін де бір шал, бір кемпірге тапсырса жетті; шал күндіз бағады, астында ат, екі мың қойға еркін не болады, түнгі күзетке кемпір де жарайды, қой төлдеп болуға жақын, аздаған төлді алып үлгереді ол, қойды ит-құстан қорғайтын иттер бар...

«Ит» демекші, Телкөлге келгелі Байжанның көзіне ерекше түскен бір құнды дүние — бақташылардың иттері. Олар екі тұқым. Бір тұқымының денелері добалдай, аяқтары арыстандай сом, кеуделері салыңқы, мойындары жуан, бастары жалпақ және үлкен, құлақтары мұқыл, ұрттары салбыраңқы, айқаса біткен азулары ұрттарын ыржыйтып керіп тұрады, тамақтарының астында, шоқтала біткен ұзын қылы бар, қылдары жылқының ту құйрығындай жуан, құйрықтары шолақ, түстері қара-көк, өздері кісі қаппайды, таңертең қоймен бірге өреді, жайлымдағы қойды жағалап жүреді. Бір ғажабы — кейбірі шөп оттайды, оны қарт колхозшылар ырым көріп, «ілгері басқанның иті оттайды, кейін кеткеннің келіні ұрлық қылады» дейтін еді бұрынғылар, ырысы тасыған колхозда бұл жақсы жора деседі... Ол иттер түнде жусаған қойға да берік күзетші — қораны жағалап жүреді, бірақ, барқылдап үре бермейді, қырдың жыртқышына күзетте жүргенін білдіргісі ғана келгендей, анда-санда ғана бір маңқ етеді, онысы арыстанның дауысындай жуан шығып, жаңғырығы тымық түннің әлдеқайдағы алыс түкпіріне дірілдей тарап жатады...

Бақташылардың айтуынша, бұл иттердің бар кемшілігі — жүгіруге олақ; қасқыр, түлкіні олардың ілуде біреуі-ақ қуып жетеді, ал, жете қалса, қасқырыңды қояндай-ақ басып қалады... «Ит жеті қазанның бірі» дейді қазақ. Өзге итті кім білсін, мына біз сыйпаттап отырған иттер, мал шаруашылығы үшін баға жетпейтін қазына. Телкөл

жайлауына жүзден артық колхоздың малы шығады. Сол колхоздардың жүз мыңдаған малынан бұл иттер қапыда болмаса қыр аңына мал бермейді...

Иттің мұндағы екінші түрі: жүні тықыр, денесі имиген жіпшіке, құлағы шашақты ұзын, тұмсығы сүйір, аяқтары ширақ, құйрығы сабау, қабырғалары тырыйған арық тазылар. Бұлардың да бірнеше қасиеті бар: бір қасиеті — ымырасыз жүйрік, қандай аңға болса да жетпей қоймайды. Екінші қасиеті — тәсілқой және қу, әлі жетпейтін ақылы тіресегінен тістеп зықысын шығарады, қуса жетеді, қашса жеткізбейді, екеу-үшеуі біріксе, әлдері жетпейтін жерге де қақпақылдап отырып жарып тастайды. Үшінші қасиеті — жаны жоқ батыл, түлкіні ініне кіріп алып шығуға бар, түлкінің тісі тиген өзге тұқымды ит, енді қайтып аулап салуға батпаса, бұл тазылар, ұртына тісі біздей шаншылып жүрген түлкілерді белдемеден тістеп сілкілеп өлтіреді, қоянның алса, домалаған қалған кірпілерді де, аулаған иелері қағалауына қарамай шайнап тастайды. Төртінші қасиеті - сауысқаннан соңғы сақ осы тазылар, үйқыда жатып жылаңның жорғалағанын естиді. Бесінші қасиеті сезімпаздығы гажап, ана қырдың астында жыртқыш аң не бөтен адам келе жатса мұрны сезе қалады да шаңқылдап үре түрегеледі, үрген даусы шаңқылдаған сайын, шаңқылдай қалса жерөмірге кетеді...

Иттерді сілтіпаттап отырып темамыздан шығыңқырап кетіппіз. Бірақ, бұл да осы теманың мәселесі сияқты, өйткені, бізге иті ит үшін емес, мал шаруасын бағуда, өсіруде орны қандай екенін көрсету үшін сыйпаттау қажет болды.

Сонымен, қазақша, мәжілістесіп отырған көпшіліктен:

Және, сонымен, канал құрылысына баратындардың тізімін де жасай отырайық,— деп, Байжан әр бригадада болған мәжілісте қалтасынан кішкасын алып, сұранушылардың тізімін жасай бастайды... Бригада көп. Оның бәрінен алатын адамдарын мәжіліс үстінде ғана жазса, бір жұма емес, әлденеше жұмалар керек болар еді. Оған уақыт бар ма, Байжанда. «Бізге де қонақ бол» деп әр бригада жалынғанмен, Байжан көбіне рахмет айтты да, ақылдылығын да жасай жүре, бір жұманың ішінде Телкөлден құрылысқа баратын адамдардың да тізімдерін анықтап алды; сайып келгенде, бұл жайлаудан құрылыс жұмысына екі мыңнан астам адам шықты.

Жұмаға жақын сайрандаған Телкөлден Байжан мен Сәтторғын таң ата аттанды.

Түнде тыныстаған жан-жануардың қыймылға кіріскен кезі бұл: кой маңырап, түйе боздап, жылқы кісінеп, құс шулап,... дегендей, айнала азан-қазан еді. Машинасына мінгелі келе жатып соның бәріне құлақ түрген Байжанға, жүрегін қозғай қалған бір ой кеп кетті.

«Осы шудың бәрі де бала үшін,—деп ойлады ол,— өрістеп бара жатқан қойлар неге маңырайды? — Қорада қозылары қап барады! Әне бір түйе неге боздап барады? — Мына бір үйдің қасында, байлаулы жас ботасы қалды!.. Сонау бір үйір жылқыдан әне бір біе неге кісінейді? — Анау ойнақтап жүрген құлын, дәуде болса соныкі!.. Әне бір қызғышты қара, сонау бір салт адамның төбесінен, түлкі алатын бүркіттей төніп, бүргісі-ақ кеп жүр!.. Неліктен ол? — Дәуде болса сол маңдағы ұясын қорғаудың камы да!.. Көлдегі үйректер неге у-шу бола қалды? — Қаршыға жүр екен, әне!.. Жұмыртқаларын шағып ішеді ғой ол, үйректердің!.. Оған шуламағанда неге шуласын, үйректер?.. Әне, ана жақтарда тағы да шу...»

Шуларға құлақ түріп әсерленген Байжан, машинаның қасына келгенмен мінбей, қалшыйып тұрып қапты. «Мұнысы несі?!»-деп ойлаған Самарқан, оған таңдана аз қарап тұрды да:

— Әй, Байжан,— деді оған.

— Әу!—деді Байжан селк ете қап.

— Поэттерше[1] қарай қалдың гой, төңірегіңе?!

— Мүмкін,— деді Байжан, сезім билеп кеткен ақыл сабасына жаңа ғана түсіп,— мен поэт болмағанмен, айналамыз поэзия емес пе? Әттең ақын емеспін мен, егер бола қалсам, анау қызылы, сарысы, жасылы, көгі, тағы басқа бояулары тотының қанатындай құлпырған таңды, мынау аспанда қалықтаған,— Байжан аз кідіріп, бұлтты әдемілеп сыйпаттайтын сөздерді таба алмады,— бұлтты, анау құсы шулаған көлдерді, анау өрістеп бара жатқан малдарды,— ол тағы да аз кідірді,—тағы басқаларды сыйпаттап жазса, шіркін!..

— Ақындар жазып жүрген жоқ па?

— Жазады гой,— деді Байжан,—бірақ все это не то!..[2]

— Сенінше қалай жазу керек?

— Абайша. Қандай тамаша суреттейді ол, табиғатты!

---

[1] Ақындарша.

[2] Көбі ойдағыдай емес.

Сол, Абайша суреттеп, біздің заманның смыслын[1] берсе қандай қатып түсер еді. Қайда, сондай шығарма?..

— Жолда кеңесейік, оны,— деді Самарқан,— мінейік машинаға, көзге шыққан сүйелдей болмай.

— Неге «сүйел» боламыз?!

— Қарашы, төңірегіңе, бізден басқа аңырған адам бар ма?

Төңіректе бос адам жоғы рас еді. Қыбырлаған адамның бәрі де шаруамен шұғылдануда.

— Дұрыс екен,— деді Байжан,—біз артық адам екенбіз, жүрсек жүрейік.

Біздің жолаушылар Телкөлге келе жылынған ауа райы, олар Телкөлден аттанған күні, күн көтеріле тіпті мауыжырып, машинаның алдынан тұрған желден көктемнің иісі шықты. Дәл көктем күнінгей төңірек мұнартып сағымданып кетті.

Телкөлден жолаушылар ұшықыраса, әпсүкүні жол бойында шұбала көшкен елдер жайлауға өтіп болып, алдағы кең дала құлазып қалған екен. Осы құлазыған кең далаға шыға, Байжан мен Самарқан терең ойға сүңгігендей үн-түнсіз бола қалды. Олар ойға кетті. Самарқанның ойында Айбарша... Байжанның ойында ше?..

— Айнала дала...— деп ойлады ол.—Таусыз жазық дала!.. Ормансыз жалаңаш дала!.. Шалғынсыз сұрғылт дала!.. Сусыз шөл дала! Не деген кең дала, бұл!.. Шеті қайда мұның!.. Қыйыры қайда мұның?!.. «Жалғыз осы жақта ғана ма, мұндай кең, мұндай шөлейт дала?.. Телкөлден Балқашқа,.. не Қарағанды, Қаркаралы арқылы Семейге,... не, Ақмола, Баян арқылы Керекуге,... не, Қарсакпай арқылы Атбасарға,... не, Байқоңыр, Торғай арқылы Орға,... не, Ырғыз арқылы Ақтөбеге,... не, Шалкар, Ойыл арқылы Текеге,... не, Арал арқылы Маңғыстауға,... не, Жосалы арқылы Хивага,... не, Қызылорда арқылы Үргенішке,... не, Шу арқылы Алматыға жол шегін көрші сен,... бұл түгіл, мұның әкесіндей даланың пешуін көрер екенсің!..

«Дәулеті мол, қолы сараң табиғат, ғасырлар бойы ерні кезерген бұл далалардың қайсысын азықтандырып, суландырып жарытқан!.. Тек, ол, «бұл дала да бір күшке керек болар, біржола өлтіріп алмайын дегендей, аталған шөл далалардың кейбіріне ғана тұрқы қыска,

[1] Мәнісін.

ені тар өзендер, көлемі кең, суы аз көлдер берген!.. Олар менің қайбір өзен сыяқты өзенім... көл сыяқты көлім!..— Көктем кезінде ғана тасыған болады да, шілде туа, іннің түбінен көзі жылтыраған жыландай, тар және терең арнасының түбінде жылтырап қана жылжыйды...

«Су ма, бірақ, осы?.. Судың «H_2O»[1] аталатын химиялық формуласының байыбына бармағанымызда, біздің «су» дегеннен ұғатынымыз — сусай қалғанда мейіріңді қандыратын сұйық зат қой. Қазақтың шөл далаларында сирек кездесетін, өзендер мен көлдердің суы, жаңағы біздің ұғымдағы судай ма?.. Мысалы, Шудың, Сарысудың, Кеңгірдің, Ырғыздың, Торғайдың, Обағанның, Ойылдың, Жемнің, Сағыздың, не, соларды төңіректей біткен көлдердің суларын июль, август айларында барып татып көрші, тілің не сезер екен!.. Сол кезде барып татсаң, сол өзендердің суын, сен «су» демес ең, «ертіп қойған сұйық тұз» дер ең!.. Осы өзендердің жағасына орнаған: Торғай, Ырғыз, Ойыл сыяқты далалық қалалардың адамдары, іргесінде жалтыраған өзеннің ащы суын іше алмай, құдық суынан ішуіне хайран қалар ең!..

«Татар суы осындай ащы далаға, мол және тұщы суы елкелердей көкорай шалғын бәйшешек қайдан шықсын,.. ну орман қайдан бітсін!.. Сондықтан да сұр дала, ол!.. Сондықтан да оның беті, шөлден өлетін адамның ерніндей кезеріп, айқыш-ұйқыш тілімденіп жарылып жатады...

«Осындай түр беріп тарықтырардай, бұл шөл далалар, анасы — табиғатқа не қылмысынан жазған!.. Расында, жазғырған ба, табиғат оларды?.. Жазғырса, сол кең далалардың астына, адам баласы біліп жеткен де, жетпеген де кендерді мөлшерсіз мол қып көмер ме еді?!. Бұл қоймаларда Советтік ұлы Отанымыздағы түсті металдың жүзден токсаны жатқан жоқ па? Тағы да нелер қымбат кендер жоқ онда!.. Қазақтың кең шөл даласын, осынша мол кеннің қоймасы қып жаратқан табиғатты біз, қалайша сарап, мейірімсіз деп алмақпыз?!.. Дұрыс, мейірімділігі де, мырзалығы да рас екен, оның... Ал, сонда, сонша байлықты жердің бетіне көрсетіп-ақ тастамай, тереңге тыққылай берген себебі не?

«Табиғат» деген — кәрі дүние емес пе? Барын тыққыштап ұстау — әрбір кәрінің салты емес пе?.. Кәрінің де кәрісі бар емес пе, бірақ?.. Таппастай қып тыққышта-

[1] H_2O — судың химиялық құрамы.

натын кәрі бар емес пе?.. Еңбектеніп тапсын дейтін кәрі бар емес пе?.. Бастапқы кәрі тыққанын тапқанға кеңіймей ме?.. Соңғы кәрі қуанбай ма?.. Табиғат — кәрінің соңғы түрі емес пе?.. Және өлетін кәрі ме, ол?.. Өзгенің бәрі уақытша екенін, уақытсыз — жалғыз табиғат қана екенін айтқан жоқ па, ұлы Ленин?.. Табиғаттың тыққыштығы, сарандығы емес, сақтығы ғана емес пе?.. Сақтап ұстамаған байлық не болмақ?.. Мысалы — электр қуаты: ауаның ішіне тығып сақтамаса не болар еді ол?.. Ендеше, сақтық сарандық емес, үнемділік. Табиғат — үнемшіл карт. Оның адамға айтары: «менен туған бала көп болғанмен, мұрагерім сен ғанасың!.. Сенің бақытты тұрмыңа жеткілікті мүлік менің бойымда түгел... Сол бай мүлік шашылып кетпеу үшін, мен оны берік қоймаларға сақтап келем, оны іздемесең таптырмаймын, себебі, мен саған ғана ойлай білетін және ойлағанына жете білетін ақыл бердім.. Сенен өзге балама ондай ақыл берген жоқпын... Ойла!.. Ізден!.. Тап!.. Сонда ғана менің қоймаларымның аузы ашық, саған!..»

Жел айдаған толқындай лек-лек боп бірінің артынан бірі шұбырған Байжанның шөл дала туралы, жалпы табиғат туралы ойлары осы арада аз тоқырап, аз кідірістен кейін, ол табиғат байлығын адам баласы қай кезде қалай меңгергеніне есеп берді. Жердің үстінен де, астынан да адам баласы не байлық тауып үлгергенінен хабардар Байжан, өзіне: «Осы табыста қазақтың үлесі қанша?..» деген сұрау қойды.

Байжан білетін тарихи материалдардың баяндауынша, социалистік Ұлы Октябрь революциясына дейін, мысалы жер астының көпін зерттейтін, қазақта бір де инженер жоқ екен.

«Бұған айыпты кім? Орыс, тарихи жағдай. Ел болған күнінен бастап, Октябрь революциясына дейін қазақ халқы көшпелі дәурен сүрді. Оның ұлттық қаласы болған жоқ, қаласы болмаған соң, ұлттық мектебі болған жоқ, ұлттық мектебі болмаған соң балалары оқыған жоқ, балалары оқымаған соң, ол ұлттан ғылым маманы қайдан шықсын. Октябрь революциясына қазақ халқы үш проценттік қана сауатпен келуі де осыдан. Халықтың бұлай болған қалуына қанаушы бай-феодал табы, олардың үкіметі кінәлі. Қазақ халқы Россияға бағынғанға шейін өзінің билеген хандар, билеген елін ғылымның өріне сүйреп апарысқан жоқ; Россияға бағынғаннан кейін пат-

ша үкіметі де қазақ халқын ғылым өріне бастаған жоқ... Енді ше?.. Енді қазақтан шыққан маманды, оның ішінде тау-кен инженерін біреулеп емес, ондап емес, жүздеп санамаймыз ба?..»

Ойға шомған Байжан, төсеген тақтайдай теп-тегіс даланың болар-болмас қана көрінген сұрлеулі тік жолымен ағызып келе жатқан машинаның ешнәрсеге қақтықпасына сенді де, рульді қолына ғана билетіп, көзін аз уақытқа жұмды. Сондағы ойы — Қазақстан картасында, советтік дәуірде болған өзгерістерді, орнаған байлықты көз алдына келтіру еді.

Ол өзгерістер мен байлықтар, көзін жұмған Байжанның алдында тізбектеле қалды... Көзін ұзақ жұмса, машина бетімен қаңғыруы мүмкін. Сондықтан, ол, қазақ даласында советтік дәуірде болған өзгерістерді, оның картасынан, көзін ашып-жұмып отырып келтірді...

Бірақ, бәрін санауға бола ма екен, олардың?.. Мысалы, жер жаралғалы таспаға мен жыланнан басқа мақлұқ мекендемеген Балқаш көлінің теріскей жақ жағасына көзіңді салшы, не көрер екенсің!.. Онда сен, советтік дәуірде ғана орнаған, дүние жүзіндегі ең көркем қаланың бірі — Балқашты көресің!.. Осы қаланың батыс жақ жиегінен, дүние жүзіндегі ең үлкен мыс заводының бірі — Балқашты көресің!.. Советтік дәуірде ғана орнаған осы сыяқты гиганттарды, Қазақстан картасының әр жерінен таппаймысың!.. Өнімі қандай, олардың!.. Бір мәліметтің айтуынша, Қарағандының қазіргі көмір шахталары, бір айда, осы Қарағандының революцияға дейінгі барлық жылдарда берген көмірін өндірген екен!.. Ғылымпаздардың айтуынша, қазақ даласының табылған кенінен табылмағаны, немесе, табылғанымен әлі іске асырылмай жатқаны әлдеқайда көп. Мысалы, Қостанай облысындағы Аят өзенінің жағасынан табылған темір кені дүние жүзіндегі ең зор металлургиялық заводтың бірі — Магнитогордың жүз жылдық қорытуына жетеді!.. Не деген байлық бұл!..

Осындай байлықтарды, кеңдігі алты Германиядай, бірақ, жүзден тоқсаны адам пайдасына аспай құлазып жатқан қазақтың шөл даласын гүлдендіруге жұмсаса, не боп кетер еді, ол дала?!..

Мысалы, Балқаш көлінің батысында, мыңдаған квадраттық километр жерді алып жатқан «Бетпақ» аталатын даланы алайық. Бір инженердің жобалауынша, солтүстік-

тегі Мұхиттың суын тұщыландырып, Бетпақтың шөліне тұрбамен тартуға, сол тұрбаның тармақтарымен суарып, мақта егуге, егіс даласының әр жеріне төңіректеп орман өсіруге болады. Мұндай тұрбалар жүргізу үшін, қазақ жерінде әзірге табылған темір запасының жартысы да жетеді... Егер осылай суарылса, «Бетпақ» қазіргі Өзбекстаннан бес есе артық мақта береді. Инженердің жоспарымен танысқан Байжан: «фантазия емес бұл, қазақ жеріндегі бар байлыққа негізделе айтылған шындық» деп ойлайды.—«Бірақ,— деіді ол өзіне өзі,— капиталистік коршау, біздің Отанға, жеріндегі бар металды халықтың ішкі байлығын көркейтуге мүмкіншілік бере ме?!.. Әрине, бермейді!.. Оттең,— деп арман етті ол,— осы коршау тез бітсе!.. табиғаттың бар байлығы, оның ішінде қазақ даласының байлығы, адам баласының бақытты тұрмысын өркендетуге жұмсалса!.. Бірақ, қашан?!.»

Соңғы сұрауды өзіне әлсін-әлсін қойып, шешуін таба алмай келе жатқан Байжанның ойын:

— Әне бір, машинаны қара! — деген Самарқанның сөзі бөліп жіберді.

— Қәне? — деді, Самарқанның кенет шыққан даусынан селк ете түскен Байжан.

— Әне!

Байжанның көзі алдыңғы жақта, алыста бұрқыраған шаңға түсті.

— Қәне, машина? — деді ол Самарқанға, шаң арасынан ешнәрсе көрінбеген соң құйынға жорып.

— Анау шаң ше?

Құйын ғой!

Сондай шұбалаңқы құйын бола ма? Және шаң алдында қарандағанды нетын көрмейсің?

Алыстан болжауға көзі шорқақ Байжан, ілгері созылған шаңның алдындағы машинаны жақындағанда ғана көрді.

— Рас, машина екен,— деді ол,— кімдікі екен бұл?

— Меніңше, райкомдікі.

— Оны қайдан білдің?

— Бозғыл түстілеу емес пе, оның машинасы?

Байжан қарқылдап күлді.

— Неге күлесің? — деді Самарқан.

Сөзің қызық. Шаң басса, қара машина да боз боп көрінер!..

Егер боз болса ше?

— Егер қара болса?..

Екеуін серттестіруге келтірмей, алдыңғы машина жақындап келді де, «әй» деген дауыс жетер жерде кілт тоқтай қалды. Артына ілескен қою шаң, тоқтаған машинаны жауып кетті...

Алдыңғы машина тоқтағанын көріп, Байжан өз машинасының екпінін бәсеңдете берді, күткен машинаға ақырындай кеп тоқтады.

Сұйыла бастаған шаңның ішінен алдыңғы машинаның бержағында қарандап қол көтерген адам көрінді. Байжан сығалай қараса — Рахмет!..

— Шүйінші! — деді Рахмет, машинадан түсе берген Байжанға.

— Қалағаның сенікі! — деді, зор қуанышты сезгендей жүрегі тулай қалған Байжан.

— Шүйінші!.. Ұлды болдың!..

Тулаған жүрегі жұтқыншағына тығылғандай болған Байжанның аузына сөз түспей қап, Рахметті құшақтай алды да, шаң мен тер араласқан бетінен шолпылдатып кеп сүйді.

— Гүлнар да аман,— деді Рахмет, Байжан құшағын жазған соң.

Самарқан да құттықтау сөздер айтып қолын алды.

— Қашан? — деді, әлі де аузына сөз түспей тұрған Байжан.

— Бүгін таң біліне!

Он жетінші тарау

ЖАС ЖАПЫРАҚТАР

Бітірген игілікті ісіне кім қуанбайды дейсіз.

Қаналдың сағасына орнаған бас шлюзді біздің Байжан да қуаныш көріп, жұмысы жоқ болса да соны күн сайын әлденеше рет көруді әдет қып алған еді.

Сол әдетімен ол міне, қазір де, сұлбасы темірден жасалған шлюздің қыр арқасындағы көпірде ерсілі-қарсылы жүр... «Қазір» деп отырған мезгіліміз — түн... және... түннің не басы, не ортасы емес, таңға жақын мезгілі.

Жұрттың шырт ұйқыда жататын кезі ғой бұл шақ. Бірақ, айнала ың-жың дыбыс!.. Жан-жақта самбырлап кеңескен адам дауыстары естіледі... Әлдекайда, әлдекімдер ән шырқап жатыр... Бұл әндерді шлюздің екі жақ

қапатының төбесіне орнатқан репродуктордан келіп тұр ма деген оймен, Байжан көпір үстіндегісінің тиегін ағытып қойып төңірегіне құлақ түрсе, ән Алмалықтағы радио түйінінен ғана емес, айналадағы даладан да естіледі... «Кімдер олар?..»

Шлюздің жан-жағында жақында да, алыста да жылтырай жанған оттар!.. Оттардың әрқайсысының да жалындары көтеріле лапылдағанда, төңірегінде қарандаған адам елестері көрініп қалады!.. Жалындауы мен бықсуы араласқан оттардың сонау бір тұсында, ашық аспанда жылтыраған жұлдыздардай боп бірқалыпты, біркелкі боп жарқыраған көп жарықтың көздері мөлтілдейді, олар не?..

Бұл дыбыстардың, бұл жарықтардың бәрі бізге таңсық болғанмен, Байжанға таңсық емес. Қай кезде, кім үн шығарып жатқаны, қай жерде не от жанып жатқаны, шлюздің көпірінің үстінде жалғыз жүрген оның көкірегінде сайрап тұр...

Байжан Телкөлден орала, күннің кешет жылынып, жердің тоңы тез жібуін көрді де, сол күні Қызылордаға барып, каналдың жер қазу жұмысын тез бастауға рұқсат алды. Сол күні облыстың барлық аудандарына, Сталин атындағы канал құрылысына қатнасатын адамдарды тез аттандыру туралы телеграмма кетті. Темір жолдың екі бетін жағалай отырған Қызылорда облысының аудандарынан канал құрылысына кісі аттандыру қыйынға түскен жоқ. Телеграмманы алғанның ертеңінде-ақ, темір жолдың батыс жағынан да, шығыс жағынан да құрылысқа қатнасушылар ағыла бастады.

Келушілерді қарсы алу туралы арнаулы комиссия құрылды, басшысы Рахмет Дүйсембин, мүшелері: Байжан, Айбарша, Самарқан, тағы бірнеше адамдар.

Комиссияның ұйғаруынша: Алмалық станциясының басында, құрылысқа келушілерді комиссия мүшелері кешкілен қарсы алады. Қай поезда, арнаулы қай эшелонда қанша құрылысшы келе жатқаны, Алмалыққа қашан жетуі телеграммалардан мәлім. Поездың, я эшелонның келу кезіне, келген адамдарды барар орнына тасыйтын көліктер мен машиналар даяр тұрады. Тоқтаған поездан, я эшелоннан түсетін құрылысшыларды күткен адамдар оркестрмен қарсы алады. Түскен жұрт тарап болғанша, Алматыдан, Қызылордадан, жергілікті үйірмелерден келген артистер концерт беріп жатады.

Келуі және қарсы алынуы осылай жоспарланған құры-

лысшылар, Байжан Қызылордаға барып оралғаннан кейін-ақ ағыла бастады...

Түнде, шлюздің көпірінде тұрған Байжанның құлағына төңіректен естілген дыбыстар мен жанған оттардың көпшілігі солардікі еді...

Ал, жұлдыздай жарқыраған жарықтар не?

Олар іргесі қаланып қалған Алмалық қаласындағы электр жарығы. Өткен күзден Алмалықтың Сырдарияға тақалған жиегіне орнай бастаған жүз киловаттық қуаты бар электр станциясы, Алмалықтың салынып үлгерген қоғамдық үйлеріне, кейбір бас көшелеріне жарық берген. Сол жарықтың екі үлкен лампасы, көп жұлдыздың ішінде бадырайған айға ұқсап, шлюздің көпірінің екі жақ басында жанып тұр. Бір лампаның түбінде Ленинніц, бір лампаның түбінде Сталиннің портреті. Бұл екі портретті де осы аудандағы он жылдық мектептің сегізінші класында оқып жүрген бір бала бояумен салып, құрылыс басқармасына әкеп сыйға тартқан. Бояу суретінің өнерінен біраз хабарым бар деп ойлайтын Байжанның бағалауынша, бұл портреттер ешбір профессионалдық суретшілердің жасаған портреттеріне беріспейді...

Шлюзден алыста, больницада жатқанмен, Гүлнардың елесі Байжанның көз алдында тұр. Бұл, Байжан Телкөлден келген күннің ертеңінде көрінген елес. Сол күні ғана жолыққан Байжан, Гүлнардың кескінінен бұрын байқамаған әдеміліктерді тапқан сияқты болды: көзі ерекше нұрланған!.. Беті ерекше шырайланған!.. Қасы да қоюлана, қарая түскен!.. Шашы да қарая, толқындана түскен!.. Еріндері де қызара түскен!.. Тістері де ағара, жарқырай түскен!.. Кескін-кейпін тұтас алғанда, бұрынғысынан да сүйкімді, бұрынғысынан да ыстық!..

Ал, нәрестеде ше?..

Расын айтқанда, көргенше қыя[illegible] еткен әсеріндей әсерді, нәрестені көргенде Байжан ала алған жоқ. Байжан Гүлнардың палаткасына кіріп, қасында отыр еді, москалдау сестра інгәлап жылаған баланы алып кірді де, әметін уақыты болғанын айтты.

Еріпіц алдында бұрын бала емізіп көрмегендіктен қымсынды ма, әлде әкесіне баласын көрсеткісі келді ме:

— Мә! — деп баланы ұсына берген сестраға, Гүлнар күлімсіреп бір қарап алды да, Байжаннан тасалап «әкесіне бер» дегендей ымдады. Оны түсінген сестра:

— Кешіріңіз,— деді Байжанға,— ойда жоқта әкесін

көріп апалақтап қаппын, аузыма сөз түспей; ең алдымен құтты босын айтам!.. Екінші, орыс әйелі болғанымменен, қазақ ұрпын білем — көрімдік!

— Қалағаныңыз сіздікі.

— Қалауды ойланып айтармын, көріңіз балаңызды! — деп, сестра жөргекке ораған баланы Байжанға ұстата берді.

Баланың беті ғана ашық еді. Жаңа туған баланы оның көруі бірінші рет, сондықтан ба, нәрестенің беті оған тым кішкентай сыяқтанды. «Шала туған ба, өзі» деген ой кеп қалды оған. Сол кіп-кішкене беттің өзі әрі күпкүрең сыяқты, әрі түкті сыяқты... Одан әрі сынауға, қарны ашыңқыраған бала безілдеп жылап кетті...

Гүлнардың емізуге қымсынғанын абайлаған Байжан, баланы сестраға берді де:

— Ал, Гүлім! — деді түрегеп,— рұқсат болса кетейін, мен!

Гүлнар ризалық білдіріп басын ғана изеді. Тыста күтіп тұрғандар Гүлнардың, баланың амандығын білгеннен кейін, Байжаннан:

— Кішкентай кім сыяқты екен? — деп еді:

— Қайдам, кім сыяқты екенін,— деді Байжан,— әзір ешкім сыяқты да емес.

Содан кейін Гүлнарға бірер рет жолыққанмен баланы Байжан көрген жоқ. Бір жолыққанда оның:

— Кім сыяқты өзі? — деген сұрауына:

— Аумаған өзің! — деп жауап берді Гүлнар.

«Аумаған өзің» деген сөз Байжанның басында жүрді де қойды. Қайда барса да осы ойдан арылмады ол. Ұйқыға түсіне кірді... Енді ол, баласын қайта көруге құмартты.

Больницаның Гүлнарды шығарамыз деген сағаты — таңертеңгі тоғыз еді. Байжан ол уақыттан больницаға бұрын барды, қасында Тәрбия, Айбарша, Анатолий Кондратьевич.

Бұл бетінде бәрі де қуанышты келе жатқан Байжан серіктерінің ішінде, ерекше қуаныштысы Анатолий Кондратьевич. Қыс бастала денсаулығы түзеле бастаған ол, курортқа барып бірер ай тыныққаннан кейін, құлан-таза жазылып, бұрынғы қалпына келген. Содан кейін өзінің ризашылығымен, үкімет пен партия орындары оны Қызылордағы плотинасын жоспарлау ісіне начальник қып тағайындаған. Оның басқаруымен қыстай қызмет атқарған

инженерлік және техникалық бригада көп мәселені зерттеп және сұрыптап, жоспардың долбарына кірісе бастаған. Соған көңілі шаттанған қарт, күйеуіне:

— Сен каналды бітіргенше, мен плотинаны да жоспарлап бітірем, содан кейін, маған тағы да орынбасар боласың,— деп қалжыңдайтын.

— Оған мен риза! — дейтін Байжан.

Міне, енді со қуанышына немере сүю қуанышы кеп ұштасып отыр...

Немере!..

Не деген қуаныш сөз ол!.. Осы сөз басына ұялағалы, карттың қуанышпен тулаған жүрегі кең кеудесіне сыймайды!..

Больница дегеніміз әлі салынып бітпеген үй еді. Он алты комната боп пландалған бұл үйдің іргесі түгел қаланып, төбесі жабылған да, төрт-бес бөлмесінің сәкісі, есік, терезесі салынған, дәргер Гүлнарды осы бөлмелердің бірінде босандырған.

Байжанның пәтері больницаға жақын еді. Соған жаяу келе жатқанда:

— Көзім жаңа түсті ғой, мына қалаға! — деді Анатолий Кондратьевич,— үп-үлкен қала боп қалған екен ғой, бұл!..

— Рас! — деді Байжан төңірегін көзімен шолып,— көп үй салынып қапты-ау, өзі!

— Қолдан салыссаңыз білер едіңіз, жезде, неше үй орнағанын,— деді Айбарша Байжанға қалжыңды кескінмен,— кірпішін қаласпаған үйлердің нешеу салынғанын қайдан білейін деп едіңіз.

— Маған да айтқан сөзің ғой, ол, қызым? — деді Анатолий Кондратьевич жымыйып.

— Жоқ, жоқ,— деді Айбарша,— жездеме айтып жатқан әзілім ғой. Сіздің жөніңіз басқа.

— Ол сөзді қалай ұғуға болады? — деді Анатолий Кондратьевич.

— Бұл қала да сіздің еңбегіңіздің жемісі дегенім ғой, ата.

— Менің еңбегім аз ба? — деді Байжан.

— Көңіліңізге ауыр алмаңыз, жезде, ойыным емес, шыным, атаның қасында сіздің еңбегіңіз — тау қасындағы төмпешіктей!

— Олай деуге болмас, қызым,— деді Анатолий Кондратьевич,— мендей болғанша оның қанша еңбек сіңі-

руін де ескеру керек, Байжан жас, мен кәрі және, әделетін айтқанда, бийыл қыс аз қызмет атқарған жоқ қой жездең!..

— «Ойын сөзге — шын төре» деген, ата. Жездем қыстай көп қызмет атқарды. Бірақ, сол қызметі сіз нелер жылдан бері ілеп келе жатқан зор терінің бір пұшпағы ғана емес пе?

Дұрыс сөзге Анатолий Кондратьевич те таласпады, әділ бағаға айтар дауы жоқ Байжан да үндемеді. Бетін Байжанға бұрып бірдеме айтуға ыңғайланған Айбаршаға Тәрбия: «Сүйреңдей бермей қойсайшы!» деген кескін білдірді. Өзгенің алдында сөзуар Айбарша, Тәрбияның қас-қабағына қарап, оның ұнатпағанын істемейтін еді. Сол дағдысымен, көмейіне кеп қалған сөзді айтпай, жұтынды да қойды.

Байжанның аздаған кекшілдігі болатын еді. Айбаршадан жеңілдім деп ойлаған ол әзілді «кек» қайтару мақсатымен:

— Апа,— деді Тәрбияға Айбаршаға арнаған сөзін орағытып әкелгісі кеп,— сіздің де бір жас иісті сүйетін кезіңіз болды-ау!

— Е, қарағым,— деді Тәрбия Байжан сөздерінің төркініне түсіне қап, болашақ келінін әзірге жығып бергісі келмей,— сүйе келе жатқан жоқпыз ба, жас иісті? Бөтендігі бар деп келе жатырмыз ба?..

Байжан тағы да тосылып қалды. Гүлнарды өзінің қызындай, не келініндей жақсы көріп кеткен және босанар кезіне әдей арнап күтуге келген Тәрбияның көңіліне, ніскегелі келе жатқан пәрестені «бөтен» деп қалай жарықшақ салғын...

— Не туда попали, товарищ,— деді Айбарша, Байжанға үстем бола түскісі кеп, сөзін Тәрбияға ұқтырмау ниетімен орысша айтып,— бьёте мимо цели!

— Признаю,— деді Байжан,— в насмешках мне не везёт.

— За то вам везёт в жизни. «Бір уысқа — екі бөдене сыймайды» дейді.

— Того желаю и Вам.

Айбарша жымыйып төмен қарады.

Жастардың әзіліне араласқысы келмеген Анатолий Кондратьевич те жымыйды. Орысша сөйлеген сөздердің мәніне түсінбегенмен «солай болар-ау» деп жобалап Тәрбия да жымыйды.

Кеңесіп отырып олар больницаға тақала бергенде, арғы орамнан зып еткен машина көрінді де, бұларға бұрылып, кілт тоқтай қалды. Ішінен Рахмет шыға келді.

— Жақсы, жақсы! — деді ол бұларға амандасып,— тағы да құттықтаймын! Өмірлі, бақытты болсын, жас сәбің!..

Жөн сұрасса, Рахмет Байжаннан түнде айрылған сапарынан жаңа оралып келеді екен. Түні бойы құрылысқа жыйналғандарды аралапты.

— Бәрімізге кіруге болмас,— деді Анатолий Кондратьевич Байжанға,— Байжан, сен кір де алып шық, өзгеміз есік алдында тоса тұрайық.

— Апай екеуміз! — деді Байжан Тәрбияны нұсқап.

Больница есігінің алдына өткен күз тігілген теректің жас шыбықтары жапырақ жарып қалған еді. Байжан, Тәрбия больницаға кірғенде, қызын босанғалы көрмеген Анатолий Кондратьевич көңілі әлденеге босай қалды да, жапырақтаған жас теректерге қарай бетін бұрып жүріп кетті. Оған Рахмет те ерді. Рахметке сыр бергісі келмеген Анатолий Кондратьевич:

— Апырау, шыбықтар көктейін депті-ау! — деді.

— Рас көктепті,— деді Рахмет те шалдың толқыған ойын іштей сезіп,— бес мың түбін орнатып ек осы Алмалыққа, бәрі осылай көктесе, жаңа қаламызды көріктендіріп-ақ жібереді екен...

— Әрине,— деді Анатолий Кондратьевич,— жас өмір жапырақтанбай тұра ма!..

Сол кезде қолына ораған нәрестені көтеріп, больницадан Байжан шыға берді. Оның артынан Гүлнар, оның артынан Тәрбия көрінді. Гүлнар расында аса ажарланып кетіпті. Анатолий Кондратьевич әлгінде босаған жүйесін бекітіп алды да қызына қарсы барып, жарқын жүзбен:

— Өмірлі, бақытты бол, жан-жүрегім! — деп мандайынан сүйді.

Анатолий Кондратьевичтен кейін бассап құшақтаған Гүлнарды жылап көріскен Айбарша тез босата қоймады. Сол кезде, Анатолий Кондратьевич баланы көтерген Байжанға таянды да, қуанған кескінмен:

— Немеремді көруге рұқсат па? — деді.

— Өтінем!—деп Байжан ораулы баланы ұсына берді.

Қолына алған баланың жұқа ақпен жабылған бетін Анатолий Кондратьевич ақырын ашса, көзі жылтырап

жатыр екен. Бірінші көрген карт атасына амандасқандай, сәби езу тартқан сыяқтанды.

— Здравствуй, Сырдың жас қазағы! — деді Анатолий Кондратьевич те жымыйып,— өмірлі, бақытты бол!

Баланың ып-ыстық бетіне ол мұрнын тигізіп иіскеді де, басын көтеріп:

— Гүлден, Сырдың жас жапырағы! — деді.

Он сегізінші тарау

ІСКЕ СӘТ!

... Каналдың қазылу жұмысы салтанатпен басталатын болды: жұмысқа жыйналған қырық мыңдай кісі түп-түгел кетпен көтеріп, каналдың ернеуі жүретін сызықтарды бойлай, араларында үш метрден ашық жер қойып қаз-қатар тұрады. Ол екі қатардың арасына экскаваторлар, грейдерлер қойылады.

Жұмыстың басталар алдында митинг өтеді. Қазақстан үкіметінің өкілі каналдың маңызы-мақсаты туралы қысқаша баяндама жасайды да, құрылысшыларды құттықтайды. Одан кейін партия және басқа ұйымдардың өкілдері құттықтау сөз айтады. Бұл сөздерді жұмысшылар радиомен түгел тыңдайды.

Құттықтау сөздерден кейін, үкіметтің өкілі «іске сәт!» деген сөзді айтады. Сол сөз айтылған секундта духовой оркестр марш ойнап жібереді. Марш басталa берген кезде, канал сызығын бойлай тұрған адамдар, бір ырғақпен кетпендерін жерге сілтейді. Дәл сол кезде экскаваторлар да жерді жыра жонеледі...

Жұмыс басталар алдында үкіметтің, партияның, құрылыстың басшы адамдары, даңқты бірнеше жұмысшылар каналдың сағасындағы шлюздің үстіне жыйналды. Бізге таныстардан олардың ішінде Рахмет, Анатолий Кондратьевич, Сырбай, Байжан және Айбарша тұрды.

Мезгіл күннің жаңа шашырап шығып келе жатқан кезі.

Күн көтерілгеннен еңкейгенге шейін айнадай жарқырап тұратын Сырдария бойының аспанында, кейбір түнлерде жыйналып, таң ата ыдырайтын ала-шабыр бұлт, бүгін де жыйнала қалған екен. Бұл бұлт, қаз-қатар кетпен көтеріп тұрғандардың төбелеріне әдейі іліп қойған жалаулардай, шығып келе жатқан күннің нұрына қызыл-

күреңденіп бояла қойды. Күн сәулесінің кең жайылған тармақтары, жердің бетіне де көлбей тарап, Сырдың даласына да қызыл-күрең түс берді. Алыста мұнартып көрінген Түйемойын құмының күн нұрына малынған ойлы-қырлы жотасы, жер бетін жауып, таңғы самалға желпініп тұрған бір тұтас қызыл ту сыяқтанды.

Митинг, осындай адамның қолынан да, шығып келе жатқан күннің бояуынан да аспан-жерді тұтас орағаң, қызыл тудың құшағында ашылды.

Шлюз үстінде кілемдермен әшекейленген трибунада Үкімет комиссиясының бастығы сөйлеп тұрғанда, Анатолий Кондратьевичтің көзі, қасынан жылжып төмен түсіп бара жатқан Сырбайға шалынды.

— Қайда барасыз, Сыр-еке? — деді ол сыбырлап.

— Жұмысым бар,— деді Сырбай.

— Бірінші қаданы сіз қақпайсыз ба?

— Менің баратыным сол ара! — деді де Сырбай төмен түсіп кетті...

Митингіге құлағын ғана түрген Анатолий Кондратьевич Сырбайдан көзін айырмады. Сырбай беттеген жақта, каналдың арнасын жыра жөнелуге әзір боп экскаватор тұр еді. Соның маңайына бір топ адам шоғырлана қалыпты, араларында шудасы желкілдеп екі өркеші тік шаншылған, түсі қара, семіз буыршын шөгіп жатыр. Сырбай соған қарай барды...

Соғылатын сарайдың, салынатын көпірдің, тігілетін үйдің, орнайтын қора-қопсының бірінші қадасын ең аяулы кісіге қақтыру — әр елдің тұрмысында да бар әдет. Осы әдетті Сталин атындағы каналды қазуға жыйналғандар да сақтап, ең қадырлы қартымыз деп, бірінші қаданы Сырбайдың қолынан қақтырмақ болған. Қада буыршын шөгіп жатқан жерде күн бұрын даярланып қойған шұқырға орнатылмақ та. Бірақ тәртіп бойынша бұл жұмысты Сырбай өзбетімен істей бермек емес, митинг біткен соң Үкіметтің комиссиясы Сырбайды қада қағылатын жерге хұрметтеп алып барып, хошеметтеп тұрып қақтыруға тиісті. Сондай тәртіпті біле тұра, Сырбайдың комиссия адамдарынан бөлініп кетуінің себебін Анатолий Кондратьевич жорамалдады да, тұрған орнынан жылжып төмен түсіп, Сырбайдың артынан жөнелді...

Көпті көрген және кәрі құлақты Сырбайдың «пәлендей бай Сыр бойына арық қаздырғанда, қойдан қошқар, ешкіден серке, сиырдан бұқа шалыпты» дегенді көрге-

ні де, естігені де бар. Осы іс есінде жүретін ол, Сталин атындағы каналды жасау әңгімесі шешілген соң-ақ өз қарамағындағы дөнен шыққан буыршынын шалмақ болды да, бір келгенде Анатолий Кондратьевичке ақылдасты.

— Оны ойлау керек,— деді, Сырбайдың бұл сөзін ұнатпаған, бірақ досын ренжітіп алғысы келмей, қарсылығын жұқалап айтқысы келген Анатолий Кондратьевич,— біздің үкіметтің ескі ғұрыптан қолдайтыны да, қолдамайтыны да бар ғой, Сыр-еке. Дәл бұл айтып отырғаныңызды үкімет қолдай қоймас. Беделіңіз бар, даңқты адамсыз, ұят боп жүрмесін.

Анатолий Кондратьевичтің ұнатпағанын Сырбай біле қойды да:

— Сені өзімсініп айтып жатқаным да, өзгеге айтар сөзім емес бұл,— деп бүгіле қалды.

— Не шалмақ едіңіз? — деп сұрады, шалды түсіндірдім деп санаған Анатолий Кондратьевич.

— Жүдә буыршын еді,— деді Сырбай.

— Буыршын?!

— Неге таңдандың жүдә? Кәдімгі түйенің дөнен шыққан бурасы.

— «Бура шалды» дегенді мен, ертегілерде болмаса, бертінгі заманда естіген жоқ едім.

— Баяғыда Доспол датқа арық қаздырғанда бура шалыпты. Қазақта құрмалдыққа шалуға, жүдә бурадан жолы үлкен мал болған емес.

Ордалы сарай, көпір, шеркеу сияқты зор құрылысты бастарда, сол араға мал түгіл адамды құрбанға шалатын салт көп елде, оның ішінде Европада орта ғасырға шейін болғаны Анатолий Кондратьевичке тарихи деректерден мәлім де. Грецияда күні бүгінге шейін, құрмалдық шалынбаған жаңа құрылыстың қасына кім бұрын барса, сол жылға жетпей өледі дегенге сеніп, шеберлер күші келсе қой сойып, күші келмесе тауық сойып, қолына қан жағып іске кіріседі. Жаңа құрылыстың басына тоқты-торым сияқты жеңіл құрмалдық шалу әдеті Орта Азияда да, қазақта да барын Анатолий Кондратьевич талай көрген, бірақ, дәл бура шалғанын ол көрмек түгіл естіген жоқ-ты.

Сырбайдың бура шалу туралы сөзін естігенде, оның есіне «қарабура» деген сөз түсе қалды. Сырдың бойында «қарабура» деп суға жасайтын бөгеттің бір түрін айтады. Ол былай жасалады: қоғажайдан ұзын қып ескен арқанның екеу-үшеуі жерге қатарынан төселеді. Олардың үсті-

не көлденең қамыс жайылады. Қамыстың үстіне топырақ себіліп, оған су сеуіп дымдайды. Содан кейін жайылған қамысты, астына төселген арқандарды қоса, бір жақ шетінен кизше шыйыршықтап, домалата бүктейді. Қамыс домаланып болған соң, белін бірнеше жерден манағы арқандармен тас қып байлайды. Жуандығы екі құшақтан төрт құшаққа дейін болады. Осындай бумалардың атын қазақтар «қарабура» дейді. Қарабура көбіне арықтың дариядан су тартатын сағасын бекітуге жұмсалады. Темір мен цемент араласпаған кезде, қарабурадан басқа материалдардан жасалатын бөгеттерді су ағызып алып кетеді екен. Ағысқа көлденең салса, қарабураны да алып кетеді, сондықтан, судың ағысына оның тұмсығын қарата салады. Мұндай қарабуралардан жасалған бөгет, жергілікті жұрттың айтуынша мәнгіге шыдайды. Қарабураның расында сенімді бөгет екенін Анатолий Кондратьевич жақсы біледі. Өзі де оны талай бөгетке салған, мыса, Сталин атындағы каналдың Сырдан су тартатын сағасы да ол жасаған жоспар бойынша қарабурамен бекілмек те. Осындай талайдан бері үйір боп жүрген, бірақ, ондай ат не себепті қойылуына мән бермеген қарабураның не екенін Анатолий Кондратьевич Сырбайдың канал басына буыршын шалам деген сөзді айтқанынан кейін ғана жорамалдаған.

Сырбай шлюзден шөгерілген буыршынға қарай жөнелгенде: «Сол шал буыршынды шалайын деп жүрген жоқ па?» деген ой кеп кетті Анатолий Кондратьевичке. Сырбайдың соңынан оның да кету себебі осы еді.

Сырбай буыршынды расында шалуға әкелген еді. Бұл оның ала қыстай осы мақсатпен өз қорасында семірткен буыршыны да. Түйенің семіздігін айыра алатындар, оның екі өркеші мен қомынан ғана төрт-бес бұттай май түседі деп есептеген.

«Ертең ерте канал қазу жұмысы басталады» деген күні, түн ортасы ауа, Сырбай семіз қара буыршынды жетектеді де, каналдың бірінші қадасын қағуға қазған шұңқырдың пақ қасына шөктіріп, шөккен орнынан тұрмасын деп аяқтарын арқанмен тас қып байлады. Ондағы ойы кезегі келгенде буыршынды қыйсайта сап, бауыздап, қанын шұңқырға ағызу. Оның бұл сырын ақылдас шалдарынан басқа ешкім сезбеді.

Митинг аяқталып болғаннан кейін шлюзде тұрғандар бері қарай түсе бергенде:

— Ал, жығыңдар, буыршынды! — деді Сырбай.

Қамалап тұрғандар, аяқтары буулы буыршынның жынын шашып бақырғанына қарамай, басын құбылаға келтіріп жыға салды да, бірнешеуі ноқталы басын сіреспіре тартты. Сол кезде білегін түріпген, қолына ұзын кездік ұстаған Сырбай:

— Ә, жасаған, бұл арықты, өсер мал, өсер бастың иігілігіне жұмсата көр! — деп бетін екі алақанымен бір сыйпады да, буыршынды жұткыншақтан орып жіберуге кездігін оқтана берді.

Осы кезде, оның кездікті қолын әлдекім ұстай алды да, кейін қарай жұлқып қалды. Сырбай жалт қараса — Анатолий Кондратьевич!.. «Мұның не?» дегендей Сырбай алая қарағанда:

— Жарамайды, ақсақал! — деді Анатолий Кондратьевич.

— Неге?!

— Дін жұмысы бұл! Діншілдіктің орны бұл ара емес. Бұл көпшіліктің игілікті құрылысқа жыйналған жері. Оларды ренжітпеу керек.

— Неге ренжиді?

— Олар бақытты тәңірден емес, еңбегінің жемісінен күтеді.

— Күте берсін, мен тілекті өзімше тілеймін, жібер қолымды!

— Жоқ жібермеймін. Егер мені шын дос десеңіз, доғарыңыз мұныңызды! Әйтпесе, бураны емес, мені бауыздағаныңыз бұл!..

Полевой соңғы сөзін Сырбайға зілдене айтты.

— Сен неге бауыздаласың?! — деді Сырбай.

— Бауыздалмағанда ше?.. Мен сізді үкіметке де, партияға да «алдыңғы қатарлы саналы, үлгілі қозхозшы» деп таныстырып жүрсем, сіз бұл заманның беталысына қайшы жұмысты істейсіз. Сонда сіз кім боласыз, сізді үлгілі адам деп жүретін мен кім болам?..

Досының бұл сөздері аса назырқанудан шыққанын көрген Сырбай, түйенің кеңірдегіне қарай сіреспіре созған кездікті қолын босатты да:

— Жібер, Анатөл! — деді.

Анатолий Кондратьевич Сырбайдың қолын босатты.

— Босатыңдар буыршынды! — деді ол.

Серіктері Сырбайдың бұйрығын орындауға кіріскенде, басына қызыл жалау байлаған қаданы көтеріп үкімет

комиссиясы да кеп қалды. Жеңін түрінген, оң жақ қолына кездік ұстаған, түсі суыған Сырбайға комиссия адамдары көңіл бөлейін деп еді:

— Беріңіз маған қаданы! — деді Анатолий Кондратьевич комиссия бастығына.

Берген қаданы Анатолий Кондратьевич Сырбайға ұстатты да:

— Ал, шаншыңыз, шұқырға! — деді.

Көзінен жасы шұбырған Сырбай жалаулы қаданы дірілдеген қолымен шұқырға қадай бергенде, комиссия бастығы экскаватордың үстіне шықты да:

— Іске сәт! — деді микрофон алдына барып.

«Іске сәтті» құрылыстың өнбойындағы радиорепродуктордың бәрі де қайталады.

— Іске сәт! — десті бір дауыспен, құрылысқа жиналған қырық мыңдай адам.

— Ә, жасаған! — деді қаданы шұқырға шанышқан Сырбай, көзінен жасы сорғалап кетіп,— өсер мал, өсер бастың игілігіне жұмсата көр, бұл арықты!

Осы кезде оркестр марш ойнап жіберді.

Қаз-қатар кетпен көтеріп тұрғандардың бойына мына марш ерекше қызу беріп, шығып келе жатқан күн нұрына шағылысқан қырық мың кетпен, жер болып жаралғалы темір тіліп көрмеген боз топырақты шөл далаға бір ырғақ, бір қарқынмен, жарқ ете кеп шабылды...

Экскаваторлар мен грейдерлер де қыймылға кірісті...

— Іске сәт!..

Алдын ала ұйғарулары бойынша, митингтен кейін өкімет комиссиясының мүшелері салт атқа мінеді де, ісі басталған канал бойын аралап кетеді. Бұлай серуендеуге Сырбайдың алғаш көнгісі келмеді, ондағы ойы — қызу қарқынмен жұмыс басталғанда, өзі басқаратын бригаданың ішінде жүрмесе, міндетіне алған участогінің ісі жарыстағы бригадалардың істерінен кешеуілдеп қалар деп қауыптенгендік еді. Оны бұл ойынан қайтаруға себепші Анатолий Кондратьевич болды.

— Сыр-еке, сіз,— деді ол, осы жөнде кеңесіп отырып,— әлгі «іскебатыр» деген машинені ғой көрдіңіз?

— Көрдім, білем,— дей кетті Сырбай,— оны неге сұрадың, Анатоль?

Анатолий Кондратьевич тез жауап берудің орнына, досының кескініне күлімсірей аз қарап отырды, өйтетін себебі,— Сырбайдың «экскаватор» аталатын машинаны

«іскебатыр» деуі, оны қазақтың «іске» және «батыр» деген екі сөзінен құралады деп жоруы, ісі орасан машинаға «іскебатыр» деген қазақ аты дұрыс қойылған деп ойлауы мәлім де.

Машинаның атын Сырбайдың өз сөзімен сұрағанда, Анатолий Кондратьевич ойында өзінше қулық отыр, сондықтан да күлімсірей қалған ол, досының сұрауына тура жауап берудің орнына:

— Сол, «іскебатырда» неше аттың күші бар деп ойлайсыз, Сыр-еке? — деп сұрады.

— Жүдә, қайдам,— деді Сырбай,— атпенен кім тартыстырып көрді дейсін оны.

— Сол «іскебатырда» екі жүз елу аттың күші бар дегенге нанасыз ба, Сыр-еке, сіз?

— Ек-кі жүз-з-з ел-л-лу аттың?!. қой, Анатель, жүдә қата болар ол!..

— Неге, Сыр-еке?

— Ойбай-ау, екі жүз елу ат деген, жүдә сұмдық күш қой ол!.. Сонша ат күш біріктірсе жан шыдата ма!..

— Рас, шыдатпайды. Менің де сізге айтқалы отырғаным осы еді. Қалжыңсыз айтам, планыңыз,— сізше «іскебатыр», өз атымен «экскаватор» делінетін машинада екі жүз елу аттың күші бары рас. Бір ат елу пұт жүк тартады дейік, сонда, екі жүз елу ат он екі мың бес жүз пұттық жүк сүйрейді.

— Астапралда, жүдә не дейді?!.. Ондай күшпен жан шыдата ма ол?..

— Бұл бір ғана экскаватордың ісі, ал, мына канал құрылысына оның он, он бесі қатынасады. Грейдер дейтін машинаны да білесіз ғой сіз?

Ол жол салатын машина ма?

— Сол, сол...

— Білем. Ол да жүдә тамаша. О бір жылы түйеге салт мініп жолаушылап келе жатсам, алдымда жүдә бір керемет көрінеді: пештің тұрбасынан шыққан түтін сияқтанып, алдымда әлдене бұрқырайды!.. Бірақ, түрі тұтінге келмейді... «Мыйдай жаланаш далаға мұндай түтін қайдан келсін» деп ойлаймын... құйын ба дейін десем, оған да келіңкіремейді: құйын әп-сәтте алыстап кетеді ғой, ал мына мен көрген, жүдә таудың ұңғірінен саулаған су сияқты дамылсыз ақтарылғанмен, тым тез жылжып кетпейді! «Жүдә, бұл не керемет екен?!» деп, жүрексініңкіregенмен жақындасам, жер қазып жатқан машина екен!..

Таянып баруға түйем үркіп жоламаған соң, одан түстім де, сексеуілге байлай сап жаяу бардым... о, ғажап!.. Кереметті жүдә көрмей жүр екем: ілгері жылжыған машинаның кетпені, жердің қалың қыртысын бауыр тілген өткір пышақтай айырып барады!.. Айырған топырақты машинаның өңеші жүдә судай қылғып, бірбеткей төгіп барады!.. Сұрастырсам,— жол салатын машина екен, аты — грейдер екен... жүдә мұнша қайран қалмаспын... Ісіне сүйсінгеннен, былай шыға,—«грейдір, грейдір жерді ірейдүр!» дей берішпін... со сөз біздің елге мәтел де боп кетті... Со гой, Анатель, грейдіріц?

— Сол, Сыр-еке. Канал қазуға оның да бірнешеуі қатысасады. Осылардың алғаш іске кірісуін көрмеймін деуіңіз дұрыс емес, Сыр-еке. Бригадаңыз бір күнге сізді жоқтатпас. Өкімет комиссиясының мүшелерімен бірге, канал қазу ісіне кіріскен жаңағы машиналардың алғашқы күнгі қыймылын көріп кетіңіз.

Сырбай осыған көнді.

Митингтен кейін өкімет мүшелері салт атпен құрылысты бойлай жөнелгенде, оларға ере Сырбай да аттанды. Бұл кезде, каналдың табанын сыза жөнелген грейдерлер көшінің ізіне экскаваторлар да түсіп, жерден көтерілген құрғақ топырақ, аспанға биіктеген қорғанның қабырғасы сияқтанып кеткен еді. Күн ол күні желкемдеу де, сондықтан, жерден тұтаса көтерілген қою шаңның ығымен жүрсе тұншығатын болған соң, комиссия мүшелері, құрылыстың жел бетін ала тартты. Сол топта келе жатқан Сырбайдың есіне, тұтасқан мына қою шаң, ертерек естіген бір кеңесін есіне түсірді. Ертеде ол «әлдеқайдан бір тау жарылып кетіп, жан-жағындағы жан-жануар соған құлап жоқ болыпты, жарылған жерден көп заман дауыл соғып, өзегінен суырылған топырақты борандатып тұрыпты» деп естіген... Мына канал бойындағы көрініс Сырбайға сол естігені сияқтанып кетті... Сырбайдың басы айналғандай болды.

Олар бұ сапардан кешке қарай оралды. Көздері үйренген құрылыс өлкесін енді көрсе, машиналар, олардың арасындағы адамдар, таңертең ғана теп-тегіс боп жатқан кең даланы ұзынан-ұзақ жырып, жырылған жерге терендей кіріп қапты. Соны көрген Сырбай, қатар келе жатқан Анатолий Кондратьевичке:

— Анате-е-ель!.. Тіл-аузым тасқа... жұмыс жүдә мына

қалыппен бара берсе, бұ канал, мезгілінен әлдеқайда ерте бітеді екен! — деп қойды.

— Рас, Сыр-еке! — деп мақұлдады Полевой.

Айбарша басқарған экскаваторға олар кештетіп жетті. Бұл кезде ол, ішінде Дәулетті қоса, бір топ адаммен аукаттанып [1] отыр еді. Шаңғалық шалбарына етегін сұғына салған жеңсіз майкамен ғана отырған, тер шайған шаннан денесі де, беті де алақожалақ Айбарша, комиссия мүшелері жақындай бергенде атып түре келді де, жүгіріп, экскаватордың кабинкасына кіріп кетті. Рахмет, «өй, Айбарша, оның не, жасырынып?» деген аузын жыйғанша, кенеп кителін киген Айбарша шығып та үлгерді. Оның Дәулетпен социалистік жарыста екенін білетін Байжан.

— Ия, балдызым,— деді амандасып тұрып,— қане, қайсың алдасын? Дәулет пе, сен бе?..

— Оны Дәулеттен сұраңыз,— деді Айбарша.

— Ия, Дәулет? — деп күлімсірей қараған Байжанға:

— Менің машинам,— деді Дәулет күмілжіген дауыспен,— бірер сағаттық авариядан ұшырап қалды да...

— Айбарша сенен озған екен ғой? — деді Байжан Дәулетке.

— Әрине! — деді Айбарша.

— Мақтанар күн алда,— деді Дәулет, Айбаршаға қарап.

— Оны да көріп алармыз,— деді Айбарша,— сенің қолың қыймылдағанда, менің қолымды ешкім ұстап тұрмас.

Келіні мен баласының сөздерін іштей қызық көрген Сырбай, Айбаршаға қарады да, «балам...» дей беріп, әлденеге көзімен ым қақты, Айбарша оны түсіне қойды. Ол былай еді: осы көктем туарда, бір күні Сырбай Айбаршаға «балам, Сыр бойының арық қазушыларында, жерден кетпенмен алғаш іліп алған топырақты орамалға түйіп, осы арықты қазуды бастаушыға беріп жіберу әдеті бар, соны, ертең мына Сталин атындағы канал қазылғанда біздің де істеуіміз керек, ол үшін, осы бастан орамал даярлап, топырақ сыйлайтын адамның атын кестемен жазу керек» деген. Бұрын білмейтін бұл салтты қызық көрген Айбарша, «дұрыс, Әтке, орамалды мен даярлайын, сонда кімнің атын кестелейін?» деп сұраған. «Әрине, Анатель-

[1] Сыр елі «тамақты» «аукат» дейді.

дің» деген Сырбай... қызғылттау жібекке Айбарша қолы бөста айнала «Сыр өлкесін суландыруда бірінші айыпты Анатолий Кондратьевич Полевойға Сырдың ұл-қыздарынан тарту» деп әр түсті мулинеден өрнекті кесте шеккен... Бүгін, канал қазу жұмысына шыққанда, Айбарша кестелі орамалын қалтасына сала шығып, экскаваторы жер қазуға кіріскенде, алғашқы бір уыс топырақты орамалдың шетіне түйіп қойған... Сырбайдың ымдағаны сол екенін түсіне қойған Айбарша, кителінің қалтасындағы топырақ түюлі орамалды алды да, ат үстіндегі Анатолий Кондратьевичке ұсынды.

Мұндай ғұрыпты жақсы білетін Полевой, орамалды сабырлы қыймылмен алып, Айбаршаға салмақты дауыспен алғыс айтты да, жиектей жазған кестені оқыды. Сонда ғана оның сезімі толқып, көзінен жас шығып кетті...

— Көп рақмет, қызым! — деді ол, Айбаршаның қолын қайта алып,— бұл орамал мен оған түйілген топырақты, көзімнің қарашығынан кем сақтамаспын.

— Ал, Сыр-еке!—деді Полевой, сезім толқыны бәсеңдеген соң,— қалай болады бұл? Әдетте, бұндай сыйлық бергендерді қонаққа шақырады. Мен де сөйтер ем, «Сырдың ұл-қызы» дегендер пәлен мыңдаған адам. Бұның ақылын сіз табыңыз!..

— Ол оңай,— деді Сырбай, жымыйып,— келесі жылы осы каналдан суарылатын егінді есептеші, бір Сыр түгіл, әлденеше Сырдың ұл-қызын қонаққа шақыруға жетсін!..

— Рас!.. Табылған сөз!..— деп, айнала қоршаған жұрт ду күлісті...

Он тоғызыншы тарау

ҚЫЗУ ЖАРЫС

Каналдың қазылуы ойдағыдан артық қарқынмен кетті. Экскаваторлар, комбайндар, грейдерлер аз күнде каналдың арнасы жүретін жерлерді жырып тастады. Кеше ғана жып-жылмақай, теп-тегіс боп жатқан далаға, деңкиген балшықтар тау-тау боп үйіліп қалды.

Кетпенге түскен қырық мыңдай кісіден үш кубометрлік күнделік нормасын орындамайтын кемде-кем ұшырасты. Кейбіреулер бұрын ел құлағы естімеген рекордтар жасады. Канал басында «Су үшін күрес» дейтін күнделік газет шығатын еді, соның бетінен «пәлен бригада... пәлен

адам... бүгін нормасын екі жүз процент, үш, төрт, бес жүз процент... мың процент орындады» деген хабарларды жұрт күнде оқыды. Кейбір рекордшылар күннен-күнге үдей сілтеді.

Осындай үздіксіз рекорд жасағандардың ішінде, біздің Сырбайдың Дәулеті мен оның қалыңдығы Айбарша да жүрді.

Құрылысқа жыйналғандардың ішінде он бір мың комсомол мүшелері боп шықты. Солардан, әрқайсысы елу адамнан 220 бригада құрылып, бір бригаданың бастығы боп Дәулет тағайындалды. Ол да, Айбарша да экскаваторда істейтін бригадаларды басқарды.

— Міне, енді жарасып тұр,— деді Айбарша оған,— мен — қыз, сен — ұл. Еркек әйелден дене күшіне қарулы деседі. Ол рас та шығар. Сөйтсе де, мен өзге емес, сенімен жарысқа түсемін.

Экскаватор жарысында оздырмаған Айбаршаны Дәулет кетпен жарысына шақырды.

— Жастардың көпшілігі кетпенде жүргенде, біздің машина жарысымен ғана қанағаттануымыз ұят болар,— дегенді сылтау қылды ол Айбаршаға, — ара-тұра кетпенге де түсіп көрейік.

— Білек күшімен де сынасқың келген шығар,— деді Айбарша күліп,— ол да болсын!..

Кетпенге келгенде Дәулет Айбарша түгіл, қырық мың кісінің біреуін алдына салмай, ең алдыңғы қатарда деген жүз шақты жігітпен тең түсе, жарысты да отырды. Көзі көрмеген өсіпті ғанар ма? Ол бір күндері, отыз кубометр топырақ аударып, нормасын мың процентке жеткізді.

Кетпенге Дәулетке жете алмағанмен, Айбарша да көпшіліктің көзін сүйсіндіргендей рекордтар берді. Каналдың бойындағы барлық кетпеншінің он үш мың жарымы әйел еді. Айбарша солардың мандай алдында жүрді.

Еркектерден Дәулеттің аты, әйелдерден Айбаршаның аты, құрылыстың өзінікі түгіл, облыстық және республикалық газеттердің беттерінен түспеді: газетшілер мақала жазды, жазушылар очерк, әңгімелер жазды, ақындар өлең шығарды. Қызылорданың белгілі ақыны Нартайдың оларға арнаған әні канал түгіл, бүкіл Қазақстанға тарап кетті. Участоктің қабырға газетіне салған «достық қалжыңында» бір суретші: Айбаршаға жер шарын көтертіп, Дәулетке от шарға себелекпен су шаштырып, астына былай деп жазыпты: «Сталин атындағы каналдың данқты екі стаха-

новшысы — Дәулет Сырбаев пен Айбарша Қарымсақованың әзілдері:

Дәулет: — Айбарша, ығыңдағы көтерген домалағың не?

Айбарша: — Көрмей тұрмысың, не екенін?

Дәулет: — Мен мектептегі глобус па деп тұрмын.

Айбарша: — Ондай жеңілді сен көтер. Менің көтергенім ауырының өзі, кәдімгі, жердің шары.

Дәулет: — Молдалар «жерді көк өгіз көтеріп тұр» деп айтатын еді, сен сол болғаның ба?

Айбарша: — Менің естімеген кеңесім ол. Бірақ, мен бұл жер шарын өгізден де, сыйырдан да ақыл сұрап көтерген жоқпын. Маған жер шарын көтеруді үйреткен Архимед.

Дәулет: — Оның кім еді?

Айбарша: — Орталау мектептің білімімен қалып қоюға айыпты өзің. Архимед Айсадан үш ғасыр бұрын жасаған физика ғалымы. Сол кісі «егер тұтқасы болса, жер шарын мен көтерер едім» деген екен. Одан екі мың бір жүз отыз бес жыл соң туған мен, жер шарын көтерсем, ақылға сыймайтын несі бар?

Дәулет:— Оқымыстысып-ақ болдың-ау, маған! Осы каналды қазып бітіре салысымен бе!..

Айбарша:— Маған намыстанғаның керек!»

Баласы мен болашақ келінінің мұндай ауызға ілегіп кетуіне Сырбай қуанды да, қайғырды да. Қайғырғаны — дінге, ырымға сенетін ол, тіл, я көз тие ме деп қорықты. Қуанғаны — бұдан аз уақыт қана бұрын, өз аулынан басқа жан білмейтін Дәулет пен Айбаршаны қазір бүкіл Қазақстан білетін данқты кісілер боп кетті. Ол ол ма:

— Мынаны көрдіңіз бе?— деді Байжан, бір күні, жұмыс басында жүрген Сырбайға кеп, «Правда» газетін жазып, ішкі бетінде басылған Дәулет пен Айбаршаның портреттерін көрсетіп.

— Сыр-еке. Сіздің балаңыз бен келініңізді мақтап жазыпты. Бұл күнге шейін балаларыңыз Қазақстанға ғана данқты кісі болса, енді оларды бүкіл Совет отаны білетін болды. Құттықтаймын, ақсақал!

— Құттықтасаң, өзіңнен де құт кетпесін, балам!

Бұл хабарға қуана отыра «А, тәңір!— деп тіледі Сырбай ішінен,— тіл, көзден сақтай көр!»

Баласы мен болашақ келінінің істеріне де, татулықтарына да іштей сүйсінетін Сырбай, «Апыр-ау, бұлары не-

сі?!— деп хайран қалады,— араларынан қыл өтпейтіндей жақын жүретіндері қалай!.. Сөйте тұра, осы екеуінің қосылмайтындары қалай?!»

Сол ниетін ол баласына да білдірсе:

— Өзіміз айтамыз, той жасайтын күнді,— дейді Дәулет.

— Қашан айтасың?

— Уақыты келгенде.

— «Уақытына» шыдаса игі едім,— дейді Сырбай,— жұрттан ұят боп барады. «Тойдан тайлығамысың? Сарандығың ұстап жүр ме, немене?» деп жұрт жүдә, мазамды алып барады. «Әлі үйленген жоқ» десем, «несіне алдайсың, жұртты соқыр деймісің» деп нанбайды.

Сырбай қанша бастырмалатқанмен, Дәулет өз сөзінен танбайды. Бұлай дегенде оның үйленгісі келмей жүрген жоқ, Айбаршаны көндіре алмай жүр. Әкесі сыяқты мінезі момын, аузы сараң болғанмен, мектептік білімі орталау мектептің көлемінде қалғанмен, Дәулет қазақ және өзбек тілінде ертелі-кешті шыққан кітаптарды, әсіресе, көркем әдебиетті, оның ішінде ғашықтық туралы шығармаларды көп оқыйтын.

Ерте заманның ғашықтарының көбі қосыла алмай құса боп, біреулері қайғыдан әлек боп, біреулері шиеленіскен бейнетпен әрең қосылып жүреді ғой. Солардың бәріне де сенетін, армандыларын аяп, арманына жеткендерінің қуанышына ортақтасатын Дәулет, өз басының оқыйғасына айналып бір қарайды да, бөгет боларлық ештеңе таба алмайды. Осы ойын Айбаршаға айтып, «енді уақыт жетті ғой!» десе, Айбарша сүйетіндігін ашық айта отыра, кейде «асықпа!» деген ұшы-қыйры жоқ сөзді айтып, тізгінін қолына ілектірмейді; кейде «әлі жас емеспіз бе?» деп майыса қалады; кейде «осыдан басқа сөз жоқ па?» деп бұлтын ете өкпелейді; кейде «оқуымды бітірейін де» деп жалбарынады...

Он жылдықты бітірген Айбарша, «ал, енді жетті ғой, созбағын!» деп қадалған Дәулетке, тағы бір ұзын сонардың шетін шығарып қойды. Айбарша Дәулетті «Дәукеш» дейтін-ді. Дәулет қалжыңдап:

— «Дәукеш» дегенің жұрттың құлағына «дәукес» боп естілуі мүмкін. Сондықтан, бұл атың өз құлағыма жылы ұшырағанмен, көпке ұнар ма екен? — десе:

— «Дәукес» болсаң дәукессің,— дейді Айбарша,— ка-

далған адамының қыр соңынан қалмайтын дәукестігің өтірік пе?

— Рас,— дейді Дәулет жеңіліп,— бірақ, жұрт айтатын мынау өленді естіп пе ең?

«Ешкінің жарда ойнайды текешігі,
Бітпейді қыз, жігіттің кекесіні...»

— Болды, болды! — деп Дәулетке бұл бір ауыз өленнің соңғы екі жолын Айбарша айтқызбайды, себебі, ол екі жол:

«Бітеді ол кекесін, қыз катып боп,
Кигенде ақ жаулықты шекесіне!»

деген сөздермен бітеді.

Айбаршаның ұнатпайтыны — қыздың жаулық киюі емес, жаулық кигеннен кейін, қыз бен жігіттің арасындағы кекесіннің бітуі. «Қыз бен жігіттің кекесіні» деген сөздерден Айбарша аса бір тәттілікті ұғады. Сондықтан, ол: «қыз жаулық кисе кие берсін, бірақ оның сүйгенімен тәтті кекесіні бітпесін» деп тілейді. Дәулетке өленнің соңғы екі жолын айтқызбайтын себебі осы.

Темамызға оралайық.

«Дәукеш» дейтін Айбарша, жұмыстан босаса-ақ Дәулетті қайда жүрсе де тауып ап, тілеген жағына ертіп алады да кетеді. Сырдың күні қандай ыстық болса, түні сондай салқын. Ыстықпен өмір бойы қайнасып өскен оның адамдары, құмына шикі жұмыртқа қойса пісіп қалатын ащызақта, басына бір ақ орамалды сәлдедей орай сап, әйелдері көйлекпен ғана, еркектері көйлексіз жұмыс істей берсе, сол күннің кешінде салқынға тоңазып, костюмсіз жүре алмау, Сырдың еліне дағдылы үрдіс.[1] Салқын кешке шыйрыға ма, әлде, ыстық күннің алаулаған лебі, жастық жалындарын одан да бетер қыздыра ма, күн батып, көленке түскен соң-ақ каналдың өнбойындағы жастардың бәрі, алабұртып сауық іздейді. Соның бірі Айбарша. Оның аса құмар ойыны волейбол. Волейболға қызу кірісіп кеткенде ұзақ кешті сонымен өткізуге ерінбейді.

Дәулеттің өзі де жер сүзіп отырған кәрі емес, ол да, жастықтың буы бойын кернеп, шыйыршық аткан өндір. Бірақ, оның құмары спорт емес, кітап оқу, спектакль, концерт, кино. Екеуі екі жүйелі ойынға бейім олар, әуелі

[1] Үрдіс — Сыр елінің «әдет» деген сөзі.

керіседі де, артынан келіседі. Екі жағының да ұтылғысы келмегенде табатын келісімі — көптен оңашаланып, араларындағы ортақ сырларын ақтарысу...

Біз білетін олардың сырлары — сүйетіндіктерін ұғындыру емес, оны олар алдақашан ұғысқан. Олардың қосыла қоюына өздерінен басқа бөгет те жоқ. Дәулеттің еркіне салса, бұл оп-оңай-ақ біте қалатын жұмыс. Бітірмейтін Айбарша. Бұрын ол «он жылдықты бітірейін» десе, оны бітіргеннен кейін, «Ташкенттегі су шаруашылық институтын бітіріп келейін» деп жалбарынып жүр.

— Маған да, саған да осы жер мен осы судан басқа жер-судың керегі жоқ,— дейді ол Дәулетке,— Сырдың екі жағасы жалаңаш дала болса, оны бақшаға айналдыру ерлі-зайыпты емес, өзімізде. Сондай бақша жасап алуға мүмкіндік туып тұрған кезде, бізге үлгіні кім көрсетер екен деп, біреудің ауызына телміруіміз жөн бе? Соның білімін өзіміз білініп ап, біреу айтатын өнегені өзіміз айтқанымыз жөн емес пе?

Дәулет таласарлық сөз таппайды.

— Ендеше мен ғана емес, сен де оқы! — деп өтінді Айбарша Дәулеттен,— осы каналды қазысып болайық та, екеуміз де рұқсат ап Ташкентке кетейік. Мен институтқа түсейін, сен техникумға түс. Соларды бітіріп, туған жерімізге келейік те, оны гүлдендіру жұмысына араласайық. Әрі қарай оқығың келсе, техникумнан институтқа ауыс. Сен оны бітіргенше мен ауылда қызметте бола тұрайын.

Дәулет бұған да таласарлық сөз таппайды.

— Сонымның бәріне көнейін,— дейді ол,— сен менің бір ақ сөзіме көнші! Сабақты да бірге оқыйтын болсақ, өмірді де бірге жасайтын болсақ, ендігі бөлшектенуіміне жол болсын!

«Қыз, жігіттің бітпейтін кекесіні» дегендей, ол екеуінің осы бір дауы, неше күн, неше түн оңаша-ақ кеңескенмен, аяқталмай-ақ қойды. Сонда да, олар бір айтқанын қайталай беруге жалықпайды, бүгін малтадай езілген сөздері ертең тағы да тың сөз боп қалады...

Міне осындай бітпейтін дауларын тағы да жаңалау үшін, олар, Сырдың айы сүттей жарық бір түнінде, көптен оңашаланып қыдыруға ойлады.

Қыдырғанда қайда барады олар? Мәуесі салбырап тұрған тоғай, құсы сайрап жатқан бау ол арада жоқ. Олардың жұмыс істеп жатқан жерлері өзімізге мәлім: түгелге өскен сексеуілден басқа бұтасы жоқ, белесті

құмдардың арасы. Құм арасына қаз-қатар шатыр тіккен құрылысшылардың кешкілікте жанын жадыратам дейтін бір орындары — құмнан шегендеп қазған терең құдықтың маңайы. Құдық аса сулы. Оның маңайында, түтікпен тартып су құятын құмнан төрт бұрыштап қазған әуіт бар. Су сініп көк аяздаиып алған әуіттің ернеуі, жаңадан құйған суды жұтпай, шіпілдейді де тұрады. Әуіттің қасына діңгектер орнатылып, басына үлкендігі аспандағы айдай абажуры бар, үлкен электр шамы қойылған. Оның сәулесінен, қандай қараңғы түнде де төңірегі күндізгідей жарық боп тұрады. Сол зор шамды айнала ұшып, бұлттай сапырылып жататын Сыр бойындағы сан түрлі көбелектер мен шыбын-шіркейге қараудың, оларды аулайтын жарқанаттар мен қарлығаштардың бомбалауға келген самолёттей түйіле ағып кеп, аузына ілеккенін ала қашып, сып етіп қараңғыға сүңгіп жоқ болуына қараудың өзі қандай тамаша!..

Айлы түнде көптен оңашаланып қыдырғысы келген біздің Айбарша мен Дәулет, әуіт басында болып жатқан қызықтардың бәріне де алданбай, ойлы-қырлы құмның арасына тартты: еркін, мінезі жарқын болғанмен, жыртқыш аңдардан, жылан-шаян сыяқты шағатындардан Айбаршаның жаны түршігетін еді. Ол сол қалпын көрсетіп:

— Ұзап қайда барамыз? — деп тартпақтайын деп еді:

— Ере берсейші, маған,— деді Дәулет,— екеумізді жейтін не жүр дейсің бұл құмда?..

Олар құмды аралап ұзақ жүрді. Әлдекайда аш қоркаудың ұлығанынан, күшіктерін шақырған түлкілердің қаңылтырдай шіңгірлеп шәуілдеуінен, ана төбенің басынан да, мына төбенің басынан да байғыздың шұрылдауынан, қоян ба, қарсақ па, әлде не бір кішірек аңдардың әр сайда қаран етіп жоқ болуынан, сексеуілдің сынған бұтағы ма, әлде ұйықтап жатқан жылан ба, бірдемелердің маңайда преңдеп жатуынан...— осының бәрінен Айбарша сескеніп қалады да, сескенген сайын, қолтықтасып келе жатқан Дәулетке жабыса түседі. Дәулет қорықпай келе ме, әлде махаббат толқынына қарық болған сезімі қауіпті абайлатпай ма, немесе, Айбаршаға сыр бермей еркексінгені ме,— кейде:

— О не? — деп ештеңені аңғармағансып, кейде:

— Жоқтан үрейленеді екенсің! — деп мықтымсып, кейде:

- Сескене бердің ғой, Айым! — деп қамқорсып, бе-рік кісім-ақ боп келеді.

Махаббаттық минуттарда есеп бар ма? Құмды қы-пырған біздің Дәулет пен Айбарша, таңның жақындап қалғанын, каналдың өнбойына жайылған есектердің бір даусыпен ақыра жөнелгенін естігенде-ақ аңғарды.

— Әй, біздің Қызылорда-ай,— деді кенестерін есек-тердің даусы бөліп жібергеніне ызаланған Дәулет,— өз-теміз жақсы болса да, осы есегіміз жақсы емес-ау!

- Оның несі бар? — деді Айбарша, Дәулетті ыза-ландырайын деп.

Ретсіз бақырып зәрені алды ғой.

Әлгіменің есекке ауып кеткеніне Айбарша қуанды да. Егер есектер ақыра қоймаса, өзін берікпін-ақ деп есептей-тін Айбарша, Дәулеттің бүгін ерекше шұқшыюына көнбіс те қалар ма еді, қайтер еді. Піскен алманың сабағы-нан үзілуіне, қасынан жанай ұшқан шыпшықтың қанатының лебі де сен дееді. Дәулеттің түн ұзынғы жалбарынуы, оның піскен шыдамын құстың қанатынан қат-тырақ қағыңқыраған еді...

Есектердің даусына көңілі бөлінгенде, Айбаршаның балқыған шыдамы тағы да шыйрады. «Асығатын не бар, деп бекінді ол ішінен,— ала көңілді ешқайсымыз жоқ, өмір әлі алда, шыдаған соң шегіне жете шыдау керек».

Осыған бел байлаған ол, есек кенесін ұзарта бе-рейін деп еді:

Тастапты, сол құргырыңды! — деді Дәулет ке-йін, қайдан ақыра қалды өздері?..

Таң қарауытқанда ақыруы ғой деймін.

Оны қайдан білдің?

Аспанда жарқыраған жұлдыздар көмескілене бастапты ғой... Бұлт та торлана бастапты... ай да жоқ...

О қайда, бәсе?

Әлгінде батқан.

Дәулет күрсінді.

- Неге күрсінесің? — деді Айбарша.

- Сен мені, дәл мен сені сүйгендей сүймейсін-ау деймін

Неге?

Аспанды бұлт қоршағанын, айдың батқанын, таң-ның алақызарғанын махаббат толқынына ғарық болған мен сезгенде сен қайдан сездің?

Айбарша жауап бермеді.

— Сен де мен сыяқты халге түскен екен десем...

— Дәукеш! — деді Айбарша, Дәулеттің иығына басын сүйеп,— басқа күн жоқ па осы сөзге? Екеуміз де жұмыс кісісіміз. Ұйқтамай жұмыска қалжырап кірісіп, өткен бір күндегідей, жарыстан қалып қойып жүрмейік...

Дәулет құшақтайын деп еді:

— Мен ашуланам, енді,— деді Айбарша,— жылы ұшырағанда дәсіп кетпе, сен, жібер!..

Сыры мәлім Айбаршаны тұлаткысы келмеген Дәулет, тырмысқан оны жұлқыламай еркіне босатты.

— Қайттық! — деді Айбарша, Дәулетті оң қолтығынан көтере түрегеп.

Екеуі жүріп кетті. Әуелі олар бір-біріне өкпелегендей, біраз жер тым-тырыс аяндады да, алғашқы тілді Айбарша қатты.

— Татуласпаймыз ба, Дәукеш? — деді ол.

Дәулет үндемеді:

— Араздасып болғаның ба, бұл?

Дәулет күліп жіберді.

— Өзің айтпақшы, несіне өкпелейсің, «Даукесім»,— деді Айбарша кетпеннен қатқылданған алақанымен, Дәулеттің бетін сыйпап,— жоқ, «Даукесім» емес, Дәукешім, хұрметті, сүйікті Дәукешім, өкпелеме, жүрегім!.. Бізді айырар бөгет жоғы өзімізге аян. Аз күнге несіне өкпелейсің?..

— Сол «азының» өзінде ұшы-қыйыр болмай барады ғой!..

— Ал, жақсы, қосылайық!.. Ұят та болса айтайын — балалы болайық!.. Мен оны әлдилейін де отырайын!.. Тағы біреу тусын!.. Және біреу!.. Мен бала басты, салды-балақ қатын болайын!.. Сонда не болды?

— Оқуды бітірген соң қосылсақ, бұл айтқандарың болмай ма?

— Оның — қыястығың, Дәукешім. Кісі семья боп қосылған соң көбсюден қаша ма? Менің айтатыным: жағдай болып тұрғанда, орта біліммен қалғанымыз қалай, керекті жоғары білімді алып қосылғанымыз қалай?

Олардың алдында бұдырмақтанған, каналдан шығарылған тау-тау құм топырақ екен.

— Мен шаршаған сыяқтымын,— деді Дәулет, екеуі сол үйілген құмға өрлей бергенде.

— Ендеше, отырып демалайық.

Олар бнік үйілген құм топырақты ықтай отырды.

- Менің қалғым келеді,— деді Дәулет.

- Менің тіземе қыйсай ендеше.

Тізесіне қыйсайған Дәулеттің бетінің астына алақанын төсеген Айбарша, оны әлдилегендей, әлдебір әнді гүрсыйын деп еді:

— «Балымшаны» айтшы! — деді Дәулет, жұмған көзін ашпай, демін соза алып.

«Балымша» Сырдарияның Тереңөзек атанатын ауданында, жуырда ғана шыққан ән де. Балымша — қыздың аты. Осы қыз тұратын колхозда көркемдеу және алты қыз болса керек. Бір жігіт солардың бәріне де «ғашық» боп өлеңмен ән шығарады да, әрбір ауыз өленнің қайырмасын бір қыздың атына ұйқастыра айтады.

Айбаршаның бұрынғыны әдемі даусы болатын. Сол даусын бамылау алып, ол «Балымшаны» бастай жөнелді, Дәулет те қоңырлата дауыс қосты. Олар өлеңнің бірінші жолын:

«Айналайын көзінен күлімдеген...» —

деп бір сөзбен айтты да, екінші жолды Айбарша:

Басқан ізің келгенде білінбеген» —

деп одынше, Дәулет:

«Шай көлектен емшегің дірілдеген»—

деп одынше айтты. Екі жағы да бұлай екі мағнадағы әдемі айтқандарын біле тұра, «неге олай дедің» деген жоқ, өленнің соңғы жағын қосыла жалғастырып әкетті:

«Сен есіме түскенде, бөу қарағым,
Жатсам көзім ешкімге ілінбеген.
Балымша,
Электрдің шамынша.
Тіл алмайсың жалынса!..»

Олар осы әнді ұзақ айтып отырып алар ма еді, қайтер еді, егер үстерінен гулеп балшық төгіліп кетпесе. Бәрі де «бұ не?!» деді де шошынғандай сілкіне түрегелді. Жоғарыда әлденемене тырпылдаған сыяқтанды.

Біреу жүр білем,— деді Дәулет.

Кім бар дейсің, жай құлаған топырақ болар.

Жер қозғалып па, жайдан-жай топырақ түсетін? Мүмкін бұл да, адам болса да бірдеме өтті, жүр, көрейік!..

Дәулет биік топыраққа өрмелей жөнелді. Оған ере Айбарша жөнелді. Екеуі биікке шыға келсе, біреу үйілген топырақтардың арасымен еңкеңдеп қашып барады екен.

— Айттым ғой, адам бар деп,— деді Дәулет,— кім де болса токтатайық!

Қашқан адам бір төмпені тасалай берді.

— Бәрібір, құтқармаймын, сені! — деп Дәулет ұмтыла бергенде, Айбарша қолынан ұстай алды.

— Жібер! — деді Дәулет бұлқынып.

— Нең бар, айдаладағы біреуде?..

— Жібер! — деді тағы да ол. Сондағы ойы: «Бұл Самарқан болар» дегендік еді. Осы ойдан ашуы қоза түскенмен, «болды енді!» — деп білегінен қаттырақ тартқан Айбаршаны күштей жұлқылауға ол ұялды.

Бірақ Дәулеттің ойы қателесті. Олардан бұғып қашқан Самарқан емес, Тыртық еді. Айбарша мен Дәулеттің көңіл қосуын ол көптен күндеулі, сонда ол, оларды бірбірінен қызғанып жүрген жоқ, оның ойы басқада. Бұл мәселеге кейінірек ораламыз, әзірге темадан шықпайық.

Дәулет пен Айбарша тартыста бой тұрғанда, бір салт атты алдарынан шыға келді.

— Кім, әй, бұлар? — деді ол Дәулет пен Айбаршаға жақындай беріп. Екеуі таный кетті — Байжан.

— Е-е-е, Қозыкөрпеш — Баян екен ғой, кім десем! — деді Байжан,— амансыңдар ма, ғашықтар? Бұл қай жұлқыстарың?

— Биікке өрмелегенде, бірімізді-біріміз демеуіміз емес пе, ағай,— деді Айбарша, Дәулеттің аузына сөз түспей тұрғанын абайлап.

Байжан одан әрі қазбаламады. «Е, бәсе,— деп ойлады ол, қашқан адам туралы,— өлер-тірілеріне қарамай, жығыла-сүріне жүгірген түрі жаман еді, мыналардан үрейленген екен ғой! Неге өйтті екен!?.» Бірақ ол, қашқан Тыртықты көргенін білдіргісі келмеді де:

— Бұл арада тыныуға болар ма екен? — деді салжыңды дауыспен, атынан түсе беріп.

— Неге болмайды,— деді Айбарша оны қолтығынан демей беріп.

Байжан ентіккен аттың тізгінін ердің басына қантарды да, шылбырын жерге сүйретіп бос тастады.

— Кетіп қалар,— деді Дәулет.

— Сырмінез ат. Ешқайда кетпейді.

Байжан мен Дәулет Айбаршаны ортаға ала, үйілген бір балшықты жастана отырды.

Шаршап та қаппын,— деді Байжан.

Қайдан жүрсің? — деп сұрады Дәулет.

«Қайдан жүрсің?» Со да сөз бе екен? Қаналдан басқа жүріс бола ма менде? Бір шетінен екінші шетіне салт атпен барып, оралып қайту үшін екі-үш күн керек емес пе?

Машинаң қайда?

Жері төсеген тақтайдай теп-тегіс біздің Арқа деп отырмысың Сырыңды, машинамен ойға алған жеріне жолсыз да тартып кететін? Мына жері жазық болса, **ана жері** белестенген құм!.. Жазық деген жеріннің өзі **сексеуіл мен жидеге** оралған толып жатқан төмпе...

Жолмен жүріңіз, сиденье! — деді жерін Байжанның **обаған жамандауын** шын көрген Айбарша.

Қандай жол? деді Байжан Айбаршаны ашуландыра түскісі кеп, біздің Арқаның асфальт төселгендей тегіс, әрі кең, әрі оқтай түзу жолы бар ма, Сырда? Дария қандай бұралаңдаған қыйсық болса, жерінің жолы да сондай емес пе? Шаңын қайтесің оның! Малдың тұяғы, машинаның доңғалағы тисе-ақ бұрқырай кеп көтеріледі. Есік, терезесін жауып қойған машинаның ішіне қалай ұрланып кіретінін де білмейсің, ара тұра тоқтап, сілкініп, шаңын шығарып алмаған, отыруға да мүмкін емес!

Сонда да ол Арқаға айырбастар ма екеміз Сырымызды, деді Айбарша, Байжанның да намысына тиіскі кеп, ұлағынған кісінің жолы бос! Келуге тілемегенді шақырмаймыз.

Ашуланып қалдың той, балдызым! — деді Байжан.

Ашуланбағанда. Өркімнің өз жері қымбат!.. Сонда да, арзан ба біздің Сырдария?..

Неге арзан болсын,— деді Байжан шындап,— мұнда келдім деп өкініп жүргенім жоқ. Өкінуге қолым да тимейді. Жұмыспен уақыттың қалай өткенін білгей де қаласың. Кейде жұмысқа жеткізе алмай «бір тәулікте жыйырма төрт сағат емес, жүз жыйырма төрт сағат неге болмайды» деп өкінесің.

Онда адамның өмірі де бұдан бес есе көп болу керек қой, — деді Дәулет.

— Онда тіпті жақсы болар еді,— деді Байжан,— мұндай жақсы өмірде адамның өлгісі келмейді!

— Бәріміздің де ойлайтынымыз сол,— деді Айбарша,— бірақ, меніңше аты «көп жасау» қызық емес қой деймін. Біздің ауылда жүз он беске келген кемпір бар. Соның да саудырап отырған қалпымен өлгісі келмейді. «Әже,— дейміз кейде, қалжыңдап,— енді жасай беріп қайтесің, өлсейші!» Оған ашуланып қалады. Кемпірдің тілі «р» мен «л» ға келмейді. «Әй, жүгимек кейги! — дейді, жекіп,— мен сенің тайыңа түстім бе?».

— Әне, көрдің бе, өмірдің тәттілігін,— деді Байжан.

— Олай боп жасасам, мен өмірді тәтті көрмей-ақ қояр едім,— деді Айбарша,— өзің еркін араласып қызығын көрмеген өмірдің несі қызық. Мен профессор Палладин дегеннің «Жасарту» деген кітабын оқыдым.

— Өмірге қызығуың емей немене ол? — деді Байжан.

— Өмірге ғашық «өзім ғана» деп ойлап па едіңіз, жезде?.. «Жасарту» деген қандай қызықтыратын сөз!.. Қызығып-ақ оқыдым да, айтып отырғаны әлі шалағай тәжрибе болғандықтан, көңілім суып тастай бердім.

— Неге? Егер, қателеспесем, Палладин сол кітабында Штейнах пен Воронов дейтін екі ғалымның тәжрибелерін жазды. Олардың бұл жөнде үлкен нәтиже шығара алмай жүргені рас, бірақ ғылым соңымен тоқтай ма?

Айбарша бірдеме дегелі келе жатыр еді:

— Таста, оны! — деді Дәулет,— өкінішті жастықты қоя тұрып әуелі басымыздағы қазіргі жастықты ойдағыдай өткізейік те.

— Дегенмен, бұл қызық тема,— деді Байжан,— бұл жөнде сөйлесу де қызық. Бірақ оны кейінге қалдырайық та, қазір әлгінде бұрылып кеткен темамызға қайта көшейік. Мәселе, уақыттың жетпегендігі, қолдың тимегендігі, жұмыстың көптігі туралы еді ғой. Жұмыс көп болғанмен, Сырдың халқы шыдатар емес! Мына қаркынмен айдай берсе, ендігі жылы бітіреміз деген канал, быйыл күзден қалмас! Біздің елдің адамы, бұл елдің адамының бір күнде қазатын жерінің бестен бірін қаза алмас еді!..

— Е, бәсе, солай деңізші! — деді Айбарша масаттанғандай.

— Әсіресе, әйелін айтсаңшы! — деді Байжан, Дәулетке көзін қысып қойып,— жез қармақтай майысып ап, кетпенді шалқая сілтеп, жерге ұңғысына дейін өт-

кінін, сағызданып жатқан саз топырақты есіліп жатқан құмдай жұлып ап, кетпеннің алақанына ілеккен бір шелектей балшықты ұзын сабын ырғақырап жіберіп, шалқая беріп жоғары сілтегенде, биіктігі бес-алты метр ернеудің сыртына түсіреді-ау!

— Пау, шіркін! — деді Дәулет сүйсініп кеткендей,— жазушыдай суреттеп жібердің ғой, өзің!

— Ағайдың ондай да өнері барын білмейтін бе едің? — деді Айбарша,— мен бұл кісінің жазған өлеңдерін де көргем.

— Қайдан? — деді Байжан.

— Айтам ба?

— Айтасың.

— Айтпасам ше?

— Неге айтпайсың? Мен айтқызам.

— Қалай айтқызасыз?

— Заңмен айтқызам,— деді Байжан, Дәулетке көзін қысып.

— Ондай заң жоқ.

— «Авторлық право» дегенді білесің бе?

— Білсем ше?..

— Ол право бойынша, біреудің баспаға шықпаған еңбегін екінші кісі рұқсатсыз оқыса сотталады.

— Ә-ә-ә, солай ма? Онда Гүлнар жеңгей сотталады екен ғой. Мен сол кісіден көрдім.

— Жеңгей сотталмайды, сен сотталасың, — деді Дәулет.

— Неге?

— Байжан мен Гүлнар бір кісі. Сондықтан, оның оқуға хақысы бар, сенің не хақың бар?

Айбарша тосылып қалды.

— Көрдің бе, әне? деді Байжан күліп.

— Көрдім, — деді Айбарша, жеңілгенін сездіргісі келмегендей,— бірақ шығармасын әйелінен басқа адам оқымайтын жазушыны, көңіліңізге келсе де айтпайын, мен жазушылық правосы бар адамға санай алмаймын.

— Ойын бір басқа,— деді Байжан,— менің бір кезде ақын болғым келгені де рас. Сенің көргенің сол кезде жазған өлеңдерім.

— Сіз, жәбірленбеңіз, жезде! — деді Айбарша,— ұнатпай тұрмын. Расымды айтсам: кей өлеңдеріңіз жүрекке жып-жылы тиетін, жап-жақсы.

— Рахмет,— деді Байжан,— менің осы Сырға инженер боп келуіме себеп — Гүлнар екенін білесіздер, достарым.

— Оған өкінбейтін боларсыз? — деді Айбарша.

— Мана айтпадым ба «өкінбеймін» деп. Ел игілігіне асатын осындай зор жұмысты бастағанға не өкінсін ақылы бар кісі!.. Егінді табиғат бергісі келмесе де, еңбекпен тартып алатын елді мен осында көрдім. Бұған қарағанда, біздің Арқаның егінге сіңірген бейнеті бейнет емес. Олар егінді бір сеуіп тастаған соң, қашан пісіп орғанша, арам шөбін жұлғаннан басқа тұк те бейнет шекпейді. Аспаннан жаңбыр құйылса, еңбегі жанады да, әйтпесе жанбайды. Жаңбыр-маңбырыңа қарамайтын, Сырдан су ала білсе, егінің өнбеген еркіне қоймайтын, осы елді айт!

— Сіз «жаңбыр» дейсіз, Байжан ағай,— деді Дәулет,— сол жаңбыр осы жерге жауа қалса, барып тұрған қырсық.

— Білем,— деді Байжан,— жаңбыр жауса, бұл аранын топырағы қақтанып қатып, беті айғызданып жарылады да, егін сабағын қысып өсірмейді. Сырдария туралы екі том кітап жазған Динкельштет деген кісі, шындықта болған бір қызық оқиғаны жазады: 1889 жылы, Ферғана облысында көшпелілер мен диханшылардың арасында зор төбелес боптъ. Оған себеп сол жылы, егін өсетін айларда Ферғанада әлденеше рет нөсерлі жаңбыр жауады. Оның мақта мен бидай шығуға көп залалы тиеді. Диханшылар, «осы жаңбырды көшпелілер, «Жадатас» деген жаңбыр шақыратын таспен тілеп алыпты» деп есітеді. Сұрастырса, тауда көшіп жүретіндердің малдың отына жаңбыр тілеп тасаттық бергені расталады. Жаңбыр сондықтан төгіп тұр деп түсінген диханшылар, жиналып көшпелілерге барады да, «мына шақырған жаңбырларыңды қайтарыңдар» деген талап қояды. Жаңбырды көшпелілер қалай қайтарсын? Осы жөнінде зор төбелес шығып, көп кісі өлді...

— Рас болуы мүмкін,— деді Дәулет,— менің де құлағым шалғаны бар еді, осындай бір кеңесті.

— Екеуіңді шамдандыратын тағы бір кеңес айтайын ба? — деп сұрады Байжан.

— Естік! — десті Дәулет пен Айбарша.

— «Сырым, Сырым» дейсіңдер, егер, сол Сырдың суын түгел меңгеру керек болса, қазіргі екі жағасын

жайлап отырған елдеріңнің күші жетпейтініңнен хабарларың бар ма?

— Неге жетпейді? — деп Айбарша таласайын деп еді:

— Тоқташы, Айым! — деді Дәулет, мына сөз оған жаңалық боп естіліп,— тыңдайық.

— Сырдарияның бойына, неше плотина орнайтынын білесіңдер ғой?

— Білеміз,— деді Дәулет пен Айбарша,— үшеу.

— Білсеңдер, сол үш плотина жерді суаруға кіріскенде, канша гектар егілуінен хабарларың бар ма?

— Жоқ,— десті екеуі.

— Миллион жарым!

— Қойыңызшы,— десті екеуі.

— Иә, иә!.. Бір жарым миллион! — деді Байжан.— Быйыл бүкіл Қызылорда облысының сегіз ауданы боп егетіні канша гектар екенін білесіңдер ме?

— Неге білмейміз,— деді Айбарша,— сексен мың!

— Миллион жарым гектар сексен мыңнан неше процент артық?

— Оны есептеу керек.

— Есептеулі, — деді Байжан, — екі мың проценттен артық. Облысының барлық колхозында быйыл барлығы жүз елу мыңдай ғана жаңа жер бар. Бесінші бесжылдықта, осының бәрі жұмысқа жарасын дейік, сонда, бір кісіге канша гектар егін келетінін білесіңдер ме?

Оны да есептедіңіз бе? — деді Айбарша.

Есептемегенше, деді Байжан,— мен осы цифрларды бақпай не білып жүрмін, бесінші бесжылдықта, бір кісіге, Сырдың бойында 24 гектарға жақын егін келеді. Қолымен суғаратын жерде, сонша егінді күту бір кісінің шамасынан келе ме?

Байжанның не айтқалы отырғанын Дәулет енді жорыды:

«Техника өседі» дейтініміз қайда! Онда егінді самолётпен суармаймыз ба? — деді.

Аспаннан жауған су сенің аранда жердің бетін ылғалдандырып, егінді өсірмейді деп әлгінде өзің айтқан жоқпысың?

Жерден түтікпен шашса қайтеді, онда? — деді Айбарша.

Түтік жете ме, сонша көп жерге? — деді Дәулет.

Неге жетпейді? Біздің Отанда темірден көп зат

жоқ. Мәселен, атыздың орнына темір түтіктерді егіннің бетіне тор қып жайып тастап, егінді сонымен суарса ше?

— Фантазияның да реті болу керек қой, балдызым,— деді Байжан,— егін жыл сайын себіледі, сонда, жердің бетінде темір түтіктің торлары жайылып жатса, соқа қалай жүреді?

— Қаладағы водопровод сияқты орнатса қайтеді?

— Су шашатын мойындарын қайда жасырасың?

— Айым! — деді Дәулет күліп,— Байжан оқуының көптігін көрсетіп бізді жеңе береді. Бұл кісі, айтып болсын айтатынын.

— Ал, тыңдайық,— деді Айбарша.

— Миллион жарым гектар егінді күту үшін,— деді Байжан,— облыстарыңның қазіргі халқы, бұдан ең аз дегенде бес есе көбею керек.

— Оны қайдан табамыз? — деді Айбарша.

— Қайдан деген сөз бе? — деді Байжан, Дәулетке көзін қысып қойып,— оның бірінші шарасы — бойжеткен қыз-жігітті тезірек үйлендіру керек.

Дәулет қарқылдап күлді.

— Аға! — деді Айбарша, Байжанға өкпелеген кескінмен,— сізден ондай сөзді күтпеген ем...

— Бұлай бұрып әкеткенің не, балдызым? — деді Байжан танған боп,— осы елдің әйелдері бала табады деу айып па?

— Ол сөзді доғарайық, жезде,— деді Айбарша,— біздің елдің адамы жетпей-ақ қойсын, сонда не істеу керек, сізше?

— Басқа жерден ел көшіріп әкелу керек.

— Түсіндім,— деді Айбарша,— Арқаның суығына бүрсеңдеп жүрген еліңізді көшіріп әкелмексіз ғой, мұнда, егер, біз алсақ?

— Алмаған еркіңізге қоямыз ба?

— Зорлықпен әкелесіздер ме?

— Неге зорлық болады? Біздің арғы аталарымыз да «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» жұтында, қалмақтардың тізесінен, осы Сырдан еріксіз көшкен.

— Оны қайдан білесіз? — деді Айбарша.

— Тарихтан білем. Және осы Сырдан көшкендеріне айқын куә болатын көп сөз бар.

— Бұларыңыз бос талас,— деді Дәулет,— Айбарша, жер жетпейді деп сен қынжылма, ал Байжан ағай, сіз

елііңізді күні ертең көшіріп әкелем десеңіз де, рұқсат. Осыған келісіңдер.

Дәулет Айбарша мен Байжанға ойын да болса қол алғызды.

— Біздің елдің осы Сырдан көшуіне куә болатын көп сөз бар дедім ғой,— деді Байжан,— оным рас. Мәселен: біреуді, әсіресе ойы шарғалау біреуді кемітіп сөйлегісі келсе, біздің жақта «қодық неме» дейді. «Қодық» есектің құлыны екенін білмейді. Бір кезде есек пен оның құлынын малданбаса, бұл сөзді олар қайдан біледі?

— Рас-ау! — деді Дәулет.

— Қарны жуан, жүдеу баланы біздің жақта «қарны қабақтай, бұты таяқтай» дейді. «Қабақ» дегеннің не екенін де білмейді. Тілде «қабақ» сақтаулы — бір кезде олар қабақ та еккен болу керек...

— Тілде сақталғанның бәрі өмірде бола бере ме? — деді Айбарша.

— Әрине, болады,— деді Байжан.— «Тіл» я «сөз» деген не? Ол адамның харекетінің құралы. Белгілі харекеттен шықпаған сөз болуға мүмкін емес. Өз тіліміздегі көп сөздің мағнасын білмейтін себебіміз — пәлендей сөз тууға себеп болған харекетті біз ұмытамыз да, сол харекеттен туған сөзіміздің мағнасынан да айрылып қаламыз.

Олар әлі де осылай кеңесіп отыра берер ме еді, қайтер еді, егер сол кезде жұртты жұмысқа оятудың белгісі — адырна[1] қайыра-қайыра тартыла қоймаса.

— Апыр-ау, күн шығуға таянып қапты ғой,— деді Байжан, төңірегіне қарап.

Сіз жаңа сезіп отырсыз ба? — деді Айбарша.

Кеңесіп отырып абайламаппын.

— Ұйқтап па едіңіз, бүгін?

— Қайдағы ұйқы?

— Біздің кепеге барып дамылдайсыз ба, әлде?

— Жоқты айтады екенсің ғой,— деді Дәулет Айбаршаға жымыя қарап,— апайға жетпей, байласаң ұйқтасын ба, бұл жездей.

— Ә, солай екен ғой,— деді Айбарша.

— Сықақтайын дедіңдер ме,— деді Байжан тұра беріп,— бастарыңа келсін!

Дәулет пен Айбарша да түрегелді.

— Жуастығы ма, әлде жуасығысы келді ме, Байжан-

---

[1] Орыстың сиренасы сыяқты, дыбысы катты жез керней.

ның қаңтарып қойған аты, бұлар сөйлесіп отырғанда, қалғыған сияқты, тырп етпестен мелшиіп тұр еді, отырғандар түрегелгенде селтең етіп, құлағын қайшыландыра бастады.

Дәулет атты әкелгенде:

— Біздің елдің салтында, қонақты қыз аттандырады,— деп, Айбарша аттың шылбырын қолына алды.

— Рахмет, балдызым! — деді, сол аяғын үзеңгіге сап, Айбаршаның демеуімен атына көтеріле берген Байжан...

Жиырманшы тарау

СУМЕН ЖАРЫС

Алмалық қаласын салу туралы мәселені тиісті орындармен ризаласып, планын бекіттіріп алғаннан кейін, Рахмет Сырбайдың үйіне қонаға келіп, онымен әңгімелескен еді.

— Сыр-еке, сіздің колхоздың аты «Тартоғай» ғой? — деп бастаған еді ол кенесін.

— Өзің білетін ат қой, жүдә, оны неге сұрадың? — деген еді Сырбай.

— «Тоғайы» жақсы болғанмен, «тары» жаман деп, бұл арадан қопыс аудармақ едіңіздер, оны неғып жүрсіздер?

— Каналдың бітуін күтеміз де.

— Торанғұл сайына су шығарғалы жатқанымызды естідіңіз бе?

— Есіттік, сол ұйғарынды іске асатын болды ма?

— Оның екі жағасында егінге аса қолайлы екі-үш мың гектар жер бар, соны пайдаланғымыз келіп, жіңішкелеу бір арық шығаратын болдық. Аяқ жағын қашыртқыға[1] пайдаланбақпыз.

— Жүдә жақсы болған екен.

— Осы қызметті сізге жүктегіміз келді. Кісі күшін де, құрал күшін де береміз, оған қалай қарайсыз?

— Ұнатқандарың болады да.

— Осы сайдың Сырдан су алатын сағасына сіздің колхоз келіп қопыстанса қалай болар еді дейсіз?

— Не «қалайы» бар. Жүдә, жақсы болады.

— Тар да болса тоғайды ықтап дағды алған ауылсыз-

[1] Пайдаланған суды ағызып әкететін жыра, орысша коллектор.

дар,— деді Рахмет қуланған кескінмен,— Торанғұл сайының сағасы тоғайсыз деп жерсінбей жүрмесеңіздер?

— Неге жерсінбейміз? Су болса, Сырдың жағасында, жүдә тоғай өспейтін жер бар ма?

— Ол рас,— деді Рахмет,— сонымен сонда көшесіздер ғой енді?

— Жұртпен ақылдасып көрейік.

— Кім қарсы болар дейсіз.

— Өзім де, ешкім қарсы болмас деймін.

— Сол сағаға быйыл қоныс аудара берсеңіздер қайтеді?

— Қайтуші еді! «Жолаушының ақысы жүрсе өнеді» депті ғой, бұрынғылар. Әйтеуір көшетін болған соң, жүдә, ертерек барғанымыз да оң. Арықты да айналдыра береміз, бір жағынан.

— Қыс ішінде ме?

— Ол қайтеді?

— Жер тоң болмай ма дегенім ғой.

— Тоң боп, жүдә темірден катты деймісің ол? Кетпен алмайтын тоң бола ма?..

— Әрине, солай. Жаңа қоныстағы колхоздың атын ойландыңыздар ма?..

— «Кең дүниеде тұрып, колхозымыздың атын неге тар қоямыз? Өзгерту керек!» дейді жастар.

— Қарттар не дейді? .

— Болашақ, жүдә, жастардікі емес пе. Солардың айтқаны болады да.

Дұрыс, ақсақал. Сонда, колхоздың атын не деп қоймақ, жастар?

Әлі тоқталған аты жоқ.

— Мен бір жақсы ат тауып берсем ше?

— Қандай?

— «Кентоғай!»

Сырбай Рахметке сұраулы кескінмен қарады.

— Неге қарайсыз, Сыр-еке? — деді Рахмет,— менің-ше, жақсы ат. Ел мекендеген Сырдың бір шығанағына колхоз орнаса, ол ара аз жылда қалың тоғайлы бақшаға айналып кетсе, сол жерде орнаған колхозды «Кентоғай» атаса, бұдан қолайлы ат бола ма?

Сырбайға мына сөз аса дәлелді боп кетті де:

— Жарайды, шырағым! — деді.— Жүдә, жақсы ат тапқан екенсің. Жұртпен ақылдасайық.

Рахметтің ұсынысын көпшілік мақұлдап, «Кентоғай»

аталған қонысқа күздігүні қоныс аудара бастады. Бірінші үйдің қадасын Сырбай қақты, «тілеу тілеп тұра берсін» деп, Алмалыққа әкелген жас шыбықтардың бірталайын өз орамының маңайына, бірталайын көрші үйлердің маңайына тіктірді. Қорасының ішіне жыйырма түп алма ағашын тікті. Өзге үйлерге де соны істетті. Арық қаздырудан қолы босамаған Сырбай, еккен жас бақшаның күтімін әйелі Тәрбияға тапсырды. Тәрбия күткен жас ағаштар, көктемде жапырақтары көгеріп, жерден нәр тартқан тамырлары терендей түсті.

Сырбай қаздырған арық қырық бірінші жылдың көктемінде Торанғұл сайына жетті. Бұл арықтың атын колхозшылар «Сырбай арығы» деп атап алды. Сырбай арығының жұмысы, жоспар бойынша, майдың біріне бітіп, арықтан Торанғұл сайына су жіберілмек еді. Бүйту, әсіресе канал құрылысшыларына қажет болды, сол жылы көктем ерте басталғандықтан, Сыр бойының ыстығы, жер қазушылардың діңкесіне тиіп, олар күндіз шомылып тұратын су тіледі, құдық қасындағы әуітке жарымады.

Сталин атындағы канал құрылысында, дариядан су тарту бірінші рет Сырбай арығынан басталатын болған соң, сағаның суы ашылған күні той жасалатын болды. Бұл тойға канал бойындағы бригадалардың бәрінен де өкіл келеді, ат шабу, балуан күресу, көкпар тарту, қыз қуу, жорға жарыстыру сыяқты ұлт ойындары болады, кешке кино, спектакль көрсетіледі.

— Бұл мәңгіден бері, жүдә, құрғақ жатқан сай,— деп жар шашты Сырбай тоғі алдында,— мұның бойы толған аңдардың апаны. Мұнда түлкі де, қасқыр да, қарсақ та, қояң да, басқа аңдар да болуы керек. Әсіресе, жыланның қордасы көп мұнда. Сайға су жүрсе, жүдә аңдар да, жылан дар да қашады. Жыланның көп жерін құрғақ салымен қоршау керек те, судан қашқанда жүдә өртеу керек, әйтпесе тарап кетіп малды да, адамды да шағады. Жылан жүдә бауырмал болады. Бірі күйгенін көрсе, өзгелері соны арашаламақ боп, ысылдап отқа атылады. Қашқан аңдарды аулау үшін, аңшылар мылтығын, итін, құсын, жүйрік аттарын баптасын!

Той жабдығын Рахметке өзі барып айтқан Сырбай, бір мәселеде мазасызданып жүргенін айтты.

— Осы сайда,—деді ол,— егеуқұйрық сыяқты жүдә зор тышқандар пайда болды. Мен оның бірнешеуін өлтіріп Самарқанға көрсетіп ем, егіннің жүдә жауы дейді.

Өзі жылына неше мыңдап өсетін бір пәле болса керек. Содан жүдә зәрем кетті де, індерін қарап жүріп, табылғандарына түгел су құйып ұстаттым. Жыйырма шақтысын ұстадық. Жүдә қу кәпірлер екен. Інді жардан және жоғары қарай қазады екен. Ондайларын жүдә алып болар емес. Тек Торанғұл сайына су шықса-ақ сілесі қатады, індеріне су құйылады...

Бұл қаскүнем тышқандарды Брехунецтің тапсыруымен Тыртық әкеп таратқанын Сырбай қайдан білсін. Тышқандар аулана бастаған кезде, Тыртық өзінің жандостары ауланғаннан кем қайырған жоқ. Бұл «пәледен» тышқандарын арашалай алмай қынжылып жүрген күндерінің біреуінде, бір тышқанын бір бала тірідей ұстап әкеледі екен. «Обал, жібер» дегеніне бала көнбеген соң, Тыртық тартып алды да қоя берді. Оның сорына, баланың қасында жүрген иті бетімен қашқан тышқанды қағып алды да, белдемесінен қапсырған қалпымен қылғып қойды. «Мұның иті де маған жау болды-ау!» деп кейіді Тыртық. Оның есебінше, енді ауланбаған бес-алты-ақ тышқаны бар, олар да өсімге жарар еді, егер ауланбаса... Торанғұл сайына су шығады дегелі, Тыртық тағы тыйышсыздана бастады, оның жобалауынша тірі тышқандар сайдың жағасында, егер олардың ініне су құйылса, Тыртықтың бұл жөндегі үміті сөнгені...

Бізді[illegible] төрт дос — Байжан, Дәулет, Гүлнар, Айбарша[illegible] той болар күннің алдында Сырбайдың үйіне кеп қонды.

Сырдың жағасынан қазылған арықтарға су жіберу оңай жұмыс емес. Сағадағы суға қақпақ боп тұрған, кем дегенде екі үш метрдей таза тық жерді сақтанып жырмаса, екінші қатты Сырдың ағысы жырадан лақ етіп ақтарылғанда, үтілмелі бөз тоңырақты кеміре жөнеліп, тар жыраны ілезде кеңітіп әкетеді. Жырған адамдар сол кезде сақтанып тұрмаса, қоймалжың лайдың астында қап өлек болады. Сондай оқыйға көп кездесетіндіктен, тәжрибелі адамдар, суға жол ашатындардың белін арқан байлатып, арқанның бір жақ ұшын қарулы жігіттерге ұстатып қояды да, суға кетіп баратса, тартып алады.

«Сырбай арығының» сағасы ашыларда митинг ашылып, оркестр ойналғанда, сағаны жыратын адамдардың белдеріне арқан байланып, қаз-қатар тұра қалысты.

Сырдың суы бұл кезде тасып жатыр еді. Жолшыбай түбімен қопарылған ағаштар мен қоғажайларды үйіре

беті шымырлап қайнай, бұрын «Бақабас» енді «Кенторғай» аталатын иінді сүзгілей, қызғылт құммен жентектеліп қалған иін ырық бермеген соң, жалтара бұрылып ілгері ентелей ағып жатқан қоймалжың сары су, сағаны жырып жібергенде, ақтарыла кеп құйылды.

Судың жылдамдығына көз ілеспеді ме, әлде ақтарылған судың қызығына алданды ма, аркан ұстап тұрғандар, кетпеншілердің суға опырыла құлаған жардың балшығымен бірге құлағанын абайламай қалды.

— Кісі кетті! — деп айқай салды, қайғырса да, қуанса да есі шыға қоймайтын Сырбай,— тартыңдар аркандыі

Аркандар тартылғанда, қоймалжың суға көмілген кетпеншілердің өзгелері тез суырылып, екеуі шалажансар күйлерінде әрең алынды. Егер сол арада Гүлнар тұрып, медициналық тиісті жәрдем көрсетпегенде, олар өлетін еді. Сол операциясын бітірген Гүлнар жан-жағына қараса, Байжан да, Дәулет те, Айбарша да жоқ.

— Олар қайда? — деп сұраса:

— Сонау шаңдатқандардың ішінде! — дейді.

Гүлнар көзін тігіп қараса, аспанға көтерілген қою шаңнан түк көрінбейді. Шаңдатқандар — ақтарылған сумен жарысқандар еді. Олар ұзақ жарысты. Бірақ, оларды үміті алдады, біреп-саран түлкі мен қоян болмаса, су құйылған сайдан, жыртыла айрылған қалың аң көрінген жоқ. Ұсталған азғантай аңдардың ішінде Тыртықтың екі тышқаны кетті, қалғаны түгелімен суға ғарық болды. Олардың халіне тек Тыртық қана қайғырды. Ерсілі-қарсылы шапқан көпшілікке ең қызық болған көрініс — сайдың бойында екі жерден кездескен жыланның қалың кордасын өртеу.

Кордасына су құйылғанда, қырға қашқан жыландар өртеген қоқтыққа қамалды. Сырбайдың айтқаны рас екен — алды күйген жыландардың арты ысылдап қарғып кеп, жалынға өздері түсті. Денесін жалын шалған жыланның бірер рет-ақ бұлқынуға шамасы келеді екен де, бытырлай жанып, тырп ете алмай жата береді екен.

Дәулет, Айбарша, Байжан үшеуі жыланның бір кордасының ғана күйгенін көрді де, екіншісіне қарамай кейін тартты. Олар оралып келгенде, сағада қызық боп жатыр еді: сағаның алқымы кеңіп, су арыққа еркін құйылып жатқан кезде, қатты ағынның екпінімен, ұзын-

дығы екі құлаштай бір жайын дариядан арыққа шыға келді.

— Жайын! Жайын! — деп шу ете түсті жұрт.—Япырай калай үлкен еді?!. Қалай ұстаймыз мұны?.. Не ұстатсын ол? Ұстатқанмен бой береді деймісің?..

Құйрығын анда-санда бір қозғап қойып, жалпақ басын анда-санда судан жоғары көтеріп, мұртын тікірейте, ұртындағы суды шыйрата түкіріп жіберіп, сабырмен ақырын жүзіп бара жатқан жайыннан Сырбай қадалған көзін алмады. Бірақ, өзгелердей соңынан жүгірмеді.

Жайын атаулыға ол кекті еді. Оның Нұрлы деген жалғыз інісі болған. Нұрлы да, әйелі де өліп, артында жеті-сегіздегі Ерәлі дейтін жалғыз еркек баласы қалған. Қолына алған сол баланы Сырбай жанындай жақсы көріп, шамасы келгенше тәрбиелеп жүргенде, аса зор қайғы кездеседі, суға шомылып жүрген балалар, бір күні Ерәліні жайын жұтты деп қайтты.

Бұл қайғыға өзегі өртенген Сырбай, шамасы келсе жайын атаулыны дүниеден жойғысы келді. Сол мақсаттағы ол өз қолынан өмір бойы екі-ақ жайын ұстады. Олардың ішінен қаз, үйрек, балық сияқты хайуандар ғана шықты. Сырбай «адам жұтқан біреуі қолыма түссе-ау» деп кіжінді.

Мына, Сырбай арығына кірген жайынға ол қарап тұрғанда, «бұл адам жұтатыны ма екен, жоқ па екен?» деген ойда еді.

Өткен заманда ұстаған жайынға, Сырбай балықшылардың ақылымен мынадай айла құрған еді: қайқы басы үш тармақты қармақтың бір тармағына, ұзындығы кезге жақын тірі сазанды шаншыпқан да, қармақтың сабына арқан байлап, арқанның екінші ұшын Сырдың жиегіндегі шеңгелге бекітіп, сазанды суға қоя берген. Өтірігі ме, расы ма: «Сырдың жайыны маңайда адам жүрсе ішін сезгендей қашқалақтап көрінбейді,— деген еді балықшы,— адам кетсе-ақ еркін жүреді. Нанбасаң, қармағыңды мен айтқандай қып сал да, өзің кетіп қап, кешке келші, үлкендігі атан өгіздей жайын ілінбесе, тіфу бетіңе де!»

Сырбай қармақты салып қойып алыста аңдып жатты да, арқан байлаған жас шеңгелінің басы бұлғандай бастаған соң, жүгіріп барып, арқанды тартты. Қырдан тартқанда, судағы затта күш бола ма, Сырбайдың шыжымдап тартқаны жағаға жетіп келді: ұзындығы екі-үш

құлаштай жайын екен!.. Оны қырға алып шығуға, әрі әлі келмейді деп ойлаған, әрі сескенген Сырбай арқанды шеңгелдің жуан түбіне байлады да, аулынан кісі жыйнап әкеп, желбезегінен арқан өткізіп ап, құрғаққа сүйреп шығарды... Екінші жайынды да ол осы әдіспен ұстады.

Мына Сырбай арығына шығып кеткен жайынның бойы, ол жайындардан анағұрлым үлкен сыяқты. Жайынға қарап тұрған жұрт, ұстау туралы толып жатқан жорамалдар айтқанда, Сырбай өз даярлығына кірісті. Ол баяғы қармағын ала келген еді. Қолында өткен күні ауына түскен, жарты құлаштай тірі сазаны да бар-ды. Жұрт:

— Қармақты қабар деймісің,— деп күдік айтқанмен, Сырбай:

— Бұйырса көрерміз, бұйырмаса амал не? — деп, сабына арқан байлаған қармағы мен аузын жапқан шелектегі сазанды ұстап жағада тұрды.

Жайынның оралатын жері мәлім: алда, үш шақырым жерде тақтайдан уақытша жасаған тоған бар, соған тіреледі де қайтады.

— Әне, кеп қалды! — деп ду ете түсті жұрт бір кезде.

Сырбай жасауранқыраған көзін сүртіп қараса, оралған жайын суға бір батып, бір қалқып жақындай қалған екен. Сырбай:

— Қанды басың бері тарт! — деп, сазанды қармаққа шаншып суға атты да,— мә, ұстандар! — деп жіңішке кендір арқанның бір ұшын қасындағыларға берді.

Өзін судың арыстаны көретін жайын, жолымда қауып-қатер бар ма демей, жем іздеп жан-жағына сығалай қарап келе жатты да, қармақтан құтылуға жанталасқан сазанды көре кетті. Семіз сазанның талайын жұтып құмары қанған жайын, екпіндей малтып кеп, жақындағанда сазанды тартып кеп қалды. Сазан жайынның аузына қылқ ете түсті де, қарнына барып бір-ақ тоқтады.

Жұтқан заттың ләззәтін жайынның аузы емес, қарны алатын еді. Неғі болса да жұтқаннан кейін, шөлдеп қымыз ішкен адамдай, оның ішіне аса бір қанағат сезілетін.

Мына жолы олай емес, іші ләззәт алудың орнына тітіркегендей боп, әлде не қадалған сыяқтанды... Өзінің сазанды тартқанындай өзін де әлде не тартып баратқан тәрізденді... Мына тарту, оның да іші-бауырын суырып барады!..

Жайын тулады... Қармақ байлаған арқанның екінші

ұшына жабысқан көп кісі, оның тулауына қарасын ба, сүйреп арықтың сырнеуіне тақап алып келді. Біреулер қуанғандай:

— Е, бәсе! — деп көтерейін деп еді:

— Тоқта! — деді Сырбай оларға,— ауыр неме екен, көтере қою, жүдә, оңай болмас. Бұлқынса айрылып қалармыз. Желбезегінен арқан өткізейік.

— Жұтып қояр! — деп біреулер үрейленіп еді:

— Жұтса мені жұтсын! — деді де Сырбай айыр қазықтың басына арқан іліп, жайынның аузы арқылы екі желбезегінен де өткізіп алды.

— Ал, енді үрім-бұтақ, зәу-зәтін жыйса да құтыла алмайды, тартып шығарайық! — деді ол.

Шуласқан жұрт, үш арқаннан бірдей тартып, жайынды қырға алды да шықты. Құрғаққа шыққан жайын — қанаты қырқылған құспен тең емес пе? Әуелі олай бір, бұлай бір шоршып түсіп, біраз бұлқынды да, одан өнері жоғын білгендей, сұлық жатып, «сусадым» дегендей жалпақ тұмсықты кең аузын ашып малжақ-малжақ етті. Оған хайран қалып қараған жұрттың ішінде, сумен жарысып барып оралған Дәулет, Байжан, Айбарша да тұрды.

— Ал, не істейміз мұны? — деген біреулерге:

— Үйіне апарып асырайын деп пе ең? — деді Сырбай, — соймыз қазір.

Қалай союшы еді мұны? — деп біреулер қуланып еді:

— Мал деп тұрмысың, бауыздайтын? — ішін жарса біткені де! — деді Сырбай.

Жалпақтығы үш елі, ұзындығы қарыс жарым өткір селебесін Сырбай, қынынан алды да, шалқасынан аударылған жайынның жұтқыншағына сұғып жіберіп, тулаған жайынның кіндігіне қарай есе жөнелді. Қылпылдап тұрған темірі қатты селебе, жанталаса ақтық рет бұлқынған жайынның жалпақ қарнына сырылдап отырып құйрықтың түбінен бір-ақ шықты.

— Ал, кәне, ақтарыңдар ішін! — деді Сырбай төңіректеп тұрғандарға.

Біреулер «қорқамыз» дегенмен, батылсынған біреулер, білегін сыбанып жіберіп, жарған қарынға қолдарын тықты да, құс, балық сияқты жидіген бірдемелерді алып шыға бастады.

— Жақсылап қараңдар! — деп қойды Сырбай. Балық

ішінен адам тапқысы келгенмен, егер шыға келсе қорқатын түрі бар, денесі дірілдеңкірейді...

— Енді ештеңе жоқ! — деді балықтың ішін түгел ақтарып, ішек-қарнына дейін алып шыққан жігіт...

— Әке! — деген дауысқа Сырбай жалт қараса, балыққа таңданған көпшіліктің ішінде салт атты Дәулет те тұр екен, кескінінде қуанышты күлкі, маңдайдан сорғалаған тер шаң басқан бетін айғыздап жіберген.

— Әке — деді ол қайталап, қуанышты дауысын кере түсіп,— неғып тұрсың, өлі балықтың қасында?.. Су кетті ғой далаға!.. Жарыспаймысың шөлге тартқан сумен?.. Кел, міне, мына атқа! — деп, Дәулет әкесіне ерттеулі атты ұсына берді...

Сырбай сумен жарысқа жөнелді...

Бірінші бөлімнің аяғы.

Екінші бөлім

СҰРАПЫЛ СОҚҚАНДА

Бірінші тарау

ӘДЕБИЕТ ҮЙІРМЕСІНДЕ

Құрылыс басында ұйымдасқан үйірмелердің ішінде, Дәулеттің көп және үздіксіз қатнасатыны — орыстың тілін және әдебиетін үйрену үйірмесі болды.

Сырдарияның бойында орыс поселкелері өте сирек кездеседі. Орыспен күнделік қатнасы жоқ ауылдардың адамдары орыс тілін білмейді.

Тартоғай поселкесі де орыс поселкесінен алыс тұратын, сондықтан, бұл ауылда, қалаға қатнасып жүретін адамдар ғана болмаса, өзгелері орыс тілін білмейтін.

Дәулет те орыс тілін білмей өсті. Бұл тілді білуге оны ең алғаш тартқан Айбарша.

Қабанды мектебінде оқып жүрген күннің өзінде де Айбаршаның қолынан кітабы түспеуші еді. Оның жеке отырғанда, я Дәулет жоқта оқуы былай тұрсын, Дәулетпен оңашаланып серуенге шыққанда да оқыйтыны кітап, әсіресе орысша кітап болатын. Кейде, Дәулет оған көңіл сырын ақтарып келе жатып, ұқтырғысы келген ойын айтып болғаннан кейін:

— Солай емес пе, айым? — десе:

— Немене «солай емес пе?» — деп сұрайтын Айбарша.

— Мен не айттым саған?

— Не айттың?

— Манадан бері айтқанымның бірін де естіген жоқсың ба?

— Ештеңе де естіген жоқпын.

— Неге саңырау бола қалдың?

Айбарша кейде қалжыңға айналдырып жөнін айтпайтын да, кейде расын айтып:

— Кешірім өтінем, Дәукеш! — дейтін,— рас естіген жоқпын.

— Кітапты құлағың оқый ма, сенің, аузың оқымай ма?

— Кітапты ауыз да, құлақ та оқымайды, көңіл оқиды. Көңілге тиетін кітап болса, өзге сөзді естімейсің.

— Соншама, не сөздері бар еді кітабының, өзге сөздерді естімейтін?!

— Саған қалай айтып тауысам, мынаның бәрін? — дейтін Айбарша, қолында келе жатқан қалың кітапты Дәулеттің көз алдына тосып,— мұнда,— дейтін соңғы бетін ашып,— 760 бет бар екен, әр бетінде,— дейтін, сол беттің жолын санап,— 45 жолдан бар екен, соның бәрін есептеп көрші өзің!

— Үш жүз қырық мыңдай екен.

— Көп пе, сеніңше?

— Е, көп емей...

— Стенография дегенді білмеймісің?

Дәулет жәбірленгендей:

— Сендей оқымысты болмағанмен, біздің де епті көргеніміз бар, оны неге сұрадың? — дейтін.

— Сұрағаным: райкомда қызмет атқаратын стенографистка айтады — «ең сылбыр сөйлеген кісі минутында отыз сөз айтады» дейді, «жылдам сөйлейтін кісі үш жүз сөз айтады» дейді. Сені мен біз үйден шыққалы қашан?

— Менің сағатым жоқ.

— Менде бар, он бірде үйден шығып ек, міне, сағат үш. Үйден шыққалы сөйлеп келесің және бастырмалатып жылдам сөйлейсің, сонда төрт сағатта неше сөз сөйледім деп ойлайсың?

— Есепшісің ғой, сен санап көр!

Айбарша қарындашты алатын да, «он төрт мың сөз сөйлепсің» деп күлетін. Мен келгелі айдан асты,— дейтін ол,— күніне он төрт мың сөзден сөйлегенде, отыз күнде үш жүз қырық мың болады, сонда дәл менің қолымдағыдай қалың кітап!..

— Кітап жазғандар гонорар алады дедеді,— дейтін Дәулет қуланып,— бір жазушыдан «осы романыңызға қанша гонорар алдыңыз» дегенімде «сексен мың» деп еді. Ол жазушының романының көлемі, мен саған бір ай бойы сөйлеген менің гонорарымды кім төлер екен?

— Менің естуім,— дейтін Айбарша да қуланып,— ешбір баспасөз орны, бітпеген шығармаға гонорар төлемей-

ді. Сен де романыңды әуелі бітіріп ап, гонорарды сонан соң сұра.

— Менің романымның аяқталу тетігі кімде?

— Егер менің қолымдағы кітапты оқысаң, жазушының романы мен сенің романыңның арасындағы айырманы білер ең.

— Неге оқымаймын мен оны?

— Намыстансаң да айтайын, бұл орыс тілінде жазылған кітап, сенің тісің батпайды.

— Оның рас.

— Қазақша қанша роман оқыдың?

— Көп емес қой, казақ тіліндегі романдар...

— «Аз» деуге аузың бармай тұр ма? Бұрынғы, соңғысын қосқанда он шақты-ақ емес пе?.. Орыста ше?.. Бір Толстойдың, бір Тургеневтің, бір Достоевскийдің өзінде әлденеше романнан бар!.. Орыс тіліне аударылған батыстың, шығыстың романдарын қайда қоясың!.. Есебіне жете алмайсың!..

— Өзің соның қаншасын оқыдың?

— Бос уақытымның бәрін соларға жұмсаймын. Ал, сен, орыс тілін білмейсің де, орысша ешбір кітап оқымайсың. Осының дұрыс па?

— Тілін білмеген соң амал нешік,— дейтін Дәулет жеңіліп,— үйренуге сәті түспеді...

Осылай кала беремісің, енді?..

Осы темада біраз кеңескеннен кейін Айбарша Дәулетке орыс тілін өзбетімен үйренетін сөздік тауып берді де, бірге болған күндерінде өзі үйретіп, ажыраскан күндерінде, қалай үйренудің әдісін айтты. Ақыры, малдың өрісіне кеткен Дәулет, Айбаршаға хат жазды.

«Айым!.. Сенің тапсырғаныңды орындап, орыс тілін үйренудің сонында мын! Бірақ, қасында көмекші кісің болмаған соң, өзің білің кету қыйын екен. Орысша білетін жеке сөздерім бірсыпыра бар сыяқты да, соларды реттеп қоса алмаймын. Саған орыс тілінде мына бір хатты жаздым, көп сөзіне түсінбеуің мүмкін. Соны біле тұра, азар болса күлер деп, әдейі жаздым. Егер түсінбесең, айтайын дегенім мынау: Бұл хатты саған Қызылқұмнан жазып отырмын. Денім сау, жақсы жүріп жатам. Қыс аса жайлы. Малдар күйлі. Айым! Мен сені сағындым. Сен маған орыс тілін үйрен деп ең, айтқаныңды орындадым. Менің айтқанымды сен қашан орындайсың? Әзірге, орқайсымыз өз білгенімізді жеке меншіктеніп келеміз,

бірлесіп меншіктенетін уақытымыз жеткен жоқ па?.. Сүйіп сәлем жолдаушы — Дәукеш і ң».

Дәулеттің хатына қайтарған жауабында Айбарша оның хатындағы қателіктерді талдаумен қатар, қалай жазудың да жайын көрсетті. Сөйтіп жүріп, Дәулеттің бір хатынан бір хаты дұрыстала берді.

1940 жылдың күзінде канал құрылысына жастарға арнаулы орыстың тілін және әдебиетін үйренетін үйірме ашу туралы мәселе көтерушінің бірі Дәулет болды. Үйірме бір жерде емес, әрбір үлкен участоктің басында, бір сатылы емес, әр сатылы боп ашылды. Дәулет орыс тілінің грамматикасын үйренетін жоғарғы сатылы үйірмеге қатнасты. Үйірмені басқаратын Айбарша. Бұл кезде ол орыстың тілін жақсы білетін еді. Үйірменің сабағы басталарда:

— Орыс тіліне жаттығудың үлкен бір шарты,— деді Айбарша,— сабақ уақытында да, сабақтан шыққанда да үйірме мүшелерінің өзара орыс тілінде сөйлесуі. Өйтпесек жаттыға алмаймыз.

Сөз осыған құйылды. Алғашқы кезде орысша сөйлесу қыйынырақ болғанмен, жүре келе үйірме мүшелері төселіп кетті. Құрылыстың жазғы істері басталғанда үйірмеге қатнасқандар орысшаны еркін сөйлейтін болды: орыс тіліне жаттыққаннан кейін, үйірме орыс әдебиетінің көрнекті шығармаларымен танысуға кірісті, оны да бастаушы Айбарша. Оның революциядан бұрынғы орыс әдебиетінен ерекше сүйіп оқыйтыны — Лев Николаевич Толстой болатын.

— «Дүниеде теңдесі жоқ» деген сөзді ұлы Ленин Толстой туралы бекер айтқан жоқ екен,— дейтін ол,— оның шығармаларындағы бейнелері хайран қаларлықтай боп жасалған,... іссіз адамды одан таба алмайсың,... адамдардың қарым-қатнастарын терең көрсетеді,... сырты жарқылдаған көпірме сөздерді қолданбайды, көпке түсінікті жабайы тілмен жазады, сол тілдердің мағнасы терең жатады!.. Ендеше, Толстойды білмеген кісінің, орыс әдебиетін білдім деуге хақысы жоқ. Бірақ, орыстың Толстойдан бұрын жасаған да бірсыпыра ірі жазушылары бар. Біз алдымен Державин мен Крыловқа біраз тоқтаймыз да, Грибоедовтың «Горе от ума» дейтін шығармасымен танысып, одан Пушкинге көшерміз. Содан: Лермонтовты, Гогольді, Некрасовты қарап, Герценнің, Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың еңбек-

терімен танысып, қыстың аяғына қарай Толстойға ауармыз. Толстойдан кейінгі әдебиетті көктемде өтіп, совет әдебиетімен танысуды 1941 жылдың күзіне қалдырамыз.

Үйірме сабағы осы программамен қыстай жүріп келді де, көктемге қарай Айбарша механиктердің курсына кеткен соң біраз бәсеңдеп, ол курстан қайтқан соң тағы да қызу жүре бастады. Толстойдың шығармаларымен танысуға үйірме 1941 жылдың май айын орталай кірісті.

— Қай шығармасынан бастаймыз? — дегенде:

— Атамыздың мақалы бар емес пе,— деді Дәулет,— «жығылсаң жығыл нардан, ажалың әлдеқайдан» деп, көлемді шығармасынан бастайық.

— Онда «Война и мирден» — деді Айбарша.

— Сен тіпті іріге сілтедің ғой,— деді бұл кітаптан хабары бар біреу,— бір-біреуінің қалыңдығы үш еліден, төрт кітап емес пе, ол! Қашан оқып бітіреміз оны?

— Бітіруін бітіреміз-ау,— деді тағы біреу,— оқый берсе бітпейтін несі бар дейсің. Бірақ, ұзын сүреге түсіп ап, не оқып не қойғанымызды білмей жүрмесек.

— Білгенде соны біл! — деді романды оқып шыққан біреу,— мен біздің ауданның он жылдығында оқып жүргенде, мектептің комсомол ұйымы, орыс классиктерін оқуға комсомолецтерді міндеттендіріп, нені оқу туралы қолдарына тізім берген еді. Соның ішінде осы роман да бар екен. Қазір де орыс тіліне жетіліп отырған жоқпын. Ол кезде тіпті шалағаймын. Сонда да, ұйым міндеттендірген соң және біраздан кейін кімнің не оқығандығы сұралатын болған соң, мен де сол «Соғыс және бейбітшілікті» қолға алдым. Расымды айтайын — кітаптың түрін көргенде зәрем кетті. Қалың төрт кітап!.. «Жол ұзақ деп жүрмеймісің?» деген екен бір жолаушыға. Сол айтқандай, өзімді-өзім бекіттім де, оқуға кірістім. Сендерге өтірік, маған шын, бастай сала, кітап мені терең теңіздей тартып ала жөнелді, сөзіне түгел түсінбегенмен, айтылып жатқан оқиғаның жобасына түсіндім де отырдым, өйткені, оқиғасы өте қызық екен. Сонша құмартуым сондай — бас ала алмадым... бір айдың шамасында төрт кітабын да оқып шықтым!..

— Содан басында қалғаны бар ма?— деп қуланды біреулер.

— Неге калмайды? Айт десең қазір айтып берейін.

— Ендеше, несіне оқыйық дейсің оны?

— Тәтті асты кісінің жегісі келе бермей ме? Бұл роман да сол сияқты.

Үйірме мүшелері романды оқуға келісті. Романның бұл арада бір данасы ғана бар екен, оны әркім жеке оқуға уақыт көп кететіндіктен, жыйналып оқыйтын болды. Қарастырғанда бұл топта орысшаны осы участокте партия ұйымдастырушысы боп істейтін Естай деген жігіттен тәуір оқыйтыны болмай шықты. Оқуды соған жүктемек болған олар, романның төрт томын түгел оқып шыққаннан кейін талқылауға уәделесті. Бірақ, роман оқыла келе, үйірме мүшелері төрт том түгіл, бір томның да бітуіне қарамай, әрқайсылары өз түсінгенін айтып, күн сайын керкілдесіп таласты да жатысты.

1941 жылдың июнь айының жыйырма бірі күні, түн ортасы ауа романның бірінші томы оқылып бітті. Бұл томның аяғы князь Андрей Волконскийдің ауыр жаралы күйінде француз армиясының қолына түсуін сыйпаттаумен бітеді ғой. «Князь Андрей, в числе других безнадежных был сдан на попечение местных жителей»[1] деген сөздермен оқушы кітапты жапқанда, ойлары ауырлаған жастар тым-тырыс бола қалысты.

— Князь өлді деп біз де өлеміз бе?— деді қалжыңбастау біреуі,— неге томсара қалдық? Сонымен не болды екен сол князь? Өліп пе, жоқ па?

— Өлген жоқ,— деді Естай,— романның екінші томында, оның үйіне қайтып келгенін көресіңдер.

— Жарасы қалай жазылып, қалай босады екен ол? Тыртық оны да баяндамақ болып еді:

— Әуелі оқып алайық та, жолдастар,— деді Айбарша,— күн бұрын мазмұнын айтып қойса, қызығы болмайды.

— Рас, рас! — деп ду етті үйірме мүшелері.

— Бүгін осымен тараймыз ба, жоқ, біраз пікір алысамыз ба?— деп сұрады Айбарша.

— Ұйқысы келгендерге рұқсат! — деп біреуі қуланып еді:

— Біраз, пікір алысайық,— десті көпшілік.

Осыған уәделескеннен кейін:

— Ал, кім не пікір айтуға ойлайды?— деп сұрады Айбарша көптен.

---

[1] «Жазылуы үмітсіз, өзге жаралыларға қосылып, князь Андрей де тұрғын елдің күтіміне берілді».

«Сен сөйле» дегендей, үйірме мүшелері бір-біріне жалтақтасып еді, ешкім суырылып шыға қоймады.

— Маған мүмкін бе?— деді Естай қолын көтеріп. Ол — фин соғысына қатнасып, оң көзін шығарып келген жігіт еді, кеудесінде екі орден, үш медалі бар. Айбарша оған:

— Сөйле,— дей бергенде, үйге Байжан кіріп келді.

— Қалай ұзақ отырғансыңдар!— деді ол сәлемдескеннен кейін.

— Мәселе қызық,— деді Айбарша,— «Война и мир»дің бірінші томы туралы пікір алысып отырмыз.

— Солай ма?!— деді Байжан.—Уақытым да жоқ еді, дегенмен тыңдайын, аз уақыт болса да. Сөйлей беріңіздер...

— Сөйлеңіз, Естай аға!— деді Айбарша.

— Менің айтайын дегенім,— деді Естай,— сол заманның салты қызық: Андрей Волконский ғой, жараланып, жаудың — француздардың қолына түсті. сонда, Наполеонның оған қамқорлық көрсетіп, өзінің дәрігері Ларрейге емде деп тапсыруы қалай?

— Өйтпесе ол Наполеон бола ма?— деді Тыртық,— ақмақ император емес, ол, ақылды император. Әрбір ақылды адамда, адамгершілік жүрек болады.

Ол философияны кімнен естідің?— деп сұрады Естай, кекетіңді дауыспен...

- Сенің ше Наполеонда ақыл да, жүрек те жоқ па?

- Екеуі де бар.

- Енді не талассың?

Естай мырс етті де:

- Сенің ше, Маннергейм ақылды ма, ақмақ па?— деді.

- Финляндияның президентін айтасың ба?

— Иә.

— Ақмақ болса үкіметті басқарып отыра ала ма?

— Соғыс күндерінде біздің армияның адамдары қолына түсе қалса, Маннергейм не істеді, білмеймісің?

- Таптың, салыстыратын кісіні!— деп Тыртық кекетіп күліп жатты да, көпшілік «жауап бер!» деп шуласып кеткен соң,— ол ашық мәселе — Финляндияда капитализм, бізде социализм. Социализмнің армиясын Маннергейм, әрине, жек көреді. Осы ма айтқызайын дегенің? — деді.

— Ол ғана емес.

— Енді не сұрайын деп ең?

— 1870 жылы Седанның түбінде француз армия-

сын немістің армиясы тас-талқан қып жеңіп, жүз мыңнан артық қолмен, император үшінші Наполеонды пленге түсірді ме?

— Түсірді.

— Өй, тарихқа ауып кеттік қой. 1-Наполеонмен танысып болмай жатып, III-Наполеонға секіруіміз қалай? Әдебиетке оралайық та! — деп Дәулет орнынан көтеріле түсіп еді:

— Әдебиет пен тарихты бөлуге бола ма? — деді Байжан,— меніңше қызық әңгіме басталып келе жатыр.

Ол «сөйле» дегендей Естайға қарады.

— Үшінші Наполеонды, сол кездегі Германия канцлері Отто Бисмарк хұрметпен Берлинге алдырып, үкімет сарайында қабылдады ма?

— Иә, онда не тұр? — деді Тыртық.

— Ал, сол Бисмарк, Париж коммунасын құлатуға, коммунаны басқарғандарды қыруға араласты ма? Себебі не осының?

— Жынды қойдың мыйын жеді дейсің бе, мені, айналақтап сөйлей беретін? — деді Тыртық ашуланған кескінмен,— ақпақұлақ болсаң өзің бол, бұл сұрауының жауабын алғансың.

Жұрт күлейін деп еді:

— Жарамайды, жолдастар,— деді Байжан Естайдың осы мәселені неге қозғап отырған себебін білу үшін, ұшығына жеткізбек боп,— кеңес тыңдайық.

Жұрт Тыртықтан жауап күткендей қарай қалғанда:

— Бір айтқанды қайта мылжыңдар жайым жоқ, — деп Тыртық қыйсая кетті.

— Турасын айтқың келмей ме? — деді Естай.

— Сол «тураны» өзің айтшы! — деп бірнеше адам ду ете қалды.

— Мен айтсам, қазіргі соғыс — Толстой сыйпаттаған соғыс емес. Бұл — екі мемлекеттің емес, екі системаның тартысы, яғни, капитализм мен социализмнің... Бисмарктің Наполеонды сыйлауы, екеуі бір таптың адамы. Ал, Маннергеймнің біздің армия адамдарын сыйламауы ол біздің системаның дұшпаны, ендеше капиталистік елден бізге көмек күтудің керегі жоқ...

— Сонда, біз тағы бір капиталистік елмен соғысамыз демекпісің? — деді Тыртық.

— Сен соғыспаймыз деп ойлайсың ба?

— Кіммен сонда?..

— Кіммен дейсің бе? — дей берген Естайды:

— Қойыңдар, жоқты айтпай!— деп көпшілік кимелеп кетті.

Байжан сағатына қараса — таңғы бес екен.

— Оу, жолдастар,— деді ол қуланып,— «әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер» деген. «Қой кезегі біздікі» екені естеріңде ме? Жұмысқа дейін біраз жал алыңдар!..

— Бұл сөзге бағынамыз да,— деді Айбарша күліп, — начальниктің сөзі бізге заң ғой...

Екінші тарау

ЕРЕУІЛ ШАҚ

Соңғы бірнеше күнде үйіне соға алмаған Байжан, клубтан шыға, Алмалыққа тартып кету мақсатымен машинасына барды. Аса шаршағанын, ұйқысы келгенін ол со кезде ғана абайлады: денесі ауырлап, есінеуі көбейіп кетті.

Мұндай қалыпта машинаның рулін алып жүру қыйын болатынын бұдан бұрын ол бірер рет көрген: бір сапарында, жүріп келе жатқан машинада қалғығанын абайламай қап, бетімен лаққан машина өзенге құлай жаздаған. Осы жолғы шаршауы да сондайлығын көрген Байжан алдап қалғып алмақ болды да, клубтың демалыс бөлмесіне қайтты.

Ол ойша, күн көтеріліп қапты. Күн шыға бастаратын Сырдың шетығы далада мазасыз қалыпқа жеткенмен, ашық терезеден соққан салқын самалмен, тау жерде өскен қалың шеңгелден әдемі иіс кеп тұр екен.

Байжанның жас күнінен дағдыланған және жақсы көретін бір ісі — таңертең ұйқыдан ояна физкультуралық тыныстар жасап алу болатын. Ұйқысы қанып тұрған ол, сол дағдысымен біраз дене қаймылдарын жасады да, клубқа жақын жердегі терең әуітке шомылуға кетті.

Қаладағы жұрттың ол кездегі қаймылына қарағанда, таңсәріден құрылыс жұмысының бір демі бітіп, құрылысшылар тыныстау жабдығында сияқты: біреулер волейбол алаңында шулап доп қағысып, біреулер әлде-

қайда топталып өлең айтысып, біреулер үй маңында ұсақ-түйек жабдықтарын істеп, енді біреулер әуітті айнала шомылып дегендей, айнала ың-жың...

Әуітке беттеген Байжанға олардың әрқайсысы өзіне лайықты сәлемдерін беріп жатты. Бұрылған беттердің әрқайсысын да Байжан жақсы таныйды және бетімен ғана емес, мінезімен, ісімен таныйды, әрқайсысының атын, фамилиясын біледі. Егер олар Байжанның әрбір ісінде жәрдемші болса, қандай қыйындықтардан болса да қолтықтап алып шықса, шиеленісе қалған түйіндердің шешуін тауып берсе, айтқаның асыра орындаса, бұйрықтарын бұлжытпаса, әрдәйім адал көңілмен келсе — Байжан ондай адамдарды танымағанда кімді таныйды...

Осы адамдарға іштей риза бола тұра, Байжан олармен жолыққан алғашқы күндерін де есіне түсіріп қояды. Құрылыс басына мыңдаған адамдар қаптап келіп қалғанда, олардың жүзден бірін еркін танымайтын Байжан, «бұларды қалай басқарып алып кете алар екем!» деп қауыптанған еді. Үйренісе келе, «бекер-ақ қауыптанған екем,— дейтін болды ол Гүлнарға, олар туралы,— расында сол қауып жоқ та екен. Қауып болар еді, егер құрылысқа қаражат жетпей жатса. Қанша керек болса да ол берілетін, тек ретін тауып жұмсай біл!.. Қауып болар еді, егер жұмысшы күші жетпей жатса. Құрылыста іске жұмысшы жетпей жатқан жоқ сыяқты, жұмысшыға іс жетпей жатқан сыяқты... Даладағы осы құрылыс маған, кейде, жүздеген цехы бар орасан зор заводқа ұқсап кетеді, Москваның кейбір зор заводтарын көргенде, механизм бөлшектерімен соларға бөлінген адамдардың арасындағы істердің бір-біріне мүлтіксіз сәйкестеніп жатуына хайран қалушы едім!.. Біздің канал құрылысының өнбойында бытырай істеген адамдардың істеріндегі сәйкестік, сол зор заводтардың механизмдерінің арасындағы сәйкестік сыяқты мінсіз жымдасып жатады!... Егер былтыр маған біреу, быйылғы жылдың июль айының ортасына дейін он миллиондай кубометр топырақ көтереміз десе, мен оған иланбас ем. Қазір ше? Қазір — одан асыра қыймылдап, егінді жыйнау басталғанша, каналдың магистралін бітіріп кеткелі отырмыз. Күзден бастап тармақтарын қазуға кірісеміз. Ендеше алдағы жылы, аудандағы егістің көбін осы каналдан суаруымызда күмән жоқ...»

Соңғы екі-үш күнде құрылыс бойын тағы да түгел араласқан оның осы сенімі бұрынғыдан да беки түсті.

Төңірегіне осы сеніммен айнала қарап алған ол, ауыздың жағасына келді де, трусиімен ғана терең суға күп берді...

Судан сырты салқындап шыққан оның ішін, жағалаудағы ыстық лезде қыздырып әкетті. Өйтпеуге болатын да емес, дем алғанда, ішке ауа емес, жалын құйылып жатқан сыяқты. Осы ыстыққа тыйышсыздана бастаған оның есіне Сырбайдың үш ақылы түсті: «Бірі,— дейтін Сырбай, жолы шөл сапарға шыққанда, керуеншілер **жүлә өте көлікті** мінбей, түйені неге мінеді? Өзге көлік **жүдә күн сайын су** тілейді, ал, түйе оны жүдә тілемейді, **әрі, тек күніне бір аяқ тұз** жегізсең болғаны — жүдә **шөлдемейді де, күші де** кетпейді. Неліктен осы? Тегі, **жүлә, тұздың суға** отыра, су болмағанда шөлге шыдап беретін **қасиеті болу** керек. Расында солай сыяқты, шөлде жүргенде жүдә **лайыққа тұздаған ет**, не балық жесең, **былайша шөлдегеніңмен**, дәл қаталап ауқаң кебе қоймайды. Тұзсыз ас жеп су ішпесең шөлдеп өліп кетесің!..[1] Екінші, шөлдемейін десең қарның тоқ болсын және қою **тамақ іш**. Қарның олқы, не аш болса шөлдегіш боласың... Үшінші, күнсоқты болғың келмесе, киімді қалың ки, көйлекшең кісі ыстыққа тез ұшады, қалың киінсең, әрі күн өтпейді, әрі денең салқын болады...»

Сырбайдың бұл ақылдары өмір тәжрибесінен алған **шындық екеніне** әлденеше рет көзі жеткен Байжан, әуіт**ке шомылып шығып** шөлдей бастаған соң, жылдамдата **басып клубтың асханасына** келді де, тұзы ашқылтым **кумырдан дәрілатып, бірер стопкаға**[2] араластыра, тойып **жеп алды. Содан кейін** ол үйіне қайтуға ыстыққа шықса, **ыстық манарыдан да үдеп кетіпті**. Егер атпен қайтатын болса, Сырбайдың ақылымен ол жылы киініп алар еді. Машинаға **ондай** киімнің қажеті жоқ: алдыңғы шыны**сын** көтеріңкіреп қойса, машинаның екпінінен көтеріл-

[1] Байжан бұл жөнде дәрігерден сұраса, Сырбайдың айтқаны ... түз, денеге суды сақтап, хайуанды малшындырып терлет... ал терлесе оның денесіндегі тұз аз шығын болады екен; ... көп ұстаса, қан дағдылы қалыпында жүріп, денеден ... қолданады екен де, жүректің соғуын ауырлатады екен; ... тілеп сусауы осыдан екен.

[2] Құрғ. стопсот.

ген самал ауаны салқындатады да отырады. Алмалық жақтың жолы тегіс, жыйырма бес шақырымдай жерге лезде жетеді...

Байжан жап-жас қалпымен балажан болатын, үйінен ошақ етіп шыға келсе-ақ, Бахытжан атаған нәрестесін сағынатын да тұратын; аса бір қауырт жұмысы болмаса, қайда барса да оралып үйіне жетпей қоймайтын; үйіне келсе, Бахытжаны ояу отырса қолында ұршықтай дөңгелетіп әурелейтін, ұйқтап жатса, иіскеп құмарын тарқататын.

Ол бүгін де Бахытжанды күндегідей аңсап жүріп кетті. Машинаға жол алыс па, жыйырма бес шақырымға ол лезде жетіп келді. Ол есіктен кіре бергенде, телефон шылдыр ете қалды. Ол ұзақ және қатты шылдырлады. «Бұл кім?» дегендей, ол телефонға барды да, трубкасын көтеріп «Ало!» деді. Аржақтан Рахметтің даусы естілді.

— Келе жатқаныңды терезеден көрдім,— деді Рахмет.— Тезірек мұнда кел!..

— Жайша ма? — деді Байжан.

— Қалжыңы жоқ. Тез!..

— Киімімді ауыстырайын да,— деді әлі де ойында ештеңе жоқ Байжан.

— Кейін киінерсің. Асығыс жұмыс бар.

— Жақсы,— деп ол трубканы орнына қойып кейін бұрылса, ту сыртында Бахытжанды көтеріп Гүлнар тұр екен. Дені сау, балтыры бесіктей боп өсіп келе жатқан Бахытжан, көңілденсе күле бастауға айналған. Со дағдысымен ол әкесіне жымыңдай қарады, ал, Гүлнардың өңі қашық, кескіні солғын...

Әдетте бұл үй кеш жататын. Оған себеп — үнемі жолаушылап жүретін Байжанды тосу болатын. Мұндай тосуларда Гүлнар мен Тәрбияның ермегі — үйқтағанша Бахытжан да, ол ұйқтағаннан кейін, кеңес. Көбірек сөйлесетін Тәрбия. Ол, мінезінің салмақтылығына қарамай, ағып тұрған ертегіші.

Екеуі де шайшыл. Сол үйде бүйірі кең, никелі сүртілген Шаһадаттан қалған самауыр бар, оны Гүлнар «Сары-бие» дейді.

— Апа,— дейді Гүлнар, Бахытжан ұйқтаған соң,— «Сары-биені» саумаймыз ба?

— Сауайық, қарағым! — дейді де, Тәрбия самауырды қойып келеді.

«Сарғыш бие» қайнағыш-ақ, лезде бұрқ ете түседі.

Ас бөлмедегі столға шай жасалады. Стразыдан[1] сыйлықты қып жасалған кең тарелкаға, олар қауынқұрт пен қантты салады да, солардың дәмімен, қаймақ құйған қою шайды сыздықтай тартып, кеңесіп отырып, ал ішеді... Шай қою болу үшін, қастарындағы электр самоварда жуан бүйірлі ала-жолақ құман бұрқылдап қайнап тұрады.

1941 жылдың июнінің 21 күні кешке, Гүлнар Бахытжанды ұйқытатын ас бөлмеге шыққа, шай даяр екен. Тәрбия күндегі орнында. Екіқабат күннен бастап, Гүлнардың көңілді и көңілсіз қалпын Тәрбия оның қас-қабағынан аймаң қағушы еді. Шай басына келген Гүлнардың қара қасы қатқылданіреп кеткен екен. Бір көңілсіздігі барын ұға қойған Тәрбия:

— Гүлім, немене? Өңің неге сынық? — деді.

— Солай ма?

— Қабағың неге қоліспей отыр?

— Неге екенін білмеймін, жүрегім бейжай боп отырғаны, апа!

— Жағымсыз бірдеме ішкен шығарсың?

— Жоқ, апа, ішкем жоқ...

— Ендеше, о несі?! Әлде, Байжанды ойладың ба?

— Ол ғана емес қой деймін. Жүрегім қобалжып береді!.. Мүмкін, көзім ілінсе басылар.

— Онда, сойте гой сәулем!

Гүлнар бөлмесіне кетті. Әлгінде шайға шөліркеп отырған Тәрбияның да ықласы қайта қалды. Ол да өз бөлмесіне кетті.

— Гүлім! — деді ол, төсегіне қиысайғанмен, ұйқысы келмеген соң ақырын қыймылмен Гүлнардың бөлмесіне кіріп.

— Әу, апа! — деді ұйқтамай, аунақшып жатқан Гүлнар.

— Ұйқтаған жоқпысың әлі?

— Жоқ, апа.

— Бахытжанды қасыма алсам қайтеді?

— Неге, апа? Ол мені мазалаған жоқ...

— Ұйқтасаң оятып жіберер, мен-ақ алайын оны.

Тәрбия баланы бесігімен өз бөлмесіне алып кетті. Оның ұлымында, жаңа туған балаға жын-шайтан өш

[1] Стразы — асыл тастардан жасалған ыдыс.

болады, қастық қып ауру әкеледі, бірақ, олар жыланның бас сүйегі мен үкінің тұяғынан қорқады... Сол ұғымдағы Тәрбия, Бахытжанның бесігін айнала әлгі заттарды қаптатып іліп қойған. Сәбидің тәтті ұйқыдан оянбауын со заттардың қуатынан деп жорыған ол, шешесінің тыйышсызданауын, балаға жолай алмаған жын-шайтанның салқынын салуынан болар ма деп тыйышсызданды. Сөйтіп жатып ұйқтап кетті.

Терезенің тырсылынан оянған ол есікке барса, Гүлнар ашып жатыр екен, келген Анатолий Кондратьевич. Шаршап келген ол өз бөлмесіне кетті.

Таңға жақын ғана көзі ілінген Гүлнар телефонның сылдырынан оянды, тыңдаса Рахмет екен. Ол Байжанды сұрады, даусында әлде не ереуілдің белгісі бар. Соған мән берген Гүлнар:

— Неге іздедіңіз? — деп еді:

— Қажет еді, — деді Рахмет, — келсе-ақ маған хабарлансын.

«Бұ қай шақыруы?!» деп мазасызданған Гүлнар үйіне сыймай жүргенде, тоқтаған машина даусы естілді. «Байжан!» деп ойлады ол. Бахытжанды Байжанның жанындай жақсы көретінін білетін Гүлнар, егер Бахытжан ояу отырса, әрдайым қолына көтеріп қарсы алатын еді. Сол дағдысымен, ол Тәрбияның бөлмесіндегі Бахытжанды алып шыққанша, үйге кірген Байжан телефонмен сөйлесіп қалды. Телефонмен сөйлесіп болған Байжан кейін қарағанда, өңі сынық Гүлнар баланы ұсына берді. Күлімсіреп баланы Байжан қолына алып, ашылған семіз қарнынан сүйіп жатқанда, телефон тағы да сылдырлады. Гүлнар трубканы ала бергенде:

— Маған болар, — деді Байжан, баланы Гүлнарға қайта ұсынып.

Байжан тыңдаса Рахмет екен.

— Әлі үйіндемісің? — деді ол. — Асығып күтіп отырмын.

— Қазір! — деп Байжан трубканы іліп қойды да, — Рахмет райкомға шақырады, — деді Гүлнарға.

— Не болды? — деді Гүлнар мазасыздана түсіп.

— Білмеймін. Құрылыста көңілсіз бірдеме болған шығар. Тез қайтам, сонда естірсің.

Байжан шығып кетті. Оны көзімен ғана жөнелтіп, Гүлнар сол арада қалтыйып тұрып қалды...

Байжан райкомға барса, Рахметтің кабинетінде

аудандық басшы қызметкерлерінен он шақты кісі отыр екен. Байжан оларға басын ғана изеді де, шеткі, бос тұрған орындықтың біреуіне отыра кетті.

— Байжан жолдас, — деді Рахмет, — жаңа обкомнан шошып етті. Екеумізге самолет жіберіліпті.

— Неге?

— Өзім де білмеймін, неге екенін... Жайдан-жай шақырмас, әлде не оқыйға болған болар... Әне, самолет даусы да естілді, ал, шығайық!..

Тыска беттегендерге ере жөнелген Байжан, Қызылордаға жүруін үйіне хабарлап кетуді мақұл көріп, телефонды бұран еді, жауап бермеді. Ызаланып Байжан трубканы қатты үрлеп, «алло!.. алло!..» деп айқайлап еді:

— Айқайламаңыз, — деді телефонистка, — сізге ешкім жауап бермейді.

Тағы бірақ шақырып көріп, ешкім жауап қатпаған соң, «бұ несі?» деп таңданған Байжан тыска шыққа, самолет Алмалықтың үстінде түйіліп қонғалы жүр.

Алмалыққа самолет таңсық емес еді. Почта тасып күн сайын қонып кететін самолеттен басқа, өткен көктемде Алмалықта алтауы бір айдай болған. Сырдың Алмалық қонған жағасына қарсы екінші жағының аржағы, көл табанымен ұштаса жатқан саяң, онда не заманнан көктанып жатқан қалың қамыс бар. Ондай қамыстарға ұялаған сары масалар мен соналар, көктем туа көтеріліп ұшқанда, қалықтығы бұлттай боп кетеді. Егер белең алса малға да, адамға да маза бермейді, үйге от бықсытып қоймаса адам жата алмайды, далаға от бықсытып қоймаса мал жата алмайды; сол пәледен Алмалықты құтқару үшін, биыл осоавиахим жіберген алты самолет көктем бойына қопаларға у сепкен. Бұл шара жақсы нәтиже беріп, ол маңның адамы да, малы да маса-сонаның азабынан биыл құтылған... Алмалықтың адамдарына самолеттің таңсық болмайтын себебі осы еді. Сонымен, бұл жолы кеп қонған самолетке балалардан басқа жұрттың елегізген Гүлнар ғана. Тыска ол жүгіре шыққанда, Анатолий Кондратьевич пен Тәрбия бірге шығысты.

Райкомнан шыққан топ самолетке беттей бергенде, Байжан да ұшқалы бара жатыр екен деп ойлаған Гүлнар, дауласа жеңіл киіммен шыққандықтан ба:

— Папа! — деп қалды дірілдеген дауыспен.

Анатолий Кондратьевич кенет шыққан дауыстан сес-

кеніп қап жалт қараса, бетінде нұры ойнап тұратын қызының кескіні көкпеңбек екен.

— Папа! — деді тағы да Гүлнар, одан жаман қалтырай түсіп, — Байкен де ұшады ғой деймін?

— Келген біреуді қарсы алатын болар.

Самолетке қарай Гүлнар жүгіре басып жөнелді. Ол жеткенше, қонған самолеттің дарылдауы күшейіп, маңайын қоршаған жұрт жол бергендей, бір жағына сырыла бастады.

«Кеткені ме!» деп ойлаған Гүлнар, ентіксе де жүгіре басып, топқа таяна бергенде, өзі танитын «У-2», ұшатын тырнадай жоргалай жөнелді де, жерден сөгіліп көтеріле берді. Топқа қараса, ішінде Байжан жоқ!.

— Кімдер ұшты? — деді алқынған Гүлнар, көтерілген самолетке аңырая қарап тұрғандарға.

— Біреуі райком, біреуі өзінің күйеуін, — десті жұрт.

Гүлнардың жүрегі алқына түсті.

Үшінші тарау

АДАЛ ҰЛ

Самолетте келе жатқанда, Байжан Рахметке: «Құрылыс жұмысымен бұлай шақырмаса керек еді, соғыс өрті тұтанып жатпаса не қылсын» деген жорамал айтқан еді, сонысының растығына Байжанның көзі, обкомның бірінші секретарының кабинетіне кіре бере жеткен сыяқтанды. Олар кірсе, бюро мүшелері тарағалы жатыр екен, бәрінің түстері суық.

Жолаушыларды қарсы алып амандасқан секретарь:

— Бюроның мәжілісі өткен соң келгендеріңіз жарамады, — деді де, жолаушылар отырғаннан кейін, — не оқыйға болғанын естідіңіздер ме? — деді.

— Жоқ, — десті жолаушылар қосынан.

— Естімесеңіздер, соғыс басталды.

— Қайда?!. Кіммен?..

— Фашистік Германия біздің Отанға шабуыл жасады. Москвадан таңертең шифр[1] алдық. Соғысты жариялamастан, фашистердің самолеттері Киев, Севастополь, Житомир сыяқты қалаларды бомбалап жатқан көрінеді...

[1] Тұспалды цифрлармен берілетін хабар.

армиясы соғыспен біздің шекарадан өтіпті... Москваша күндізгі сағат он екіде үкіметтің хабарлауы болмақ... Сөздерді асығыс шақырғаным — қазір бізге әрбір минут қымбат. Канал мәселесін, анықтап айтқанда, құрылысшылар мәселесін тез шешіп алуымыз керек. Жастар, әрине, енді армия қатарына шақырылады. Құрылысшылардың көпшілігі солар. Олардың орны олқы қалады, соны қалай толтыру керек, мәселе осы туралы.

Бұл кеңесті ұзақ айтқанда, секретарьдың көзі Байжан мен Рахметке кезек қарап отырды. Айтылған оқыған ол екеуіне екі түрлі әсер бергені байқалды: түсі суып сұрланыңқырағанмен, Рахметтің кескіні жайнақ, ал, Байжанның кескіні, ішінде соққан дауылдың айқын айғағы бол, екі аз уақытта елдегенше рет құбылды. Секретарьға олардың бұл халі түсінікті: естіген жаңалығына іштей Байжаннан кем қайғырмағанмен, талай дауылды басынан кешірген Рахмет, дінгегі жуандап жеткен ағаш сықтанып, мына дауылда бұлғақтай қойған жоқ, оның қасында, өмірінде бірінші рет кездестірген дауылы болғандықтан, Байжан көрінеу көзге жас шыбықтай солқылдайды...

Бірақ, ол да тез жайнала қалды. Жайналмас еді, егер секретарь айтқан сөздер тек соғыс хабары ғана болса. Ол хабарды естіртумен қатар секретарь құрылысқа байланысты бірсыпыра тапсырмалар айтты.

— Міндетті алғашқы минуттан бастап айқын түсінуіміз керек,— деді секретарь.— Әрине, алдымызда зор қиыншылықтар тұр. Бірақ, біз, большевиктер, талай қиыншылықтарды жеңіп үйренген халық емеспіз бе? Жауды біздің жеңуімізде күдік болуға тиісті емес. Сол сықты, әрбір участокгерін кезекке қойғанмен, соғыс кезінде біздің канал құрылысын аяқтап шығуымызда да күдік болмауға тиісті. Ер-азамат майданға кетуімен халықтың күші де сарқылады десек, онымыз қате болар еді. Халық күші ешуақытта сарқылмайды. Біздің міндет — сол сарқылмас күшті, соғыс салдарынан туған жағдайды еске ала отыра ұйымдастыра білу.

«Ұқтыңыздар ма?» деген кескінмен, ол Рахмет пен Байжанға кезек-кезек қарады. Олар сөз қайтара қойманған соң:

Ал, жолдастар,— деді секретарь,— міндет түсінікті болса, уақыт босқа өлмесін, сіздер қайтыңыздар, самолеттеріңе даяр...

Рахмет сағатына қараса, Қызылордаша бір. Екіде үкіметтің хабарлауы басталады, оған дейін самолет жеткіземіз.

Секретарьмен хоштасқан олар аэродромға келсе, бұлар мінетін самолеттің элде несі жарамай, механиктер түзеп жатыр екен.

Түзелген самолетпен олар, ең алдымен, Алмалыққа келсе, аландда жыйналған жұрт. Олар топқа жеткенше, Молотов жолдас жариялаған үкімет хабары да аяқталып болды. Не хабар айтылғанын ол екеуіне Самарқан баяндады. Самолет кідіртпеген күнде, Рахмет пен Байжанның ойы үкімет хабарынан Алмалыққа бұрын кеп, коммунистер мен комсомолецтерді жыйнау еді де, естіген-білгендерін айтып, көпшілік арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізуге даярлау еді. Енді, Алмалыққа кешігіп кеп көрсе, олар өткіземіз деген маслихатты, ауданда қалған басшылар өткізген екен.

Молотов жолдастың сөзінен кейін үгітшілер істеріне кірісті. Құрылыстың барлық тармағында да, солардың катнасуымен жыйналыстар, митингілер өтті. Сонда, уәделесіп қойғандай, құрылысшылардың бірауыздан айтары: «Жұмысты бұрынғыдан да артық атқарамыз, армияға алынатындардан басқаларымыз жұмысты тастап кетпейміз!»

Осы сертпен іске кіріскен олар, міндетті істеріне жігерлене кірісті, істелген сайын кетпендері жаудың желкесін қыркатындай көріп, жігерлі қыймылдарын жылдамдата түсті...

Броньға ілігуге тиісті адамдардың тізімін жасауды райком: Рахмет, Байжан және аудандық военкомға тапсырды. Бұл жұмыспен шұғылданған олардың қарамағына, майданға баруды тілеушілерден көп арыздар түсті. Солардың ішінде броньға ілігуге тиістілер де жүр. Мұны естіген Айбарша Байжаннан:

— Біздің, Дәукештің арызы жоқ па? — десе:

— Әзірге жоқ, — дейді Байжан.

Жұмысты бұрынғыдан элдекайда өндіре орындай бастаған Дәулеттің кабагы аса катыңқы, мінезі аса ауыр... Сондықтан майданға бару-бармауы туралы тіл катуға Айбарша бата алмайды...

1941 жылдың июль айының үші күні, бүкіл Совет халқы, олардың ішінде Сталин атындағы канал құры-

лаушылары асығып күткен сөздерін тыңдады: радио арқылы Сталин жолдас сөйледі.

Радиодан Сталин жолдастың салмақпен айтқан «Жолдастар!» деген сөзін естігенде, Айбарша қасындағы Дәулеттің кескініне қарап қойып еді, дағдылы қалпы...

«...Аға-іні, апа-қарындастар!» деген сөз айтылғанда, Айбарша Дәулетке қарай беріп шошып кетті: тұнық сұлық жел үрлеген көбігі сықтанып, кескінінің бұлшық еттері бүлкілдеп, түсі әлем-тапырық бола қапты...

Қыстыларда жерінде жаздың қайнаған күндерінде, күйындай бұрқырап, әп-сәтте өтіп кететін «сұрапыл» атты бір дауыл болады. Тынық күнде аяқ астынан тулайтын «сұрапыл», жердің бір қабат қыртысын суырғандай боп, көк шаңды аспанға ең кем дегенде бір километр көтеріп, көзге түрпісе көрінеді қиын көміп жібереді. Ондай «сұрапыл» келе жатқанда, адам теріс айналып, көзі мен құлағын алақанымен бұса қояды. Бұлшық еттері тулаған Дәулеттің бет-ауыз Айбаршаға сол «сұрапыл» сықтанып, көзін тез тартып ала қойды...

— Түсінікті ме? — деді ол Айбаршаға, жұрт жұмысына тарап бара жатқанда.

— Түсінікті,— деді Айбарша.

— Не түсінікті?

— Айтайын дегенің: «Канал жұмысында сендер қалыңдар, біз соғысқа барайық» қой?

— «Бізің» кім?

— Ер-азаматтар, жігіттер...

— «Сендер» дегенің?

— Біз де.

— Кім ол «бізің»?

— Қыз-келіншектерді айтамын да.

— Онда түсінген екенсің,— деді де Дәулет көптен бері көрсетпеген әдетпен жымыйды.

— Ол солай ғой, бірақ кәрілер мен әйелдер каналды қазып шыға ала ма? Сондықтан да біраз жігітке бронь берілмей ме? Әркімдер айтады.

— Кімдерге береді дейді? — деді Дәулет білмеген боп.

— Орнын басатын кісі жоқтарды айтады да.

— Неге жоқ? Мысалы, сен ше? Экскаваторды сен менен кем басқарып жүрмісің? Кейде асып та түспеймісің?..

Дәулет жауап күткендей Айбаршаға бетін бұрып еді, ол үндемей төмен қарады.

— Мұнда экскаваторшы табылады,— деді Дәулет,— мен сыяқты жас, қарулы, әрі мерген жігіт майданға керек. Қате ме осыным?

Айбарша тағы да жауап бермеді. Екеуі үнсіз адыммен каналдың үйілген балшығына жеткенде, сөзді тағы да Дәулет бастады.

— Айым! — деді ол, Айбаршаның бетіне қарап, сүйіспендік сөздер айтатын даусымен.

— Әу, Дәукешім! — деді Айбарша да сондай дауыспен.

— Сонымен... не жауап айтасың маған?

— Не туралы дейсің, Дәулет?

— Рұқсатыңды сұраймын да...

Айбарша жылап жіберді.

— Өй, жолдас, оның не? — деп Дәулет Айбаршаны өзіне қарай тартпақ боп оң қолын соза беріп еді, Айбарша құшақтатпай, ығысыңқырап барып, балшыққа отыра кетті де, жалындай алауланған бетін екі алақанымен басып өксіп-өксіп алды.

— Ойбо-о-ой, сөйте ме екен кісі?.. Кімнің қалыңдығы екен, осынша жасық?! Мен сені ер көңілді қыз ба деп жүрсем, басы жұмыр көп қыздың бірі ме едің тәйірі!.. Бүгін бүйтесің, ертең аттанғанда қайтесің?..

Айбарша жастан долырған бетінен алақанын жұлып ап, қызарған көзін тікейте, шыңылдаған дауыспен:

— Мен де кетем! — деді.

— Қайда, Айым?

— Сенімен.

— Менімен?!

— Кетпей несі бар? Кеше Рахмет ағай айтып келген: «Қызылордадағы Пединститутқа қыздары майданға тіленіп кетіп жатыр» деп, сол қыздар менен артық деймісің?

Айбаршаның мінезін білетін Дәулет, оны ерегістірмеді.

— Жақсы, Айым! — деді ол,— Ол туралы кейін сөйлесерміз, жұмысымызға барайық...

Дәулеттің жалыныштылау даусынан, шыйрыққан Айбарша босаңқырап, жұмыс шалбарының қалтасынан орамалын алды да, бетін сүртіп, орнынан қозғалған Дәулетке қатарласа берді. Дәулет оны қолтықтап алды.

— Айым,— деді Дәулет, Айбаршаның аптығы басылды-ау деп шамалаған кезде.— Сталиннің: «Ісіміз әділ, біз жеңеміз» деген сөзіне, әрине сенесің сен?

— Әрине сенем.

— Сенсең, саған айтар сөзім бар.

— Айт, Дәукеш!

— Соғыс, әрине, шығынсыз болмайды, және қандай соғыс, бұл... Солай бола тұра, жеңіске сенген әрбір жауынгер, соғысқа өлем деп емес, жауды жеңіп, еліме аман қайтам деп бармай ма?

— Әрине,— деді Айбарша,— меніңше, жалғыз соғыс қана емес, бар іске де адам сондай сеніммен кіріспей ме? Бәлкім жеңіске жете ала ма ол?

Олай болса, соғысқа кету — тілеудің сөнуі емес қой?

— Әрине.

— Ендеше, менің саған бір өтінішім болғалы келе жатыр.

Айт.

Кірісіп жан, қалтқысыз көңілмен айтатын сөзім ол. Сенің жауабың да солай болар деп сенем.

— Шарттасып сөйлесуге қашаннан дағдыланып ең?

— Шарттасуым емес, шынымды ақтаруым, Айым! Үйіті деп ойлама, өтініші деп ойла...

— Дәукеш! — деді Айбарша, Дәулеттің кескініне бұрыла қарап,— таусылмай айтсаң да тыңдаймын ғой сөзіңді.

— «Адамда алдын болжау деген болады» дейді, соған сен сенемісің?

— Қандай болжауды айтасың?

— Соғыстан аман қайтуға көңілім сенеді де тұрады.

— «Ондай болжау болады және алдатпайды» деседі,— деді Айбарша, ешкімнен естімесе де, Дәулеттің көңілін аулағысы кеп.

— Ендеше,— деді Дәулет, ойына осы кезде сәулесі түсе қалған картина, көз алдында жайнап тұрғандай боп, шаттық ұялаған кескінмен,— біз жаумен соғыссақ!.. Жауды талқандап жеңсек!.. Сөйтіп, елге қайтсақ!.. Мен поезддан кеп түскенде, ішінде сен бар, әкем бар, апам бар, Анатолий қарт бар, Байжан мен Гүлнар сыйақты дос-жаралдар бар, тағы басқалар бар, мені күтіп алсандар!.. Сонда,... амандасып болғаннан кейін, мен «Айбарша, канал бітті ме?» деп сұрасам... Сонда, сен бе, әкем бе, Байжан ба — біреуің, маған:—«канал алдақашан бітті, ендігісін сен сұрама, біз айтпайық, өз көзіңмен көр!» десеңдер, «жарайды» десем мен... Тарта жөнелсек!.. Мен

өз көзіме өзім сенбесем: асфальтты демейің, станциядан біздің ауылға тура тартқан, тас төселген кең жол жатса!.. Жолдың екі жағын бойлай қаз-қатар өскен жас терек-тердің жапырақтары жайқалып, жол үстіне көленкелерін түсіріп тұрса!.. Көп ұзамай, жол бізді күріш егілген далаға алып кірсе!.. Сабағының биіктігі, мен сияқты бойы ұзындау кісінің кеудесінен келетін, бастары қаздың мойнындай иілген күріш, күн сәулесіне шағылысқан шалшық судың ішінде өсіп тұрса!.. Машинаны тоқтатып қойып, түрегеп тұрып айналама қарасам!.. Күріш егісінің ұшы-қиырына көзім жетпесе!.. «Кәне, жүрмейміз бе Дәу-кеш!» десең сен... Егіс даласын жарып өтсек... Жеміс бақшасына жетсек, онда: алма, алмұрт, өрік, шабдал, әнжір, тағы басқа жемістер өсіп тұрса! Сен сонда мені жемістерге қызықтармақ боп, өзбектің:

Базар барсаң енжу бар,
Саукатыца әнжір ал! —

деген өленің әнімен айта бастасаң... Мен аузыңдағы әніңді қағып ап:

Бір ағашта қос алма,
Мен де алмаймын, сен де алма!
Оймақ ауыз, қыйғаш қас,
Мен кеткенде сен қалма! —

деп қазақша ән айта жөнелсем!.. Сен де маған қосыла жөнелсең!.. Бақшаны бойлай тартып келе жатқанымызда, үйлер көріне бастаса!.. «Бұ не?» десем мен... «Біздің ауыл» десең сен... «Ауыл бақшада ма еді!» десем мен... «Болмаса болғаны да» десең сен!.. Терезе қақпаларын әртүрлі бояумен өрнектеген, көше жақ қабырғасын жиектей тал өсірген бір үйдің алдына кеп тоқтай қалсақ!.. «Бұл кімнің үйі?» десем мен... «Біздің үй» десең сен!.. Сонда... мен сені осылай құшақтап,— деп Дәулет Айбаршаны құшақтай алды да,— осылай кеп сүйсем! — деп, Айбаршаның қып-қызыл боп дуылдап келе жатқан екі бетінен кезек-кезек сүйіп алды.

— О ненің ақысы! — деді жаңағы әңгіме көңілін жадыратып жіберген Айбарша, маңайда жүрген әлдекімдерден қымсынғандай, жан-жағына жалтақтап.

— Әлі айтқандарым аз ақы ма? — деді Дәулет.

— Егер орындалса, әрине жетіп жатыр.

— «Айым да сен, Галия, күнім де сен,
Оң қабағым тартады күлімдесең» —

тен Балуан-Шолақ айтқандай, — деді Дәулет, — күлімдеп көңілімді жаңа жадыраттың ғой, Айым! Мен жауды жолға майданға кетсем, сен жаңағы айтқандарды істесең, сөйтіп, екеуміз аман табысып, бақытты өмір сүрсек, одан артық не тілейсің?!.

— Тұк те тілемеймін.

— Серттестік пе, осыған?

Дәулеттің манағы «өтінішім бар» деген сөзінің мәнісіне, Айбарша енді ғана түсінді. Ол, не «серттестім» демей, не «жоқ» демей аңырып қалды. «Серттестім» дейін десе, әлгінде «майданға мен де кетем» деген сөзі бар, «жоқ» дейін десе, Дәулеттің тілегі өз тілегі...

— Неге аңырасың? — деді Дәулет, мен теріс тілек айттым ба?

— Сөзіңнің бөтені жоқ, Дәулет!

— Ендеше әкел, қолыңды!

Қолын ұсынған қыздың денесін Дәулет өзіне қарай тартып алды. Олардың құшақтары айқаса кетті...

Төртінші тарау

ЕРКЕК

Біздің Сырбайдың бар болған нәсілі — жалғыз Дәулет. Соның майданға баруын естіген жұрт, Тәрбия мен Айбаршадан гөрі Сырбайды қатты аяды.

— Тумаса да туғандай жақсы көріп жүрген ұлы еді, — десті олар, Дәулеттің майданға кетуін Тәрбия қалай көтеру туралы сөз қылғанда, — онда әрине, қайғырар, көз жасын көл қып жылар да, бірақ, өз ішінен шықпағанның аты — шықпаған... жылар-жылар да басылар...

— Айбаршаның Дәулетті жақсы көретіні рас, — десті олар, — екеуінің баяғының гашығындай бір-бірін өлердей жақсы көруінде де күмән жоқ. Бірақ, жастың аты жас. Оң да шұнымен жылар... сағынар... Көзіне шөп те салмас... Дегенмен, мұның бәрі Дәулет тірі болса ғана... «Жаман айтпай жақсы жоқ», ала-жалда Дәулет майданда қаза тапса?.. Сонда өлген артынан өле ме ол?.. Ғашық жігітін жоғалтқан қыз жалғыз осы ғана ма екен?.. Өзге ғашық қыздар жылап-жылап барып, ақырында жаңадан жар тапса, Айбарша да сол жолдан шығып қайда барады?..

— «Сыр-екең ше?» — деген сұрауға жұрттың бәрі де аса қыйналып жауап берді. Сонда, олардың сөзі құйылған арна: «Жан дегенде жалғызы. Егер тірі келсе жақсы!.. Тіпті, кемтар боп келсе де!.. Егер келмесе ше?.. Онда Сырбайдың жалғыз аяқ асының төгілгені емес пе?!. Қарашығы суалғаны емес пе?.. оның аржағында, Сырбайда не тіршілік бар!..»

Сондай ойдағы жұрт, Дәулеттің аттанар күніне аса үрейлі көзбен қарады, «хоштасарда жүрегі жарылып кетпесе не қылсын!» деп қорықты...

Халықтың ұғымында «ер» бар да, «еркек» бар. «Ер» деп халық қатардағы еркектен жүрегі үлкен, ісі озық, қылығы ерекше адамды айтады да, «еркек» деп жабайы ер жыпысты адамды айтады. Бірақ, солай ойлай тұра, халық еркектің де еркегі бар деп санайды: пәлендей озат ісі болмағанмен, қайғы келсе қарсы тұра білмесе, қызық көрсе қурақ-ұша қойса, ондай еркек, әйелді ерден кем санайтын бұрынғы заманның тілінде еркек емес, «қатын». Еркектіктің белгісі — қайраттылық, қайғыға да, қуанышқа да төзімділік...

Біздің Сырбай, өзін ешуақытта «ермін» деп санаған да, ондай атаққа ұмтылған да емес; ал, «еркекпін» деген ойды кең кеудесіне толтыра сақтап, өмір бойы олқыландырған да емес; сондықтан, басынан нелер ауыр күндерді өткізе жүре, аржағынан тіпті бір лықып келіп, еріксіз шығып кетпесе, көзіне жас алған пенде емес.

Дағдысына сіңген қаттырақ қалпын ол, көзінің қарашығындай көретін жалғыз баласы — Дәулет армия қатарына алынғанда да өзгерткен жоқ. Оның осы қаталдығы шегінен шығып, Дәулет үйінен аттанғалы жыйналғанда, көріп тұрсам көнілім босар деген оймен:

— Балам, — деді, Дәулеттің жүрер жабдығын даярлап боп, тыстан кіргенде, — кәне, жүдә хоштасайық.

«Бұл қалай?!» дегендей таңданған кескінмен, Дәулет те, үйде толып отырған өзгелер де Сырбайға қарай қалып еді:

— Жұрт егін басында ғой жүдә, ерте аттанып кетіп еді де, олар. Мені күтіп, жүдә күнсіп отырар, — деді.

Біреулер:

— Е, күтсе қайтер дейсің. Баланың әскерге жүретінін біледі ғой, — деп еді:

— Жоқ, жүдә ұят болады ол, — деді Сырбай, — және былай да аз шыққан егіннің басы түсіп жатыр.

Дәулет армияға кетеді дегелі жылап, өкси-өкси даусы қарлыққан Тәрбия Сырбайды ұрсып тоқтату ниетімен:

– Ке... ке... кеш... кеші... — деп, «кешігіп қалдық» деген Сырбайдың сөзін кекетіп қайталамақ болып еді, көзінен ақтарылған жас көмекейіне де құйылғандай, қақалып-шашалып, «кешігіп» деген сөзді де бөлшектеп бітіре алмады.

Тәрбияның Дәулетті шын жақсы көруіне иманы алдақашан бекіген Сырбай, оны іштей аяғанмен, қайрат бергісі кеп:

— Бұл не, шала піскен өкпедей жүдә, ісініп отырғаның! — деді жекіген дауыспен, — бала тілеулі жолға бара жатқанда, жүдә, жамандық шақырып жылағаның не қылғаның!..

Кешеден бері уату айтқандардың біреуін де тыңдамай отырған Тәрбияның құлағы «жамандық шақырып» деген сөзге елең ете қалды. Сонысын байқағандай:

— Тәйт әрі, жүдә іркіттей көпіршімей, — деді Сырбай, әйелін шыйрата түскісі кеп,— білмеймісің баланың жүдә, қайда аттанғалы отырғанын? Түтеген оқтың өтіне бара жатқан жоқ па ол? Тілеуін тілемеймісің, жамандық шақырғанша!.. Қой әрі, аузыңды болпылдатып, алқымыңды күркілдеген кептердей ісіндіре бермей!.. Одан да, жүдә, тілеу тіле де, амандықпен көруге жазсын деп, бетінен сүйіп қуанышпен аттандыр!..

— Е, бәсе, солай деші! — деп көпшілік ду ете қалды...

Сырбайдың белінен түспейтін: оқшантайы, қыны, басқа да қажетті салынышағы көп, жезге жапқан күміс әшекейі сүртілін бітуге жақындаған қазақы кісесі болушы еді. Тас-түйін қып байлап алған сол кісені, әйелін жұбатып отырып Сырбай шеше бастағанда, үйдегілерге «баласы аттанғанша отыра тұрғысы келген той» деген ой кеп кетті. Со кісесін түрегеп тұрып шешкен Сырбай, жерге тізерлей отыра беріп, мойнына салды да:

— Қәне, балам, көтер қолыңды! — деді, өзі екі қолын алдына қарай соза, алақанын жая беріп.

Дәулет те, үйдегі басқалар да қолдарын жайды.

— Балам! — деді Сырбай, басын шалқайта, екі көзін тарс жұмып тұрып,— сен сыяқты алыс жолға шыққан адамға бұрын жүдә «жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын» деп бата беретін еді. Одан басқа не айтайын. Лайым да, жауды жеңіп, аман қайт. «Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын!»

Алақандарымен бетін сыйпаған Сырбайға ере, үйдегілер түгел беттерін сыйпады.

— Ал, балам, мен де жүрейін, сен де жүр,— деді Сырбай түрегеліп, кісесін тағы да тас буынып, — «жолаушының ақысы жүрсе өнеді» деген.

— Дегеніңді істедің ғой, енді, — деді, болбыраған бойы жыйналып қалған Тәрбия Сырбайға, — Дәукенде нең бар, өзің жүре бермейімісің.

— Тоқтатып қайтесің, жүдә қалмасын жолыңнан, енді аман келсін деп тіле. Егін жабдығымен станцияға бара алмайын деп отырмын. Бұл баланы бес-он шақырым жерге ұзатып келгеннен түсері не? Одан да, жүдә осылардың жауды жеңуге керекті жабдықтарын әзірлейік те. Бәрібір жүретін болған соң, үйден болса да, қолдан аттандырайын.

Бұл сөзге таласудың қажеті жоқтығын ұққандай, әуелі Дәулет, одан кейін Тәрбия, одан кейін үйдегі басқалар түрегелісті. Соларды бастай, Сырбай далаға шықты. Станцияға шейін салт мініп барып қайтармақ боп, Дәулет өзімізге белгілі жорғасын ерттеп, есік алдына байлап қойған. Сырбайдың үйіндегілер тысқа шыққа, уақытша клуб жасаған астық сарайының маңайы қаптаған жан екен. Әлдекімдердің музыкалық құралдарға ойнағаны, әлдекімдердің ән айтқандары естіліп тұр. Сондай сауықты Сырбай ұнатпайтын еді.

— Соғыс деген — той емес,— дейтін еді ол,— оның аты — екіталайға аттану. Сол да той ма?!. Ер-азамат ертең, жүдә жауды жеңіп келсе — әне, нағыз той сол! Сонда неге желікпейді, жүдә, осы жұрт? Оған шейін, жөнсіз ыржыңдамай-ақ, қолдан келген ісін неге атқара бермейді?

Біреулер:

— Сол ақылыңды келініңе неге айтпайсың, осының бәрін істетіп жүрген сол емес пе? — десе:

— Айтсам болмайды, — дейтін еді, Сырбай кейіп, — не ыржаңы екеніне, жүдә түсінбей-ақ қойдым соның.

Сырбай Айбаршаға расында түсінбейтін. Айбаршаның соғысқа шейінгі еркелік мінезіне түгел көнетін ол, «жат-ғыз қызыңдай-ақ осыншама неге шолжаңдатасың?» дегенде, «нокта көрмеген асаудай біреудің ерке өскен баласы емес пе, әзірге шолжаңдай берсін, ертең үйлі-баранды болған соң ешкім ақыл айтпай, өзі-ақ жуасыйды, ақылсыз бала емес» дейтін.

Сондай ақыл несі көретін Айбаршаның, соғыстан бұ-

рынғы шат мінезін, соғыс басталғаннан кейін де өзгертпей, баяғы жайраңы әлі де жайраң бола беруіне Сырбай қайран қалатын да, бірақ бетін қайырып көрмеген адамы болған соң, батып қатты сөз айтпайтын.

Сырбай Айбаршаға, әсіресе бүгін іштей аса налулы. Оның бұдан бұрынғы көңілді қалпын «өздерінің заңына бағынып істеп жүргені болар» деп кешіретін Сырбай, дәл бүгін, Дәулет үйінен біржола армияға аттанатын күні де өзгертпеген соң, ішінен «япырай, ақылды бала бола ма десем, әумесер біреу болар ма, бұл қай санасыздық?!» деп кейіді. Оның бұлай кейіп жүргенін Айбарша білмеген жоқ. «Білгенде қайтейін, — деді ол сырластарына, әсіресе, Дәулетке, — шалдың көңіліне қарап, мен аза тұта қояйын да, бүгіліп жатып алайын, сонда одан өнері не? Және комсомол ұйымының секретары бола тұра мен сөйтсем, өзге қыздар қайтпек?..»

Расында, жайраңдағысы кеп жайраңдап жүрген жоқ еді Айбарша, армияға алынатын жастарды ойын-сауықпен жөнелту туралы аудандық комсомол комитетінің тапсырмасын орындағандықтан және жұбайларынан айырылатын өзіндей жас әйелдерге мұрындық болғысы келгендіктен жайраңдайтын. Әйтпесе, Дәулеттің майданға кетуіне қайғырмағанмен, «аман келсе жақсы, егер келмесе?..» деген ой түскенде жүрегі қырыққа паршаланатын. Оған, ішінде жасап отырған мына дүниенің қызығы Дәулетпен ғана қызық сияқты. «Егер Дәулет болмаса, — дейді ол ішін сырластарына, — өзгенің қызығына мен ортақ болмай-ақ қойдым. «Жаман айтпай жақсы жоқ» дейді ғой қарт адамдар. Дәулеттің жамандығын көрмей-ақ қояйын. Егер көретін күн туды ма, мен! тірі болады деп ойламаңдар!»

Дәулет үйінен аттанарда Айбаршаның ол үйге жоламай клубта болуына себеп — туысқандарының, әсіресе, Тәрбия мен Дәметкенің не халге түсуін көз алдына келтіргендік еді. Дәулет үйден шыққанда, әкесінің ғана сыр бермеуіне Айбаршаның көзі жетеді де, өзгелерінің, әсіресе, Тәрбия мен Дәметкенің «Жалғызым-ау, бізді тастан қайда барасың» деп егіле, зарлана аңырауын жақсы біледі; сол халде солардың қасында болса, онсыз да тырысылдап тонына сыймай жүрген шыдамы жыртылып кетер деп қорқады Айбарша. Осы ойын ол Дәулетке айтқанда:

— Соның дұрыс, Айым — деді Дәулет.

Үйіндегілер Дәулетті аттандырмақ боп сыртқа шыққанда, Айбарша клубтың алдына тасалана берді; бірақ, сауықты басқаруын доғармады. Сол арада сырнай, домбыра, гитар, мандалинпан құрылған оркестр де ойналып жатыр, хор мен ән де айтылып жатыр, біреулер билеп те жатыр... Айбаршаның Сырбай үйінен шыққандарға елегізбеуін әркім әртүрлі жорыды.

— Дәтім шыдамас деп қашқалақтауы ғой, — деді біреулер.

— Тәйірі мынау, даладағанына мәз болатын ақылы жоқ қыз екен ғой, — деді екіншілер.

— Дәулет пен осы қыздың арасына салқындық түсіпті деген сөз бар да, сол рас болғаны ма? — деді үшіншілер, — әйтпесе, комсомолец дегенмен, ол да өзгеміз сияқты жүрегі, бауыры бар адам емес пе? Көңілі баяғыдай болса, екіталайға кетіп бара жатқан күйеуінің қасында неге болмайды.

Айбаршаның қылығына, әсіресе, үйінен шыққан Дәулетті көргенде тасалана қойған қылығына хайран қала отыра, клуб маңайындағы көпшіліктің көзі онда болған жоқ, Сырбайдың үйінде болды. Сондағы көргендері: үйден шыққан топтан бір адам бөлініп, есік алдында шөгерулі жатқан түйеге мінді де, әрі қарай жөнелте берді.

— Е, бұ қайда барады?! — деп таңданысты қарап тұрғандар, — баласын шығарып салмай ма екен!..

Баласына үйінде амандасып бетінен сүйген Сырбай, тысқа шыға, шөгерілген түйеге мінді де, әрі қарай жөнелте беріп: «Ә, тәңрі! — деп тіледі, — өзің жылатпасаң, мен жыламаймын!.. Жылата көрме, жасаған!» Бар ойын осы тілек билеген ол, сапар шеккен жағына дағды алған түйе бастамаса, жөнін де таба алмас еді. Бұл түйеге мініп жолға шыққанда, Сырбайдың көбінесе баратын жері — Тартоғай, одан Сырдарияның иірімі, одан — дарияның аржағындағы егіс даласы.

Басын тартпай еркіне жіберген інген-түйе, артында еріп келе жатқан ботасына, қарашығы қарғаның жұмыртқасындай қара көзін анда-санда бір салып қойып, «келемісің?» дегендей бір ыңыранып қойып, ырғала аяңдап, дағдылы жолмен тартып келеді.

Ауылдың біразы әлі Тартоғайда еді, содан майданға алынғандарды жөнелтіп салған жұрт, ескі мектеп үйінің маңайында шоғырын жазбастан тұр екен, Сырбай соларға бұрылды. Біреулер босаңсыйын деп еді:

— Тәйт әрі! — деп ақырып қалды Сырбай, — жүдә, бұл не, жамандық шақырып тұрғандарың? Көрсетпе көзіме жылағандарыңды! Ешқайсыңның балаларың менің балламнан артық емес. Өліп-талып көрген жалғызыма мен неге жыламаймын?.. Қойыңдар әрі жүдә күйректенбей!.. Тілеу тілеңдер, одан да!..

— Ия, сөйтіңдер, — деп мақұлдады біреулер, — көздің жасы деген жақсы емес, жыламаңдар...

Мектеп қасындағыларға Сырбай көзін салса, егін оратындардың біразы жүр. Сырбай олардың кейбіріне:

— Бұларың не, жұмысқа бармай? — деді.

— Өзіңдікі не? — десті олар, — сенің балаң қымбат, біздің баламыз арзан болып па?.. Біздің де балаларымызды қолдан аттандырғымыз келген шығар.

— О қай сөз! — деді Сырбай, — арзан бала бола ма екен, тегі! Қімнің құтыла алмай жүрген жаны бар дейсің. Бәріміздің де ішіміз жүдә уылжыйды. Уылжығанмен амал нешік! Жау сенің ішіңнің уылжығанын не қылсын, сен оны жоймасаң, ол сені жояды. Сондықтан да жүдә қыймасымызды жіберіп жатқан жоқпыз ба?..

Ескі қорасына бұрылғысы келген түйені Сырбай ырқына жібермей, дарияның пірміне қарай бұрып алып кетті. Ауылдан шыққан соң, қайда баратынын шамалаған түйе, Сырбайдың етікті аяғын қабырғасына тепеңдетірмей, тек, анда-санда арттағы ботасына ғана алаңдап, дағдылы жаққа жөн тартты.

Үйінен шыққалы артына қарамаған Сырбай, ескі қоныстан шыға да қарамады. Августың орта кезінде де бір тасып қоятын Сырдария, Сырбай жағасына келгенде, кемерді толтыра, екпіндей ағып жатыр екен, жағада паром жоқ. «Ол қайда?» дегендей Сырбай жан-жағына қараса, паромды арғы жағаға жеткізген апаратын арқаны үзіліп жатыр, өзі арғы жағада тұр.

Сырбайдың түйесі малтығымпаз болушы еді. Дария қандай қатты тасып жатпасын, аяқтарын ағыстың ығына бере, суға қабырғасынан жата қап малтығанда, сүңгуір қайықтай зырлайтын және ағыс қалай үйірілдіргенмен, арғы жағадан арқанмен тартқандай-ақ нысаналы жерден түп-тура шығатын.

Дариядан солай өткісі келген Сырбай, түйесінен түсті де, әуелі ботасын емізді. Содан кейін, түйені дарияға жетектеп түсірейін деп еді, ботасы қашқалақтап суға жоламаған түйе, сабалағанмен ырқына көнбеді. Сырбай

түйені бұйдасынан ұстап, ботаны аркалап алып суға жалаңаяқ түсіп еді, түйе де түсе қалды да, малтыйтының ұққандай, су тізесіне жақындағанда, түйе дағдылы қабырғасына қарай жантайып, жата кетті. Сырбайда киімкешегінен басқа тұк жоқ еді. Ол тек саптамалы етігін ғана шешіп, балағын тізесінен жоғары түрді де, шекпенінің ұзын етегін көтеріп, кісесіне қыстырып алды. Сырдың бұл жағасы күрт терендей жөнелуші еді. Бес-алты адымнан арғы жақ, адамды бойлатпайтын, өлшеушілер ол араның терендігін сырық бойынан жоғары дейтін.

Жамбастаған түйе, көсілген аяқтарын ербеңдете, аузым мен құлағыма су кетер дегендей, кайырған мойнын үстіңгі қабырғасына сала, тереңге қарай малтый жөнелгенде, суға аягынан тік тұрған ботаны ноқтасынан жетектей, Сырбай түйенің үстіңгі қабырғасына қона қалды... Сырбай аулының орысша білмейтін бір момын қазағы, ертеректе Ақмешітке[1] барып кеп: «Япырай, қалада тамаша көрдім» депті. «Не көрдің?» десе, «орыс балаларының орысшаға тілмашы-ай, сөйлегенде ауыздары ауыздарына жұқпайды, олай сөйлеуді кім үйретті екен?!» депті дейді. Сол қазақ айтқандай, Сырбайдың хайран қалатыны, түйенің жас ботасы, суды көрмей тұрғанда ирелеңдеп қашқан болады да, құтылмауына көзі жеткенде, кәнігі түйелердей, малтып жөнеледі. «Енеңе тартпағыр-ау, қайдан ғана біле қоясың!» деп таңданады Сырбай.

Мына бота да оны солай хайран қалдырды. Жетекке алған бота, енесі малтый жөнелгенде, басын кекжеңдете тартынып, аузын арандай ашып бақырғанмен, енесінің малтыған екпіні еркіне қоймай сүйреп әкететінін көрген соң, сол жақ қабырғасынан жата қалды да, мойнын қайырып үстіңгі қабырғасына салып, ербеңдеген аяқтарымен шымырлай ағып жатқан қоймалжың сары суды есе жөнелді.

— Жүдә ғажап! — деп қойды Сырбай.

Ботаны ағыс алып кетер деп қауыптана отыра, Сырбай ноқтасының бауын босатып жіберді, басын тартса құлағына су кетіремін деп ойлады. Басы бос бота, енесімен жарыса малтыды да отырды... Бала деген қандай қымбат десейші!.. Малтып келе жатқан түйе, басын қабырғадан көтере, ботасына жиі-жиі ыңыранып қарап қояды!.. «Сапасыз сен сондайсың, — деп қояды Сырбай,

[1] Қызылорданың 1925 жылға шейінгі аты.

түйеге ішінен, — саналы біз балажан болмағанда қайтейік!.. Сенің ботаң қасында малтып келе жатыр. Менің ботам қайда малтып барады екен!..»

Сол ойда отырған Сырбай, түйесі дарияның арғы шетіне жақындағанын аңғармай да қалыпты. Арғы жақ қайырлау болатын еді. Зымырап малтып келе жатқан түйе, қабырғасы қайырды сүзгенде «аф!» деп бір бақырып қалды да, тұруға ыңғайлана берді. Сырбай түйеден түсе қалды. Дарияның жиегіне әлі де елу адымдай болғанмен, бұл араның суы адамның тізесінен ғана келеді екен. Сырбайдың хайран қалатыны, алпамсадай ап-ауыр түйе, қабырғасы жер соқпаса болғаны, қандай тайыз су болса да жеп-жеңіл малтып береді. Бота да енесіне ере түрегелді. Бірақ, ол судың қатты ағысына шыдай алмады ма, өлде қорықты ма — жел шайқаған қайықтай, тұрған орнында теңселе бастады. Сырбай:

— Мына бар болғыр, жүдә қайтеді? — деді де ботаны жетектеп көріп, ырқына жүрмеген соң, — жүдә бар бол сен, бар болғыр! — деп арқалап ала жөнелді.

Жағаға шыққан ол, етігін киді де түйесін жетекке алып әрі қарай жаяу жөнелді. Арғы жаға белесті құмдақтау болушы еді. Құмға өскен қалың сексеуілдің дарияға тақалған тұсын, тұрғын ел отынға алып сиретіп, жіңішкесі болмаса, жуаны кездеспейтін. Тек дариядан екі-үш шақырым шыққаннан кейін ғана, бір адырдың басында, жолдың нақ жиегінде, ел «әулиенікі» деп атайтын моланың үстіне шыққан жалғыз ғана жуан сексеуіл тұратын; жұрт оны киелі сексеуіл көріп кеспейтін, оның қанша жасағанын бұл елде білетін кісі жоқ; жетпісті алқымдап қалған Сырбайдың бала кезінде де бұл осындай сексеуіл еді, әлі сол қалпы!.. Үстіне сексеуіл өскен қабырдың қай «әулиенікі» екенін де жан білмейді. «Сонауда өлген әулие екен» деген лақап бар, қай соғыс екені мәлімсіз... Аты-жөнін білмегенмен, ескілікті адамдар, осы қабырдың тұсынан өтіп бара жатып, жаяу болса отыра қап, атты болса түсе қап дұға оқыйды. Сексеуіл бұтақтарының арасында, не заманнан бері қарлығаштың ұясы тұрады, оған жан адам тимейді...

Дұға оқығыш адамның біреуі Сырбай еді. Со дағдысымен ол қабырдың қасына келді де, «түйе шала тұрсын» деп бұйдасын мойнына орап қоя берді. Содан кейін қабырдың етегіне тізерлей отыра қап, білем дейтін жалғыз дұғасы «құлқуалданы» күбірлей жөнелді. Молдадан

емес, өзі сияқты сауатсыз біреуден үйренген «құлқуалдаңы» ол берекесін кетіріп, он екіде бір нұсқасын түгелдемей оқыйтын еді. Сөйте тұра, молдаға еліктеп, әлі шала білетін дұғасын оқырда, иегін көтеріңкіреп, екі көзін тарс жұмып ала қоятын.

Отыра қап «құлқуалдасын» бастай жөнелген Сырбай, көзін жұма беріп ашып алды. Оған себеп — жаңа, дұғаға кірісерде, сексеуіл бұтақтарының арасында бірдеме қыбырлаған сияқтанған еді. Дұға оқуға кірісе берген оған, «әлгі жылан болмағай да» деген ой кеп кетті. Жылан құстың жұмыртқасына, балапанына, торғай сияқты кішкене құстың өзіне, өштігін Сырбай біледі. Ол өз өмірінде жыланнан арбағыш мақлұқты көрген емес: аспанға шырлап тұрған бозторғайды жерден арбап түсіріп жұтқанын талай рет көрді. Торғай, шыпшық, қарлығаш, бөдене сияқты кішкене құстардың балапандары ұшқанға шейін, жылан оларды барып жұтады.

Қыбырлағанды жыланға жорып ойы бөлінген соң, шала-шарпы білетін дұғасынан жаңылып қалған Сырбай, «құлқуалда ақат, алда самат, әлəм жалайт, әлəм жұлайттан» арғы жағын есіне түсіре алмай, қауыптанғаны не екенін білмек болып түрегеп, сексеуілдің қасына барды. Ойы оны алдамаған екен, жарты құлаштай қара-шұбар жылан, сексеуіл бұтақтарының айырығындағы ұяға жақындап қалыпты!..

Жыланды ұрып түсіруге қолында түк қаруы жоғына өкінген Сырбайдың ұяға көзі түссе, жұтқалы келе жатқан жыланды сезгендей, екі балапан, қауырсынданбаған қанаттарын желпіп, сары жағал ауыздарын кең ашып, ұяның жиегінде шырылдап тұр!.. Сырбай жыланды құйрығының ұшынан ұстай алды. Қәріліктің, я қорыққандықтың салдарынан қолынан әлі кетіп қалған ба, немене, құйрығын мол-ақ қамтығанмен, жыланды тартып ала алмады!.. Інге кірген жыланның жарты денесін үзіп алғанда, бас жағы суырылмай қалып қойғанын ол талай көрген. Ал, ағашқа өрмелеген жыланның мұнша қарулығын кездестірмеген!.. Тартып алуға әлі келмеген Сырбай, жыланның құйрығын үзуді, я қоя беруді білмей тұрғанда, көз алдынан бірдеме сып етіп өткендей болды. Қайырылып кеп қалған жыланның басы екен деп жорыған Сырбай, еркінен тысқары сескеніп қап, шегіне бергенде, жыланның жыйырыла тартылған құйрығы қолынан шы-

ғып кетті... «Қап!» деп ол тағы ұмтылғанда қолы жетпей калды!.. Сасқалақтаған оның көзіне, сексеуілді дөңгелене ұшып шырылдаған қарлығаш түсті. Жыланның басы ұяға асыла берді... балапандар шырылдап тұр... Сырбайдың тұлабойы шымырлап кетті.

— Ә, жасаған, сақтай көр! — деді ол, даусы дірілдеп.

Сол кезде, жылан балтамен шауып түсірген бұтақтай, жерге ұшып кеп түсті де, бұлқынып опар-топар болды. Ызаланып тұрған Сырбай, оны желкесінен етіктің табанымен баса қойды. Жан ұшырған жыланның құйрық жағы, Сырбайдың етігінің қонышына орала кетті.

— Оралсаң орал, — деді Сырбай, тістене сөйлеп, — жаның мың болса да құтылмассың енді.

Жыланды желкесінен бір аяғымен басып тұрған Сырбай, екінші аяғымен басын езейін деп бір ыңғайланды да, «осы неге құлады жоғарыдан? Әлде, дәуіт көзін шығарды ма екен?» деп ецкейіп қарады. Жыланның екі көзі де шодырайып, аппақ боп шығып кетіпті.

— Ім-м! — деді ол ыңырана дыбыстап, — көзіңді ағызған екен ғой, дәуіт!..

Сырбай етігінің табанымен жыланның басын езгенде, қонышына оралған құйрығы сылық етіп жерге түсті.

— Ә, өлдің бе? — деді Сырбай.

Сырбай сол арада жыланға бір, қарлығаштың ұясына бір қарап тұрды. Жауының жеңілгеніне мастанғандай, қарлығаш екі балапанның ортасында мойны қылтыңдап **отыр**... Еңілген басынан қаны ағып, шұбала өлген жылан **жатыр**... Соларға қарап тұрып, «менің баламды да шағуға ұмтылған жылан осылай жаншылар ма екен!.. Мен **де Дәулетімнің қасында** анау қарлығаштай шаттанып **отырар ма екем!..**» деп ауыр ойға кетті.

— Я, Сыр-еке, неғып тұрсыз? — десті колхозшылар.

— Жай, — дей салды, есі жаңа ғана кірген Сырбай.

Ол отта жүрген түйесіне барды да, жетектеп ап, жаяу егін жаққа тартты.

Дәулет туған күні Сырбай: «О, жасаған, — деп тілеген еді, — мені аз, не көп жасат деп тілемеспін, тек ұзақ және бақытты жасты менің мына нәрестеме берсең болғаны!..» Солайша тілеген жалғыз ұлы бүгін майданға аттанды. Бұған дейін аттанғандардың кейбірінен «қаралы-қағаз» келгенде, зәресі ұшқан Сырбай: «жасаған, маған естірте көрме, мұндай қағазды!» деген тілекке ауған

еді. Түйесін жетектеген ол егін басына да осы тілеумен келді.

Бұл ара Сырбайдың өткен жылы Рахмет пен Байжанды ертіп әкелетін, өзімізге белгілі — Шолақарық бойы. Быйылғы жылғы егіннің шығымы өткен жылдан да нашар. Оған бас себеп — жердің тозуы болса, екінші жақтан, колхоз председателі Масақбайдың колхозшылар айтқан ақылды тыңдамауынан.

Өткен жылы Сырбай жердің бұл арада тозғандығын айтып, күрішті тыңға себейік дегенде, Масақбай:

— Қайдағы тың ол? Канал құрылысы бітпей тыңды қайдан табамыз? Тың табылғанша егіс көлемін кемітуге, әсіресе күрішті кемітуге болмайды. Өзге колхоздар күріш планын орындап жатса, біз қаламыз ба, олардан?..— деп Сырбайдың сөзін тыңдамаған.

Сырбайдың айтқаны келіп, быйылғы жылы бұл арадағы егіннен, күріш түгіл өзге дақыл да таздың басына шыққан шаштай ап-ала. Шығымды жылы орта есеппен жыйырма-отыз центнерден алынатын күріш гектарынан быйыл көп дегенде бес-алты-ақ центнерден алынатын. Соған кейіген Сырбай Масақбайға:

— «Жұт жеті ағайынды» дегендей, мынадай сұрапыл соғыс кезінде, егіннің мұнша нашар шығуы-ай! — десе:

— Айып жер мен суда ғана емес, — дейді кінәні мойнына алғысы келмеген Масақбай, — соларды күтіп ұстай білмеуде. Жұрттың бәрі «канал» деп шапқылап кеткенде егін күтіліп оңа ма?.. Соның бірі өзің емеспісің, Сыр-еке?..

Сырбай қарсы дау айтқан жоқ. Арық қазу жұмысына баршасын салып, быйылғы егінге оның немқұрайды карауы рас та еді. Ендігі міндет, осы аз шыққан егіннің өзін шашпай-төкпей тез жыйнап алу. Оның майданға жөнелген баласын шығарып салмай, асығып егін басына келу себебі де осы еді. Өйтпеуге бола ма? Быйылғы жылы күріш егісін жыйнайтын бригаданың бастығы Сырбай. Ол баласының «қайғысымен» отырып қалса, өзгелер қайтпек?.. кеше Кеңтоғайға келген Рахметке осы ойын айтқанда:

— Дұрыс, Сыр-еке, — деген ол, — жалғыз баланыз. Ауыр екенін түсінем. Ауыр болғанда амал қанша. Қалуға реті бар еді, кеткісі кеп болмаған өзі. Енді тілеу тілеп, белді бекем буғаннан абзалы болмас.

Рахметтің осы сөзі, Сырбайдың есіне, егін басына жыйналғандардың кескіндеріне қарай қалғанда түсті.

Олардың көпшілігі жабырқаңқы екен. Біреулерінің жылаудан көздері де ісіп кетіпті. Соларды көріп, Сырбай балқып тұрған сезімін тез шыйрата қойды да:

— Ал, жұрт, жүдә, іске кірісеміз де енді, — деді, нығыз дауыспен,— шыйрандар. Бір тәуекел. Амандығы болса да, жамандығы болса да күтіп алғаннан басқаның жүдә керегі не? Кім екенін ұмыттым, о замапда, бір жаксы кісіні жаулары жанған отқа лақтырған екен дейді, сонда сауысқан әлгі жақсыға қастығын білдірмек боп, отты жүдә, қыздыруға шөп-шалам тастаса, қарлығаш «достығымды көрсетем» деп, жүдә, қанатымен су сепкен екен. **Сол сықты**, мынау, ел басына күн туған кезде соғыс **өртіне, қарлығаштай** қанатымызбен, жүдә, су себейік!.. **Ол суымыз - - мына** шығымы пашар егінді «қызыл желге» **урындырмай жыйнап** алу.

Сырбайдың «қызыл желге» дегені әдетте, күзге қарай оңтүстіктен еседі, **екпіні** қатты, лебі ыстық болады. Ел одан **қатты қоркады**. Егіннің, әсіресе күріштің дәнін қолмен уқалағандай түсіріп, құр сойдыйған сабағын ғана қалдырады. Өткен жыл, күрішті орып бітіруге жақындаған кезде, «қызыл жел» соғып, гектарынан жыйырма центнерге шейін өнім бере ме деп дәмеленген кейбір жерден төрт-бес центнер ғана шыққан.

Быйылғы жылдың аз ғана егінін «қызыл жел» соғып, кәсіді агартар деген қауыппен Сырбай қарамағындағы адамдарға дамыл бермей егінді күні-түні орды. Сонда да **жұмысы** қаркындай қойған жоқ.

— **Жүдә**, қалай қаркындасын, — деп кейіді ол, «бұл **қалай?»** дегендерге, - - егін баулауға жарайтын қарулы **өркеш әлгіндей, көпшілігі** жүдә қатын-қалаш, бала-шаға, **кәрі-құртаң**.... Олармен не іс өнсін!..

Сырбай сүйтіп жұмыстан мойын бұрмай, егін жыйнауды аяқтауға тақалған кезде, ауылынан шапқын келді.

— Дәулеттен телеграмма! — деп айқайлап келді, шапқыншы бала.

— Е, не депті? — деп даурығысты жұрт.

— Ташкенттен Москваға қарай жүреміз депті. Ертең кешке ауылдың тұсынан өтсе керек. Тосып алам деп, Айбарша станцияға кетіпті. «Әткем мен әпкем тез жетсін» деп кісі жіберіпті. Тәрбия апам мені жіберді, атама тез келсін деді!

— Жалғыз Дәулет деймісің, біздің ауылдың өзге жігіттері де бар болар, оның қасында,— десті біреулер.

Әркім әртүрлі сөзді айтып даурығып жатқанда, Сырбай:

— Тоқтаңдар! — деп ақырып қалды.

Көпшілік тоқтай қалды.

— Мен де бармаймын, жүдә, ешкім де бармайды, — деді Сырбай айналасына алара қарап.

Барғысы келген біреулер қыңқылдап еді:

— Ал, бардық, — деді Сырбай, — көздің жасын, жүдә бір-бір сығып, қош айтыстық. Онда не бітті?

— Бітпегені сол, — деді Сырбайға батып сөз айтатын картаң біреуі, — балаларын көреді, бір көруге зар боп жүргендер...

— Ал, көрдік, жүдә, сонда не бітті! Жүдә, түк те бітпейді. Қажыған үстіне қажыйсың. Жөнсіз қажудың, жүдә, керегі не? Түкке де керегі жоқ. Әскерге кеткен жастардың бізден тілегі — қажу емес, егінді тез жыйнап, азық жөнелту, күннің райы ыңғайсызданып барады, жүдә, дауыл көтеріліп кетуі мүмкін. Мен де, ешқайсың да, жүдә ешқайда бармаймыз.

Өзгелер жалынып та, ренжіп те, ұрсысып та көргенмен, «болмайды» деп басын шайқаудан Сырбай өзгермеді. Ақыры ол жеңді де, шапқыншы бала қайтып кетті.

Жұмысқа тарағандар, Сырбайдың бұл қылығына әртүрлі баға берісті.

— Мынауың сексеуілдей қатып қалған бірдеме екен ғой!.. — десті біреулер, — мұнда әкелік жүрек жоқ екен ғой!

— Мұның дүлей боп шықты! — деп кінәлады біреулері.

Сайып келгенде, көпшіліктің Сырбай туралы құйылған пікірі:

— Мұнысы қаттылық емес, еркектік! Шіркін, шын еркек екен ғой, бұл!..

Бесінші тарау

ЕҢ ҚЫМБАТ АНА

Соғыс салдары канал құрылысының екпінді қарқынын әлсіреткен жоқ. Құрылысшылар соғыстың алғашқы күнінде берген уәдесінен таймады — армия қатарына алынушылардан басқалары жұмыстан кетпеді, туған-туыс-

қандарын да майданға осы арадан жөнелтті. Газеттер, радиолар жаудың күн санап ілгері сұғынуын хабарлап тұрды, бірақ, құрылысшылардың сағы одан сынған жоқ. Жаудың Отаннан қуылуынан үмітін үзген жоқ. Намысты жігермен қыймылдаушылардың ішінен жаңа рекорд жасаушылардың аттары аудандық және облыстық газеттерде әлсін-әлсін жарияланды...

Соғыстың алғашқы күндері, қарулы еркектер майданға топ-тобымен шақырыла бастағанда, құрылыс жұмысына кедергі келеді екен деп қорыққан Байжан, біраздан кейін ол қорқыныштан арылды, жағдай аса ауыр болғанмен, құрылысшылар соғыстық егісті қамтамасыз ететіндігіне көзі еркін жетті; сондықтан ол, жарғақ құлағы жастыққа тимей, бар ынта-жігерін жұмсап, құрылыс жұмысына басшылық етті.

Оның ең шұғыл кіріскен жұмысы — канал құрылысының салаларын кезекке қойып, алғашқы кезектерде қай салаларды орындау, плаидау болды. Соғысқа керекті ераэаматтың әлі де алынып болмағаны оған аян, соны еске ала отыра план жасағанда, каналды соғыс кезінде Мойынқұмнан әрі асырып әкетуге мүмкіндік жоқ, оған адам күші де, материал да жетпейді, сондықтан Мойынқұмнан бергі бетті пайдалануды пландау керек, ол план, соғыстың тілегіне жауап бере алатын болу керек. Соны түгел жоспарлап болған Байжан, облысқа апарғанда обкомның секретары планды қолдайтынын айта кеп, Байжанға қарабура мәселесін әлі де болса кең ойланып, кортынды пікірін Полевоймен ризаласуға тапсырды.

Бюродан кейін Байжан, секретарьға Гүлнар жөніндегі бір сырын айтпақ боп оңаша қалды. Ол айтайын дегені — бұдан бір жұма бұрын Гүлнар Байжанға майданға баруға ойын білдірген еді. «Барма» деудің ретін таппаған Байжан:

— Онда екеуміз де кетеміз де, — деген еді әйеліне, — майданға әйелі кеткенде, еркегі үйінде қалуға ұят болар.

— Ол рас қой, — деген Гүлнар, — бірақ сағаи баруға болмайды ғой.

— Неге?

— Сен басқарып жүрген жұмыстың мемлекеттік зор мәні бар; ол ең алдымен, осы соғыстың өзіне аса керекті жұмыс. Сенің бұл орнына инженер атаулының бәрі не бола алмайды, менің орнына хирург атаулының қайсысы болса да жарай береді.

Олар қанша таласса да бір пікірге келе алмады. Гүлнар аудандық военкоматқа майданға баруды тіленіп арыз берді; бірақ оны Байжаннан жасырды да, арызы іске аса қалған күнде, мамандығы жөнінен мобилизацияға ілеккен түрде жіберуін өтінді.

Гүлнардың арыз беруін сезбегенмен, оның майданға кетпей тынбайтынына Байжанның иманы кәміл еді. Ұзақ ойдан кейін бұған да қарсы болмаған Байжан басына: «Жап-жас қалпымен, мен неге қалам, құрбы-замандастарымнан бөлініп?.. Орнымға кісі табылмайды деген сөз бе екен?.. Неге табылмасын... жарай кететін инженер канал басында да бар, солардың бірі жарай кетер, не Самарқан бола салар, о да басқара алады, болмаса, Анатолий Кондратьевичтің өзін қыстаймын» деген ой ұялап алған. Сөйте тұра, канал құрылысын да ол қыймайтын, әсіресе, мынадай қыйыншылық жағдайда тастап кетуге обалсынатын... Ол осы ойларының бәрін де секретарьдан жасырмай айтты... Секретарь оны асықпай, сөзін бөлмей тыңдап алды да:

— Сөздің турасын айтсам, — деді Байжанға, — партия мен үкімет жүктеген зор міндеттерді тастап саған майданға кетуге болмайды. Оның аты — қыйындықтан қашу болады, орысша аты — дезертирлік. Бұл сөздің ақылға да, жүрекке де жаман естілетінін білесің. Сенің майданға барып көрсеткен ерлігіңнен мұндағы құрылысты басқаруың Отан үшін кем пайда емес... Ал, сенің әйеліңнің айтқаны дұрыс, ол, Алмалықтың кішкене больницасынан гөрі, майдандық госпитальда көбірек пайда келтіреді. Бірақ, сол жұмыс әйеліңе осында да бар ғой. Қызылордада жуырда госпиталь ашылды. Майдандық госпитальда кездесетін жеңілден бастап ең ауырға дейінгі жаралылар осы госпитальдарда да бар. Сондықтан, біздің жараланған жауынгерлерге жәрдемдескісі келген әйеліңе, майдандағы госпитальда қызмет атқарды не, мұнда атқарды не, бәрібір емес пе?.. Әйеліңе осыны айтсаң қайтеді?

— Айтуға болады ғой. — деді Байжан қабақ шытып, — бірақ оған көне қойса!..

— Сонда да айтып көр, — деді секретарь жымыйып, — менің өтінішім қып айтып көр.

Байжан секретарьға рахмет айтты да, Алмалыққа жүріп кетті. Жолшыбай ол, Гүлнар секретарьдың өтінішін

орындайды деген үмітте болды. Бірақ ол кешікті. Ол барғанша, Гүлнар САВО-дан[1] арызы қабылданған хабарын алып қойған еді.

Майданға кету туралы ойын Гүлнар Байжаннан бұрын әкесіне айтқан еді. Анатолий Кондратьевичтің не жауап бергенін айтудан бұрын, оның өз халіне қысқаша тоқтап өтейік.

Көлденең жұрттың көзіне ол Сыр бойының шөлін суландырудан басқаны ойламайтын кісі сияқты көрінген, ішін ақтарса, терең сыры жататын. «Мен партияда жоқпын» дей тұра, егер Россияның тағдыры туралы сөз қозғалса, оның шашасына шаң жұқтырмайтын. Россияның күшті мемлекетке айналу жолындағы кезеңді зор оқиғалардың бәрін ол мақтанып қып сөйлейтін. Орыс халқының зор адамдары туралы сөз болғанда: «Анау зор, мынау зор деседі. Ленинмен зорды тауып берші маған!..

Сондай ойдағы Анатолий Кондратьевичке, 1941 жылдың 22 июнь күні Совет Одағына шабуыл жасаған Германия армиясының күн сайын ілгері жылжуы аса қатты батты. Соғыстың алғашқы күндері «бәлем немістер сайын енді тартар!» деп оптимистік пікірде болған оның, немістер ілгері жылжыған сайын ұнжұрғасы түсіп, іштей жеңіліп бастады. «Апырау, бұл қалай?!. Не болды бұл!» деген ой, оның оянса есінен, ұйқтаса түсінен кетпеді. Бірақ, ауызы сараң Анатолий Кондратьевич, бұл ойын жан адамға айтпады.

Іштей жеңіліп жүре, Анатолий Кондратьевич жауды жеңуді арман етті, сол жеңіске, не қымбатқа болса да оның лайығы келген жоқ. Оның бір қымбаты — мынау қазылып жатқан Сталин атындағы канал еді. Бұл оның кәнір іске деген жатқан, көп уақыттан бергі қиялы да, сағынғаны, кімнің кетпен шабуға шамасы келсе, оны ең жақын досына балаған, жанына жамандық келмеуін, ісінің оңғалы болуын тілейтін. Канал құрылысындағы әрбір адамның еңбегін баға жетпестік қымбат көре тұра, әскер жасындағылар армияға кете бастағанда:

— Барыңдар, шырақтар! — дейтін болды ол, — ешқайсысыңды да қиймаймын. Әрі, сендер кеткен соң, мынау игілікті ісіміз, сөз жоқ әлсірейді. Әлсіресе амал қанша! Каналдың қазуын біз қазып, қызығын ертең жауға көрсетуге болмас. Жауды жеріміздің қумай, біз жадырап

[1] Орта Азия Соғыс Округі.

дәурен сүре алмаспыз. Барыңдар! Жауды қуысыңдар!..

Бұл сөзін ол, майданға барғысы келуін ақылдаскан жалғыз қызы Гүлнарға да айтты.

— Ойың дұрыс, қызым, — деді ол, — өздерің «біз совет әйелдері ермен тең праволымыз» дейсіңдер, сол тендікті осындайда көрсетпегенде қайда көрсетесіңдер?.. Менен ақыл сұрасаң айтарым: бар!..

Әкесінің ризашылыгын алған Гүлнар, райвоенкоматка арызын бергеннен кейін, САВО-ның қабылдауына сенді де күн бұрын көндіктіру мақсатымен, Бахытжанды Тәрбияға апарып тастады. Оның мәнін сұраған Байжанға:

— Өлсе қара жерге де қыясың ғой, — деді Гүлнар, — әкемдей болған әкемнің досы. Жеңгей де шешеміздей болған кісі. Біздің әкеміздің алданышы — біз бармыз. Олар кімге алданады? Осындайда көрсетпеген достықтың керегі не? Өртенген өзектеріне жас иіс тыныс болсын деп тастадым. Ертең балалары аман келсе, бала бізді таппай қайда кетер дейсің!

— Ол дұрыс қой! — деді Байжан мойындаған боп, — емшек баласы қалай күн көреді?

— Оны уайымдама, Тәрбия апай Бахытжанды бауырына салған күннен бері, маған білдірмей ешкі сүтін еміземі екен, саған айтқаным жоқ, бала қазір түгелімен сол сүтке шыққалы жүр.

Әкені шеше жеңді де, бала Сырбайдың үйіне барды. Гүлнардың көңілін қатайтқысы келгені сонша, көзі түссе аңсай беретін болған соң кроватының тұсындағы ілулі карточкасын да чемоданына салып қойды.

Сол жасырып қойған карточка, майданға жүруге жынналған Гүлнардың көзіне түсе кетті: ағаш кроватьтың үстінде, тысын кестелеген кішкене жастықты кеудесіне тірей, семіз денесінің буындары қарталана, бұйралау қара шашы маңдайына түсе, күлімсіреген кескінмен етпетінен жатқан бүлдіршіндей бала!.. Карточканы бетіне бір, жүрегіне бір басып, «құлыным-ай!» деген сөзді әлденеше рет түйдектей қайталағанын Гүлнардың өзі де аңғармай қалды. Онымен ғана қоймай, ол ағыл-тегіл жылап, карточканы бауырына басты да, кроватына жатып қалды...

Сол қалпында ол, солқылдап жылап көп жатар ма еді, қайтер еді, сгер әлдекімнің зілдей ауыр адыммен

үйге кіріп келе жатқан дыбысы естілмесе. Ол селт етіп түрегеп, басын көтере бергенде, бөлмеге әкесі кіре берді. Жастан долырған кескінін көрсетуге ұялғандай, Гүлнар бетін бұрып, кровать басында тұрған орамалға қолын созғанда, жүрегіне басылған Бахытжанның карточкасы сусып сәкіге түсті.

Анатолий Кондратьевич көзі қағазды көзілдіріксіз оқый алмағанмен, шалғайдағыны шалуға әлі де жыты еді. Сәкіге түскен карточканың бейнесін айқын көрген ол, «САВО-дан хабар келген екен де, баласын қыймауы екен бұл» деп жорып:

— Бала сондай қымбат па екен, балам? — деді.

Гүлнар жауап бермеді.

— Аймалап отырған бір қазаққа баласы: «Әке, мені **мұнша неге жақсы көресің?»** деп сұрапты, — деді Анатолий Кондратьевич, сәкідегі карточканы еңкейіп көтере **беріп, — сонда әкесі: «Балам, балалы болғанда білерсің»** деген екен. Сол айтқандай, балам, балажандаумысың, немеңесің өзің?

Әкесі басылмаған Гүлнар, орамалмен бетін сүрткен боп, әлі де үндемеді.

— Жап-жас боп сен қыймасаң, баланды, — деді Анатолий Кондратьевич, карточкаға қабағын қалыңдата қарап тұрып, — кәрі біз қалай қыямыз?

Гүлнар сілкініп орнынан тұра беріп еді:

— Қашан жүретін болдың, қызым? — деп сұрады Анатолий Кондратьевич.

Қайда, папа?

— Аэропортқа деймін де.

— Жоқ... папа! — деп Гүлнар саса бастап еді:

— Кескінің айтып тұр, несін жасырасың, — деді Анатолий Кондратьевич...

Қызы шынын айтты.

— Көз жасымен жауды жеңе алмайсың, қызым, — деді қарт, — берік бол енді. — Сәкіні сындырарлықтай салмақты адыммен бос орындыққа сылқ етіп отыра кетті де: — Сонымен қашан жүретін ең? — деді.

— Байкеш келген соң, — деді Гүлнар.

— Менің берер ақылым,— деді Анатолий Кондратьевич, біраз үнсіз отырғаннан кейін, — мына қалпыңмен сен, артыңа қарап алақтай бересің ғой деймін. Сәбиіне көптен бері кеуденде жыйналған сағынышыңды төгіп кетпей болмас, тегі,... Бахытжанды алғызайық.

— Жоқ, жоқ, папа! — деді Гүлнар, — кәрегі жоқ, онда маған аттану тіпті қыйын болады...

— Тілімді ал, балам, өз пайданды айтып отырмын, Сырбайдың үйіне кісі жіберейік!..

«Ойлансын» дегендей Анатолий Кондратьевич шығып кетіп, аздан кейін қайтып кірсе, Гүлнар Бахытжанның карточкасын кровать тұсына қайта іліп қойып, баланың өзін көргендей күлімсіреп қарап тұр екен.

— Алдырамыз ғой? — деп сұрады ол.

— Алдырамыз, папа.

— Ендеше, мен кісі жіберейін...

Анатолий Кондратьевич Сырбайдың үйіне кісі аттандырды да бөлмесіне кетті. Әкесінің тілі еркінсігенмен, іші уылжуын Гүлнар үйге кірген ауыр адымынан-ақ жорамалдаған; өйткені, ана жылы, сүйген жары Шаһадат өлген кезеңде ғана болмаса, жеңіл қыймылды денесі бұлай ауырлап көрген жоқ-ты... Әкесінің халіне жүгіртіе бастаған ойын, Гүлнар тез қайтарып ала қойды. «Қой, болмас ол, — деген ой кеп кетті оған, — әке де аянышты, бала да аянышты десем, тырп етпей үйде отыру керек қой, олай істемейтін болған соң, ойға қамалып қайтем!»

Күн бата Бахытжанды алып Тәрбия келгенде, Гүлнар өліп-өше қойған жоқ, жақсы көретін жекжатының бірін қабылдағандай ғана қылық көрсетті. Ойда жоқта шақырылған Тәрбияның қаупы: «Байжан әскерге шақырылған болар ма?!» еді. Осы ойын анықтау үшін, салт мініп келген боталы түйесін шөгере бере-ақ қарсы алған Анатолий Кондратьевич пен Гүлнарға: «Амансыңдар ма» ның артынан «Байжан аман ба?» деп сұрады, Тәрбия. Гүлнардың аман деуіне қанағаттанбаған оның көңілі: үйде ме? — деді. Анатолий Кондратьевич:

— Аман, Қызылордаға кетті, ертеңдер келер, — деді.

Іңірде Анатолий Кондратьевичті райком шақырып әкетті, Гүлнар Тәрбияға неге шақыртқанын сонда ғана айтты. Тәрбия «қойшы, шырағым, әжуаламай, әйел соғыска бара ма екен!..» деп отырып, әрең дегенде нанды.

— Менің хайран қалатыным, өзге емес, әкем, — деді Гүлнар, — оның жеке өмірінде менен басқа алданышы жоқ қой, сондықтан соғыска аузы «бар» дегенмен, іші қыймай ылаң шығара ма десем, бар ықласымен айтады...

— «Көң» дегенді білмейімісің, шырағым? — деп сұрады Тәрбия.

— Ол не, апа?

Ол көп қоныстап, малдың қыйымен қыртысы қалың болып кеткен жерді жұрт «көң» дейді. Көңге от түссе, оңбайды, астынан жанып, беті бұрынғы қаз қалпында тұра береді де, астыңғы көңі таусылғанда беті лып етіп қалың қойып, лезде сөне қалады. Қәрі кісінің қайғысы сондай ұқсас. Әкеңнің сондай күйікте жүрмегенін қайдан білесің?

Тәрбияның әр кезде ақыл несі деген ой басына ұялаған бұ сөзге оның мына сөзі озық ақылды біреудің аузынан шыққан сол сыяқтанды. Бет пердесі бұзылмағанмен, аяқ басуы ауырлап кеткен әкесінің хал-жайы, оған енді тіпті түсінікті болды. Сол секундта, ол өзін тағы да бір шамалап қарап, дәті бекіп ақ қалған сыяқты. Тәрбияның ауашаң шыққан сөздің салмағын ұға отыра, өзінен басқа мәдәуі жоқ кәрі әкесінің халін көз алдына келтіре отыра, «Алғанда амалым не? Отанға келген апатқа, қарлығаштай қанатымен су сеппей, бір әкені бағып қалай отырам?» деген бұрынғы тоқтамы бұлк етпеді.

Анатолий Кондратьевич үйге кешірек, іңір асы пісіп тұрған кезде келді. Оның әкелген жаңалық хабары — райкомға: «Украинадан көшірілген бір эшелон балаларды қарсы алып, орналастырыңдар» деген телеграмма кепті Алматыдан.

Эшелон кешікпей келсе керек, — деді Анатолий Кондратьевич, — балаларды орналастыруға райком комиссия сайлады.

Анатолий Кондратьевич іңірде өз бөлмесіне кетті. Тәрбияға Гүлнар:

Бахытжанды алып, өз бөлмеңізге барасыз ба? — деп еді:

Қатандықтың қалпы осы екен деп, сексеуілдей сіресе берме, шырағым! — деді Тәрбия.— Мынау кішкентайыңды, бірер күн болса да бауырыңа ұйқтат. Мазаңды кетірсе ғана мен қасыма алармын, әйтпесе жатсын. Байжан келсе өз бөлмеме кетермін, оған шейін мен де осында ұйқтаймын.

Олар соған келісті. Гүлнар Бахытжанды емшектен сүттің шетіне кіргеннен бастап, бұл жастағы балаға не қажеттігін беруді үйретпек болған еді.

Қарағым,— деген еді, сонда Тәрбия,— сен үйреткенді мен істей алмаспын, балқаймақпен асыраса, басқа да сәбидің балаға керегі жоқ.

Не дейсің, апа?

— Қаймағын алмай қайнатып қойылтқан сүт. Ең жақсысы ешкі сүті. Одан бір қасық жалатсаң, бала бір демге ас сұрамайды, сусынға түйе сүтін берсең тіпті тоқ болады...

Балқаймақ пен түйе сүтіне үйренген Бахытжан туған үйіне келген күні де осы аска тойып алды да талпынып біраз ойнап, үйдегілерді біраз отырып күлдіріп, қалғып бастады.

— Бахытжанды бауырына бас та жата гөй,— деді Тәрбия.

Бахытжанды бауырына ала кроватына жатқан Гүлнар аса бір ләззәтті ұйқыға кетті...

Ол ұйқтаганмен, Анатолий Кондратьевич ұйқтаған жоқ. Гүлнар туралы ойламайын-ақ деп тырысқанмен, төсегіне қыйсая салысымен оны қалың ой қоршап алды... Ойлаганда ше?.. Жеке өмірінде, «барлық бақытым осы» деп есептейтін жалғыз қыздан айрылу оңай боп па екен!.. Және анау-мынау айрылу ма, бұл?.. Түтеген оқтың аузына кетіп бара жатыр, одан аман келсе дұрыс, егер келмесе ше?..

Қернеген ойдан оның басы мең-зең болды, кең бөлменің ауасы жетпегендей, демі тарылып кетті. Ол төсегінде біраз аунақшып жатты да, тыпысы тарылып кеткен соң, сенделе басып тысқа шықты. Өз бөлмесіндегі Тәрбия бұл кезде ояу еді. Әлдекімнің жүрісі естілгенге, ол шапанын киіп бөлмесінен шыға келсе, Анатолий Кондратьевич екен, жүрісі аса ауыр. Оның халін айтпай-ақ түсінген Тәрбия қолтығынан демеді де, тысқа алып шықты.

— Маған осы араға төсек сап берсеңіз!— деді Анатолий Кондратьевич.

Үн-түнсіз Тәрбия үйдің көлеңке жағына салып берген төсекке, Анатолий Кондратьевич киімшең қыйсайды да, аздан кейін қор ете қалды... Байжан Қызылордадан үйіне машинамен күн шыға кеп түскенде, Анатолий Кондратьевич сол ұйқының берік құшағында еді.

Машинаны сөндіріп, шоферін үйіне жіберген Байжан, оятқысы келмеген Анатолий Кондратьевичтің қасында аз тұрды да үйге кіруге беттеді. Оны есік алдында Тәрбия қарсы алды.

— Апа, қашан келіп едіңіз?— деді Байжан, қысқа амандықтан кейін.

— Кеше кешке.

— Бахытжан ше?— деген сұрау оның аузынан еріксіз шығып кетті.

— Ол да осында, шырағым, шешесінің бауырында ұйқтап жатыр...

Гүлнар мен Тәрбияның уәдесі: Гүлнардың майданға кетуін өзі ғана естіртпек те, сондықтан, Байжанның:

— О қайдан шеше бола қалды?— деген қалжыңды сұрауына:

— Туғанның аты туған емес пе, шырағым,— дей салды Тәрбия жансақтатып...

Байжан бөлмесіне кірді.

Таң аппақ ата құрғатып салған Бахытжан да, оның ыпылстық денесінен аналық денесі тоймастық ләззәт тартқан Гүлнар да мейірленген ұйқыда екен. Соларға қызыға аз қарап тұрған Байжан білегіндегі сағатына көз салса, тоқтап қапты. Кроватының бас жағында тумбочка тұратын еді, оның үстінде Гүлнардың білек сағаты жататын, соны көргелі еппен басып барған Байжанның көзіне бүктеулі қағаздар түсе кетті.

«Бұл не екен?» деген оймен алып қараса, іңірде қоя сап ұмытып кеткен, Гүлнардың армияға баратын документтері екен. Документтерді алғаш көргенде шошып қалған Байжан, есіне обком секретарының: «Қызылорда госпиталына орналасар» деген сөзін түсірді де, жаңа ғана бүркаңған ойын жадыратып, документтерді аударыстыра бастады. Осы кезде әлденеден оянып кеткен Гүлнар, көзін кең ашып қараса, бас жағында түрегеп Байжан тұр, қолында документтері!.. Сасып қалған Гүлнар бойын тез жинай қойды да:

— Түсіндің бе, Байкеш?— деді.

— Иә!..

— Есіңде ме, Байкеш,— деді Гүлнар кроватьтан түсе беріп,— «Ең қымбат анамыз — Отан» дейтініміз?

— Есімде, Гүлім...

— Ендеше, мақұлдайсың ғой, қолыңдағы қағаздарды?..

— Ол туралы ойлануға кеш қой, Гүлім.

Көңдесіне басын сүйеп еркелей қараған Гүлнарға Байжан обком секретарының сәлемін айтып еді:

— Байкеш,— деді Гүлнар еркелей түскен кескінмен,— ең қымбат ананың шақырған жеріне — майданға барайын ба?

ҚАРБАЛАС ШАҚТА

Байжанның Гүлнарды Қызылордаға дейін шығарып салуға да қолы тимеді.

Сол күні түске тармаса келген поезбен Гүлнар жүріп кетті. Оны поезға шейін ғана шығарып салған Байжан райкомға келді де, мәжіліс жасап жатқан бюроға құрылысшыларды таратудың планын баяндады. План бойынша, бір-бір үлкен участоктерде жыйналыстар өткізіліп, тарау туралы жазылған бұйрық оқылмақ, күздігүні қайта жыйналу туралы түсініктер берілмек, бұл жұмысты орындауға ауданның барлық жауапты қызметкерлері шықпақ.

Байжан өз сыбағасына тиген участоктерді аралауға шыққанда, оның пәтерінде жалғыз Марфуға ғана қалды; Гүлнармен қоштасып қалуға Қызылордадан бүгін келген еді де, Гүлнардың өтінішімен, Байжанның пәтерін күте тұруға қалып қойған еді. Бұл ұсынысын Гүлнар Тәрбияға да айтып еді. «Ойбай, қарғам, естірте көрме, бұл сөзіңді,—деп зыр ете қалды ол,—егер мұнда қалсам, кете салысымен-ақ сен көзіме елестерсің де тұрарсың. Сонан соң мен санамен сарғайып агыл-тегіл жылаудан өлермін. Менің ретім келмейді, Марфуғаны қалдыр». Гүлнардың майданға кетуіне расында, егіле қайғырған Тәрбия, «көзден жөнелтуге дәтім шыдамас, шырағым, жөнелгеніңді көрмесем үйіңде отырған сыяқты боларсың маған, сен жөнелмей-ақ, Бахытжанды алып кетейін, көз алдында оны қалдырып кету саған да қыйын болар» деп аулына қайтып кетті.

Жалғыз қалған Марфуғаның кең пәтерге денесі сыймады. Кең кеудесіне жүрегі сыймады. Ондай халге Марфуға келмес пе еді, қайтер еді, егер маңында көңілін аулап кеңесерлік адам болса. Ондай адам маңында түгіл бүкіл Алмалықта жоқ, өз денесіне зорға ие болатын аздаған кәрі-құртандар мен солардың маңында қалған балалар болмаса, егін жыйнасуға кетпеген жан жоқ, көп үйлердің есіктері жабулы тұр... Үйінде жұмысқа жарамағандықтан ғана отырған кейбір кемпір-семпір келе қалса, Марфуғаның қайғысын жеңілдету орнына, майданға кеткен жақындарын айтып, кейбірі «қара қағаз» алғанын айтып ауырлатып жібереді. Ондайлармен жолығудан Марфуға қашатын болды...

Марфуғаның сондайлық ауыр күндерінің біреуінде, қалың бұлтты жарып шыға келген айдай болып, үйіне Айбарша келе қалды. Астық жыйнасу науқанында жүрген оның жолы бұл пәтерге әлдеқалай соқты... Бұл жолы қайғыдан емес, қуаныштан ағыл-тегіл жылаған Марфуғаны Айбарша әрең дегенде уатып, екеуі ас даярлауға кіріскен еді, телефон шылдырлады, Айбарша тыңдаса Рахмет екен.

— Мен де егін өлкелерінен жаңа ғана келіп ем,— деді ол,— салт келе жатқан сені терезеден танидым. Мұнда тез келіп кет!

Айбарша ас даярлап жатқанын айтып еді:

— Оны қоя тұр,— деді Рахмет,— тез кел, қуанышты хабар бар.

— Не хабар?— деп еді:

— Келмей айтпаймын,— деді Рахмет.

«Қуаныш» деген сөз-ақ, Марфуға да «тиз гінә бар, қызым, тиз гінә!» деп жай таптырмады.

Райкомға барған Айбарша, зор қуаныштың үстінен шықты: оның атына Дәулеттен жаңа ғана телеграмма келіпті, «Ташкенттен майданға беттеп бүгін шығамыз, біздің үйге хабарлауыңызды өтінем» деп жазыпты. Телеграмманың Ташкенттен берілген сағатына қарағанда, Дәулет бұл арадан ертең өтпек.

Дәулетті сағынып жүрген Айбарша бұл хабарға шектен шыға қуанды. Бұдан бұрынғы хаттарына қарағанда, Дәулет Ташкентте танкистер курсында оқып жатқан. Енді Ташкенттен қозғалса, әрине, майданға беттеуін, оған жүретін шамырлай қалғанмен, Айбарша ақылға жеңгізді де, бір көруін дүниеге балады.

Қуанышты Айбарша, райкомдағы қызметін бітіріп болып, Рахметті Байжанның үйінде пісіріліп жатқан тамаққа шақырды. Оған ризаласқан Рахмет, Сырбай мен Тәрбияға кімді хабаршыға жіберуді ақылдасты. Өзі барғысы келген Айбаршаға:

— Оның реті келмес,— деді Рахмет,— біздің ауданға тоқтағалы келе жатқан балалар эшелоны бүгін кешке мұнда жететін хабарын алдым, сен комиссияның мүшесісің, ішінде болуың керек. Хабарға қарағанда, балалар аса жүдеп келе жатқан сияқты, оларды қабылдау жұмысы жеңіл болмайды.

Сырбай мен Тәрбияға Дәулеттің келетін хабарын жет-

кізуге астан кейін Айбаршаның атын салт мініп Марфуға кетті.

Дәулет армияға аттанғалы, Марфуғаның Кеңтоғайға бұл бірінші келе жатуы да. Қатнасқан кісілер Сырбай туралы «сексеуілдей сіресіп қатқан қалпынан жібір емес» деген хабарды ғана әкелетін де, Тәрбия туралы, біреулер «санадан сарғайып өлетін» десе, енді біреулер «басы жұмыр пенде емес пе, көндігіпті» десетін... Сырбайдың егін басында жүргенін Марфуға естіген. Тәрбияны жұрт «үйінде» дескен. Сол үйге жеткенше Марфуға әр ойдың шырмауында келді. Ең алдымен: «менің барғанымды қош көрсе дұрыс,— деп бір ойлады ол,— егер қош көрмей, бұрынғысындай қырын қараса қайтем?» Олай ойлайтыны, Гүлнарды қызына санайтын ол, Бахытжанды жиені көріп, Тәрбиядан қызғанатын, сол қызғанышын ол сездіріп те алып, бір ретте екеуі ренжісіп те қалған. «Бір есептен қырын қарамас та,— деп жұбатты Марфуға өзін біраздан кейін,— бауыр басып алған баланың менен енді несін қызғанады?..». «Сол баланы алданыш көріп отырса дұрыс-ақ қой,— деген де ой келді оған,— өйтпей, өз баласының қайғысымен басы қатып, бөгде баланы күтімсіз ұстап отырса қайтем?..» Соңғы ой көңілін көбірек тоқыратқан Марфуға, егер Бахытжан күтімсіз болса, үйіне алып қайтуға бекінді.

Марфуға сол ойда бара тұрсын, Тәрбияға оралайық. Гүлнарды жөнелтіп сап, Бахытжанды апарған күннің ертеңіне оған Айбарша келді, сол кеште Дәметкенге бір лағын сойдырып, Тәрбияны Айбарша қонаққа шақыртты да, қайын-енесін де, шешесін де қалжыңы аралас ол-пұлды айтып көңілдендіріп алып бір сәтте Тәрбияға:

— Әпке, мен саған өкпеледім,— деп баяғы еркелік салтымен бұртаңдап алды.

— Неге?— деп сұрады, екі шеше қосынан.

— Дәукеш айтқан жоқ па еді, әпке, саған,— деді ол,— «соғыстан аман-сау келсем, сенен бір-ақ нәрсені сұраймын, ол — біздің қораға тігілген жеміс ағашының отыз түп шыбығы өз қолыңнан өсіп тұруы, осыны істемесең өкпелеймін» деп?..

— Айтқан!— деді Тәрбия.

— Ендеше, уәдеңді орындаған жоқсың, әпке,— деді Айбарша,— суарып тұрмаса жас ағаш құрап қалмай ма? Сен Дәукеш кеткелі суармапсың. Арықты шаң басып, бі-

толуге айналыпты. Шыбықтарыңды қуратып алсаң, ертең балаң келгенде не айтасың?

Сол күннен бастап Тәрбия Дәулет армияға кеткелі күтүсіз тұрған бақшаны қолына алды да, оны ермек қып жүрген огородпен қатар күтті.

Сырбайдың үйіне Марфуға Тәрбияның осындай жұмысымен шұғалданып жүрген кезінде келді. Ол қазақтың ғұрпын да, тілін де жақсы білетін еді. Оған, әсіресе, ескі қазақтардың ырымшылдығы таныс. «Жақсы лепес — жарым ырыс» дейді қазақ. «Жылы-жылы сөйлесе, жылан ішнен шығады» дейді. Жылы сөзді, жақсы лепесті ырымшыл қазақтар жақсылықтың хабаршысы көреді. Марфуғаның өзі де сондай ырымшыл.

Осы ғұрыпты білетін Марфуға, Алмалықтан Кентоғайға аттанып келе жатып, «мен ғой,— деп ойлады ішінен,— Сырбай мен Тәрбияға, Дәулеттің соғыска қарай аттанып бара жатқанын хабарлауға келемін. Оларға бұл хабар, сөз жоқ, үлкен уайым болады ғой, онсыз да уайымдағы адамдарды мазаламайын, Дәулеттің қайдан келе жатқанын, қайда бара жатқанын білмеген болайын. Қайда бара жатса да, баласын көру оларға сүйініш қой, ендеше сүйінші сұрап барайын, жақсылыққа ырым бола берсін».

Сол ойға бекінген Марфуға, қора ішінде жұмыста жүрген Тәрбияны анадайдан көріп таныды да, атын тебініп жіберіп ашық қақпаға шоқыта кіре беріп, бар даусымен:

Уа, сүйінші, сүйінші!— деді.

Өгіздерді еңкейіп жыйнастырып жүрген Тәрбия, кенеттен шыққан даусқа селт етіп жалт қарады да, Марфуғаны танып кетті.

Сүйінші, Тәрбия, сүйінші!— деді, Тәрбияға таяна берген Марфуға.

Қалағанын сенікі!— деді, жүрегі аттай тулай бастаған Тәрбия.

Дәулет киле, Дәулет!— деді Марфуға, аттан түсе беріп.

Қайдан?— деді Тәрбия.

Әй, құдайым,— деді Марфуға әдейі момақансып,— оны өзі ни, аның қайдан киләрін?.. «килә» ди, минің бар ішкі ойым...

Хабаршының атын Тәрбия енді ғана таныды...

Хабарша қайда?— деп сұрады ол.

— Байжанның квартирасында, Рахмәт та шунда, сиңа тиз килсін диділәр...

— Дәулет соғысқа жүріп бара жатқан жоқ па екен?

— И-и алла,— деді Марфуға сасқалақтап,— нәрсә бу, миндән судья шикіллі су-әл қылғаның?.. Айттым бит, Айбаршалар жібәрді дип, башқасын білмәдім, Айбарша «шүйінші» дип баргын диді, анден үйладым, яхшылық икән дип...

— Аузың періштенің аузы болсын! — деді, әрі қарай қазбалай беруге ыңғайсызданған Тәрбия,— кәне, үйге жүр!

Марфуғаны ертіп Тәрбия үйге кірсе, төрге ұйқытатқан Бахытжан оянып, есікке қарай еңбектеп келеді екен. Тәрбия оны көтеріп алды да, бетінен бір сүйіп, үйдің ішін қаракөленкелеп тұрған терезенің пердесін ашты. Терезеге тура түсіп тұрған күннің сәулесінен үйдің іші жарқырап кетті. Марфуғаның Бахытжанға көзі түссе, бала недәүір өзгеріп қапты: реңі қоңырланыпты, денесі сомдана, өсе түсіпті, кеше шешесін аттандырғанда ғана кімге тартқаны белгісіз ет-жеңді беті, қазір айқындаңқырап, әкеге қай жері, шешеге қай жері тартқаны біліне бастапты.

Бахытжанға қарап тұрған Марфуғаның сүйгісі кеп, аузын тамсана қалды. Оны сезген Тәрбия талпынған балаға:

— Э, нағашыңды сағынайын деп пе ең? Бара ғой, ендеше!— деп ұсынды.

Бала қолына келгенде, Марфуға көзінде мөлдірей қалған жасты сығып жіберіп, екі бетінен кезек-кезек құшырлана сүйді де:

— Ал, әниіңә бар әлі!— деп Тәрбияға қайтып берді.

— Бұрын қызғансам, енді қызғанбаймын,— деді Тәрбия, баланы қолына ала беріп,— бір тәуекелге тапсырып отырғанмен, менің қолым құрғақ емес, Дәукенім бар, сенде ондай таяныш та жоқ, бағыңа қарай күтетін үйге кездесіп ең, оның жайы әзірге бұлай боп тұр. Соны ойлап, міне, тілеулі үйімде тұрмын ғой, құдайға нансаң қазір сені аяймын.

— Рахмәт,— деді Марфуға.— Біз яшаған кіші, илаһи, балалар бахытты, ғұмырлы булсын инді!..

— Айтқаның келсін,— деді татарша сөзге еркін түсінбейтін Тәрбия, Марфуғаның айтқандарын жобалап қана түсініп,— баяғы заман жоқ қой, «сен ноғай, мен қазақ» деп таласатын... Ол түгіл, «сен көпір, мен мұсылман» деу

де қалды ғой қазір. Керегі де жоқ қой, соның... Мысалы, ескіше қарағанда, Анатөл кәпір, ендеше оның қызы да кәпір. . Солай екен деп, біз оны бұрын-соңды көрдік пе?

— Алла сақласын, туған кібік яхшы курәбіз... мінә, кулыңда тұра бит, шул кияфр қызыңдан туған малаң, оны сіз мұсылман малайына бирәсіз мі?..

— Бірі түгіл, мыңына берер ме екем!..

— Біз коммунист түгіл,— деді Марфуға,— алай да, коммунистлар михнәткәш адам баласын бір правода курә, мінә мин анысын ифрат дәрәжәдә яратам. Кияфрмы ни, мусулманмы ни, кимдә кім яхшы булса, аны яратасын бит!.. Суңа курә, бу Бахытжанны икібіз дә яратабыз...

Марфуға аржағын айта алмай, кемсеңдеп, бетін алақанымен басып отыра қалды да, өксіп-өксіп алды. Тәрбияның да көзінен жасы шығып кетті.

Марфуғаны уатқан Тәрбия тысқа шықты да, Сырбайға бала жіберіп, өзі қонағына шай қойып, ет асты.

Шай ішіліп болған кезде, бала да оралып келіп қалды.

— Шал келмейді,— деді бала,— егіннен босана алмаймын дейді. Дәметкенді де жібергісі келмеп еді, ол көнбей келе жатыр.

— Егінде басы қалсын, басы қалғырдың!— деді Тәрбия кейіп,— жалғыз баласынан егін қымбат болған ғой, оған!

— Узің барып кил әлі!— деді Марфуға.

— Тас сияқты емес пе ол,— деді Тәрбия,— қыйсайған жағынан түзеле ме ол? Асты ішейік те, жөнелейік.

Асып қойған тамақты түсіріп бермеуге Тәрбия ұялды, жемеймін деуге Марфуға ұялды; сондықтан ғана, еттің шүйіне қарағаң ексуі, әзір ғана татты да, Марфуға атына, Бахытжанды қолына алған Тәрбия түйесіне мініп, ексуі жүріп кетті.

Олар Алмалыққа ымырт жабыла кеп, Байжан үйінің алдына тоқтаған кезде, үйден біреу шыға келді.

Бұл кім еді?— деп күдік етті Тәрбия.

Менмін, апай!— деп үн қатты Байжан.

Алмалыққа жақындағанда оянған Бахытжан, түйенің төмен аяндауын ұнатпағандай ыңырсып келе жатыр еді. Ұлы дауысты естіген Байжан, сағынған баласын көтеріп алып кеп, түйені шөгермек боп еді, жолшыбай жортынғысы келмейін келген түйе «аф!» деп бір ақырып қап, Байжанның бетіне былш еткізіп жынын шашып жіберді.

«Ақылдан» гөрі тентегірек қой мына түйе,— деген

Айбаршаның қалжыңды даусы естілді қараңғыдан,— жездесін сыйламағаны несі?!

Байжан бетіне баттасқан қоймалжың жынды, алақанымен сыпырып тастап, «шөк!» деп түйенің тығырығынан төмен қарай жұлқып-жұлқып қалды. Аяқтарын бүгіп шөге бастаған түйенің үстіндегі Тәрбия, баланы Байжанға ұсына берді.

— Баланды ніскесем қызғанып жүрме, Тәке![1]— деді Бахытжанды көтеріп қолына алған Байжан, ніскегісі, сүйгісі кеп.

— Інісін кісі сүймей ме екен, шырағым,— деп қалжыңдады Тәрбия,— ніскемек түгіл сүйсең де рұқсат.

— Ә, ендеше...— деп Байжан, баланың түнгі самал үрлеуден сап-салқын боп тұрған екі бетінен кезек-кезек сүйді де,— алыңыз, Тәке!— деп, Тәрбияға қайтып берді.

— Е, бәрекелді!.. Неге ғана барады сондай қорқыныштың жерге?

— Ол сондайды тілеп кеткен кісі емес пе?

— Япырай, аман келсе жарар еді, бишара!— деп Тәрбияның көзіне жас алғаны, оның даусынан сезілді.

— Балаң келе жатыр деді ме? — деп сұрады Байжан Тәрбияны көңілдендіргісі кеп.

— Иә, шырағым,— деді Тәрбия көзін сүртіп.

— Соғысқа кеткен, я соғысқа бара жатқан адам туралы көзге жас алуға болмайды, Тәке. Қан майданның ішіне кірген соң, әр жағдай кездеседі. Тек, жандары аман болсын деп тілейік.

— Иә; шырағым, бәріміздің де тілегіміз осы.

— Сіздер үйге кіре беріңіздер. Мені райком шақырып еді, тез оралам.

— Бар, шырағым.

— Мә, кілт!— деп Байжан есіктің кілтін Марфуғаға беріп, өзі жөнеле берді.

Амандықтан кейін, «тез ораламыз» десті де Байжан мен Айбарша райкомға кетті.

Олар барса, райкомда бюро мүшелері түгел екен және ауданның бірнеше қызметкерлері бар, мәселе эвакуацияға келе жатқан балаларды орналастыру туралы екенін, жаңадан келгендер Рахметтің сөзінен аңғарды.

— ...Балалар негізінде Тартоғайдағы мектеп пен иелері Кентоғайға көшіп бос қалған үйлерге орналасады,—

[1] Тәрбияны ол «Тәке» дейтін.

деп жалғастырды Рахмет сөзін,— аса жүдеп қалған балаларды тазаландыру үшін Алмалықтың больницасына саламыз. Колхозшылардан да тәрбиесіне бала алуды тілеушілер бар көрінеді, меніңше, оларға беру қажет қой деймін, комсомолецтердің күшімен оларды көбірек ұйымдастыру керек...

— Кешіріңіз,— деді Айбарша түрегеп,— егер берілетін болса, қанша бала болса да ие табылатын, жүзден аса бала осы Алмалықтың өзіне сыятын, ол туралы аудандық комсомол комитеті тиісті шараларды қолданып жатыр.

— Өте жақсы,— деді Рахмет,— ал, Бектасов жолдас, сені тығыз шақырған себебім: балаларды қабылдауға жететін машина бар да, горючиі аз. Транспорт жұмысын басқаратын кісілеріңе сөйлесіп көріп ем, сенсіз маңына да отырғызар емес, тіпті Самарқанды да тыңдағысы келмейді!..

— Онысы дұрыс та,— деді Байжан күліп,— қолында «аса қажетті материалды тасуға, менің ғана тапсырмаммен жұмсалсын» деген бұйрығым бар, горючиді олай ұстамауға болатын емес, әр тамшысы балдан қымбат... Сонда да, мынадай жағдайда бермей болмас, оған уайымдамаңыз, ал, орналастыруға жай жетпесе, менің пәтерім бос тұр, ол да комиссияның қарамағында болсын...

Бүгін түнде келетін эшелонды қалай қарсы алу туралы бюро қаулы алғаннан кейін, өзгелер тарағанда, Айбарша Рахметтің қасында іркіліп қалды да:

— Аға, деді оған, мен жұмсауыңыздан бас тартпын кісі емеспін ғой. Ол менің азаматтық және комсомолдық міндетім. Ол маған Тартоғайға баратын балаларды орналастыруды жүктеуші еді. Көңіл көзіңше сөзіңізді қайтаруға ұялдым. Дәулеттің қашан, қай эшелонмен өтері мәлімсіз, бүгінгі түннен бастап, ертеңгі түнге дейін өтетін эшелондардың біреуінде болуы сөзсіз, оған жолығу үшін бір сөткедегі эшелондарды көзден түгел өткізу керек. Оған жолықпай қалуым мүмкін емесін сізге айтудың қажеті жоқ. Оның келуімен балалар эшелонының келуі қарбалас болғалы тұр, мен балалар жұмысымен жүргенде Дәулет өтіп кетсе қайтем?

Қыйын сұраудың жауабын таба алмаған Рахмет, ресми жауап беріп:

— Бюроның қаулысын мен бұза алам ба,— деді.

— Өзіңіз ойланыңызшы,— деді Айбарша мұңайған кес-

кінмен,— бұл жолығудың не жолығу екенін!— Айбаршаның көзіне жас жыйналып қалды.— Ойланызшы өзіңіз, осыдан кейін көрісеміз бе, жоқ па?

Жасқа булыққан Айбарша сөзінің аяғын әрең айтып, бетін басып диванға қыйсая кетті.

— Сен осындай жасық па едің, жолдас комсомолка,— деді Рахмет уатпақ боп,— майданға аттанғанның бәрі өле берсе, тірі қалатын кім?

— Өзімнің жүргка айтатын үгітімді, сіздің маған айтпауыңызды өтінем!— деді Айбарша басын көтеріп ап, жас шайған бетін сүртіп.— Менің сізден өтінішім — Дәулетке жолығып қалуға рұқсат етіңіз!

— Жақсы!— деді Рахмет аз ойланып,—бәріміз де вокзал басында боламыз ғой, балалар бұрын келсе оны қабылдаймыз, Дәулет бұрын келсе оны қабылдаймыз. Балалар кеп, Дәулет келмей қалса сен күтерсің...

Вокзалға балалардың эшелоны түнді еңсере жетті. Бастап әкелген — Наталия Остаповна Полещук деген қыз екен. Оның қысқаша айтқан мәліметіне қарағанда, балалар аса азып-тозып келеді екен. Аудан адамдары балалардың хал-жайымен танысқаннан кейін, Наталия Полещук олардан эшелонды таңертеңге шейін шеткері жолға апарып қоя тұрып, алғашқы қажет жәрдемді ғана беруді, орналастыруға таң ата кірісуді өтінді. Аудан адамдары Наталияның өтінішін қабылдап іске кіріскенде, Айбарша оған Дәулетті поездан күтетін жайын айтып, Наталиядан рұқсат алды.

Поезды күткен Айбарша станцияның перронында ерсілі-қарсылы жүрді де қойды, қасына Тәрбия мен Дәметкен ерді... Ерсілі-қарсылы ағылып жатқан соғыстық составтардың көптігінде есеп жоқ, бес минут сайын біреу өтеді десе бар! Көпшілігі тоқтамай өтіп жатыр!.. Дәулет солардың біреуімен өтіп кете ме деп күткендерде зәре жоқ... Тоқтап өткен эшелондарда көрінбейді... Сұрастырса біреулері жөндерін айтпайды... біреулері қалжың қылады...

Сөйтіп, Айбаршаның да, оның қасындағылардың да шыдамы қатты бұраған домбыраның шегіндей үзілуге жақындағанда, күткен жақтан таң сарғая эшелон кеп тоқтай қалды. Әр вагоннан әскерлер қаптап түсе бастады. Айбарша және оның серіктері қаптай түсе қалған әскерлердің арасына көміліп кетті. Бұл составтағы әскердің көбі өзбектер, тәжіктер, қазақтар екен... Солардың арасынан Дәулетті іздеп таба алмай сасқалақтаған Ай-

барша, қасындағыларын тастай беріп, ерсілі-қарсылы жүгіріп еді, таба алмады... Алқынған оның өкпесі аузына тығылып, халі бітуге таянды... Сол кезде поезды жөнелтетін қоңырау да қағылып қалды.

Шыдамынан айрылған Айбарша жылап жіберді де, бар даусымен «Дәулет!» деп айқай салды. Оның бұл даусы аса тұрпайы естілді білем, маңындағылар шошығандай шегініп кетісті. Поезд қозғала бергенде:

— Дәулет!— деді Айбарша, бұрынғыдан да қатты айқайлап.

— Әу!— деген дауыс құлағына сап ете қалды оның.

Дәулеттің даусы сыяқты естіліп кетті мынау үн... Ол ептіккен әлсіз дауыспен тағы да: «Дәулет» дегенде:

— Әу! Айым!— деген дауыс естілді, қозғалған поезға сапырыла мінген көптің арасынан.

Біреулердің қаққанынан ба, әлде күші таусылды ма, дауысқа қарай жүгірген Айбарша құлай бергенде, біреу құшақтай алды. Демін әрең алған Айбарша көзін төңкере ашып қараса — Дәулет!..

Тілге келуге дәрмені жоқ Айбаршаны, Дәулет көтеріп алды да, жөнеліп бара жатқан составқа қарай жүгірді. Ол жанасқанша поезд қатты жүріп кетті. Жан ұшырды ма, әлде жүйрік пе, Дәулет бір вагонға кеп асылғанда, есік алдында қарап тұрған бірнеше жауынгер Дәулет пен Айбаршаны көтеріп алды... Айбарша талықсып кетті.

Ол есін жыйғанда, поезд Қызылордаға жақындап қалған екен. Дәулет Алмалықта Тәрбия мен Дәметкенге де жандасын үлгеріпті, көптің ішінен үшеуі Айбаршаны таба алмапты...

Ал ұлықтың ішінде Дәулет Айбаршаға өзінің қалайша танкист болғанын да айтып үлгерді, ауыл жағдайын да сұрап үлгерді. Ол қазір кіші лейтенант екен, танкті басқарады екен...

Қызылордаға тоқтаған эшелон көп тұрған жоқ. Аз уақыттың өзі де қалай тез өткенін Айбарша білмей қалды. Бәрі майдан болғанмен, жігіттердің көңілі көтеріңкі, бақ-қаны әзіл-оспақ, ойын-күлкі, ән-күй... Сондай өмір өзіне еліктіргендей, Дәулет ауылдағыдан әлдеқайда сауықшыл боп кеткен сыяқты... Әскерлік кимде оның денесі Айбаршаға ауылдағыдан сұлулана түскендей көрінді... Кескіні де көріктене түскен сыяқты. Солардың бәріне көңілі тойған Айбарша, сондай жары барлығына іштей болса да өмірінде бірінші рет мақтанды!..

Поезда жөнеліп бара жатқан Дәулетке күлімсіреген кескінмен қолын бұлғап тұрған Айбаршаның мақтанышы кеудесіне сыймады...

Жетінші тарау

АЖАЛДЫҢ ДАРУЫ

Украинадан Алмалыққа балалар мініп келген эшелонды станцияның жырағырақ, өткінші составтарға бөгет болмайтын бір тұйығына орналастырып, әр вагонды аралап, балалардың хал-жайын біліп жайғастырғаннан кейін, Рахмет қасына ерген адамдарды, эшелонның қызметкерлерге арналған вагонына алып кірді де Полещукпен бүгінгі түннің жағдайын кеңесті.

— Сіздер,— деді ол, эшелон қызметкерлеріне,— өте шаршағансыздар. Бүгін жақсылап тұрып тыныңыздар. Эшелон күзетін жергілікті адамдарға тапсырайық. Жалпы жауапкерлік Аққожаев жолдаста болады,— деп Рахмет қолымен Самарқанды нұсқады,— күзетші врач боп бұл кісі қалады,— деп, аудандағы больницаның директоры, қарт фельдшер Бекпенді нұсқады.

Осыған олар келісіп, түнгі күзеттің тәртібін анықтағаннан кейін әркім орнына тарағанда, Рахмет пен Самарқан Наталияны вагонына шығарып салды. Вагон алдына кеп қоштасарда:

— Жолдастар,— деді Наталия,— расымды айтсам, осы вагонға кіруге мен қорқып тұрмын!

— Неге?!— деді Рахмет.

— Вагонда дизентериямен ауырып келе жатқан балалар барын, көбі нашар халде екенін көрдіңіз. Солардың ішінде менің кішкене інім барын сізге айтқан жоқ ем, со баланың қазір өлі я тірісіне көзім жетпей тұр...

— Онда тағы да кірейік!— деді Рахмет.

— Жоқ, жоқ,— деді Наталия.— Кіргенде не істейсіз, врач емессіз және көрсеніз қорқасыз да.

— Мана қорықпағанда, енді неге қорқам? Қайта кіреміз де көреміз, қажетті шара қолданамыз. Бастаңыз, Бекпен ағай!..

Бекпенге ерген Наталия вагон баскышына көтеріле беріп құлап түсе жаздады, Самарқан оны вагонға қолтықтап әрең шығарды.

— Мана қайнатқан күріштің суын ішіп пе еді?— деп сұрады ол коридорға кіре бере.

— Ішкен,— деді Наталия.

— Ендеше сауығады.

— Әрине, сауығады,— деді Наталия мен Самарқанның сөздеріне құлақ салып келе жатқан Бекпен,— қайнатқан күріштің суы дизентерияның мың да бір емі...

— Міне, осында!— деді Наталия бір купенің алдына тоқтап, өзінің киргісі келмегендей шегіншектеп.

Купедегі май шам таусылуға айналып, іші көлеңке екен. Рахметтің қалтасында электр фонары болушы еді, соны жағып, полкада шалқасынан жатқан баланың ашық бетіне тосса, өңі өліктей боп-боз!.. Өлі-тірісін білмеген Рахмет баланың шеке тамырын ұстап көрсе, бүлкілдеп соғып жатыр!.. Қуанып кеткен ол:

— Өте жақсы, жолдас Полещук,— деді құлағына сыбырлап,— тұк те етпейді, іініз!..

— Әрине, тұк те етпейді,— деді Бекпен де баланың тамырын ұстап,— мандайы тершіп жатыр екен, тамыры жақсы соғады. Мана өте әлсіз еді... Күріштің жәрдемі тигені көрініп-ақ тұр...

Наталия да баланың тамырын ұстап көрсе, соғуы жап-жақсы, сүйектерінің жіктері ырсыйып тұрған басынан, шып-шып тер шыққан!.. «Өлмес» деген сенім оның басында енді ғана тұтанып, аласұрған жүрегі қалпына келе бастады.

Баланы оятып алмайық!— деді Самарқан оған сыбырлап, коридорға шығайық.

Маған енді рұқсат етіңіз!— деп, коридорға шыққан Наталияға Рахмет қолын ұсынды.

Сіздерге не қылыс айтсам лайық болатынын білмей де тұрмын, деді Наталия қолын беріп.— Комсомолдық жүрегіммен мың мәртебе рахмет!.. Бұл өзімнің ғана емес, эшелондағы бар баланың атынан айтқан алғысым!..

Жатыңыз, тыныгыңыз, күзетке уайым жемеңіз, балаларды ең үйлерінде жатқандай көріңіз!..

Олардың жөнеле бергенде, Самарқан іркіліп қалды.

Сіз де шығыңыз,— деді Наталия оған,— таңертең келерсіз.

Купеңізге кіруге енді қорықпайсыз ба?

Жоқ, енді қорықпаймын, барыңыз!..

Мен, мен эшелонның күзетінде болам. Жолыққан-

ша қош болыңыз!— деп Самарқан қол алысты да шығып кетті.

«Не деген жақсы адам!— деп ойлады Наталия, Самарқанды вагон есігінен шыққанша жөнелтіп сап, қызмет вагонына қарай қараңғы түнде көлеңке тәрізденіп кетіп бара жатқан бейнесіне есіктен қарап тұрып.— Не деген жақсы адамдар бәрі де!.. Біздің Отандағы ұлттар достығының айқын бейнесі де бұл!..».

Көңілі жадырағандай болған Наталия орнына кеп қалғыйын деп еді, қалғый алмады. Оның көз алдына аз өмірінде көргендерінің, әсіресе соғыс басталғалы көргендерінің бәрі елестей қалды...

Наталия әкесі Молдавия республикасының орталық қаласы Балтада тұратын етікші украин еді. Наталия 1920 жылы туды. Ол үш жасқа қарағанда әкесі өліп, үй шаруасынан басқа кәсіп қолынан келмейтін шешесі Житомир қаласында жұмысшы боп істейтін ағасының қолына көшіп барды. Наталияны балалар үйіне, шешесін кір жуатын жерге орналастырды.

Наталия балалар үйінде жүріп, он жеті жасында орта мектепті бітірді де, Киевтегі ауыл шаруашылық институтына түсті. Институттың екінші курсынан басталатын студенттердің тәжрибе жұмысында, Наталия Днепрдің Киевке жақындау бойындағы егін шаруашылық совхозына баратын болды, осы совхозда оның күйеуге тиген шешесі мен одан туған кішкентай Сашка тұратын еді, оны Наталия жанындай жақсы көреді...

Ұлы Отан соғысы басталғанда, Наталия институттың соңғы курсының экзаменін өте жақсы бағамен тапсырып жатыр еді. Сол күннен бастап немістің самолеттері Киевті үздіксіз бомбалады да, институттың оқуы жабылып, Наталия совхозға кетті. Ол барса, немістің бомбалары совхоз орталығының тас-талқанын шығарып, адамдары ағаш арасына босып кетіпті, Наталияның туысқандары тұратын үй де қыйрап қалыпты, жандарының қайда екенін ешкім білмейді. Оларды іздестірген Наталия, бірнеше күннен кейін інісі Сашканы әрең тапты, өзгелері жоқ...

Бұл маңайды жау қоршап әкеткенін көрген жұрт партизан отрядын ұйымдастыруды, балаларды тылға жіберуді ұйғарды. Жыйнай келе бала саны көбейіп, әлденеше жүзге жетті. Балаларды тылға Наталия Полещук алып шықты. Үкімет комиссиясы бұл топ баланы Қазақстанға жіберуге ұйғарып, басқарып апаруға Полещукті тағайын-

дады. Жол азабын шеккен балаларды Қызылордаға жеткізу Наталияға оңай болған жоқ. Жолшыбай олар жау самолеттерінің бомбалауына да ұшырады, әлдене бір станцияларда іркіліп қап, азық жетпей ашықты да. Осы азапта, шығынға ұшыраған балалар да аз болған жоқ... Рахмет қоштасып кеткеннен кейін Наталияның ұйқысы ашылып кетуі, соғыс басталғаннан Қызылордаға келгенге шейінгі осы көрген азаптарын көз алдына келтіріп, жаны түршігуде еді.

Ауыр ойдағы Наталияның есіне бір кезде Днепр түсіп кетті.

Днепр!..

Недеген жылы сөз бұл, Наталияға!..

Бұл өзенге ол Житомир қаласының он жылдық мектебінде оқып жүрген кезінде-ақ ғашық болған. Оның көңілінде мұндай ғашықтықты ұялатқан Гогольдің сыйпаттуы да. Сол сыйпаттауды оқығанда, «шіркін, көрсем-ау!» деп арман еткен ол. Осы арманына ол жетіп, студенттік шақтарының бәрін құмартқан Днепрдің жағасында өткізді; көздің жасындай мөлдір суында талай қаздай қалқып жүзді, жасыл шалғынына талай аунады, тоғайын талай кезді, жидегі мен бүлдіргенін талай терді, тоғайын жаңғырықтыра, талай рет ән шырқады!.. Сондай сүйген Днепрден, жау қумаса, ол сүйресе кетер ме еді!..

«Өмірімді осының жағасында өткізермін» деген Днепрден неміс басқыншыларының екпінімен еріксіз кеткен жоқ па ол!.. Сол сырғумен Сырдария өзенінің жағасына кеп бір-ақ тоқтаған Наталияның, жау қолында қалған елін еске түсіргенде, ең зор сағынатыны — Днепр. Днепрді ол жау қолында қалған, тағдыры мәлімсіз анасынан да артық сағынады. Ойына Днепр түссе, көз жасына ие бола алмайды...

Орынбордан шыға, әсіресе, Қазақстан өлкесіне кіре, Днепрді ол бұрынғыдан да артық аңсады... Барлық сабақтан өз теңдестерінің алдыңғы қатарында жүретін Наталия, география сабағына шорқақтау еді. Сондықтан, бұл сабақты оқығанда Қазақстан туралы оның есіне түскені —«дала... құм...» ғана болатын. Балалар эшелонымен Ақтөбе облысына кеп кірген ол, ұшы-қыйырына көз жетпейтін таусыз, ормансыз, құйқалы өсімдіксіз, жапжазық даланы көргенде, «рас екен ғой, дала... құм... деген сөздер!» — деп ойлады.

Дала!.. Кең дала... Ормансыз, бетегесіз дала. Өсімдік

дегені, өрт жалаған жердің шөбіндей түбітсіз, сирек, қатқыл... Темір жол станцияларында ғана болмаса, бұл далада ел де жоқ сияқты...

Эшелонда келе жатқан жасамыстау бір әйел:

— Бұл республиканың талай жерін кездім, оның тоғайлы, қалың бетегелі, асқар таулы, шалқар көлді, мөлдір өзенді жерлері де бар,— десе, мына жаланаш даланы көрген Наталияның нанғысы келмейді.

Шөл далаға қарауға көзі талып, іші пысқан Наталияның ендігі көруге құмартқаны — Сырдария өзені болды. Орта Азияда мұндай өзен барын ол біледі. Оның ұғымында: «Өзен дегеніңіз мақайы жайқалған шалғын... Миуасы салбыраған тоғай... Сырдарияны да сондай болар деп ойлап келген оның көңілі, маңына келгенде су сепкен оттай сөне қалған сияқтанды. Зымырап келе жатқан поезд анда-санда, өзеннің имиген тұстарын жанап өтеді, ол тұстар Наталияға өзен емес, өзектене біткен көл ғана сияқтанады... Өйткені, ол маңда тоғай да жоқ... шалғын да жоқ... тек, Қармақшы станциясынан өткен соң ғана, қамыс өскен саяңдар ұшырасады... Сырдың осындай бейнесін көрген Наталия, «бұл жақтың өзені мынау болса,— дейді ішінен,— Днепрдің садағасы кетсін!.. Шіркін, Днепр-ай!..»

Алмалық станциясында Днепрді қиялдап жатып, таң біліне, қалай қалғығанын Наталияның өзі де сезбеді... Осы тәтті қиял түсіне де жалғасып, аса бір әдемілікте-рдің ішіне сүңгіген ол, сол қалпымен ұйқтай берер ме еді, қайтер еді, егер әлдекімдердің күбірлескен даусы оятып жібермесе.

Оянып кеткен Наталия көзін ашып, басын көтере түрегелсе, түндегі карт фельдшер — Бекпен екен, қасында Рахмет, Самарқан, Айбарша және қазақы киінген мосқал әйел тұр. «Інім не халде екен?» деген ой кеп кетті Наталияның басына. Жүрегі су ете қалған ол үрейлі кескінмен басын төсегінен көтергенше, Бекпен ояу жатқан баланың қасына барып тамырын ұстады да:

— Айттым ба, қызым, інің жазылады деп? Қазірдеңақ жазыла бастаған ол... кел, көр өзің! — деді.

Наталия ұмтылып көрсе, қырынан жатқан інісінің, кеше кешке ғана таусылып бара жатқан шоқтай, дағдыдан тысқары өткірлене қалған көзі, қазір маздаған оттай жылы шыраймен жана қойған екен, кешегі көкпеңбек ерніне бүгін күреңденіп қан жүгіріпті...

Былдырлап шығып келе жатқан тілінен, жүдегелі айрылып қап, ыңырсудан басқаны ұмытқан бала, қуанышты апасы:

— Сашка! — дегенде, «сөйлеуге күшім жоқ, бірақ, менен енді қорықпа!» дегендей, бала жанданған көгілдір көзін аудара бір қарап қойды. Осы қарастың өзі-ақ, Наталияға барлық бақыттың жаршысы сыяқтанып кетті.

Інісіне үніліп отырып алуға ынғайсызданған Наталия, шегініп орнына барғанда:

— Қалай? — деп сұрады Бекпен.

— Жақсы сыяқты.

— «Сыяқты» емес, жақсы!.. Айттым ғой, «інің енді балталаса да өлмейді» деп?.. Қайнатқан күріштің суы — ажалдың даруы!..

Сегізінші тарау

ШЕРМЕНДЕ

Украинадан эвакуацияға келген балаларды орналастырғаннан кейін, канал құрылысының кезектегі планын қарап ақтық рет бекітуге Рахмет райкомның бюросын шақырды. Байжанның бюрода баяндауынша, Түйемойын құмының бергі бетінде, бірінші кезекте қазылатын канал тармағы он бес мың гектардай жерді еркін суара алады екен. Бұл цифрға қанағаттанған бюро мүшелерінің қойған сұраулары, осы жұмысты атқарып шығуға күштің жету-жетпеуі туралы ғана болды. Рахметтің айтуынша, механизм күші жеткілікті, қауып — жанармайда ғана, оны алу соғыс басталғаннан бері күн сайын қыйындап барады.

— Ол жөнде обкоммен сөйлестім,— деді Рахмет,— каналды облыстағы қажетті құрылыстың бірі деп қараудан обком танған жоқ, сондықтан, облысқа берілетін жанармайдан каналдың үлесін молырақ бергілері келеді. Бірақ, бұл мәселенің тетігі облыста ғана емес қой, бергілері келе тұра мүмкіндіктері азғана болса не істемек. Сондықтан, механизмге ғана сеніп отырмай, жеткілікті адам күшін табуды да қарастырғанымыз жөн.

— Ол туралы да ойламай жүргеніміз жоқ,—деді Байжан,— талқылауларыңызға ұсынып отырған канал тармағын алдағы жылдың егісіне дейін үлгеріп шығуға он мыңдай кетпенші керек. Әнеугүні егін жыйнауға тара-

ған колхозшылардың, егін жыйналып бола салысымен құрылысқа ораламыз деген уәдесін естідіңіздер. Одан кейін бірнеше ауданды аралап келдім. Әр колхоздан құрылысқа келуге ынтасы бар адамдардың есебін ала жүрдім, сол есептерді қорытқанда, егер келем деушілер уәдесінде тұрса он бес мыңдай адам жыйналар деген үмітім бар, онда бірінші кезекте жоспарланған тармақты мезгілінде еркін меңгеріп шығамыз.

— Меніңше, жыйналады ғой деп ойлаймын,— деді Рахмет, — өзіміздің ауданның колхозшыларынан, сен айтып отырған цифрдың тең-жарасы келетін түрі бар, облысымыздың өзге жеті ауданы жеті-сегіз мың кісіні неғып бермес екен.

Облыстың быйылғы жоспары бойынша, егін сентябрьдің аяғына дейін жыйналып болмақ. Бұл облыста жердің тоңдануы ноябрьді аяқтап барып басталады. Егер он бес мыңдай кісі жыйналса, бірінші кезектің жер қазу жұмысын осы екі айда бітіріп кетуі мүмкін. Қыс айларында бұл кезектің шлюздері мен тоғандары да салынып болады.

Материалдар мәселесіне келгенде Байжанның айтқаны: цемент шлюздерді бекітумен, канал сағасының нағыз су ұрар жерін шегендеуге ғана жетеді, сағаның өзге жерін бекітуге және су жыртып кетуге мүмкіндігі бар жағаларды бекітуге қарабурадан басқа материал жоқ. Байжан бюро мүшелерінің алдына шыйыршықталған қағаздағы сызықтарын жазып, цемент пен қарабураның қай орынға қанша жұмсалатын есептерін, бекілудің әдістерін қысқаша түсінікті қып айтып берді.

— Бұл планды,— деді ол,— Анатолий Кондратьевичке консультацияға жіберіп алдым. Планға ол кісі екі түзету киргізгісі келеді, сол түзетулері туралы маған жазған хатын оқып шығуға рұқсат етіңіздер...

Байжан хатты папкасынан алды да оқый бастады:

«Кейде,— деп жазыпты Анатолий Кондратевич хатында,— біз үлкен жұмыстарға ғана көңіл бөлеміз де, уақтүйектерді ескермейміз. Кейбір «уақ» дегеніміз артынан ірі боп шығады. Мысалға туберкулездің құрты — кохты алыңыз. Ол көзге микроскоппен ғана көрінетін «уақ» зат, сол құйтақандай заттың нелер миллион адамның ажалына себеп боларын біз есептейміз бе?.. Мұны саған ескертіп отырған себебім — сен басқарып жүрген зор құрылыста, кох сыякты, өзі кішкене болғанмен, залалы үлкен заттар жоқ па екен? Меніңше сен шошынба, оның аты ондатр.

Үлкендігі жұдырықтай ғана бұл тышқан, Сырдарияның және оның екі жағасындағы көлдердің бойында мыңдап өрбитінін білесің, қарабураның қас жауы солар. Егер оларға қарсы шара қолданбасаң, сенің қарабураң түкке де тұрмайды, қарабураның ішіне олар мыңдаған ұя салса, камыс ішіне су кіреді де, тез шіритеді, әлі кеткен қарабураны су копарып алып кетеді. Қолымдағы планға қарасам, бұл мәселені ойланбағансындар.

Менің тәжрибемде, егер карабураның ішіне француздық жасыл дәріні бүріксең, ондатр жоламайды, жоласа уланып өледі; бірақ, оны соғыс кезінде, қажетті мөлшерде табу қыйын, сондықтан оңай табылатын бір материалды айтқалы отырмын, ол — кәдімгі бор. Ондатр одан да өледі. Қарабураның ішіне, балшық орнына бор сепсең, ондатр ұя сала алмайды. Борды беретін у тас Қазақстанда, әсіресе Алматы облысында көп. Осы мәселені обкомның секретарына айтып ем, республикалық Совнаркоммен сөйлесті де, бормен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ететін болды. Қадырлы Байжан, сен жасаған жоспарды түгелімен қабылдай отыра, менің кіргізетін бір айтар ұсынысым осы!..»

Анатолий Кондратьевичтің екінші ұсынысы дарияның екі иінін қосатын көтерме дамбаны быйыл күз соғуға арналған екен.

«Дарияның иілген арнасын әзірге түзете алмайтын болған соң, деп аяқтапты бұл пікірін ол,— дамба соғуды кідіртуге болмайды, егер кідіртсек Алмалық қаласы жыл сайын суға тарық болу қаупында тұрады да қояды. Сондықтан, бұл құрылысты көктемге қалдыру пікіріне мен түбірімен қарсымын».

Бюро мүшелері Полевойдың екі ұсынысына да қосылды.

Бұл қаулыны естігенде, елден алабөтен қайғырған жалғыз Тыртық қана. Енді оның кім екендігін оқушыларға таныстырудың мезгілі жеткен сыяқты.

Оның арғы түбі қожа. Өздерін пайғамбардың әулетімін деп санайтын қожалардың ішінде, Тыртықтың үшінші атасы сауда-саттығы мол бай кісі болған да, Сыр бойын Қоқан хандығы билеген кезде, осы өлкенің датқасы сайланып, көп жыл әкімдік құрған. Оның әкімдігі балаларына ауысқан.

Тыртықтың өз әкесі Сарыкожа төрт ағайынды екен. Солардың үлкені Петербург университетінің заң факуль-

тетін бітіріп көп жыл адвокат боп істепті де, революция жылдары эсер партиясының белсенді мүшесі болып, Қазақстанда Совет өкіметі орнаған жылы Ауғанстан арқылы Батыс Европалық мемлекеттердің біреуіне қашып кетіпті. Одан кіші екеуі — мыңғырған байлар бопты да, 1928 жылы үкіметтің ерекше декретімен конфискаланған бес жүз байдың тізіміне кіріп, мал-мүліктері алынғаннан кейін Өзбекстан көшіп, одан Иранға өтіп кетіпті.

Сарықожа Бұхар-Шарифте отыз хатым-қардан болған молда екен. Оқуын бітіргеннен кейін туған жеріне кеп, мешіт пен медіресе салып молдалық құрған ол, Совет өкіметі құрылған алғашқы жылдарда, өзбектен алған әйелінің атасы тұратын қышлаққа көшіпті де, сонда біраз жыл имам болып тұрып, ақыры, ол да Иранға шығып кетіпті.

Оның үш әйелінен он ұл туған екен. Тыртық — кіші әйелінен 1918 жылы туған бала. Әкесінің оған қойған аты — Қызылқожа. Біреулер Сарықожаға:

— Қожеке, сіздің тұқымда, «қожа» деген есімге «қара», «сары», «ақ» сияқты сөздерді тіркегенін көріп ек те, «қызылды» тіркегенін көрген жоқ ек. Бұл балаңыздың атын «Қызылқожа» қойғаныңыз қалай? Әлде, мына қызылдар үкіметі құрылған соң қойдыңыз ба? Ол да бізге түсініксіз, өйткені, сіз қызылдарды жек көресіз ғой?— десе:

— Қызылдардың үкіметі орнаған соң,— дейді Сарықожа зілді қалжыңмен,— менің де баламды сол түске боямағым келгені рас; осылай бола берсін де, егер қажет болса, ағартып, қарайтып, сарғайтып алу қыйын емес қой.

Қызылқожаның Тыртық аталатын себебі мынадан еді: Әкесі өзбек қыстағына көшіп барған жылы оның үйінен түнде, үйіші шырт ұйқыдағы кезде өрт шықты. Сарықожаның екі-үш баласы өртке күйіп өлгенде, Қызылқожа қатты шарпылып шықты да, кейін бір жақ беті, бір қолы тыртық боп бітті, жұрт оны содан «Тыртық» атап кетті.

Сарықожа Иранға қашқанда, Тыртық оның Андижанда тұратын баласының қолында қалып қойды.

— Бірақ,— деп тапсырды Сарықожа үлкен баласына,— Қызылқожаны сен қолында ұстама, бөтен ат, бөтен фамилиямен жетім балалар үйіне орналастыр да, өзің сыртынан ғана қарауыл бол.

Баласы әкесінің сөзін орындады да, Тыртыққа Иткүл Күшікбаев деген ат қойып, таныс бір адамы арқылы, кө-

шеде қаңғырып жүрген жетім ретінде, балалар үйіне орналастырды.

Орыс балаларының арасында тұрып орысша оқыған Иткұл, он жылдық мектепті алдыңғы қатарда бітіріп шықты. Ағасының одан да ілгері оқытқысы кеп еді, інісі көнбеді, сондағы оның тырысқаны мамандық алып қызметкер болудан гөрі, жеңіл «кәсіпке» ұмтылу, онысы — ұрлық. Кішкене күнінен бұл «кәсіппен» әуестенген оны ағасы тыя алмай жүріп, ақыры інісі «кәсібін» молайтып жіберді де, бір жылы серіктерімен тұтқынға алынды. Бұл шайка қолдарынан жалған ақша жасауға шейін барған еді, сол қылмыстары мойнына түскен соң олардың алды он, арты бес жылдан жаза алып, лагерьге жіберілді; содан, епті Иткұл Андижанға қашып келді. «Енді не істеу керек» дегенде: «сен бұл арадан кет,— деді ағасы,—осы ат, осы фамилиямен туған жеріңе бар». Оның бұл ұсынысына Иткұл көнер ме еді, жоқ па еді, егер ағасы «жуандау» бір жұмыстың шетін шығарып қоймаса. Ағасы ағылшын разведкасының адамы еді, ол қызметке әкесі арқылы тартылған, оның шпиондық мәліметтер жыйнаудан басқа, социалистік құрылысқа қаскүнемдік істеу туралы алған міндеттемесі бар. Тартоғайға ол інісін осындай қызмет атқаруға жұмсады. Оған інісі көнер ме еді, жоқ па еді, егер ағасы «Тартоғай» аталатын колхоз адамдарының, әсіресе Сырбайдың қожа тұқымына, әсіресе Сарыкожа мен оның туыстарына жасаған «қиянаттарын» маңын тамызға түгел айтып бермесе... Иткұлдың бұл саяси мәселеде бірінші рет оқталуы еді. Ағасының сөзінен кейін ол «аңылуға» дайын болды да, тапсырмаларын орындауға ағасына уәде беріп, туған жеріне жүріп кетті.

Иткұл Күшікбаев ең алдымен Қабандыға келіп түсті. Жетім балалар үйінде тәрбие алғандығына документі бар оны, аудан жылы шыраймен қарсы алды. Сол кезде «Тартоғай» колхозына сауатты есепші керек бола қап, аудандық жер бөлімі Иткұлға осы ұсынысты айтып еді, көне кетті. Тартоғайға бара, ол ең алдымен Сырбайға жақын болуға тырысты. Жетім-жесірді аяғыш Сырбай одан қашпады, жалпақтаған жас Иткұлға ол:

— Жап-жақсы бала екенсің, жүдә, адамның іші-бауырына кіріп тұрған. Жетім байғұс, бейнетті де жүдә көп көрген екенсің. Туған-туысқаныңды да білмейді екенсің өзің. Детдомға есіңді білмейтін кезде түскен соң, жүдә қайдан білейін деп ең оны: әйтеуір, қазақ екеніңді ұмыт-

папсың. Бірақ тілін ұмытыпсың, оны білуің оңай ғой жұдә. Біздің үйде жан азғантай. Әр үйдің босағасында жатқанша, жұдә біздікіне келсейші, жақсы болсаң бала боларсың, жаман мысың шыкса жөніңді табарсың...— деді.

Сырбайдың үйіне келген Иткұл ұзақ тұра алмады. Сырбай мылжың кісіні, жеңілтек кісіні ұнатпайтын еді, Иткұл сондай адам боп шықты. Осы мінездерінен беймаза болған Сырбай, бір күні оған:

— Шырағым, бізде тұрып ретің келмес, тату-тәтті күнімізде жігімізді ашайық,—деді де үйінен шығарды.

Тартоғайда да тез арада «Тыртық» аталып кеткен Иткұл, Сырбайға сыйыспағанмен, Масақбаймен тез сыйысты. Масақбайдың Сырбайды ұнатпайтынын білетін Тыртық, үйінен шыққаннан кейін «куып жіберді» демей, «өзім шықтым» деп жамандай келді де, Сырбайдың Масақбайды ұнатпайтын сөздерін өсіре айтты.

— Байқаңыз, ағай,— деді ол Масақбайға,— басқан адымыңызды аңдып жүретін адам екен, бойыңызды одан жыйнақы ұстамасаңыз, мерт қылуы сөзсіз.

Тыртықтың сөзін достық көрген Масақбайдың Сырбайды жек көруі арта түсті. Сырбайға олар бірігіп қарсы тұрмақ болды.

Тартоғайға орныққан Тыртық, бір сәтте жасырынып Андижандағы агасына барғанда Брехунецпен танысты. Бұл Брехунецтің Сталин атындағы каналды құрысуға шақырылған кезі еді; сондықтан, екеуі шпиондық және қаскүнемдік істерді бірігіп атқаруға келісті.

Қызметіне оралған Тыртық, колхозға айта қоярлықтай қастық жасай алған жоқ. Қалай жасайды? Оның көзі екеу-ақ, ал, колхозшылардың көздері әлденеше жүз... және ылғи қырағы көздер, қыйт еткенді шала қояды... Сонша көп қырағы көздер, тіміскілеген аз ғана көздерге алдата қоя ма?..

Колхозға елеулі қастық жасай алмауына көзі жеткен Тыртық, Брехунецпен ақылдасты да, ендігі күшін Сырбайды сүріндіруге жұмсамақ болды. Оның ойынша, егер Сырбай ұйымдастыруға кіріскен звено күріш егісінен бай өнім алса, өзге звенолар да соның үлгісін алып, бай өнімге ұмтылу және алу, бір колхоздың ғана емес, бүкіл колхоздардағы звено атаулының дағдысына сіңіп кетеді, оның аты колхоздардың өркендеп, ныгая түсуіне жол ашу. Олай болса, егер Тыртық, Сырбайдың ісіне бөгет жасай алса, жаман ойында — бүкіл колхоздың өсуіне бөгет жасауы.

Колхоздың өмірінде Сырбайға жала жабу, қылмысқа тарттыру мүмкін емесін Тыртық біледі. Қайдан ондай жала жаба алады, егер Сырбайдың колхозға адал жыйдашы болудан басқа айыбы жоқ болса?.. Ендеше, Сырбайды алыстан торлап барып амалмен шырмайтын бір тәсіл табу керек. Бұл жөнде көп ойланған Тыртыққа, Масақбайды пайдаланудан басқа жол жоқ сыяқтанды.

Масақбайды ол сынап болған тәрізді. Жалпы жобасын алғанда, ол колхозға көрінеу қастыққа бара қоятын адам емес, негізі советтік адам, оның үстіне партия мүшесі. Солай бола тұра оның осал жағы — біріншіден, ол баққұмарлау, сондықтан колхозшылардың айтқанын өзі тыңдаудан гөрі, өз айтқанын колхозшылар тыңдағанын жақсы көреді; екіншіден, ол сынды ұнатпайды, оның Сырбайға өшігетіні де осыдан. Колхоз басқармасының мүшесі боп қызмет істейтін Сырбай, колхозда, оның бастығында кемшіліктер барын көрсе, жасырмай ашып айтады да отырады, онымен ғана қоймай, тәжрибесі көптігіне бағып, «олай емес, бұлай болу керек» деп ақыл айта береді. Ол ақылдарға Масақбай қарсы болғанмен, басқарманың өзге мүшелері көбін қабылдайды да, председатель сорайып жалғыз қап қояды. Бұл жөнде әлсіздігін сезген Масақбай, Сырбай айтқан қонымды ұсыныстарды іштей ұнатпай отыра, сыртгай амалсыз мақұлдап, егер ол ұсыныстар ауданда қабыл алынатын болса, өз пікірі қып апарып жүрді.

Тыртық Масақбайдың осы әлсіз жақтарының бәрін де пайдаланып тырысты. Ордәйім Масақбайды дәріптей сөйлейтін ол, Сырбай туралы сөз шыққа, өсіре тасып әкелді. Сол қылығымен ол Масақбайдың Сырбайға өшігуін арттыра түсті. Ендігі оның мақсаты, шамасы келсе бұл бықсымаңы өртке айналдырып, Сырбайдың колхоз алдында беделін түсіру, ынтасына бөгет жасау, асса, бұл колхоздан оны кетіру.

Сырбайдың өндірістік ісіне осылайша бөгет жасауға тырысқан Тыртық, оның үйішіне ірткі салудың да камын карастырды. Бұл жөнде оның нысанаға алып аткысы келгені Айбарша, Тыртықтың байқауынша, Сырбай Айбаршаны туған қызынан кем жақсы көрмейді. Оның осы әкелік махаббаты Дәулет майданға кеткелі күшейе түскен сыяқты. «Егер,— деп ойлайды Тыртық,— бұл екеуінің арасына араздық отын тұтата алсам, казіргі жалғыз таянышынан айрылған шалдың жүйкесі неғып құрымас екен!»

Бір кезде Тыртыққа осы от тұтанатын да сыяқтанған еді, ол — Дәулеттің ауылдағы кезі де. Самарқанның да Айбаршада көңілі барын ол Масақбайдан естіген еді. Масақбайдың айтуынша, Самарқанның әкесі Аққожа, Тыртықтың әкесі Сарықожаның әкесімен бірге туысқан апасынан туған жиені екен. Арғы түбі ауқатты адамдар болғанмен, Аққожаның бала шағында әкесі кедейленеді де, қайнының аулына көшіп кеп қоңсы боп шаруасын бағысады. Сарықожадан оқу оқыған Аққожа, жігіт бола мешітке азаншы боп және Сарықожаға бала оқытуда жәрдемші боп қызмет істейді. Солайша күп көріп жүрген Аққожа, 1919 жылы Сарықожаның жұмсауымен Үргенішке сапар шегіп бара жатса, құм арасында басмашыларды қуып жүрген Қызыл Армия отряды кездеседі де қорқып қашады, «тоқта» деген айқайға тоқтамаған соң отряд адамдары оны басмашы екен дейді де атып өлтіреді.

Самарқан ол кезде кішкене бала екен. Әкесі өлгеннен кейін, жас шешесі байға тиеді де Самарқанды Сарықожаның үйіне тастап кетеді. Сарықожа Өзбекстанға көшкенде Самарқан елде қалады да, жетім бала боп қаңғырып қайыр сұрайды. Сол кезде жаны ашыған біреу оны Арыс станцнясындағы жетім балалар үйіне орналастырады. Масақбай да ол кезде осы үйдің тәрбиесіндегі ересек бала екен. Неге екенің кім білсін, ол Самарқанды бауырына тартып жақын көреді. Сөйтіп жүргенде, Масақбай ФЗУ-ға жіберіледі де, одан трактортшы боп шығып, аудандағы МТС-тің қарамағында, әуелі трактортшы, артынан механик боп бес-алты жыл қызмет атқарады; сол кезде партияға кірген оны, райком «Тартоғай» колхозына председатель қып жібереді. Балалар үйінің тәрбиесінде он жылдық мектепті жақсы бітірген Самарқан, Алматыдағы ауыл шаруашылық институтына түсіп оқығанда, Масақбайды туысқаны көріп, демалыс уақыттарын соның үйінде өткізеді. Масақбай, бұл кезде, әрине, үйлі-баранды боп қалған адам. Институтты бітіріп Қабандыға кеп аудандық агроном болған Самарқан, Масақбай үйімен осы байланысын үзбейді. Самарқанның Айбаршада көңілі барын естіген Масақбайдың тілегі соның жағында болып, шамасынан келсе алып беруге тырысады.

Масақбайдың тілегіне Тыртықтың тілегі үйлесе кетті, сондағы ойы — Айбаршаның көңілін Самарқанға аударып, Дәулетті құрамай қаптыру; содан кейін намысына

тіпіп, Дәулетті арандату, оның аты — мерт қылу деген сөз, өйткені, құмарлығына қарағанда, Дәулеттің Айбаршадан өлмей айрылар түрі жоқ. Егер мұны істей алса, Тыртық «құдайдан» одан артық не тілейді!..

Масақбай мен Тыртық бұл іске бар ынталарын сала кіріскенмен, өндірген істері шамалы болды. Екеулеп Айбаршаны азғырмақ болып еді, одан іс шықпады. Дәметкен арқылы ықпал жасауға ойлап еді, оның арты да арамтер болуға соқты. Дәулет пен Айбаршаға да «Дәметкенді бұратын сол» деп Самарқанды Сырбайға өшіктіру, сүйтіп кек алуға итеру мақсатымен, көптірген өсектер тасып көріп еді, алғашқы кезде елігіңкіреген Самарқан, кейін бойын тарта бастады... Сөйтіп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Дәулет майданға аттанды. «Самарқанның бағы енді ашылды, Сырбайдың соры қайнады» деп ойлаған Тыртық:

— Қыймылдар кезің келді,— деді Масақбайға,— Айбаршадан Дәулетті адам айыра алмағанмен құдай айырды. Мына қырғын соғыстан ол, болса-болмаса да тірі келмейді. Самарқан броньмен қалып отыр, осы қалғаны қалған. Айбарша оған тимегенде кімге тиеді енді?.. Самарқанға айту керек, енді баса қыймылдасын!..

Масақбай бұл сөздерді айтқанда, Самарқан құп көрудің орнына, жатты да ренжіді.

Өзің советтің азаматы бола тұра, оның үстіне коммунист бола тұра, осы айтып отырғандарың не сөз!? — деді ол, көңіліне келсе де айтайын, достың емес, жаудың сөзі ғой бұл!. Олай демегенде не дейін: Отанның басына мыңдай күн туып жатқанда, елдің намысты ер-азаматы Отан қорғауға қасықтай қаның қалмай кетіп жатқанда, сондай шын отаншыл азаматтың бірі Дәулет екенін көре тұрып, ол туралы осынша сөздерді бетің қызбай қалай айтып отырсың маған!?. Әлде, мені Отанға жау адам деп ойлап жүрсің бе?..

Ойда жоқта Самарқанның бұлайша тік келуінен сескеңе қалған Масақбай:

— О не дегенің? Жай, қалжыным ғой...— деп жалтақтайын деп еді:

— Жалтақтама, сен,— деді Самарқан,— «ойын білмеген бала әкесінің сақалын боқтайды» дегендей, Отан қорғаған ер-азаматтың тізеден қан кешіп жүрген кезінде, осындай қалжық бола ма екен?!. Қарабастың ғана қамын жер шақ осы ма?.. Жаумен арпалысуға аттанған азамат-

тың амандығын тілемей өлімін тілеу — кімнің отына май құю?!. Әрқайсымыздың да кемшілігіміз бар. Ол кемшілік сенде де бар. Бірақ, мен сені осы сөзіңе дейін, дәл мұндай арампейіл адам деп ойлаған емес ем; бетіңе айтайын, Мәсеке, енді өте жаман ойда қалып отырмын; расымды айтсам — мына сөзіңді райкомға жеткізгім кеп отыр...

Қорыққан Масақбайдың көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ол әлі де «қалжыңым еді, шын көргенің не қылғаның?» деп жалтақтайын деп еді:

— Қалжыңың емес, шыныңың, несіне жалтақтайсың. Жай қалдыратын сөз емес мұның. Расында айтып, айыбына мойындай ма десем, несіне бұлтарасың? Шын мен қалжыңды айыра алмайтын мені ақымақ көремісің, өзіңді ақымақ көремісің? Олай болса, тиісті жерде сөйлесейік,— деп Самарқан ашуланып тұра жөнелді.

Енді тіпті сасқан Масақбай, Самарқанды ұстай ап:

— Сенікі дұрыс, мен қателестім, кешір, енді бұл сөзді айтсам, аузыма құм құйылсын! — деп жалынды.

— Бір жолға қояйын,— деді Самарқан, Масақбай «әке-құлдыққа» дейін жалынған соң,— екінші рет бұл жөнде айту түгіл сыр бердің бар ғой, Мәсеке, мұрдем кетірем. Бұл саған менің ғана айтатын мықтылығым емес, Отанның айтатын мықтылығы. Мына сөзіңмен сен Отанның жауысың. Бір қателігіңді кешейін, бірақ, сен бұл ойыңнан менен қорқып қана емес, ар-ұятыңның алдында да қорқып, мұндай ойды басыңа келтірмеуге шын адамгершілік, коммунистік көңілден уәде бересең?..

— Берейін,— деді Масақбай.

Екеуі қол алысты.

Бұл оқыйғаны Масақбай Тыртықтан жасырған жоқ, ондағы ойы — досын да арандаудан сақтандыру еді.

Бұл араға Наталия Полещуктің келуі, Масақбай мен Тыртықтың «Самарқан мен Айбарша жақындасар» деген үмітін біржолата кескен сияқтанды; өйткені, олардың байқауында, ол екеуінің арасында шын сүйіспендік басталған сияқты; Айбаршаны сынап көрсе, Дәулетке деген махаббаты әлсіреудің орнына күшейіп барады.

Сырбайдың көңіліне Айбарша жақтан қайғы түсірем бе деп тырысқан Тыртық, бұл жақтан үміті үзілгеннен кейін, ағасымен ақылдасты да, ендігі күшін оның мол өнім алу жөніндегі ісіне бөгет болуға және реті келсе диверсиялық істерге кірісуге жұмсамақ болды.

Соңғы мәселеде Тыртық алғашқы адымнан бастап

сәтсіздікке ұшырады. Ағасының тапсыруымен ол Алмалық арқылы өтетін әскерлік эшелонды құлатпақ болды. Бұл ісінің алғаш сәті түскен сияқтанып, бір түнде ол, темір жолдың станцияға жақын жердегі рельсін ағытты; жолдың бұл тұсы әрі биік, әрі имек еді, сондықтан рельсі ағытылған тұстан құлаған поездың тасталқаны шығуға тиісті.

Рельсті ағытқан Тыртықтың бақылап жатуға батылы жетпей кетіп қалды. Үйіне барған ол, күн-тәулігінде тынбай ағылатын поездардың рельсі ағытылған жерден қалай құлау хабарын күтті. Бірақ Кентоғайдағы радио түйіні, Тыртыққа қуаныштың орнына қайғылы хабар әкелді. «Өткен түні,— деп хабарлады радио,— Алмалық станциясына жақын жерде, әлдекім темір жолдың рельсін ағытып кеткен. Ол, әрине, жаудың жұмысы. Осы араны, таңертең ертемен ауылдан станцияға сабаққа келе жатқан он екі жасар пионер қыз көреді. Сол кезде соғыстық эшелон келе жатады. Пионер саспайды да, үстіндегі қызыл фуфайкасын шешіп алып, темір жол үстінде тұрып бұлғайды. Оны машинист көреді де, ағып келе жатқан эшелонды тоқтатып үлгереді. Әшелонда майданға кетіп бара жатқан әскерлер бар екен, солардың бәрі сәби отаншылға «егер сен болмасаң өледі екеміз» деп рахмет айтып, сыйлықтар беріп кетеді... жас отаншылға жауынгерлермен қатар бүкіл Отан алғыс айтады. Қаскүнем жаулың табылуына, жазасын тартуына сенеміз!..»

Тыртықтың құлағына бұл хабарды тыңдаудың ауырлығы, құлағына балқытқан қорғасын құюдың ауырлығынан кем болған жоқ. Ол күн сайын емес, сағат сайын өзінің де тұтқындалуын күтті. Күндер өте келе, Тыртықтың өрепкіген жүрегі басеңдей бастады. Енді ауыр диверсияға батылы бармаған ол, Сырбайды айналдыра түсу ойына тағы да оралды.

Тоғызыншы тарау

КЕПЕДЕГІ КЕҢЕС

Кейбір күзде үздіксіз нөсерлеп кететін Сыр бойының жаңбыры, сол жылы сентябрьді аяқтай басталғаннан, октябрьдің аяғына дейін төгіп, қоймалжың сазға айналған май-топырақтың мыйы шықты.

Осындай ылайсаң күндердің біреуінде, Рахмет салт атпен канал құрылысына сапар шекті.

Бұл күзді ойдағыдай өткізу, аудан жолбасшылығына оңайға түскен жоқ-ты. Ең алдымен быйылғы егінді шашпай-төкпей түгел жыйнап алу керек те, мемлекетке бересісін түгел өтеп, колхозды тұқым қорымен, колхозшыларды еңбеккүніне тиісті астықпен қамтамасыз ету керек. Екінші зор міндет — канал бойына орналасуға тиісті колхоздардың біразын, каналдың казылып болатын жиегіне быйыл коныстандыру керек, жаңадан коныстанатын колхоздарды құрылыс материалдарымен камтамасыз ету керек. Үшінші зор міндет — егінді жыйнап бола салысысымен-ақ, канал құрылысына шұғыл кірісіп, планды ойдағыдай орындау керек.

Мұның бәрі алғашында біраз адамға күш келмейтін жұмыстар сыяқтанғанмен, аудандық басшылардың халықты ұйымдастыра білуі арқасында, ойдағыдай орындалып отырды. Жанармайды алу қыйынға түскенмен аудандағы комбайнның іске жарайтындары үздіксіз кыймылдан тоқтаған жоқ. Қолмен жыйналатын егіндерге орақ не кетпен ұстауға жарайтын адамдардан қатпаспаған жан калмады. Бұл кезде аудандағы кеңсе атаулыда күзетшіден басқа жан болмай, түгелімен жұмысқа шықты, бастығы Рахмет болып, аудан басшылары, тек сөзбен нұскау беруге қанағаттанбай, білектерін сыбанып кара жұмысты да атқарысты. Сол ынтаның арқасында, аудан астық жыйнауды облыс белгілеген мерзімнен он күн бұрын, мемлекетке астық тапсыруды он бес күн бұрын орындап шықты.

Қажетті құрылыс материалдарын алу аса қыйынға түскенмен, жаңа каналдың бойына осы күзде он бес колхоз орналасып үлгерді. Одан кейін канал құрылысының өзі қолға алынып еді, жыйналған адам саны пландағы мөлшерден асып түсіп, қызу түрде іске кірісті. Жұмысы басталған канал құрылысын көруге күздей өзге жұмыстардан колы тимеген Рахмет, жоғарыда аталған жанбырлы күнде осы жұмысты көруге және ойында жүрген біраз мәселелерін шешіп қайтуға аттанған еді.

Рахметтің ойы, бұл сапардан Алмалыкка екі-үш күнде оралып келмек еді. «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады» дегендей, мөлшерлі күнде Алмалыкка оралып келу түгіл, Рахмет штабқа да жете алмады. Жүрістің бұлайша өнбеуіне бір себеп — мыйы шыққан сазды жер-

ден ат аяғын әрең аттауы болса, екінші себеп — күздің осындай, әрі ылайсаң, әрі салқын күндерінде құрылысшылардың атқарған еңбегіне, Рахметтің көзі тұнып хайран қалуы еді.

Ең алдымен бұл құрылысшылардың бұрынғы құрылысшылардан түрі бөлек екен: бұрынғы құрылысшылардың басыңқы көпшілігі әлекедей жаланған жас жігіттер болса, мына құрылысшылардың көпшілігі — жасамыс еркектер мен әйелдер, біразы — ересек балалар. Түр-тұрпаттары осылай болғанмен, бұл құрылысшылардың әркайсысының қолына тиген кетпен, міндетті қызметін қарулы жас жігіттің кетпенінен кем аткарып жаткан жоқ. Солардың ішінде хайран қаларлық өнім де кездеседі: бір адамның бір күнгі міндеті — алты кубометр жер қазу болса, кейбір алдыңғы қатардағы жас әйелдер мен жасамыс кейбір еркектер күніне он бес-жыйырма кубометр шығарады екен. Солардың әркайсысымен Рахмет кеңесіп көрсе, өнімді еңбекке бір ғана нәрсе жетектейді екен, ол — Отан намысы.

Бұл намыс хайран қаларлық дәрежеде екен. Жүріп жатқан соғыстың мән-жайын білмейтін кісі кемде-кем. Олар әсіресе Сталин жолдастың соғыс туралы, жеңіске шақыру туралы айтқан сөздерін жақсы ұғыпты. Сондықтан, әр құрылысшының мыйына ұялаған сана: «жеңістік зор құралдың бір винтігі менмін».

Адамгершілік санасы сондай оларды жауға кектендіре түсетін және бір себеп — біреудің жары, біреудің баласы, біреудің әкесі, біреудің туысы, біреудің досы... дегендей, жанашырынан майданға кісісі кетпегендер жоқ екен. Кейбіреудің элденеше жанашыры кеткен. Мысалы, Қармақшы ауданынан келген жасы жетпіс екідегі бір шалдың айтуынша: бес баласын, ұлы-қызы аралас тоғыз немересін, алты жиенін, өзінің екі інісін, әйелінің үш ініcін қосқанда, майданға 25 жақынын аттандырған.

— Солар жаумен арпалысып жатқанда,— деді қарт Рахметке, құрылыс жұмысына неге келген себебін баяндағанда,— үйде жатуға жүдә шыдамадым. Өткен жаз, канал құрылысына он төрт жақыным қатнасқан еді. Үйде отырсам, солардың орны жүдә олқы сыяқтана берді. Және...

Аржағын жасқа булыққан қарт айта алмады, өйткені, бірнеше жақыны майданда қазаға ұшыраған екен. Рахмет жұбатқаннан кейін қарттың айтқаны:

— Әрбір шапқан кетпенім, бір жаудың желкесін қыйған сыяқтанады, сондықтан да, кетпен шапқан сайын қайраттана түсем.

Бұл картқа ұқсас адамдарды Рахмет әр жерден кездестірді. Сонда, Рахметтің көбінесе хайран қалғандары — майданға кеткен жақындарынан амандық хат алып, кетпенді көтеріңкі көңілмен шапқандар емес, «жамандық» хабар алып, қайғылы көңілмен кетпен шапқандар. Әдетте қайғылылар: сабадан сарғаятындар, бүгіле жүдейтіндер, түстен де, күштен де айрылатындар ғой... Мыналар ше?.. Бұлардың түсі кеткенмен, күші кетпеген!.. Кетудің орнына үдей түскен!.. Кетпенді сілтесі тым екпінді, балшыққа қадауы тым шымыр!.. Мұндай екпінді еңбекке бастаушы намыс пен кек екеніне Рахметтің көзі айқын жетті. Ол жаңбыр жайып кеңес қып:

— Қыйын болды ғой, бұл, малшындырып! — десе:

— Оқасы жоқ, — деседі құрылысшылар, — қайта, казуға жер жұмсақ болады!..

Еңбекті осылай атқарғандарды аралап келе жатқан Рахмет, каналдың бір тармағында Сырбайды кездестірді. Шалдың қасында жұмыс істеп жатқандардың біреуі, каналдың ернеуіне үйілген балшықтың қыратымен салт келе жатқан адамды көріп:

— Бұ кім екен, жауын-шашындатып бейсауат жүрген?! — деп таңдана қарағанда:

— Райком ғой! — деген еді Сырбай, түйіле бір қарап ап.

— Оны қайдан білдің? — деген сұрауға:

— Құйрығын қамшылатып келеді ғой, аты, — деген еді Сырбай, — райкомның шабдары сөйтетін еді және еңкеңдей жүретін еді, мынау ат — нақ сол; және райкомның өзі салт жүргенде аяқ-қолы жүдә тыйыштық көрмей, ербеңдей беретін, мынау да сөйтіп келеді ғой, жүдә!..

Салтты «райком» дегенге сенімі бекіген Сырбайдың оң қолы, ықтыярынан тысқары кеудесіне барып қалды да, сыртқы түйежүн шекпеннің қаусырулы өңіріне кіріп кетті. Жылы қойынға кірген оның салқын саусақтары, шекпен ішіндегі қамзолдың төс қалтасына сұғынды да, өлденені іздей бастады. Бұл қалтада Дәулеттің хаты бар-ды!.. Кеше ғана Айбарша әкеп, оқып берген. Ұзақ жазылған хаттың сөздерінен Сырбайдың есінде мықты ұстағаны біреуі ғана, ол — «тірімін!..» Баласы майданға кеткелі сағат сайын емес, минут сайын «не болды екен?»

деген сұрау қойып, сұрау қойған сайын жүрегі пәршапәршаланып жүрген Сырбай, жалғызынан «тірімін» деген хат алса, хаттың осыдан басқа сөзін есінде қалай сақтасын!.. Қойнына салған хаттың оған ыстықтығы сонша: төс қалтасында қағаз емес, тірі Дәулеттің соғып тұрған жүрегі сияқты!.. Сондықтан, кетпенді құлаштай, жыйылата сілтеудің арасында, «хатым түсіп қалды ма» дегендей төс қалтасын әлсін-әлсін сыйпап қояды... Соншалық қуандырған хатты, дос көретін Рахметке көрсетпегенде кімге көрсетсін ол!..

Жаркын жүзді Сырбайға Рахмет атынан түсіп амандасты да:

— Дәулеттен хат келді ме, Сыр-еке? — деп сұрады.

— Жүдә, қайдан білдің? — деген Сырбайға:

— Кескініңіз айтып тұр, — деді ол.

Былайша да қалжыңды білмейтін Сырбайдың, ішкі қуанышын одан әрі бүтуге шыдамы жетпеді де, көтеріңкі көңілдің лүпілдеген әсерімен, қойнындағы хатқа тағы да қолын тықты. Күннің жауын екені, оның есіне, хат қойнынан суырыла бергенде ғана түсті де:

— Хат келуі жүдә рас, — деді Рахметке. — Қойнымнан суырып жатқаным сол. Бірақ, жауын екен ғой күн. Қағаз бүлінер, кепеге барып оқырмыз.

— Қашан барамыз? — деді Рахмет.

— Кешке.

— Кешкіріп болған жоқ па, — деді Рахмет, жаңбыры қалыңдай түсіп, күңгірттенуге айналған төңіректі көзімен шолып, — енді тарауға да болады ғой деймін.

Болса болар, — деді, хатты Рахметке көрсетуге асыққан Сырбай, — бұлыңгырланып кеткенмен, күн ұясына енді ғана қонған болу керек. Біз жұмысты бұдан кешірек доғарушы едік. Ертерек доғарсақ доғарайық...

Жұмысшылар жал алуға тарай бастаған кезде:

— Шырақ, сен атыңа мін! — деді Сырбай Рахметке.

— Неге, Сыр-еке? — деді Рахмет.

— Жердің жүдә мыйы шығып жатқанын көрмей тұрмысың? Толарсақтан саз кешіп жүдә қалай жаяу жүресің?

— Өзгелер қалай жүрсе, мен де солай жүрем де, Сыр-еке.

— Оларға қарама сен. Олар күн ұзын кетпен шауып жүдә сіңірі созылып қалғандар. Толарсақ түгіл тізеден сазға кірсе де шыдай береді..

— Жап-жас жігіт емеспін бе, Сыр-еке, — деді Рахмет

қалжыңды кескінмен, — көзге шыққан сүйелдей боп, жаяу көпшіліктің арасында атқа мінуім ұят емес пе? Жақын жер көрінеді ғой кепеніз.

— Жүдә мейлің, — деді Сырбай.

Сырбайға еріп жаяу тартқан Рахмет, атына мінбегеніне қуана қойған жоқ. Жердің аса ылайсаң боп кеткенін ол, енді тіпті айқын көрді. Тайғанақтаған аяғын қанша нық басам дегенмен, беті іріп жатқан жердің астында тыяпақ жоқ сыяқтанды. Малтыққан аяғын саздан әрең суырып мықшыңдауға айналған оны Сырбай тоқтатты да:

— Атыңа мін, шырақ! — деді.

— Оқасы жоқ, Сыр-еке! — деп Рахмет тағы да сыпайылық істейін деп еді:

— Мін деген соң мінсейші, жүдә! — деді Сырбай, — орынсыз ұяттың керегі не?

Рахметті Сырбай атына мінгізді де, өзі үзеңгісіне қатарласа жүріп отырды. «Төс табаны жер сызған, атан жүрер жол екен» деген қазақ мақалы түсті Рахметтің есіне. Сол сөздердің мағнасына ол енді ғана түсінгендей болды. Мал баққан елдің ұғымында, атан — үй айуандарының ішіндегі ең күштісі, қыйындыққа ең төзімдісі, сондықтан өмірдің қыйындығына төзімді адамды ескі ауылда атанға теңейді. Сырбай Рахметке сол атан сыяқтанып кетті. Адам түгіл ат тайғанақтап әрең жүретін сазға оның аяғы қазықтай қадалып аса нық тиеді, және жылдам аттайды. Тән күші солай болса, жан күші одан да керемет сыяқты. Керемет емей немене, жасы жетпіске таянғанда, жалғыз баласы аузынан оқ түтеген ажалмен арпалыса кеткенде, ажалды ол өлтірерін, ажал оны жұтарын біле алмай жүрген шақта, ояуда есінде, ұйқтаса түсінде бойын басқан ауыр ойға қажымайтын неткен жан!..

Сазға малтыққан Сырбай, қойнындағы қуанышты хаттың мазмұнын кепесіне жеткенше Рахметке айтып та болды. Кепе дегеніміз қабырғалары жерден қазылып жасалған үй. Сыр бойын мекендеген қазақ ауылдары, ауыл шаруасы колхозданғанша, тек, қыстың екі-үш айлық суығында ғана осындай кепелерге мекендеп, жылдың өзге айларында үнемі көшіп жүретін. Қысы шуақты жылдарда кепеге де отырмай, қара үймен[1] шығатын. Аз уақытқа

[1] Киіз үйді Сыр елі «кара үй» (?) дейді.

ғана керек кепелерді, ешкім күтпей, ауыл отырмаған кезде, төбесі құлап, қабырғалары опырылып, аңғал-саңғал жататын. Сыйқы сондай бола тұра, кепенің өзін де ауқатты адамдар ғана жасайтын да, кедейлердің оған да әлі келмей, қақырамен[1] суықта күнелтіп шығатын.

Рахметті бастап әкеле жатқан Сырбайдың кепесі, бұрынғы кепелерге ұқсамайтын, Рахмет салынып жатқан кезде көріп кеткен.

— Оу, жұрт! — деп жүрген. Сырбай сонда, айқайшы боп, — «түстік өмірің болса, күндік мал жыйна» деген бұрынғылар, «күндік тұрар үйіңді жылдық қып бекіт» деген; жүдә қолдарыңның ұшымен ғана істемеңдер, білектеріңнің күшімен істеңдер! Іргесін терең қазыңдар, жылы болсын! Төбесін жоңдандыра қалап, қалың жабыңдар, су сорғаламасын.

Сырбайдың сол сөздері қалтқысыз орындалғанын, Рахмет оның кепесіне кіре көрді. Бұрынғы кепелердің иелері сатысын балшықтан көртіріп, ылайсанда адам тайғанақтап жығылып жататын еді, мына кепенің сатысы буылған қу қамыстан жасалғандықтан аяққа тақтайдай ұнық тиеді.

Кепенің іші түлкінің ініндей жан-жаққа тараған көп қалтарыс. Әр қалтарыстың коридорына жағылған фонарь ілінген. Біртесі жоғары көтерілген «жарқанаттың»[2] сәулесінен коридор самаладай жап-жарық.

Сырбай Рахметті кепедегі өз бөлмесіне алып кірді де, «жарқанат» жақты.

— Жылы бөлме ғой, мынау! — деді даладан тоңазыңқырап келген Рахмет.

— От жағылған болар, — деді Сырбай.

Рахметтің көзі от жағылатын жерді бұл бөлмеден іздеп таба алмады. Бөлме кең екен. іші ақбормен сыланыпты, төбесі бойрамен[3] жабылыпты, табалдырықтан жоғарырақ көтерілген, сәкі орнына да қабатталған бойра төселіпті, ішкі қабырғаға тақала биік, кең койка қойылыпты; үсті қоңыр одеялмен жабулы, бас жағында қоңыр түсты үлкен екі жастық, койканың қабырға жағында ілінген оюлы тұскиіз тұр, сыз жақ қабырғаға Совет Одағының европалық бөлімінің үлкен картасы ілініпті,

---

[1] Қақыра — буған қамыстан жасаған күрке.
[2] Фонарьдың аты.
[3] Қамыстан токылған төсеніш.

картаның бір шетіне тақала тігілген газеттер ілулі тұр; оның астыңғы жағында, үстіне екі көрпе, бір жастық жыйналған сандық, оның алдын ала құрған шымылдық тұрулі тұр; сандықтың бас жағында, бетін шынылаған жақтауда Дәулет пен Айбаршаның қатар түскен зор портреттері, есіктің бір жақ босағасында киім ілетін жерге қонырлау перде құрылған... Фонарьдың жарығымен осының бәрін шолып шыққан Рахмет, бұл үйдегі жасаудың өзгесінен гөрі, тұрулі тұрған шымылдыққа тандланды. «Неге құрды екен бұл шымылдықты?!» деген ой келді оған. Шымылдық жайын жата-жастана сұрағысы келген Рахмет төңірегін тағы да көзімен шола бастағанда, Сырбай:

— Сырткы су киімдерді шешейік те, кептіруге жіберейік, — деді.

Олар су киімдерін шешініп болғанда, орта жастылау әйел кіріп еді:

— Келін, — деді оған Сырбай, Рахмет амандаскаңнан кейін, — ас үйге апарып іліп келші мыналарды, кепсін.

Киімдерді алып жөнеле берген әйелге:

— Келін, кешікпей орал, — деді Сырбай. — Жамағайымыздың әйелі еді, — деді ол, әйел бөлмеден кеткеннен кейін, — ері соғыста. Осы кепедегі жұмысшыларға ас істеп береді. Сандыққа отырасың ба, жерге киіз салайын ба? — деп сұрады Сырбай Рахметтен.— Отырам десең жер де жылы.

«О калай» деген сұраулы кескінмен қараған Рахметке:

— Біздің ауданда корей колхоздары бар ғой, — деді Сырбай,— солар, пешін сәкінің астынан жасайды екен де, жып-жылы боп тұрады екен. Кеуіліме қона қап еді сонысы. Осы кепеге мен де соны істетіп ем. Жүдә рахат болды.

— Білем, білем бұл пешті,— деді Рахмет,— «кудури» дейді корейлер мұны. Маған да ұнайды бұл пеш. Корейлерде төсеніш аз болады ғой. Олар бойраға да жата береді. Бойранын атын «темже» дейді. Жастық орнына жастана кететін ағашы да бар ғой олардың, оны «могдеги» дейді екен.

Сырбай койкасының жамылтқышын ашып, қалыңдау бір көрпені алды да, бойранын төр жақ үстіне төседі. Олар қатар отыра берген кезде, манағы әйел қайта кірді.

— Шырақ, — деді Сырбай Рахметке, — қонақ келсе қой соятын әдетіміз болушы еді ғой, мал алдырайын.

— Өздеріңізге даярлаған ас маған да болады,— деді Рахмет, — атала[1] ішсеңіздер мен де атала ішем, үзбен[2] болса — үзбен...

— Егінге әлі молыға қоймағанмен,— деді Сырбай,— аталаны азық қылатын халге жете қойған жоқпыз. Үзбен ішетініміз рас, бірақ, жылтырсыз үзбен емес, жүдә етті үзбен; оның артында майға бөктірген боткамыз да болады. Аталарымыз айтқан емес пе: жүдә «құлдай жұмыс қыл да, бидей тамақ іш» деп. Жұмыс ауыр болған соң, тамақты да аямай беріп жатырмыз кетпеншілерге.

Дұрыс істегенсіздер.

Келің, деді Сырбай, әмір күткендей, сыпайы кескінмен қарап тұрған әйелге, — естіп тұрсың ғой сөзді. Қонаққа барымызды беретін болдық қой, жүдә. Сен ас жаққа бар да, қонаққа сыбаға әзірлеп осында алып кел, көшіліктің арасында дайындап болар.

Әйел «хұп болады» дегендей басын ғана изеп жөнелте бергенде:

— Жеңгей, тоқтай тұрыңызшы! — деп, Рахмет әйелді тоқтатып қойды да, — асты өзіңіз көпшілікпен бірге ішетін бе едіңіз, бөлек ішетін бе едіңіз? — деп сұрады Сырбайдан.

— Бізді қойшы, шырақ, — деді Сырбай, — біз жұмыс кісісі ғой. Біздің қазанымыз да, дастарканымыз да жүдә ортақ бола береді де.

— Сіздер ортақ дастарканнан ішкенде сыртта қалатын, мені бай-құлақтың бірі деп тұрсыз ба, Сыр-еке? — деді Рахмет қалжыңды кескінмен, — мені еңбекші адамның қатарына қосқыңыз келмей ме?

— Жо-жоқ, — деді Сырбай, Рахметті өкпелетіп алған екем деп ойлап,— жүдә неге ойлаймын олай. Жүдә жайына қарайын деп едім де.

— Онда асты көппен бірге ішеміз.

— Жүдә солай болсын онда. Бар, келін, асты даярлаған соң хабар айтарсыңдар.

Әйел шығып кеткеннен кейін:

— Сыр-еке, сөз араласып кетіп, Дәулеттің хатын ұмыттық-ау, — деді Рахмет.

---

[1] «Атала» деп Сыр елі үнкөжені айтады.

[2] «Үзбен» деп «кесле көжені» айтады.

— Иә, сол бар екен-ау!.. Міне ол! — деп Сырбай төс қалтасынан суырып берді.

Хатты Рахмет ішінен оқый бастап еді:

— Дауыстап оқысаң қайтеді, шырағым! — деді Сырбай.

— Болады, Сыр-еке.

Дәулеттің қолжазбасы айқын хатын Рахмет лезде-ақ оқып шығар еді, егер Сырбай бөгей бермесе. Хатта Дәулет соғыска алғашқы кірген күнін баяндапты. Осы күнге қалай даярланғанын, даярлықта бойына қандай сезім пайда болғанын, соғыска қалай кіргенін, не қыймылдар көрсеткенін, ол күнгі арпалыс немен тынғанын түгел сыйпаттапты.

Тетрадьтық қағаздың он шақты бетін толтырған бұл хаттың алғашқы екі-үш бетінде, болашақ күннің таңы біліне соғыска кіргелі отырған Дәулеттің жан құбылысы баяндалған екен. Хатты алғаш оқытқанда, Дәулеттің:

«...Ет-жүрек емес пе, Айым!.. «Соғысқа кіру» деген сөзден жүрек лоблыйын дейді... Лоблыса амал нешік!. «Шешінген судан таймайды» дегенді еске алам да, өзіме-өзім тоқтау салам... Дегенмен, ойы бар болғыр толқый түседі. Сонда, «егер тірі шықсам оқасы жоқ, өле қалсам ше?» деп ойлаймын да, ондай күп туа қалғанда... (шынымды айтқандығым үшін кешіре гөр, Айым, өкпелей көрме!..) «Қайраты бар жас жағы жыласа да көтерер-ау, қайраты қайтқан әкем қалай көтерер! деп ойлаймын...» деген сөзін естіп, «алда, құлыным-ай!» деп Сырбай күрсініп қалды. Осы сөздерді оқып отырып, «шал қайтер екен» дегендей Рахмет Сырбайдың бетіне жалтақтап қарап еді, демін ауырлау алғаны болмаса, босаңсыған белгі көрсетпеді.

Дәулеттің соғыска кірген жерін оқығанда, Сырбай сөзуарланып көтеріліп кетті. Хаттың бұл арасында, жаудың шырпылы орманға тығылған жаяу әскерін, Дәулет басқарған ротаның танктері қалай жанышқылағаны сыйпатталған еді. Рахмет сол сөздерді оқығанда, Сырбай «со керек, жүдә, саған, қан жауғыр!..», «өл де бар, жүдә, атың өшкір!..» деген сыяқты қарғыс сөздерді үсті-үстіне айтып отырды...

Хаттың сөзіне құмартып тез оқып шыққысы келген Рахмет, Сырбайдың қосарлануын ұнатпаумен қатар, қызық та көрді. Сырбайдың аузынан жоғарыда айтылғандай

қаргыс сөздер шыққанда, шалды жауға ызаландыра түсейін деген оймен, Рахмет:

— Езгілеп өлтіргені обал болған екен де,— деп еді.

— Жүдә, расың ба, ойының ба бұл сөзің?!— деп Сырбай түксие қалды.

Шалдың ашуы келгенін бет-пернесінен байқаған Рахмет:

— Қалжыңдаймын да, Сыр-еке!— деді, одан әрі ашуландырып алармын деп,— әрине, сол керек арам ниетті жауға!..

— Е, бәсе, солай деші, жүдә!— деп бәсеңдеді Сырбай. Үйің күйіргілерді не керек, аяп?.. Ылайым-да үйі күйіп, күлі көкке ұшқай еді залымның!..

Хатты бір оқып шыққан Рахмет:

Қуанышты хат екен, деді шалға,— орасан ерлік көрсеткен екен балаңыз!.. Жеңісімен құттықтаймын! — Екеуі қол алысты. Ылайым-да осындай жеңіске не бола берсін балаңыз?

Айтқаның келсін, балам! Аузыңа май!..

— Былтыр шалдырмаған буыршынды, балаңыз жеңіспен қайтқан тойға шалдыру міндетін өз мойныма-ақ алайын, Сыр-еке,— деді Рахмет күліп.

— Жүдә жақсы!— деді Сырбай да жымыйып,— бірақ, сен айтқан буыршын қолда жоқ.

— Ол қайда?

— Жұрт майданға жәрдем беріп жатқан соң, жүдә қолымда ақша бола қоймаған соң, әнеугүні бес қойым мен сол бурамды сатып, ақшасын бергем.

— Солай ма?

— Солай! — деді Сырбай демін тағы да ауыр ап,— тек, жау жеңіліп, балалар аман келсін десейші, шырақ, тойға шалуға бура табылмас деймісің!..

— Рас, Сыр-еке!— деді Рахмет те күрсініп,— енді рұхсат болса, хатты өзім ішімнен бір оқып шығайын. Құмарым тарқамай қалды және сіз бөгсі де бердіңіз.

— Жүдә, мақұл!— деді Сырбай орнынан түрегеп,— оқы, балам. Мен тысқа шығып келейін.

Тысқа шыққан Сырбай оралғанша, Рахмет хатты төрт-бес рет оқып шықты және сыдыртып оқымай, ойланып отырып, әр сөзін салмақтап отырып оқыды. Майданнан келген хатты Рахметтің оқуы бір бұл ғана емес. Мұндай хаттың ол талайын оқыған. Солардан оның байқайтыны: совет армиясының қатарындағы жауынгерлердің де, олар-

дың командирлерінің де сөздерінен, өлшеусіз зор ерлікпен қатар, жеңіске болаттай берік сенімнің де иісі аңқыйды. Сырбай кіргенде Рахметтің көзі хатта еді.

— Жүдә, әлі оқып болған жоқсың ба?— деді ол Рахметке.

— Қайталап оқып отырмын, Сыр-еке!.. Бір емес, бірнеше рет!..

Ішкі сырларын көздерінен оқысқандай екеуі бір-біріне сүзіліп аз уақыт қарағаннан кейін:

— Ендігі кеңесті дастарқан басына көшіреміз де, шырақ!— деді Сырбай.

— Оқасы жоқ,— деді Рахмет.

— Шай даярланып қалған екен, жұрт, жүдә, күтіп отыр сені, барайық сонда!..

— Барайық.

Сырбай Рахметті ертіп апарған кең бөлмеде лық толы адам екен. Солардың біразы Рахметке жамырасып амандаса бастап еді:

— Оу, бұларың не, жүдә топырласып кеткендерің?— деді Сырбай.— Қонақ ауқаттанып алсын, содан кейін жыйналыңдар дегенім қайда?

— Неге кейін келеміз?— деп шу ете қалды бірнеше адам,— бұл кепедегілер естігенде біз естімейді ме екеміз райкомның кеңесін?

— Жә, жә, болды енді, даурықпай,— деді Сырбай,— отыра қалыңдар енді сапырылыспай.

Кең бөлменің оң және сол жақ қабырғасына қойылған тұркы ұзын екі столдың айналасындағы скамейкаларға жұрт жапырлай отыра бастағанда, Рахмет бөлменің ішін көзімен шолып шықты. Көлемінің кеңдігі болмаса, бөлменің ішкі құрылысы Сырбайдың бөлмесіне ұқсайды: мұның да қабырғалары ақпен сыланып, төбесі бойрамен жабылған, сәкісіне де бойра төселген. Ішкі мүлік жағынан бұл бөлмеде Сырбайдың бөлмесінен бірталай айырмашылықтар бар: мұнда ілінген плакаттар, қағазға және қызыл матаға жазған ұрандар көп. Төрдегі қабырғада Ленин мен Сталиннің портреттері ілінулі тұр. Портреттердің астыңғы жағын ала қойған шкафта жыйналған бірнеше кітап және тігілген газеттер. Бір қабырғаның орта кезін түгел жауып, майдан өлкелерінің картасы тұр. Босаға жақта «Хұрмет тақтасы». Оның қасында бригада мүшелерінің еңбек нормасы қалай орындалуын көрсететін таблица.

Соның бәрін Рахмет көзімен шолып тұрғанда, Тыртық «бұл былай, ағай» деп, әр затты баяндап тұрды. Сөз арасында Тыртық Рахметке, бұл бөлменің әрі ас үй, әрі қызыл бұрыш екенін, қызыл бұрышты өзі басқаратынын айтты.

— Жақсы, өте жақсы!— деді бөлменің ішін көріп болғаннан кейін Рахмет Тыртыққа,— жақсы ұйымдастырғансыңдар.

— Соғысқа баруға кем-тар болған соң,— деді мақтауға масаттанған Тыртық,— тылдағы еңбекшілердің отаншылдық рухын көтерісуде, қолдан келген жәрдем осы бол жатыр, ағай.

Тұра тұр, қосарланбай,— деді Сырбай Тыртыққа,— конак ауелі аукаттанып алсын, кецесің болса кейін айтарсың.

Конактың қарны ашкан жок, Сыр-еке,— деді Рахмет. Ертең жұмыска шыгатын жұрт тыныгатын болар, кецесейік те тарайық.

Кеңес соғыс жайынан басталды. Сұрауларына және пікір айтуларына қарағанда құрылысшылардың көпшілігі майданда не хал болып жатқанынан хабардар екен. Көңіл күйлерін жалпы алғанда, жеңіс ісіне жанын үзіп беруге әркайсысы даяр сияқты. Көпшіліктің түсінігі осындай болуына себепкер менмін дегендей, Тыртық әркімнің сөзін кимелецкіреп, біреулер үшін жауап, біреулер үшін сұрау беріп, кецеске қосарланып отырды. Ол қылығын Сырбай жақтырмаған қалып көрсетіп:

— Тұра тұрсайшы, жұдә, тіл мен жағына сүйенбей!— деп, бірер рет жекіп те тастады.

Құрылыс бойындағы саяси үгіт жұмысын Айбарша басқарған комсомол ұйымы міндетіне алғаны Рахметке мәлім. Ұйымның ісі ойдағыдай жүріп жатқанын Рахмет көзімен көрді де, өте разы болды. Соғыс туралы және шаруашылық мәселелер туралы біраз кеңескеннен кейін:

— Ал, енді қонақ та тыныксын, біз де тыныгайық,— дегенді көпшіліктің өзі бастады.

Өзге кепенің адамдары тарағаннан кейін, бұл кепенің адамдары Рахметті ортаға ала аска отырды. Әуелі шай келді. Шайға арпалып, дастарқанға Қызылорда елі ғана пісіретін қозының құмалағындай ұсақ бауырсақ төгілді.

— Шекер дегенді жүдә азайтты ғой, мына соғыс,— деді Рахметке, қатар отырған Сырбай,— шекер болмаған соң құмшекер де жоқ. О жағына ұяттымыз.

— Қауынқақ пен қауынқұртымыз[1] болмаушы ма еді,— деді Рахмет жымыйып.

— Олар бар ғой. Лайық көрмей отыр да балалар. . . .

— Со да сөз бе екен, Сыр-еке?.. Біздің Сырдың бойында қауынқақ пен қауынқұрттан артық шырын[2] боп көріп пе еді?..

— Ендеше, әкел, балалар!— деді Сырбай.

Домаланған қара-күрең қауынқұрт пен матадай текшеленіп бүктелген қызыл- күрең түсті қауынқақ бауырсаққа араласа шашылды. Шайдан кейін, ішіне сыйырдың семіз етін турамшылаған үзбен, одан кейін үстіне аздап өрік пен мейіз қатқан палау келді... Ашығыңқырап келген Рахмет, құрылысшылармен кеңесе отырып, ықылық ата тойды... Астан кейін Рахметті өз бөлмесіне алып кірген Сырбай:

— Ал, балам,— деді оған,— кеңесіп менің төсегіме қатар жатасың ба, болмаса сандық үстіне жатасың ба?

— Қатар жатуға да болады,— деді Рахмет,— бірақ сізге тынығу, ұйқтау керек қой.

— Қәрі кісіде қанша ұйқы болады дейсің, балам. Және қыйсайып жатып, аздап айтар кеңесім бар ед те.

— Онда қатар жатайық.

— Ендеше, келінге айтайын төсек сал деп, сен жүдә, тысқа шығып келетін боларсың.

— Сөйтейін, ақсақал.

Рахмет тысқа шыққа жаңбыр толастап қапты. Аспанды тұтас жапқан бұлт сиреп, ара-тұра жұлдыздар көріне бастапты. Күнгейден соққан желдің қатаюына қарағанда, таң атқанша сиреген бұлтты түгел сырып, аспанды аршып тастайтын түрі бар. Жұмыс жағдайын ойлаған Рахмет, ауа райының бұл өзгерісіне қуанып, Сырбайдың бөлмесіне қалжыңдай кірді.

— «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» дегендей,— деді ол,— жауынды ала кететін болдым, Сыр-еке, бұл арадан! Бұлт сөгіліп, жаңбыр бәсеңдеп қапты. Ертең күн ашық болар, зады.

---

[1] Қауынан қайнатқан тәтті жем.

[2] Тәттілік.

— Аузына май. Жүдә жақсы болар еді онда. Толассыз төпеп, берекені кетірді ғой, жаңбыр жарықтық.

Рахметтің көзі койкаға түссе, арасы алшақтау боп, екі төсек қатар салыныпты.

— Сыр-еке, бұл қалай? — деді Рахмет, төсекке қарап тұрып, қалжыңдағысы кеп,— төсек кең де, өзіңіз жалғызсыз!.. Мана осы төсекке көзім түскенде, маған «шешейді ала келген екен» деген ой кеп қап еді.

Қалжың сөзге түсіне тұра, Сырбай шын жауап берді:

— Кемпір қайдан келе алсын,— деді ол,— қолында Байжанның кішкентайы бар ғой. Шын көңілі ауса, тұтынған да жүдә тұтандай боп кетеді екен, балам. Біздің кемпір сол пәрестені жан-тәнімдей көріп алды, жүдә. Жақсылық заман боп, шешесі аман келе қалса, кемпір жүдә айрылмай маскара қыла ма деп қорқам.

Айрылмаса айрылмасын, тек сондай заман боп, шешесі аман келсін де!— деді Рахмет.

— Баланы мұнда әкелуге жүрексіндік,— деді Сырбай,— жүдә ауыртып ап маскара болармыз дедік, жылы үйден қозғағымыз келмеді. Бала келмеген соң кемпір қайдан келсін.

— Онда неге мұнша кең жасаттыңыз мына койканы?

— «Өлсең көрің кең болсын» депті ғой бұрынғылар. Тар дүниені жүдә жасымнан жаратқан кісі емеспін. Киімнің де, төсек-орынның да, қоныстың да жүдә кеңін жақсы көрем. Кәрі кісі, аунап-қунап жатуға кең болсын деп, жүдә молдау істете салып ем де.

— Күтімін де жақсы ұстап тұр екенсіз, бұл бөлменің, Сыр-еке.

— О жағына қарап жүрген мен емеспін, әлгі Айым.

— О қай бала еді? — деді Рахмет, «Айым» деген-ге түсінбей.

— Айбарша бар емес пе, біздің? Дәулет «Айым» дейді екен де оны. Мен де сол атқа жүдә дағдыланып кеттім.

— Өте жақсы, Сыр-еке. Дәулет күніңіз, Айбарша аіыныз екені де рас қой.

Сырбай аз кідіріп, күрсініп алды да:

— Со бала, осы үйдің ішін әлем-жәлем қып жүрген; «жүдә, қайтесің, балам! Кәрі кісіге қыйсайып демалар орын болса жетеді ғой» десем, «жоқ, әтке, шама келсе жақсы тұрған жақсы» деп жүдә болмағаны,— деді.

— Дұрыс қой онысы

— Пайдалы істің жүдә бәрі дұрыс бола береді де. Мен күтіп жатқам жоқ, екі-үш күнде бір кеп қонып, жыйнастырып кетеді.

Бұл үйдің бір қабырғасына шымылдықтың неге құрылғанын Рахмет енді ғана түсінді.

— Ал, қопағым, шешін енді, дамылда!— деді Сырбай.

— Сіз ше?

— Тысқа шығып кеп мен де жатам ғой.

Сырбай тысқа шығып кетсе, Рахмет шешініп жатып қалған екен. Беті бүркеулі Рахметті қалғып та үлгерген болар деп жорыған Сырбай, оятып алмайын дегендей, аяғын еппен басып, сыбдырсыз шешінуге тырысты. Бірақ, Рахмет қалғыған жоқ еді, қалғудың орнына, әлгі бір кезде маужырата бастаған ұйқысы, төсекке жата басына келген әлдене бір ойлардың салдарынан кетіп, қазіргі сергектігі, ұйқысы қанып тұрған адамдай еді. Солай бола тұра, Сырбай сырттан кіргенде, бетін жауып үнсіз жата қоюына себеп — күн ұзын ауыр жұмыста болған карттың тыйыштық алуына бөгет болмау еді.

Осы ойдағы Рахмет, Сырбай шешініп төсегіне жатқаннан кейін де біраз уақытқа дейін ояулық белгісін көрсеткен жоқ. Со қалпымен ол ұйқтап та қалар ма еді, қайтер еді, егер қатар жатқан Сырбай қозғала бермесе. Шал ұзақ дөңбекшіді. Ара-тұра ауыр күрсініп те алды. «Неге бүйтіп жатыр, әлде сырқаттанып қалды ма?» деген ойымен:

— Сыр-еке!— деді Рахмет,— неге тыйышсызданып жатырсыз?

— Жүдә жәй, шырағым. Кәрі кісіде ой-сана деген жүдә көп болады ғой, балам, солардың мазалап жатқаны да, жан-жақтан анталап кеп.

Күрсінуіне көп себептер болғанмен, шалды бүгін әуреленген ой біреу-ақ еді. Осы ойын ол Рахметке, әлгінде, төсекке жатарда айтпақ боп бір оқталған да, қонағының тыйыштық алуын көздеп, таңертең тұруына қалдырған. Енді, қонақтың ұйқысы ашылып алғанын көріп:

— «Тумақ болған соң, өлмек бар» деседі ғой, бұрынғылар,— деді ол Рахметке,— өлмейтін кім бар дейсің. Тек, бұрынғылар тілейтін: «Жастықта өлім берме, қартайғанда жоқшылық берме» деп, Жастық шақ өтті бізден. Асарымызды асап, жасарымызды жасап болдық. Біз өлсек — той, тек жастар аман болсын!

— Жастар да аман болсын, сіз де өлмеңіз,— деді Рахмет.

— Кімнің өлгісі келеді дейсің, шырақ. Жүдә, жеткен жасқа тоқтау болмайды да!..

— Ол рас қой, Сыр-еке, бірақ, Дәулеттің аман келген тойына қатыстырмай, сізді ешкімге бере қоймаспыз.

— Оны тәңірі біледі де, менің айтайын дегенім жүдә от емес еді.

Не айтайын деп едің?

— Құдай маған оны жүз көрсетпей-ақ қойсын, мен көрмей-ақ қояйын, бірақ «жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей, Дәулеттің жаманатын естітін күн болса, аржағында маған тіршіліктің керегі жоқ қой.

— Атай көрмеңіз! — деді Рахмет,— «жақсы лепес — жарым ырыс» демейсіздер ме өздеріңіз. Жақсылық жаққа жорый беріңіз!

— Дұрыс айтасың, балам. Жүдә, сөздің сірәғысын айтып жатырмын да. Осы үміт қой маған, жүдә, кетпен шаптырып жүрген, әйтпесе, жетпіске келген кісіде қанша қауқар бар дейсің; үмітім сөнсе, шөгіп-ақ қалатын жасым ғой бұл. Үміт дүниесі болған соң, кеуіл жүдә әрнәрсеге алабұрта береді екен. Мысалы: осы арықты ғой, біз егінді мол алу үшін қазып жатырмыз?

— Әрине.

— Сонда, қалай мол аламыз деп, ойланған кісі бар ма екен?

— Қалай болушы еді!.. Егінге агротехниканы қолданамыз, жерді жақсылап күтеміз, егінді кезінде суарамыз, сөйтіп аламыз да мол егінді.

— Сонда әр гектарынан қанша аламыз дейсіңдер?

— Қанша дейсіз бе?— деп Рахмет аз кідірді де,— күріштен алдағы жылы орта есеппен 25 центнерден, бидайдан 15 тен аламыз деп пландадық,— деді.

— Сол ғана ма?— деді Сырбай.

— Енді қаншадан?

— Тұқым тауып, жерін келістіріп, суды кезінде бере білсе, үш дақылдың шығымында жүдә шек болмайды

дейтін еді бұрынғылар: бірі күріш, бірі тары, бірі жүгері. Бір қап күріш тұқымынан алпыс қап өнім алған байды көріп ем, қазіргі гектардай ғана танапқа егіп еді, сонда,— деді Сырбай аз кідіріп, іштей есептеп ап,— гектарынан 300 пұт күріш алады, сен 150-ақ пұт алам дейсің. Сөз бе осы?

— Сыр-еке-ау,— деді Рахмет басын көтеріп ап, Сырбай да басын көтерді.— Мол егінінен кім қашады дейсіз. Мен де қашпайын 300 пұттан. Соны өсіріп беретін кім?

— Агроном болды да,— деді Сырбай, айтқалы отырған кеңесін жасырып,— сендер соған сенесіңдер ғой.

Шалдың көмекейінде тыңнан айтқалы отырған кеңес барын жобалаған Рахмет:

— Агрономның білетіні де рас қой,— деді Сырбайға,— ол ғылым өкілі. Бірақ, ғылым да іс тәжрибесінен шыққан жеміс қой. Сталин жолдас айтқандай. ғылым мен тәжрибе бір-біріне жетекші емес пе? Мысалы, көмір өндірісінде, өзіңіз білетін Стаханов ғылымның ойында жоқ зор өнім берді. Сөйтіп ғылымға жетекші болды. Ақтөбе облысының колхозшысы Шығанақ Берсиев өзі өсірген тарының әрбір гектарынан 900 пұттан өнім алғанын білесіз. Бұл да ғылымға жетекші болған өнім. Сондайлар шаруашылығымыздың әр жүйесінде бар емес пе? Күріш өндірісінде де сондай біреу шығып, ғылымда жоқ табысқа жетсе, біз қой дейміз бе оған? Күтіп жүрген жоқпыз ба, сондай кісіні?

Рахметтің бұл сұрауы, өзінің айтқалы отырған сөзінің дәл үстінен шыққанмен, «сөйтейінді» табан аузында айта қоюға ыңғайсызданған Сырбай, ойын сатылап барып айтқысы кеп:

— Бастаушы болар еді-ау соны, бірақ қостаушы болса!— деді.

— Кімді айтасыз сіз, Сыр-еке, «бастаушы» деп?

— Мен колхоздың бастығын айтам,— деді Сырбай, іркілмей,— бастық оңбай — колхоз шаруасы оңбайды. Ол оңбаса, былайғы колхозшының тырысып істегені, құмға құйған судай боска кетеді.

— Түсіндім,— деді Рахмет Сырбайдың сөзін бөліп,— Масақбай ғой, айтайын деп жатқаныңыз. Оның шаруашыл бастық бола алмай жүргені рас. Бірақ, мәселенің бар тетігі сонда болса, оны өзгерту тетігі өздеріңізде. Сіз өзіңіз колхоз басқармасының мүшесісіз. Басқарманың өзге мүшелері де осылай ойласа, орнынан алынсын деп,

қаулы шығарасыздар. Егер сол қаулыны колхоздың жалпы жиналысы мақұлдаса, жоғарғы орындар есептеседі. Жарамаған бастықтан құтылу жолы осы.

— Білем,— деді Сырбай.

— Білсеңіз айтып отырғаныңыз не? Көзге бадырайған комшілікті біле тұрып түземесеңіздер, оған айыпты өздеріңіз.

— Турамды айтайын,— деді Сырбай,— бұған айыпты жұдә өзгелер емес, менмін.

— Неге?

— Әйеугі бір кезде, Масақбайдың бейқамдығынан аз егін мезгілімен жиналмай, жұрт «осыдан құтылсақ қайтеді» дегенде, жұдә, өлмеге қыйсам да, өлімге қыйғым келмей, «түзелер» деп қорған қалған мен едім. Сонымда жұдә енді өкпін отырмын.

— Неге?

— Семіргені ме, болмаса бетіме шығар кім бар деп дәлігені ме, салықтығын былай қойып, жұдә сол неме әртүрлі жат мінез шығарайын деп жүр.

— Мысалы?..

Сырбай жауапқа ыңғайланғанда, есік сыртында әлде не сылдыр ете қалды.

— Бу кім өзі?— деп Сырбай түрегелді де, ілулі тұрған фонарьды алып қарап келді.

Кім бар екен?— деді Рахмет.

Ешкім де жоқ.

— Мысық сығықты бірдеме шығар.

— Олай болса оқасы жоқ қой жұдә, кісі боп жүрмесе.

— Кім болады?

— Тыртық болмаса?

— Ол кім?

— Біздің штабот[1]. Соның ірге мен есік тыңдайтын жаман әдеті болушы еді.

— О несі?

— Масақбаймен жұдә әмпейілеу өзі. Ол шіркін мені жауы көреді, тегі сол тыңда деп тапсыра ма, қалай?.. Құрсын ол, жұдә, тыңдай берсін, кеңесімізге көшейік.

— Сөйтейік, Сыр-еке,— деді Рахмет,— сонымен былай істесек қайтеді: сіз осы колхоздан жоғарғы өнімшілер

[1] Штабот — есепші дегені.

звеносын құрып, өзіңіз бастасаңыз, біз сізге тиісті жағдай жасасақ?

— Өзімнің де манадан бері үзбектеп-созбактап айтайын дегенім осы еді,— деді Сырбай,— былтырдан ойлаған ісім еді бұл. Оған аздап даярлығым да бар еді.

— Қандай?

Сырбай орнынан түрегелді де, кепенің ішкі жақ бұрышында тиелiп тұрған жіңішкелеу, ұзынша ала қаптың аузын шешіп, кең алақанына толтыра салған дәнді алып кеп, орнына қайта отырды.

— Мынау менің қолдан теріп алған салым,[1] — деді Сырбай дәнді Рахметтің алдына тосып.— Осыны быйылғы егінді аралап жүріп тердім. Ең жақсы собықтарды[2] қыркып алдым.

— Неге?

— Әлгі сен айтқан кеңесті ойлап. Бірақ, менің ойым ызбана[3] құру емес еді, осы жыйнаған салымды көктемде оңаша егіп көру еді.

— Звено неге құрмайсыз?

— Ызбана құрсаң, жарым-жартылап емес, көптеп жер егу керек қой. Оған жүдә тұқым қайда?

Рахмет қарқылдап күлді.

— Неге күлесің, шырақ?

— Ақсақал-ау, звено құрушылар табылса тұқым табылып жатыр ғой. Бірінші сортты тұқымнан қанша керек болса да тауып берейін мен.

Сұраулы кескінмен қараған Рахметке Сырбай жауап бере қоймап еді:

— Былай болсын, Сыр-еке,— деді Рахмет,— өз звеноңызды құру туралы сіз колхоз басқармасының алдына мәселе қойыңыз. Басқарма қарсы болмас оған. Мен де айтып қоярмын Масақбайға. Мол өнім алуға керекті жағдайды жасаймыз.

— Болсын!— деді Сырбай аз ойланып.

Осыған екеуі қол алысты да, қалған сөзді кейін кепеспек боп, жайлы бір ұйқыға кетті.

---

[1] Күріш тұқымы.
[2] Егіннің дәнді басы.
[3] Звено дегені.

БАР МӘСЕЛЕНІ ҚАДР ШЕШЕДІ

Рахметтің өткен түнгі болжалы дәл кеп, таң біліне сәябырлаған жел күн шыға біржола тынды. Тыңға жақын ыдыраған бұлттан аспан түгел арылып, күн ашыққа шықты да, маужыраған әдемі бір күн басталды. Рахмет Сырбайдың кепесінен осы кезде аттанды. Таң ата ғана қалтыл, аз уақыт қана тыныстағанмен, Рахметтің ұйқысы қанып қалған екен, атқа қонғанша ара-тұра есінеді де, аттанғаннан кейін бойы сергіп кетті. Түн ортасы ауғанша суып ап, бірер бау жоцышқаны еркін күйсеген ат, түнгі желден дегдіцкіреп қалған сазды жерде аяқтарын пысық басып, аса елгезектенін келеді.

Қалың шеңгелтің арасын жара, прелецдей тартқан соқпақты бойлай, аяцшыл атын қамшымен қанталдықтан ақырын ғана сыйпап, кейде жортығып, кейде аяңдатқан Рахмет, төцірегіне қарап қояды да, бұл араның өткені мен қазіргісін көз алдына келтіреді.

«Өткені» деген қай бір алыстағы «өткен»? Оған екі-ақ жыл болған жоқ па? Бұдан екі-ақ жыл бұрын, бұл маң, қай жағына бет бұрсаң да көзіңді кідіртпейтін, тіккен көзіц, әлдеқайдағы алысқа барып аспан мен жердің астасқан жиегіне ғана тірелетін, керіліп жатқан жап-жазық дала емес пе еді?

Қазір ше?

Қазір қай жағына қарасаң да көзіңді жоталана үйілген сары топырақтардың ұзаққа созылған қыраты. Ол қыраттар әлдеқайдан тармақтала айрылады да, әлдеқайдан барып қайта ұштасады. Бұлардың не жоталар екені Рахметтің көцілінде сайрап тұр. Бұлар, Сталин атындағы каналдың тармақтары. Қай өлкемен қандай тармақтар жүргізілетіні Рахметке алақанның сызығындай мәлім, өйткені, ол тармақтар туралы райкомда Байжан талай рет баяндама жасап, әрбір тармақтың қанша гектар жерді суара алатындығы талқыланған.

Елгезек атын шерте аяңдап келе жатқан Рахмет, жапасып қалған тұстарында канал тармақтарының жоталанған еңселеріне шоқытып шыға кеп, атының басын тежейді де, алақанын көзіне қалқалап тұрып, төцірегін тағы да шолады. Әрбір тармақты бойлай қыбырлап жұмыс істеп жатқан шоғыр адамдар оның көзіне осы биіктен ғана

шалынады. Рахметтің солардың бәріне де барғысы, бәрімен де сөйлескісі келеді, бірақ, уақыт қайда оған?!. Барар жерге тез жету керек, ол — құрылыстың штабы. Бұрын білетін бұл жерді, егер каналдың мына тармақтары қазылмаса, Рахмет көзін жұмып-ақ табар еді, өйткені ол жерде «Ақадыр» аталатын кішірек төбе болатын да, айналадағы далыйған жазық даланың бетінде тау сияқтанып, көзді қиядан тартатын. Қазір, мынау төбе жоғалып кетіпті.

Дегенмен, Ақадырды оның тез табуына, төбені беткейлей, шоқтала өскен сексеуіл себеп болды. Қайдағы шөлейтке, не өркешті құмның жотасына бітетін сексеуіл жарықтықтың, жоғары өрлей, тікейе біткен бұтақтары мен олардың басына жапырақ орнына шығатын жасыл инелері жаз да, қыс та түсін өзгерте ме!.. Сығып қалсаң атып кететін бұл инелердің бойындағы шылқылдаған су, мыйды қайнатқандай ыстықта кебе ме!.. Мұртына мұз үйелейтін суықта қата ма!.. Шоқтала өскен жас сексеуіл, алыстан қарасаң жасыл шәлі бүркенген келіншекке ұқсайды. Сонша жасаңғыраған сексеуілдің жасын сұрасаң, сақалы ағарған қарттардың талайынан үлкен боп шығады. Мысалы, жоғарыда аталған Ақадырдың құмына өскен жасаң сексеуіл, Сырбайдың бала кезінде осындай жап-жасыл еді, әлі де сондай жап-жасыл. Тек, бойы ғана ол кезден біраз биіктеп, түбірі ғана біраз жуандаған сияқты...

Өйтпегенде қайтсін. Әр не жасайтын мөлшеріне қарай өспей ме. Онға жетпей алжыйтын қояның азу тісі бесінде мұқалып боп, мандайы қасқарып қалады. Бес жүз жыл жасайтын пілдің азуы жүзге жақындағанда ғана шығады. Бір жыл жасайтын шөп, күздігүні көркінен айрылып сабағымен семеді. Жүз жыл жасайтын қайың жыл сайын жапырақ тастап түлейді. Мыңға жақын жасайтын сексеуіл, жүз жасында жаңа туған ботадай нәзіктеніп, бұтағын майыстырайын десең, морт етіп сына қалады; бес жүз жасағаннан кейін ғана ержеткен ол, содан әрі басын қалың бүркеген инелерін сиретіп өмірінің арғы ылдыйына қарай еңсейеді. Бірақ, тез ылдыйлап кетпейді ол. Есеюі ұзаққа созылған оның еңсеюі де ұзаққа созылып, қартайып болған соң да, көлденең бір себеп кездеспесе қопарыла құламай, тігілген темір діңгектей, бұтақсыз, жапырақсыз сұрғылт қалпымен қақшыйып қатып қалады.

Ақадырдың төбесіне шоқтала өскен сексеуілді нысанаға ала жүрген Рахмет, Байжанның кепесіне келсе күн сәскеден жоғары көтеріліп қалғанмен, Байжан шырт ұйқыда екен. Қызметкер әйелден сұраса, түн бойы қағаздарымен шұғылданып, күн көтеріле ғана жатыпты. Қойқасына киімшең қыйсайып, басын сырмалы фуфайкасымен тұмшалап алған ол, тегі түс көріп жатыр ма, немене, ара-тұра бірдемелерді былдырақтатып қояды; дағдысы ма, әлде түсінде біреулерге айбат шегіп жатыр ма — тістерін құтырған бурадай шақырлатып қайрайды...

Тұмшаланып ұйқтаудан тынысы тарылды ма, әлде, бөлмесіне кісі кіргенін сезді ме, немесе көрген түсінен есенгіреуі ме Рахмет кепе ішін көзімен шолып тұрғанда, Байжан «ә, ә!» деп қатырақ дыбыс шығарды да, басына оралған фуфайкасын қолымен сыпыра түрегелді. Күтпеген дыбыстан сескенің жалт бұрылған Рахметті жанарқанадай, ол оларға ап қарап тұрды да, көзін уқалап жіберіп, «о, сіз екенсіз ғой!» деп, қойқасынан сырғып түсіп қол берді.

Рахмет көрмеген мезгілде Байжан көп өзгеріп қалған сияқтанды: ұрты солып, қазыла жүдеген, қырып жүретін сақал-мұрты өсіп, бұрынғысынан әлдеқайда қалыңдаған, қатты ұйқтаудан ба, көзінің үстіңгі еті ісіп, ағы қантала кеткен.

— Сізді көріп тұрғаным өңім бе, түсім бе?— деді ол Рахметке қолдасқаннан кейін.

— Өзің қалай ойлайсың,— деді Рахмет.

— Екеуіне де жорып тұрмын, өйткені, түсімде де сізді көріп жатыр ем, оңашам қасымдасыз.

— Не түс ол?

— «Тауықтың түсіне тары кіреді, түлкінің түсіне тауық кіреді» дегендей, райкомның бюросында ма, осы арада ма, оңашасы есімде жоқ, әйтеуір каналдың бірдемелері туралы сізбен айтысып жатыр екем де...

— Не деп?— деді Рахмет қалжыңды дауыспен.

— Қайда қонып шығып едіңіз?— деп сұрады Байжан, ұйқысы қанбауын есінеуінен көрсетіп.

— Сырбайдың кепесіне

— Қарт көңілсіздеу сияқты деп есітіп ем, жайыңыз келмеген болар...

— Наоборот,— деп Рахмет Сырбайдың кепесінде уақытын көңілді өткезгенін айта бастап еді:

— Кешіріңіз,— деді Байжан,— әуелі ауқат даярла-

таиын. Өткен кеште атып әкелген екі қырғауылым бар, семіздіктен мамырлап қалған екен, кеспеге қарасы жоқ... Жеңгейге жүнін жұлып қой дегем. Соларды қуыра гой дейін.

— Мүмкін, ұйқтай түсерсің?

— Ұйқы қайтер дейсіз, ағай. Қанып та, қанбай да жүрер ол. Сағынып та қалған екем сізді. Және кеше Қызылордадан алып келген спиртім де бар...

Байжан шығып кетті де тез оралды.

— Ал, ағай, кешіріңіз,— деді ол, үйге кіре,— менде шаруалары бар біраз жұмыскерлер конторда жыйналып қалған екен. Соларды жайғастырып келейін.

— Оқасы болмас,— деді Рахмет.

— Онда, сіз мыналарды ермек қыла тұрыңыз,— деп Байжан Рахметке дағдылы конвертке салынған, немесе үшкілдене бүктелген бірнеше хатты ұстата берді де шығып кетті.

Рахмет алғаш ашкан конверттің ішінде Гүлнардың фотокарточкасы жүр екен. Медицина қызметінің майоры формасында киінген Гүлнардың түсі де, тұлғасы да аттанған кезінен өзгеріңкіреген сыяқты: ауылдағы қалпынан кеудесі де, жауырыны да кеңдеу, беті дөңгелектеу, көзі үлкендеу және өткірлеу сыяқты. Сыртқы жазуына қараса: «Бахытым мен екеуің, менің осы бір күндегі кескінімді естеріңде ұстау үшін жібердім...» деп жазыпты.

«Осы бір күндегі» деген сөздің төңірегіне оралған Рахметтің ойы ауырланқырап біраз отырды да, демін кеңірек бір алып, хаттарды оқуға кірісті. Таныс сызықтар. Әріптерді тізген маржандай қып сұлу түсіретін Гүлнардың таныс қолы!.. Бұрынғы жазуларынан тек қана айырмасы — әдетте катесіз және өшірмей таза жазатын Гүлнардың мына хаттарында өшірілген, қосылған сөздер көп. Қолдың бұлай мүдіруіне ойдың толқуы себеп болғандығы өшірілген де, қосылған да сөздерден айқын көрініп тұр... Хаттардың көпшілігі лирикалық сарында жазылған. Мұндай сарын, жанындай жақсы көретін баласы, не жары туралы айтылған сөздерде ғана емес, соғыс туралы жазылған сөздерде айқын көрініп тұр...

Бірінен соң бірін оқып шыққан хаттардың бәрін тұтас алғанда, Рахметке олардың әрқайсысы қызық жазылған үлкен бір романның жеке тараулары сыяқты көрінді. Бұл өзге туралы роман емес, жүріп жатқан сұрапыл соғыста

советтік медицинаның ролі туралы роман. «Романда» Гүлнардың үйінен майданға беттеген күнінен, жуырда ғана келген хатына дейінгі көрген-білгендерінің бәрінің де айқын бейнесі тұр. Бұл бейнелерді ол, кейде қаламы шебер жазушыларша суреттеп жіберген. Сол суреттерден, Рахмет нелер қорқынышты да, қуанышты да оқыйғалардың ғажап картиналарын көрді... Кейбір картиналарды көргенде көзінен жасы шығарлық халге дейін жеткен Рахмет, сыйпаттаған оқыйға қанша ауыр болғанмен, аса ынталанып оқыды, сондай хаттардың кейбірін ол әлденеше рет қайталады...

Хаттардың қызығына түскен Рахмет, уақыттың қалай өткенін де білмей қапты, Байжан оралып келгенде байқаса, сағат жарымдай оқыпты.

Көп күттіріп қойдым білем,— дей кірді, Байжан келесімен, қарындаш та ашқан болар...

Пәлбөрөн, деді Рахмет,— рахаттана тойдым...

— Не ішпіші бе?

— Аска емес, Гүлнардың хаттарына!.. Не деген тамаша хаттар!.. шын мағынасындағы көркем повестлар!.. Бәрі жыйналғанда — аса қызық роман!.. «Қолда барда алтынның қадыры жоқ» дегендей, ауылда жүргенде білмейді екемін, Гүлнарды!.. Не деген үлкен жүректі адам бұл!.. және, өзі ағып тұрған жазушы... және эпикалық жанрдың емес, лирикалық жанрдың жазушысы!..

Байжан жымыяйын деп еді:

— Күлме,— деді Рахмет байсалды түсін өзгертпей,— ойным емес, шыным...

— Кешіріңіз, Раха,— деді Байжан да түсін салмақтандырып,— маған өзге емес, сіздің хаттарды осынша беріліп оқуыңыз қызық көрініп тұр...

— Сен ше?

— Мен де солай қызыға оқыймын...

— Ендеше неге жымыясың?..

Байжан сөз таба алмай қалды.

— Бұ хаттарды оқуға бергеніңе көп алғыс айтам,— деді Рахмет,— әсіресе Гүлнарға!.. Көп ерлік істер аткарған екен, отанның қызы осындай болсын!.. мың-мың алғыс оған!..

— Менің де айтарым сол,— деді Байжан.

— Ендеше,— деді Рахмет жымыйып,— оның мұндағы госпитальдың қызметіне қалғанынан майданға кеткені дұрыс болды да?..

— Әрине,— деді Байжан,— майданға бармаса, мұнша ғажап оқыйғаларды көре ме?..

— Әрине, көрмейді... Отанның осындай қызы барына мақтанамыз да?..

— Сөз бар дейсіз бе, оған.

— Ендеше, сәскелік асты алдыр. Отанның сүйікті қызының, сенің сүйікті жарыңның ерлігі бұдан да артып, абройы бұдан да өсе беруіне рюмка көтерейік!..

— Хұп болады,— деді Байжан.

Ол есікке жөнелс бергенде Айбарша кіріп келді, сыртында қоңыр түсті күздік камбинезон, басында бұлғары тысты пилотка, аяғында қоншы керзді жұмыс етігі; бұл түрінде, егер иығында салбыраған өрулі, ұзын екі жуан бұрымы тұрмаса, оны танымайтын адам жас жігіт деп ойлайтын. Біраздан бері көрмегенге тосаңсыды ма, болмаса, расында солай ма, Рахметтің көзінде Айбаршаның денесі бұрынғысынан сұңғақтана, толығыңқырай, кескіні қоңырлана, сұлулана түскен сыяқтанды. Рахмет пен Байжанға амандасқаннан кейін:

— Жезде,— деді Байжанға,— қайда барасыз?

— Ас әкелісуге.

— Әйел барда еркек ас әкелу заңын кім шығарған?.. Қуырдақты көрдім, тәтті екен, отырыңыз, мен әкелісем!..

— Болсын, балдызым,— деп Байжан орнына оралды.

Айбарша фуфайкасы мен пилоткасын шешіп ілді. Гимнастеркасының белін жалпақ қайыс белбеумен қынап буып алыпты. Оның денесі, Рахметтің көзінде тіпті сұлуланды. Ол шығып кеткенде:

— Біздің Айбарша тіпті көріктеніп кетіпті ғой!— деді ол.

— Көріктенбегенде ше,— деді Байжан,— әрі өмірі шешек атқан жас, әрі күні-түні еркін ауада, әрі жұмыстан шыныққан...

— Жұмысы қалай боп жүр?

— Бұрынғы ударниктігінен үдемесе төмендеген жоқ. Жалғыз экскаватордың басқарып қана қоймайды, барлық жұмысқа араласады, кезегі келгенде кетпенші де, жүкші де боп кетеді. Сөйтіп жүріп, қоғам жұмысын басқарудан да қалыспайды, әрі ұйымдастырушы, әрі үгітші... Сөзімен ғана емес, ісімен де үлгілі болған соң, әрі қылықмінезі ұнаған соң, көпшілікке өтімді... Көпшілікті басқаруда жәрдемі өте көп тиіп тұр...

Рахмет Байжанға Сырбай үйінде Дәулеттің хатын

оқығанын, Сырбайдың Айбаршаға өте жақсы қарайтынын айта кеп, Самарқанның көңілі қазір Айбаршаға қандайлығын сұрады.

— Ішіне кіріп шыққан жоқпын,— деді Байжан,— менен бүгетін сыры болса өзі біледі. Сөзіне қарағанда, Айбаршадан дәмеленуін доғарған сияқты, бірақ, одан аралары алшақтамай, адамгершілік достықтары нығая түскен сияқты, оның үстіне, Самарқанда жаңадан бір махаббат басталған түрі бар...

Арғы сөзге үлгермей, Айбарша кіріп келді де, «ас даяр» деп дастарқан төседі, қызметкер әйел буы бұрқыраған қуырдақты табақпен көтеріп кірді. Асқа отырғанда, Байжан екі стаканға орталау қып спирт құйды.

— Айбарша ше?— деді Рахмет қуланып.

Мен спирт түгіл шараптың өзін де Дәукешті қарсы алатын тойда таза татқалы жүрмін,— деді ол.

Айбаршаның мына сөзі некеленген әйелдің сөзі сияқтанып, Рахметке ерсі көрінді.

Қуырдақты жеуге тұтынғанда, Айбарша айнаға қарсы отырып еді, бетінің жуылмаған кірі бадырайып көріне қалды.

— Кешіріңіз!— деді ол Рахметке қарап қойып, тұра жөнеліп,— бетті жуу еске де келмепті.

Рахметтің «оқасы болмас» деуіне қарамай, Айбарша шығып кетті де жуынған бетпен тез оралды. Нұры ойнаған таза бет, Рахметке, қауызынан жаңа ашылған гүл сияқтанып кетті... Оған Айбарша бұрынғысынан әлдеқайда сұлу көрінді.

Қуырдақтан кейін Айбарша Байжанмен келген шаруасын кеңесті. Оның айтуынша, кешікпей жер тоң боп қатады да экскаватор тоқтайды. Осы кезде Сырбай, алдағы жылда егін сепкелі жүрген танабына су апаратын арықты қазуға кіріседі. Шалмен уәдесі бойынша, Айбарша да кетпенге түсіп, көктем туып жер жібігенше арық қазысады. Айбарша Байжанмен шаруасын ақылдасқанда, Рахмет оны трактористер курсына жібермек болғанын айтып еді:

— Оны кезінде көрерміз, ағай,— деді Айбарша,— әзірге шалға көмектесе тұрайын, кетпен шабар қарулы кісі азғантай.

Рахмет пен Байжан осыған көнді де, Айбарша жүріп кетті.

Рахмет Байжаннан құрылыстың жайын сұраса, жер

тоңданып болғанша каналдың бұл тармағы ойдағы жерге жетеді екен де, аржағында, егістік танаптарға су апаратын тармақтар ғана қалады екен; оған көктемге қарсы, жер жібі кіріспек екен. Рахмет Байжанға Сырбайдың мол өнімші звено құру туралы ойын айтып еді:

— Ол дұрыс қой,— деді Байжан,— бірақ, бірыңғай тәжрибенің ғана кісісі гой ол. Ғылыммен ұштаспаған тәжрибе қанша жеміс береді? Оған ғылыми жәрдемші беру керек.

— Мысалы кімді?

— Наталия Полещукті.

— На-та-лия-а-а, Полещ-щукті?

— Иә, Украинадан келген детдомның директорын. Ақылды қыз және ауыл шаруашылық білімі бар қыз. Қызылордада мелиораторлардың қысқа уақытты курсы ашылады екен, соған жіберу керек!

— Ол да мақұл сөз екен,— деді Рахмет аз ойланып,— бірақ, Сырбай орысша білмей, ол қазақша білмей қыйын боп жүрмесе.

— Айбаршаның айтуынша, Полещук қазақ тілін аңғара бастаған, екеуі жан аяспас дос сыяқты, араласады; тегі, Самарқаныңыздың болашақ жары сол Полещук боп жүрмесін.

— Оны қайдан білдің?

— Білмей, мен де бозбала боп көрген кісі емеспін бе? Қарым-қатнастары, қас-қабақтары соған ұқсайды...

— Апырай, ә?! — деп Рахмет аз отырды да,— Айбаршаны жіберсек қайтеді?— деді

— Ол да жөн,— деді Байжан.—Бірақ, ол трактористердің курсына бармай ма? Ол да алдағы көктемнің егісіне аса қажет болғалы тұр ғой. Бұрынғы маман және қайратты трактористердің көбі майданға кетті ғой, олардың орнын осы Айбаршалар баспағанда кім басады?..

— О да мақұл екен.

Рахмет Самарқанды аудандық жер бөліміне бастық қып алғысы келетін ойын айтып еді:

— Мен кіммен істеймін?— деді Байжан,— ғылымдық жағынан жалғыз жәрдемшім сол ғана. Оны берсем, қанатым қырқылып қалады. Алда толып жатқан міндеттер бар. Каналдың негізгі тармақтарын ілгері қарай қаздыра беру үмітінен әлі қол үзген жоқпын. Реальный іс қой деп ойлаймын оны. Самарқаннан айрылсам кімге сүйенем, сонда?

— Ол да рас қой,— деді Рахмет,— бірақ бұл мәселе туралы әлі де ойласу керек.

— Бұл жөнде менің ойласқым келмейді. Сталин айтпады ма, «барлық мәселені кадр шешеді» деп. Құрылыстағы ең мықты сүйенетін кадрым сол.

— Олай болса, орынбасарын ғана емес, құрылыс начальнигінің өзін де қосымша жауапты жұмыска пайдалану керек болады да,— деді Байжан қалжыңдап.

Әрине. Оған да айтар ұсынысым боп келді.

— Қайда, мысалы?

— Аудандық су шаруашылығының бастығына.

— Себебі?

- Себебі — бар мәселені кадр шешеді.

Он бірінші тарау

СЕНІСУ

Наталия мен Самарқанның арасында басталған махаббат туралы Рахметке айтқан жорамалында Байжан қателескен жоқ еді. Бұл сөзімізді анықтау үшін, мәселені әрегірек тарихынан алайық.

Олардың ең алғаш қайда танысқаны бізге мәлім. Баскарып әкелген балаларының көпшілігін Тартоғайға орналастырған, азын ғана жеке адамдардың тәрбиесіне берген Наталия, жұмыс жөнінде Самарқанмен тығыз байланысты болды; өйткені, орналасқан балаларды азықпен, отынсумен, үй-жаймен қамтамасыз етудің ауыр салмағын райкомның бюросы Самарқанға жүктеген еді.

Самарқанның Айбаршаға алақтауы бұл кезде біржола доғарылғанын біз өткен тараулардан білеміз. Шын жүректен сүйген адамына деген ыстық көңілін суыту оған жеңілге түскен жоқ. Дегенмен, мезгілдің өтуіне қарай қайғыны да, қуанышты да ұмытатын басы жұмыр пенденің ол да біреуі емес пе. Айбаршаға деген махаббатын ол ұмытпас-ақ еді, егер Айбарша тарапынан емексу көрсе. Ондай емескуді ол көрмек түгіл сезбеді де. Махаббат мәселесінде өзін Самарқаннан бұрын да сырғақ ұстайтын Айбарша, Дәулет майданға аттанғалы ол жөнде тіпті сырғақсып алды. Содан кейін жолыққан сәттерінде, қылық-мінездерімен ол, Самарқанға махаббат сөздерін

айтқызуға жол бермеу былай тұрсын, өзін әйел, оны еркек ретінде сөйлетуге де жол бермей, әрдәйім мемлекет қызметкері ретінде ғана сөйлесті. Самарқанның көңілін солай суытып алған Айбарша, біраздан кейін қатал қалпын жұмсартты; бірақ, онысы қыздың жігітке жұмсартуы емес, қарындасының ағаға, және жай ағаға емес, жақсы көретін ағаға жұмсаруы еді. Айбаршаның мұндай ойға келуіне Самарқанның өзі себепкер болды: өйткені, Айбарша әуелгі кезде, оны сынау мақсатымен, Дәулеттен келген хаттарды көрсетсе, жоңіске жеткен қуанышына да, кейбір кезіккен реніштеріне де ортақтаса кетеді; жас та болса адамның мінез-қылығындағы өтірік пен шынды айыра алатын Айбарша, Самарқанның бұл ортақтасуларының әрдәйім шын екендігін байқайды. Сүйтіп жүріп, Айбарша Самарқанға сеніп алды да, шын ықласпен достаса бастады.

Самарқан ше?.. оның Дәулетке де, Айбаршаға да көңілі адал болғанмен, бұған дейін жүрегінде қызып-жанып алған махаббаты бірден сөне қойған жоқ. Бірақ, «жүрек» деген де иесінің еркіне бағынбай ма! Оның бетін қалай бұру тізгіні сананың қолында емес пе! Жүрегін санаға билеткен Самарқан, алып қашқан бетінен жүрегін саумалай тежеп, ешнен «тәк-тәкқа» салды да шабыстан желіске, одан жортаққа, одан аяңға түсіріп, ақыры, біржола тоқтатты. Оның қамқорсыған Масақбайға қатты келетін, «Дәулет өлсе» деп тілейтін ылас ойдан бетін қатты тойтарып тастайтын кезі осы еді.

Бірақ, ол өмірі өркендеу жолындағы жас жігіт емес пе?! Бір қыздан көңілі суумен, оның жалын аткан жастық өмірі суый ма! Әрине, суымайды. Ендеше, Айбаршадан күдер үзген ол, тағы да жар іздеуге тиісті ғой... Наталия Полещукке ол, ойының осындай жанадан жар іздеген шағында кезікті... Жолыға, сөйлесе келе, Наталия ісімен де, мінез-қылығымен де Самарқанға ұнай кетті...

Бүкіл психолог атаулының айтуынша, адамның жан жүйесінің айнасы — көзі. Жанының қандай құбылысы болса да, көзге сәулесін түсірмей қоймайды. Біздің Самарқанның да жанында Наталияға деп тұтана бастаған махаббатының бейнесі кезінде көріне қалуын Наталия байқамаған жоқ. Отты от қана тұтата алады. Самарқанның жанында тұтанып, белгісі көзіне шыққан махаббат отының ұшқыны Наталияның да көзіне шашырап, жүрегіне қарай жылжый бастады, онысын Самарқан да аңғар-

уға айналды. Енді гі мәселе — жүрек сырын кімнің бастап ашуында.

Көркем әдебиетті көп оқыйтын Наталия, Пушкиннің шығармаларын ерекше сүйсініп оқый жүре, бір мәселеде оның мен келісе алмайтын еді, ол — Татьянаның Онегинге махаббат сырын айтып хатты бұрын жазуы.

— Әрине,— дейтін еді ол сырластарына,— «сүю» деген сөз екі жыныска, яғный, қыз бен жігітке ортақ. Жігіттің қызды ыстық сүюіндей, қыз жігітті де ыстық сүйе алады. Солай бола тұра, Адам ата мен Хаува анадан бізге дейін мирас боп келе жаткан салт — жүрек сырын жігіт бұрын ақтаруға тиісті. Ендеше, Татьянаның хатты бұрын жазуына мен қосыла алмаймын.

Сонтай ойдағы Наталия, Самарқанға құмарлығы арта бастаған кезде ой түсінігіне өзі қайшы кеп, оған хат жазуға да ыңғайланған күндері болды. Сондай хатты ол жазар ма еді, қайтер еді, ешкім тістеп шыққан сөз, отыз рубль емес кетеді» деп қазақ мақалы айтқандай, құлағын «Самарқанның Айбаршамен жақындығы бар» деген сөз шалмаса.

Наталия Айбаршамен де алғаш жолыққаннан бастап дос боп кеткен еді. Оған бас себеп — Наталияның бізге мәлім кішкене інісі Сашаны, Айбаршаның шешесі — Дәметкен жеке тәрбиесіне алған да, інісіне жиі қатнасқан Наталия, сол үйдің бір жаны сияқты болған; өйткені, Дәметкеннің Сашқаға ықласы түсуі сондай — туған баласынан кем еміренбейді, жан-тәні соның үстінде болады. Солай жақсы көрінгендіктен Дәметкен баланың атын да өзінше Ескендір қойып алды. Жас баланы кім жақсы көрсе, шешесі сол емес пе! Дәметкеннің қолына келе, сыр катынан тез оналып, аз күнде сауығып кеткен Ескендір, үйрене келе, «бөтен шеше» дегенді ұмытып, туған шешесі көріп кетті; туған баланың туған анаға еркелеуінен, Дәметкенге кем еркелемейтін болды; сондықтан ол Дәметкенді «апа» дейді. Дәметкен оны: «Есім», «Есжан», «Естай», «Ескем» дейді, карға адым жер ұзап шығып кеп көрсе, айлап-апталап көрмеген ана сияқтанып, құлынымдап сүйіп жатады. Соны көрген жұрттан біреулер: «Тумаған баланы да осынша жақсы көреді екен-ау!» деп таңданса, енді біреулер: «Осынша жақсы көріп алған баладан, түбінде айрылуы да оңай болмас» деп, Дәметкеннің келешегіне көз жібереді де, аяйды... Міне осындай қылық көрсеткен Дәметкенді Наталия неғып көрмес!.. Сондықтан да,

ол, інісіне алғашқы кезде бауырсырап көріскенмен, артынан, Дәметкенді ренжітіп алармын дейді де, оншалық құрақ-ұша қоймайды... Дәметкен мен екеуі бірінің тілін бірі білмегенмен, бір-бірін жақсы көретіндіктерін бет бейнелерінен-ақ айқын танийды...

Үнемі іс үстінде жүретін Айбарша мен Наталия үйіне анда-санда азғантай уақытқа келгенде ғана кездейсоқ жолығып жүрді. Бірақ, бұдан оның Айбаршаны іші-сыртымен түгел тануына шұқсан келген жоқ. Ең алғаш, Сашканы Дәметкеннің тәрбиесіне беруді Наталияға ұсынған Айбарша болатын. Әл үстіндегі сырқат ішісін көзінен таса қылуға Наталияның көнгісі келмегенде:

— Көріп отырмын,— деген Айбарша оған,— мына жүдеп келген төрт-бес жүз баланы орналастырып, түзеліп кетулеріне керекті жағдай жасау сізге оңайға түспейді. Соғыс жағдайы сізді сол жағдайлар жасаудың жолында, бірталай күн ат үстінде ұстайды. Шабуылда жүріп, сіз іниіздің күтіміне көңіл бөле алмайсыз. Бұл балаға ерекше күтім керектігі көрініп тұр. Бірақ мұндай нашар халдегі бала сіздің іниіз ғана емес, жалпы саны жүзге тартады; олардың бәріне ерекше жағдай туғызуды соғыс күндері көтермейді. Аудан басшыларының мұндай халдегі балаларды жеке адамдардың тәрбиесіне береміз деп үйғаруы да осыдан. Балалардың мұншалық жүдеуіне бас себеп — сырқат емес, жол азабы, әсіресе керекті тамақтың қажетті мөлшерде жетпеуі екендігін өзіңіз айттыңыз; ендеше тамағы түзелсе-ақ, оңалып жүре береді бұлар, жалпы бақылауы дәрігерде болады. Тәрбиесіне бала алушылардың көп екенін көріп отырсыз, бұл да біздің еліміздегі ұлттар достығының айқын белгісінің бірі. Илансаңыз, шешеме мен тәрбиеңе бала ал деген жоқпын, жағдайды айтқан едім: «Ендеше мен де бала алайын» деген өзі. Шешемді мақтағаным емес, оның қолында іниіздің тәрбиесі жаман болмайды, бала алуды өзі айтқанмен, сіздің іниізді ал деп тұрған менмін. Қорықпаңыз, беріңіз...

Айбаршаны сонда-ақ іштей жақсы көріп қалған Наталияның, таныса келе оған достық көңілі арта түсті. Мектептік білімі төмен болғанмен, Наталия Айбаршадан советтің алдыңғы қатарлы саналы, жігерлі, намысты, арлы қызын көрді. Ісі де, қылық-мінезі де сонша ұнаған Айбаршамен достаспағанда кіммен достасады ол.

Сирек кездесіп, аз уақытқа ғана жолыққанмен, Айбаршамен дос боп алған Наталияның құлағына, Самарқанға

ғұмырға бастаған кезде, «Самарқан мен Айбарша астыр-тын әмпей» деген сөз шалына қалды. Бұл өсекті тұтатқан ол Тыртық. Кім көрінгеннің ішкі сырын сезе қоятын не пәлесі барын кім білсін, Самарқан мен Наталияның жы-лы-лық көзқарастарын өзгеден бұрын аңғарды да, Айбар-мал ретінде кектенген Самарқанның Наталияға бейімдел-ген жолына да жылан боп жатуды мақсат етті. Сондықтан, ол Наталияға Айбарша мен Самарқан туралы, өсегін кісі арқылы жеткізгенде, «өтірікті шындай, шынды жындай» қып апартты. «Сырттарына қарасаң,— деді Наталияға өсек апарушы,— түк көрмеген мұнтаздай. Кейде араз кісі сыйқтанып та жүреді. Бірақ оның бәрі көз алдау. Поленің үлкені ішінде. Жүрттың көзінен ұрланып табысуға келгенде, сыйқыры бар адамдардан артық».

Наталияның жақын адамы сыйқтанып жүретін өсекші, бір күні «Астық науқанын сылтау қып, екеуі алыстағы колхоздарға бірге кетіпті» деген хабарды айтты. Бұл кезде Наталия, әр колхоздағы жеке адамдар тәрбиесіне алған балаларды аралап қайтуға жиналып жүр еді. Сол да сылтау боп, және (ол да басы жұмыр пенденің бірі емес пе), ішіне қызғаныш шоғы түсе бастап, әрі ба-лаларды, әрі Самарқан мен Айбаршаны көріп қайтпақ болды да, қасына картаңдау бір шалды басшылыққа ер-тіп атқа мінді. Қай колхозда, кімде неше бала бары калтасындағы тізімінде.

Үйінен аттана оның ұшырасқаны — егін жыйнау-шылар. Ауылдарда еңкейген көрілер мен еңбектеген жас-тардан басқа жан жоқ, бәрі де егін басында. Соларды аралай отыра, ол ізден келе жатқан балаларының хал-жайларымен танысса, біреп-сарапы ғана болмаса, өлім-жітімге ұшырағаны жоқ екен, көпшілігі өз інісі Сашка сыяқты өте жақсы боп кеткен. Бір жерде ол хайран қа-ларлық жағдайға да ұшырады: біреудің тәрбиесіне алған баласы кездейсоқ сырқатпен өлген екен де, соған әке-ше-шесі мал сойып бата оқытып, жылау-сықтау боп жатыр екен. Ешбір дінді танымайтын Наталия бата оқытуға наразы бола тұра, баланы асырап алған әке-шешенің туған баласындай хұрметтеп қайғыруына аса риза болды.

Ұры әкетті ме, әлде жеріне қашты ма, осы сапарында шал екеуі астына мінген аттарынан айрылды да, Самар-қан мен Айбарша жүр деген жерге жете алмай, кейін

қайтатын болды; өйткені жұрт егін жыйнау жұмысында жүргенде, колхоздан колхозға ылауламаса, алысқа апарар көлік табылар емес; білетіндердің айтуынша, Самарқан мен Айбарша жүрген тұс, атпен суыт жүрген кісіге бірер күндік, ылауласа төрт-бес күн жүру керек, онда да, ылау табылса...

Шал аттарды іздеп кетті де, Наталия ылаулап кейін қайтты. Ылауға кейде түйе, кейде есек ілекті, кейде олар да табылмай, не жолы қысқа жүргіншілерге ілесті де, кейде бір мекеннен екінші мекенге жаяу аяңдады. Бірақ, ол, мұнысына өкінген жоқ, өйткені, бұл жолында: біріншіден, табиғаты өзгеше Сыр бойымен танысса, екіншіден, әлдекайда, Отанның батыс жағында жүріп жатқан Ұлы Отан соғысына бұл арадағы колхозшылардың немен жәрдем беріп жатқанын көрді.

Бірінші рет көрген оған, Сырдың өлкесі өте қызық сыяқты. Ең алдымен, бұл өлкеге шығатын ағаш, не шөп затты өсімдіктерден тұлабойы тікенге толмағаны сирек. Үйренбеген кісі олардың арасынан әрең жүрсе, тұрғын елдің балалары жалаңаш-жалпы қалыптарымен тығылымбақ ойнайды... «Шеңгел» аталатын ұсақ шырпылардың да өнбойы инедей қадалатын жіні тікен, солардың басына, тұрғын ел «қоцырау» деп атайтын, ішінде дәні бар ұзынша собық өседі екен де, оны теріп жеуге ешкілер өш екен. Сонда, Наталияның хайран қалғаны жуандығы саусаққа жетпейтін осал шырпыға ешкі асылса, әрі көтеріп тұрады, әрі тікендері ешкінің денесіне қадалмайды!.. «Жантақ» аталатын шөптің тұлабойы, аумаған кірпінің қылтаны, түйелер соларды жұлып ап аузын толтыра күйсегенде, сағыз шайнаған адамдай шімірікпейді!..

Сыр бойындағы өсімдіктердің түрі көп болғанмен, шығуы ала-құла екен — кейде сирек, кейде қалың; бірақ, әр жерде ойдым-ойдым ғана кездеспесе таза тақырлар азғантай, жердің жалпы беті түкті... Сол түктер кейде уақ-түйек боп шығады да, кейде жыңғылы, жидесі, қарағашы, сексеуілі араласып қалың тоғайға айналады... ондай жерлерден жалғыз өту, бойы үйренбеген Наталияға қауып та сыяқты; өйткені, оның естуінше, мұндай тоғайда аңдар көп. Ойнап айта ма, расы ма, біреулер қабан мен жолбарыс та бар дегенді айтысады...

Осындай бір қалың нуға кездескен Наталияда зәре-

ұға алмады. Жылтандай иреленгеген тар жолдың екі ерінен тақала өскен қалың ағаштың әркайсысының нелер түрлі жыртқыш аңдар тістерін ырсыйтып сығалап тұрған сияқтанды. Аң ұмтылса қашып құтылар еді, астына мінгені есек және қамшыкесті шабан есек... Сырдың бойында «бөлбат» аталатын ұсақ кесерткілер көп, олар жолаушының алдын кесіп өтуге құмар және жүрістері сумаңдаған тым жылдам, солардың бәрі Наталияға жылан сияқтанып көрінді...

Қорқа соққан жүрегі Наталияның кеудесіне сыймай келе жатқанда күтпеген оқыйға болды: алдынан ойда жоқта Самарқан кездесе кетті... «Ах!..» деп жылап жібергенін, қуанған Наталияның өзі де білмей қалды... Жүрегі орныққан Наталия Самарқаннан жол жайын сұрастырса, астық тасыған машинамен ауданға, одан Тартоғайға соққан Самарқан, Наталияның осы жаққа кеткенін естіген екен де, нақ жолын кеше ғана біліп, атпен қуып келеді екен. Егер ол, екінші бір жолмен орағытып барып алдынан шықпай, артынан қуып жетсе, атының сыбдырынан Наталияның тырсылдап келе жатқан жүрегі жарылып кетер ме еді, қайтер еді....

Ол екеуі сол күнгі кешті егін соғып жатқандардың арасында өткізді. Жанармайы жетпей комбайнның тоқтап тұруына олар қарамай, егінді түні бойы атқа жеккен сөлтырма-ағашпен соқты. Жұмысшылардың көпшілігі қатын қалаш, бала-шаға екен, солардың қасында қарап тұруға, не олардан оңашаланып кетуге ұялғандай, Наталия мен Самарқан да білектерін сыбанып айырға түсіп, көрер таңды көздерінен атырысты. Ол аранық егіні сол таңда соғылып та бітіп, колхозшылар екінші токқа қонып аударды. Самарқан мен Наталияның қолдары сойлесуге сонда ғана тиді. Астындағы атын Наталияға қорлағандай әрең мінгізген Самарқан, оны аз жерге жеңілтіп салғанда, егін жыйнау науқанының барысынан басқа сөзді айтқан жоқ, оған Наталия ренжіген де жоқ, өйткені: біріншіден, Самарқанның басында егін жыйнаудан басқа ойдың қазір жоқтығын және мынадай мұрнынан шаншылған қауырт жұмыстың кезінде болуға мүмкін де емесін көріп тұр; екіншіден, Самарқан махаббат мәселесін қозғаған күннің өзінде де, әуелі Айбаршаның жайын біліп алмай, Наталия ағынан жарылмас еді.

Айбаршамен сөйлесетін уақытты Наталия егін жыйналып бітіп, жұрт канал құрылысына жұмылардың алдында ғана тапты. Сол кезде бірер күнге үйіне келген Айбаршаны Наталия іздеп барды. Бірақ, сөзді ол бастаған жоқ, Айбарша бастады, өйткені «Самарқан мен екеуі жақын-мыс» дегенді құлағы алдақашан шалған еді. Екі қыз ашық кеңесті. Самарқанның соңғы уақытқа дейін көңілі болып жүруін, қазір ол ойдан қайтқанын Айбарша Наталияға барлық егжей-тегжейімен баяндап берген соң, Наталияның да іркілер жері қалған жоқ. Ол да шынынан ақтарылып ақыл сұрағанда:

— Қазақта «өзі жығылған өкінбейді» деген мақал бар,— деді Айбарша,— жар таңдау әркімнің қарабасының ісі. Бұл араға достық қолқа жүрмейді. Сондықтан, семьялық өміріннің тағдырын қалай шешу еркі өзінде. Мен оған араласпаймын. Менің тек қана айтарым: Самарқанды көп уақыт сынаудан келген қортындым — ол өтірік жанды адам емес, шын жанды адам. Оған мен кепіл бола алам.

Кейінірек, Самарқанмен сыр ашысуға келгенде, Айбаршаның бұл бағасын Наталия одан жасырған жоқ. Сонда, Самарқанның айтқаны:

— Мені қалай бағалау еркі, әрине, онда. Ал, менің оған берер бағам: таза жүректі, ер көңілді әйелдің бейнесіне үлгі іздесең, Айбаршадан табасың, дер ем.

Ноябрьдің бас кезінде, Самарқан каналға қажетті материалдардың мәселесімен Москваға жүрді. Поезға Алмалықтан мінген оны Наталия мен Айбарша шығарып салды. Сонда Самарқан Наталияға Айбарша туралы айтқан сөзін қайталап айтып:

— Айбарша,— деді оған қолдасарда,— таза жүректі, ер көңілді әйелдің бейнесін іздегенде, менің көз алдымда әрдәйім сен тұрасың. Бұл саған «ал» тілім емес, достық жүректен шыққан шын сөзім.

— Рахмет,— деді Айбарша,— бірақ, Наташаны қоса айтуыңыз керек, аға!..

— Оны болашақ көрсетеді,— деді Наталия, Самарқанның сөзін аузынан қағып ап,— әзірге үлгіміз сенсің.

— Комплиментіңе рахмет, Наташа. Менінше, таза жүректі болу еркі адамның өзінде ғой деймін және сенің де сондай адам екеніңе өзім сенем. Сіз ше, Самарқан ағай?

— Мен де.

Он екінші тарау

ӘЗӘЗІЛ

Сырбайдың кепесінен Рахмет аттанып кеткен күннің ертеңіне қаңғалақтап Масақбай келе қалды. Оңаша жолыққан бір сәтте Тыртық Масақбайға:

Өркімнің де өзінше жауы бар ғой, Масеке; біреудің жауы біреу, біреудікі — екеу, біреудікі — әлденешеу; кейбіреудің жаулары ұсақ, біреулердікі — ірі; солар, әрине, сізде де бар ғой? — деген сұрау қойды.

— Әрине, - деді Масақбай.

— Сонда, бес жауым кім деп ойлайсыз?

— Қайдам...

— Бұл, әлгі әзіл-оспақ ойында жоқ Тыртық, айтар әзілін тура бастады.

— Сіздің қас жауыңыз Сырбай екен, — деді ол.— Бұрын да солай жоруыш едім, енді көзім айқын жетті.

Қалай?

Былай, - деп Сырбай мен Рахметтің арасында өткен түні Масақбай туралы болған кеңесті өсіре, көпірте айтып берді.

Бұл сөзге бастала салысымен-ақ сенген Масақбай, Сырбайға деген кегі іштей ушыға отыра, әлі де анығына жете түсейін деген оймен: «Қой, не өйдесін», «олай дей қоймас» деген сияқты қысқа сұраулар беріп отырып, Тыртық сөзін:

Күй ілмаңыз, күй ілмбаңыз, ерік өзіңізде; қалжыңдайтын да, қалжыңдамайтын да жер бар... «Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға май қайғы» депті. Рахмет пен Сырбай сіздің қасапшыңыз болғалы жүргенде, дос жар адам сізге қалжың айта ма. Шын көңілден дос санайтын адам едіңіз. Құлағыңыздан естімеген сізге жеңіл көрінуі мүмкін, естіген маған өте ауыр боп жүр бұл сөздер! - - деп бітіргенде:

- Қап, сақалыңды гана...! — деп Сырбайды қалай боктап жібергенін өзі де білмей қалды.

Ашу кернеген оның бет-аузы қыбырлап, денесі қалшылдап кетті. Нақ сол арада қасында Сырбай тұрса, мына ашуының түріне қарағанда тұра бассап, не оны өлтірер еді, не өзі өлер еді. Бірақ, төбелескісі, өш алғысы келсе Сырбай алыс жерде емес: дәл сол сәтте ол канал

қазып жатыр да, Масақбай каналдан әрі кетсе жарты шақырымдық жердегі кепенің біреуінде отыр.

Масақбайдың жеңіл мінезділігін, ашуының тығыздығын, ашуланса ұстамынан айрылып қалатындығын Тыртық жақсы біледі. Оны осындай халге келтіру мақсатына жеткен Тыртық, енді аздап үрлесе жалыны көмірге айналмай басылмауын көре тұра, ондай халге жібергісі келмеді. Масақбайды тез жалындату оған мақсат болғанмен, тез көмірге айналдыру мақсат емес еді, сондықтан:

— Сабыр, Масеке, сабыр! — деп Тыртық оны әрең дегенде басты да, екеуі Сырбайдан кек алудың планын құрды. Сондағы олардың тапқаны: «Самарқан мен Айбаршаны Сырбай күдіктенетін іске тартып көру, ол болмаса, Сырбайдың көңіліне Байжан туралы күдік түсіру».

Сөздері осыған құйылғаннан кейін, ол екеуі Айбаршаға не Самарқанды, не Байжанды таңудың сәтін күтті. Ол сәт бір күні түсе де қалған сияқтанды. Тыртық пен Масақбай құрылыс штабына барса, кеңседе жыйналыс боп жатыр екен — белгілі өндіріс мақсаты. Мәслихатта Сырбай мен Айбарша да отыр. Басқарып отырған Байжан.

Мәслихат аяқталғаннан кейін, Байжан Сырбай мен Айбаршаны кепесіне қонаққа шақырып еді, Сырбай алғыс айтып рұқсат сұрады, ондағы дәлелі: «Женістің» «Жуанжармадан» айрылатын сағасына быйыл күз кеп ірге тепкен «Күрішшілер» колхозында тұратын нағашысының жесір карт әйелі қонаққа шақырып, соған бүгін баруға уәде қылған екен. Байжан:

— Ертең барарсыз оған, бүгін сізді келеді деп қой сойдырып қойып ем, басын жеп кетіңіз! — деп жік-жапар боп еді, уәдешіл Сырбай:

— Сенің үйіңнің дәмі татып жүрген дәм ғой. Көптен көрмеген кісі еді анау, ері өлген, төрт бірдей баласы соғыста, солардан хабар келмей жүдә қапжылап жүреді екен; кеше екі баласынан хат кепті, соған жүдә қуанған бейшара, маған әдейі кісі жіберіп, бүгін тойым бар, келсін, келмесе жүдә өкпелеймін деген екен; келген кісісіне: «Жүдә жақсы, штабта жыйналыс бар еді, соған қатнасайын да барайын» деп уәде беріп ем, бармасам жүдә ұят болады,— деп болмады.

— Сен қал, Айым! — деді Айбаршаға, Байжаннан тұк күдігі жоқ, оны туысқан көретін Сырбай.

Балдызымды өзім де жібермеймін,— деді Байжан.

Сырбай аттанып кеткенде, Масақбай мен Тыртық ақылға келді. Сөзді Масақбай бастады. Жақсы көретін Тыртыққа «Тыртық» деген атты да, «Иткұл» деген атты да ауыр санайтын Масақбай, оны үнемі құрметтеп «іні-шек» дейтін еді.

- Іншек! — деді ол Тыртыққа, Сырбай аттанып, одан кейін Айбаршаны қолтықтап Байжан кепесіне жөнелте бергенде, арттарынан қарап тұрып.

Оу! — деді Тыртық.

Ашу қып бен ашау жігітті көріп тұрмысың?

Кімдерді айтасың? — деді Тыртық түсінбеген боп.

Айбаршаны мен Байжан да! Ұнай ма қолтықтасулары?

Неге ұнамасын. Балдыз бен жезденің ежелгі әдеті дегенді қой, сосын қолтықтасу?

Қалжыңды қой тұрайық, деді Масақбай аз кідіріп, ақылыңа ең қой сен. Осындай да қыйсынсыз бірдемеш таба қоятын ең қой, көне тапшы бір ретін!

Тыртық томсарып үндемеді. Несіне үндесін, осы сапарда «таптым» деп келген бір «реті» болмайын деп тұр. Оның тапқан «реті» мынау еді: мендуананың дәнін қайнатып ішкен кісі есінен айрыла мас болатынын, біреуді өлтай мас қылуды мақсат еткен кісіге, ең оңай әдіс қайнап тұрған шайға салып жіберу екенін, сонда адам аңғармай ішіп қоятынын оған біреу әлдеқалай айтқан; сонда Тыртықтың басына жаман ой келе қап, Сырбай мен Айбаршаны осылайша мас қып масқаралауды арман еткен. Сонан кейін-ақ ол қалтасына мендуананың кептірген бір дорбасын салып жүріп, ойы орындалудың сәтін күтетін.

Мана мәслихат артынан, Байжан Сырбайды қонаққа шақырғанын естігенде, сол күткен сәт Тыртыққа түсе қалған сыяқты болды: «Тек, барсын! — деп тіледі ол ішінен,— егер бара қалса, әрине, Айбаршаны да ала барады. Күн кешкірді. Олар бүгін қонады. Сонда шайларына мендуана салып жіберсем, өзара неғып қыян-кескі болмас екен!..»

Сырбайдың кетіп қалуы оның бұл планын бұзып еді, Айбаршаны Байжанның ертіп әкетуі оның дәмесін тағы да қыздырды. «Мендуананы осы екеуінің шайына салсам,— деп жоспарлады ол,— мас боп құлаған екеуін бір төсекке жатқызсам, сөйтіп үстерінен куә түсірсем!.. Бірақ, одан не

өнеді?.. Қуәні апара алам ба?.. Апара алған күнде, ол адам куә бола ма?..»

Сырбайдың кеткеніне ол тағы да өкінді. «Өзі боп, осыны істей алсам, ғажап оқыйға болатын еді... Айбаршаның Байжанмен бірге жатқанын көрсе, Сырбайдың не өзі өлер еді, не оларды өлтірер еді, болмады ол!..»

Әйткенмен, оның әлі де арманы Байжан мен Айбаршаны мендуанаға жығып, Сырбайды қайткенде үстінен түсіру болды. Масақбайдың жалбарынған сөзіне оның тез жауап бере қоймауы да осыны ойланғандық еді.

Егер Сырбай қона қалса, Тыртықтың ойы мендуанаға байланысты қулығын Масақбайға естіртпеу еді. Енді не істеу керек? Байжан мен Айбаршаны мас қып жығудың реті келіп тұр... Ендеше, бүгін оларды жығу керек те, Сырбайды үстерінен түсіру керек.

Ойы осыған тірелген Тыртық:

— Масеке!— деді, бір уақытта.

— Әу.

— Қалай ойлайсыз сіз? Байжан мен Айбарша ғой, тым жақын?

— Рас.

— Сонда, қай жақындық деп ойлайсыз сіз?

— Қайдам, бірі «баллыз», бірі «жезде» боп жүрген жоқ па осылар?

— Әй, Масеке-ай,— деді Тыртық, кейіген боп,— осы аққөңілдігіңіз-ай, сіздің!.. Опық та жейсіз осыдан, сонда да қоймайсыз!..

— Сенінше қалай?— деді Масақбай.

— Менінше «балдыз-жезде» болатын бұл екеуі бірбірінің қайбір «екі туып, бір қалғаны?» Анатолий Кондратьевич пен Сырбай дос деп, бұл екеуін де солардай дос дегіңіз келе ме?.. Қайдағы достық ол?.. Неменемен бекінген достық?.. Екі шал дос болған соң, бұлар да көз алдасады да, әйтпесе, үш қайнаса сорпалары қосыла ма бұлардың?..

— Сонда айтайын дегенің не?

— Айтайын дегенім, осылар сыртқы достықты жамылтқылап, іштей де бір-бірімен жарасып алды ма деп ойлаймын...

— Дос болған соң іштей болады да. Сырткы достық — достық бола ма екен!..

— Әй, Масеке-ай!— деді Тыртық тағы да кейіген боп,— замечание айта беруге, жасыңыз үлкен адамсыз,

ұмтпа, айтпауға және болмайды. Достықтың да достығы бар емес пе? Адам боп дос болу бар емес пе? Еркекпен әйел боп дос болу бар емес пе?.. Осы екеуінікі соның қайсысы деп ойлайсыз?

Өзіңше қалай?

- Өзімше, бірінде әйел, бірінде күйеу жоқ, мен кісі танысам, осы екеуі жең ұшынан жалғасып боп, көптен де, Сырбайдан да құлығымызды асырдық десіп жүр.

Маған сонысы керек,— деді Масақбай, «досының» сөзіне енді ғана еліге бастап,— оған біздің қыймамыз несіне қызығайды. Көрі иттің[1] өзі бізге дұшпандық ойласа, біз неге достық ойлаймыз оған?.. Ылайым да, осы айтқан дарын рас болсын. Мен соны рас болар деп қорықпаймын, өтірік болар деп қорқам.

- Одан қорықпа, Масеке. Енді расымды айтайын. Менің көңілім жеткен оқыбыл бұл. Талай рет үстерінен де шықтым...

Маған неге айтпадың бұған дейін?

- Қайтем, өсек тасып. Оның да жетпей жүр ме маған, көлденеңнен тағылған атақтар?..

— Я, сонымен?..

— Соңымен, бұл екеуіне Сырбайдың кеткені жақсы болды. Рахатқа батады олар...

— Сырбайды үстерінен түсірер ме еді өздерінің.

— Онда бізге тамаша болар еді, бірақ қалай?

— Осының ақылын сен тап!..

Тыртық аз ойланған болды да:

— Осы арада сенер кісіңіз бар ма?— деп сұрады.

— Бар,— деді Масақбай, аз ойланып.

— Анық сенетін кісіңіз ғой?

— Анық.

— Тіліңізді алады ғой?

— Алады.

— Не тіліңізді болса да ала ма?

— Алады.

— Сырбай сене ме оған?

— Сенеді!— деді Масақбай аз кідіріп.

— Ендеше, былай болсын: Сырбайдың артынан сіз де барыңыз, түскен үйіне түсіңіз. Оның мол өнімші звено құруын естіген және оны мақұлдаған боп барыңыз.

—. Оған сенсе.

---

[1] Сырбайды айтады.

— Сендіре, бұған дейін ұнатпай келген кінәңізді мойныңызға ала сөйлеңіз. Аққөңіл кісі, соған сенеді ол...

— Я, сонан соң?..

— Сіз сөйтіп отырғанда, артыңыздан сенетін адамыңыз барсын, қолына Байжан тығыз шақырған қағаз әперейін, «неге шақырды?» деп сұраса, «Дәулеттен келген ыңғайсыз хабар бар ма, немене?» десін барған адам. Шал сонда шыдамайды да келеді...

— Олай десе, келуін келеді ғой,— деді Масақбай,— бірақ, Байжанның өзі шақыртып, өзі Сырбай келгенде Айбаршаның маңына жолай ма?..

Күтпеген сұрауға Тыртық сасыңқырап қалды; өйткені, ол біреудің қолжазбасын дәл өзіндей қып түсіруге шебер еді де, Байжанның «запискасын» қолынан жасамақ еді, ол «өнерін» Масақбайға айтуға болмайды. Сондықтан ол жалтарды да:

— Байжан бір әдетке түсіп жүр, қазір,— деді,— ол кейде есігін жауып алады да ішеді және өлердей мас бола ішеді, және Айбарша келгенде сөйтеді және кісі есебіне ішуді жақсы көреді. Шақырушыға қолынан қағаз алып бергеннен кейін, мен Айбарша екеуін араққа суарайын да жығайын, аржағын өзім білем ғой.

— Істей аласың ғой, осыны?— деді енді ілана бастаған Масақбай.

— Айтқанымды орындамаған күнімді қашан көріп едіңіз?

— Сендім. Тамаша болады онда!..

Бірақ, олар бұл ойларына жете алмады. Әуелі бақылап алмақ боп, Тыртық Байжанның кепесіне келсе, Айбаршамен екеуі ғана отыр екен. Олар Дәулет пен Гүлнарды еске түсірген өте бір әдемі кенесте отыр еді, Тыртық бөліп жіберді. Оған Айбарша болмаса Байжан өкінген жоқ, себебі, еске түсірудің арты мұңаюға айналып, Айбарша жылауға таянған еді; Тыртықтың кіргенін көрген Айбарша, көзінде мөлтілдей қалған жасты теріс қарап сүртіп жіберіп, жайдары кісінің қалпына көше қойды...

— Жоғары шық!— деді Байжан, Тыртыққа,— шайға деп келдің.

— Самауыр қайнаған болар, көріп келейін,— деп Айбарша көтеріле беріп еді:

— Жо-жоқ, сен де қонақсың,— деді Байжан түрегеп,—дастарқан жаюға жәрдемдессең болады. Самауырды өзім әкелем.

Байжан самауырды әкелгенше, Айбарша столды жасап та үлгерді. Төбесіне үлкендеу аққұман қойылған самауырды үшеуі ортаға ала отыра бергенде, есіктен кенседегі күзетші шал кіріп келді.

— Райком келіп қалды,— деді ол Байжанға,— сені тығыз шақырып кел деді.

Байжан Айбаршаға қарап еді:

— Барып кел, жезде!— деді ол.— Шайды тоса тұрайық, Рахмет ағай болса ала кел.

Байжан мен шал шығып кетті. Тыртық жылпыңдағанмен, Айбаршаның онымен кеңесуге реті келмей-ақ қойды, себебі, басқа жамандығын сезбегенмен, Дәулет пен Самарқанның таласында, Тыртықтың тілегі Самарқан жақта болғанын, Дәулет пен Айбаршаға тыңшы боп өсек тасығанын, Айбаршаға шын сырын ақтарғанда Самарқан айтып қойған еді; Тыртықты содан жек көретін Айбарша онымен жолықпауға, жолықса сөйлеспеуге тырысатын. Ол бүгін де сол қалпына бағып, Тыртықтың қасында аз отырғаннан кейін оның мазасыз сұрауынан жалықты да, әлденені сылтау қып төргі бөлмеден кетіп қалды. Қуанған Тыртық, ілезде қалтасындағы мендуанасын шәйнекке салып та үлгірді. Айбарша тыстан оралғанда, қыларын қылып боп, арты неге соғарын білмей, Тыртық тымпыйып қана отыр еді, іле асыққан қыймылмен Байжан кірді де:

— Ал, Айбарша, мен жүрем,— деді.

— Қайда?

— Алмалықта тығыз жұмыс боп қапты. Рахмет ағайдың машинасымен кетем.

— Шәй ше?

— Оған уақыт жоқ, Рахмет ағайға «ас ішіп жүрсек қайтеді?» деп ем, өте асығыс екен.

Айбарша «қап!» деп өкінген белгісін көрсетті де, «сізді шығарып салайын» деп киіне бастады...

Тыртық оларға ере шықты да, тыста хоштасып жөніне кетті. Бірақ, ол зор өкініште кетті. Өйтпегенде қайтсын, сәті кеп-ақ қалған сыяқты қастығының «қаймағы» ойда жоқта бұзылды. «Үнемі ұшырайтыным сәтсіздік!— деп өкінді ол,— талабым тауға бір өрмелемей-ақ қойды. Бұ қырсық менен қашан арылар екен!..»

Өкініштен ешнәрсе өнбейтінін білетін Тыртық, аздан кейін, «енді не қастық істесем екен? деп ойланды... Есіне тағы бір сұмдық орала қалған ол, тура кеп Масақбайды тапты да, болған оқыйғаны баяндады.

— Қап, сәтінің түспеуі-ай!— деп өкінді Масақбай.

Тыртық қосыла өкінген боп оны біраз ширатып алды да:

— «Үмітсіз — шәйтан ісі» деген бар емес пе, Мәсеке, әйтеуір қастасатын болған соң тағы да айла ізденіп көру керек,— деді.

— Мысалы?— деді Масақбай.

Тыртық аз ойланған болды да:

— Колхоз егісінің басын таңдап қырыққанын білесіз ғой?— деді.

— Білем. Тұқым қорына деп қырықты ғой оны.

— Басқарма мүшелерімен ризаласқан жоқ қой?

— Жоқ.

— Ендеше, ол сүрінетін төмпешік осы. Колхоз басқармасы рұқсат бермесе, мұның аты социалистік мүлікті өзбетімен меншіктену болады, ол үшін, 7 августың заңымен, ең кемінде бес жыл абақтыда отырады.

Солқылдаңқыраған Масақбай:

— Ол рас қой, бірақ жұртқа да, райкомға да мәлім іс бұл, сондықтан прокурор нұқсан келтіре алмай жүрмесе!— деп еді.

— Одан қорықпаңыз,— деді Тыртық,— заңын тапса ешкімнің де қорғауға әлі келмейді. Райкомда оны жақтайтын Рахмет Дүйсембин ғой, ол кісі жуық арада, Ленинградқа сыйлық апаратын эшелонды басқарып жүреді деп естідім, ол оралып келгенше, прокурор Сырбайды абақтыға да жауып үлгереді, содан кейін мықты болса құтқарып көрсін!..

Екеуі осыған келісіп арыз жазушы іздегенде, қыйналмай-ақ табыла кетті, ол Мырқы деген жігіт еді. Майданға құлағының мүкістігінен бармай қалған бұл жігіттің арызға не болу себебін Масақбай былайша баяндады:

— Айбаршаны кішкене кезінде әкесі соған берем деп уәде қылады екен.Ептеп алған, қарғыбаулық бірдемесі де болса керек. Бертінге шейін Мырқы Қарымсақты қайным, Айбаршаны қалыңдығым деп жүріпті. Сүйтіп дәмеленіп жүргенде, Айбаршаның Дәулетті сүйіп кетуіне ренжіп, «бұл қалай?» деп Сырбайға айтса, Сырбай: «Бесікте құда болатын баяғы Мекалай заманы бар деп отырмысың?» деп ұрсыпты. Екеуі осы жөнде ілінісіп қалып, Сырбайдың Мырқыға тілі тисе керек. Содан бері өшігіп жүреді екен. Осы сырын ол маған айтып, «құдай жамбасқа

жұмыратын бір сәтін келтірмей-ақ қойды» деп кіжініп жүрген.

— Қолайлы кісі болады ол,— деді Тыртық,— соның атынан беру керек, арызды өзім-ақ жазайын. Қатырып жазам. Мырқы қол қойса болады, шал мүрдем кетіп жатыр...

— Жақсы...

Масақбайды үміті алдады. Арыз апарған Мырқыдан, прокурор осы арызды не мақсатпен беріп отырғанын аса қадағалап сұрады, өйткені, арызда көрсетілген дәнді Сырбайдың неге жыйнағанын ол жақсы білуші еді. Прокурордың бұлай сұрауын арызына дұрыс мән бергендік деп түсінген Мырқы, ақкылдап отырып, Масақбайдың да осы арызды қолдайтынын айтты. Ұзақ әңгімелескен прокурордың мақсаты, бұл іспенің тұтатушының кім екенін ашу еді, бұл жолы ана алмады; өйткені, іспенің Масақбайдан әрі кімге жалғасатынын Мырқыға мәлімсіз де. Тыртықтың да тілеулестігін Масақбай оған айтпаған. Прокурор Мырқыны:

— Тексеріп көреміз де, айыптыны жауапқа тартармыз,— деген сөзбен жіберді де, өз пікірін Рахметке кеп айтты.

— Дұрыс айтасыз,— деді Рахмет прокурорға,— бұл іспе іздеген арыз, оның түп тамыры қол қоюшыдан әрірек деуіңіз де дұрыс, соны табу керек.

Рахмет Ленинградқа сыйлық апарып қайтқанша, бұл жұмысты бітіруге прокурор уәде берді...

Он үшінші тарау

МОСКВАНЫ БЕРМЕЙМІЗ!..

Ленинградқа сыйлық апару туралы обкомның секретары Рахметпен сөйлескенде, бұл сыйлық Қазақстанның оңтүстік облыстарынан баратындығын, әр облыс өз сыйлығын жеке вагондарға артатындығын, Қызылордадан үш вагон баратындығын: біріне — күріш, біріне — ет, біріне өзге азық артылатындығын, үш вагонға үш кісі барудың қажеттігін, оның біріне Рахметтің өз кандидатурасын ұсынғанын, бір адам Арал балықшыларынан алынатындығын, енді бір адамды Сталин атындағы канал құрылысшыларынан алу керек екендігін айта кеп, кімді ұсынатындығын сұраған еді.

— Оны, құрылыстағы бастауыш партия комитетінен сұрау керек,— деген еді Рахмет,— барып білейін де, сізге телефон арқылы хабарлайын.

Рахметтің ойында Сырбай еді, мұны парткомның секретары Естай Бақбергенов те мақұлдады, бірақ өзімен сөйлескенде, көнбей-ақ қойды, сондағы дәлелі:

— Ызбана құруға келістік қой, шырақтар. Тон қылатын терінің де пұшпағынан бастап ұқалай бермей ме? Алдағы жазда бес гектар жер егем деп уәде бердім, оның ұқалауы теріден гөрі қыйындау гой, мен жүдә соны айналдыра берейін де. Сақалды басыммен мойныма мұндай ауыр міндетті жүдә алмағай едім, алғаннан кейін, айтқанымды істемесем, жүдә ұят болады ғой жұрттан.

Шалдың сөзін бұл жағынан дәлелді көре тұра, майдан маңайын көріп қайтуы мақұл деп ойлаған Рахмет пен Естай, «осы бір сөзге көніп қалар» деген оймен:

— Сыр-еке, Дәулетті көресіз ғой онда,— деп еді.

— Ат-үсті көрген жүдә не болар дейсің, шырақтар,— деді Сырбай,— аман жүрсе болғаны да, үйде көруге жазсын!..

Бұл сөзі де рас болғанымен, Сырбайдың айтпай тұрған тағы бір дәлелі — сыйлыққа баратын азықтардың ішінде өз қолынан өсірген дәні жоқ, құрғақ қол баруға ұялады... Сырбайды көндіре алмаған олар, Айбаршаның кандидатурасын айтып еді:

— Жүдә, дұрыс,— деді шал,— оған баруға жол келеді.

Шал көнгенмен, Айбарша тез көне қоймады, ондағы себебі төмендегі еді: октябрь аяқтала, Қызылорданың қысы басталып кетті. Солтүстік облыстармен салыстырғанда, оның қысы да қызық. Кейбір күндері құлағыңды шымшыйтын аязына қарап, Сібірдің қысына ұқсатайын десең, жерді жауып жатқан қалың қары болмайды. Қалыңы былай тұрсын, кей жерінде жұқасы да болмай, дала қарауытып, қоңырсыйды да тұрады. Бұл түріне қарап, оны Түркстан, я Ташкент маңайына ұқсатып қаласың. Бірақ, түсі ұқсағанмен, «ісі» ұқсамайды. Түркстан тұсындағы қыстың лебі Сібірдің кейбір құрғақ, жылы күзіндей қоңыржай, жылы келсе, Қызылорданың қысының ызындай соғатын өткір желі, маңдайыңнан темірдей қарып, бет бақтырмайды. Осы жел жердің бетін тастай қақыйта қатырып, тоңға айналған боз балшыққа кетпен шапсаң, балғамен соққан шойындай шақылдап ұшқын шашырайды.

Тоңның қалыңдығы кей жылда метрден асып кетеді және бір ғажабы — тоң, кей жерде кәдімгі судың бетіне қатқан мұзға ұқсайды. Мұзды ойса, астынан қайнап су шыға келуі сияқты, қалың тоңның астында, былқылдаған қоймалжың саз жатады. Тоңды аударса, астындағы қорқылдаған сазға адам батып кетеді!..

Сырдариянық жағасынан ертелі-кешті, ұлылы-кішілі арық қаза жүре, бұл аранық тұрғын елі, жердің бұлай тоңданған кезінде кетпен шауып көрген емес. Бұл кезде Сыр бойының арық, не канал қазушылары тарайды да, көктем басталып, жер жібігенде ғана жыйналады.

Жер тоңданған кезде Сыр елінің жұмыла кірісетін бір ісі — арық тазалау. Арықтың ыбырсыйтын кезі күз. Күз бола басталатын Сыр бойының ызғырық желі, арықтарға құм үрлеп түсірумен ғана қоймай, даланың түбі осал, басы қомақты — жусан, изен, ебелек, қанбақ, қарасоран сияқты шөптерін де тамырынан қопара, қуып айдап әкеп, арықтарға тықпалайды.

Сырдың бойында; «түйеқарын» дейтін шөп болады, өзі шөлді далаға жапа-тармағай боп қалың шығады. Биіктігі кісінің бойына жақын, жуандығына үш-төрт кісінің құшағы әрең жететін бұл «түйеқарын» үрлеген резенкедей доп-домалақ болады да, тамырынан жұлынса, демейтін жел болса-ақ, одырандай домалап, арыққа, я терең шұқырға кездескенше тоқтамайды.

Түйеқарын тамырынан үзілетін кезде, дауылды бір күндері, Сырдариянық даласына қарап тұрсаң басың айналатын ғажапты көресің: көтерілген шаңнан буалдырланған далада, бірін-бірі қуалап домалап бара жатқан ебелектер әлде нелерден үркіп бара жатқан пәлен мың қой мен ешкіге, түйеқарындар пәлен жүз түйеге ұқсайды. Жел жағынан қаптап домалап келе жатқан түйеқарындар, өзіңді таптап өлтіріп кететіндей әсер береді. Жалпы әсерің дүние де сілкініп, жердің бетіндегі барлық өсімдік және жан-жануар түгел төңкеріліп құлап бара жатқандай, сен солардың сапырылған толқынының астында қалатындай боласың... Домаланған өсімдіктер арыққа кеп құласа одан пәле жоқ... әсіресе түйеқарын... Оның ұйысып қалың өскен бұтақтары шаң-топырақты жыйнағыш-ақ. Бойына топырақ сіңіп алса, қопарып шығару да қыйын. Балтамен шабатын ағаш емес, кетпенмен шабатын топырақ емес, күрекпен іліп тастайтын саз емес, суырып алуға адамның күші келмейді, түйемен тартсаң бір бөлегін ғана үзіп

ласың, құрғап, кеуіп алған соң бұтақтары майысып, үзіле де қоймайды...

Осындай шөп-шаламмен, құм-топырақпен қоқталанып қалған арықтарды мезгілінде тазалап тұрмасаң, белең алған соң бой бермей, талай арықтар бітеліп, құрып та кетеді. Бітелмегені, егінге дұрыстап су бере алмайды. Ұқыпты колхоздар арықты екі тазалайды: күз, жел бәсеңдеп, домалайтын шөптер азайған кезде, бір рет; көктемде, арыққа су жіберер алдында, бір рет. Екі рет тазаламаған арық, көңілдегідей болмайды.

1941 жылдың қысы басталып, тоңға айналған жер күш бермейтін халге жеткен соң, облыстық басқарушы ұйымдардың қаулысымен, Жеңіс арығының жұмысындағылар кетпеннен арық тазалауға ауысты. Со кезде Сырбай, өзі егетін танапқа су апаратын арықты айналдыруға кірісті. Біреулер:

— Тоң қазыра ма?— дегенде:

— Қолдың әлі жетпейтін қаттылық бар дейсің бе?— деп жауап берді ол,— жүдә әдісін таппайды да, егер тапса, адамның қолы қысқы тоңазыған топырақ түгіл, темірдей қайнаса біткен тастың да талқанын шығармай ма? Сәті түссе көрерсіндер, жердің тоңданып жатқан кезіндеақ арықты өз танабыма жеткізем.

Осы сөзін берік ұстаған Сырбай, өзгелер арық тазалауға кіріскенде, тиісті орындардың қаулысы әлі шықпағанмен, өз звеносына кіреді-ау деген адамдарының бастарын біріктірді де арық қазуға кірісті. Бұл жұмыска экскаваторы уақытша тоқтаған Айбарша да араласты. Сырбайдың айтқаны расқа шықты. Сілтей білген кетпенге тоңның да бөгеті жоқ екен, қалыңдығы қарыстан кезге жететін, қаттылығы тастай тоңды құлаштай сілтеген кетпендер ойып-ақ түсіреді. Әсіресе Айбаршаның кетпені!.. Өзін «қартайсам да қарулымын» деп есептейтін Сырбай, жастың аты жас екенін жаңа ғана түсінген сыяқтанды. Оның түсінбеу еркіне Айбарша жіберер емес, қатарласа тұра қап кетпен сілтессе, Айбаршаның құлаш қыймылы Сырбайдан әлдеқайда шапшаң және әлдеқайда ығырақ... Өзін кетпеннің алыбымын деп есептейтін Сырбайға, қыздың қаруы басымырақ көрінуі намыс сыяқтанғанмен, «күш атасын танымайды» деген мақалды ол есіне түсіріп, жас күштің алдына көрі күштің тізе бүккеніне мойындайды, әрі еркек емес әйелдің және бөтен әйел емес өз келінінің қаруы өзінен басым шығуына аса сүйсінеді...

Ленинградқа сыйлық апарысу туралы Рахмет пен Естай Айбаршаға ұсыныс жасаған кезде, Айбарша осындай қарқынды жұмыстың үстінде еді. Сыйлық апаруға барғысы келмегенде, Айбаршаның қыймағаны, жұмыстан гөрі қайнатасының көңілі. Бала күнінен жақсы көріп өскен Сырбайды ол, Сталин атындағы канал құрылысы басталғаннан бері, әсіресе Ұлы Отан соғысы басталғаннан бері тіпті жақсы көріп кетті. Мінезінде, сөзінде, кейбір қылығында ескілік салттың кейбір күл-көмірі әлі де араласып жүргенмен, ой-санасын, ісін тұтас алғанда, Сырбай оған адамгершіліктің биік мұнарасында тұрған адамның бейнесін көресетеді. Әзіргі ауылдың салтына бағынып, өзін Сырбайдың алдында келін сияқты ұстағанмен, Айбарша оны тілегі, жүрегі бірге, бір идеядағы жолдасы санайды. Сондықтан «қайнатам» деп қана емес, «жасы үлкен кісі» деп қана емес, коммунизм құру жолындағы идеялас, істес жолдас деп оның қас-қабағына, ағып көңіліне өте қарайды, шамасынан келгенше ренжітпеуге, ырқын табуға тырысады.

Ес білгелі байқауынша, Сырбайдың көңілі де оған дәл өз көңілі сияқты. Сондай тәтті көңілге, жуық арада Сырбай мен Масақбайдың арасында болған жанжал дақ түсіре ме деп қорқып еді, ондай белгі Сырбайдан көрінген жоқ, баяғы тәтті көңілі әлі сол қалпында.

Сырбайдың жұмыстан басқаны ойлауға уақыты да жоқ сияқты. Уақыт қайдан болады, егер тамақ пен ұйқыдан басқа кезде қолынан кетпен түспесе?.. Арық қазудың қызу жұмысына кіріскеннен кейін звено мүшелері оның қай кезде ұйқтайтынын да білмей қойды. Ымырт жабыла:

— Көше, жүдә, дамылдайық енді,— деп ол жұмысты доғартады да, кепеге кеп ауқаттанғаннан кейін көппен бірге ұйқыға кіріседі. Таң қарауғысымен оянып дағды алған серіктері бастарын көтерсе, Сырбай жоқ боп шығады... Бұл кезде ол кетпен шауып жатады... Күн сайын істейтіні осы!.. Сондағы мақсаты — канал құрылысы басталғанша, өз арығын қазып бітіру... Арықты бітіруде, Айбаршаның орны ерекше екенін өзі де біледі, өзгелер де біледі. Басында Айбаршаға Сырбай «жүдә, кетпенге түсіп қайтесің, Айым; жер тоңданған кезде ауыр жұмыс қой ол, жүдә жаның қыйналады ғой» десе және осы сөзді расымен айтса, енді арық соның ғана күшімен бітетіндей көріп, оның кетпеннен кетуіне қынжылады...

Естай мен Рахметтің майданға апаратын сыйлықпен

Айбарша бару туралы ұсынысына да Сырбай іштей қынжылып барып әрең көнді. Ол көнбес еді, егер Айбарша бұл сапарында Дәулетке де жолығар деп ойламаса... Сырбайдың байқауынша, өзін де, Айбаршаны да жігерлі жұмысқа жетектейтін бір ғана себеб бар сияқты, ол «жауды жеңіп Дәулет аман қайтады» деп сену, осы сенім саркылар күн туса, екеуінің де қуат-күші сарқылатын сияқты. Сырбайдың шыдамы көпті көріп көнеленген, төзуге үйренген шыдам, сондықтан да ол баласын сарғая сағына жүріп, сабырмен түпкілікті, тұрақты жолығуды күтеді. Айбаршаның жас шыдамында ондай төзім жоқтығын Сырбай сырласпағанмен шамалайды... Айбаршаның майданға барып қайтуына оның көне кеткен себебі де осы еді; сондықтан, Айбаршаның да көнбеуін естігенде, ол жұмысты емес, өзінің көңілін қыймау деп түсінді де, оған:

— Өлмей жұмысы бітпес болар адамның, барып қайт!— деп өтініш етті.

Расында, жұмыстан гөрі қайнатасының көңілін қыймаған Айбарша, ол қыйылып өтінген соң бармақ болды. Аттанар алдында ол Рахметке Тыртықтың мендуана бермек болған әрекетін айтты. Екеуінің пікірі ол жөнде қосыла кетті; сонда айтқандары: «Бұл күдікті адам, кім екенін тексерту керек». Рахмет бұл жөнде тиісті орындарға тапсырма беріп кетпек болды.

Рахмет Сырбаймен қоштасты да, ертеңіне Айбаршаны ертіп Қызылордаға жүріп кетті. Олар күткен эшелон Қызылордаға со күні кешке келді. Составта 14 товарлық вагон, кісі мінетін бір вагон бар екен, адам саны 12, басқарушы — Қазақстан Жоғарғы Советі Президиумының председателінің орынбасары. Составқа Қызылордада жүгі тиеліп даяр тұрған екі вагон тіркелді. Қазақстан өлкесінен шыққанда, составтағы вагонның саны 23 ке жетті, кісі саны 21.

Қорғаныс комитеті көрсеткен маршрут бойынша, бұл эшелон Рузаевкадан Солтүстік темір жолына бұрылып, Ленинградқа Вологда арқылы, одан Ладога көлінің мұзына салған темір жол арқылы бармақ-та. Бірақ, ол маршрут эшелон Рузаевкаға жеткен кезде бұзылып, жолаушылар Москваға тура тартты. Бұған өзгелер ренжігенмен, Айбарша қуанды, өйткені, адресін дәлдеп айтпағанмен, хаттарының сөз ыңғайына қарағанда, Дәулет Москва маңының бір жерінде болуға тиісті, сондықтан да ол Қызылордадан аттанар алдында Дәулетке авиапочтамен хат

жіберген де, мүмкін болса Ленинградқа келуін, әйтпесе Москвада жолығуға қандай мүмкіндігі барын Ленинградтық Совет арқылы хабарлауын өтінген.

Рузаевкаға дейін бұл эшелонда келе жатқан адамдардың ермегі — вагондарға артылған азықтардың бұзылмауын, ыдыстарының сынбауын, төгілмеуін қарау, ерекше суықта ұстайтын вагондардың ішіндегі мұздарын әлсін-әлсін ауыстыру, составты түнде кезектесіп күзету боп келген. Бұл жолда да Айбарша белсенділік көрсетіп, эшелон ішіндегі 13 жастан комсомолдық бригада құрған да, жұмыстың ауыр жағын міндеттеріне алған. Қайда болса да жастың аты жас. Жастардан құрылған бригадаға ойын-сауықпен атқарған жұмыс ермек боп, кідіре жүрген ұзақтау сапарда, күндердің қалай өтіп кетуі байқалмай да қалатын.

Куйбышевтан өте жылдамдатқан эшелонның жүрісі, Рузаевкадан өте, тіпті, шапшаңдап кетті. Одан әрі, вагондарды тексеруге суық жүріс мұрша бермей, со күні түнде Москваға жетіп те үлгерді. Эшелон Казань вокзалының маңындағы бір тұйыққа қойылды. Бұл мезгілде түн ортасы ауғанмен, эшелон адамдары күндегідей ұйқтамады... Қалай ұйқтайды!.. Олар өзге жерде емес, Москваның қасында тұр...

Москва!..

Бұл қаланы Айбарша ең алғаш 13 жасында көрген еді. Со жасында оқу жылын барлық сабақтан үздік бағамен бітірген оны, аудандық пионер ұйымы, Москваға саяхатқа баратын отличниктердің бригадасына қосып аттандырған... Тілі сөйлеуге келуден бастап, «Москва» әнін айта өскен оның Москваны көруге жыл сайын құмары арта түсетін, сондай құмартқан қаланы көруге аттанғанда, қуаныштан тулап соққан жүрегі кеудесіне әрең сыйған...

Айбарша ол жолы да Москваға түнде жеткен еді, бірақ, ол жолы Москваның маңы да, өзі де мұндай емес те. Айбарша ол жолы Москваның 50-60 километрлік іргесінен бастап жиі кездесетін дачалардың, завод-фабрикаларының өзін «Москва осы болар» деп қасындағылардың сұрауымен мазасын алған... Олай сұрамауға болмайтын да: анық түнгі аспанның жарқыраған жиі жұлдыздарымен толған айын түп-түгел жерге сепкендей, алысқа жайылған іргесінен бастап, Москва электр шамдарының жарығына тұнып тұратын!..

Енді ше?.. Енді, соғыс күндері көрсе, Айбарша өз кө-

зіне өзі нанбағандай... Қалай нансын, Орынбордан бастап түнде қай станцияға келсе де маскировка... Москваның төңірегі де, өзі де сондай: қайда көрсең—күңгірт сәулелі көгілдір шам. Бұрынғыдай жарқырап жанатын шам ешжерде жоқ. Неге бұлай болғаны жолаушыларға мәлім. Жолшыбай оқыған газеттердің хабарына қарағанда, жау Москваның іргесіне күн санап таянып келеді, сондай халде шам жарқырап қалай жанбақ!..

Ертеңіне эшелонның басқарушысы мен Рахмет Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Комитетке барамыз деп кетті де, өзгелері қаланы қыдыруға жөнелді. Бастаушы — Айбарша. Олар қаланың соғыс кезіндегі бейнесін көрмек болды да жаяу тартты. Пионер кезінде кеп көрген жерлерін Айбарша ұмытқан жоқ екен. Серіктерін ол Дзержинский алаңына, одан Қызыл алаңға апарды. Ондағы ойы — Кремльді, Москваны көру еді. Кремльдің қақпаларының төбесіндегі, бұрыштарындағы еңсесі көтеріңкі, басы биік мұнаралары, айналасын кең қоршаған қорғаны қазір бұрынғыдан да айбындана, биіктене түскен сыяқты... Әне, Кремль ішіндегі Үкімет Үйінің төбесінде Ленинның қолынан тігілген қызыл ту жалындай жайнап желбіреп тұр... Үйдің ішінде Сталин... Оның алдында Отанның картасы... Отанды қорғауға қай жерде нелер істеліп жатқаны картаның бетінде оған айқын; өйткені, соның бәрі өзінің басқаруымен істеліп жатыр. Картаға төнген ол асықпайды, абыржымайды, тыныстауына Отан кең, басқаруына халық ұйымшыл, жігерленуіне күші көп!..

Жолаушылар кейде машинамен, кейде жаяу қаланы аралап көрсе, Кремль төңірегіндегі сабырлылық пен салмақтылық, айбындылық пен тыйыштылық қаланың бүкіл бойына тарап тұр. Ұшқынның жалыннан, тамшының селден айырмасы жоқтығы сыяқты, әр көшенің, әр орамның, әр үйдің өзін ұстай білуінде Кремльден айырма жоқ. Адамдары да сондай.

Күн батуға таянған кезде олар вагондарына қайтты. Вагон алдында Самарқан тұр екен, амандықтан кейінгі сөздеріне қарағанда, ол Москваға келген шаруаларын бітіріп, екі-үш күнде елге қайтпақ екен.

Кешікпей эшелон бастықтары да келді. Олардың айтуынша, әкелген сыйлықтар Москваны қорғаушы әскери бөлімдердің біреуіне арналып берілетін болған да, ертеңіне со бөлімнің штабына сыйлық әкелген өкілдер барып, жа-

уыңгерлермен және командалық составпен жолығысып мәжіліс өткізбек болған. Мәжіліс артынан, майдан маңында жүрген Қазақстан артистерінің тобы концерт бермек екен.

Маслихатта сыйлық әкелгендердің ішінен, тылдағы еңбекшілер атынан екі адам сөйлемек екен, бірі — Рахмет, бірі — Айбарша. «Мені қойыңыздар, басқа біреу сөйлесін» деп, сыпайысыған Айбарша, серіктерінің әрқайсысын ұсынып еді, Рахмет «Це-Када осылай ұйғарылды, өзгертуге болмайды» дегенді айтты. Сонда, ол сөйлей қалған күнде, қағазға жазып алмай-ақ, ауызша айтып-ақ, Айбаршаның алмас қанжардай жарып шығуына сеніді,

Ұйғарылған бөлімге олар ертеңіне түс кезінде аттанады. Артистермен оларға екі автобус берілген еді. Айбарша алғашқы автобуста. Автобустарды бастап, жеңіл машинамен, олар баратын бөлімнің өкілі келеді.

Соғыс қаланың іргесіне таяу екендігі, өкілдер қаладан шыға бере-ақ байқалды. Олар бойлай тартқан асфальтті кең шоссенің оңбойына да, айырылатын тармақтарының бойына да, көлденең я қыйғаш келген жолдардың бойына да ерсілі-қарсылы ағылған соғыс құралдары, соғыстық автомашиналар, сапырылысқан әскери адамдар сыймайды!.. Жолшыбай кездескен сай-салалардың төңіректері сым-бекіністермен қоршалған... дөңестің ылдый жақтарына, жарқабақтардың етегіне окоптар, орлар қазылған... кейбір «танк өтер-ау» деген хауыпты орындарға, айқастыра жымдасқан рельстер, кесек тастар тасталған... Әр жолдың тоғысқан жерінде, жүрісті тәртіпке сап және жүргіншілердің документтерін тексеріп тұрған әскери адамдар... Бір ғажабы,— ерсілі-қарсылы ағылған жүргіншілер есепсіз көп болғанмен, әр жолдың түйісінде олардың бәрі тексеріліп өткенмен, еш жерде іркілген, не ошарылған топ жоқ, бәрі де, арықтардың айқыш-ұйқыш жыралары мен тоқтаусыз жылжып жатқан судай, бет алған жағына бөгеусіз сарылдайды.

Осындай көріністің ортасын жара жүріп отырған біздің жолаушылар, бір мезетте қарағайлы қалың нуға кеп кірді. Жұырда көбірек жаңбыр боп өтіп, жердің мыйы шығып сазданудан ба, әлде механизм көп араласқан соғыс жағдайы осыны тілей ме,— орман арасын қасқалай, ағаштары оталған жолдар салыныпты да, бәріне де әлденеше қабат боп қарағай бөренелер төселіпті... Қарағай арасының тағы бір ғажабы, егер алаңқы жерлерде, жол үсті-

нен басқа да бейсауат адам ұшыраспаса, мұнда, орман арасында қыбырлаған адамның көптігі орман ағаштарынан да артық сияқты!..

Жолаушыларды бастаған жеңіл машина жыныс орманның арасын бұлтара кезіп отырып, аумағы тарлау бір алаңға алып шықты. Онда, әдетте өзіміз, Москва төңірегінде кездестіре беретін шағындау поселок бар екен. Москва маңының өзге поселоктеріндей мұның да үйлері мен қора-қопсылары сұрыпты қарағайлардан қиылған, сарайлар мен үйлердің көпшілігінің төбесі қаңылтырмен, біразы тақтаймен және черепицамен жабылған, сабан шатырлы үйлер жоқ, көшелерінде грейдірлі жолдар... Поселок көшелерінің жыйнақылығымен, үйлерінің, қора-қопсыларының таза және көркемдігімен көзді тартады.

Бастаушы адам жолаушыларды поселоктың орталау кезінде, шоқталған қарағай арасындағы ұзындау салынған үйге әкелді, оның клуб екенін сырт жобасына қарап, жолаушылар айтпай-ақ біле қойды. Сол маңда көп терезелі бір зор үй тұр, шамасы, мектеп, штаб сол үйде екендігі, маңдайшада желбіреген қызыл тудан байқалады. Көшедегі адамдардың түрлеріне қарағанда, тегі, бұл поселоктың адамдары эвакуацияға[1] кеткен болу керек — әскерліктерден басқа, қарапайым адамдар көрінбейді...

Клуб маңы сапырылысқан адам екен. Бірақ, бастаушы жолаушыларды клубқа емес, штаб үйіне алып кірді. Оларды хұрметпен қарсы алған штаб начальнигі — бурыл шаш генерал-майор ол-пұл әңгіме айтып танысып алғаша, клубта жыйналыс даяр болған хабары да келді.

Жыйылыстың президиуміне қонақтар түгел кірді, артистерден басшылары ғана кіріп, өзгелері сахна сыртында номерлеріне даярланды.

Кең сахнаға президиум мүшелері шыққанда, іші қараңғы залға лық толған армия адамдары ду көтерілген қол шапалақтаумен қарсы алды, барьера ішіндегі духовой оркестр марш ойнап жіберді...

Айбарша президиум мүшелеріне арнап сахнаға, қызыл шұғамен жапқан ұзын стол астына қойылған орындықтардың кейінгі қатарына отырды. Штаб начальнигі жыйналысты ашып, қонақтар адресіне құттықтау сөздер айтты да, содан әрі тыл мен майданның советтік отанда тығыз байланысы қандайлығын қысқаша баяндап кеткенде,

[1] Соғыс салдарынан көшу.

сөздерді тыңдай отыра, Айбаршаға бойын қобалжытарлықтай бір ой да келген еді, онысы, «осы клубтың ішінде Дәулет те отырса қандай керемет болар еді!..»

Осы ойдың толқынында отырып, ол начальник сөзінің де, одан кейін Рахмет сөзінің де қалай біткенін аңғара алмай қалды, тек начальник: «Сөз Сталин атындағы каналдың атақты стахановкасы жолдас Қарымсакова Айбаршаға беріледі» дегенде ғана ойына қайтты.

Топ алдында, әсіресе мынадай бойы үйренбеген топ алдына сөйлей қою оңай дейсіз бе. Сондай оңайсыздық Айбаршаның да бойына үйіріле бастағанмен, бұрын, әсіресе соғыс күндері көп жиналыста сөйлеп кәнігі болғандығына бағып, трибунаға барған ол,— «Жолдастар!.. Сүйікті жауынгерлер!.. Сүйікті команда составы!.. Сіздерді алдағы туыстарыңыздың атынан құттықтауға рұқсат етіңіздер!..» деп бастаған сөзін іркілмей еркін және шешен жалғастырып әкетті...

Ол бірталай және батыл сөйледі... сөйтіп тұрған ол, бір кезде, күтпеген қалың көрсетіп, даусы да дірілдеген сыяқты өзгеріп, сөзінен де сүріне бастады!.. «бұ несі?!» деген ой кеп қалды, жұртқа. Жиылыс бастығы Айбаршаның жүрегі толқыды-ау деген оймен, стол үстіндегі графинде тұрған судан стаканға құйып, әлдекімге, Айбаршаға апарып беруді өтінді...

Айбарша өз халын өзгеден кем аңғарған жоқ. Аңғарғанда қайтсын: әне, залда, екінші қатардың орталық жақ шеткі орындығында... Дәулет отыр!.. Анық сол!.. Оны Айбарша жаңа ғана көрді... сезімі сондықтан толқып кетті... Дәулетке көзі алғаш түскенде, оның сезімі қатты толқуы сондай,— есеңгіреп басы айналып, көзі қарауытып, денесіне не бола алмай құлап кете жаздады!.. Жан-дәрмен дегенде есін әрең жиынаған ол, халын тез ұқты да, бар қайратын бойына жыюға, сөзін аяқтап шығуға кірісті... Сонысын ол істей алды да!.. Бұл хал болмағанда, әлі де бірталай сөзі бар ол, оның бәрін тауысарлық күші жоғын ұғып, ендігі сөзін ықшамдап айтты да, шымыр үнмен: «Жасасын, біздің жеңімпаз армия!..» деп бітірді...

Дәулетті алғаш көзі шалғанда Айбаршаның ойы,— сахнадан жүгіріп түсе ғап құшақтай алу еді. Сөзін бітіргенде де осы ой денесін залға қарай жетектегенмен, басына оралған ақылы аяқтарын тұсай қойды. «Сезімді ақылға жеңдірмесем ұят болар» деген ойға бойын жеңгізген ол, трибунадан түсті де, сахна шымылдығының артына

қарай жөнелді, бірақ жәй жөнелген жоқ, Дәулет өзін де көрді деген сеніммен, егер сахна сыртына шықсам, ар жағынан Дәулет те келер деген сеніммен кетті. Айбаршаның дұрыс сөйлеп тұрып, ойда жоқта сасқалақтауы да, одан кейін кенет шыйрауы да, одан кейін... одан кейін президиумдегі орнына қайтпай шымылдық сыртына кетуі де, оған қараған жұрттың бәріне жұмбақ жағдай боп қалды...

Сахна шымылдығының сыртында күтуге де дәті шыдамаған Айбарша, қалжыңдаған артистерге жауап қатпастан тыска шығып кетті. Есіктен шыға не істеуге білмей аңырып тұрғанында, клуб үйінің бүйіріндегі алысырақ бір есіктен, танкистің күзгі киіміндегі біреу шыға келді...

Дәулет!..

Қайталай құшақтасып сүйіскен ол екеуінің бұл қылықтары ұзаққа созылар ма еді, қайтер еді, егер, Айбарша сөйлегеннен кейін, қонақтарға қайтарған алғыс жауабын, армия атынан сөйлеген гвардиялық сержант бес минутта бітіріп, клубтағылар концерт алдындағы антрактыға шықпаса!.. клубтан шыға келген осы ду ғана, есеңгірей сүйіскен екі ғашықтың ақылын бойларына қайтарды...

Дәулет пен Айбарша концертке қараған жоқ. Туған елінің музыкасын сағынған Дәулеттің тыңдағысы келгенмен, Айбаршаның жыйналыстан кейін қайтуы керек, ендеше екеуі қашан сөйлеседі?.. Сөйлесер кеңестері көп!..

«Біздің де көпемізді көр» деп, Дәулет Айбаршаны өзінің пәтеріне алып кетті. Поселоктің шетіне қарай салынған, кішірек екі бөлмелі бұл қарағай үйдің иелері эвакуацияға кеткен, көзіргі тұрғындары клубтағы жыйналысқа кеткен, іші бос...

«Ол түнді сыйпаттауға тіл келеме,
Сарғайып тан атқанын білмей көпты...»[1] —

дегендей, махаббат ләззәтіне мас болған олардың сезімдерін сырттан естілген дабыр оятты...

— Біздің жігіттер болар,— деді Дәулет.— концерт біткен болар. Олар бізді қалжыңдап әуре қылар, тез тыска шығайық!..

Тыста көшені бойлай өріп келе жатқан әскери адамдардың әркайсысы, пәтер үйінен қолтықтаса шыға берген Дәулет пен Айбаршаға әзіл сөздер айтып күліскенмен,

[1] «Сұлушаштан».

жауап қатсақ өршеленер дегендей, екеуі әзілкештерге жымыя қарап қана, жұптарын жазбай клубқа беттеді...

Айбаршаның серіктері клуб қасында тосып, бірақ, қайда, неге кеткенін білмей тұр екен. Дәулетті көрген олар ду ете қалысты.

— Бұ қалай?! — деп әзілдеді Дәулетті жақсы білетін бір құрбысы, амандықтан кейін Дәулетке, әзілдеп,— ұлан-асыр той жасап ұзатамыз деп жүрген қызымызды алып қашып?!.

Біреулер дуылдасып күліп еді, бұл әзілдің ұзаққа созылмауын тілеген Рахмет, әзіл айтқан жігітке салмақты кескінмен қарап, со салмақпен:

— Жолдастар! — деді төңірегіндегілерге айнала қарап ап, қазақта «сайранда сайран, сергелден де сайран» деген сөз бар, со сөз осындай жауершілік кезде шыққан той деймін. Сонымен, әрине, сергелден... Бірақ, ер жігітке о да сайран!.. Соғыста жігіт отанын жаудан тазалаумен қатар, жайшылықта көре алмайтын пенде гажайтарды басынан өткереді... сайран емей не бұл?.. Әрине, сайран!..— Сен тойды айтасың,— деді Рахмет, әзіл айтқан жігітке тағы да қарап ап,— мына Ұлы Отан соғысының жыйыны ұлан-асыр тойдың жыйынынан кем боп па?..

— Рас! — деп ду етті төңіректегілер.

— Ендеше,— деді Рахмет Айбарша мен Дәулетке кезек, жымыя қарап,— екеуіннің ұзақ уақыт ұштасқан махаббаттық жіптеріцнің майдан төңірегінде жалғасуына регистратор мен-ақ болайын!.. Құттықтаймын!.. Бахытты ұзақ өмір жасаңдар!..

Ол екеуінің де қолын алды... Хоштасарда:

— Сүйікті астанамыз! — Москваны жауға бермейміз ғой? — деді Рахмет Дәулетке.

— Бермейміз! — деді Дәулет.

— Елге ала барамыз ғой, осы сәлеміңді?

— Әрине!..

Он төртінші тарау

ЖАСАСЫН, МОСКВА!

Москваға сапар шеккен Самаркан, қайда жүргендігі, не істейтіндігі туралы Наталия Остаповна Полещукке хатпен жиі хабарлап тұрды. Москвадан шығарда, Алма-

лыққа қай күні жеткендігін де ол телеграфпен хабарлады, бірақ Наталия күтіп алмады, соған өкпелегендей, біраз уақытқа дейін қатнаспауға бір ойлап қойды да, оған дәті шыдамады. Ол Тартоғайға келсе балалар үйінің жабдығымен Наталия Қызылордаға кетіп қапты, телеграмма оның артынан келіпті.

Балалардың орналасуына және жағдай жасауға мүмкіндігі бар істі оның аямағанын дағдылы өмірдің рельсіне салып жіберу оған да, оның қызметтес серіктеріне де жеңілге түскен жоқ.

Ерекше күтім керек қылатын біраз балаларды жергілікті халық тәрбиесіне алғаннан кейін де, Тартоғайға орналасқан детдомда алты жүзге таяу бала қалды. Оларға орын керек, тамақ керек, киім керек. Оның бәрін жеткізуге уақыт керек, жүріс керек, ынта керек, ақыл керек, іскерлік керек. Оларға қосымша детдом балаларының ішінде, өткен жылы бірінші класта оқып, быйыл екінші класқа шығатындары және бірінші класқа жарап қалғандары бар, оларды оқыту керек, ол үшін де керекті жабдық аз боп па!..

Самарқанды Антонина Порфирьевна Лагода хұрметпен қарсы алды. Харьковтағы медицина институтын 23 жасында бітіріп дәрігерлік қызмет атқарған, соңғы он — он бес жылда больницаларды басқарған, партияда 17 жылдық стажы бар бұл әйелдің Наталияға жәрдемші ғана емес, ақылшы да екенін Самарқан жақсы біледі. Шешесіндей көретін Антонина Порфирьевнаны Наталия «тетя Тоня» деп атап, өзін оның алдында қызы сияқты ұстайды.

Самарқанмен арасындағы махаббаттық байланысты Наталия Тоня апайдан жасырған жоқ. Онымен неше кездессе, кездескенде не сөйлессе, бәрін бұлжытпай жеткізіп, өз сөздерін де, Самарқанның сөздерін де сынынан өткізіп, келешектегі қарым-қатынасына ақылдар сұрады. Жасамыс әйелдің, әсіресе ақылды әйелдің, махаббат жалыны лапылдаған жас қызға не кеңес берері мәлім: жүрек тізгінін өз қолына ұстата отыра, олардың жас қызға айтатын сақтандыру сөздерінің ұшы-қыйыры болмайды гой. Антонина Порфирьевнаның да Наталия Остаповнаға айтары осылар. Солай дей тұра, ол бір жағынан Самарқанды да сынай жүреді. Бірнеше жолығып сырын түйдім бе дегеншен кейінгі Антонина Порфирьевна-

ның ол туралы тоқтадым деген ойы: «Бұл романтикалық жаны бар жігіт, оның сүюінен — сезінуі басым...»

Айбарша мен Самарқанның арасындағы аздаған драманы Антонина Порфирьевнаның құлағы шалған, кейін аралары ажырасқаны да оған мәлім болатын! Олар туралы тараған өсек, Наталиямен бірге, тетя Тоняның да құлағына тиген. Әзәзілі күшті ме, әлде пендешілігі ме, Антонина Порфирьевнаның байқауынша, сыр аша қоймағанмен, Наталия Остаповнаның өсекке құлағы еленделтіп сыяқты.

Наталияға өсекті өзгеден гөрі көбірек тасушы — оның сырласы Пелагея Яковлевна. Бұрын канал құрылысында есепшілік қызмет атқарған оның Самарқанда көңілі болатын, ол ойының сәті түспеуіне көзі жеткен соң, Самарқанның өзгеге деген махаббатына да сәтсіздік тілейтін. Со тілегіне Тыртықпен арасында басталған драма дәл келе кетті. Екеуінің құрған планы: Айбарша мен Наталияның, Наталия мен Самарқанның арасына от жағу.

Көбейген өсекті Наталия Тоня апайдан жасырмады. Наталияның өсектерге елегізген қалпын байқаған Тоня апай, мәселенің анықталуын Самарқанның Москвадан оралуына қалдырды. Бүкпе сөзді білмейтін Тоня апай Тартоғайға келген Самарқанға «осылай да осылай» деп естіген өсегін баяндап еді:

— Наташа соған сене ме? — деп сұрады Самарқан.

— Ол да пенде емес пе,— деді Тоня апай,— сенбегенмен елеңдейді. Бірақ сізді қарсы алмауы өкпеден емес, қызмет жайының солай келуінен...

Наталияны күткен Самарқан, детдомның хал-жайымен танысты. Бұдан үш-төрт-ақ ай бұрын, Алмалыққа алғаш келгенде, сүйектері терілеріне ғана іліккен, қансөлсіз арық балалардың кескіндері қазір парттай жанған қып-қызыл, денелері көктемдегі құлындай топ-толық.

Со бір күндері Сырдың бойы қоңырсыған әдемі шуақ еді, сондықтан, сәскелік астан кейін, балалар қаздың балапандарындай өріп тыска шығады екен. Олардың сырт нұсқалары да балапандарға ұқсайды: бәрінде де сарғылт түсті шаңғылық костюм, бәрінің де басында жылы ақ берет. Егер көздеріне Антонина Порфирьевна шалына қалса ана қаздың маңына үйірілген балапандардай олар да шүпірлесіп жыйнала қояды. Маңына үйірілген балалардың бәрі де өзінен туғандай, Антонина Порфирьевна әркайсысын жылы жүз, жұмсақ сөзбен еркелетеді.

Балалардың бір тобынан екінші тобына бара жатқанда, балаларды аз уақытта осындай жақсы халге келтірген жергілікті партия және үкімет орындарына сансыз алғыс айтады...

Наталияны екі күн тоскан Самаркан, одан әрі тосуға уақыты болмады да, канал құрылысына жүріп кетті. Бұл кездегі ең үлкен жұмыс — «Жеңіс» каналының трассадан айрылатын сағасына дамба және шлюз соғу еді. Оған кажетті материалдың біразын Самаркан Москвадан алып келген де, жергілікті жерден табылатындарына наряд әкелген.

Құрылысқа қайткан жолында Самаркан Сырбайға соқты. Дәулеттің де, Москваның да хал-жайын шұқшыя сұраған Сырбай, майданның, әсіресе Москва іргесіндегі майданның барысынан хабардар екен. Сырбайдың ең алдымен сұрайтыны «Москваның халі нешік?» деген сөз болатын. Самаркандға да ол осы сұрауды қайта-қайта берді, өйткені Москва оның ұғымында — жүрек. Ол «жаудың колы жүрекке тисе, аржағында не тіршілік қалады!» деп қайғырады. Самаркан Сырбайға баласының «Москваны жауға бермейміз» деген уәдесін айтты.

18 ноябрь күні шыққан «Правдада» Панфиловтың сегізінші гвардиялық дивизиясы Еңбек Қызыл Ту орденін алған хабары жарияланды. Осы дивизияның Қазақстанда құрылғанын, әскерінің дені қазақ екенін Сырбайға газет окып беретін бала баяндағанда:

— Е, бәрекелді! — деп куанды Сырбай,— біздің казақтың да ер-азаматтарының Москваны қорғасқаны дұрыс қой.

«Москваны жау ала алмас» деген оның үмітін Айбаршаның көзбен көрген хабары бекіте түсті. Дәулеттің «Москваны жауға бермейміз» деген сәлемін айтқанда, «алда құлыншағым-ай, ондай сәлем айтқаны, мұндағы елдің жүдә уайымда отырғанын білгені ғой, жұбатқысы келгені ғой!» деп көзіне жас алды.

Осы қуаныш қуатын арттыра түскендей, Сырбай кетпенін жылдамырақ сілтеді, ыңырақ ұрды. Сондай күндердің біреуінде, арық қазып жатқан Сырбай мен оның серіктерінің көзіне алыстан салт атты шапқыншы көрінді...

Шапқыншы жай шаппады, «шүйіншілеп» шапты. Арық басындағылар еленіп қарай қалысты. Жақындаған шапқыншыға жұрт көзін тіксе — Байжан!..

— Уа, шүйінші! Шүйінші! — деді ол шапқан аттан қарғып түсе қап.

— Қалағаныңды ал! — деді көпшілік,— не, не болды?

— Мос-ква-дан жау қуылды!..— деді Байжан ентіге әрең сөйлеп.

— Аузыңа май! — деп Байжанды Сырбай құшақтай алды да, екі бетінен шопылдатып сүйді.

Қағазға жазып әкелген жеңіс хабарын алқынған Байжанның оқуға әлі келмей:

— Сен оқы! — деп, Айбаршаға ұсынды.

— Ал, тыңдайық! — деп бәрі Айбаршаны қоршай қалысты.

— Декабрьдің 6 мен 10 ның арасында, яғни төрт күнде,— деді Айбарша қағазды оқып,— жаудан біздің 400 поселке азат етілген!

— Е, бәсе, осылай болса керек еді,— деді Сырбай.— Құдай тілекті берді. Москва — елдің жүрегі еді. Жаудың қолы жүрекке жетпеді деген сөз — жаудың жеңілгені деген сөз!.. Жаса, Москва!..

— Жаса, Москва! — деп ду-ду етті қасындағылар.

Он бесінші тарау

СОҢҒЫ СЕРПІН

Ленинградқа апаратын сыйлықпен Рахмет жүріп кеткеннен кейін, Мырқының атынан берілген арызды прокурор тексере бастады. Бұл жүйеде көп жыл қызмет атқарып, істің анығын ашуға көнігіленіп алған прокурорға, Мырқының шынын айтқызу қыйынға түскен жоқ. Бірақ, Масақбай Мырқыдай болмай шықты. Арыз беруге себепші Масақбай екенін Мырқыдан естіген прокурор, Масақбайды шақырып ап сұрағанда, «жо-жоқ, болмаған іс ол» деп жатты да танды. Жақын адамның сөзін айтып та, заңшылап та прокурор оны икемге келтіре алмады.

Масақбай сонша қасармас па еді, қайтер еді, егер прокурордың аузынан төркіні жамандау бір сөздің нісі шықпаса. Сыпайылап сөйлесіп отырған прокурор:

— Арыздың түрткішісі сен ғана болсаң оқасы жоқ қой, Масеке, сені мен Мырқыдан ғана шыққан арыз болса, мұны жаба қою қыйын емес; өйткені, әзірге бұдан «ел жарылып, Ертіс бұзылатын» ештеме жоқ. Мен осыған сен

екеуінді былықтырып жүрген басқа біреу бар ма деп қорқам және ол арам ниетті біреу ме деп күдіктенем. Маған тек соның жобасын сілтесең болғаны. Аржағында сен де тыйышсың, Мырқы да тыйыш, негізгі қылмысты табылған соң сен екеуіңнің маған керегің жоқ, табылған қылмыстымен қалай сөйлесуді мен өзім білем,— деді.

«Негізгі қылмысты», әрине, Тыртық. Оны тарпа бассап прокурордың қолына «мә» деп бере қоюға — біріншіден, шын досым деп санайтын адамын қыймайды, екіншіден, Тыртық та басқа өле қояр қу емес, жанына батып бара жатса, Масақбайды ала жығыларын біледі...

Прокурордың аузынан, Масақбайдың жанын одан да жаман түршіктіретін тағы бір сөз шықты. Кеңесіп отырған прокурор «пысық, іскер жігіт пе, қалай өзі?» деп Тыртықты мақтаңқырап отырды да, Масақбайдың ол туралы жақсы пікірін біліп ап, тағы біраз сөйлескеннен кейін:

— Масеке, сол Тыртыққа қаттырақ сенесіз сіз, ол өзі қаңғырып келген адам, ар жағында пәлесі жоғына көзіңіз жете ме? — деді.

«Ай, әлдекалай болса игі еді,— деп күдіктенді Масақбай ішінен,— пәле іздеген сұрау гой бұл!..»

Осы ойға келген Масақбайдың іштей жасаған қортындысы: «Егер, Мырқыға арыз жаздыруда мені жетектеген Тыртық десем гой, мына қоңырсыған сөз одан әрі быксыйды?.. Оның аты — өзіме қарсы өрт салу!.. Қой, шатасқан үстіне шатаспайын өйтіп!..»

Масақбай осы тоқтамнан табанын аударбады. Ақыры, Рахмет Москвадан оралғаннан кейін Мырқының арызы райкомның бюросында қаралды да, арызға жетекші Масақбай екені анықталып, оған өзге айыптары да жалғасып, «колхозды дұрыс басқарудың орнына іріткі салды, колхоз мүлкін жыйнақы ұстаудың орнына шашты» деген айыппен әрі орнынан алынды, әрі партиядан шығарылды. Қаулыға риза болмаған Масақбай, облыстық партия комитетінің атына шағым берді де, аз күнде бюро мәжілісіне шақырылды. Оған қоса шақырылған адамдар: Рахмет, Сырбай, Байжан, Самарқан, Мырқы.

Масақбай жолға шыққанда, Самарқан екеуінің купесі бірге келді. Оның мәселесі райкомда қаралғанда, Самарқан командировкада еді. Одан кейін екеуі жолығысқанмен, «бақытсыздығыма себепкер Самарқан» деп ойлайтын Масақбай, қырын қарап кеңеспейтін. Сол конто-

раздығын Масақбай осы жолы да істеп, біразға дейін тым-тырыс отырып еді, сөзді Самарқан бастап жіберді. Ол райкомда мәселенің қалай шешілгенін, осылай шешілуге өзінің қосылатындығын айта кеп:

— Біз екеуміз ғой, бір-бірімізге жау адам емеспіз, Масеке? — деген сұрау қойды.

— Қайдам,— деді Масақбай,— бұрын олай сыяқты емес еді, енді не болғанын өзім де түсіне алмай қалдым!..

— Біз әлі де жау емеспіз, Масеке. Неге жау боламыз? Екеуміз де бір тәрбиеде — совет тәрбиесінде өстік. Халқадарымызша Отанымызға қызмет атқардық, әлі де солай атқарамыз.

— Сен болмасаң, мені қойшы, мен енді санаттан шыққан кісімін ғой.

— Неге, Масеке? Меніңше олай емес. Меніңше, келешегің жоғалған кісі емессің, сен. Неге жоғалады? Ленин айтпай ма: «Қателесу айып емес, қатені түзетпеу айып» деп? Қателігің болғаны рас. Бірақ, сен әлі жас адамсың, келешегің алдында. Қателігіңді түзегің келсе, партия саған жәрдемдеседі. Бірақ, түзелудің тетігі ең алдымен өзіңде ғой деймін.

— Қайдан менде болады?

— Сенде болуына бір ғана себеп бар ғой деймін: жұмысың обкомда қаралғанда, жалтақтауды қойып, ағынан жарылсаң, кешпейтін күнәң жоқ сыяқты.

— Не дейін, сонда, ағымнан жарылғанда?

— Жұмысың райкомда қаралғанда, Сырбаймен араздығының бас себебін Айбаршада менің көңілім болуға тіреpсің...

— Өтірік пе, ол?

— Рас. Сенің маған жақтас болғаның да рас. Онында қалтқы жоқ. Бірақ, сен Сырбайға менің намысымды жоқтап қана өшіктің бе?..

— Енді неге өшіктім?

— Турасын айтқанда, «құланның қасынуына, мылтықтың басуы дәл келді» дегендей, «менің намысым» дегенің сылтауың емес пе, Масеке?

— Бола-ақ қойсын дедік. Сонда сенен басқа кімнің намысын жыртам?

— Ешкімнің де емес.

— Онда қалай?!.

— «Намыс» деген не ол? «Намыс» деген — адамның кісілігін қорғай білу деген сөз, анығырақ айтқанда:

«Мені кемсінбе, өзіңе тең көр» деген сөз. Егер әлдекім сені өзінен төмен ұстағысы келсе, сені басынғысы келсе, ондай қорлыққа көнуге болмайды, «намыс» деп меніңше соны айтады.

— Сен өзің философ та екенсің ғой. Ие, хұп, солай-ақ болсын, сонда?

— Сонда, Сырбайдың, не Айбаршаның сені қорлаған күні бар ма?

— Қорлауларына жіберем бе, мен?

— Ол өз алдына бір мәселе. Сен қыястыққа тартқанмен, мен турасын айтайын; өйткені, сенімен сөз жарыстырғалы отырған жоқпын, тыңдау, тыңдамау еркі өзіңде, саған соңғы рет достық сөзімді айтқалы отырмын.

— Иә, ал тыңдадық...

— Меніңше, Сырбайдың саған достық ойлағаннан басқа айыбы жоқ. Турасын айтқанда, колхоз мүлкіне қолының қымқырмасы болғаны рас. Сырбай соған қарсы болды. Мұнысы қастық болар еді, егер өзіңе айтпай сырттан өсек таратса, өйткен жоқ қой. Сырекең мініңді бетіңе айтты ғой, сен оны тыңдадың ба? Тыңдаған жоқсың, достық сөзін қастық көрдің, мұқатқың келді, сонда таптым деген бір құралың сүйікті келінінен айыру...

— Солай-ақ болсын дейік, сонда сен неге араластың бұл «мұқатуға»?

— Мен араласқан жоқпын.

— Қалайша араласпайсың? Айбаршаны сүйген сен бе, мен бе?..

— Мен...

— Ендеше, не айтып отырғаның?..

— Сүю — қастық ойлау емес, Масеке, Айбаршаны сүйгенім рас. Оның көңілін маған аударуда сені жәрдемге шақырғаным рас. Сенің жәрдемге келгенің рас. Бірақ, артынан білсем, оның адал жәрдем емес, арам жәрдем екен...

— Қалай?..

— Қызынба, Масеке. Сабырмен, тыңдасып сөйлесейік. Адал жәрдем болар еді, егер сен Сырбаймен өштеспесең, сол өштіктің салдарынан оны сүйікті келінінен айыруды алдыңа бас мақсат қып қоймасаң... Адалын айтқанда сенің бас мақсатың маған жаның ашу емес, Сырбайды мұқату екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді ғой, оның несіне таласасың.

— Бар айтарың сол болса, енді қой оны! — деді іш-

тей мойындаған Масақбай,— сөздің қысқасы, обкомның бюросында айт деп отырғаның осы ма?

— Ол ғана емес.

— Енді не?

— Көпшік қойған сөзім емес, Масеке, достық сөзім, сендегі бір кемшілік — жетекке ергішсің.

— Кімге еріппін?

— Өзімнің де айтқалы отырғаным осы еді, көлденең сөздерге кетіп қалдық. Турасын айтқанда, сені оппалатып жүрген өзге емес — Тыртық.

— Сонда Тыртықты кім деп ойлайсың сен?

— Қайдам, кім екенін,— деді Самарқан,— білсем тиісті жерлерге алдақашан айтпаймын ба?.. Қаңғырып келген біреу, түбінің кім екенін кім біліпті оның... Тек, қылықтарына қарағанда келетін ой: нақ сау кісі емес ол... Көрерсің Масеке, айтпады деме, түбі ауру боп шығады оның!.. Егер ондайы болса, үкімет орындары ашпай қоймайды... Сондықтан, осы бастан одан іргеңді аулақ салғаның жөн!..

Масақбайдың ойы толқып қалды. «Мұның да жаны бар сөз-ау» деген ой кеп кетті оған. Бірақ, дәл, пышақкесер жерге келгенде, «қорқақтық» деген құрғыр Масақбайдың бойын билеп кетіп, бюро мәжілісінде Сырбай жөнінде болған кейбір кателіктеріне мойындады да, Тыртық жаққа жоламады: бюроны басқарған секретарь бұл туралы біраз сұраулар беріп еді, Масақбай «онымен ешбір байланысым жоқ» деп танды да шықты.

Бюро мүшелері өзара ақылдаса кеп, Масақбайды колхоз председательдігінен алу жөніндегі қаулыны бекітті де, ақтық рет қатаң сөгіспен партияда қалдырды. Күріштен мол өнім алу үшін Сырбай құрған звено бюрода бекіліп, тиісті жағдай жасалатын болды.

Бюро осы мәжілісте, райкомның Самарқанды аудандық жер бөлімінің начальнигі қып, Байжанды аудандық су шаруашылығының басқарушысы қып тағайындаған қаулысын бекітті. Канал құрылысын олар орнне осы қызметтерімен қатар алып жүреді...

Не халге ұшырағанын Масақбай обкомнан шыққанда ғана ұқты. Сонда ғана ол секретарьдың «адалыңды түгел ақтарған жоксың, Масақбай жолдас, соған қарағанда сені партиядан шығарса да болар еді, бірақ, сен тегін жат кісі емессің, кателіктеріңмен қабат біздің кісісің, сондықтан қатаң сөгіспен қалдырып отырмыз, мұны ескеруің керек» деген сөзінің бар салмағын түсінді. Бұл

қылығына ол өзін қатты сөкті. Тыртыкка деген өштік оның жүрегіне сонда ғана бірінші рет байланды. Егер осы арада Тыртық тұрса, түтіп жерлік халге жетті. Бірақ, Тыртық тым алыста да емес. Уәдесі бойынша, ол қазір Масақбайды пәтерде күтіп отыруға тиісті. Масақбайдың ойы толқып қалды: «Пәтерге бару ма?.. обкомға бару ма?..» Обкомға баруға кеш: оның мәселесін қарағаннан кейін бюроның мәжілісі жабылғанда, мүшелері көзінше тараған, қайта жыйналуға уақыт кеш, түн ортасы алдақашан ауып кеткен, ендеше, ертең ғана барып сөйлесуге болады... Енді не істеу керек?.. Пәтеріне барса-ақ Тыртыкпен шатасады... Одан не пайда түседі?..

Қызылорданың қараңғы бір көшесімен келе жатып осындай ойға шомған Масақбайдың есіне прокурордың сөзі тағы да түсіп, «сол Тыртықтың саясн қылмысы жоқ па екен?» деген ой кеп кетті. Осы ойдың торына біраз шырмалған Масақбай, «енді бөгелер нем қалды» деді де, сырын түгел ақтаруға Ішкі Істер Халық Комиссариатының облыстық бөліміне тартты. Ол үйде сөйлескен қызметкерге Масақбай риза болмай шықты, өйткені, ол ішегінің қырындысына шейін ақтарғанмен, кеңесін ықлас сала тыңдады да, Масақбайдың кейбір көмескі сөздерін анықтайтын сұраулардан басқа жартымды ештеңе айтпай, тек хоштасарда айтқаны:

— Хабарыңызға рахмет. Тексерерміз, анығына жетерміз. Сізден өтініш: аузыңызға ие болыңыз.

Масақбай пәтеріне келгенде таң біліне бастаған еді. Қақпа алдында қарандаған әлдекімді көзі алыстан шалған ол тесіле қараса — Тыртық!.. Қаны сол сәтте қайнай қалғанмен, ол өзін-өзі зорға деп биледі де, салқын қанмен амандасты. Сынағысы келген Тыртықтан, обкомның не қаулы алғанын Масақбай жасырған жоқ. Тыртық оны «қап, әттегене-ай!» деп аса қатты мүсіркеген болды. Масақбайдың:

— Енді қайтем? — деген сұрауына:

— Алдыңызда әлі де талай саты бар емес пе,— деді Тыртық,— республикалық партия комитеті бар, одақтық партия комитеті бар, соларға арыз берсеңіз, бірінен болмаса бірінен әделет табасыз.

— Әделет табар ем-ау, егерде оған дейін абақтыға жауып қойып көзімді ағартпаса!..

— Не деп жабады? — деген Тыртыкка Масақбай, өз жанынан құрастырған біраз сөзді, обкомда тағылған кінә

кып айтып берді. Масақбайда әзірге күдігі жоқ Тыртық, «достың» сөздеріне иланды. Бірақ, партияда қалдырылған соң, абақтыға жабылмауына көзі жете тұра, үрейленділіре түскісі келді; сондағы ойы — ендігі көздеп жүрген бір мақсатына Масақбайды құрмандыққа шалу еді, ол мақсаты — басының аманында бұл маңнан ізін білдірмейтін бір жаққа таю; бірақ оған керекті қаражат қолында жоқ, Масақбайдан басқа, ондай қаражат шығатын кісі де жоқ. Мұндай ойға ол ертерек келіп, Масақбайдың мәселесімен аудан шұғылдана бастаған кезде:

— Жаман айтпай, жақсы жоқ. Масеке, сіздің жұмысыңыздың беті қыйындап барады, осының арты пасырға шауып, басыңызға күн туа қалса, сіз күйген отқа менен басқа жанын сап түсе қалатын адам жоғын көріп жүрсіз. Сізге деген жүрегім таза болғанмен, қолымда қаруым жоғын да білесіз, мұндайда күн бұрын қам жемеуге болмайды, сіз ойлайсыз ба, осыны? — деген еді.

— Неге ойламайын,— деп Масақбай расын айтқанда, үйінде жыйырма-отыз мыңдап сақтаулы ақшасы бары анықталған еді.

— От жетпесе,— деген еді Масақбай,— мал-мүлік жаннан қымбат боп па? Өтетінін сатармыз да жұмсармыз.

— Әрине,— деген еді Тыртық.

Тыртық Масақбайды абақтыға ауданда жабылар деп дәмеленіп еді, ол ойы болмады. Қызылордада жабылар деп еді, ол ойы да болатын түрі жоқ. Енді не істеу керек?

Бұл жөнде ойланған Тыртықтың ендігі табан тірегені: амалын тауып Масақбайды не Қызылордада кідірту, не үйіне соқтырмай Алматыға аттандыру, содан кейін, Масақбайдан әйеліне хат алып барып бар ақшасын қалтасына басу да, бет алған жағына таю... Ақылдасқан Масақбай оның ойынан шыға кетті.

— Енді не істерімді де білмеймін достым, ақылын сен тап! — деген Масақбайға:

— Республиканың басқарушы қызметкерлерінен танысыңыз бар ма еді? — деп сұрады Тыртық.

— Бар еді,— деген өтірікті айтты Масақбай,— және анау-мынау емес, дындайларынан бар.

— Ендеше соған жету керек. Цеканың атына жазатын арызыңызды да соған ақылдасу керек. Мұнда «жауып қояр» деген қауыпты өзіңіз айтып тұрсыз, мүмкін өйтулері де. Сізді қорқытпайын дедім, әйтпесе, соншалық ауыр жазамен партияда қалдырғанға қануға да бол-

майды. Оның аты — ұстараның жүзіне басып тұрмын деген сөз. Олай болса, бұл арадан тез кету керек те, Алматыға тез жету керек.

— Өзім де осы қортындыға келдім,— деді Масақбай,— ойымыз бір жерден шықты. Қалтамда қаражатым аздау, бірақ, ұлансаң, үйге соғуға ет жүрегім сескеніп тұр.

— Оныңыз да рас,— деді Тыртық,— прокурор жақыныңыз болғанмен, сізге деген жүрегі қатып қалғанына көзіңіз жетті. Ол өзі қорқақтау және өзінен үлкенге жағымпаздау біреу боп шықты ғой, әйтпесе болмашы ісіңізді осынша бұлдіріп бере ме?..

— Бәсе, дессейші!.. Төрт аяқты иттен де жаман адам екен. Ит те жақының қаппайды. Ол мені анау-мынау емес, ойсырата қапты ғой...

— Рас, сондай кісіден не жақсылық күтуге болады?.. Болмашы бірдемені тағы жаба салады да, абақтыға қамайды да қояды...

— Мүмкін.

— Ендеше, өзіңіздегі, мендегі бар қаражатты алыңыз да, Алматыға тарта беріңіз, артыңыздан азық-түлік ап, ақша ап жеңгей екеуміз де жетейік.

— Жеңгеңнің керегі не? Үйде шаруасы, бала-шағасы бар, саған сенбеймін бе мен?

— Оны өзіңіз біліңіз, Масеке.

Екеуінің уәдесі мынау болды: Масақбай бар ақшамен ертең Алматыға жүріп кетеді де, Тыртық ауылға қайтып, артынан апарады. Мұндай келісімге Тыртықтың неге келгені бізге мәлім, ал, Масақбайдың ойы — Тыртықтың артынан жасырынып бару. Сөйтіп, Тыртықтың ауылда не істерін бақылау.

Масақбай ол тілегіне жете алмады. Таңертең базарға барып келем деп кеткен Тыртық жоғалды. Түске дейін тосып келмеген соң, базарды аралады, онда жоқ!.. Барарау деген жерлерінен іздестірсе, жоқ!.. Кешке қарай ауданға телефонмен сөйлессе, жоқ!.. Сол түнгі поезбен келген әйелі — Дарихадан сұраса, жоқ!.. Қайда ол?!. Әлде қашты ма?..

Ой шетіне жете алмаған Масақбай, Ішкі Істер Халық Комиссариатының облыстық бөліміне тағы да барды. Кешегі жолыққан адам бүгін де күле сөйлеп отырып, әуелі: «Енді одан айрылдың, Масеке!» деп қорқытып ап, одан кейін «Совет Одағынан қайда барар дейсіз, қашса ұсталар» деп дәмелендіріп қойып, ақыры, Тыртықтың

ұлығына түскенін естіртті. Не себепті екенін естігенде, Масақбайдың көзі шарасынан шықты. Өз қылмысының қай дәрежеде екенін ол сонда ғана ұқты. Сонда ғана ол Отанның адал ұлдары: Сырбай, Дәулет, Байжан, Самарқан, Рахметтің алдында, адал қыздары: Айбарша мен Гүлшардың алдында зор күнәлі екенін ұқты... Соның бәрін өтеу үшін не істеу керек?.. Оның келген қортындысы — бұл маңайда жүру енді оған ұят!.. «Өлімнен — ұят күшті...» Ендеше кету керек!.. «Қайда?» деген сұрауға оның берген жауабы — «майданға!.. Сонда не өлу керек те, не қылмыстың ыласын қан тазартып жуып келу керек!..»

Майданға баруға бекінген ол, Анатолий Кондратьевичтің үйінде қалыпты деп естіген Айбаршаға амандасып аттанбақ болды. Ол келсе, дарбаза жабық екен. Ақырын тырсылдатқанға ешкім аша қоймаған соң, каттырақ қақты. Өзбек тәртібімен салынған бұл үйдің төбесінде, «балахана» аталатын, екінші этаж сияқты, ішкі жағы ашық кабаты болатын. Масақбай қақпа қаққанда, Айбарша балаханада отыр еді. Қақпаны оның ұзақ уақыт ашпауына себеп болды.

Соңғы бірер жұмада больницада жатып шыққан Айбаршаның сауығып бұл пәтерге келгеніне екі-үш-ақ күн. Оның ауруына да себеп Тыртық болатын. Сырбайды, ол арқылы Айбаршаны қай ретпен болса да мұқата беруден ойы өзгермейтін ол, Алмалыққа соққан сайын, аудандық военкоматта қызмет істейтін таныс қызына жолығып, майданнан келген хаттарды көріп жүруші еді; сонда оның көбірек көз салатыны Дәулеттің хаттары болатын. Дәулет хатты аса жиі жазатын және көрген-білгенін қызғылықты түрде жазатын! Оларды да тесіле оқыйтын Тыртықтың, аса зер сап қарайтындары похоронное извещение болатын. Ел арасында «қарақағаз» атанып кеткен бұл извещениелердің ішінен Тыртық Дәулет туралы да хабар күтетін. Сөйтіп жүргенде оның тілегі қабыл бола кетті: біраз уақыт хаты үзілген Дәулет туралы да «қарақағаз» келе қалды. Бұған шегінен шыға қуанған Тыртық, военкомат қызметкерлерінің алдында: «Әттеген-ай, аянышты өлім болды бұл!.. Шіркін-ай, жігітім-ақ еді-ау!» деп қайғырған болды да, «кім біледі, мүмкін үстірт айтқан хабар болар, бұл. Мүмкін, тірі боп шығар. Ондай оқыйғалар кездесіп те жүр ғой; сондықтан, бұл мәлім-

демені анығына жеткенше сейфке сала тұрайын» деп алып кетті. Бірақ, ол мәлімдемені сейфке салмады, тілін алатын біреуді жұмсады да, конвертке сап, сыртына «Айбарша Қарымсаковаңың өз қолына тапсырылсын» деген жазумен үйіне елеусізде апарттырып тастады.

Қызметінен үйіне кеп, конверт ішіндегі мәлімдемені абайсыз оқып қалған Айбарша, уаткан сөздердің біреуіне де құлақ аспай, еңіреп жылаудан демі бітіп талып жығылды. Осы оқиғадан бастап құсаға айналған Айбарша, ақыры Қызылорданың больницасына түсті. Онда да айығудың орнына мендеп бара жаткан кезде, Дәулеттің «аманмын» деген хаты жарқ ете қалды. Хатты алған Сырбай, сол сағатта Алмалыққа аттанып поезға мінді де, больницадағы Айбаршаға табыс етті.

Арабтың ескі ертегісінде «Әбілхаяттың суы» деген бар, мағнасы — «тіршіліктің суы»; оны ішкен адам, ауру болса сауығады, кәрі болса жасарады, өлмей, қартаймай мәңгі жасайды. Дәулеттің «тірімін» деген хаты, Айбаршаға осы «Әбілхаяттың суы» сыяқтанды. Көңілі көншіген Айбарша оңала бастап, Масақбайдың мәселесі обкомның бюросында каралардан екі-үш күн бұрын ауруханадан шықты да, Анатолий Кондратьевичтің үйіне келді.

Сырбаймен бірге келген қонақтар сәскелік астан кейін аттанып кетті де, трактористер курсына түспек боп, Айбарша қалып қойды. Оңашаланған ол, Марфуғаны ұзақ айналып қалатын бір іске жұмсап, дарбазаны бекітіп қалды да, Дәулетке хат жазуға отырды. Қыска аяқты дөңгелек столдың үстіне сыя, қалам, қағаз әкеліп қойғанда, хатты жазуға кірісу мақсатымен, стол қасына төселген көрпеге отырғанда, оның көңілі жадыранқы еді. Хатка жазылатын сөздер «мені айт, мені айт» деп аузында таласып тұрған сыяқты еді. Сондай көңілдегі ол, каллиграфиялық әдемі қолжазбасымен, «Дәулет» деген сөздің «Д» әрпін мықшыйта орай түсіріп, «ә» ден кейінгі «у» дың аяғын да өрнектей орап, өзге әріптерінің бәрін жіпке тізген маржандай қаз-қатар тізіп, аяғына леп белгісін қойды да, қаламын дәуітке сүйеді. Ондағы ойы, төс қалтасындағы комсомолға мүшелік билетінің ішінен Дәулеттің осы хатпен бірге келген фотокарточкасын алып, қарсы алдына сүйеп қойып, кескініне қарап отырып жазу еді.

Танк әскерінің капитаны алдына қарсы қарап отыра

көшеде, оның сақал-мұрты өскен жүдеу халін есіне түскенде көзінен жасы қалай ыршып кеткенін Айбаршының өзі де білмей қалды. Осы жасты енді тыя алсын-шы, көрейін!.. Жасын тыю былай тұрсын, аздан кейін ол бұлығып ап, ықтыярынан тысқары, үйді басына көтере еңіреп бара жатқан соң және өкпесі кеудесіне сыймай бұлығып бара жатқан соң, жеңілдеңуге дәрмен іздеген сұлық денесі, ақылдың бастауынсыз-ақ, оны жоғарғы «балаханаға» алып шықты... Еркін ауа жәрдемдесті ме, әлде бір беті ашық «балаханада» тұрып еңіресем, даусым көшеге естіліп ұят болар деп ойлады ма, ол саябырлады. Сол кезде оның көзіне көшеде келе жатқан Масақбай түсті. Өткен бюродағы оның халін естіп, қайнатасына қосылып, көңіліне аяушылық орнаған ол, Масақбайдың осы үйге келе жатқанын шамалады да қақпаны ашу ниетімен, төс қалтасында жүретін айнасын алып бетіне қарады. Көздің жасынан долырған оның бет-аузы адам қарағысыз әлем-тапырық екен. Бұл кескінімен көрінуге ұялған ол, Масақбайға қақпаны ашпауға бекініп еді, анау өршелене тарсылдатып кетті. Оның ашқызбай қоймауын жұлырық қыймылының дыбысынан аңғарған Айбарша, «балаханадан» төмен түсті де, дарбазаға барып:

— Бұл кім? — деді білмеген болып.

— Мен, Масақбай.

Жылағанын білдіргісі келмеген Айбарша, қақпаны ашқанда, шырт ұйқыдан оянған адамның қалпын көрсеткісі кеп есінеді де:

— Ойпыр-о-ой, қалай катты ұйқтағанмын! — деді.

— Рас катты ұйқтапсың,— деді Масақбай, ішінен: «мұнда неге жылады екен?!» деп ойлап.

Айбаршаның жылау себебін жайғаса отырып сұрағысы келген Масақбай, дарбазаға кіре:

— Сыр-екең үйде ме? — деп сұрады.

— Ол кісі мана ауылға қайтып кетті.

— Қап!.. Кім бар бұл үйде?

— Менен басқа жан жоқ. Үйге жүріңіз!..

Масақбаймен үйге кірген Айбарша, гардеробтың ішкі бетін тұтас алып тұрған айнаға қараса, кескіні манағыдан да долырып кетіпті. Сонысынан ұялған ол қораның түкпіріндегі шыңырау құдықтың мұздай суымен жуынып келуге ыңғайланды.

— Ағай,— деді Масақбайға, стол үстіндегі жатқан

Дәулеттің ұзақ хатын ұсынып,— мен жуынып келгенше, сіз мына хатты оқый тұрыңыз.

— Жақсы,— деді Масақбай.

Айбарша шығып кеткенде, артынан қарап қалған Масақбай «достық көңілмен жолығысуымыздың басы осы,— деді ішінен,— енді бізді ешкім айыра алмас!»

Он алтыншы тарау

ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ ХАТ

Айбарша тыска шыға, Масақбай Дәулеттің хатын оқуға кірісті.

— Айым! — деп басталыпты хат,— егер мен жазушы боп соңғы бір айдың ішінде басымнан кешірген оқиғаларды түгел сыйпаттап бере алсам, Ұлы Отан соғысының ғажап бір бөлшегін көзіңе айқын елестететін тамаша роман болар еді, бірақ, «тәңрім» менің табиғатыма ондай хасиетті берген жоқ, сондықтан, білген тіліммен ғана жазуға тура келеді.

Ең алдымен асығып айтарым — жуырда ғана Гүлнарды көрдім... Гүлнарды!..

Армияның тілінде (басқа тілде де солай ғой деймін), зор қуанышқа ой білдірудің белгісі — ұралау ғой. Сол сөз қазір менің де тіліме оралып тұр: ура, ура, ура!.. Мен Гүлнарды көрдім. Айым!.. Тағы да: ура, ура!..

Өзім жазушы болмағанмен, жазушылардың шығармаларын оқып жүрем ғой, Айым, (ондай шығармаларды оқуға майданда да уақыт табылады)... Мұны айтып отырғаным — жазушылар шығармаларын қызғылықты ету үшін, сыйпаттайтын оқиғаларын бірден лақ еткізіп оқушылардың алдына төге салмай, шыжымдап отырып, біртіндеп таныстырады ғой; оныcы дұрыс та ғой деп ойлаймын; өйткені, бар оқиғасын бірден айтып тастаса, шығарманың қызығы да болмас еді, оның қызығы — басталған бір оқиғаға оқушы «енді не болар екен» деп құмартып отыруда ғой. Оқушының осы құмарлығын, романның аяғына дейін уысында ұстап отыра алмаған жазушы жазушы ма, тәйірі!.. Ондай жазушылардың шығармаларына менсінбей қарайтынымыз есінде болар, Айым...

Жазушылар туралы айтып кеткен себебім, өзім жа-

ушы болмағанмен, осы хатты жазуда жазушылардың әдісін қолданғым кеп отыр, сонда сыйпаттағалы отырған героймын — Гүлнар, сыйпаттайтын оқыйғам — онымен менің қалай ұшырасуым; осы оқыйғаны алдыңа бірден лақ еткізіп төге салмай, жазушыларша, шыжымдай созып, біртіндеп таныстырғым келеді. Сенен өтініш: хатты басыңан асықпай, сөзін тастамай оқы, әйтпесе қызығы болмайды, хатта басталған оқыйға немен тынар екен деп, салған жерден аяғына қарама!.. Осыған келістік қой, Айым?.. келістік!.. Әкел, қолыңды!..

Бұл менің саған Москва түбінде болған ұрыстардан кейін жазып отырған хатым. Одан кейін сен мені жоғалттың. Сонда мен қайда болдым?

Есіңде ме, Айым, бала кезіңде сен:

По морям, по волнам,
Нынче здесь, завтра там, —

деген өлеңді айта беретін ең ғой. Соғыстағы жауынгердің тұрмысы, нақ сен айтатын сол өлеңдегідей. Мұнда әскери бөлімдер де, жеке адамдар да майданнан майданға ауысып жатуы — біздің Қызылорданың тілімен айтқанда дағдылы үрдіс[1]. Сол үрдіспен, мен осы айдың басында Ленинград майданынан кеп шықтым, астымда өзіңе мәлім тұлпарым — танк.

Газеттен де оқып жүрген боларсың, «майдан» деген іркіс-тіркіс бос жататын бір дүние. Қарсыласқан екі жақ бірін-бірі түгел сырып әкететін аса бір ұлы шабуыл болмаса (мұндай шабуылды «генеральное наступление» дейді ғой), былайғы соғыста, қай жақтың болса да ілгерілеу, шегіну дегендері алмаса береді. Оны айтып отырғаным — Москва түбінде біздің армия генералдық шабуыл жасап, жауды кейін шегеріп алып кеткенде, Ленинград майданының солтүстік жағында жау ілгері сұғынып келе жатты.

Сен география сабағына жүйрік болатынсың, сондықтан, «Ильмен» аталатын көлдің қайда екенін жақсы білесің. Мен Ленинград майданына ауысқан кезде, бізге шабуыл жасаған жау, Ильменнің батысынан солтүстік-шығысына беттеп келеді екен. Арпалыс аса қатты. Қарсыласқан екі жақ бір-біріне әрбір метр жерді қырғын ұрыспен алма-кезек алысып, берісіп жатыр... Жалпы хал:

[1] Әдет.

бұл арада жау ілгерілеп келеді, мақсаты Москва — Ленинград темір жолын кесіп алу...

Ұрысқа мен Х... қаласының маңында араластым. Бұл аралық жер өзгешелігі — қазақша «томар», орысша «болото» аталатын орындар аса жиі кездеседі. Саяндау жерге біткен томарлардың үстіне қалың боп, өзіміз «күншаш» атайтын өлең шөп пен ұсақтау қайыңдар аралас өседі. Беті былқылдап жататын бұл томарлардың асты қоймалжың саз. Саздың терендігіне кейде сырық бойламайды. Жаз күндерінде мұндай жерден машина түгіл атпен де адам жүре алмай сазға батып кетеді. Егер бата қалса, одан шығу қыйын. Бетіндегі былқылдақ қыртысы жыртылып, аяқ сазға ілексе-ақ, қыймылдаған сайын тереңіне тарта береді. Солай батқан аттар мен машиналардың сазға түгел батып, астына жоқ боп кеткенін көзіммен көрдім. Ондай саздардан ат түгіл адамның өзі де өрең шығады. Өз көзіммен көргем жоқ, біреулердің айтуынша, сазға адам да батып кеткен күні болған...

Ұрысқа мен осындай томарлардың арасында араластым, мен танктік ротаның командирімін...

Бұл арада болған аса қатты ұрыстың жайын саған жазбай-ақ қояйын; өйткені — біріншіден — хат жазған сайын соғыстағы арпалысты хабарлап мазаңды да алған болармын, екіншіден — осы хатта да сондай бір арпалыстарды амалсыз жазам; сондықтан, танктік ұрыстарды сыйпаттамай-ақ қоям...

Сонымен, қысқасы, аса қатты болған бір ұрыстарға араласып жүріп шегіндік. Шегіну жолында, жоғарыда аталған томарлардың ұшы-қыйырсыз бір жалпағына кездесіп, орап өте алмайтын болдық... Айтпақшы бұл қыс мезгілі ғой. Қыстығүні томарлардың да беті тоңданып катады екен де, танк, зеңбірек сыяқты ауыр саймандар болмаса, жүкті арбалар мен грузовиктер, басқа ұсақ машиналар, аттар, адамдар өте береді екен... Сондай томарға кездескен соң, танктерді тастауға тура келді. Тастамас ең: томардан өткізе алатын емессің, бұрылып өтетін жол жоқ, жау қусырып қысып келеді...

Танктер жаудың қолында бүтін қалмасын деп қыйраттық та, алып өтуге мүмкіндігі бар заттармен ілгері бет-тедік. Есіңде болсын, шегінуден қыйын дүние жоқ. Бұл арада шегіну туралы жалпы команда болғанмен, жоспарлы шегіну болмады. Оған мүмкін де емес сыяқты, өйткені, жау бізді батпаққа әкеп тықпалап, екі жағы-

мынды орап баратыр, тегі, жер жағдайын біліп, бізді соған қамап мелжемдегісі келеді-ау деймін...

Томарға қамалғаннан бірер күн кейін жанталасқан арпалыспен бір топ адам қалың ағашқа кірдік. Есті сонда ғана жыйнасақ, ағаш ішінде бізден басқа босқандар да бар екен, бәрінің басы құрала келгенде екі-үш жүздей адам болды. Жан-жағымызға разведка жіберіп барлатсақ, Холм күн-шығысымызда жақын жерде екен, сонда ғана біздің бөлімдер жаумен қатты қарсыласып жатыр екен, өзге жағымызды жау орап алып кетіпті.

Бізге, әрине, өз бөлімдерімізге барып қосылу керек. Разведканың хабарына қарағанда, ол онай да жұмыс емес; өйткені, орман мен қаланың арасы белестенген жаланаш дала, бұл арада жау әлі жетпегенмен, біздің бөлімдер күшін Холмға тартқаннан кейін, самолеттері ерсілкарсыл жүйткіп еркінсіп алыпты; сондықтан, біз ақылдастық та, қалаға түнді жамылып жетпек болдық.

Біз солай жеттік те. Қаладағы арпалыс адам ауызбен сыйпаттап боларлық емес екен: қаланың батысынан сол күні кешке келіп кірген жаумен біздің адамдар орамдар мен көшелер былай тұрсын, әрбір үй үшін соғысып жатыр!.. «Үй» дерлік үй де қалмапты: жаудың соңғы бір жұманың ішінде жерден де, аспаннан да үздіксіз төккен оғынан қалада тас-талқаны шығып қыйрамаған бір де үй жоқ, қай үйді көрсең де есік-терезелері аңырайып, қабырғалары омсырайып құлап жатыр, көп үйлердің орнында үйілген топырақ қана қалған, көше бойларында адам жүре алмастықтай боп шашылған дүние!.. Оның үстіне үй атаулының бәрін де өрт алып, бүкіл қала лапылдаған жалынның құшағында, қаланы тұмандай жапқан қошқыл қара түтіннен адам дем алып болар емес!.. Сатыр-күтір атыстан құлақ керең боларлық!..

Бізге берген бұйрығы — жаралыларды тылға тасуға келіп-кетіп жатқан санитарлық поездарға адам тиесу болды. Х... дан ондай поездар жүруге бір-ақ жол қалған екен, ол — Благое станциясына қарай.

Қызық енді келе жатыр, Айым!.. Бізді бастап әкелген командир, сіздер жаралыларды осы составқа тиесесіздер деп бұйрық бергеннен кейін, біз қызметке кірістік... Жуырда ғана бомбалаудан қыйраған вокзал, жалыны аспанға шыға өртеніп жатыр екен. Жаралылар соның маңында жыйналыпты... «Мені әкет!» деп зар қағады...

Сен шаман келгенше көтересің... Шаман келгенше жылдам қыймылдап, көбірек тасуға тырысасың...

Осындай қатты қыймылдың үстінде, бір адамның жүріс-тұрысы да, дауысы да менің көңілімді бөле кетті!.. Адам даусына қарағанда әйел... Сөзіне қарағанда — бастық... Өйткені, жаралыларды тасығандарға бұйыра сөйлейді, жөн көрсетеді!.. Өзгелермен бірге өзі де жаралыларды тасыйды... Және қарулы адам сияқты, денесі еңгезердей талай жаралыларды не құшақтап, не арқалап алып кетеді!.. Жүрісі жылдам!.. Кейбіреулер төпеген оқтан жасқанғанмен ол жасқанбайды!.. Қайдағы қыйын жерлерге барып кіреді!..

Даусына қарап мен осы адамды Гүлнар ма деп қалдым!.. Даусын естіген сайын бұл жорамалым бекіне түсті!.. Бір сәтте өрттің жарығымен кескініне қарасам, айырып болар емес: бет-аузы қара-қожалақ күйе... Тоқтаңқырап тоқырап сөйлеуге уақыт жоқ... Содан кейін жұмыс үстінде тағы да бірнеше рет кескініне қарадым, таный алмадым, бірақ дауыс сопыкі!.. Дене құрылысы да келетін сияқты!.. Аузымнан бір сәтте «Гүлнар!» деген сөз еріксіз шығып кетті... «Дәулет!» деп қалды, сонда әйел. «Гүлнар!..», «Дәукеш!..». Құшақтай алғанымды өзім де білмей қаппын... жылап та жіберіппін!.. «Дәукеш! — деді Гүлнар шыйрақ дауыспен,— жылар орын бұл емес!.. Жыйна есіңді!.. Қызметіңе кіріс!..» Сонда ғана есім енді де, қызметке кірістім... Біз жаралыларды тиеген поезд соңғы эшелон екен. Командиріміздің айтуынша, біздің бөлімдер танға жақын қаланы жауға тастайды да, шегінеді, сондықтан, бізге болған бұйрық — жаралылар эшелонымен бірге кету...

Күткен составымыз кешке қарай келді... жаралыларды тасый бастадық... Жоғарыда сыйпаттаған хал: көпірі бұзылған өзенге өшарылған әскер бар деп ойлай ма, немене, біз жүрген жерге снарядтардың төгілуі үдеп барады... Жаудың құзғындары да әлсін-әлсін орай ұшып, зуылдатып бомбалар тастайды... Біз жанталасып, бетіне мұз катқан өзен арқылы, жаралыларды тылдан кеп тұрған составқа тасудамыз... Жаралылардың сарнауы, жаралапған шағынан кейінірек, шарасыздан үдеп кетеді екен... Өзгені білмеймін, өзім Холмдағы шыдамнан айрылып, жыңдануға жақынмын; ал Гүлнар жаралыларды тасый-тасый еті өліп кеткен бе, немене, баяғы асып-саспайтын калпы...

Сөйтіп жүріп ол бақытсыздыққа ұшырап қалды: жараланған бір адамды арқалап келе жатқан оның нақ қасынан снаряд жарылды... «ah!» деген ащы даусы шықты оның... Қасына қалай жүгіріп барғанымды да білмеймін, құшақтай ап көтерейін десем, қыраландап тұра алмайды... «Не болды?» десем, «аяғым!» дейді... Оң жақ аяғы екен... Жіліншігі күйреп қапты... Бұл халді жазу маған қазір ғана оңай боп отыр, нақ ол сәтте қандай ауыр болғанын саған баяндаудың қажеті жоқ деймін, Айым!.. Аса ауыр хал болды да!..

Не істеу керек?.. Оны да арғы беттегі составқа арқалап апарудан басқа не бар?.. Сол мақсатпен, аяғынан ауырсынып сарнауына қарамай арқалай бергенімде, жау жақтан, жаудың дауыстары өзіме белгілі самолеттері қаптай қалды да, біз жаралыларды тиеген составтың маңайына десанттар түсіре бастады... Хал қыйындағанын көрдім... Нақ бұл арада, десантты басып тастарлық біздің күш жоқ... Дегенмен составқа қарай жүгіріп келем.. Өзен жағасына жете бергенімде, жерге түскен десанттар топталып бері қарай жүре бастады. Оларға қарсы бару - өзінді ажалдың қолына апарып беру... Гүлнарды арқалаған қалпыммен, бұрылдым да қаштым, бетім — жақын жердегі өзенді жағалай біткен тоғай... Гүлнар сонда ғана сөзге кеп: «Дәукеш, таста мені!.. Құтыл өзің!» деді.. Мен жауап қайтармастан жүгіре бердім... Гүлнар өтінішін әлдеқашан рет қайталағанмен, сөзіне құлақ аспадым, жауап қайтармадым... Сөйтіп, тоғайға кеп кірдім-ау!..

Бұл мезгілде қас қарайып кеткен... Тоғайдың іші тіпті көрдей... Оның үстіне, ішінен ерсіл-қарсыл әскер жүргендіктен бе, немене, айқыш-ұйқыш құлаған ағаштар адымыңды жаздырмайды... Дегенмен жанталасып ілгері ұмтылам, өйткені, «қорыққанға қос көрінеді» дегендей, жанжағымда қуғыншы келе жатқандай болады... Ақыры, өкпе алқынып шама біткен кезде тоқтауға тура келді... Қалың өскен талдың арасына Гүлнарды жатқыздым... Мені аяй ма, әлде жау есітіп қалар деп ескене ме, Гүлнар сыздана ыңқылдаудан артық дыбыс шығармайды... Сол кезде, жаудан біздің ізімізді жасырғысы келгендей жапалақтап қалың қар жауып кетті, дыбысымызды естіртпейін дегендей жау жақтан бізге қарай жел тұрды... Тер қатты ма, әлде түнгі қорқыныштың дүмпуіне жүрек шыдай алмады ма, біраздан кейін денем қалтырай бастады... Жүріп жылынайын десем, Гүлнардың қасынан

кетуге болатын емес, демін сыздана алғанмен, мылқау ыңқылдан артық дыбыс шығармағанымен, денесі отжалын боп өртеніп барады, тамырларының лепіре соғуына қарағанда, секунд сайын жүрегі жарылып кетер деп ойларлық...

Осындай жағдайда, көрер таңды көзімнен атырдым. Таң біліне қарасам, Гүлнардың беті жалын түсті күпкүрең, денесінің ыстықтығын адам ұстап болар емес, шоқтай қарыйды... Еріндері кезеріп, терісі тілімденіп кетіпті... Демалысының жыйылығы лыпылдап соққан тамырынан жылдам... Сөйтіп жатып, анда-санда демін ішіне қарай ыңқына бір тартқанда, үзіліп кете ме деп зәрем ұшады!.. Ұмытып барады екем, Айым; Гүлнардың жаралаған аяғын жығылған жерінде марлямен тас қып бинттеп тастағам, тоғай арасына әкеп жатқызғаннан кейін «жарам ісінді білем, байлауы қысып барады, дәрі жағып қайта байлайық» деген соң, қараңғыда әуре-шіқіра боп, әрең дегенде қайта байлап бергем; таң ата қарасам, күп боп іскен жаралы аяғы, қонышы жыртылған пимасына сыймай күпшектей боп кетіпті...

«Дәукеш!» деді сол уақытта Гүлнар, жұмулы көзін ашып. «Әу» дедім. «Таң атыпты ғой» деді, төңірегіне өткірленген көз қарашығын төңкере қарап ап. «Я» дедім, «сусадым» деді ол. Белдегі құтымда су бар еді, тығынын алып, мойнын аузына тосып ем, сіміріп біраз жұтты... Содан тағы да біраз көзін жұмып үнсіз ыңқылмен жатты да, «тіршілік шіркіннің тәттісі-ай, Дәукеш!» деді. «Әрине, тәтті,— дедім мен,— оның дәмін әлі де татамыз, Гүлім!..» Ол: «Я, татамыз, татамыз» деп аз жатты да, «аяғымды ұстап көрші» деді. Көріп ем, «ісік жарадан жоғары қарай өрлеп барады ғой, Дәукеш,— деді, жаралы аяғын өзі де ұстап көріп.— Оның аты — бүкіл денеге жайылады деген сөз ғой... оның аты...». Гүлнар кідірді де, бетін қаттырақ бір тыржыйтып ап кемсең қақты, көзінің қыяғынан жастар домалап кетті... Оның бұл «жұмбағына» түсініп менің де жылағым келіп еді, бұл арада уатар адам жоғын еске алдым да, қадырлы достың онсыз да ауырлаған сезімін салмақтандыра түскім келмей, тыйыла қалдым...

Айым!.. Бұл сөздерді оқу саған аса ауыр боларын білмей жазып отырған жоқпын. Білсем де жаздым, майдандағы адамның кездесетін қыйындықтарын көз алдыңа келтірсін деп әдейі жаздым... Осындай қыйын күн де өтті

біздің бастан!.. Енді сені жылатпайын, қуантайын: Гүлнардың айтуынша, жаралы аяқты тізеден кесуден басқа амал жоқ (қорықпа, Айым, қорықпа!.. арты жақсылыққа соққалы тұр)... Маған кес дейді, кесуді үйреткен болады... қалай кесем мен?.. Амалсыздықты ұққанда кесейін деп оқтансам да батылым жетпейді... ақыры, Гүлнарды сол арада қалдыра тұрып дәрігер іздеуге тура келді... қысқартып жазайын: оны таптым да, бағымызға қарай, кешегі өзіміздің эшелонның біз сияқты тоғайға тығылған бір дәрігері мен (және ол бақытымызға қарай хирург боп шықты!) екі сестра кездесе қалды...

Хаттың ендігі жерін аттамалатып жазам, өйткені мен жазатын повесть аяқталып қалды, ол — Гүлнар мен менің майданда қалай кездесуім туралы... Қысқасы, Гүлнардың аяғы тізесінен кесілді... сол күннің кешіне-ақ ол тыйыш ұйқтап шықты. Ертеңіне ас ішуге жарады. Мен содан кейін тоғайды кезіп, өзіміздің бірталай жауынгерлер мен офицерлерді тауып алдым. Жан-жаққа барлаушы жіберсек, немістер алдымызды орап кетіп, қоршауда қаппыз. Қолымызда рация бар еді, сонымен өз командованиемізге хабарланып ек, Ильменнің теріскей жағында құрылған партизандар отрядына қосылуға бұйрық алдық. Ішіміздегі ауыр жаралыларды тылға әкетуге, біз сілтеген кординатқа самолет жіберілтқен болды... Самолет мезгілінде келді де, Гүлнардың мені қыйып кеткісі келмеп еді, жағдай оны көтере ме? Ол тылдағы госпитальға кетті, біз партизандар отрядына жөнелдік...

Осы арадан тағы бір қызық повесть басталуға тиісті еді, оны келешектің сыбағасына қалдырып отырмын; өйткені, осы хаттың өзін де врачтардан ұрланып, сестраларға жалынып әрең жазып отырмын. Мен қазір Кинешма деген қаланың госпиталындамын. Сен қорқа қояр жарам жоқ. Біздің майданның салтында: қол, аяқ, бас сияқты сүйектер қыйрамаса, көз, жүрек, өкпе, іші-қарын сияқты сарайлар бүлінбесе, өзге жараны мәм-сәм қыла қоймайды, менің жарам да соның бірі... Мұнда мен партизандар отрядынан кеп түстім. Онда қалай жаралағанымды да кейін жазам...

Міне, біздің хал-жай қысқаша осылай, Айым!.. Менінше, хаттың аяғына дейін үрейің ұшқанмен, енді сен де саябырлайсың ғой деймін. Тек, тірі болсақ болғаны да, калғанның реті келе береді ғой... бұл хатты әкеме де оқып берерсің, Байжанға да оқытарсың, бірақ, апама оқытпа,

зәресі ұшып кетер... Сенен зор өтінішім: Гүлнардың қайда екенін тез хабарла. Оның адресі менде жоқ, іздетіп жатырмын, сенің хабарың бұрын келуі мүмкін... Қандай жақсы адам, ол, Айым!.. Оның жақсылығына алтын, меруерт... тағы солардай қымбат дүниелердің біреуі де бейне бола алмайды оған, Горький айтқандай, үлкен әріппен жазылған «адам» деген ұлы сөз ғана бейне бола алады!.. Асығып хат күтем, Айым!..

Дәукешін»

Хатты оқып отырып, Масақбайдың әлденеше жерде көзінен жас та шығып кетті. Хаттың сөзінен сөзіне көшкен сайын, осы сыяқты адамға арам ниетте болғандығы үшін ол өзін сөге түсті...

Масақбай хатты оқып үлгерсін деді ме, әлде өзінің бабына қарады ма, Айбарша кідіріп, Масақбай екінші рет оқып жатқанда келді.

— Қалай екен, ағай? — деді Айбарша, хаттың қандай әсері болғанын Масақбайдың кескін-кейіпінен аңғарып.

— Тамаша хат! Мұндай да дос адамдар болады екен-ау, шіркін!.. Дос болса осылардай болсын!..

— Я, аға, бұл — достық туралы хат!..

— Ендеше, осы достардың қатарына менің де қосылғым келеді, Айбарша!..

Ол Айбаршаға өз басында болған қателікті, оны қалай түзеуге ойлайтынын айтып шықты. Тек, «аузына не бол» ды ескеріп, Тыртықтың ұсталуы туралы ғана айтпады да, оның сөзіне еруін жасырмады.

Масақбайдың кінәсына бұлайша мойындап келуіне де, майданға барам деуіне де аса разы болған Айбарша, Тыртық жөнінде сөз қозғауды орынсыз көрді.

— Аға,— деді ол хоштасарда,— адамгершілік достыққа әрдайым құшағым ашық. Тек, қалтқысыз адал дос болайық.

— Әрине, қарындасым!..

Екінші бөлімнің соңы.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ЖЕҢІС ЖОЛЫНДА

Бірінші тарау

ЕГІС АЛДЫНДА

Пошкар-Ола қаласындағы госпитальда жатқан Гүлнарға барып қайтуға әлденеше талаптанғанмен, жұмыс жандайы Байжанды босатпай-ақ қойды. Оған бөгет: жаз болса жақындап қалды, көктем егісіне әзірлік басталды, былылғы егісті сумен қамтамасыз ету үшін, оған қажетті канал тармақтары даярланып болу керек, ол даярлық негізінде біткенмен, әлі де жөндей түсетін ұсақ-түйегі толып жатыр, оның үстіне, обком Байжанды жуырда бюроға шақырды да, қосымша міндет қып, аудандық су шаруашылық бөлімін басқаруды жүктеді, енді қай колхоздың қай танабына қанша су берудің де графигін жасау керек. Осылардың бәрі Байжанның аяғын қауырт жұмыстан бұра бастырмай-ақ қойды. Бұл жөнде оның жазған хаттарына Гүлнар: «Ұғам Байкеш, түсінем, жұмыс жайына. Міндетті қызметіңді ойдағыдай атқаруың — жеңіске жәрдем беруің, ол маған берген жәрдемің, ендеше мұнда келем деуді ойдан шығар» деп жауап қайырды.

Гүлнардың хатына қарағанда, айығып госпитальдан шыққан соң, елге өзі келмек, бірақ, тура келмей, жолда, Уфа маңындағы госпитальда жатқан Дәулетке соқпақ. Байжаннан бұл хабарды естігенде көңілі босап көзіне жас алған Сырбай:

— Балам,— деген өтініш айтты Байжанға,— Гүлжан келе қалған күнде сен маған хабарлас, алдынан бірге шығайық, өйтпесең қатты өкпелеймін.

— Жарайды,— деп уәде қылды Байжан.

Гүлнардың Қызылордаға шыққан телеграммасы март айының аяғында алынды. Бұл кезде Сырбай өз танабы-

на су келтіретін арығын казудың қызу жұмысында еді, дегенмен ол, серіктеріне міндеттерін тапсырды да, өзі Алмалыққа жүріп кетті.

Ол келсе, Байжанның ойы Қызылордаға машинамен бармақ екен, бірақ, кешке қарай күн райы бұзылып кетті де, поезбен жүруге тура келді. Вагон ішінде екеуі ұн қатысқан жоқ, сонда Байжанға келген ой: «Гүлнардың келуімен шалдың ойына өз баласы түсіп отыр ғой, ауыр отыруы содан болу керек», ал, Сырбайға келген ой: «Майданға бүтін аяқпен аттандырған жұбайының сынар аяқпен қайтуы оңай деймісің, Байжанның ауыр ойда отыруы содан болу керек».

Сондай ойдағы Сырбай, Байжан әйелін кергенде ерекше халге түсер деп жобалаған еді, олай болған жоқ. Гүлнар мінген поезд Қызылордаға тоқтағанда, нәсер жанбыр тіпті үдеп кеткен еді. Номері белгілі вагонның алдына Байжан мен Сырбай бара бергенде, оң қолтығына балдақ қыстырған әскери киімді әйел шыға берді.

— Гүл! — деді Байжан құшағын жая, созған қолынан демей беріп.

— Байкеш! — деді Гүлнар түсе беріп.

Тек қана құшақтасып сүйісулері болмаса, екеуі де жылаған жоқ.

— Әкем қалай? — болды — Гүлнардың аузынан шыққан бірінші соз.

— Аман, командировкада, Алматыда...

— Бахыт?..

— Еңбектеп зырлап жүр... қаз тұра бастады...

Қасында Сырбай бары есіне жаңа түскен Байжан, оның да келгенін айтып еді:

— Қайда?.. Кәне!..—деді Гүлнар.

— Мен мында, қызым! — деп жақындай берген Сырбайды Гүлнар:

— Ата!.. Атажан! — деп құшақтай алды да,— Дәукен аман ата, көрдім, жуырда жазылып шығады,— деді.

— Сені көрдім — Дәукенімді көрдім,— деді Сырбай Гүлнарды беттен сүйіп,— тек қайда жүрсеңдер де, аман жүріңдер, амандықпен көрісейік!..

Құшағын жазған Сырбай, соңша бейнет ішінен, соңша сағынып келген Гүлнардың көзіне жас алмауына, салмақты қалпын өзгертпеуіне іштей таңданды да қойды...

Сырбай қалада бірер күн ғана болды да, тура өзінің жұмыс участогіне кетті.

Ол Қызылордадан өзі қазып жатқан арықтың басына оралса, Бақбергенов Естай сонда жүр екен. Ол қазір «Кентоғай» колхозының бастығы-да. Тыртықты саяси ұйымның тұтқынға алуы туралы хабарды естігенде, былайша қылмыстары бар деп ойлағанмен, дәл саяси қылмысы болар деген ойы жоқ Естай хайран қалды. Бірақ бұл жөнде, нақ не саяси қылмысы барын өзі де білмейтін Сырбай, өз семьясы мен Масақбайға жасағысы келген қастықтарынан арғы ешнәрсесін айта алмады. Сондықтан, Естайдың:

— Апырай, не саяси қылмысы болды екен мұның? — деп қайталай берген сұрауына:

— Оны қайдам,— деп жауап берді Сырбай,— менің білгенім осы, өзгесін Рахметтен сұрарсыз, ол ертең біздікіне келеді...

Тыртық әңгімесіне қайта оралған Сырбай:

— Сен қонысы басқа ауылдың баласысың ғой, сырттан естігенің болмаса, егжей-тегжейін білмейтін де боларсың, датқа тұқымының, олардың жайы былай болатын,— деп көрген, білгенін Естайға ұзақ әңгіме қып айтып берді.

Адамның жаны шошырлық зорлықтарын айта кеп:

— Көрмеген көзге бәрі өтірік сияқты,— деді Сырбай.— Датқа тұқымының арғы зорлық-зомбылығын естігенде нанбас ек, егер көзіміз көрмесе. Сарықожамен жүдә қатар өстік қой, біз. Ұрлықтың етін мешітіне тығып жегенін көрдік. Бұхарға апарып оқуға берем деп, осы елден он бес шақты жетім баланы жыйнап ап, Қызылбас еліне сатып та келді. Жүдә, жанды одан да артық түршіктіретін қылмысын да көрдік.

— О не? — деп сұрады Естай.

— Қатынды көп алды ғой, Сарықожа. Некелі қатыны төртеу еді. Некесіз аяқ салатыны үшеу, барлығы жеті қатыны болатын. Соның біреуімен «ойнап қойды» деп, қойын бағатын бір жас жігіттің аяқ, қолын байлатқан да, құмырсқаның илеуіне тастатып, тірідей талатып өлтірткен.

— Мұнысы бекер болар! — деді Естай нанбай.

— Жүдә, көрмесем бекер болады,— деді Сырбай кейіп,— көрсем қалайша бекер болады? Өтірік айтпайын, өлтіргенде көрген жоқпын ол жігітті. Көргендер: «Жүдә,

иманымыз қасым болды» деседі. Жігітті дайраның алыстағы аралындағы илеуге апарып тастатқан екен, құмырсқа талағанда шыңғырған даусы, бір көш жерге кешке дейін естіліп жатыпты. Мосқалдау бір адамды күзетке қойған екен, жігіттің қарғысы атты ма, әлде ауыр азапқа жаны түршікті ме, сол адам кешікпей жынданып кетіп, қор боп өлді.

— Өзіңіз қалай көрдіңіз, өлген жігітті?

— Ағаш деген қат емес пе, осы арада? Бір жылы шығырдың тоғынына керекті торанғұлды іздеп, жігіт өлген аралға бара қалармын ба!.. Қалың торанғұлдың арасынан жуанын іздеп жүргенде, алдымнан әлгі илеу кездесе қалғаны!.. О, жасаған!.. — деді Сырбай, илеу алдында тұрғандай, үрейленген кескінмен,— жүдә көрмей жүр екенсің, көресіңді!.. Кіші-гірім киіз үйдің орнындай илеу!.. Биіктігі де кіші-гірім обадай... Үстінде адамның арсаланған сүйегі жатыр!.. Жүдә зәрем ұшып кетті... Шегініп кеттім!.. Аздан кейін бойымды жыйнап, илеуге қайта жақындасам, алланың әмірімен, күн қақтаған сүйектей аппақ емес, қабығын аршыған тобылғыдай сап-сары!..

— О неден екен?!

— Құмырсқаның сілекейі май болады және майы сары болады дейтін еді, содан ғой деймін.

— Оны кім көрген екен?

— Өзім де көрдім: іші ауыру кісі о күнде құмырсқаның майын ішетін.

— Оны қалай алады?

— Илеудің маңынан жөрошақ қазады да, қазанды асады, суды қазанға құяды, астына от жағады. Содан кейін, жүдә су қайнаған кезде, илеуді құмырсқа-мұмырсқасын қоса қазанға салады. Құмырсқалар қайнағанда, судың бетіне сап-сары боп май шығады, соны қалқып алады. Өз ішім ауырып көрген жоқ, ішіп те көрген жоқпын. Ішкендер «шипасы теріс емес» деседі.

— Қызық екен,— деді Естай.— Мен естімеген ем, бұл.

— Тағы бір қызығы бар, құмырсқа майының,— деді Сырбай.

— О не?

— Құмырсқа майын жаққан сақал-мұрт та, шаш та жүдә ағармайды деген сөз бар.

— Оны да істеген кісі бар ма екен? — деп сұрады Естай.

— Бар. Сағынай деген шал болған осы елде. Біз жі-

гіт боп қалған кезде, жүдә жүзді алқымдап барып өлді, сақал-мұртына жөнді ақ кірмей, жүдә қап-қара боп мөлдіреп отырған кезінде қайтты. Со кісі семіз қойды сояды да, терісін сыпырып, етін құмырсқаның илеуіне тастайды. Илеуге, аузын жоғары қаратып құмырша қояды. Құмырсқалар етті жеп тауысқан кезде құмыршаны алса, ішіне сап-сары май ортаны боп қалған екен дейді. Со майды, со кісі сақал-мұртына, шашына жағып жүріпті. Ағармауы, жүдә, содан дейді...

— Апырай, ә! — деп Естай ыңырсып аз отырды да, Сырбайдың кескініне күлімсіреп бір қарап ап,— сіз пешедесіз, ағай? — деп сұрады.

— Жетпістерге кірдік қой,— деді Сырбай.

— Сіздің де сақал-мұртыңыз жөнді ағармаған.

— Өкімет берген кеңшіліктің, жалғыз баланың тірші-лігінің арқасында, құмырска майын жақпай-ақ сақал-шашымға жөнді ақ кіре қойған жоқ еді; мынау сұрапыл соғыс со шіркіндерді көбейткелі жүр ме қалай!.. Ағарып кетсе де арманым болмас еді, тек, жау жеңіліп, жалғызым аман келсе!..

Шалдың көз алдына жас іркіле қалды...

— Өлген жігіттің илеудегі сүйегін қайттіңіз? — деп сұрады, шалдың көңілін басқа жаққа аударғысы келген Естай.

— Илеуден алдым да, шұқыр қазып көміп, басына білген дұғамды оқыдым. Жігіттің аты Айтжан екен. Арал содан кейін «Айтжан аралы» атанып кетті. Өзім барған емен. Барғандар, со мола әлі де со қалпында дейді, тамырынан қопарып, үстіне бір түп жиде отырғызып ем, ол да өсіп тұр деседі.

— Әй, Сыр-еке-ай,— деді Естай риза болған дауыспен,— жақсы адамсыз-ау, сіз?.. Не деген жүрегіңіз махаббатты адамсыз!...

Жұмыс жағдайларымен бірнеше күн танысып, серіктеріне тиісті нұсқауларын бергеннен кейін, Сырбай аулына аттанды, қасында Естай. Жұмыстың қауырт кезінде ол екеуінің ауылға қайтатын себебі — Сырбайдың үйіне Гүлнар қонаққа келмек. Сырбай оған да бара қоймас еді, егер Гүлнар бұл жақта қалатын болса; өйткен күнде, үйінде күтіп алатын адамдары бар: Тәрбия үйде, Айбарша да Қызылордадан үйге барған болу керек. Соларды қанағат көрмей, Сырбайдың үйіне қайтатын себебі — Қызылордадағы сөзіне қарағанда, Гүлнардың майданға қайтып кетуі

кәдік, ендеше, оны Сырбайдың да өз үйінде қолынан күтіп жіберуі қажет. Осы мақсатпен аттанған Сырбайдың жолшыбайғы сөзі Масақбай мен оның семьясы туралы болды.

— Бейшараның соғысқа кетуіне мен себеп болғандай болдым,— деп бастады ол Масақбай туралы сөзін,— бірақ, обал-жазығын маған арта қоймас, өйткені, кінә менде емес, өзінде гой. «Ант аумай, ат жүгірмейді» депті аталарымыз. Жұдә, айтпағам жоқ, айттым, және арам көңілден емес, адал көңілден айттым. «Аталарың айтқан, шырағым» дедім, «елді ұстау оңай емес, ел жұдә мұздай қатқан сүңгі сияқты, қатты ұстасаң сынып кетеді, ақырын ұстасаң түсіп кетеді деген; сындырмай да, түсірмей де байқап ұста» дедім. «Елді сындырғың келмесе, оның ақысын жеме, ақысын жегенді ел сүймейді; кеше аузынан жалын аткан патшаны да ақымды жедің деп тағынан түсірген ел емес пе, бұл?... Кеше, бай-құлақтарды да ақымды жедің деп жойған жоқ па, бұл ел?.. Сен жұдә, солардан мықты емес шығарсың, мұны бір деп ойла» дедім. «Екінші айтарым,— дедім,— сені, осы колхозды басқарсын деп сайладық. Адам атаулының мінезі жұдә бірдей емес — тұзуі де, шәлкесі де бар; іскері де, жалқауы да бар; елгезегі де, шабаны да бар; солардың бәрін жыйнақы ұстамасаң, жұдә сыйырдың бүйрегіндей бытыратып аласың; ендеше, елдің ақысын жеме, бірақ тәртіпті қатаң ұста» дедім. «Үшінші айтарым,— дедім,— біздің заман, нендей істі болса да ақылдасып атқаратын заман, жұдә, сен де соны істе. Өзің біліп тұрсаң да көпшілікке, әсіресе көпшілік өзіңе қоса сайлаған басқарма мүшелеріне ақылдаса сал, ісің сонда ғана өнімді болады» дедім. Бейшара соның біреуін де істемеді. Колхоз мүлкін, жұдә, қымқырмаға салды. Онысын жасырып-ақ істеген болды; бірақ, оның көзі, жұдә, көптің көзінен көп пе?!. Көп аңдыса көрмей қоя ма?.. Бұл бір. Екінші, көпшілікті жыйнақы ұстай алмады. Қайдан ұстасын. Ұстар еді, он қолы, оймақтай аузы жұдә таза тұрса!.. Аузы да, қолы да, былығып жатты. Жұрт онысын жұдә көре қойды. Жұрттың көргенін білген соң, қоян-жалтаққа түспеуге шарасы қанша!.. Жалтаққа түскен кісі жұдә жарып сөз айта ала ма?.. Өз міні бадырайып тұрған кісі, біреудің мінін қалай түзейді?.. Айтпай ма — «әуелі өз мініңді түзе!» деп?... Содан кейін басынып алмай ма оны?.. Масақбай бейшараның халі жұдә осылай болды да қойды!.. Үшінші, өз күшіне

өзі сенбеген кісі, көпшіліктің күшіне қалай сенеді?... Масақбай да сенбеді. Көпке ақылдасып істеуден қашып, өзбетімен жеке түйе айдады... Сонда ақылсыз жігіт емес ол, табансыз, ұшқалақ жігіт. Ақылдылық пен табандылық бойға қатар бітпесе бола ма? Табанды берік баспай тапқан ақылда құн бола ма?.. Масақбай табансыз жігіт болды. Ап-ақылды боп бірдемені жап-жақсы-ақ бастайды да, со қалпымен жақсылап аяқтауға, жүдә дегбірі жетпейді. Асығып, аптығып, ұшқалақтанып істеймін деп, дүп-дұрыс бастаған ісін жүдә қыйсайтады да алады... Сондай кісі колхозды басқарып отыра ала ма?.. Әсіресе, мынадай соғыстың сұрапылы соғып тұрған кезде?.. Сөйтті де, колхоздан дәмі әзірге таусылды, бейшараның. Алматыда Рахмет өзін көрген екен, жуырда аялын көріп хат бар ма деп сұрасам, соғысқа кеткен дейді. Тек, аман-сау келгей де, бейшара!..

Кейбір сұраулары бола тұра, Сырбайдың Масақбай туралы айтқан сөздерін Естай болген жоқ. Сонда оған келген ой: «Келінім саған айтам, қызым сен тыңда» деген екен біреу, сол сияқты, маған да айтып отырған сөзің ғой бұл!»

— Ажал ма, дәм бе тартқан, Масақбай бақыр соғысқа кетті ғой,— деді Сырбай демін соза алып,— оның келер-келмесі бір тәуекелдің ісі де!.. Үйінде шиеттей төртбес баласы қалды, алды онда, арты бірде. Аялын Масақбай қызметке араласқаннан кейін алған. «Тамақ тоқ, көйлек көк» дегендей, тұрмыстары жақсы болған соң, аялы қара жұмысқа түсе қоймаған, қағаз жұмысына білімі жоқ; сонымен, қысқасы, жүдә ішкені артында, ішпегені алдында боп, не киейін, не ішейінді ойламай даладан келген байғұс, енді тақыр мұзға отырғандай болды да қалды. Отырмас еді, егер, Масақбай жыйнап берген көнқоқыры қолында тұрса. «Желден келген желмен кетеді» дегендей, еңбексіз тапқан мал-мүлік аз уақытта ұшты да кетті.

— «Өзі жығылған өкінбейді» депті. Обалдарын өздеріне артпаса, кімге артады,— деді Естай.

— Ол рас қой, жүдә,— деді Сырбай,— бірақ анау, Тыртық сияқты қас-дұшпаның болса бір сәрі. «Жау аяған — жаралы қалады» депті. Жау болса, жүдә аяудың керегі жоқ. Масақбай мен Дариға келін қолымызда туып өсті. Екеуінің көзі де жүдә осы өкіметтің кезінде ғана ашылды. Дариғаны қойшы, үй шаруасында, бала-шаға-

сының қасында отырып қалған кісі ғой. Масақбай атқа мініп, жақсы-жаман болсын, жұртты басқару ісіне араласқан кісі. Жүдә, обалы не керек, қателік, кемшілік деген жүдә, кімде болмайды, ішкі пікіріне қарағанда, жүдә мен танығаи Масақбай болса, оның көнілінде бұл үкіметке деген жамандық жоқ. Бір кезде қызметті де жаман істемейтін еді, «Тыртық» деген пәлеге жанасты да соры қайнады, қара күйедей жұғатын бір пәле екен, анау қан жауғыр!..

— Жұғысса жұғады да,— деді Естай.

— Ол да рас,— деді Сырбай,— бірақ, әртүрлі емес пе, адам? Жұғысса да жұқтырмайтын адам аз ба? Азар болса мақтанды дерсің, «күлсең кәріге күл — басыңа келеді» деген, «шалдың мақтанғаны-ай!» деп, сырттай болмаса да, іштей күлерсің, маған да жұғысып бақты сол Тыртығың, бірақ күйесін жұқтыра алмады.

— Ондай адам залым келеді ғой, Сыр-еке, жұғысардан бұрын ниін байқап көреді ғой. Ні жұмсақ болса жұғысады да, қатты болса ненің жұғыссын!..

— Міне, міне, міне!..— деді Сырбай даусын жылдамдатып,— жүдә дұрыс айттың!..

«Масақбай мен оның үйіші туралы Сырбайдың сөзі біткен болар» деп жорыған Естай, басқа бір кеңес бастап келе жатыр еді:

— Кішкене, сабыр! — деді Сырбай,— әлгі сөзімді аяқтайын.— Кеңес Масақбайдан басталды ғой. Айтайын дегенім соның үйішінің жайы еді. Қатын-қалаштың сөзіне құлақ түрсем, «Масақбайдың үйі жүдеп қапты» деседі, «кілеттен барып азық сұрап жүр» дейді. Соны естіген соң, жүдә дәтім шыдамай үйіне бардым. Жай-жапсарын сұрастырсам, келін мені дұшпан көріп қалса керек, қыйқандап жауап бергісі келмейді. Сонан соң, жүдә, жаттым да ұрыстым, өзіне. «Сақалды басыммен келіп отырғанда, мұның не, өзі?!» дедім. «Дұшпан болсам, келем бе саған?» дедім. «Әрі қызымдай, әрі келінімдейсің, кой әрі, тырыспай! Бала-шаға жүдеп қалды деген соң келдім, айт жайыңды! Жасырма! Ел-жұрт емеспіз бе, елдігімізді жасайық» дедім. Келін жылады да расын айтты. Астығы жүдә таусылған екен. Со күні өз үйімнен бір қап жүгері апарып бердім де, келінге ақыл айттым. «Сен бүйтіп отырма, келін» дедім. «Білегіңді сыбан да жұмысқа түс» дедім. «Дәулет айтушы еді» дедім, «Абай ақын айтқан деп», дедім, «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тілең-

бей деп» дедім. «Менің берген азығым саған не болады? Жұмыска кір де еңбеккүн тап. Сөйтіп, кісіге телмірмей, өз күніңді өзің көр» дедім.

— О кісі не деді?

— Алғашқы күн жауап бермей қалды. Екінші күні тағы бардым да. «Шырағым, сен жүдә менің ызбанама қосыл» дедім. «Бұрын жұмыс істеп көрмеген кісісің, етің қатып дағдыланғанша, сені қауырт іске қоспаспын, дағдыланған соң өзің де отырмассың» дедім.

— Көнді ме, соған?

— Жарайды дей қоймағанмен, көмекейі босаңсыған сыяқтанды. Осы жолы тағы да сөйлесем.

— Бұған көнбесе, сірә да оңбас ол.

— Неге көнбесін. Бұрынғылар, «ораза, намаз — тоқтықта, тәлімсіздің молдашың, сәлдесі қалар боқтықта» депті. Басына түспегенді біле ме адам; тұрмыстың талқысы деген жүз мықты талқы емес пе, шырақ, ол кімді ініне көндірмеген!..

Бұдан кейін екеуі шаруашылық жайын сөйлесіп кетті. Сонда Сырбайдың аңғарғаны: Естай көбіне оны сөйлетіп, өзі тыңдауға тырысады. Жай ғана тыңдаушы болмай, сұрау бере сөйлетеді және кез келген сұрауды бермей, мазмұн жағынан бірін-біріне жалғастыра айтады. Сонда, сұрау атаулылар бірнеше жүйеге топталып, әр тобы белгілі бір мәселені анықтаудың төңірегіне құралады. Солардың бәрін қосқанда ұратын нысанасы біреу ғана сыяқты, ол— басқаруға сайланған колхозды қайткенде өркендете түсу. Сұрауларына қарағанда, сол нысананың астарында көп әдемі ойлар жатыр. Егер осы ойларды іске асыра алса, «Кентоғай» колхозы лезде бұркырап өсіп кетуге тиісті. Көп сұраулар мен жауаптар арқылы Сырбаймен колхоз шаруашылығы туралы пікірлесіп алғаннан кейін, «Кентоғайға» таялған кезде, Естайдың Сырбайға айтқаны:

— «Стахановшылар» атанған біздің социалистік құрылыстың алдыңғы қатарлы адамдары өндірісте бұрын естілмеген рекордтар жасап жүреді ғой, Сыр-еке. Осы рекордтардың саяси және шаруашылық мәні — рекордтың өзінде ғана емес, өзгелерге үлгі болуында ғой. Мысалға Шығанақ Берсиев карттың ісін алайық. Ол кісі тары өндірісінен дүниежүзілік рекорд жасап, қолынан егіп өсірген бес гектар тарының әрқайсысынан тоғыз жүз пұттан астық алды. Бұл қарапайым адам түгіл егістік жұмысымен шұғылданып жүрген ғалымдардың да ойына

келмеген мол өнім. Бұдан шығатын қорытынды — егер, Шығанақша еңбек атқара алса, тарыдан әркім де сондай өнім алуға болады.

— Жүдә рас,— деді Сырбай.— Сөзіңді бөлдім ғой, айта бер!

— Көп сөз жоқ, Сыр-еке. Айтайын дегенім: Шығанақ ақсақал тарыдан құлақ естімеген өнім ала біліп, өзгелерге де сондай өнім алуға жол ашты. Баспасөзде жазылған хабарларға қарағанда, сол жолмен жөнеушілер көбейе Ақтөбе және Гурьев облыстарының бірнеше колхозында бесшевші звенолар құрылып, тарыны мол өндіруде өзара жарысып жүр, және газет хабарына қарағанда зор табыска жетіп жүр...

— Ынталана, тетігін біле атқарған еңбектің жемісі, жүдә солай болмақшы ғой.

— Әрине. Сонымен,— деді Естай Сырбайға күлімсірей қарап алып.— Быйыл сіз күріштен рекорд жасап берсеңіз!.. Содан кейін, жұрт сізден үлгі алып, сіздікі сияқты звенолар әржерде құрылса!.. Сөйтіп, күріштен мол өнім алушылар Сыр бойына жайылып кетсе!..

— «Асатпай жатып құлдық демес» болар шырағым,— деді Сырбай.— Тәуекелге бел байлап талпынып көрейік, жүдә, не жөні болар екен.

— Дұрыс, Сыр-еке. Айтпақшы, сізге айтуға ұмытып кетіппін, Наталия деген қыз бар еді ғой, детдомда бастық болған...

— Иә?..

— Күрске кеткен еді ғой, со қыз, Ташкентке?

— Иә, кеткен. Екі айдай боп қалды ғой, оған.

— Со қыз кеше келді, Сыр-еке.

— Бітіріп пе, оқуын?

— Бітіріпті.

— Е, бақыр-ай, жүдә жақсы болған екен.

— Әрбір егістен, оның ішінде күріштен мол өнім алу, агротехникаға, яғни ғылымның табыстарын пайдалануға байланысты боп жүр ғой, Сыр-еке. Сол агротехниканы ең алдымен сіз егетін танапқа қолдану қажеттігін аудан басшылары айтқан болар сізге?

— Айтып жүр.

— Агротехниканың планын, әрине, агроном жасайды ғой. Біздің колхоздың учаскелік агрономы Наталия болады екен де, егісіміздің агротехникалық планын жасауды

Райзо соған қаратқан екен. Уақыт та жақындап қалып еді, келгені жақсы болды.

— Жүдә жақсы,— дей салды Сырбай.

«Агротехника» деген сөзді Сырбайдың естуі бұл жолы ғана емес. Бірақ, бұл сөзге ол, күні бүгінге дейін мән беріп көрген жоқ. Өйткені, «Қызылордадан оқып келдім» деп, бұрынғы «Тартоғай» колхозында агрономдық қызмет атқарған бір жас жігіт: «Егінді жақсы шығару үшін мыналарды істеу керек» деп, жыл сайын көктемдік егістің алдында, колхозшылардың жыйналысында толып жатқан ұсыныс айтатын да, оның көбі жыйналыста қабылданғанмен, орындауға келгенде іске аспай қалып қоятын. Сонда, кінә агрономда ма, сөзі көп, ісі аз Масақбайда ма, немесе, жер мен суда ма, ол арасына Сырбайдың көзі жете алмайтын. Ақыры, жасаған жоспарларын іске асыру қолынан келмеді ме, немесе, ісіне жәрдемші жоғына торықты ма, әлде орнын ауыстырды ма, екі-үш жылдан кейін жас агроном кетіп қалған да, одан кейін, бұл колхозға арнаулы агроном келмейтін, анда-санда соғатын аудандық агрономның агротехникалық ақылдары елеусіз қалып қоятын.

Сырбай істің адамы. Іс жүзінде дәлелденбеген сөздің бәрін де ол жүре тыңдайды. Сондықтан, агрономның сөзіне ол алғаш, «мүмкін, солай да болар» деп елегізгенмен, арты босаңсып кеткен соң, кейінгі сөздеріне құлақ аспайтын.

Міне, сол агроном, тағы да оның алдынан шыққалы отыр, ол — Наталия Остаповна Полещук. Оның не ақыл айтарын, ол ақылға қалай қарарын Сырбайдың тыңдап алғаннан кейін көргісі келеді.

Уақыттарын кеңеспен ұтқызған Сырбай мен Естай, «Кеңтоғайға» ымырттатып жетті. Күн әлі жылынып болмағанмен, бұл кезде Сыр өлкесінің жұқа қары еріп, жер қарауытып қалған. Мезгіл — ескі айдың таусылып, жаңа айдың тумаған кезі болғандықтан, жердің қаралығынан, кейбір үйдің ғана терезесінен жылтыраған керосин шамның сәулесінен басқа жарық жоқтықтан, көше басты айналдырарлықтай қараңғы екен.

Дегенмен, қараңғыда көзі өткір Сырбайға, көптен келмеген ауылы, құрылыс бойындағы кепелермен салыстырғанда шаһар сияқты елестеп кетті. Көшелерге былтыр тігіліп, бой салып қалған жас ағаштар орман сияқтанды.

— Жүдә, байқап келесің бе, шырағым,— деді ол,

ауылға кіре кецесін доғарып, үнсіз келе жаткан Естайға,— сағынып көргендіктен, аз ағаш көбейіп тұр ма, немене, тіл-аузым тасқа, ауылдың көшесі тоғайға айналып кетіпті ғой.

— Әнеу күні санатсам,— деді Естай,— тамыр тартқан ағаштың саны бұл колхозда жеті мың боп шықты. Быйыл көктемде тағы бір сегіз мыцын ектірсем бе деймін.

— Оған қол тисе!

— Тигіземіз. Мектеп балаларының өздері-ақ отырғызып шығады, оларға қоса дегдомның балаларын жабамыз. Тек шыбығын тауып берсек болды. Ол табылады.

— Кезінде көрерсің, оны.

— Электр станциясын орнатуымыз керек, Сыр-еке. Мынадай қараңғылыққа басындыруға болмайды.

— Дұрыс қой ол, бірақ қашан?

— Бірер жылдың ішінде.

— Оған дейін соғыс бітпесе ше\

— Бітпесе де орнатамыз.

Бұл сөзді Сырбайдың әрі қарай созғысы келмеді. Тек, ішінен: «Сөз әлпетің жақсы, ісіңді көрерміз» деді де қойды.

Естайдың пәтері жол кірген жақ шетте болатын, соған таяна бергенде:

— Біздікіне бармаймыз ба? — деді Сырбай.

— Атымды байлап барайын,— деді Естай.

Сырбай жөнелте бергенде: «Алтын шал,— деген ой келді Естайға,— колхозға қамқор шал...»

Екінші тарау.

БЕКІГЕН САҒА

Қызылорданың вокзалына кеп түскенше, Гүлнар өзін соғыс ішіндегі халде сезіп келген еді: сұрапыл соғыста жараланып госпитальға кеп түскенде оның көргендері жаралы жауынгерлер, госпитальдан шығып Дәулетті іздеп барғанда мінген вагоны әскердікі, одан Қинель, Орынбор арқылы Қызылордаға келгенде тағы да әскерлік вагонға мінді. Осы сапарында ол, тек қана тарсыл-тұрсыл атылған қарулардың даусын ғана естімегені болмаса, соғыс рухының қалың ортасында жүрді.

Қызылорда станциясында күтіп тұрған машина мінгізіп ап жөнеп бергеннен кейін, жылдам жүрістен және құйып тұрған жаңбырдан жан-жағында не барын көруге үлгере алмаған Гүлнар, күтіп тұрған көпшіліктің шулай амандасқан қоршауымен өз үйіне кіргенде, ес білгелі көзі

қанған бөлмелердің де, олардың ішіндегі мүліктердің де бәрі жат сияқтанып, жаңа ғана көріп тұрғандай тандана қарады.

Оның бұлай қарауын жұрт екінші мағнада, яғни, «көрмегелі көп болған дүниесін сағынған екен» деп ұқты. Көппен бірге солай ұққан Марфуға, амандаскалы келгендердің аяғы сиреп, Гүлнар оңашарақ қалған кезде, бейбіт күнде Гүлнар жақсы көретін заттарын, әсіресе балалық күндерінің ескерткіші көріп сақтатып қойған заттарын әкеп көрсете бастап еді, күтпеген жерден, Гүлнар олардың бәріне де құрақ-ұша қоймай, елеусіз, немқұрайды көзбен қарады. Өзге заттар былай тұрсын, соғыска дейін және соғыска аттанарда кеудесіне әлсін-әлсін басатын, басса қарамай қоймайтын, қараса қадалмай қоймайтын, бір қадалса ұзақ қадалатын және жай қадалмай, көз жасын төгіп тұрып қадалатын сүйікті шешесі — Шаһадаттың фотокарточкасын Марфуға әкеп «мінә, бу әнің!» деп алдына тосқанда қолына алды да, жабайы әнісінің біреуін ғана көргендей кескінмен аз қарап отырып, «алып қойыңыз, апай» деп қайтарып берді.

Гүлнардың бұл қылығына түсінбеген Марфуға, «сағынған болар» деген оймен, бір ретте, шама-шарқы жеткенше Бахытжанды кеңес қып көріп еді, «солай ма?», «жақсы екен» деген сияқты сөздерді сабырлы салқын қанмен ғана айтып, құмартқан пішін көрсеткен жоқ.

Кешке, жұрт тағы да жыйналғанда, оларға айтқан сөзіне қараса, соғыстан басқа кеңесі жоқ және ол кеңесті соғыстан жеркенген, қашқан кісіше емес, құмарткан, қуған кісіше айтады. Оның бұл қылығы Марфуғаға тіпті ұғымсыз болды. Марфуғаның түсінуінде: «Соғыс деген — адамның зәресін кетіретін бір пәле. Онда адам еріксіз жүреді де, мүмкіндігі болса-ақ қашуға, құтылуға тырысады». Гүлнарға қараса олай емес. «Не ғажап бұл?» деген сұрауына, Марфуға ойлап-ойлап жауап таба алмайды...

Туған үйіне кеп түскеннен бастап, уақыт өткен сайын, Гүлнар тылдың өміріне үйрене түсудің орнына жатыркай түсті. Түнде жұрт тарай тыйыштық алуға жатқан ол, үй маңында жел қозғаған ағаштардың сыбдырынан басқа тыйыштықты бөлетін ешбір дыбыс жоқ бөлмеде жата тұра, қалғып, ұйқтай қоюдың орнына көпке дейін көзін жұма алмады. Ұйқысы келмеген көзді жұмғанмен қараңғы бөлмеде басы айналатын болған соң, көк бояулы столдық

электр шамын жақты. Байжанмен ол екеуі катар кроватька жаткан еді. Шамның көгілдір сәулесі түскен Байжанның бетіне Гүлнар қараса, көптен сағынған жарын көріп көңіл көншігендей, мұрны ғана пысылдаған аса бір әдемі ұйқының жайлы толқынына шомған бейнесі бар... Поезданқарсы алғаннан бастап, шам сөндіргенше бетіне қарай бергісі келген Байжан, көк шам жағылғаннан кейін қарағанда Гүлнарға жат сыяқтанып кетті... Ол төңірегінен госпитальдағы жаралыларды іздегендей, соларды көруге құмартқандай болды... Ол ойға терендеген Гүлнар майдан өлкелерін қыдырды.

Оның есіне, майданға алғаш маңайлап барған күні, сол күнгі сезім жайы түсті. Үйлері жаудың бомбалауынан қыйраған, бүркеулі бірен-саран шамдары болмаса, жарық атаулысы сөндірілген бір станцияға санитарлық поезбен түнде кеп түскен ол, таң қараңғысына дейін жаралыларды вагондарға тиеумен шұғылданған еді. Бұл кезде, жақын жерде сұрапыл соғыс жүріп жаткан. Сонда, жерден атылған зенбіректердің, аспанда жүйткіп бомбалаған самолеттердің сатыр-күтіріне есі шығып, жанын қайда қоярға жер таба алмағандай қысылған...

Біраздан кейін, сондай жағдайға үйреніп алған Гүлнар, соғыс өлкесінен алыстап, госпитальға кеп түскенде, бірнеше күн, соғыстың сол тарсыл-гүрсілін сағынғандай боп елегізіп жүрді. Госпитальдың тыйыштық салтына дағдыланған оның есіне, соғыстың мазасыздығын, жолшыбай соғыстық вагонға мінуі қайтадан түсірді. Ол вагондарда, майданның атылған құрал даусы ғана жоқ демесең, өзгесінің бәрі бар сыяқты...

Туған үйінің, туған Сәлмесіне ұйқтауға жаткан Гүлнар жан-жағына құлақ түрсе, соғыстың өзі түгіл, соғыстық вагондардың ішіндегі ың-жың мазасыздықтың біреуі де жоқ. Мұнда құлаққа ұрған танадай тып-тымық тыйыштық. Бірақ, осы тыйыштықтың мазасыздығы Гүлнарға вагондағы мазасыз ың-жыңынан әлдекайда артық сыяқтанып, өзін канша зорлағанмен, ұзақ уақыт ұйқтай алмай-ақ қойды...

Сырбай оны жүрерде аулына қонаққа шақырды.

— Әрине,— деп бастады ол сөзін,— жата-жастана да келе берер ең балам; бірақ, сен, жүдә, бұл жолы Анатөлдің ғана баласы боп кеп отырған жоқсың, жолда Дәукеніме соғып, оның да амандығын әкеп отырсың; сен келеді деген соң, үйдегі кемпір де аңырап отырған болар.

«Ұлы сөздің ұяттығы жоқ» депті. Жүдә, біздің үйдегі кішкентайынды да аңсаған боларсың, қаладағы үйіңді аман көрдің, енді біздің үйге жүр!..

— Жақсы. Барамыз, ата,— деді Гүлнар,— бірақ, бүгін емес, біраз күннен кейін. Жолдан шаршап кеппін, аздап тыныгайын.

Сырбай жүріп кетті. Ертеңіне жұмысының қауырттығын айтып Байжан да жүрді, бірақ ол бір мәселеде көңілсіздеу кетті, онысы —«енді Қызылордадағы соғыстық госпитальға орналасатын боларсын!» деген сұрауына Гүлнардың: «Көрерміз, расымды айтқанда, ықласым майданға қайтуға да тартып тұр» деп жауап беруі еді. Өйтуіне Байжан әрине наразы.

Гүлнардың Байжаннан қалып қоюына себеп — Қызылорда сыяқты алыстағы тылдық госпиталы қандай халде екенімен танысып алу еді, өйткені, біріншіден — Байжанның өтінішіне елеңдесе, екіншіден — осы өтінішті Гүлнарға амандаса келген обкомның секретары да қайталауы еді.

— Сталин жолдас айтады гой,— деді секретарь, Қызылордадағы госпитальдың жәйімен Гүлнарды таныстыра кеп,— «бар мәселені кадр шешеді» деп. Со сөздің растығына көзім жетті. Госпитальға жақсы үй де тауып бердік, бақшалы қорасы да аса жақсы... Төсек-орын, ыдыс-аяқ, азық-түлік, дәрі-дәрмек сыяқты хажат заттарды да жеткілікті тауып береміз... Госпитальды Обком шефқа алған еді, сондықтан, бюро мүшелері де, бөлім меңгерушілері де кезектесіп жиі барып тұрады... Сондай жағдайы бола тұра, госпитальға қолайлы директор табылмағандықтан, тәртіп нашар... Екі-үш директорды ауыстырып көріп ек, ешқайсысы да ойдағыдай бой шықпады. Қазіргі директоры врачтық жағынан таптырмайтын адам: профессор-хирург, тәжрибелі, ақылды кісі, мінезі де жақсы, бірақ ұйымдастырушылық икемі жоқ. Госпиталь жұмысын ойдағы тәртіпке қоюға тырысады байғұс, бірақ қолынан келмейді... сіздің,— деді секретарь Гүлнарға бұл кезде шұқыя сөйлеген үнмен,— майдан төңірегіндегі госпитальда істеген тәжрибаңыз бар. Комплиментім емес, ұйымдастыру жұмысына соғыстан бұрын да бейім болатынсыз. Майданда қызмет атқару, ол бейімділігіңізді ұлғайтқанына сенем. Ендеше, сізден өтініш: Қызылордадағы госпитальды жөнге қойып беріңіз!..

Бұл өтініштің жауабын Гүлнар госпиталь жұмысымен

бірер күн танысып айтты. Аралап өз көзімен көрсе, госпитальдағы істердің тәртібі, расында нашар екен. Содан жаны ашыған Гүлнарға «тылдағы госпиталь мен майдандағы госпитальдың қызметіндегі айырма не? Бәрінде де соғыста жараланғандар ғой» деген ой келді де, обкомға барып, қалуға ризашылығын айтты. Бұл шешіндіні алғыспен қарсы алған секретарьға:

— Тек, канал басына аз күнге барып, ондағы таныстарға амандасайын, жұмыс жөнін да көріп қайтайын! — деген өтінішін айтты.

— Хұп болады,— деді секретарь.

Тылда қалуға бекінген Гүлнар, қауырт жұмыстағы Байжанның уақытын алғысы келмей, Қызылордадан Алмалыққа шығуын хабарлаған жоқ.. Поезд Алмалық станциясына түн ортасы ауа кеп тоқтады. Артқы вагондардың біреуіне мінген Гүлнар түссе, бүркеншектенуге ешбір дәлелі жоқ станцияның өнбойы қап-қаранғы, тек жол бойындағы сигналдардан және вокзал үйінің кейбір бөлмесінің терезелерінен ғана от жылтырайды.

Ұзын составтың арт жағынан балдақпен аяңдаған Гүлнар вокзалға жақындағанша поезд жүріп кетті. Бүкіл составтан бұдан басқа түскен жан көрінбеді. Мынадай мазасыз желкем түнде станция адамдарын мазалағысы келмеген Гүлнар вокзалды орай, пәтеріне жаяу тартты. Мойындаған іске мықты боп кету әркімнің де әдеті, сондықтан ба, болмаса, қанша ансамадым дегенмен, кеше, соғыс алдында қолынан тұрғызысқан, ішінде алғашқы перзенті — Бахытжанды көрген пәтері жылы ұшырап, сәлемдескен леппен өзіне қарай тартты ма, оң қолтығына балдағын таянған Гүлнар, алдынан өкпек жел ескенмен сау аяғына кебірленген саз тұтқырлағанмен, аяғы бүтін адамнан кем жүрген жоқ.

Балдағымен сау аяғын кезек қайшыландыра ол зырлап келеді, келе жатып ойда келеді: кеше, соғыс алдында, інірден бастап таң атқанша көше-көшеде сембейтін жастардың әндері, ол әндерді көріктендіре түсетін гармонь, гитар, мандалин, домбыра сыяқты құралдардың үндері бүгін тым-тырыс. «Солардың бәрінің орнында бүгін мен ғанамын» дегендей, даусы кең өлкені жаңғырықтыра, осы өлкенің жүрегіндей боп соққан әлдекайдағы мотордың үні естіледі. Гүлнар көрмесе де шамалайды, бұл — осы қалаға күш-қуат беріп тұрған электростанция!.. Бірақ, ол күш-қуат, Гүлнар танып келе жатқан сонау бір тұста-

гы МТС-тен басқа ештемеге жарық бермей тұрған сияқты. «О несі?!.— деп ойлайды Гүлнар,— күші азайды ма екен? Әлде бар қуатты үнемдеп тұр ма екен?..»

Көшеде қыбырлаған жанға кездеспеген Гүлнар пәтеріне келсе, сырткы есігі құлыптаулы. Байжанның айтуынша, бұл пәтердің қазір ол бір ғана бөлмесінде тұрады, өзге бөлмелері осы қалаға эвакуациямен келіп, канал құрылысына орналасқан кейбір мамандарда. Құлыптаулы есікке не істерін білмеген Гүлнар скамейкада отыр еді, қасынан әлдекім салт атпен жанап өте берді. Дыбыс бергісі келген Гүлнар жөтеліп қалғанда, салт адам атының басын кілт тартып тоқтатты да:

— Бұл кім? — деді.

Самарқанның даусы сияқты!.. Сасып қалғандай не жауап беруге білмеген Гүлнар үндемеп еді, салтты атының басын бұрып бері қарай жүрді де:

— Кім бұл отырған? — деді.

Гүлнар енді айқын таныды, Самарқан!..

— Мен! — деген оның даусы дірілдеңкіреп шықты...

«Не дейді?!» деп жақындаған салтты күнк етті де, балдағына сүйене тұра берген Гүлнарға таянып:

— Апырау, Гүлнар емеспісің?! — деді төне түсіп.

Гүлнар жауап қайырып үлгергенше Самарқан атынан қарғып түсе қалды да, орнында қалшыйып тұрған Гүлнарды құшақтай алды.

— Жаным-ау, қашан көп ең?! — деп сұрады Самарқан, құшағын жазып, Гүлнармен скамейкаға қатар отырғаннан кейін.

Жаңа.

— Кіммен?

— Жалғыз өзім.

— Кім әкеп салды?

— Вокзалға дейін поезбен келдім, одан — жаяу...

— Расың ба, Гүлнар? — деді Самарқан иланбай.

— Рас.

Нанар-нанбасын білмеген Самарқан бұл кеңесті одан әрі тереңдетуді ыңғайсыз көріп:

— Енді неғып отырсың? — деді.

— Үйде кісі жоқ екен.

— Кісі қайдан болсын, жұмыста ғой,— деді Самарқан,— көрші үйдің біреуіне неге кіре тұрмадың?

— Мезгілсіз уақыт қой.

Самаркан таңданған дауыспен: «Сол да сөз бе екен?!» деп келе жатты да, кілт тоқтап:

— Сені мынау үйге апара тұрайын да, өзім Байжанға хабар айтайын,— деді.

— Ол қайда еді? — деп сұрады Гүлнар.

— Жұмыс басында... каналдың сағасын бекітіп жатыр ғой, сонда... Сендер майданға кеткелі, «күн», «түн» деген сөз бізден қалған .. Міне, мен де түн қатып егістің жабдығында жүрмін... Барлық күніміз де, түніміз де осындай... Иә, сонымен, сені мынау үйге апарайын да, мен...

— Бұл үйдің кімі бар еді? — деді Гүлнар.

— Екі баласы мен әкесі майданға кеткен, әйелі мен келіні каналдың сағасын бекіту жұмысында, қызы ФЗУ-да.

— Ұсақ балаларын кім бағып отыр?

— Ендігі үлкені он екіде болар солардың, осы үйге не боп, кішкентайларының ас-суын жасап беретін сол деген. Оның үстіне оқып та жүр. Жақында сұрастырсам, отличник көрінеді...

— Әй, соғыс..., соғыс! — деп Гүлнар демін аса ауыр алды да,— оларды мазалап болмас,— деді.

— Ендеше...— деп келе жатып Самаркан аз кідірді де, — әлде, жұмыс басына барамысың? — деді.

— Қалай? — деді Гүлнар, «жалғыз атпен қалай барамыз» деген оймен.

— Мен ат жегіп келейін.

— Салт атқа да міне алам,— деді Гүлнар күліп,— жуырда Дәулетті іздеп Орал тауына бардым ғой. Оның госпиталы бүйкте екен, соған салт атпен-ақ шықтым.

— Сен салт атқа міне алсаң мен жаяу жүрейін.

Гүлнарды Самаркан атына мінгізді де, өзі жанапайлап жаяу жүріп отырды. Аттың аса жайлы және ұтымды аяң-жорғасы бар екен, сол жүрісімен ентелей басқан аттан Самаркан қалыспады. Мұндай аяңшыл адамды Гүлнардың бірінші көруі!..

Олар Алмалықтың шетіне шыға бергенде таң сіберлей бастады. Гүлнардың көзіне алдарында жота сыяқтанған бір ұзынша қырқа шалына кетті. Кейбір күндері, тақ осындай боп атып келе жатқанда, дәл осындай боп, көкжиекті жағалай шөге қоятын қалың бұлт болушы еді. Жотаны «со болар ма?» деп жорыған Гүлнар Самарқаннан сұрап еді:

— Көтерме гой,— деп жауап берді ол.

— «Көтерменіз» не?

— Ұмытып қалғаның ба, «көтерме» деп «дамбаны» айтпай ма осы ел?

Самарқан Гүлнарды көтерменің салыну тарихымен таныстырып өтті.

— Биіктігі қанша? — деп сұрады Гүлнар, көтерменің шығына шыққанда.

— Алты метр. Анатолий Кондратьевичтің есебінше әлі де биіктете түсу керек, бірақ оған мүмкіндік жоқ: осы көтерменің өзін үш-төрт мың кісі жабылып, қанша механизм күші қосылып төрт-бес айда әрең бітірді. Анатолий Кондратьевичтің ұсынысын қабылдаса, әлі де сонша күш бес-алты ай жұмыс істеу керек. Оған уақыт қайда? Кісі қайда?

Гүлнар атының басын тартты да, былай да алысы-жақыны айқын көрінген кең өлкені, одан да биіктен шолғысы келгендей, сау аяғын үзеңгіге тірей, ат үстінде көтерілді. Қары кетіп болған Сырдария өлкесі бұл кезде әдемі бір бейнемен қоңырсып, сол маңайда араласа өскен шеңгел, жиде, сексеуілдер, екпінділеу желмен теңселіп толқынданып тұр екен.

— О, туған жер! — деп жіберді Гүлнар демін кең ала,— не деген ыстықсың сен!..

Төңірегін қызыға, құмарта шолған оның көзіне, айдалаға салған он-он бес қабат зор үйдей боп, құрылысы аяқталған бас шлюз ұшырай кетті. Соған қарай тарта жөнелуге заукы бір соғып кетіп еді, каналдың жоталанып барып дарияға тіреліп сағасында қыбырлаған адамдар көрінді, гүрілдеген моторлар даусы естілді. Олар — каналдың сағасын бекітіп жатқан күштер екенін айтпай-ақ жорамалдаған Гүлнар:

— Ал, жүрдік,— деп атын тебінді де жөн тартты.

— Самарқан, сен ренжімесең,— деді ол, көтерменің шығынан әрі қарай түсе бергенде,— балалығым ұстап, менің шоқытып кеткім кеп тұр.

— Болсын,— деді Самарқан.

Гүлнар атының оң жақ жамбасына балдағымен бір сыйпап қалды да, шоқытудың орнына шаба жөнелді.

— Жерін сағынған екен, бейшара! — деді, артынан қарап қалған Самарқан.

Гүлнар сағада биік боп үйілген топыраққа да шауып шығар ма еді, қайтер еді, егер жақындай бергенде, есіне не жаназа айтқан, не тойға шақырған кісілер ғана болма-

са, өзге адамның топталған жұртқа шауып келуі, қазақ ғұрпында ұят екендігі түспесе... Сол ұятты есіне алған ол, желіккен аттың басын әрең билеп тоқтатты да, сағаның биігіне аяңдап шықты.

Биікке шықса, сағаның екі жағы сапырылған қыймыл, у-шу, тарс-тұрс, азан-қазан дыбыс екен. Әлдекімдер, әлде не жүктерді грузовиктермен, аттармен, түйелермен, есектермен, өгіздермен жаяуша тасып, әлдене жерлерге үйін жүр... Шынжырлары сықырлаған экскаваторлар балшықты дамылсыз асап, жанды-жансыз көліктерге тиеп жатыр... Сонау бір жерде, шықырлата кеміруі құлағы үйренбеген кісінің құйқа тамырын шымырлатарлықтай боп дробилкалар бір аузынан кірген кесек тастарды екінші аузынан құмдай ұнтақтап төгіп тұр... Әлдеқайда жарқ-жұрқ еткен көк оттар, әлдекімдердің, әлдене темірлері автогендық қуатпен суарып, жентектестіріп жатқанын дәлелдейді. Оған қарап: «Электр қуаты мұндағы құрылысқа да жұмсалады екен-ау!» — деп ойлап қойды Гүлнар... Одан әрі қысқалау темір тұрбадан ышқынта будақтатып түтін аткылаған бір үйдегі гүрсілге, қаңғыр-күңгір дауыска құлақ түрген Гүлнар: «Тегі механикалық мастерская болу керек» — деп жорамалдады... Сол арада тұрып, төңірегін кеңірек шолыса, .быкыган құрылыс материалдарына, әсіресе буылған шырпылар мен қамыстарға адамның көзі тұнады!..

Аса әбігерліктен бе, немесе танымады ма, атпен аралап келе жаткан Гүлнарға сапырылысқан жұмыстағылар қарай қоймады. Гүлнардың өзі де олардың ешкайсысына тоқырамай, ойлы-қырлы жерлермен, кейде еңістеп, кейде өрлеп ілгері жылжыды, сондағы іздегені Байжан. Нақ қасына кеп үңіле қарамаса, Байжанды осы бір кезде тану қиын да болар еді. Соғыс басталып кісі азайғалы, ол құрылысшыларды ауызша басқарумен қанағаттанбай, кездескен іске өзі де араласып кететін; сондықтан, құрылыс участоктерін аралағанда үнемі жұмыс киімінде жүріп, сырт көрінісімен оны жұрт катардағы құрылысшылардан айыра алмайтын.

Бүгін де ол сондай түрде еді: сыртында майланған сырмалы фуфайка, бұтында кірленген сырмалы шалбар, аяғында керзі қонышты жуан етік, басында өңі сыдырылған бұлғары пилотка, көзінде әйнек төңірегін бұлғарымен қаптаған көзілдірік... Оның үстіне қызу қыймылдан

аққан теріне шаң жабысып, беті-қолы сатпақтанған қапқараала кір...

Жақындап келе жатқан Гүлнарды таныған Байжан «мені танып ма екен, жоқ па екен» деп қуланды да, көрмеген боп, қамыстан жасалған қарабураны буып жатқан бір топ адамға көмектесу қалпын өзгертпеді. Гүлнар оны танымай, қасынан өте бергенде:

— Гүлім! — деп дыбыс берді ол.

Гүлнар кілт бұрылып, жалт қарап еді, Байжан теріс айналды да, тұқырандап ісіне кірісті.

— Гүлнар ғой, мынау?! — десті екі-үш адам...

Қысқа-қысқа амандықтан кейін Байжан да, өзгелер де жұмыстарына кірісіп, Гүлнармен олар сәскелік астың кезінде ғана сөйлесуге уақыт тапты. Қызылордадан асығып қайтардағы сөздерін Байжан Гүлнарға қайталап айтып:

— Сіңбіруге уақыт жоқ, Гүлім,— деді, Гүлнар мен екеуінің алдындағы қақылтыр тарелкаға салған күріштің ыстық ботқасын, үлкен темір қасықпен ұртын толтыра асай отырып,— каналды жуырда ашуымыз керек, ол үшін сағасын бекітіп алуымыз керек. Дарияның суы қазір төмен, осы кезде бекітіп үлгермесек, ертең су тасығанда бой бермейді. Судың тасуына да, сағаның ашылуына да айлап емес, күндеп-ақ уақыт қалды! Тіпті «сағаттап» десек те болады. Өйткені, дарияның осы кезде де тасыйтын жылдары болады екен. Быйыл да сөйтпесіне кім кепіл. Сондықтан, жан деген қазір мұрынның ұшында. Жұрт жарықтықтан айналсаң болмай ма, еріндім, я шаршадым деген жанды көрмейсің. Қай мезгілде, қайда жүрсеңде бас тартпайды және жаның сала, аянбай қыймылдайды... Көзің көрді — көпшілігі әйелдер, балалар, жасамыс адамдар ғой, солардың біреуі ыңғ етіп шырыш бұзбайды. Бейбітшілік күнде ыңқыл-сыңқылы көптер болушы еді, қазір ондайлар да сирек кездеседі... Қандай биік саналылық, бұл!.. Қандай биік отаншылдық!..

— Сонымен, бұл сағa тез бекіліп болды ма? — деп сұрады Гүлнар.

— Бір жұмадан әріге кетпес.

— Берік бекілетін бе?

— Темір-бетонмен не теңдесе алсын, одан гөрі төзімі әлсіздеу болар, бірақ, қарабураның салынуы жақсы. Бұл бұрынғы қарабуралардан сапалы да, қалың да,

бнік те және қарабуралардың суға тірелген тұмсығына балшық емес, цемент құйдық. Ол, әрине, көпке шыдайды.

— Бұл сағадан қауып жоқ қой, енді?

— Жоқ қой деймін. Басынан асып кетпесе, бұл бекініс су жібере қоймайды.

— Қысқасы саға берік бекілді десейші!

— Я, берік бекілді!..

Үшінші тарау

ЖЕҢІСКЕ ШЕЙІН

Құрылыс жұмысымен танысқан Гүлнар, мұндағы істердің де қыйындығы майданнан кем емесін, жетістікке ие болу үшін мұнда да көп ақыл-ойлар сарп болатынын көзімен көрді. Осындай ауыр істерден қалжырағаң кейбір минуттарында, Байжанға ақыл беріп демеу боларлық кісі де көп еместігін аңғарды. Қызылорданың госпиталында қызметке қалуға бекінгенін, Гүлнар Байжанға осы сәтте ғана айтты. Бұл кеңестің ішінде болған Айбарша Байжаннан да артық қуанған сыяқтанды.

— Апатай,— деді ол Гүлнарды құшақтай ап, бетінен сүйіп,— рухани шеше керек еді маған, сол шешем сіз болыңыз!.. Мен сізге, екеуміздің де сүйікті досымыз — Дәулетті мақтанышпен қарсы аларлық еңбек атқаруға уәде берейін!..

Бұл хабарға Тәрбия да Айбаршадан кем қуанған жоқ. Ол енді, үйінде тұратын Гүлнар Бахытжанды алып кетер деп жорыды да, үйреніп қалған сәбиді іші қыймағанмен, Гүлнардың кемтарлығын еске ала келе, беруге бекінді; сондықтан, баланы қолында барынша даярлауға кірісті.

«Гүлнар кеп қалды!» деп бір бала Сырбайдың үйіне жүгіріп келгенде, Тәрбия Бахытжанды бесігіне бөлегелі жатыр еді. Ол кезде «іңгө» тартуға, шақырсаң сықылықтап күлуге, көзі қызыққанын ұстай алуға, еңбектеп жүруге жарап қалған Бахытжанды, «Гүлнар кеп қалды» деген сөзді естігенде, Тәрбия бесігінен суырып алды да, түбіт шалыға орай, далаға алып шықты. Үйден жүрегі тулай шыққан Тәрбия, машинадан түсіп жатқан әскери кнімді Гүлнардың шолақ аяғы мен балдағын көргенде, көзінен жас ыршып кетті де, баланы Айбаршаға ұстата

сап, өзі Гүлнарды бассап, даланы жаңғырықтырған дауыспен көрісті. Со жылаудың үстінде ол, Дәулетті де, Гүлнарды да қатты сағынғанын, Гүлнардың кемтарлыққа ұшырауын қайғыра тұра, жаны аман қалуына қуанышын жыр қып айтып шықты.

Мауқын басып, құшағын жазған Тәрбияның көзі, бетінен сүюге ыңғайланған Гүлнардың көзіне түссе, жас шықпаған. Мұнысына іштей таңданған Тәрбия, Гүлнардың тоңазыған екі бетінен, маңдайынан сүйді де:

— Бахытжаныңды көрдің бе? — деп, Айбаршадан алды да ұсынды.

Тәрбияның қатты жылаған даусынан шошынды ма, әлде көптен көрмеген шешесін жатырқады ма, Гүлнар: «Келе ғой!» деп қолын созғанда, жылamсыраған Бахытжан кейін тырмысты.

— О несі, шешеңді жатырқап?! — деп Тәрбия баланы зорлаңқырап ұстатқысы кеп еді:

— Жылатпа, апа,— деді Гүлнар,— көзі үйреңген шеше тұрғанда, жатырқаған шешені қайтсін ол!..

— Искемеймісің, аңсап келдің ғой?

— Аңсауға қол да тиген жоқ, апа! Бұл үйі, тәрбиесі бар бала ғой. Үйінен, тәрбиесінен айрылған балаларды айтсаңызшы!..

Сөздерін қабақ шыта айтқан Гүлнардың ойын ауырлатқысы келмеді ме, әлде, далада ұзақ тұруды ыңғайсыз көрді ме:

— Үйге барайық, қалқам! — деді Тәрбия,— көзі қанықкан соң өзі де ұмтылар. Қаны тартпас деймісің!

Сырбайдың екі бөлмелі үйіне Гүлнарға амандаса келгендер лық толды. Олар Гүлнардың кемтарлыққа ұшырауына аянышты көңілдерін білдіре отыра, майданның хал-жайы туралы көп сұраулар берді. Бұл сұрауларға алғаш саған жауап берген Гүлнар, кеңесе келе шешіліп, совет жауынгерлерінің ерлік істерін айтып, тындаушыларын сүйсіндірді де, кейбір көрген-білген ауырлықтарын айтып жылатты да. Кеңестерін салқын қанмен айтып отырған оның өзі, Дәулетпен кездескенін, одан қалай айрылғанын айтқанда ғана кемсеңдеп жылап алды. Со кезде, қартаң бір адам:

— Жә, болды енді! — деді көпшілікке.— Онсыз да шаршап келген адамды шаршатпаңдар. Тарайық енді, қонақтар астарын ішсін, тынықсын! Қалған кеңесті ертең сұрарсыңдар!

Сырбай қонақтарын бірер күн жатар деп жорыған еді, сондықтан, жұрт тарай, ол қонақтарын жайғастырды да, қажетті жабдықтарын тыңғылықтап келуге кетіп, таң аппақ атқанда оралды. Ол келсе, Байжан машинасын қыздырып жатыр екен.

— Күйеужан, мұның не? — деді Сырбай.

— Жүреміз, ақсақал.

— Е, о қалай?!.

— Қызыңыз солай деп отыр.

— Е, о несі?!— деп Сырбай таңданған кескін көрсетіп еді:

— Ендігі киінген болар, тоқтатам десеңіз айтыңыз! — деді Байжан.

Сырбай үйге кірсе, Гүлнар алдына алған Бахытжанды ермек қып отыр екен, онысы Сырбайға таңданарлық қылық сыяқтанды, өйткені, өткен түні төсек салынып болған соң Тәрбия: «Қарағым, бауырыңа басып ұйқтай ғой» деп Бақытжанды алып барғанда, «жоқ, апа, үйреншікті бесігінде ұйқтасын» — деп Гүлнар алмаған. Бұған Сырбай да, Тәрбия да іштей хайран қалған да қойған.

Сырбай мен Тәрбия ауыз бөлмеге жатты. Тәрбия Бахытжанды бөледі де, бесігін қасына алды. Сүтке бөктірген күріштің ботқасына үйренген Бахытжан, жатарда тойып алса, күн көтерілгенше ұйқтайтын. Оянғаннан кейінгі әдеті — уілдік тартып жатады да, мезгілінде шешіп ала қоймаса, жыламсыраған дауыс білдіреді.

Таңертең қонақтардың сәскелік асын қамдау жабдығындағы Тәрбия, тысқа кіріп, шығып жүріп Бахытжанның оянғанын абайламай қалды. Оянып уілдік тартқан Бахытжанның даусы, ұйқысы қанғанмен әлі төсегінен тұрмай жатқан Гүлнарға естілді. Он айдай дүрсіл қаққан сұрапыл соғыстан бітелген оның аналық құлағы енді ғана ашылғандай боп, бала даусына бойы ніп қалған ол, юбкасы мен гимнастеркасын тез кие сап, ауыз бөлмеге барды да, бесігінен агытқан пәрестесін шешіп төргі бөлмедегі төсегіне алып келді.

Шешесін жаңа ғана шырамытқан сыяқтанып, бала жымыйды да, талпынып, иығындағы погонына қолын созды. Со кезде Гүлнар тіпті мейірленіп кетіп, бөбегін бетінен, мойнынан, желкесінен, білегінен сүйе бастады. Оның бұл қылығын есіктен сығалап көрген Тәрбия,

қызғанудың орнына есіркеп: «Шіркін, ана-ай!» деді де көзіне жас алды; бірақ, ана мен баланың бақытты сәттеріне бөгет болғысы келмей, жүріс-тұрысының сыбдырын сездірмеуге тырысты... Сырбайдың кірген шағы, Гүлнар ұлын сүю құмарынан шыққандай боп, талпынған сәбиді ойнатып отырған кезі еді.

«Бақытты сәттеріне бөгет болдым ба» дегендей, Сырбай үйге кіре беріп кейін шегініп еді:

— Ата!— деді Гүлнар.

— Иә, шырағым? — деп Сырбай тоқтай қалды.

— Келіңіз, ата!

— Жүдә кейін келем ғой...

— Келіңіз! — деді Гүлнар, әлгіден гөрі де өтінген дауыспен.

Жақындаған Сырбайға:

— Отырыңыз!— деді Гүлнар.

Қасына отырып, «не айтасың, балам» дегендей кескінмен қараған Сырбайға:

— Кешіріңіз, ата,— деді Гүлнар,— жас та болсам, менің де атым «ана» ғой. Аналық мейірімім ұстап кетіпті, ата.

— Жүдә дұрыс. Бұрынғылар айтыпты ғой: «Балам, балалы болғанда білерсің» деп. Бала деген шіркін жүдә жақсы ғой, балам!.. Иә, балам,— деді Сырбай аз кідіріп,— жүрмек боп жатырмыз деді ме, Байжан?

— Иә, ата. «Жолаушы ақысы жүрсе өнеді» дейсіздер ғой өздеріңіз. Әйтеуір Қызылорда госпиталында қалатын болған соң, қызметке тез жету керек, соғыс жағдайы қыдыруды көтермейді. Тек Дәукешін көргенше камкоңіл той деп, Тәрбия апайдың ғана көңілін аулап кетуге келдім; әйтпесе, Айбарша мен сізді Қызылордада да көрдім ғой. Апайды көрдім, біз енді жүрейік, ата!..

— О қалай?.. Той жасайын деп ем, жұрттың басын қосайын деп ем...

— Ол күн де қашпас, ата!.. Дәукешіңіз жеңіспен аман келсін, содан кейін, ұлан-асыр тойды біржола жасайық!..

— Аузыңа май!.. Қішкентайды ала кетесің де, онда?

— Жоқ, ата. Мен әлі де әскери қызметкермін, бала күтетін уақыт қайда!..

— «Кісі баласы кісендесе тұрмайды» депті,— деді

Сырбай күлаңып,— жүдә қашан аласың, балам, бұл нәрестені онда?..

— Жеңістен кейін, ата. Сонда ғана армия қатарынан босанам ғой.

— Сонымен, бұл нәресте, жеңіске шейін тұра береді десейші, балам?

— Иә, ата, жеңіске шейін!..

Төртінші тарау

БАСТАЛҒАН САБАҚТАР

Сырбай сол күні қопақтарын тағы қондырды да, түнгі мәжілісте бірге болған Естай, жұрт тарағанда, Наталия мен Айбаршаға ере қайтты.

Наталия Естайға жолшыбай Райзоның тапсырмаларын, әсіресе Сырбай звеносының быйылғы егіс жоспарын тез жасап әкеп беру туралы тапсырмаларын айта кеп, қашан сөйлесуді сұрап еді:

— Бүгін кеш боп қалды ғой,— деді Естай.

— Енді қашан?

— Сіз ерте оянасыз ба?

— Өзіңіз ше?

— Колхоздың председателіне көп ұйқтауға болмайды.

— Әркім өз қызметінде председатель де,— деді Наталия.— Кел деген сағатыңызда барайын.

— Дарияның бір түбегінде қойлар жатыр еді!— деді Естай,— солар арамза туа бастады деген хабар келді; бала-шағадан, әйелдерден қойған шабандар, күз қошқарды бетімен жіберсе керек. Енді туған қозыларды өлтіруге болмайды. Со жаққа қазір аттанам да, қажетті шараларды қолданып, таң біліне қайтып келем.

— Одан қайтқан соң тынығатын боларсыз? — деді Наталия.

— Мен соғыста болған кісімін ғой,— деді Естай.— Сонда дағдыланып қалсам керек, мызғысам-ақ ұйқым қанып қалады; кейде, ат үстінде келе жатып қалғысам да тыңайып қалам. Илансаңыз, колхозға бастық болғалы төсек сап, ұйқтаған кісі емеспін. Қалай ұйқтайсың: бұл, малды колхоз, оның бір бөлегі — екі жүз шақырым жердегі Телкөлде, мына жағы — жүз шақырым

жердегі Қызылқұмда, бір жүйесі дария бойында. Қыс аяғы қаттылау болды быйыл. Малдар жүдеу. Оларды өлтіріп алмаудың шарасы аз жұмыс емес. Жуырда «Телкөлге» қалың қар жауып қап, арық-тұраққа шөпті самолетпен жеткіздік.

— Қыйын жұмыс ол,— деді Айбарша.

— Көктем егісіне даярлық оңай боп па,— деді Естай.— МТС бастықтарының салақтығынан және соғыс әрекетіне байланысты, кейбір керекті саймандары табылмағандықтан, бірнеше трактор тұрып қалатын кәупы бар. Біздің колхозға жалғыз-ақ, ескілеу «универсал» тиеді дедеді.

— Оған көнгем жоқ,— деді Айбарша,— директормен дауласып отырып бір ЧТЗ-ны алып белгілеп кеттім. Ескілеу машина, бірақ ремонты жақсы істелген.

— Оның жақсы болған екен, бірақ, жанармайы жетсе. Соғыс әлегінен, быйыл шағын болатын түрі бар ғой.

— Кезінде көреміз оны,— деді Айбарша.

— Өткен жыл бұл колхоз 375 гектар егін сепкен екен,— деді Естай,— быйыл егіс жоспары 450 гектар, соны түгел сеуіп шығуымыз керек, оған күз даярлаған пар 80-ақ гектар. Күзгі егістен он бір-ақ гектар себілген, өзгесінің бәрі көктемдік егіс, соның 150 гектары күріш болуға тиісті, оның жері де, тұқымы да жетпейді. Осынша жұмыстың арасында кісі қалайша төсек сап ұйқтап жатады?..

— Осы ауыр жұмысқа ризаласқан өзіңіз ғой,— деді Айбарша.

— Әрине, өзім,— деді Естай,— біз істемегенде кім істейді, тылдың жұмысын? Менің еркіме салса, мұның бәрін қойып майданға кетер ем, оған қол кемтар!..

Соңғы сөзін күрсіне айтқан Естайдың халіне ортақтасқандай, екі қыз оның көңілін жадырату мақсатымен қалжыңдар айта бастағанда, олар ажырасатын жерге кеп қалды.

— Ал, қарындастар,— деді Естай,— мен енді үйге бұрылам да аттанам. Ерте оралармын.

— Мысалы қай кезде? — деді Айбарша.

— «Мысалы» ма? — деп Естай аз кідірді де,— таң біліне!— деді.

— Со кезде біз де басқарманың кеңсесінде болармыз. Солай ма, Наталия? — деді Айбарша.

— Әрине!— деді Наталия.

Үйіне келе аттанған Естай, колхозға таң еркін атқанда оралды. Оған ең алғаш жолыққан адам — Сырбай. Оның Масақбайдың үйінен келе жатуын жүрісінен жобалаған Естай, шалға солемдескеннен кейін:

— Сыр-еке, қалай, көнді ме Дарыға келініңіз? — деп сұрады.

— Көнді,— деді Сырбай,— құрбы-замандасым емес, сыр алып, сын түйісетін; сыртқы жұрттың сөзінен болмаса, кім екенін жүдә білмейтін ем. Сыртқы жұрт мақтамайтын еді. «Басқа түссе баспақшыл» депті бұрынғылар. Жүдә, қызыл шиек балаларды асырау оңай боп па. Со да бар шығар, бірақ, тым жетесіз кісі емес пе деп ойлап қалдым. Көнумен қабат ақылды сөздер айтты.

— Не деп?

— «Қамқорлығыңа тәңір жарылқасын, ата!» деп; «жалғызың аман келсін, игілігін көр!» деп; «мен саған масыл болмаспын, ата, үйренгенше аямай жұмса, үйренген соң өзім де құлақ қақтырмаспын» деп; осының бәрін жылап отырып айтып, жүдә жүйкемді босатқаны!

— Онда рас, ақылды кісі екен,— деді Естай,— звеноңыздың мықты кісісінің біреуі болады, бұл. Тағы бір мықты кісі табайын ба, сізге?

— Кім ол?

— Біздің үйдегі келініңіз.

— Сіздің үйдегі келін?! — деді Сырбай таңданған дауыспен.

Олайша таңдануы — Естайды өткен жаз бір қызға үйленіпті деп естігенмен, кескінін көрген жоқ еді, кім екенін білмейтін еді.

— Ие, келініңіз,— деді Естай күлімсіреген кескінмен,— аты Мақтагүл, өзім «гүлін» қойып «Мақтасын» ғана айтам. Ортан қолдай мықты келіншек, анау-мынау жігітінді ұстаса кетсе алып ұратын. Сіздің звеноңыздың бұрынғы адамдарынан үшеуі бала гой. Олар да жүре берсін, бірақ, мына екі келіншек те қосылсын, сонда звеноңыз адам күші жағынан толық болады.

— Мақта келін көне ме, оған? — деді Сырбай.

— Көндіріп қойдым.

— Жүдә жақсы.

Жолдары айрылар жерде, Сырбай:

— Қонақтар жыйнала тура біздің үйге кел, келінді

ерте кел, дастарқандас бол,— деп дағдылы сыпайылығын айтып еді:

— Рахмет, ата, кеңседе жұмысым бар еді,— деп рұқсат алды.

Естай колхоз басқармасының кеңсесіне беттеген кезде, көктің шығыс жақ жиегін, шығар күннің сәулесі тотының қанатындай түстермен құлпырта бояй бастады. Со кезде күнгей жақтан қоңыржай самал да есе қап, таңға жақындаған мезгілден есінете бастаған Естайдың ұйқысы ашылып, бойы сергектеніп кетті.

«Қыздар қайда екен? — деп ойлады ол, Наталия мен Айбарша туралы,— үйлерінде ме екен, кеңсеге келді ме екен?»

Қыздар кеңсеге таң ала-көбе бола бастаған кезде-ақ келген еді. Кеңсенің күтуші әйелінен Естайдың келмегенін естіген олар, сонда күтпек боп, кеңсенің есігін аштырды.

Кеңсе колхоздық клубтың ішінде болатын. Колхоздың орталығындағы алапқа салынған, қабырғалары қам кесектен қаланған, соғыс салдарынан төбесі қаныптырмен емес, буылған қамыспен ғана жабылған, сәкісі мен төбесіне тақтай төселген ұзыншалау бұл үйдің ішіне кірсең, ұзын коридордың оң жағында колхоздық мекемелердің кеңсесіне арналған бөлмелердің есіктері кететін де, сол қолдағы ішкі ұзын қабырғада екі есік тұратын; мұның бірі — клубтың залына, бірі — сахнасына кіретін есік.

Қыздар клубтың ғана есігін аштырды, өйткені, күтуші әйелдің айтуынша, «ертең колхозшылардың жыйналысы болады» деп, Естай өткен түн клубтың пештерін жақтырып қойған екен.

Үй іші сәулеленіп қалғандықтан, қыздар клубқа шам жақтырған жоқ.

Қыздар төңірегін шолса, көрмеген соңғы бірер айдың ішінде, клуб бұрынғысынан әлдеқайда түзеліп, салтанаттанып қапты: бұрын қара-қожалақ кір боп тұратын қабырғалар, ақпен сыланып, соғысқа және шаруашылық мәселелеріне арналған түрлі плакаттар ілініпті; сәкі қазір аппақ боп жуылған, скамейкалар қаз-қатар қойылған, төбеге үш жерден керосиннің аспа шамы ілінген, бұрын кірден сатпақтанып тұратын ақ шымылдық қазір өзгеріп, оның орнына сахнаның бір бүйіріне қарай сырылған жаңа қызыл шымылдық құрылған. Қабырғаларын әр бояулы трафаретпен әшекейлеген сахнаның төрінде, облыстық

аткару комитетінің мал шаруашылық жөніндегі ауыспалы туы мен колхоздың өз туы қатар ілінген, екі тудың ортасында Сталин жолдастың гипстен жасалған статуясы, одан жоғары — Ленинның портреті.

Залдың қабырғаларына, жоғарғы жағын ала әртүрлі бояумен қолдан ұрандар жазылыпты, оларда айтылатын сөздер:

Әрбір жүз саулықтан 125 қозы, әр қойдан екі жарым кило жүн алайық!

Жүз сиырдан жүз бұзау, әр сиырдан тоғыз жүз литр сүт алайық!

Жүз биеден жүз құлын алайық!

Жүз түйеден елу бота алайық!

Жүз ешкіден жүз жетпіс бес лақ алайық!

Күріштің әр гектарынан орта есеппен 25 центнерден алайық!..

Бидайдан — 15 центнерден...

Картоптан — 74...

Қапустадан — 238...

Наталияның көзі соңғы екі ұранға көбірек тоқтады, өйткені, өткен күз бірнеше қазақ колхоздарын аралағанда көргені: олар қауын, қарбыз, асқабақ сияқты овощты егеді екен де, картоп, сәбіз, қияр сияқтыларды аз егіп, капустаны көпшілігі екпейді екен, еккендер сатуға ғана болмаса, азық үшін екпейді екен. Мысалы, «Кентоғай» колхозы өткен жазда капустаны атымен екпеген. Сондай колхоздың, биыл әр гектардан 238 центнер капуста аламыз деуі, Наталияға жаңалық көрініп, оның себебін Айбаршадан сұрап еді:

— Естуімше,— деді ол,— колхозшылардың жуырда болған жыйналысында Естай ағай осы мәселені көтеріп, биыл орталыққа үш гектар капуста отырғызбақ болған, одан кейін, үй иесі әйелдердің мәслихатын шақырып, мүмкіншілігі барларына, жеке меншігіндегі огородтарына капуста отырғызуды өтінген, көбі мұны мақұлдаған...

— Это замечательно! — деді Наталия.

— Бұл қуанарлық іс. Бірақ, сол капуста егетіндердің көбінде тәжрибе жоқ, сондықтан, ецбегі еш боп жұрмесе не қылсын!..

— Неге еш болады,— деді Наталия,— мен ше?.. Тек, ексінші өздері, мен оларға қалай үйретер екем, жақсы шығаруды!.. Ведь это — наше украинское дело!..

— Өте жақсы болар еді, ол.

Клуб ішін түгел шолған екі қыз, таңның түрлі көркем бояуымен құлпыра бастаған шығысқа терезеден қарап, тамашалап тұрғанда, салт мінген Естай көлденеңдеп өте берді.

— Шығып қарсы алайық,— деді Наталия.

— Болсын.

Екеуі қолтықтасып есікке қарай жөнеле бергенде:

— Өте ынталы кісі,— деді Айбарша,— канал құрылысында да көпшілікке ісімен жағып жақсы басқарып еді, колхозға да жаман бастық болмас деймін.

— Мен де солай ойлаймын.

Қыздар мен Естай нақ есіктің аузында жолығысты.

— Уәделі кезден кешіктіңіз, ағай,— деді Наталия қолдасып амандасқаннан кейін қалжыңды кескінмен.

— Өзі кешікпеген болар, жеңгей бөгеген болар,—деді Айбарша.

— Сіздерді мен күйеуге берермін де, кімнің кешіккенін содан кейін көрермін,— деп қалжыңға қалжыңмен жауап берген Естай клубқа кірді. Қыздар соңынан ерді.

Кабинетінің кілті Естайдың қалтасында екен, сонымен ол есігін ашты да:

— Өтінем! — деді қыздарға жол ұсынып.

Кабинетті қыздар жақсы біледі. Масақбай клубты салақ ұстағанмен, кабинетін өте сәндеп, терезелері мен есігіне көк бархыттан перде құрғызған, орындықтарын, столын әдейі Алматыға барып, мебельдер дүкенінен таңдап әкелген. Өзі отыратын столдың алдына ұзынша стол қойдырып, үстіне жасыл шұға жаптырған. Қабырғаларға көсемдердің көркем жасалған портреттерін ілдірген. Бұл колхозда әлі электр станциясы салынбағанмен, кабинеттің төбесіне ол салпыншағы, эшекейі көп люстра ілдірген.

Естайға ере кірген қыздар кабинетті көздерімен шолса, салтанаты бұрынғы қалпында екен.

— «За круглым столом...» дегендей, ақылдасып алатын шаруамыз бар ғой, алқа-қотан отырайық,— деп, Естай қыздарға ұзынша столдың екі жағынан орын нұсқады да, өзі бас жағына отырды.

— «Ал» тілім емес,— деді Естай, отыра бере, қыздарға кезек қарап,— сен екеуіңнің бұл колхозға келгендеріңе өте қуанам. Қуанбағанда ше?.. бірің агроном, бірің тракторист!.. Екеуің де дені сау қайратты жассыңдар... әрі комсомолкасыңдар...

— Я уже коммунист — деді Наталия.

— Да ну?! — деді Естай қуанышты дауыспен.

— Кандидаттық билетті көрсетуге болады,— деп, Наталия төс қалтасынан билетін алып көрсетсе, кеше ғана алған екен.

— Поздравляю! — деп Естай Наталияның қолын алды.

— Я тоже,— деп Айбарша да Наталияның қолын алып,— қашан өтіп жүрсің? — деп сұрады.

— Курска жүрердің алдында ғана райкомның бюросы бекітіп еді, билетімді қайтып кеп, кеше алдым,— деді.

— Мәселені осыдан бастайық,— деді Естай.— «Кеткен бастықты, жаңа бастық жамандай сөйлейді» деседі біреулер. Ол тоғышарлардың сөзі. Жақсы атқарған еңбек бағаланбауға тиісті емес. Жаман атқарылған істі жасыруға да тиісті емеспіз.

— Әрине,— деді екі қыз.

— Оны айтып отырғаным — әделетін айтқанда, Масақбай жақсы басқарған жоқ қой бұл колхозды.

— Рас,— деді Айбарша.

— «Жақсы басқару» деген не ол? — деді Естай,— ол, Сталин жолдас айтқандай, көпшіліктің күшіне сене білу, көпшілікті ұйымдастыра білу. Бұлай ұйымдастыру партия ұйымының ғана қолынан келетіні біздің ардақты большевиктер партиясының барлық тарихымен дәлелденеді. Бұл колхозда болған кемшілік — партия ұйымы жұмысын нашар істеген. Бұрынғы парторг Ерназаров деген мұғалым еді,— деді Естай Наталияға қарап,— инициативасы аз кісі болушы еді өзінің. Райкомға мен бірер рет айтып ем де, «басқа бір парторг беру керек» деп, ол сөз кезінде ескерілмеді. Ерназаров партия ұйымының жұмысын жолға қоя алмады, алдыңғы қатардағы колхозшыларды партияға тарта алмады. Мысалы, егер іскер парторг болса, Сырбай сияқты белсенді колхозшылар алдақашан коммунист болар еді.

— Сіз осы жөнде, со кісімен сөйлесіп жүретін едіңіз гой? — деді Айбарша.

— Сыр-екеңмен дейсің бе?

— Иә.

— Сөйлестім. Құрылыс басында. Ол өз алдына бір мәселе. Сонымен, қысқасы, партия ұйымы ойдағыдай іс жүргізе алмаған соң, колхоздағы қоғамдық істер салақ-

тыққа салынып, бытырап кеткен; әйтпесе, бұл колхозшылардың ұйымшылдығы да жақсы.

— Қазіргі парторг кім екен? — деп сұрады Наталия.

— Бұрын тоғыз коммунист бар екен бұл колхозда,— деп жауап берді Естай— оның алтауы майданға кеткен. Қалған үш коммунистің біреуі — қой фермасында шабан, енді біреуі — астық сарайының кілтшісі, қазіргі парторг сол...

— Батия апай ма? — деп сұрады Айбарша.

— Со кісі,— деді Естай демін ауыр ап.

— Шала сауатты кісі ғой ол.

— Иә! — деді Естай,— шала сауатты және жасы кеп қалған әйел!.. Сонымен, қысқасы, бұл колхозда жұмысты тиісті сатысына көтереміз десек, ең алдымен партия жұмысын және комсомол жұмысын жолға қою керек. Ол үшін алдыңғы қатардағы колхозшыларды партия қатарына тарту керек.

— Дұрыс! — деді Наталия,— парторг кім болады, сонда?

— Сен! — деді Естай жымыйып.

— Мен?!. Қалай?.. Мен кандидат емеспін бе?..

— Ендеше — Айбарша! — деді Естай жымыя түсіп.

— Қалай? — деді Айбарша! — Мен әлі партияда жоқпын ғой.

— Бар болмаймысың?

— Әрине, болам. Наташадан қалам ба мен?

— Таласың ба, тілегің бе? — деді Наталия.

— Тілегім болады да.

— Онда арызыңды бересің де,— деді Естай.

— Берем,— деді Айбарша,— бүгін-ақ жазайын. Бірақ, кімге?

— «Қімгең» қалай? Ұйымға бересің де, арызды.

— Парторгті айтқаным ғой.

— Пірманова Батия емес пе, парторг? Жәрдемдесеміз оған. Мүмкін игеріп әкетер. Әкете алмаса, райкомның алдына мәселе қоярмыз. Қазір оны менсінбеуге хақымыз жоқ.

— Жақсы, онда,— деді Айбарша,— мен ертең арыз берем.

— Алдын ала құттықтаймын,— деп Естай Айбаршаның қолын алды да, қолын босатпай тұрып,— мынағы сөзіме қайтайын,— деді.— «Наталия Остаповна екеуіңнің бұл колхозға келгеніңе өте қуанам» дедім ғой.

Шын жүректен айтқан сөзім бұл. «Колхозшыларды басқару жөнінде ең мықты таянышым екеуің бол!» деп өтінгім келеді, мақұлдайсыңдар ма осыны?

— Әрине, мақұлдаймыз,— деді екі қыз қосынан.

— Онда екеуіңе де рахмет!— деп Естай Наталияның да қолын алды.— Большевиктік принципті қатты ұстаймыз. Адал көңілмен сенісіп істейміз. Ымырашылдыққа бармаймыз. Қателі, кемшілікті жасырмаймыз.

— Әрине,— деді қыздар.

— Екеуіңмен қазір сөйлесейін дегенім көктемдік егістің жабдығы еді,— деді Естай.— Кешке колхозшылардың жыйналысы болатын еді. Соған дейін өзара ақылдасып алайық деп едім. Сыр-екеннің звеносының быйылғы жұмыс жоспарын бүгін бекітуіміз керек. Ол туралы да ақылдасып алатын шаруалар бар...

Естайдың сөзін кабинетке кірген бала бөлді.

— Сені Тәрбия апам шақырып кел деп еді,— деді бала, Айбаршаға. Естай балаға:

— Кейінірек барар, қазір жұмысы боп отыр,— деп келе жатыр еді:

— Тез келсін деді апам,— деді бала,— қонақтар жүргелі жатыр деді...

— Мен барайын, онда!— деп көтеріле берген Айбаршаға:

— Екі мәселе еді,— деді Естай,— біреуі — Наталия Остаповна, саған байланысты, біреуі — Айбаршаға байланысты.

— Мысалы? — деді Айбарша.

— Мысалы, көктем егісін жоспарлы кезінде бітіру керек; ол үшін, егін себетін жерді кезінде жыртып, бораналап, сеуіп үлгеруіміз керек, соған ақылдасып отырып соны пландауым керек еді. Наталия Остаповнамен пландағым келгені — агротехника мәселесі еді.

— Бірақ, осы мүмкін бе, қазір,— деді Наталия.

— Неге мүмкін емес? — деді Естай.

— Оның бәрін пландау үшін, ең алдымен егін себілетін жерді көру қажет, әйтпесе қалай пландайсың?

— Әрине,— деді Айбарша,— басқа өлкеден келген Наталия түгіл, осы арада өскен маған да, қай мерзімде қанша гектар жер жыртып үлгеруді шамалау үшін, жердің жағдайын шамалау керек.

— Райзода бекілген план бар,— деді Естай,— Самарқан жасатқан. Картасы осында. Қай жерде қанша

гектар бары көрсетілген. Соған қарап мөлшерлемейміз бе?

— Оған да қарайық. Бірақ, көзбен көріп алмай да болмас,— деді Наталия,— өткені қанша дәл дегенмен, жердің қағаздағы планы мен табиғат құрылысының арасында айырма бола береді. Соны дұрыстап ұғу үшін, көзбен шолып, бар жағдайымен танысып алған жөн. Бірер күн кешіккеніміздің оқасы болмас. Уақыт әлі бар. Іс жоспарын жерді көріп ап жасағанымыз жөн болар.

— Мен де соны мақұлдаймын,— деді Айбарша.

Естай аз ойланды да:

— Болсын онда,— деді,— бірақ кешікпейік, Айбарша. Қонақтарың аттана салысымен біз де аттанайық. Сыр-екенді ала кетейік, өйткені жер мөлшерін со кісі ғана жақсы біледі.

Айбарша кете, Естай коцілінде түйткіл боп жүретін бір мәселені Наталиядан оңашада сұрап алғысы келді, ол агротехника мәселесі, әсіресе жерді өңдеу мәселесі. Неге сұрау себебін Наталиядан жасырған жоқ.

— Сен кешірім ет, Наталия Остаповна,— деді ол Айбарша есіктен шыға,— ең алдымен, мен сені «сен» деп кеттім. Жақын көретін кісіні «сіз» деу салтымда жоқ еді.

— Пожалуйста, пожалуйста!— деді Наталия.

— Екінші айтайын дегенім — мен осы колхозға председатель болдым ғой. Бұрын колхозды басқарған тәжрибем жоқ, сонымды райкомға айтып ем, «іс үстінде үйренесің» деп болмады. Міне, мен енді председательмін. Председатель болу — колхоз шаруасын біліп басқару деген сөз.

— Әрине.

— Ал, мен көп жұмысты білмеймін. Мысалы, сен білетін агротехниканы, оның көп оқып барып түсінетін ғылым екенін білем. Дегенмен, түсінуім керек қой, жасыратыны жоқ, мен әлсізбін. Сізден осы туралы мәліметтер алғым келеді. Әрине, бір кезде емес, әр кезде.

— Сұраңыз!— деді Наталия.

— Ең алдымен білгім келетіні — жерді өңдеу мәселесі.

— Егістік мәдениеттің әрқайсысы әртүрлі өңдеуді тілейді, сізге қайсысын айтайын? — деді Наталия.

— Ең алдымен күрішті.

— Күріштi егетiн жердi өңдеуге үш түрлi дәрi керек екен де, — дедi Наталия, — азот, фосфор, калий. Бiр гектар жерге жүз отыз бес килограмм азот, жүз килограмм фосфор, жүз жыйырма бес килограмм калий керек.

— Қайдан шығатын дәрi бұлар? — дедi Естай.

— «Азот» деген жалпы аты, — дедi Наталия, — дәрiнiң өзiн «аммония» дейдi, «аммиак» дейдi...

— Өзге аты жоқ па? — деп сұрады Естай мына сөздер құлағына ерсiлеу естiлген соң.

— Бар, сульфат.

Естай Наталияға, қазақтың құлағына осы ат қонымды екенiн айта кеп, әсiресе, Сырбаймен сөйлескенде «сульфатты» қолдануын өтiндi.

— Бұл өзi, негiзi тұздан шығатын зат, — дедi Наталия, — жердiң астынан шығатын тұз ол. Ондай тұздың бiр мол жерi — Орал тауының батыс жағы. Ертеде осы ара теңiздiң асты болған дейдi ғалым. Сол теңiз бiрнеше миллион жылда кеуiп бiткен. Сол кепкен теңiздiң астында қалың тұз қалған да, бетiне шөп өскен жер жыл сайын қалыңдаған.

— Қалай тапқан соны?

— Жер астындағы сол тұздың, ең алғаш Қама өзенiнiң балықшылары көрген. Қазiр сол маңайда тұз алатын толып жатқан шахта бар.

— Таусылмайтын тұз ба екен?

— Көпке жетсе керек. Таусыла қалған күнде, ондай тұзы бар жер бiздiң Отанда толып жатыр. Каспий теңiзiнiң жағасындағы «Қарабұғаз» деген көлдiң өзiнде ғана жыл сайын бiрнеше жүз жылға жететiн сульфат байланады.

— Сол тұздан жер өңдейтiн дәрiнi қалай жасайды?

— Тұзда «азот» деген зат көп болады. «Азот» бiз дем алатын ауада да көп, бiрақ, оны алу қыйын, тұздан алу оңай.

— Азотты қалай алған тұздан?

— Қама өлкесiнен балықшылар тұз тапқаннан кейiн, орыстың атақты ғалымы, академик Курнаков зерттегенде, азотты да, калийдi де содан тапқан. Солардан сульфат-аммония, аммоничная селитра, лейная селитра, калийная соль деген сыяқты, егiнге керек көп дәрi жасаған. Соларыңыз мыналар, — деп Наталия бiр қалтасынан қағазға

ораған затты ашса, ішіндегі тұз сыяқты заттар бірнеше бөлек қағазда, тұзға ұқсайтын ұнтақтар бар екен.

— Ал, мынау бозғыл топырақты суперфосфат деп атайды,— деді Наталия, екінші қалтасынан суырған қағазды жазып,— оны фосфор дейтін топырақтан жасайды. Бұл топырақ, біздің Қыйыр Шығыста, әсіресе Хивин тауларында көп, жер өңдеуге қажет фосфор, апатит аталатын кеннен де жасалады. Немістің Крюгер дейтін бір оқымыстысы, біздің совет жеріндегі апатитті құнсыз деп дәлелдемек болған екен, біздің академик Ферсман оның дәлелін жоққа шығарды.

— Сонымен, осыларыңның пайдасын айтыңыз!

— Пайдасы: егінді, әсіресе күріштi жақсы өсіреді. Бірақ, осыларды араластырып себу керек. Егер жеке сепсе, пайда орнына залалы болады. Мәселен, азоттың өзін ғана сепсе, күріштің сабағы зорая береді де, басы кеш дән тартады және өскеннен соң құлағыш болады. Фосфор ескі жерге болмаса, жаңа жерге өз бетімен өң бермейді. Калий де сондай. Сонымен, қысқасы әлгі дәрілерді егінге араластырып себеміз және бір рет емес, үш рет себеміз: тұқым шашарда, егінді бірінші отағанда, егінді екінші отағанда...

Олардың сөзін манағы келген баланың тағы да келуі бөлді.

— Нэ? — деген Естайдың сұрауына:

— Айбарша жіберді,— деді бала,— қонақтар жүргелі жатыр, тез келсін деді.

— Барайық, онда,— деп Естай да, оған ере Наталия да түрегелді.

Орындарынан қозғалғанда:

— Наташа! — деді Естай,— жаңағы айтқандарың, менің сенен оқыйтын сабақтарымның басы, аягын жалғастырамыз, әлі.

— Әрине,— деді Наталия,— бірақ, менің сізден де алатын сабақтарым барын есте тұтыңыз.

— Менде қандай сабақ болуы мүмкін?

— Олай деуіңіз дұрыс емес. Ең зор сабақ — өмір. Айбарша екеумізге қарағанда, сіз өмірден әлдеқайда көп оқыған адамсыз. Сондықтан, біздің сізден де алатын сабағымыз көп болады. Ол сабақты біз де бастап қойған сыяқтымыз.

— Қалай?

— Кешеден бері сізден пайдалы көп сөз естіген жоқпыз ба, солар сабақ емей не, біздерге?

— Солай-ақ болсын,— деді Сырбай үйіне баруға асыққан Естай,— әрқайсымыз білген сабағымызды өзгеге оқыта берейік те. Бір-бірімізден сабақ алуымыздың басы осы болсын.

— Я согласна.

•

Бесінші тарау

БАСҚАРМА МӘЖІЛІСІНДЕ

Бахытжанды ұйқытатқаннан кейін, үй шаруасымен біраз айналысып, төрге тастаған жастықты жастана жаңа ғана қалғып берген Тәрбия, есік алдында гүр ете қалған машинаның даусынан шошып оянып, төсектен басын көтере түрегелді.

«Бұ кім екен?» деген ой кеп кетті, есеңгіреуі лезде басылған оның ойына.

Бұқтырып қойған керосин лампының білтесін бұрап көтергенше, әлдекім есік қақты.

Үйіне келген кісіге «кімсің» деу әдетінде жоқ Тәрбия, жеңілдеу киімдерін үстіне тез іле сап, ескілеу түбіт шәлісін басына орай сап, ілгегі салынулы тұрған ауыз бөлменің есігін ашты. Қысқы ықшам киіммен әлдекім кіре бергенде, Тәрбия танымай бірер адым шегінді де, кескініне қадала қарағанда таный кетіп:

— Өй, Анатөл! — деді қуанышты даусыпен.

Тәрбияның басына Анатолий Кондратьевич туралы «ол орыс, біз қазақ» деген ой ешуақытта келген емес.

Сондай, ең жақын адамының бірі Анатолий Кондратьевичтің күзден бері бұл үйдің босағасын аттамауы Тәрбияның бір бүйірінде сақталып, іштей сағынып жүретін. Сондықтан да, жуырда Гүлнар қонақ боп аттанарда, Анатолий Кондратьевичтің көптен қатпаспауын айта кеп:

— «Еске алсаң ескі асыннан сақта» деп еді, күзгі сойған қойдың жамбасы еді мынау, қарының жұмыршағына әдейі арнап сақтаған сарымай еді мына біреу, осыларды ала бар, ауыз тисін,— деп беріп жіберген.

Сөйткен Анатолий Кондратьевичтің ойда жоқта кіріп келуі Тәрбия үшін күтпеген жаңалық болды.

— О, жеңгей! — деп кірді Анатолий Кондратьевич

есіктен, таза қазақ ақцентімен,— ұйқыңнан ояттық білем, көріспегелі көп заман, қолдасып амандасамыз ба, құшақтасып амандасамыз ба?

Екі қолын бірдей созған Анатолий Кондратьевичті Тәрбия құшақтай алар еді, егер оның соңынан біреу кіре бермесе. Оны Тәрбия тосырқап барып таныды, Самарқан екен. Алғаш таный алмауына Тәрбия айыпты да емес еді: Самарқанның бұрын қырып жүретін мұрты қарайып, қыяқтанып өсіп кетіпті.

Қолдасып қана амандасқан Анатолий Кондратьевич Тәрбияға аса көңілді көрінді. Расында да солай еді. Бұған бір себеп — аранын ашқан ажалдың аузынан жалғыз қызының аман келуі болса, екінші себеп — Алматыдан жолы боп қайтуы.

Республика астанасына ол плотина құрылысының зерттеу жұмыстарын бір ыңғайлап болып, жоспарын да долбарлап бітіріп, енді, алдағы жазда геологиялық соңғы жұмыстарын жүргізуге, болашақ плотинаның участогіне жұмысшылар поселкесін сала бастауға қаражат сұрау үшін және жасаған істерін мақұлдату үшін барған. Бұл жөнде оның бір қуанышы — Халық Комиссарлары Советінің бюросында тыңдалғанда, жасап апарған долбары жоспардың негізіне алынып қабылдануы болса, екінші қуанышы — осы бюрода оның алдағы жаздағы жұмысына табаны күректей бес миллион сом ақша берілді...

Бес миллион сом!.. және, мынадай, әрбір тыйын Ұлы Отан соғысына бір оқ боп жатқан кезде... соғыс кезінде пайдаға аса қоймайтын болашақта ғана пайдасы бар құрылысқа үкіметтің осынша ақша босатуы не деген ғажап!..

Одан да ғажабы — партиялық, мемлекеттік я шаруашылық мекемелердің қайсысына барса да, соғыс қанша ауыр жүріп жатқанмен, ешбір мекемеде, ешбір қызметкерде абыржу жоқ, бәрі де салмақты, сабырлы, ойлы жұмыста!..

Бұл, әрине, Отанның болашағына, жауды жеңуіне, социалистік құрылысты үдете түсуіне, коммунизм құруына нық сенімнің белгісі!..

Анатолий Кондратьевич те мекеніне сол сеніммен қайтты және үкімет пен партия орындарына алдағы күзде плотина жоспарын аяқтап болуға уәде беріп қайтты...

Сырбай үйіне осы зор қуанышын досына естірткелі және канал құрылысын көргелі келген беті еді...

— Сыр-екең үйде ме? — деп сұрады Анатолий Кондратьевич, амандықтан кейін.

— Басқарманың жыйылысы болады деп кеткен. Кәне, төргі бөлмеге кіріңдер!..

— Шешініңдер, отырыңдар! — деді Тәрбия, төргі бөлмеге кірген қонақтар түрегеп тұрған соң.

Самарқан төрге отырғаннан кейін, жолшыбай тоңып қырап келген Анатолий Кондратьевич төргі бөлменің босаға жағында ерсілі-қарсылы бірер рет жүріп еді, үстіне масақана құрған кроватьтың үстінде бергі түріп қойған етегінен беті ғана көрініп жатқан ұйқыдағы жас балаға көзі түсті. Іші жылып кеткен Анатолий Кондратьевич, көңілі жетектей тұра, кроватьқа жетіп барған жоқ.

Немере дегеннің ыстықтығы өз белінен шыққан баладан кем болмайтындығын, Анатолий Кондратьевич, больницада туған Бахытжан босағасын алғаш аттағанда-ақ біліп, «кәне, көрейін мен метисті»... деп қолына алған баланың шөкімдей ғана кішкене бетіне көзі түскенде, махаббаттың мәнгі өшпес сәулесі жүрегінде тұтана қалған.

Немересін көрсін, көрмесін, со сәуле оның жүрегінде жарқырай түспесе, әлсіреген емес. Бірақ, іштей соншә сүйе тұра, сыртқа сонысын білдірген емес. Сондағы оның қарайлайтыны Тәрбияның көңілі ғана. Оған қарайламас еді, егер онда осы сәбиге иненің жасуындай алалық болса. Өзінің де байқауынша, өзгенің де айтуынша, Тәрбия осы балаға жанын үзіп тұрған бір адам. Баланы соншалық жақсы көретін, мінезі қазақылау адамның көніліне, егер балаға өзеуресем қаяу салам ба деген оймен, бұл үйге келсе, баладан бойын сырғақтау ұстауға тырысады.

Бұл жолы да сөйтейін деп еді, балаға жақындауына Тәрбия себеп болды. Немересіне Анатолий Кондратьевичтің жүрегі елтіп тұруын кескінінен абайлаған Тәрбия:

— Бәрімізге ортақ бала ғой, Анатөл, искегің, сүйгің келсе рұқсат! — деді.

— Рахмет, жеңгей,— деді Анатолий Кондратьевич, — қалай, өзі?

— Тіл-аузым тасқа,— деді Тәрбия,— үйіміздің базары өзі. Қылығы сонша тәтті, қазір қабағыңды жаптырмайды, орынсыз жерде күлдіреді, сөйлетеді,..

— А ну-ка, я посмотрю на него,— деп Анатолий Кондратьевич аяғын ептеп басып кроватьқа жақындады да, ұйқыдағы баланың кескініне төнді.

Пысылдап қана ұйқтап жатқан бала, осы қалпында

оған осындай кезіндегі Галясына ұқсап кетті!.. «Аумаған сол!.. Дәл өзі!..»

Ішінде сағыныш пен махаббаттың жалыны лапылдай қалған Анатолий Кондратьевич, демін қатты тарта, ұзақ соза бір алды да:

— Ұйқтасын,— деді кейін шегініп.

— Неге искемедің? — деді көзіне жас кеп қалған Тәрбия.

— Кісі баласын искеуге бола ма,— деді Анатолий Кондратьевич қуланып,— бала сенікі ғой.

— Болмаса, мен неге искеймін,— деді Тәрбия.— Искеп түгіл сүйіп те тоймаймын. Баланы жақсы көру үшін, іштен шығу міндетті емес екен...

Тәрбия өксіп жылап алды. Оның есіне Дәулет те түсіп тұрғанын аңғарған Анатолий Кондратьевич:

Бұлай етудің керегі жоқ,— деді Тәрбияны тез жұбататын сөзді есіне түсіріп ап,— бейуақытта жылауға болмайды, әсіресе түзде жолаушысы бар, тілеу үстіндегі кісіге.

— Қойдым, тоба жасаған, тоба! — деді ырымшыл Тәрбия, Анатолий Кондратьевичтің сөзі жүйесіне түсе қап, көзін сүртіп.

— Қашан кетіп еді Сыр-екең? — деп сұрады Анатолий Кондратьевич.

— Іңірде.

— Қалай көп отырған! — деді Анатолий Кондратьевич, білек сағатына қарап,— түн ортасы ауып барады ғой.

— Солай боп қалды ма? — деді Тәрбия.

— Жыйылыстарын неге кеш бастаған?

— Өздері іңірде келді.

— Кімдер?

— Біздің шал, Айым, Естай, Наташа — төртеуі жер көреміз деп кетіп, үш күнде оралды. Шал өзгелерінен кейінірек келді. Жыйналыс соған қарап кешіксе керек.

— Қалай, қарттың көңілі?

— Қайдам,— деді Тәрбия қабақ шытып, достас Анатолий Кондратьевичтен көргенін жасырғысы келмей,— қабағы келіспей келді ме, немене...

— Неге?

— Қайдам, не екенін. Сексеуіл сыяқты қыңырайған кісі емес пе, өз ырқынан басқаға көнбейтін... Тіс жарып ешнәрсе дей қоймағанмен, тегі, балалармен әлденеменеге

келісе алмай келді ғой деймін. Жыйналысты да ұзақ ұстап отырған сол болмаса не қылсын!..

— Өзің бармадың ба, жыйналысқа? — деп сұрады Анатолий Кондратьевич.

— Шақырып еді, барғам жоқ.

— Неге?

— Қайтем, барып. Белсенді бір шалды шығарған жоқпыз ба осы үйден.

— Сен де мүше емеспісің колхозға? — деді Анатолий Кондратьевич ойнақы үнмен.

— Мүшемін.

— Ендеше, жыйналысқа қатнаспауға бола ма?

— Тапсырғанын орындасам, несі бар менде?

— Кімді айтасың, «несі бар?» деп?

— Колхозды айтам да.

— Не тапсырмасы бар еді?

— Жер жіби ауылға да, егіс басына да ағаш отырғызғалы жүр ғой, осы колхоз. Жуырда сол жөнде жыйналыс болып еді, бір қатындар жыйырма-отыз түп тігеміз деп сандалады. Мен ерегістім де, «жүз түп тігем» дедім.

— Әйелі ерінің оң қабырғасынан жаралады дейтін еді, рас екен ғой сол,— деді Анатолий Кондратьевич.— Сыр екеңнің осындай бір шыға тартатыны болушы еді, соған ұқсаған екенсің, жеңгей. Қай жағыңның ұсынысың өтті сонымен?

— Маған еріп он шақты қатын жүз түптен тігетін болды. Ең аяғы жыйырма бес...

— Бұл колхозға берген пландарыңыз бар ма еді? — деп сұрады Анатолий Кондратьевич Самарқаннан.

— Райзоның пландауы бойынша, алты мың түп отырғызбақ та.

— Онда, план орындалмайды екен ғой,— дей берген Анатолий Кондратьевичтің сөзін Тәрбия бөліп:

— Неге орындалмайды,— деді,— мектеп мың жарым түпті міндетіне алды, детдом екі мың егеміз депті дейді. Жетпей ме сонда планға?

— Асып кетеді,— деді Анатолий Кондратьевич.

— Егер орындап шықса,— деді Самарқан.

— Неге шықпайды? — деді Тәрбия,— берген уәдесін орындамаса кісі бола ма?

— Рас,— деді екі қонақ.

Өз еркімен емес, қонақтарының ауқыметімен кеңеске

алданып қалған Тәрбия, жетіқараңғы түнде ешқайда бармас деп ойлады да:

— Тағы қандай міндеттеме алдың? — деп сұраған Анатолий Кондратьевичтің сөзіне «кейін айтармын» деп қана жауап беріп, ас даярлайтын ыңғай көрсетті.

— Аска әуре болма,— деді Анатолий Кондратьевич.

— Неге?

— Жыйналысқа барамыз.

— Осы түнде ме?

— Біз сыяқты жұрт отырған жоқ па, со жыйналыста. Сіз қалай карайсыз? — деп Анатолий Кондратьевич Самарқанға бұрылып еді:

— Обязательно барамыз,— деді ол.

Олар барса, лық толған клубтың іші ын-жың екен.

Бұл жыйналыс ең алғаш колхоз басқармасының мәжілісі боп ашылмақ еді. Естайдың ойы — бірер сағатта басқарма мәжілісін өткізіп ап, соның ізін шала, колхозшылардың жалпы жыйналысын шақырып жібермек:

Хабар осылай айтылғанмен, ымырт жабыла жыйналған басқарма мүшелерімен қабаттасып, колхозшылар да кеп қалды. Және, келгенде анау-мынау келген жоқ, жүруге жарамайтын бірлі-жарымды мүгедектер болмаса, тайлы-таяғы калмай түтас келді. Колхоз орталығында жуырда ұйымдасқан балалар яслиіне апарып тастап, жас баласы бар әйелдер де жыйналыстан қалған жоқ.

Мектептің мұғалімдері мен жоғарғы кластардың балалары сол күнгі жыйналыстан кейін колхозшыларға спектакль көрсетпек еді. Жұрт ертерек жыйналып қалған соң, Естай басқарманың мәжілісі біткенше спектакльді ойната бермек боп еді, председательдің кабинетіне жыйналған басқарма мүшелеріне Сырбай ұсыныс жасады. Әуелі ол, басқармада және колхоз жыйналысында не мәселелер каралуын сұрап алды да, екеуінің мәселесі бір болғандықтан:

— Бір бастың жағын екі айырып қайтеміз жұдә, — деді басқарма мүшелеріне,— мұнда да, онда да айтылатын сөз біреу болған соң, бірге-ақ өткізгеніміз дұрыс емес пе?

— Ол рас қой, Сыр-еке, бірақ, әуелі басқарма мүшелері боп өзара келісіп алатын кейбір мәселелер бар ғой, солар туралы ынтымаққа келіп алмай, көптің талқысына тастауымыз жөн бола ма? — деп, Естай Сырбайға, өзара келісімге келе алмаған бір сөздерді елестетіп еді:

— Ел бұзылып, ертіс сөгілетін не бар еді, сонда? — деді Сырбай, бұл сөзді ұнатпай,— қайсымыздың айтып жүргеніміз де жүдә осы колхоздың қамы емес пе? Көпшілік тез емес, жүдә. «Жатпайды қыйсық ағаш тез қасында» дей ме? Мінді қашан да көпшілік тез көреді және тез түзейді және біздің оларға айтатынымыз — біздің ғана жұмысымыз емес, осы колхозшылардың да жұмысы. Өзіндік іске, көпшілік қашан да әділ. Ендеше, олардан бүгетін не бар, жүдә? Өзің көрдің бе, қанша адам жыйналғанын? Менің көзім түсті. Жүдә, қыбырлап аяқ басар адамнан жан қалмаған көрінеді.

— Рас,— деді Естай, демін соза ап,— бұл көктем сөғыс басталғаннан кейінгі бірінші көктем. «Біреуі шаруаның екеу болып» деп Ыбрай Алтынсарин айтқандай, көктем малдың да төлдейтін кезі, егіннің де себілетін кезі. Шаруаның бұрқырап өсетін кезі, бұл. Колхозшылар бір жақтан соны қуаныш көрсе, екінші жағынан, бұлайша түп-түгел жыйналуы — әрқайсысының патриоттық, тоесть, отаншылдық сезімінің жоғары екенін көрсетуі.

— Жүдә, дұрыс,— деді Сырбай,— ендеше жыйналысты бірге жасайық. Ешкім де қыйсая тарта қоймас. Жөн сөз дегенімізді көптің талқысына салармыз да, мінді сөзді жұрт көрсетер, сөйтіп, ымыраға келерміз де, бірлесіп іске кірісерміз.

— Қалай қарайсыздар? — деді Естай басқарманың өзге мүшелеріне, өзі көніп қалған кескін білдіріп.

— Солай-ақ болсын,— деді олар.

Жыйналыста екі мәселе қаралды; бірі — колхоздың екінші тоқсандағы іс жоспары, екіншісі — Сырбай звеносының мәселесі.

Алғашқы мәселе туралы баяндама жасаған Естай, бұл тоқсанның ерекше жауаптылығын айта кеп, өзге міндеттермен қатар, малды төлдетуде, егінді себуде қажетті істердің бәрін, оларды орындап шығуда кімдердің жауапты екенін, әр істің басталатын, орындалатын мезгілін план бойынша жүйе-жүйесімен айтып шықты.

Бұл баяндамада айтылған сөздерге көпшіліктің құлағы қанық болғандықтан, планды істердің орындалуына қажетті қосымша ұсыныстар жасау болмаса, шырыш бұзарлық даулар көтерілген жоқ.

Көпшілік екі мәселеге көбірек тоқтады: бірі — овощь отырғызу мәселесі, бірі — ағаш тігу мәселесі.

Бірінші мәселе туралы көпшілік күтпеген бір жаңа-

лық кеп шықты: овощь отыргызатын бригаданы басқару ісін, Тартоғайдағы детдомның қызметкерлері алыпты, оларды бастайтын детдомның директоры Антонина Порферьевна Лагода екен. Осы жыйналыска қатнасқан Антонина Порферьевна шығып сөйлегенде:

— Жолдастар, бізге тапсырылған міндетті істі қалай орындауды бригада мүшелері боп өзара талқылармыз, оған сіздің уақыттарыңызды алмайын,— деп бастап, он бес-жыйырма минуттай уақытта, Совет отанындағы халықтар достығының тамашалығын, соның айқын бір дәлелі — Украинадан келген детдомға жергілікті халықтың аса зор қадыр-хұрмет жасауы екенін тыңдаушылардың жаны толқынданарлық леппен айтып шықты. Кей жерде өзі де көзіне жас алып, кейбіреулерді жылатты да. Сөзін ол:

— Біздің бригада міндетті ісін артығымен орындап шығуына уәде берем! — деп догарып,— көпшілік шапалақ ұрғаннан кейін, бар даусымен:

— Жасасын, халықтар достығы — деп ұран шақырды да, өзі трибунадан жылап түсті. Залда отырған әйелдердің біразының көз жасы сонда ағытылды.

Сезімі ауырланқыраған Естай, көпшілікке:

— Лагода жолдастың сөзін қазақшаға аударайық па? — деп еді:

— Түсіндік! — деп ду ете қалды көпшілік. Олары рас еді. Антонина Порферьевна украиндық акцентпен орысша сөйлеп шықса да, орыстың тілін шала білетіндер, я білмейтіндер, оның не айтып тұрғанын жүрегімен ұқты.

«Ағаш егу» дегеннің шын магнасын колхозшылар осы жыйналыста Наталия баяндап, Айбарша аударған сөзден ұқты. Бұрын олар жеміс беретін ағаштардан басқаларын сәндік үшін, немесе керек-жарақ үшін ғана егіледі деп ойласа, енді тыңдаса — өзге пайдаларын қоя тұрып, оның бұл ара үшін зор үш пайдасы бар екен:

Бірінші — Егінді желден қорғайды. Бұл маңайға теріскейдің желі емес, күнгейдің желі қауыпты. Теріскейдің желі алыстағы теріскейдің ызғарын бұл араға со күйінде жеткізе алмайды; Арқаның кең даласынан өткенше, ызғардың зәрі сынып, қуаты кетіп қалады. Күнгейлік желдің қауыпты болатыны — Орта Азияның ыстығы бұл араның іргесінде тұр. Одан қозғалған жел, жолында бөгеті болмағандықтан, тез арада лақ етіп кеп құйыла қалады.

Ол құйылса, ақ егісті қуартып кетеді, көк егісті жығып кетеді. Сондықтан, Наталияның айтуынша:

— Егінді жедел қорғау үшін, ағашты егістік танаптардың айналасына да егу керек және қауыпты жел со жақтан көбірек кездесетіндіктен, күнгейге көп егу керек.

Екінші — бұл маңайдың егіні суарылатындықтан, жерінің беті дымқостанып жатады. Со дымқос күннің ыстығына буланып ұшса, жердің беті сортаңданған кебірге айналады да, суарған-суарғаннық арасында қабыршақтанып қата береді. Қатқан қабыршақ, егістіктің сабағын қысып, еркін бой жаздырмайды. Егіс танабын айнала ағаш егілсе, әрі ауаны желпіп салқындатып, әрі күн сәулесін өзіне көбірек тартып, әрі ыстық лепке сая болып, жердің бетін қабыршақтандырмайды.

Үшінші — егіні көп суарылатын жердің біразы, су қалың сіңгендіктен сазға айналып кететіні мәлім. Осы сазды құрғатуда ағаштың пайдасы орасын: жуандап алған ағаш, сөткесіне үш мың литрдей жер астының ызасын бойына тартып, керегін алады да, өзгесін бу қып ұшырады; тігілген жас шыбықтың өзі күніне 500 литр ылғал тарта алады...

Осының бәрін Наталия айтып, Айбарша аударғанда, тыңдаушылар хайран қап, қаулы алынғанда, бұрын ұйғарған 14 мың жарым түптің орнына 20 мың түп отырғызатын болды. Бұл жұмысты басқару — бақшашы Ақпан шалға тапсырылды.

Естайдың баяндамасына толықтыру ретінде, жер жырту жөніндегі пікірін Айбарша, агротехниканы қолдану мәселесін Наталия толық айтып шықты.

Айбаршаның баяндауынша, жер жырту жағынан, көктемдік егістің планы орындалмай қалу қаупы жоқ екен. Оның айтуынша, алпыс аттық күші бар ЧТЗ-ге, 12 корпустық 4 соқа тіркеп, майлауын, трактористердің демалуын қоспай күніне 16 сағаттан жүргізсе, тоқтаусыз жүргенде 20 — 25 гектардан еркін айдайды екен.

Колхоздың быйылғы егіс жоспары 310 гектар, оның ақ егісі 110 гектар, көк егісі 150 гектар, өзгелері басқа дақылдар. Айбаршаның есептеуінше, орта шамамен күніне 15 гектар жер айырғанда, колхоздың бар егіс танабын жалғыз ЧТЗ-ның өзі 20 күнде бітіріп кетеді.

Күп жағынан колхозды бұл қанағаттандырады: ол арада, көктем егісі апрельдің ортасынан басталып, майдың 10 — 15-де аяқталады. Және бір қолайлы жағдай — көк

егіс майдың бесінен бұрын себілмейді, күн кешірек ысыса, майдың жыйырмаларында бітірсе де кештік қылмайды.

Айбаршаның осы кеңестерін және егін танабының қай тұсын қашан жыртатынын түгел тыңдағаннан кейін, қанағаттанған жұрттың тек қана айтқандары:

— «Өзекті жанға өлім бар» депті. Тракторың толып жатқан тетікпен жүретін машина. Соның бірдемесі бұзылып қап кесір жасамаса!

— Мына соғыс дүниені тапшылыққа айналдырды ғой, діңкеңді майы жетпей құртып жүрмесе!..

Бұл қауыпты айтқандар өгіз, ат сыяқты көліктерді пайдалануды ұсынып еді, көлік жыртқан жердің шалғайлығын, тракторына сенімін айта кеп Айбарша қарсы болды.

Дегенмен, көпшілік трактор бұзылу қаупын ойлап көліктерді даярлап отыруға қаулы алды.

Дау Наталияның қосымша баяндамасынан көтеріліп кетті. Оны бастаған Сырбай. Бұл дау кеше ат үстінде басталған. Жер аралап жүріп кеңескенде, Наталияның агротехникалық пландарын Айбарша мен Естайдың аударуы арқылы естіп алып, ұнатқанын қысқаша айта кеп, ұнатпағаны туралы:

— Шырағым, мұндай даулы мәселені, сен жұдә жұрт арасына әзірге дабыра қыла көрме; кейін өзара түсінісіп алған соң айтарсың,— деп еді Сырбай. Ол арада ашып жауап қайыра қойғаған Наталия, сол айтқандарын одан да ажарлап колхоздың жыйналысына әкеп қойып қалды.

Наталияның далада жауап қайтармауына себеп — оның сөзіне Сырбайдың елеусіздеу қарауын байқағандық еді.

Расында да Сырбай Наталияны мамандық жағынан менсіне қойған жоқ. Агротехникадан қарақғы оның ойында, егер жері мен суы келіссе күріш өсіру тәсілін, аяғын тік басқан пендеде өзінен артық білетін жан болуға тиісті емес. Сондықтан, Наталияның агротехника туралы әңгімелерін ол сол құлағымен ғана тыңдап, ықлас қойған жоқ. Әсіресе, жерді дәрі-дәрмекпен өңдеу туралы әңгімелерін тыңдаған жоқ.

«Егінді дәрі-дәрмекпен өңдейді» деген сөзді Сырбайдың құлағы бұрын да шалғанмен, дәл өз колхозына ол «дәрі-дәрмек» келе де қойған жоқ еді; сырттан естігенге Сырбай сене де қойған жоқ еді. «Жері, суы келіскенмен де, егінді шығару тетігі тәңіріде» деп сенетін ол, сап-сау

табиғи жерді дәрілеу ісіп тәңірі алдында күнә да көретін. Сондықтан ол, ілгерірек жылдары егіс орнына көң төгуге де қарсы боп, зорлағандай әрең көнген.

Көңге солай қарайтын Сырбайдың «дәрі-дәрмек» дегенге бойы жыйырыла қалды. Дегенмен, тура қарсылық айтуға ыңғайсызданып, өзінше дипломатия жасаған боп:

— Шырақтарым,— деді ол Наталия мен оның сөзін аударған Естайға,— маған жүдә бір жыл ғана мұрша беріңдер, дәрі сеппей-ақ қойыңдар менің танабыма, оны басқа біреуге себіңдер, жүдә содан кем егін алсам сөгіңдер мені; әйтпесе, еншалла, кем ала қоймаспын.

Наталия мен Естайдың қайталап айтқан өтінішіне Сырбай сырттай үнсіз жауап берді де, іштей «айта бер, аузыңды аяймын ба сендердің, менің өз айтқаным айтқан» деп қорытты.

Біраз уақыт сол ойға табан тірегенмен, даладан колхозға беттей, Сырбайдың бұл мәселені шешіп алғысы келді, өйткені, егер Наталия бұл мәселені басқарманың, не колхозшылардың талқысына салса, олар Наталияны қолдаса, колхоздың тәртібіне көндігіп үйренген Сырбайға көнбей болмайды. Оның Наталиядан «даулы мәселені көпшілік арасына салма» деп өтінуі содан еді.

Наталияның ашып жауап бермеуін ол, «сөзімді тыңдағаны болар» деп жорып еді; онысы бекерге шығып, өз пікіріне көпшілікті үгіттегісі келген тонмен, Сырбайға айтқанынан гөрі де жатық қып, жер өңдеуді, әсіресе дәрідәрмекпен өңдеуді айтып шықты.

Сырбайдың байқауында, көпшілік бұл сөзге ұйып қалған сыяқтанды. Солардың арасынан біреуі қуланды ма, әлде расы ма:

— Жөн ғой бұл сөз, бірақ осының өзін әуелі, Сыр-екеннің танабына қолданса қайтеді? Мол өнімші болам деп жүрген со кісі ғой?— деп сөз тастап еді:

— Жүдә қай сөзің ол? Шетке шығарғаның мен болғаным ба?— деп Сырбай байланыса кетті. Анау адам:

— Пайдалы деп отырған істі айту, шетке шығарған бола ма екен, Сыр-еке-ау?— деп келе жатыр еді:

— Сен тұра тұршы, жүдә, қыстырылмай! — деп Сырбай тоқтатып қойды да,— дәрі-дәрмегінің мәнін ақылдаса жатармыз,— деді, колхозшылардың алдында, жаңа келген жас маманға тіктен-тік қарсы келуді ыңғайсыз көріп,— екі мәселенің басын ашып алайық, мұнда.

— Әуелі мына көтерілген мәселені аяқтап алайық та...

— Сөзді қысқарта сөйлеу керек, өзі...

— Рас, түн ортасы ауып барады, отыра береміз бе осылай?..

— Ертең де іс бар емес пе?.. — деген сыяқты сөздер дуылдай қалды.

Самарқан мен Анатолий Кондратьевич клубқа осы кезде кірді.

Клубтың іші лық тола адам екен. Төбедегі екі аспа шам жағылғанмен, керосині, немесе білтесі нашар ма, залдағы сәуле өте күңгірт. Бүгін пештің жағылуынан, әрі көп адамның буынан зал ысып кетіп, көпшіліктің тілегімен есіктер ашық тұр.

Самарқан мен Анатолий Кондратевичтің кіргенін залды сіреспе толтырған көпшілік абайлаған жоқ. Сөзге бөгет болғысы келмеген олар, босаға жақтағы бір топ баланың арасына қыстырылып отыра кетті. Оларды танымаған кейбір балалар, «кім бұлар?» деп өзара күңкілдесейін деп еді, «сөз тыңдайық та!» деп біреулері ұнатпаған соң, күңкіл доғарылды.

Дабырлаған көпшілік жай сөзіне басыла қоймаған соң, Естай орнынан түрегелді де, үлкендігі шеркеудің кіші-гірім қоңырауындай тұтқалы жез қоңырауды қаңғырлата соғып жіберді. Оны қызық көргендей, балалар «о-ho!» деп ду ете қалғанмен, қаңғырлаған қоңырау зықысын шығарғандай зал лезде тына қалды.

— Ұят емес пе, бұларың, аранның ұясындай ызыңдап?— деді Естай көпшілікке.— Даурығумен іс біте ме? Тыңдасып сөйлейік те!... Көп отырғанымыз рас,— деді ол, сахнаның қабырғасындағы сағатқа қарап ап,— күнде жыйналуға уақыт қайда? Бір айда болған бір жыйналыс.. Бұдан кейін егінді сеуіп бітірмей жыйналмаймыз. Ақылдасып алатын жабдық көп. Шыдасаңдаршы. Шуласпасақ тез бітіреміз.

Залдан бір қарт:

— Бала араласқан жыйналыста береке болушы ма еді, солар көп шулайтын, шығару керек өздерін!— деп түрегеп еді:

— Сабырланыңыз, ақсақал!— деді Естай.— Отырыңыз!— (Қарт отырды)— Ерігіп келген балалар ма, қуатын? — деді Естай,— жұмысшылар емес пе, олар?.. Іс жоспарын олардың да тыңдағысы келмей ме?

Бір бала:

— Біз айдайтын өгізді со шалға айдататын екен,— деп келе жатыр еді:

— Қарағым, отыр! — деді Естай,— «Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма?» депті. Мен айтып тұрмын ғой сенің сөзіңді.

Зал тынған соң, Естай Сырбайға сөз берді.

Ол сахнадағы президиум столының қасында еді. Мана да сол арадан түрегеп сөйлеген еді, қазір де сол арадан көтеріліп:

— Естай, шырағым,— деді — Сырбай,— Наташа қызыма беретін сұрауларым бар, екеумізге де дәнекер боп, жүдә түсіндірші сен,— менің қазақшамды оған, оның орысшасын маған.

— Болсын, Сыр-еке.

Естай алма-кезек аударып тұрған Сырбай мен Наталияның сұрау жауаптары былай боп шықты:

С ы р б а й — Шырағым, сен күріштің тұқымын жерге сәделке (*садилка*) мен отырғызу керек дедің бе?

Н а т а л и я — Әрине. Өйткені, қолдан шашқан тұқым, егіндік жерге не үйіліп, не шашырап түсуі мүмкін. Екеуі де залал. Шашыраса егін сирек шығады, үйілсе қою боп, бір сабақтың өсуін екінші сабақ бөгейді. Садилка тұқымды ойдағыдай отырғызады.

С ы р б а й (*көп магналы дауыспен ыңыранып құрап ап*). Ім-м-м, солай де, жүдә!.. Күріштің тұқымы құрғаққа себіледі деп оқытты ма, сені жүдә? (*Жұрт ду күлісті. Естай қоңырау қағып әрең тоқтатты*).

Н а т а л и я (*ыңғайсызданып қызараңдаған кескінмен*). Құрғаққа да, суға да себуге болады.

С ы р б а й — Құрғаққа сәделкенің қалай жүруін білеміз. Суға қалай жүреді ол?

Н а т а л и я — Егін себетін участокке су жайып, жер дымданған кезде ағызып жібереміз де, садилканы трактормен тіркеп жүргіземіз... (Жұрт күлейін деп еді, Естай тағы да тоқтатты).

С ы р б а й (*Наталияны енді әуреленгісі келмей, тұрасын айтпақ боп*). Қызым, жүдә олай болмайды. Мысалы, бидайды, сұлыны, тарыны сеялкамен отырғызсаң жөн: сәделке тұқымды үш сантеметр тереңге көмсе, әрі қолдан сепкендей тұқымның көбі жердің бетінде жатып құс теріп жесе, сеялке отырғызған тұқымды жей алмайды, олай отырған тұқымдар жақсы өседі.

Н а т а л и я — Рас.

Сырбай — Ал, күріштің тұқымы ше? Ең алдымен, құрғаққа сепсең ол жүдә шықпайды, және оның тұқымы, жүдә сондай әлсіз кәпір, оның сабағы, үш сантеметр төреңді жарып көтеріле алмайды. Көтерілу үшін, жарты сантеметерден артық қалыңда жатпау керек.

Наталия — Білем. Садилкамен де солай отырғызуға болады.

Сырбай *(садилка олай отырғыза алмайды деп ойламайтындықтан ыңғайсызданып қап)*. Құп... болсын солай. Бірақ, сол жарты сантиметр қалыңдықтың өзі құргақ қалыңдық емес, ылай қалыңдық болу керек. Әйтпесе, күріштің тұқымы және жарып шыға алмайды. Оны білесің бе?

Наталия (білмеймін деуге ыңғайсызданып). Білем.

Сырбай *(кейіген дауыспен)*. Қарағым-ау, сонда... сонда, сәделкемен отырғыз деген кісіде жүдә ақыл бар ма, жоқ па? Су жайылған жерге трактор жүрсе, жер бетіндегі жұқа сазды жентектеп, жүдә қопарып кетпей ме? Сонда, артына тіркеген сейілкеге тұқымды отырғызатын жұмсақ тегіс саз қала ма? *(Жұрт ду күліп, Естай әрең тоқтатты)*.

Наталия — Сізге қалай себу керек, ата?

Сырбай — Жүдә ол былай болады, шырағым: мысалы, мен бір гектар жерге күріштің дәнін себеді екем дейін. Ол үшін, әуелі сол жерді айнала атыз соғып алам. Білесің ғой, оның не екенін?

Наталия Білем: егістік участокке жайған суды ұстап тұру үшін, тоңырақтай айнала қоршайтын қырат қой. Ғылым тілінде де осы атты қолданып «атызовка» дейді.

Сырбай *(сабырмен бипаздап сөйлеп)*. Білдің, қызым. Сол атызды жүдә соғамыз... суды жүдә жаямыз... бізде малағаш деген болады: кәдімгі дөңбек; соның екі басына арқан байлап, мойнына не қамыт, не мойылдырық киізген көлікке жегеміз де, көлікті атыз ішіне жүргізіп, суды малағашпен жүдә ылайлаймыз. Өйтетініміз — сепкен тұқым, тұнған ылайдың астына катады да, жұқа және жұмсақ ылайдан жүдә тез өніп шыға келеді. Қона ма, қызым, осылай себу көкейіңе?

Наталия *(шын ықыласымен)*. Қонады, ата!..

Сырбай — Қонса сол, жүдә!.. Сепкен тұқым ылайдың астына тез түсу үшін, себерден бірер күн бұрын салы-

ны[1] суға малшып, ауырлатып аламыз. Оны суға сепсең түбіне тез жата қалады, құрғақтай сепсең — біраз қалқып барып, дымқостанған соң барып жатады.

Наталия — Білем оны.

Сырбай — Мақтанды деме, қызым, *(Залда отырған көпшілікті қолымен нұсқап)* мына отырған көпшілік күә, тұқымның тегіс шашылуын, мен жүдә сейілкеңнен кем түсірмеймін.

Көпшілік *(ду ете қап)*. Рас, онысы!

Сырбай — Тағы бір сұрауым бар, қызым.

Наталия — Айтыңыз.

Сырбай — Бір гектар жерге күріштен қанша тұқым себіледі?

Наталия — Сексеннен жүз килоға дейін.

Сырбай — жүдә дұрыс. Жүз елу сепсе де залалы жоқ. Ол өз алдына сөз. Менің айтайын дегенім: мысалы, сазды жерге күріш тұқымын сәделкемен-ақ отырғызайық. Ол жүдә жақсы боп өнсін-ақ. Содан кейін, бір танаптың, не гектардың ішін торкөздеп ұсақ атызға бөлеміз бе?

Наталия — Бөлеміз.

Сырбай — Бөлуден мақсат қой: өнген егінге түгел су ішкізу?

Наталия — Әрине. Жер бетін қанша тегістедік дегенмен, бір тұсы биіктеу, бір тұсы аласалау болмай қоймайды, сондықтан, су да біркелкі боп тегіс жайылмайды; ендеше, егін де ала-құла шығады. Кең атызды ұсақ атыздарға торкөздеп бөлсең, әр бөлікке суды бірдей жаюға мүмкіндік бар.

Сырбай — Жүдә дұрыс. Сонда, бір гектарды неше торкөзге бөл дейді, оқытушыларың?

Наталия — Алтыдан онға дейін.

Сырбай — О да дұрыс. Бұл ішкі торкөздерді ғой, тұқымды сеуіп алған соң, атызға жайған суды ағызып жіберіп соғады?

Наталия — Әрине. Суда атыз соғылмайды ғой.

Сырбай — Торкөз соққанда ғой, араға сепкеп тұқым, топырақпен бірге көтеріледі?

Наталия *(мұны неге сұрап отырғанына түсінбеген кескін білдіріп)*. Әрине.

Сырбай — Атызбен көтерілген тұқым ғой өледі?

---

[1] Күріштің қауызынақ ақталмаған дәні.

Наталия — Әрине өледі, атыз судан жоғары тұрады, ондай жерге күріш тұқымы өнеді де, өспейді.

Сырбай — Сепкен тұқымыңның бестен бірі сол атызбен көтеріледі.

Наталия — Мүмкін.

Көпшілік *(ду етіп)*. Мүмкін емес, дұрыс!... жүдә дұрыс.

Сырбай — Естисің бе, қызым. Енді қарындаш пен қағаз ал, жүдә қызық есеп бар. *(Наталия қарындаш пен қағаз алады)* Атызбен өлетін тұқым, шамасы 20 килограмм. Сонда қанша дән бар деп ойлайсың, қызым?

Наталия — Есімде жоқ, ата.

Естай — Мысалы, бір түйір дән жарты грамм дейік...

Сырбай — Сонда, килода қанша дән болады?

Наталия *(есептеп)*. Екі мың дән.

Сырбай — Жыйырма килода?

Наталия (есептеп). Қырық мың дән болады.

Сырбай — Күріштің бір дәнінен ең кеміне бес сабақ, әрі кетсе, елу сабақ өнеді. Солай ма, қызым?

Наталия — Солай, ата.

Сырбай — Жазып қой қағазыңа! *(Наталия жазады)*. Әрбір сабақты басындағы сабаққа ең азы — жыйырма, әрі кетсе сексен-тоқсан дәл шыға ма?

Наталия — Шығады.

Сырбай — Жазып қой! *(Наталия жазады)*. Енді есепте: біз, мысалы, бір дәннен орта есеппен он сабақтан өсірейік, олардың басына орта мөлшермен 40 дәннен шықсын, сонда, маңағы атыз соққандағы өлетін 20 кило дәннен өрбуге мүмкіншілігі бар дән қанша болады?

Наталия *(есептеп)*. 40 центнер күріш.

Сырбай мен Наталияның сұрау-жауаптарына көңіл қоя тыңдап отырған көпшілік ду күлісті. Күлкіні қоңыраудың күшімен әрең басқан Естай:

— Неге күлесіңдер? — деп еді:

— Құлмегенде,— деді залдың алдыңғы қатарында отырған бір мосқал еркек түрегеп,— шамадан артық шығым боп кетті ғой, мынау. Егер бұл рас болса, жүз кило тұқым сепкен гектардан 200 центнер күріш алатын болғанымыз ба?

— Аламыз! — деді Сырбай.

— Болмайтын шығым ғой бұл! — деп даурыға берген көпшіліктің үнін «болады!» деген бір жуан дауыс басып кетті.

Жуан дауыс кейінгі жақтан шыққанға клубтағы бар адам жалт қараса, қысқы ықшам киімді, зор денелі біреу ілгері сұғынып келеді екен. «Кім?» деп сыбырлаған біреулерге, «Анатөл ғой, мынау!» деп жауап берді біреулер.

Сахнаға таянған Анатолий Кондратьевичті Сырбай да таныі кетіп, басқышқа өрлей бергеи оған қолын берді де, сахнаға тез көтерілуіне көмектесті. Оның артын ала, сахнаға Самарқан да көтерілді.

— Болады! — деді Анатолий Кондратьевич ық дауыспен клуб ішін көзімен жағалай шолып.— Сырбай қарт пен Наталия Остаповнаның сөздерін мен түгел естідім. Болады, екі жүз центнер астық алуға, бір гектардан,— деді ол, бетін Сырбайға бұрып,— аласың, достым, бірақ агротехниканы толық қолдансаң!

— Мәселе осы жайда еді, Анатолий Кондратьевич,— деді Естай, қасына кеп, қолдасып,— Сыр-екеңді көндірмек ек соған.

— Неменеге? Агротехникаға ма? Көнбей жүр ме, бұл кісі?

— Искусственное удобрениең пайдалылығын айтып жатыр ек те,— деді Естай сыпайылап.

Шалдың қыйсықтыққа салып отырғанын Анатолий Кондратьевич біле қойды да:

— Қазақтардың «дәрі-дәрмек» деп атайтындары ғой ол? — деді, Сырбайдан көзін алмай,— орысша аммиачный селитр, суферфосфат, тағы басқалар ғой. Олардан кашпа достым, қайта ұмтыл оған!.. Әлгі айтқан екі жүз центнер күрішті бір гектардан сонда-ақ аласың. Тек, олар табылсын де! Қалай? — деді Анатолий Кондратьевич Самарқанға бұрылып,— запас бар ма еді?

— Бар да, бірақ өте аз,— деді Самарқан,— быйыл алуға тиісті удобрение мәселесі Қорғану Комитетінің рұқсатына байланысты. Обкомға ол туралы мәселе қойдық. Қалай шешілерін білмейміз.

— Көрдің бе, ақсақал? — деді Анатолий Кондратьевич,— ол дәрілерді табылады деп уайымдама, табылмайды деп уайымда. Келісеміз ғой осыған?

Жыйналыста сынғысы келмей-ақ тұрған Сырбайды, өмір бойы сыйласып, сөзін тыңдап келе жатқан досының қадала ұсынуы ніп тастаған сияқтанды.

— Кәне, осыған әкел қолды, достым!— деп Анатолий Кондратьевич Сырбайға қолын соза беріп еді:

— Тек, бір ғана ескерту,— деді Самарқан,— күріштен

мол өнім алу үшін құрылған звено, біздің ауданда қазір он бір.

— Қашан құрылды олар?

— Жуырда.

— Естіп тұрмысың, ақсақал? — деп қойды Анатолий Кондратьевич, Сырбайға қарап.

— Естіп тұрмын, Анатөл!

— Қолдағы бар удобрение, осы он бір звеноға бөлінді. Сыр-екеңе сыбағаны молырақ беруге тырыстық. Сонда да екі-ақ гектарға жетерлік,— деді Самарқан.

— Одан артық беруге болмай ма? — деді Анатолий Кондратьевич.

— Райкомның бюросында бекілген мәселе бұл. Өзгелеріне бір, я жарты гектарға жетерлік қана берілді.

— Я! — деп Анатолий Кондратьевич аз тұрды да,— сіздің звеноның быйыл егетіні бес гектар еді ғой? — деп сұрады Сырбайдан.

— Бөлінгені бесеу еді, соның үшеуін ғана игеріп алуға күшім жететін, соны ғана себем ғой деймін.

— О қалай болады, ақсақал? Жоспарда бесеу...— деп келе жатқан Естайды Анатолий Кондратьевич тоқтатты да:

— Мәселе санда емес, сапада,— деді,— алғашқы жылы жер көлемінің шағыны да жақсы. Ал жерге көп күш төгіп көру керек те, жерді де, егушілерін де сынау керек, қанша өнім бере алар екен. Солай ма, Сыр-еке?

— Солай.

— Ендеше, екі гектарды агротехниканың жолымен өсір, бір гектарды өз әдісіңмен өсір, сонда көресің, қайсысының пайдасы молырағын, уәделесеміз ғой, осыған?— деді Анатолий Кондратьевич, қолын ұсынып.

Сырбай да қолын соза берді. Оған бір себеп — өмір бойы ақылшы боп келе жатқан және әрдәйім қонымды, пайдалы ақыл айтатын досының көңілін жықпай, әрі «пайдама айтып тұр» деп ойласа, екінші себеп — Самарқанның «мол өнімшілер звеносы ауданда быйыл он бір болды» деуі еді.

Бұған дейін, күріш жөнінде мол өнімші звено бұл аудан түгіл, бүкіл облыста жалғыз меннің деп түсінетін Сырбайды, Самарқанның сөзі ойландырып тастады.

«Шын бәсеке басталған екен,— деп түйді ол ішінен,— қыймылдайтын жер енді келген екен. Түйедей қалпыммен сыбанып жарысқа шығып, тырқыйып, бәйгенің артын-

да қалсам, одан зор өлім болмас, маған. Енді қыймылдау керек!»

Осы ойға келген Сырбай:

— Ендеше, мен, 3 гектар емес, бес гектардың өзін егем,— деді де, досының қолын қыса түсті...

Естай қуанған боп:

— Шын сөзің бе, Сыр-еке? — деп еді:

— Бұл кісінің өтірік айтпайтынын білмейтін бе едің?— деді Анатолий Кондратьевич, Естайдың қулануын аңғармай, расқа жорыған сөзін ұнатпай.

Алтыншы тарау

ӘКЕЛ, СУДЫ!

Өткен қыста істелген жұмыстарды облыстық басқарушы мекемелерге хабарлағаннан кейін, үкіметке хабарлаудан бұрын, орындалған істердің сапасын тексеріп баяндама жазуға төрт кісіден комиссия құрылды: Анатолий Кондратьевич, Рахмет, Байжан, Самарқан.

Олар ең алдымен дамбаны көрді. Сырдарияның доғадай иілген жерінде, доғаның екі басын жалғастыра салған бұл дамбаның ұзын тұрқы жеті-сегіз километр, енінің жалпақтығы 50 метр, биіктігі бес метр еді. Осы мөлшердегі дамбаның өнбойы үгінді таспен жентектеліп, қарабурамен шегенделіп жатқанын Анатолий Кондратьевич қыс ортасында бір көрген еді де, одан бері қолы тиіп келе алған жоқ еді. Енді көрсе, біткен дамбаның тұлғасы жерден қырқаланып шығып жататын тастақ жотаға ұқсайды.

Дамбаны көріп болғаннан кейін олар шлюзге келді. Сол арада олар аттарын діңгекке байлады да, жасалып біткен шлюздің айналасын жаяу аралады. Темірлі-бетоннан құйылған шлюздің қабырғасы, көрушілерге, Москвадағы «Москва» гостиницасының «Охотный ряд» жақтағы биік қабырғасына ұқсап кетті, тарамдана жасалған оның суағарлары да сол гостиницаның қаз-қатар терезелерін көзге елестетті...

Төңіректі біраз шолған олар, басқышпен өрмелеп биік шлюздің қыр арқасына шықты. Жап-жалпақ жазық даланың бетінде өскен бұл шлюздің биіктігі оларға, айдалаға шаншыла шыққан таудың шыңы сияқтанды.

— Осынша биік пе еді, бұл!..— деді Анатолий Кондратьевич, әжімді бетін тыржыйта, үлкен көк көзін сы-

ғырайта, алысы жақын боп тұрған айналасын шолып болғаннан кейін, көзін шлюздің шүңірейген етегіне сап.

— Іргесінен төбесі он бес метр ғой, Анатолий Кондратьевич,— деді Байжан.

— Маған жүз он бес метрдей көрініп тұр мұның биіктігі.

— Солай болуға тиісті,— деді Рахмет,— ісінің жемісті болуына қуанбайтын адам бар ма? Сіздің ісіңізден туған жеміс қой, бұл.

— И этого молодого человека!..— деп, Анатолий Кондратьевич қасындағы Байжанды құшақтай алды да, бауырына қатты қысып сүйісті.

Құшағын жазған Анатолий Кондратьевич, каналдың жапан-түзге тартқан оқтай түзу кең арнасын қарап тұрып қатты күрсінді. Бұл күрсінудің себебін айтпай ұққан қасындағылар да демдерін ауыр алысты.

Өйтпегенде қайтсін: бейбітшілік кездің планы бойынша, бұл шлюз бітіп ашыларда, құрылысшылардың бәрі осы араға жиналмақ та, үкіметтің, партияның, басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері келмек те, құрылыстың қалай басталып, қалай бітуі туралы баяндама жасалмақ та, содан кейін құттықтау сөздер сөйленбек те; содан кейін, шлюздің су ағытатын, механизм күшімен ашылып-жабылатын зор екі темір қақпасының бірін Анатолий Кондратьевич, бірін Сырбай ашпақ та, ақтарылған су каналдың өн-бойына тарағаннан кейін, бұл арадағы елдің бүкіл халықтық тойы жасалмақ та...

Қазір оған уақыт қайда!.. Бар ынтасын жауды жеңу ісіне жұмсап жатқан жұртты, жиналыс пен тойға қолы қайдан тисін!..

Ертеңінде машинамен аттанған олар, жақсы жол болса, әрі кетсе сағат жарымда баратын Сырбай звеносы жатқан жерге ара қонып әрең жетті; жолдың шимай-шатағы, ойы-қыры көп болғанмен, бұл араның бүге-шігесіне көзі қанып қалған жолаушылар, жолшыбайғы жұмыс участоктерін аралай отыра, бет түзеген жөнінен жаңылған жоқ.

Сырбай звеносына жақындаған кезде, қалың шеңгелдің арасынан олардың көзіне, даусы гүрілдеген трактор шалынды.

— Жер жыртып жатыр ма? — деп сұрады Анатолий Кондратьевич.

— Өйтпеу керек,— деді Рахмет,— жердің әлі аздап тоңы бар ғой, жыртуға ертерек.

— Енді не істеп жатыр ол?

— Кім білсін.

Ой-шұқыры көп жолмен машина секеңдеп әрең жүріп, шеңгелден жолаушылар алаңға шыққа, гүрілдеген ЧТЗ тұрбасынан түтін атқылап, бір орында тұр, төңірегінде топырласып бірнеше адам жүр.

— Бұ не? — деді Анатолий Кондратьевич.

— Білмеймін,— деді Рахмет.

Жақындап келген автомобильге трактор маңындағылар қарай қалды. Жолаушылар олардың ішінен бет-аузын шаң басқан Сырбайды ғана таныды; бұларды танып трактордан түсе берген, бет-аузы да, киімдері де қаракүйе боп майланған Айбаршаны да таныған жоқ.

Жолаушылар машинадан түсіп кеп көрсе, төңірегі қазылған, тарамданған тамырлары бүйінің тарбиған аяқтарына ұқсап жер астына кіріп кеткен, жуандығына екі кісінің құшағы зорға жетерлік ағаштың түбірі... Түбірі жуан темір шынжырмен шырмалып, шынжырдың екі ұшы трактордың артындағы соқа тіркейтін шотаяққа байланған.

— Бұ не? — деді Анатолий Кондратьевич Сырбайға, амандықтан кейін.

— Басын өрт шалып қураған ағаш еді. Сарықожа байдың аталарының ескі бағынан қалған ағаш еді десетін үлкендер. Көп жыл қуарып тұрған ағашты о бір жылдары, жүдә әлдекім кесіп әкетіпті де, осы бір түбірі қала беріпті. Тілекті жер деп, бойылғы тілеулі егінімді осы бір танапқа егейін деп ем, өзге жерін тегістеп болып ем, жүдә мына бір көпір,— деді Сырбай түбірді көрсетіп,— егін ортасында аюдай шөгіп жатып алғаны. Күрекпен, кетпенмен көтеруге бой беретін пәле емес, тамырлары тереңге кетіп қапты, әрі жуан. Соны, мынау Айым трактормен тартып шығарайық деп еді де, жүдә со жабдық еді, әбігер боп жатқанымыз.

— Рас жуан екен,— деді Рахмет Айбаршаға,— әлі келе ме трактордың?

— Келмесе, сіздің машинаңызды көсемге жегерміз,— деді Айбарша күліп.

— Айым! — деді Сырбай, көзінің ағы мен тісінен, басқа бет-аузы қаракүйе Айбаршаға,— тракторыңа мін де, тарт енді!..

Айбарша педалін басқан трактор жұлқына жөнеліп еді, түбірдің өзі қомақталып келіп қалғанмен, тамырлары сүліктей созылып, топырақтан суырыла қоймады.

— Тарт! — деді Сырбай қатты айқайлап.

Екінші жұлқығанда, түбірдің тағы да тырмысқан тамырларын, трактор жентектелген саз-топырағына қоса жерден суырып алып шықты.

— Е, бәсе! — деді риза боп кеткен Сырбай,— жүдә, тәйірі деген... сен түгіл, сені еккен датқаны да тамырымен жұлғамыз!..

Трактор түбірді сүйреп алыска апарып тастады. Жол жайын айтқан Анатолий Кондратьевич пен Рахметке:

— Танысам десеңдер міне! — деп Сырбай егін себетін танабын көрсетуге кірісті.

Жолаушылар аралап көрсе, көлемі бес гектар жердің ішкі, сыртқы атыздарын Сырбай соғып болған екен. Әрбір кіші атыздың ішіндегі жердің тегістігі, бөлмеде төселген сәкідей. Бүкіл атыз атаулының ішінде, көлемі жұдырықтай кесек шым жоқ, кесек топырақтың бәрі де ұп-ұсақ боп ұнталған. Жолшыбай егіс танаптарының талайын аралай келе, жолаушылар даярлығы дәл мұндай танапты кездестірген емес те. Аса риза болған олардан Анатолий Кондратьевич сөзді бұрын бастап:

Жер жақсы даярланған екен,— деді Сырбайға,— топырағы да ажарлы екен. Тек, дәрі шашып, тұқым себуі ғана қалыпты.

— Өзім де солай ойлаймын,— деді Сырбай.

— Дәріге қарсылығың жоқ қой енді?

— Көндік қой оған.

— Тұқым жайы?

— Жетерлік тұқым өзімде де бар еді. Әлгі бір Парбота деген қызым, мен білмейтін бір тұқымдарды да сеп деп жүргені.

— Не тұқым екен ол?

— Оның айтқанын тыңдасаң, күріштің үш жүздей түрі бар дейді, ырқына салсаң, жүдә, соның бәрінен де егіл көргісі келеді. Мен: «Шырағым-ау, «үйренген жау атыспаққа жақсы» дегендей, көзім үйренген салыны сеуіп көрейін де быйыл, өңгесін келесі жылы көрерміз», десем, «тым болмаса он шақты түрінен бір-бір уыс отырғызып көрейік те» деп болмайды. Сонан, жүдә жабысып қоймаған соң, кеуілін қыймай: «Жүдә, болса болсын, он шақты түрінен бір-бір уысты отырғызсаң отырғызып көр, бірақ

алдын ала, қандай салы екенін көріп алам, жүдә содан кейін ғана рұқсат етем» дедім. Қызым оған жүдә көнді.

— Қандайларын таңдадың, сонымен?

— Сен өзің білесің ғой, Анатөл,— деді Сырбай,— байдың кіре артқан есегі мен түйесін айдап, мен жүдә қайда бармаған кісімін: мына шеті Үргеніш пен Хиуаға да бардым мен, мына шеті Андижан мен Бұхарға да бардым мен, қашқарлықтарды да аралап келдім мен, ана шеті Қоңыр-Құлжаны да шолдым мен... Күріш егетін жер емес пе, сонын бәрі?.. Сонда, неше түрін көрмеді дейсің, мен оның? «Садри-хан» дейтінін де көрдім, «дүнган-шамы» дегенін де көрдім, «ақ-қылшық» дегенін де көрдім, «ақ тұқымын» да, «арпа шалысын» да, «Қожахметін» де, «Қырмызы қылшығын» да, «қара қылшығын» да... бәрін де көрдім ғой оның... Егер біреу солардың бәрін сапырылыстырып егіп, өсе бастаған кезінде, «кәне, Сырбай, осылардың ішінен, қай сабақ қай тұқымдікі екенін айырып бер» десе, ақ қойдан қызыл қойды, қызыл қойдан қоңыр қойды, қоңырдан қара қойды айырғандай, «мынау мына тұқымнан» деп жүдә түр-түріне бөліп берер ем...

— Көрдіңіз бе,— деді Анатолий Кондратьевич Рахметке күлімсірей қарап қойып,— қалай-қалай сөйледі шал?.. Мақтанып тұр деп ойлайсыз ба, сонда?..

— Жоқ-жоқ...— деді Рахмет.

— Осының бәрін білетінің рас,— деді Анатолий Кондратьевич Сырбайға қарап,— өзіңнің үлгіңмен мақалдап сөйлейін, казақта мақал бар ғой: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген... Көзіне мақтағанға тасатын кісі емессің сен, күріштің пайғамбарысың ғой сен!.. Сен білмейтін оның не сыры бар!..

— Жүдә шалыңды тасытып ап, қанасынан асып төгіліп қап жүрмесің,— деді Сырбай жымыйып.

— Қайдан төгілсін,— деді Анатолий Кондратьевич те жымыйып,— Сыр бойының сексеуілі сияқты емеспісің, сен, толыққан, өскен сайын бойы сорайып биіктеудің орнына, тамыры жердің астына қарай терендей беретін...— Бүкіл өсімдік атаулыда,— деді Анатолий Кондратьевич, бетін Рахметке бұрып, кескінідегі күлкі толқынын жыйып,— тамырын жерге ең төрең жіберетін сексеуіл екен. Мысалы, теректің тамыры метрден әрі бармайды екен, қайыңның тамыры екі-үш-ақ метрге терендейді екен. Он бес метрге еменнің тамыры ғана барады екен,

ал сексеуіл ше? Ол елу метрге дейін терендейді екен!..

— Япырай, не дейді?! — деді Рахмет, таңданып.

— Я, я! — деді Анатолий Кондратьевич,— рас!..

О бір жылы ғылым академиясының ботаникалық институтынан арнаулы экспедиция кеп зерттегенде осыны дәлелдеп кетті.

— Сонша терендеуі неден деп ойлайсыз? — деп Анатолий Кондратьевич Рахметке сұрау беріп алды да, жауабын тез өзі айтты,— тіршілікке құмартудан!.. Сексеуіл көбіне шөлде өседі. Шөлді жердің астындағы дымқос терендe болады. Дымқостан барып тамыры сусындамаса, сексеуіл өледі. Өлмеу үшін су іздегенде, оның тамыры терендей беріп, дымқоска жетпей тоқтамайды. Жер астына оның тамыры терендей беретін себебі, кейде елу-алпыс метрге баратыны содан!..

— Қайран тіршілік-ай! — деп қойды Сырбай демін ауыр алып.

— Бейнетпен тапқан дәулеттің ыстықтығы қандай! — деді Анатолий Кондратьевич, — мандай терін сыпырып тапқан мүлікті адам қадірлеп ұстамай ма?..

— Әрине,— деді Рахмет.— Мысалы Американың капиталистері: нан, ет, қант, сүт, май сияқты азықтар базарда көбейіп, бағасы арзандап бара жатса, сол бағаны көтеру үшін, өлгі айтылған азықтарды мың тонналап теңізге ағызбай ма?

Неге?! деді Сырбай шошынғандай.— Аш адам жоқ па еліңде?.. қайыршы жоқ па?

— Олар миллиондап өріп жүреді.

— Ойбай-ау,— деді Сырбай кейіп,— өлгі азықтарды жүдә соларға неге бермейді, суға ағызғанша?

— Неге берсін,— деді Рахмет,— осы араның байларын көрген жоқпысың. Мыңдап мал айдағанда, аш-арықка қайсысы мал беруші еді?

— Жүдә, рас,— деді Сырбай,— бірақ, малдарын боска шашпайтын еді ғой олар?

— Кеңшілікте шашпайтыны рас, басына таршылық түссе неге шашпасын. Ана жылы, байларды конфискалай бастағанда, малдарын кедейлерге бергісі келмей қалай шашқанын көрген жоқ па едіңіз?

— Жүдә, солай екен-ау! — деді Сырбай аз ойланып.

— Капиталист деген де со байдың бір түрі. Бірақ, ол ірісі. Қазақтың байы тышқан болса, капиталистер — кабаны, қазақ байы мысық болса, капиталистер — жолба-

рысы!.. қазақ байы сүлік болса, капиталистер — борсығы...

— Хватит Вам гипорболизировать! — деді Анатолий Кондратьевич, күліп жіберіп,— сөзімді бөлдіңіз ғой, сіз менің.

— Кешіріңіз,— деді Рахмет,— реті кеп қалған соң айтып жатырмын. Сөз сіздікі.

—Мәселе, еңбекпен тапқан мүлік туралы еді ғой. Оны адамның қадірлеуін қоя тұрып (әрине, еңбекші адамды айтам, қанаушыны емес), мысалға өсімдікті алсаңыз, суды сексеуілден артық қадірлейтін өсімдік жоқ екен. Бойына жердің терең інен тартқан дымды ол бойына ұзақ сақтайды екен және денесіне емес, жапырағына.

— Рас,— деді Рахмет,— жапырағы да қызық қой оның, жуан инедей жұп-жұмыр боп өсетін және көкке қарай бүрісе тік өсетін!.. Және үнемі жап-жасыл болады да тұрады!.. Және шылқыған су болады — сығып қалсаң, бырт етіп жарылып, суы атып кетеді.

— Осы суды қандай үнемдеп ұстайды ол! — деді Анатолий Кондратьевич,— мысалы қара тал жерден күніне екі тонна су сорып ап, су қып ұшырады екен, сексеуіл жүз литрден артық суды ысырап қылмайды екен.

— Ғажап!..

— Оны айтып келе жатқан себебім,— деді Анатолий Кондратьевич,— осы арадағы адамның сексеуілі менің мына досым Сырбай. Көргеніне қандай ұқымтал, бұл кісі!.. Ұстағанына қандай ұқыпты!..

— Мақтауың жүдә жетіп,— деді Сырбай ыңғайсызданғандай.

— Мақтауым емес, расым, қадірлы достым! — деп Анатолий Кондратьевич демін кең бір алды да,— сонымен, Наталия екеуің салының қандай түрлерін егіп көретін болдыңдар? — деп сұрады Сырбайдан.

— Жеті, сегіз түр еді, бәрі есімде жоқ.

— Сонда да?

— «Қаққеуде» дейтін біреуі бар екен, арық ешкідей тыртыйған...

— «Хаккайдо»,— деді Рахмет күліп,— Жапонияда егілетін күріштің салысы.

— Жүдә дұрыс,— деді Сырбай,— тілім келмеген соң бұрмалап жатырмын. «Жапон» дегенің ана бір жылы «Қасен» көлінде бізбен қағысып көретін ел ғой?

— Я! — деді Рахмет күлкісін үдете түсіп.

— Сонда ол, бізден жүдә тырқыйып жығылып қалды ғой.

Анатолий Кондратьевич те күліп жіберді.

— Рас, рас,— деді Сырбай серіктерін күлдіре түсейін деп, қуланып,— аш неме ғой деймін соларың, әйтпесе тырқыйып құлай ма, жүдә...

— Рас,— деді серіктері күле түсіп.

— Ойынын қойып, шынын айтқанда,— деді Сырбай салмақтанып,— «Қаққеуде» дегенін ұнатқам жоқ, тышқанның қыйы сыяқты, ұп-ұзын, жіп-жіңішке екен.

— Ұнатқаның қайсысы? — деді Анатолий Кондратьевич.

— «Краснатар...»

— «Краснодар»,— деді Рахмет, түзеп.

— Тілім келмегеніне кешір,— деді Сырбай,— тойған қозыдай бұлтыйған доп-домалақ, бүйірлі келген салы екен. Соған кеуілім жүдә ұйып тұр.

— Ол жақсы тұқым,— деді Анатолий Кондратьевич,— біздің Краснодар атты өлкедегі тәжрибелік станцияда ғылым жолымен өсіріліп, сыннан өткен, жақсы деп танылған тұқым ол.

— Ендеше,— деді Сырбай,— мына егіске жүдә даяр тұрған жердің де, оған сепкелі тұрған таңдаулы тұқымның да айтып тұрғаны жүдә жалғыз ғана сөз, ол — «жақсы, сүйкі!»

Жетінші тарау

СЕБІЛГЕН ДӘН

Ақ егіске қажетті жердің жыртуы мен бораналауын мерзімді уақытынан бұрын үлгеріп шыққан Айбарша, көк егіске қажетті жерден Сырбайдың тапабын өзге бригадалар мен звенолардан бұрын даярлап бергенмен, күріштің тұқымын Сырбай өзгелерден кейін септі.

— Неге өйтесің? — деген сұрауларға:

— Жер әлі бабына келген жоқ,— деп жауап берді ол.

— Қайткенде бабына келеді? — деген сұрауға:

— Бусанып борсыған кезде,— деп жауап берді ол.

— Бусанып борсығанын қайдан білесіз? — деген сұрауға:

— Жүдә «қазоты» мен «қарғатұяқ» қабындап көтерілмей жер борсымайды,— деп жауап берді ол.

Оның ойына салса, көк егіспен, әсіресе күрішпен шұ-

ғылданатын бригадалардың бәрі де жердің борсуын күту керек еді, оған «егісті орындау жоспарын кешеулете алмаймыз» деп, Естай көнбеді.

Сырбайдың ойы — егер өзге звенолар тілін ала қойса, олардың тұқым себуіне араласып, бұл жөнде тәжрибем мол деп түсінетін ол, білген өнерін көрсетпек еді. Тілін ала қоймаған соң, «жақсы, жаман атақтарын өздері жүктесін» деген оймен араласпады.

Өзге бригадаларда қызмет атқарып жүрген Наталия мен Айбаршаға, өз танабына тұқым себерден бір күн бұрын, «менің де мезгілім жетті, енді келсін» деп Сырбай хабар айтты. Бұл — өзге звенолардың көк егісті дендеп сеуіп тастаған кезі еді. Осы шақырумен іңірлетіп салт келе жатқан Наталия мен Айбарша, шалдың «қазоты» мен «қарғатұяқ» дейтін шөптерінің не екенін өзара бірбірінен сұрастырса, екеуі де білмейді екен.

Сырбайдың танабына олар түнді орталап жетсе, звеносының барлық адамдарымен шал, жан-жағына биік атыз соққан танапқа су жайып жүр екен. Көзі жіті шал, манайлап кеп аттарынан түскен екі қызды таныды да, балақтарын тізеден жоғары түріп алған жалаңаш аяқпен судан атыздың қырына шықты.

— Амансыңдар, қарақтарым? Жүдә жақсы келдіңдер! — деп амандасты ол.

Қайпатасына қол беруді ауыл ғұрпымен ыңғайсыз көретін Айбарша да, қуланса да онымен бұл жөнде үндес боп алған Наталия да шалға бас иіп тәжім көрсетті де, қол алыспады.

— Егіннің ырымы быйыл теріс болмас деймін,— деді шал амандықтан кейін.

— Оны қайдан білесіз? — деген Наталияның сұрауына:

— Айдың қараңғы кезінде себілген тұқым шығымды болады деген сөз бар еді,— деді ырымшыл Сырбай,— өзіара кез ғой бұл. Ескі ай кеше бітті. Жаңа ай әлі туған жоқ.

Сонау бір дөңгеленген жіңішке сызық не, атке? — деді Айбарша, қараңғы түнде аспанда әрең ғана бозамықтанып бұлдыраған сирек ақша бұлттың батыс жақтағы иінін қолымен нұсқап.

— Қәне? — деп Сырбай Айбарша нұсқаған жаққа қарап көзін алақанымен қалқалап тұрды да, ұстараның жүзіндей ғана боп жылтырап тұрған жұп-жұқа, жіп-жі-

ңішке жарты айды көре сап, бір тізерлеп отыра қап, екі алақанын жоғары көтере жайып жіберіп, әлденені іштей күбірлей бастады да бетін сыйпады.

— Дұға оқыдыңыз ба? — деп сұрады, қазақтың бұл ғұрпын білмейтін Наталия.

— Оқыдым, балам.

— Не деп?

— «Ай көрдім — аман көрдім,
Ахыретте иман көрдім.
Жаңа айда жарылқа,
Ескі айды есірке,
Құтты қонақ мейман көрдім».—

деп.

Жабайы әңгімелердегі қазақ сөздерінің бірталайына түсініп, сөйлесуге жарап қалған Наталия, шалдың батасындағы сөздерін аңғармай, Айбаршадан сұрап еді, тілі жеткенше орысшылап берді.

Істес боп бойы үйренгеннен кейін, Айбаршаның қайнатасына көңілді кезінде қалжыңдай, еркелей сөйлейтіні болушы еді. Сол дағдысымен ол:

— Атке, «қазоты» мен «қарғатұяқ» шыққаны ма, тұқым себем дегеніңіз? — деп сұрады, еркелей қалжыңдаған даусымен.

Шықты, Айым,— деді Сырбай.— Кешеден бері жүдә қаулап қалың боп кетті. Өзің таныйсың ба, ол шөптерді?

Айбарша кідіріп қалды. Жолшыбай осы сұрауды Наталиядан естігенде де ол қандай шөптер екенін білмейтіндігін айтқан еді.

Келінінің жауап бере алмауынан білмей тұрғанын аңғарған Сырбай, балтырына дейін саз баттасқан аяқпен атыздан құрғаққа қарай түсті де, екі түрлі шөп жұлып әкеп қыздарға көрсетті. Көздері қараңғыға үйренгенмен, қолдарына берген шөптерді танығанмен, қайсысының «қазоты», қайсысының «қарғатұяқ» екенін айыра алмаған қыздар шалдың сұрауына жауап бере алмай қайтарып берді.

— «Қазоты» деген мынау,— деді Сырбай тарбыя өскен жапырақтары жалпақтау шөпті көрсетіп,— сүті жүдә ағып тұратын шөп бұл. Қаз жүдә жақсы көреді мұны. Бұған аузы тимей семірмейді ол. Ал, жесе-ақ, лезде семіреді. Талай қаздың жүдә майдан баса алмай, мамырлап, жүдә ұша алмай қалатын себебі де осы «қаз-

отын» жегендіктен. Бұрынғылар біліп айтса, «қазотынан» сүт шығатын себебі көктемде жер еркін балқып, бойы иетін көрінеді де, сүтін жүдә осы «қазотына» беретін көрінеді.

— Ғажап екен! — десті, шалдың сөзіне нанар-нанбастарын білмеген қыздар.

— «Қарғатұяқ» деген мынау,— деді Сырбай, сабағы қарғаның сыйрағына, басына шыққан жапырақтары қарғаның тұяғына ұқсаған шөпті қыздарға көрсетіп,— мұның тамыры буылдық және жүдә тәтті болады. Қоламтаға көмсең, жүдә балқып, балдай тәтті боп піседі. Шикідей қабығын аршып жесең де жүдә сүт татып тұрады. Бала кезімізде осыны жүдә көп жейтін ек. Біліп айтса, бұл екі шөпті пейіштен шыққан деседі...

— Ал, кәне, кепеге барайық, балалар,— деді Сырбай,— өзге кеңесті сонда сөйлесерміз.

— Оу! — деп дауыстады ол, әр жерде қарандап, суды шалпылдатып, атыздың құлақтарын жауып жүрген звено адамдарына,— құлақтарды тез жабыңдар да, кепеге келіңдер. Ас ішіп, аздап мызғып алыңдар! Жұмысты жүдә ерте бастаймыз.

Соны айтып, Сырбай жалаңаяқ қалпымен кепеге қарай беттей жөнелді. Оның бұлайша жүруін қыздардың бірінші көруі емес еді. Сонда хайран қалатындары — Сырдария өлкесінде тұлабойы тікен боп өсетін шөптер мен ұсақ ағаштарды шал кешіп жүргенде, бірде-бір тікен не табанына кірмейді, не балтырына қадалмайды.

— Бұл қалай? — деп хайран қалған Наталияға:

— Түйенің табанын көрген жоқсың ба? — деп жауап берді Айбарша, қалжынды дауыспен,— ол да тұяқсыз жұп-жұмсақ қой. Оған да шөгір кірмейді. Аткемнің табаны сол сияқты.

Сырбай өте аяңшыл болушы еді. Аттарына мінуге ыңғайсызданып, жаяу ерген қыздар, аздан кейін шалға ілесе алмай қалып қойыпты.

Кепеде іңір асы даяр екен, күріштен ботқа пісірілген екен. Даярлаушы—Дәметкен. Бұл звеноның асын пісіруге ол осы көктемнен араласқан. Ескендірі қасында. Қазақ тілін таза сөйлейтін, орыс тіліне біраз тосырқаған Ескендір, Наталияның туысы екенін біліп, іштей жылы тартқанмен жақындаса қоюға, әрі жанындай жақсы көріп алған шешесі — Дәметкеннен қаймығатын, әрі казақша сөйлеп, Наталияға біраз сөзін түсіндіре алмайтын. Сол

дағдысымен ол бүгін де апасының шақыруына күлімсіреп қана қарап, жүгіріп келе қоймас па еді, қайтер еді, егер қыздар келгенде, кепенің бір бұрышында ұйқтап жатпаса.

Керосин лампының жарығынан, ұйқыдағы баланың ашық беті көрініп жатыр екен. Қызыға қараған Наталияға, семіз баланың аппақ беті бұрынғысынан да нұрлы сияқтанып кетті. Желкілдеп өскен шабдар шашының сақыйналанған бұйрасы қалыңдай түскен тәрізденді.

«Не деген сүйкімді бала!.. Не деген тәтті ұйқы!..» деп ойлап қойды Наталия.

Бала әлденеге қозғалып қырынан жатып еді, оның ашылыңқыраған ныгын, Дәметкен түрегеп барып қымтап, аппақ семіз мойнына мұрнының ұшын ғана тигізіп искеп қойды.

«Не деген мейрімді әйел еді! — деп ойлады Наталия оған сүйсіне қарап қойып,— тумаған баланы да осындай жақсы көреді екен-ау!..»

Сырбай да солай ойлап отырып, Дәметкенге өзінің дағдылы жымысқы қулығын айтты:

— Жүдә жақсы көресің, құдағи,— деді ол Дәметкен баланы қымтап боп искеп жатқанда,— егер шешесі табылып, алып кетем десе қайтесің?

— Бергім бар еді,— деді Дәметкен ұнатпаған дауыспен, өлмей тірі айрылармын ба!..

— Оны көрер ек,— деді Сырбай қулана түсіп,— тек шешесі табылып келсей!

Кепеге жыйналғандар ботқаны тоя жеді де, сусынға салқын атала ғана ішіп, ұйқыға жатысты.

— Тұқымды суға шыласым бар,— деп Сырбай ғана тыска шығып кетті.

Қимшең құшақтаса жатқан екі қыз, ұйқыдан Сырбайдың «ал, кәне тұрыңдар!» деген даусымен оянса, білтесі сығырайыңқыраған лампы әлі жанып тұр, кепе іші қаракөлеңке. Звено адамдары да оянып, бастарын көтере бастады.

Ұйқылары қанбай есінеген қыздар тыска шықса, таң бозарып келеді екен. Бусанған шықтан төңірек буалдырланып тұр.

Қыздар беттерін арықтың ағып жатқан салқын суына шайып үлгергенше, үйден звено адамдары да шықты. Сырбай ол кезде, есік алдына шөгерілген түйенің шомына әлденені артып жатыр еді. Қыздар кеп көрсе, іші

кептелген дымкос екі қаптың астыңғы жақтарынан су сорғалап тұр. Олардың не қап екенін қыздардың білгісі келгенін кескіндерінен аңғарған Сырбай:

— Бүгін себілетін тұқым ғой, балалар,— деді түнде жүдә малшылап қойып ем.

Түйенің былтырғы еркек ботасы быйыл тайлақ та. Сырбай тайлақты түйесін қыстай маңында ұстап қолдан күткендіктен екеуі де өркештері тікейген семіз болатын. Қыздар жақындағанда, тайлақ шөгерілген түйенің қасында түрегеп, ноқтасынан байлаулы тұрған.

Наталияның бір әдеті — түйені қызық көретін еді, бірақ қасына баруға қорқып, маңайламайтын еді. Сол дағдысымен ол шегіншектеп тұрғанда, Айбарша еркінсіп тайлаққа жақындай беріп еді, тентек семіз тайлақ «аф» деп жынын бүркіп кеп қалғанда, коймалжың жап-жасыл жын бетін жапты да кетті. Қарқылдап күлген Наталия шегіне бергенде, тайлаққа ашуланған Айбарша, бетіне жабысқан жынды алақанымен сыпырып тастады да, тағы да жынын шашпақ, тістемек боп, қайта-қайта афылдап ұмтылған тайлақты жаққа екі-үш рет жұмырықпен салып жасқандырып ап, содан кейін ноқтаның байлаулы бауын шеше бастады.

— Айым-ау, қайтесің ол тентекті жүдә ызаландырып? — деді, жүк артқан түйесін тұрғыза бастаған Сырбай.

— Үйретем, атке!

— Неменеге? — деді Сырбай, неге үйретем деуіне түсінбей.

— Үстіне кісі шықпаған соң құтырып алған өзі.

— Мінбекпісің сонда?

— Мінем!

— Ойбай, жүдә асау ғой, Айым-ау,— деді Сырбай,— жығып кетер!..

Сырбайға жауап берудің орнына, Айбарша тайлақтың ноқта бауынан тартып, басын қамшылар жағына қайырып алды да, тікейген семіз өркешінен қапсыра ұстап, ырғып тайлақтың үстіне шығып кетті. Екі өркешінің арасына конған Айбаршаның санынан тістемек боп тайлақ ұмтылып еді, Айбарша жаққа шапалақпен тартып қалды. Жасқанған тайлақты Айбарша содан кейін ноқтаның қылдан есілген жуан бауымен санынан тартып-тартып жіберіп еді, тайлақ аталақтай жөнелді.

«Қап, жығып кете ме, қайтеді?» деді Сырбай қарап

тұрып. Бірақ ол қорқа қойған жоқ, өйткені халықтың ұғымында, ат пен түйеден жығылған кісінің еш жері ауыруға тиісті емес, себебі «ат жалын, түйе шудасын төсейді», сыйырдан жығылу қауыпты, ол — «мүйізін төсейді».

Қанша тулағанмен жыға алмасын аңғарғандай болған тайлақ, тоңқандап тайрақтай жөнелді. «Аюға намаз үйреткен таяқ», дегендей, қыл баудың өткір ұшы нығырақ тиген соң, мөңку былай тұрсын, Айбарша қай жақ мойнына сабаса, со жаққа бұрылды. Солай билеп алған тайлақты Айбарша қайнатасының су жайған егіс танабына қарай алып кетті...

Түйе қырық, елу жасқа келеді деседі. Сырбай қолында тұтығған оның мына түйесі соңғы жыйырма бес жылын оңымен бірге жасасқан. Дөнежінінде қайыған ол інгеннің ордайым құрсағы күр жатпай, үш жылда екі бота таба берген. Биыл да ол қайыған.

Колхоз ұйымдасқанша ешкімді бұл інгеннің үстіне шығармаған Сырбай, аулында колхоз ұйымдасып, өзі бас боп малдарын жұрт орталыққа салып жатқанда, осы түйесін ортаға бергісі келмей қатты қынжылды. Сонда, колхозға оның күшін, не сүтін қыймаған жоқ, шама-шарқынша күтіп өсірген, талай тар жол, тайғақ кешулерді бірге көрген ескі серігінің орталықтағы күтімі өз қолындағыдай болмас деп қауыптанды. Дегенмен, бермеуге болмайтынын көріп амалсыз қыйған ол, артынан колхозшыларға жеке шаруасында мал ұстауға рұқсат болғанда, өзгені емес, өзінің түйесін таңдап алды. Содан бері қолынан шығармаған бұл түйенің Сырбай әрбір ботасын тайлақ шығарды да колхоздың орталығына берді. Өткен жылы канал құрылысына кірісерде құрмалдыққа шалмақ болған буыршынын да ол өткен күз орталыққа берген.

— Жасының біреуін неге өсірмейсің? — дегендерге ол:

— Қайтем өсіріп,— дейді.— Колхозда тұрып аштан өлмеуге, көштен қалмауға көзіміз жүдә жетті. Үлкен түйемді де ортаға берер ем, тек кәрі серігім болғасын қыймаймын.

Сырбайдың сондай ойын білгендей, ерғашты боп өскен бұл түйе, өзгеге жасайтын қыңырлығының ешқайсысын оған жасамай, ырқына көне береді. Түйе бүгін де сонысын істеп, Сырбайдың жетегінде артқан жүкті егіс танабына ын-шынсыз алып барды да, атыздың жағасына

жеткен соң «шөк!» дегенде жата қалды. Тұқымдық салы салынған қаптар арқасынан түсірілді.

— Ал, келін! — деді ол Дариқаға,— суға салы себу үшін, әуелі малаағаш жүргізіп ылайлауымыз керек қой. Маланың екі басына арқан байлайық та, түйенің мойылдырығына жегейік. Түйені жүдә сен жетекте. Мақта келіп айдасын. Мен жүдә тұқым себейін.

Бұл звеноға мүше болған Дариқа мен Мақтағүлдің суға жалаңаяқ түсулері кеше ғана еді. Өйтуге Сырбайдан ұялғандай боп, кеше екеуі де кідіргенде:

— Жүдә ұялмандар, келіңдер! — деген Сырбай,— ұялғанмен, сендердің істеріңді біреу істеп бермейді. Жаз бойы бір күн емес, жүдә жетпіс күн суда жүріп жұмыс істейсіңдер. Ендеше, қымсынатын ештеңе жоқ. Әлгі бір Айымдар киіп жүрген ықшам киімдерді жүдә таба алмай-ақ қойдым, суда жұмыс істеуге ыңғайлы-ақ еді. Сендердің ұзын көйлектерің суға жүдә ыңғайсыз. Ыңғайсыз болғанда амал нешік. Көйлектің етегі жұмыска оралғы болмау үшін дамбалдың ышқырына салып шалбарланып алыңдар!.. балақтарыңды жүдә тақымдарыңа дейін, жеңдеріңді қолтықтарыңа дейін түріп алыңдар!

Дариқа мен Мақтагүл кеше ұялса да осыны істеген. Бүгін де соны істеудің қажеттігін ұққан олар, су жайылған танаптың жағасына келгеннен кейін, қысыла-қымтырыла тұрып, Сырбайдың кешегі бұйрығын бүгін айтқызбай орындады. Әйелдердің жалаңаштанған мүшелерінің еті аппақтығына көзі түскен Сырбай, теріс қарап ерiксіз жымыйды да, «жаздай күн көзінде осылай жұмыс істесеңдер қоңырланарсыңдар, балалар!» деп қойды ішінен.

Айбарша бұл кезде тайлақтың үстінен түсіп, қыйтығы басылыңқыраған оның мойнынан құшақтап тұр еді.

— Айым! — деді Сырбай оған,— тайлақты түйеге косақтау керек.

— Неге, атке?

— «Қатынды бастан тый, баланы жастан тый» депті. Суды қалай кешуді енесінен осы бастан үйрене берсін.

— Жүре ме ол?

— Неге жүрмесін. Тілесең үстіне міпіп отыр.

Малаған жегілген түйенің мойнына тайлақ қосақталғанда, балалығы ұстап кеткендей болған Айбарша, мінуге бір ықгайлана берді де, тағы кідіріп қалды.

Дариқа жетектеген түйе суға түсерден бұрын, Сырбай кайта малшынған салыдан дорбаға толтырып алды да,

дорбаны кеудесінен келтіре, ұзын бауын мойнынан асты. Содан кейін:

— Ал, келін! — деді ол Дарикаға,— түйені жетектеп түс суға!

Дарика жетектеген түйе, тартынған тайлақты сүйрей, суға түсе қалды. Бұдан бірер күн бұрын малағашка міниП тұрып түйе айдауға әдістеніп көрген Мақтагүл, түйенің шомына байланған делбеден ұстап, тік тұрған калпымен малағашка міне кетті. Басылған аяқтардан, сүйретілген малағаштан көтерілген балшық танапта жаңа ғана мөлдіреп тұнып тұрған суды ылайлады да жіберді.

— Ал, балалар,— деді Сырбай екі қызға,— сендер осылай қарап тұратын боласыңдар, біздің ісімізге. Мен тұқым себуге кірісем.

Малағаш сүйреген түйенің артынан Сырбай да суға түсе қап, төсінде асылған дорбадағы салыны уыстап ап, ылай судың бетіне құлаштап шаша бастады...

— Біз ше? — деді Наталия Айбаршаға.

— Біз не істейміз? — деді Айбарша.

— Етікті шешейік те суға түсейік.

— Не үшін?

— Көрейік.

— Нені?

— Тұқымның себілуін.

— Осылай да көріп тұрған жоқпыз ба?

— Бұлай көру — көрген болмайды.

Наталия атыздың қырына отыра кетті де, керзі коныштыетігін шеше бастады. Айбарша да соны істеуге кірісті.

Ылайлы суға қыз түсе қалса, асты былжыраған батпақ екен: аяқ толарсақтан кіреді, баса бергенде табан тайғанақтап тұрмайды, батқан аяқты тұтқырланып әрең жібереді.

Жүрудің қыйындығын көрген Айбарша:

— Ну, к чёрту её! — деп шыққысы кеп еді:

— Шықпаймыз, — деді Наталия, — трактарға міниП қызмет атқарумен осылай қызмет атқарудың айырмасын көру керек...

Біраз жүргеннен кейін балтырлары ауырып, әрі ентігіп шаршағанмен, Наталияның жүре түскісі келді де, шыққысы келген Айбаршаны қолынан ұстап, зорлағандай жібермеді.

Біраздан кейін сазға бойы үйренгендей болған екі қызға, себілген салының суға батуы қызық көрінді: Сырбай уыстап ап шашқан салы ылай судың бетіне аспаннан түскен жаңбырдың тамшыларындай тегіс шашырап түседі де, аз уақыт толқыған судың бетінде қалқый қап, кенет, сүңгіген үйректердей суға батып кеп кетеді.

— Жер-ананың тұқымды қалай жұтуын байқайсың ба, Айбарша?! — дейді Наталия.

— Байқаймын. Молайтып қайта беруге жұтып жатыр ғой ол.

— Рас. Таба білсең, алғанын мың-миллион есе өсіріп беретін бұл анадай мырза ана болады деймісің!..

— Рас, Наташа!..

Соны қызық көрген қыздар, кең танаптың бір бөлегін әлденеше айналып түсті. Сонда олардың қайран қалғаны, осы салпаққа өзгелер шаршаса да Сырбай мен түйе шаршар емес. Екеуінің де баттасқан саздан аяқ алулары аса жылнақ және біркелкі!..

Сөйтіп жүргенде күн көтеріліп қалды. Айбарша мен Наталия судан енді шықпақ болды. Со кезде, бұларға беттеген екі салт көріне кетті.

— Самарқан! — деді қарай қалған Айбарша,— қасындағысы әйел. Кім екен ол?

Қыздар атыздың жағасына жетпей екі салт жақындап та үлгерді. Наталияның «Ох!» деген үрейлі даусына Айбарша жалт қараса, кескіні әлем-тапырық боп, көздері шарасынан шығып барады.

— Не болды, саған?! — деді Айбарша, екі шекесін алақандарымен қысып, құлайтын адамдай денесі теңселе бастаған Наталияны құшақтай ап.

— Мать! — деген сөзді айтуға Наталияның қуаты әрең жетті.

— Чъя?.. Твоя?..

— Д-д-д-а!..

Сегізінші тарау

ЖОҒАЛУ

Наталияның шешесі — Аграфиня Осиповнаның қызын Сырбай звеносынан тауып алу тарихы қысқаша былай еді: тұрған мекенінен жаудың текпінімен босып шыққан ол, жолшыбай талай топқа қосылып, талай топтан айрылып отырып, неле ауыртпалықтарды бастан кешіру ар-

қылы, 1941 жылдың күзінде Қапал қаласына кеп тоқырады.

Қалалық совет оны сол қаладағы он жылдық қазақ мектебінде күтуші қып орналастырды. Мінезі жатық, ақкөңіл, балажан, мейірімді, іскер Аграфиняны жақсы көрген көпшілік «Груша апай» атап кетті. Мектептің директорына, мұғалімдеріне, балаларына, немесе басқаша қызметтес адамдарына мұнда қалай келуін Груша апай әңгімелей қалса, әрдәйім кеңесінің аяғын қызы Наталия мен ұлы Александрға әкеп тірейтін еді де, оларды қайда, не халде екенін білмейтіндігін айтып, ағыл-тегіл жылап алатын еді, ойында — оларды енді қайтып көрем деген сенім жоқ еді.

Сондай сенімсіздікте жүрген Груша апайға мектептің оқу сыйлайтын директоры бір күні хайран қаларлық жақсылық көрсетті.

Мектепке күнде келетін газеттерді директор қарастырып отырса, «Социалистік Қазақстан» газетінің бір санында, ішкі екінші беттің орта белінен төменгі жағын тұтас алып «Отаншыл қыз» деген көркем очерк басылыпты. Газеттің қызғылықты материалдарына шұқшыя қарайтын директор, тілі көркем, мазмұны бай очеркті қадағалай оқып көрсе, ішінен көзді суыра тартарлықтай бір мәлімет шыға келеді!..

Очерктің баяндауынша, Қызылорда облысының... ауданындағы «Кентоғай» атты колхозында, ісі үлгілі танаптық агроном бар, аты-жөні — Наталия Остаповна Полещук.

Груша апайдың да фамилиясы Полещук екенін білетін директордың құлағы, очеркте ұшыраскан агроном қыздың фамилиясына елеңдей қап, аржағын ерекше құмартып оқып көрсе, ісін үлгілі деп сипаттап отырған агроном қыз, қайдан келу тарихын баяндауға қарағанда, осы кісінің жоғалтқан қызына ұқсайды.

Очеркте қыздың кішірек көлемді фотокарточкасы да басылған екен. Оның да: көз, маңдай, мұрын, бет, иек бітімі Груша апайға ұқсайды!..

«Апырау, осы қыз сонікі болмаса игі еді!» деп қуанған директор, Аграфиняға туралап айтса, қуаныштан жүрегі жарылып кетердей көріп, газеттегі мәліметпен оны құлығы араласкан еппен таныстырмақ болды.

Мектептің ішкі тазалығын сақтау жөнінде Аграфиня Осиповнамен жиі сөйлесіп тұратын ол, газеттегі очеркті

оқып, ондағы мәліметке ойын тоқыратқаннан кейін, мектепті таңертең тазалап боп пәтер үйіне кеткен Аграфиняны біреуді жіберіп шақыртты. Бұлай шақыру, кейбір жұмыстың ойдағыдай орындалмауына байланысты болатындықтан, шақырушы келгенде жүннен иірген жіптен байпақ тоқып отырған Груша апай «әлде нем жетпеді екен?» дегендей мазасызданып қалды.

Жоғалған балалары есіне түскен ол, дәл сол сәтте аса көңілсізденіп, Украинаның әлдене мұңды әнін ақырындау зарлы дауыспен айтып жылауға таяу отыр еді.

Шақырушы келгенде, бұл халінен ол серги қалды: өйткені, директор өзін сыйлайтындықтан, бұл да оны аса сыйлап ісінен шашау шығармауға тырысатын; егер, зәуі-сайтан шашау шыға қалса, оны директор көріп ескертсе, жерге кіргендей ұялатын, көрмесе — көрсетпей түзеуге жанталасатын.

Директордың шақыруын естігенде, «жұмысымда бірдеме жетпей қалған болу керек» деп ойлаған Груша апай мектепке асығып жетті де, кабинетке қымсынықырап кірді.

Директор оны аса жадыраңқы кескінмен қарсы алды. Бүйтер деп күтпеген Аграфиня Осиповна, оның:

— Халіңіз қалай? — деген сұрауына не жауап қайырарын білмей, бетіне жаутаңдап қарай берді.

— Жақындарыңыздан хат-хабар жоқ па? — деді директор.

— Жоқ,— деді Аграфиня Осиповна басын шайқап, директордың бұл сұрауды неге бергеніне түсінбей.

«Қызыңыздан хат-хабар жоқ па?» деген сөз аузына келе беріп, директор тоқтай қалды. Өйткені, мұны айтса Груша апайдың жылай бастайтыны мәлім.

Енді не айтуды ойланған директордың есіне мына күлық түсті: жасы алпыстарды алқымдағанмен Груша апайдың көз жанары әлі жіті екенін ол білетін, сондықтан әлдене сөздерге оны алдандырып отырып, абайсыздау бір кезеңде, Наталия Полещуктің газетте жарияланған суретін алдына тастай берді.

Директордан дәл қазіргідей қылықты бұған дейін ұшыратпаған Аграфиня Осиповна неге бүйтіп отырғанына түсінбей, сұрауларына жалтақтай жауап беріп отырғанда, алдында жатқан газеттегі фотопортретке көзі ілеге кетті.

Әуелі аңдаусыздау қарай қалған оның көзін, жылы

ұшырай қалған портрет өзіне шыжымдай тартып, аздан кейін қадала қалды. Қадалған сайын оның көзі өткірлене, кеңи түсті; өңі бір сұрланып, бір күреңденіп құбыла түсті. «Қайтер екен» деген оймен директор үн-түнсіз отырғанда, құбылған сезіміне ие бола алмастық халге жеткен Груша апай шекесін екі алаканымен қыса ұстай алды да, ышқынған дауыспен «ah!» деді...

— Сізге не болды? — деген сұрауға Груша апайдың жаска бұлыға әрең берген жауабы:

— Менің қызым!..

Очеркте сыйпатталған қыздың өз қызы екенін портретінен де, очерктің сөздерінен де анық көрген Аграфиня, білгешінше шимайлап хат жазып еді, «Кентоғай» колхозының басқармасына кеп түскен хат, көктем егісінің қызу науқанында жүрген Наталияға тапсырылмай жатып қалды да, сапырылған бір қағаздардың арасына түсіп жоғалды. Қызының жауап хаты кешіккен Аграфиня Осиповна, одан әрі төзбейтінін айтып, мектеп директорынан барып келуге рұқсат сұрады. Рұқсат бере отыра, «қайтып келем» деген уәдесін ала отыра, директор Аграфиня Осиповнаны, аңсап көрген қызынан оралады деп ойлаған жоқ.

Алмалыққа кеп қызының жөнін сұраған Аграфиня Осиповнаға Наталиямен көңілі қосылғандығын білетін біреулер, со бір сәтте қалаға әлдекалай келе қалған Самарканды нұсқады. «Кентоғай» колхозының егіс даласына со кезде жолы да түсе қалған және болашақ қайынеесін, жоғалып табылған қызына ертіп апармауды ыңғайсыз көрген Самарқан, машинасына мінгізді де өзі алып жөнелді.

«Кентоғайдан» олар салт атқа мінді, өйтпегенде, егістік даланы өрмекшінің ауындай сызғылап аққан арықтардан машинамен жете алмайтын еді.

Қызының да, ұлының да осында екенін енді айқын білген Аграфиня Осиповнаның сөздеріне Самарқан жолшыбай құлақ салса, қуанышы тасыған оның жылап-сықтар түрі көрінбейді. Сөз әлпетінде дінге сенетін ол:

— Құдайға шүкір,— дейді Самарқанға,— ахиретте болмаса, бұл дүниеде көруден күдер үзіп қойған балаларымды аман жолықтарсам көзімнен жас та шығармаймын.

Жолыққаннан кейін не істейтіндік тамырын басып көрсе, қызын қызметінде қалдырғысы келеді де, ұлын Қапалға алып қайтуға ойлайды.

Екі уәдесінің бірін Аграфиня Осиповна бұлжытпай орындады. Аттан түсе берген оны көргенде, танығаң Наталия есінен айрылғандай сезіммен, ылай суға сүрінекабына кеп «мама!» лап бассалғанда:

— Бекер жылайсың, қызым,— деді ол, өз көзінен жас шығармастан, тек қана бауырына қатты қысып,— аман көріскен соң жылаудың керегі жоқ.

Сағынған шешесін қайта-қайта «мама» лап құшақтап, қуанышты көзінен мөлдір жастың тамшыларын қайтақайта домалатқан қызынан Аграфиня Осиповна ұлының жайын сұрап еді, алдымен оған Айбаршаны таныстырған Наталия Александрдың кімнің қолында және қандай халде екенін қысқаша айтып берді. Дәметкенді әлі көрмегенмен, қызының айтуынан сырттай жақсы көрген Аграфиня Осиповна, «не деген жақсы адам еді!» сөзін қоса, «шешең үшін саған рахмет!» деп Айбаршаның қолын алды.

Осы алғысты кепеде жолыққанда Дәметкенге де айтып еді, тосаң әйелдің кім екенін Айбаршаның баяндауынан білген Дәметкен ытырына да қойған жоқ, жалпылдай да қойған жоқ. Баланың әлпетіне қараса — шешесін ұмытып қапты, алғаш көріп шақырғанда, Дәметкеннің кең көйлегінің етегіне оралып бармай қойды.

Баланың сәбилік ескерлігі ертеңіне ояна бастады ма, немене, шақырған шешесіне ертеңіне де бара қоймай тартыншақтағанмен, кешегідей жатырқап қарамай, құмарландыра түсейін дегендей жымыяды.

«Бұ қалай болады енді?» деген ой Дәметкеннің басына, кеше Аграфиня Осиповнаның кім екенін білгенде-ақ кірген. Сол оймен түні бойы толғанған Дәметкен, таң біліне ғана қалғығанда, «егер менің еркіме салса, мен баланы қолымнан өлмей шығармаймын» деген қортындыға табанын нық басқан. Сондықтан, Аграфинямен таңертең жүздескенде, ол, кешегідей бейғам кескінмен емес, салқын кескінмен қарап, бойына дарытпау мақсатымен сырғақтана бастаған.

Аграфиня Осиповна бұл кепеде төрт-бес күн болғанда, Дәметкен сырғақсуын жұмсартудың орнына нығайта түсті. Оның неге бұйтуін бұл кепедегілер алғашқы күні-ақ аңғарды. Сондықтан, басы Сырбайдан бастап, бұл кепедегі адамдар:

— Мұның не? Шешесі табылмаса бір сәрі. Туған шешесі кеп отыр. «Иесіне керек болса, қоңсы өкпелемейді»

депті. Баланы жақсы көретініңді білеміз. Бірақ, туған шешесі сенен де артық жақсы көрмей ме? Баласын алмай кете ме, ол? Қолдан бермесең жолдан алмай ма? Соттасса да жеңбей ме сені. Ендеше, болмаска бусанатын нең бар? — деп жыйылып еді, Дәметкен «бермеймін» деген сөзінен танбады.

Енді не істеуді ақылдасқан ара халық Аграфиня Осиповнаны осында қызметке алып қалмақ болып еді, ол да:

— Қызмет орным жақсы. Оралып келем деп уәде кып қайттым, қала алмаймын,— деп көнбеді.

Туған шешенің баланы алып кетпей көнілі көншімейтініне, тәрбиеші шешенің ризалықпен бермейтініне көзі еркін жеткен аралық жұрт енді тәсіл қолданбақ боп, Аграфиняға оңашалап төмендегідей ақыл айтты:

— Бала сіздікі, қай жолмен алсаңыз да сізге кінә жоқ. Сондықтан, Дәметкенге енді жалынбаңыз. Оның бермеуіне көнген адам болып кете барыңыз да, Алмалықтағы аудандық халық сотына арыз беріңіз. Соттың үкімі сіздің пайданызға шешілетіні сөзсіз. Одан кейін сізге ешкімнің өкпесі жоқ, егер тәрбиеші шешесі бермеймін десе, үкімді орындаушы заңмен әпереді.

Бұл ақылды Аграфиня Осиповна бірден қабылдай қойған жоқ. Өліп-тірілгендей болған туған ұлын алмай кету ауыр болғанмен, тумаған балаға соншалық жаны үзіліп, қыйғысы келмеген Дәметкеннің қылығына әрі сүйсінді, әрі аяды.

Дегенмен, баласын сот арқылы алуға Аграфиня ризаласты. Оны бұл ойға көндірген әсіресе Айбарша.

— Шеше менікі,— деді ол Аграфиняға, — қыймайтыны, шын жақсы көретіні рас. Бірақ, баланы туған шешесіне бермеуге болмайды. Ризалықпен беруге көндіре алмадық. Ендігі жол — бәрімізге ортақ советтік заң. Заң не десе сол болады да қояды. Заңға шешем де көнеді. Онда сіз де арашаланып қаласыз. Жақсы көретін баласынан айрылу шешеме ауыр болатыны рас. Оны жұбату міндетін мен алайын.

Аграфиня Алмалыққа жүріп кетті. Басында баласын жабыса сұраған Аграфинянын, ақырда қалдыруға көндіккен адам боп аттануы, Дәметкенге аса күдікті көрінді. «Менің қапымды тауып, баланы ұрлап әкеткелі жүр ме!» деген қауып кірді оның көніліне.

Осы күдік көніліне ұялаған ол, өзге түгіл Айбаршаға

да сенбей, баланы күні-түні көзінен таса қылмайтын халге түсті. Түнде ол өте сақ ұйқтады.

Сөйтіп жүргенде, оған Алмалықтағы аудандық халық сотынан шақыру қағаз кеп қалды. Айбарша мен Наталияның планы, егер шақыру қағаз келсе Дәметкенді шошытпай айтпау еді де, Алмалыққа басқа бірдемені сылтау қып баламен ертіп апарып, сол арада сотқа шақырта қою еді; егер сот үкімді Аграфияның пайдасына шешсе, үкімді орындаушыны жұмсап, баланы туған шешесінің қолына ұстата қою еді.

Бірақ, олар қапыда соғылды. Шақыру қағазды әкелуші, женіл ақылдау және Дәметкенге өкпесі барлау біреу еді. Ол келсе, кепеде ас пісірумен шұғылданған Дәметкеннің қасында баладан басқа жан жоқ екен.

— Я, женеше, аман ба?— деп ол кепеге есерленкіреп кірді де, аздаған амандық сөздерден кейін, Дәметкенді мұқату мақсатымен: — Мынау, біреудің баласын неге бермей қалдың? — деп сұрады.

Қыйсық сұрауға тұзу жауап берген Дәметкенге ол:

— Байғұс-ау, қолыңнан бермесең жолыңнан алады ғой ол! — деді.

Дәметкен оған, Аграфияның көңдіккен жайын айтып еді:

— Босқа сенеді екенсің ғой, тәйірі! — деді анау,— қапыңды тапқан ол.

— Қалай? — деген сұрауға:

— Сот арқылы алмақ болғаны ғой, міне, шақыру қағаз!— деп алдына тастай берді.

— Не дейді? — деп нанар-нанбасын білмеген Дәметкенге, сауаты бар хабаршы, шақыру қағазды оқып берді.

Ызамен қорқыныш сапырылудан айнала қалған Дәметкеннің басы тез қалпына келді. Баланы бермеуге бекінуден таймаған ол, көрінеу қарсыласудан пайда жоғын ұқты да, өзінше тәсіл қолданып, кешке жұмыстан қайтқан Айбаршаға шақыру қағазды салмақты кескінмен оқытты. «Мұнысы несі?» деп Айбарша білмеген болды да:

— Енді қайтеміз? — деді шешесін сынамақ боп.

— Қайтеміз. Барамыз да,— деді Дәметкен.

— Сот үкім қылса қайтеміз?

— Көнеміз де,— деді Дәметкен.

Ол сөзге сеніп қалған Айбарша, шешесін сотқа апарып онайсыздық тұғызбау мақсатымен:

— Апа,— деді жалбарынған дауыспен,— сотсыз ризалассаң қайтеді одан да?

— Қайдам? — деді Дәметкен мүләйімсіп.

— Апа, сөйт,— деді Айбарша шешесін құшақтай, бетіне бетін тақап,— тату-тәтті айрылайық. Кейін де көрісетін кісің. Қызы да, өзі де риза болсын. Қызы бізге былай да дос адам ғой, баланы еркіңмен берсең шешесі де дос боп кетеді. Қолың құр емес, қыз да, жалғыз да болсам қолында мен бармын!

Дәметкен көнбеген сыяқтанып аз отырды да, Айбарша:

— Апатай, апажан!.. сөйт енді!..— деп қыйыла жалбарынған соң:

— Жарайды! — деді.

Қуанған Айбарша шешесінің екі бетінен алма-кезек сүйіп-сүйіп алды.

Бұл хабарды естігенде, Наталияның қануында да шек болған жоқ. Мәселе сот арқылы шешіледі дегенге, інісін туған шешесінен кем күтпеген Дәметкенді аяп, өзгелерден іштей көбірек қыйналып жүрген сол еді. «Соттаспа, бала ешқайда кетпейді. Сенімді қолда. Тұра берсін. Жүре келе еппен перміз» деген сөзіне шешесін көндіре алмаған еді. Енді Дәметкен көнді деген соң, ол да құшақтап сүйіп көп алғыс айтты.

Бұл мәселеге сақтау көзбен қараған жалғыз ғана Сырбай. Ол Дәметкеннің тым күрт құлай қалуына және көп уақыт баланы қыймай реніште жүріп, енді бергісі кеп жайраңдай қалуына сенбеді. Сондағы мақсаты не екеніне және көзі жетпеді.

Ертеңіне өзгеден ерте оянған Сырбай Дәметкенді кепе ішінен де, даладан да іздеп таба алмады. Онымен бірге бала да жоқ!.. «Қашып кеткен болар ма?» деген қауып туды оның ойына.

Дәулеттің сұр жорғасы сол маңайда болушы еді. Іздестірсе ол да жоқ.

— «Соны мінген де қашқан,— деп бекітті ол ойын,— бірақ қайда?..»

Сұр жорға кешікпей табылды: маңайлас разъездегі біреудің қорасында терлігін ерттеулі қалпында қалып қойыпты. Үй иесі оны таңертең көріп, атты таныпты да, кім мініп келгенін біле алмай хайран бопты.

Сұр жорға разъезден табылған соң, Дәметкеннің баланы алып поезға мінуіне ешкім күдіктенген жоқ. Сол түні,

сол разъезд арқылы ерсілі-қарсылы әлденеше состав өткен, оның бесеуі пассажирлық, солардың қайсысымен қай жаққа кеткені мәлімсіз.

«Қайда?» деген сұрауға, тек Сырбай ғана бір жорамал айтты:

— Бетімен қаңғыратын жүдә жынды деймісің,— деді ол, әрине, ол біреуді көздеп кетті.

— Кім?— деген сұрауға:

— Сарымсақтың Алтынгүл деген жалғыз апасы барда,— деді ол,— соның Адамбек дейтін оқыған жалғыз баласы бар-да, Сарымсақ тірі кезде де, өлген соң да нағашы көріп келіп жүретін. Бұл соған кетті.

Айбаршаның айтуынша, землемерлік қызмет атқаратын Адамбек Жақсылықов қазір Бетпақтың шөлін зерттеп жүрген экспедицияда. Дәметкеннің оған қалай кетуі, қалай жетуі көпшілікті ойға қалдырғанмен, Адамбекке хат жазып білмек болды, хаттың жауабы қашан келуін ешкім дәлдеп айта алмаған соң, мұнда қызметке қалғысы келмеген Аграфия Осиповна Қапалдағы мекеніне қайтты. Бірақ, ол кейбіреулердің күткеніндей жылап-сықтап кеткен жоқ. Көңіл айтқысы келген кейбіреулерге оның берген жауабы:

— Біржола жоғалды деп жорығаң кезде де өлген жоқпын-да. Тірі жоғалған балаға несіне қынжылайын. Түбінде бір табылар!..

Тоғызыншы тарау

БАЛАУСА БАСЫНДА

Бүгін Қызылорда жерінің ыстығы өз тілімен сөйледі. Тұлабойында шөкімдей бұлт жоқ, көгілдір жақұттай боп мөлдіреген аспанның биігіне шығып алған күн, таңғы самалы әлдеқашан тынып қалған Сырдария өлкесіне, оттай ыстық лебін себеледі де тұрды. Жалындай леп жалағанда жердің беті қайнап кеткен сияқтанып, ұшы-қиыры сыз кең даланы толқынды сағым жауып кетті. Жайшылықта көзге бұлдырап әрең көрінетін әлдеқайдағы темір жол станцияларының водокачкалары, әлдеқайдағы колхоздың қыстақтары, әлдеқайдағы шоқтала өскен тоғайлар, әлдеқайдағы құм-төбелер сағым толқынында суда жүзген кемелер мен қайықтардай қалқып, жақындап қалды... Со бір кезде, төңірегін көзімен шолған кісіге, дүние

жүзін топан басып бара жатқандай әсер пайда боларлық еді...

Осы ыстықта, маңдайларынан тері сорғалап, кескіндері қаракүрең тартқан екі салтты, кең өлкені тұтаса жапқан жасыл егіннің тың даламен астасқан шетін жағалап келе жатты; біреуі — Байжан, біреуі — Самарқан.

Дем тартқанда жалын жұтқандай болатын Сырдария өлкесінің мұндай ыстықтарының талайын көріп, оған дағдыланып алған Байжанның әлі дағдылана алмай жүрген бір ғана нәрсесі бар еді, ол — Сырдария бойының маса-сонасы мен құрт-құмырсқа, бақа-шаяны... деген сияқты шақпалы жәндіктері.

Арқалық қазақтарда «пәленің мыңы Сырда, бірі қырда» деген мақал бар. Сол мақалды айтатын туған жерінің қарттарынан Байжан «мың пәле — не ол?» деп сұрағанда: «құрт-құмырсқа, бақа-шаян сияқты шақпалы жәндіктер, олардың ең көп жері Сырдың бойы» деп жауап беретін.

Сыр бойын аралай келе, қарттардың сол сөздері Байжанға рас сияқтанды. Ұшатын, немесе жерде жорғалайтын заттардың ол не «зоология» кітабынан оқымаған, не құлағы естіп, көзі көрмеген неше түрлілерін ұшыратты.

Мысалы, Арқаның жерінде сыйырдың жауы «шанышқақ» дейтін инелік бейнелі шыбын. Бір шанышқақтың ызылын естіген сыйыр, құйрығын көтеріп ала, су бар жерге жапталасып қашса, өзге сыйырлардың бәрі босқа үрейленіп, бет-бетімен дырқырай жөнеліп, жанын қоярға жер таба алмайды. Сыр бойында «шанышқақ» та бар екен, оның аты «сайгел» дейді екен.

Бірақ, Сырда, сыйырдың сайгелден әлдеқайда мықты жауы болады екен, оның аты «алакүлік». Ол — ұшатын ала қанатты қоңыз. Сыйырларға «сайгел», мысалы, қасқыр болса, алакүлік — арыстан. Алакүлік келгенін білген сыйыр бытырай қашқанда есінен айрылардық дәрежеге жетеді... Сол, қашқан бойында, ол алдында ор түрса құлайды, саз түрса батады, от түрса түседі!.. Бұл «пәледен» қашқанда да олардың бассауға қылар жері су. Суы жоқ жерде алакүліктен қашқан сыйыр, егер құтыла алмаса болдырып барып жығылады; су кездессе, денесін жасыратын тереңіне жетпей жаны жай таппайды...

Алакүліктің осындай пәле екенін білетін қазақта ең катты қарғыстың біреуі: «ой, алакүлік келгір!». Бұл қазақтың дұшпанға ғана айтатын қарғысы... Шілде

айларында, Сырдың бойында алакүлік қаптап кетеді. Сыйыр малын ол кезде, бұл маңайда ұстауға болмайды.

Арқада да маса мен сона көп. Бірақ, Сыр бойының маса мен сонасының қалыңдығымен салыстырғанда, Арқаның маса, сонасы жіп есе алмайды. Екі жақ жағасына қамысты көлдер жарыса біткен Сырдарияда, май мен сентябрь арасындағы масаның қалыңдығы бұлттай болады. Кейбір тымық күндері алыстан қарауытып ұшып келе жатқан бірдемені, көшіп келе жатқан бұлт болар деп ойласаң, ызың қаққан, масаның тобы боп шығады. Бір масаның ызыңы әлсіз болғанмен миллиондаған масалар қосылып ән салса, көшіп келе жатқан масаның бұлты, ауып келе жатқан жағын күңірентіп жібереді.

Арқаның масасынан семіздеу, жуандау, денесі де, тұмсығы да ұзындау, қанаты да жалпақтау және қыякгылау, түсі сұрғылттау келетін Сыр бойының масасы қалай шағуын бейнелеп айтқанда, Арқаның масасының шаққаны — бүргенікіндей болса, Сырдың масасының шаққаны — бүйінікіндей. Жалпы маса атаулының тұмсығында не пәле барын кім білсін, ұстап ап көргенде езіліп қалатын оның жұп-жұмсақ тұмсығы, денеге қадалғанда біздей өткір ғой. Түйеніц қалыңдығы сантиметрден артық қара қайыс терісіне қадалғанда, етке шанышқан біздей сүңгіп жүре бермей ме!?. Сыр бойындағы масаның тұмсығы тіпті сұмдық. Егер қадала қалса, ол тұмсық малдың терісі түгіл, адамның үстіндегі әлденеше қабат киімнен де өтіп кетеді!..

Өткірлігі біздей, ащылығы удай масаның денеңе тұмсығы бір қадалса, оған хайуан шыдар ма еді, қайтер еді, ал, егер миллионы қадалса ше?!..

Сыр бойының масасы осындай болса, «сонасы қандай?» деңіз: Арқаның сонасы Сырдың сонасының қасында бүркіттің қасындағы қаршығадай-ақ. Арқаның сонасы жай ғана қадалып шақса, Сырдың сонасы қадалған жеріңің терісін ойып алады және шаққан жері күп боп ісіп кетеді... Олар да Сыр бойында мың-мың!..

Бір ғажабы — сыйыр атаулы мақлүқ, мәселен сонадан қорықпайды, олар денесіне мыңдап жабылса да мыңқ етпей оттай береді. Олардан және «бөгелек» аталатын шеліктің бір түрінен жаны шыға қорқатын жылқы жануар ғана. Алагүлік пен сәйгелі жылқыға тимейді де, жылқы олардан қорықпайды да. Ал, түйе,

шыбын-шіркейдің денесіне қаншасы қадалып жатса да, аяқтарымен, басымен қағынып оттай береді.

Арқада қара шыбынның денені жыбырлатып мазалауы ғана болмаса, жанды ауыртып шаққанын ешкім естіген емес. Жылқының жас қыйына жапырлап қонып, содан ләззәт табатын ұсақ шіркейлерді, Арқаның қазағы шағу түгіл мазалауға тұратын мақлұқ деп танымайды. Ал, Сыр бойын алсаң, қара шыбын мен шіркейдің шағуы, денені масадан кем ашытпайды.

Қазақтың ұғымында, тышқанның үлкені — шошқа, мысықтың үлкені — жолбарыс, иттің үлкені — арыстан. Сол сыяқты, Сырдың бойында қара шыбынның да «жолбарысы» мен «арыстаны» бар: басы жалпақ, төбесі жасыл, бөксесі жуан, сыйрақтары түкті келген, сонадан тұрқы қысқалау болғанмен денесі жуан бұл шыбынды Сыр елі «түйе шыбын» дейді. Ғылымда «шпанская муха» аталатын, көктем кезінде айғыр, бұқа, қошқар сыяқты өндіргіш малдардың қуатын молайту үшін қуартып үккен ұнтағын ішкізетін бұл шыбын сонадан кем шақпайды...

Ұшатын шаққыштар осындай, болса, жерде жорғалайтындардың не түрлі пәлесі жоқ, Сырдың бойында!..

Қыраттау жерде көп ұшырасатын қарақұрттар, дәл Сырдың өз жағасында жоқ. Бірақ, айырқұйрық шаяндар, шілде кезінде Сырдың жағасында құмырсқадай өреді. Бүйілер ше?.. Және қандай бүйілер, олар? — Жас баланың жұмған жұдырығындай бүйілер! Өздерінің тұлабойы түкті келеді... Қапысын тауып таяқпен баса қойсаң, ауызынан қара көбігі бұрқырап кетеді, соның бәрі — денеге тисе өлтіріп жіберетін у.

Жылландар ше?.. Неше түрлілері жоқ олардың, Сырдың бойында. Бәрі де шаққыш, шақса — өлтіргіш. Өзгелерін қоя тұрғанда, «оқжылан» аталатын біреулері бар, үшындығы бір-ақ кездей, жуандығы саусақтан әрең қалыңқы. Осы оқжылан жанталасар жері келсе, қашканда да, қуғанда да доңғалақтың құрсауындай ніліп ап зымырайды. Екіталай шақта аспанға шаншыла атса, үш-төрт метр биікке көтеріледі. Тұрғын елдің ұғымында, аспанға атқан оқжылан төбеңнен кеп шаншыла түссе, өн-бойыңды оқтай тесіп шыға келеді. Сондықтан оқжылан көрсе олар қашады... Қашпағанда қайтсін: жіп-жіңішке қалтымен ол, таспақаны сыртқы қабыршығымен жұтып жібереді!..

Құлағы естігенде бұған нанбаған Байжан көзімен көріп иланды: таспаға жұтқан оқжылан қып-қысқа боп қалады екен де, бақа кірген жері резинкадай созылып, доп-домалақ боп іскен сыяқтанып кетеді екен. Теңіздегі хайуанаттардың тіршілігі туралы оқыған кітабында, Байжан, теңіздің терецінде хаулиод дейтін жыртқыш кішкене балық болатынын, ол өзінен әлденеше рет зор балықты жұтып, резинкадай созылған қалпымен үрген қуықтай домаланып қалатынын кездестірген еді де, көзімен көрмеген соң нанбайтын еді. Соның растығына Байжан таспаға жұтқан оқжыланды көргенде иланды.

Сыр бойында зәрлі мақлұқтар, жоғарыда аталғандар емес. Олардың толып жатқан түрлері бар.

Адам не нәрсеге көндікпейді.

Сыр бойына алғаш келген кезде аяқ астынан шағатын пәле күтіп, жатса-тұрса үрей болатын Байжан, жүре келе үйреніп алып, кез келген жерге жата беретін, кез келген жерге отыра беретін. Сонда, бір ғажабы—жерде жорғалайтын шаққыштардың ешқайсысы, ешуақытта залал істеген емес. Сонда, сол шаққыштар оған жоламайды емес: талай рет, құйрығын қайқайтып денесінде жорғалап жүрген шаяндарды ол қағып та түсірді. Талай рет, қойнына кіріп жылан да ұйқтады. Бір рет кигелі жатқан етігінен жылан шығып зәресін алғандықтан, бір рет басынан шешкен кепкасында бүйі жатқанын көргендіктен, жатқанда шешкен киімдерін ол алғаш сілкіп, қарап киді де, кейін оған да еті өліп ескермейтін халге жетті.

Сырдың «мың пәлесінің» жер бетіндегілеріне «ағайын» боп алған Байжан, ұшатын «пәлелердің» адамды шағатындарына, әсіресе маса мен сонаның шағуына төзе алмай-ақ қойды...

Сол төзбеуін ол, бүгін де істеп, Самарқан екеуі салт келе жатқанда, үстіне жабылған маса мен сонаның шағуынан жанын қоярға жер таба алмай, жынданған адамдай үсті-басын жұлмалаумен азаптанды. Бұлай арпалысуына оны айыптауға да болмайтын еді. Әдетте біз малды адамнан азапқа шыдамды деп есептейміз ғой. Сол көзбен қарағанда, Байжанның астындағы әдетте салмақты, шабандау аты маса, сонаның шағуына шыдамай, аяқтарымен, құйрығымен, басымен денесін қағынып, секеңдеп жеңілденіп кетті. Аттың орғуы, қаргуы, басын кейде кекшеңдетіп, кейде тұқырып алас ұруы соншалық мазасыз дәрежеге жетті, егер үстінде отырған кісі абайлап, тақы-

мын қатты қысып отырмаса, тізгінді жыйнақ ұстамаса ұшып кетер еді. Маса, сонаның шағуына хайуан екеш аттың да берекесі сонша кеткенде, адам қалай шыдасын!..

Бірақ, Байжанның байқауынша, мойындаған іске, адамның шыдамдылығы хайуаннан әлдеқайда артық сияқты. Мысалы, осы келе жатқан сапарда, екі ат пен Байжаннан, Самарқан маса, сонаның шағуына әлдеқайда төзімді!.. Тірі адам болғандықтан, маса, сонаның шағуына ол да біраз тыйышсызданып, жыңғылдың жапырақты бұтағынан буып алған қорғанышымен денесін қақпалағанмен, дәл екі ат пен Байжандай берекесі қашарлық дәрежеге жеткен жоқ. Сондықтан ол, ара-тұра Байжанға қалжың да айтып қойып:

— Сен, инженер жолдас, берекеңнен айрылдың ғой,— десе:

— Айрылмасқа амал қанша, шыдатар түрі жоқ!— деп жауап берді Байжан.

— Е, қайтер дейсің,— деді Самарқан оған, қулана түсіп,— Сыр бойының күйсуі екеніңді біліп, маса, соналар жездесімен ойнап келе жатыр да.

Қалжыңдасуға шамасы келмеген Байжан, қолындағы жапырақ қорғауышымен денесін қағына түсті...

Бұлар быйылғы жылдың егінін аралап келе жатыр еді. Бұдан бұрын да әлденеше рет аралап, егіннің жақсы беталысына көңілі тойған Самарқан:

— Көктемнен кейін көруге қолың тиген жоқ, екеуміз аралап келейік,— деп Байжанды ертіп шыққан. Сондағы ойы — жақсы егінді көрсетіп мақтануда; өйткені, ол егіннің осылай шығуына Райзоның, оның начальнигі — өзінің ортақшы мол деп түсінеді.

Алмалықтан таң біліне аттанған олар, түске дейін быйылғы егіннің көп танабын аралап түсті. Самарқанның бағалауы бойынша, танап атаулының шығым жағынан бәрі бір емес, олардың ішінде нашары да, ортасы да бар; бірақ, жақсысы мен ортасын араластыра есептегенде, быйыл аудан көлемінде орта мөлшермен гектарынан 25 центнерден алынуға тиісті. Өткен жылдармен салыстырғанда, Самарқанның ойынша бұл жақсы шығым.

Жалпы мөлшеріне көңілі тола тұра, нашар шыққан егіндердің неге нашар болуын айта кеп, Самарқан Сырбайды серпе мақтап қояды.

— Мына көріп келе жатқан егіндердің ішінде гектарына отыз-қырық центнерден беретіндері бар,— дейді ол

Байжанға,— өзгесімен салыстырғанда, бұл өте жоғары шығым. Соны саған орта шығым деп келе жатқан себебім — Сыр-екеңнің танабын көргендіктен. Ол, енді, ғажап!.. Мұндай қалың шыққан күрішті мен өмірде көрген емен. Сыр-екеңнің өз тілімен айтқанда, «тіл-аузымыз тасқа», егер осы бетімен өсіріп аман жыйнап ала алсақ, бүкіл ауданымыз боп мақтануымызға әкел қолыңды!..

Сырбайдың танабын солай мақтаған Самарқан, тағы да бір мақтанышын әзірге ішіне бүгіп, Байжанға айтқысы келмейді, онысы — бес гектарлық Сырбайдың танабы екіге бөлінеді, бірі — минералдық өңдеу қолданылған жағы, бірі — Сырбайдың қара тәжрибесімен өсіріліп жатқан жағы. Өңдеу қолданылған жақтың шығымы, екінші жақтың шығымынан әлдекайда қалың. Сырбайдың өз айтуынша, ол қалыңның түсімі де екінші жақтан екі есе мол болуға тиісті. Өңделген жердің егіні қалың шығуға себепші деп, Самарқан Наталияны санайды да, ол ойын Байжанға ат үстінде айтып мақтанудан гөрі, егінді көрсетіп жүріп мақтанғанын қолайлы көреді.

Егін аралаған олар, күн көтеріліп келе жатқан кезде, алдағы жылдың егініне арнап трактормен тың айырып жүрген Айбаршаға кездесті. Кеудесіне жеңсіз жалғыз ғана майка киген, бұтына шаңғының шалбарын киген, жаланаш аяғының басына сандал ілген, тұлымы ұзын шашын төбесіне түйіп, қызғылт косынкамен байлап алған, терісі ыстық күннің шарпуынан күреңденіп алған Айбарша, екі жолаушыға бұрынғысынан сұңғақтанған да, толған да, сұлуланған да сыяқтанып кетті.

— Ғашық болсақ кіналымыз,— деп калжыңдады Самарқан, Айбаршаға,— қызықсақ тағы кіналымыз— «сұлусың!.. Денең де сұлу!.. Келбетің де сұлу!..» дегенге кіналымыз ба, тегі?..

Тұлға, түрін мақтағанға, қай көркем әйел масаттанбайды дейсіз?.. Әйтпесе, әйел бола ма ол?!.

Мақтағанға іштей шоқтықтана тұра, сыртына сездірмеген Айбарша:

— Я, не боп қаппын сұлуланып?! — деп біраз бұлтақ әзілге жүгіртті де, сөз аяғын Наталияға бұрып,— оны көргеніңде не деріңді естімеймін-ау, қасыңда боп! — деп қуланып қойды.

— Бірақ,— деді Айбарша, бетіне жағылған күйесін мазақтағысы келген Самарқанға,— есіңде болсын, жезде, сенің сұлуың да шомылып шыққандай тап-таза тұра

қоймас, оны да балшыққа баттастырып жүрген жеріңде кездестірерсің!

Айбаршаның әзіл араластыра баяндауы бойынша, Наталия ұйқыдан басқа уақытының көбін күріш егілген танаптың, әсіресе, Сырбай танабының сазын кешумен өткізеді. Өткен түні Айбарша қайнатасының танабына барып қайтқан екен, Наталияны сонда жолығыстырыпты.

— Қазақ тілін қазір ол судай сапырады,— деп мақтап қойды Айбарша, Наталияны,— аткеммен екі арасына тілмаш керек емес қазір.

Сырбайдың соңғы кездегі халдерін айта кеп:

— Қазақша кітапты еркін оқыйтын дәрежеге жетті, аткем,— деп қойды Айбарша,— уақ-түйек кітапшаларды қойып, партия тарихын карастыратын болды ол.

— «Партия тарихын?!» — деп таңданысты Самарқан мен Байжан.

— Я, партия тарихын!.. Бастағанына айға жақын болды. Әуелі бір рет маған оқытып алды да, содан кейін ежіктеп өзі оқыйтын болды. Қітаптың түсінбеген жерін карындашпен сызып қоюды үйренді.

— Түсіне ме, сонда?

— Саяси терминдердің біразын, әрине, түсінбейді. Бұрын оқымаған кісі қайдан ұға қойсын. Ал, кітаптың мазмұнын жақсы ұғады. Барғанда көрерсіздер, сөзін «Ленин мен Сталиннің кім екенін жаңа біле бастадым ғой!.. Бұрынғы күнім қараңғы күн екен ғой, жарықты енді ғана көре бастадым» деуден бастайды. Түсінген жерін өз тілімен айтып та бере алады.

- Осы шалды коммунист қып алмасаңдар не қылсын! - - деді Байжан күліп.

— Болуға жақын,— деді Айбарша.— Өңделген жердің шығымы молдығын көріп, ғылымға деп қойып алған өзі. Бірақ, ырым-жырымды әлі де қолдайды. Әпеугүні: «Атке, енді партияға кірмейміз бе?» деп тамырын басып көрсем: «Кірмегенде қайда барармын дейсің, Айым, көсемдердің жолынан басқа жолдың керегі не маған, сәуле жарықты осы жолмен жүрген соң ғана көріп отырған жоқпыз ба» деп мойындап қалады да, «бірақ, әлгі бір жалғыз бар ғой, соны қайтем? Оны ұнатпайды ғой, олар?» деп бөгеледі.

— «Жалғыз» дегені—тәңірі ғой?— деп сұрады Байжан мен Самарқан косарлана, күлген дауыспен.

— Әрине,— деді Айбарша да күліп,— «тек сол жал-

ғыздан айырмаса екен» дейді аткем. «Өзгенің бәріне де көнер ем»— дейді.

— «Айырмайды» деп неге айтпайсың оған? — деді Байжан.

— Өтірік айтуға бола ма? — деді Айбарша.

— Айту керек,— деді Самарқан,— залалсыз өтіріктен несіне қашасың. Ол шалды, енді, құдайынан өле-өлгенше айыра алмайсың. Айрылмаса мейлі. Партияға шын ықласпен кірем десе алу керек.

Айбаршаның бүгін аса көңілді жүруіне себеп — Дәулеттен кеше хат келген екен. Хатында ол Айбаршаны екі жетістігімен құттықтапты: бірі — жуырда Ленин орденін алған, екіншісі — майорлық дәрежеге көшкен.

Жіберген карточкасына қараса, бұрынғы қырбық мұрты қырауытып қапты.

— Енді бұл жігітті үйлендіру керек екен! — деп қойды Байжан, Самарқанға қарап көзін қысып қойып.

— «Күйеу келсе, қыз әзір» дегендей, тек соғыс бітсін де. Аржағы қыйын дүние емес қой,— деді Самарқан.

— Мені мазақтайтын күндерің екен ғой,— деп Айбарша әзілге ұттырмаған болды.

— Осы қалпыңмен түскен карточкаңды жіберсейші оған! — деді Байжан Айбаршаға.

— Жіберсе несі бар екен. Мә, көре ғой, жезде, құмартсаң,— деп Айбарша шалбарының қалтасындағы кінешкесін суырды да, ішінен фотокарточкасын алып берді: дәл осы қалпы екен. Трактордың қасында түрегеп тұрып түсіпті, тек, бетінде, қазіргідей күйесі ғана жоқ... Бояулы фото екен, қызғылттау қып түсіріп, Айбаршаның онсыз да күреңденген сұлу кескінін, жаңа шығып келе жатқан күннің сәулесі шалғандай қып гүл жайнатып жіберіпті.

— Отанды осындай қалыңдығы бар кісі қорғамағанда кім қорғайды?! — деді фотодағы сұлу тұлға мен көркем кескінге сүйсініп кеткен Байжан,— осындай қалыңдықтың басқан жерін жауға бастыруға қалай қияды ол!.. Горькийдің «Қыз бен өлім» атты поэмасы туралы жолдас Сталин пікір айтқанда,— махаббат ұлы іс, ол адамды ерлікке шақырады, депті ғой. Қалжыным емес, шыным, көрерсіңдер: бұл фотоны алғанға дейінгі ерлігіне ол Ленин орденін алса, алғаннан кейінгі ерлігі үшін Ленин орденіне Алтын Жұлдызды қоса алады!..

— Әрине, сүйтеді,— деді Самарқан,— со Жұлдыздың біреуін осы қыз да алып қойып жүрмесін.

— Қалай? — деді Байжан түсінбей.

— «Еңбек Ері» атағына ие болғандарға да Ленин ордені мен Алтын Жұлдыз бермей ме?

— Я, я,— деді Байжан.

— Ендеше, бұл қыз, егіс уақытындағы жер жырту планын жүз жыйырма процент орындады. Солай ма, Айбарша?

— Айта берсейші! — деді Айбарша мақтағанға ыңғайсызданған адамдай.

— Залок айыру планын да жүзден асырып жүрсің ғой деймін, сірә?

— Ауданның кешегі газетінде, әзіргі барысы жүз он процент деп жазған,— деді Байжан.

— Көрдің бе? — деді Самарқан,— планды осылай орындай берсе, бұл Еңбек Ері болмағанда кім болады?

— Ал, күн қызып барады, жолдастар,— деді Айбарша, өзін одан әрі мақтауды ұнатпағандай,— аттарың бүгелектей бастады, менің атым, бүгелектей қоятын жылқы емес. «Кел демек бар, кет демек жоқ» депті. Дегенмен, аттанасыңдар ғой деймін, енді.

— «Кет» дегенің де болар ол,— деді Самарқан күліп,— жұмысыңа бөгет болмай жөнелейік.

Айбаршамен қоштасып жөнелген олар, маса, сонаның азабын тарта отыра, Сырбай звеносына түс ауып бара жатқан кезде жетті. Олардың көзіне егін басынан ешкім шалына қоймады. «Шалшы түс, дем алып жатқан болар» деп жорыды жолаушылар.

Жап-жасыл боп биіктеп қалған егінге жақындаған кезде, қалың егіннің арасынан әлдекім түрегелді, үстінде жалбағайын басына киген көгілдір плащ.

— Наталия! — деді Самарқан, көк слюда плащынан таныған кейін.

— Барайық,— деді Байжан, атының басын солай қарай икемдеп.

Наталия жүрген қалың егіннің бержағына шытырман шеңгел өскен екен. Соның арасымен, жолаушылар келе жатқанда, Самарқанның астындағы тарпаңдау ат әлденеден үркіп жалт беріп, ер-тоқымы бос келе жатқан аттың үстінен Самарқан аударыла құлап қалды. Үрке жөнелген атты Байжан тізгінінен ұстап үлгірді.

Құлағанмен, еш жері ауырмаған Самарқан іле тұра кеп маңына қараса, шеңгел арасында бетін бүркеген әлдекім ұйқтап жатыр екен. Самарқан таный кетті — бұл

Сырбай. Оның күріш арасынан жаңа ғана шыққандығы, шалбарының балағы тізесіне дейін түрілген жалаңаш аяғының баттасып әлі кеппеген сазынан көрініп тұр. Шалдың ұйқысы өте қатты сияқты, өйткені — денесінің жалаңаш жеріне жапырлай қонып шағып жатқан маса, соналарды елерлік түрі жоқ, тұяқ серіппестен қорыдай береді. Егін жаққа қараса, құлаған Самарқанды танып па, танымай ма, Наталия бері беттеп келеді екен. Самарқанның түрегелгенін көрген соң тоқтай қалды.

Сырбайдың ұйқысын бұзғысы келмеген Самарқан, оның атын жетекке ап бері қарай келе жатқан Байжанға қолмен ымдап, «тоқта, бері келме!» деген белгі берді. Тоқтай қалған Байжан «кім ол?» деп дауыстап еді, «дауыстама!» дегендей Самарқан алақанымен аузын жапты. Байжанға жақындап барған Самарқан:

— Сыр-екең,— деді ақырын дауыспен,— тыныгып жатқан ғой, оятып алмайық.

— Маса талап жатыр ғой,— деді Байжан,— оятайық, кепесіне барып ұйқтасын.

— Қозғамайық. Аяқ жағына менің плашымды жаба салайық.

Самарқан сырттан киген плашын шешіп аяқ жағына жапқанын Сырбай білген жоқ.

Екі салт өзіне қарай беттегенде, егін арасында қалшыйып тұрған Наталия отыра қап, бойы биік жасыл егіннің сабағынан көрінбей кетті.

— Онысы несі? — деді Байжан.

— Ұялған болу керек,— деді Самарқан.

— Неге?

— Кейде бюстгалтері мен трусының сыртынан слюда плашын жамыла сап жұмыс істейтін болушы еді, осындай ыстық күнде бүгін де сөйткен болу керек те, денесін жасырмайтын плашпен көрінуге ұялу керек. Плашты масадан қорғану үшін ғана киген болар, одан масаның тұмсығы өтпейді.

— Онда сен барып қайт,— деді Байжан,— мен сонау кепеге бұрылайын.

— Қайда барсақ та бірге барайық,— деп Самарқан сыпайысып еді:

— Жоқ, енді барып қайтсайшы! — деп Байжан болмады.

Сол кезде шеңгел арасынан Сырбай да түрегелді.

— Әне, Сыр-екең түрегелді,— деді Байжан,— мен сол кісіге барайын.

Байжан Сырбайға қарай жөнеле берді. Аз кідірген Самарқан Наталия бұққан жаққа қарай беттегенде, Наталия түрегелді де, егіннің арғы жағасына қарай жөнеліп, Самарқан оралып барғанша жағада жатқан халатын жамылып та үлгірді.

— Бұл не тығылымбақ? — деп қалжындады, жақындап кеп атынан түскен Самарқан.

— Қапыда келетіндерінді қайдан білем,— деді Наталия,— ыстық күнде жұмыстың жағдайына қарай киініп жүре береді де біз сияқты колхозшы.

Наталияның ақ-сарғылт түсі, қызметті күн көзінде аткарғалы күреңденіп кеткен. Самарқанға ол бұ жолы бұрынғысынан да күрең көрінді.

— Картты бекер ояттыңдар! — деп өкінді Наталия, Байжанға ере, бері беттеп келе жатқан Сырбайға қарап.— Жаңа ғана калгып еді. Түн бойы көз шырымын алмаған да болу керек.

— Неге?

— Бұл звено егінін екінші рет кеше отақтаған, атыздардың бәріне түнде қайтадан су толтырып қоймасақ егін шөлдеп қалады деп, түні бойы звено адамдарына жұмыс істетіп шыққан да, күн көтеріле оларды дамылдатып, өзі егін басында қалып қойған. Содан қалғыған әлгінде ғана...

— Карт сенің озықыраңыңды ұната ма, жоқ па? — деп сұрады Самарқан.

— Неменеден? — деді Наталия түсінбей.

— Сенің минералдық өңдеу қолданған гектарларындағы шығымының, қолданбаған гектардан артық шығып тұрғаның?!

— Сөз емес ол,— деді Наталия, қолын сілтеп,— менікі деген егін жоқ. Бұл арадағы бес гектардың бәрі карттікі. Егер Сыр-еке күтпей, өзге біреу күтсе, минералдық өңдеу түгіл не сепсең де дәл бұлай шықпас еді. Менің бақылауымда, осы арадағы бес гектар жерде өсіп тұрған осы егін сабақтарында, Сыр-екенің қолы тимеген, тері тамбаған біреуі жоқ. Ең тәрбиелі адам да баласын бұлай баптап күте алмас. Не деген ғажап еңбекші адам бұл!.. Қай уақытта тынығып, қай уақытта ұйқтайтынын білмей-ақ қойдым!.. Қай мезгілде көрсем де жұмыс басында!.. Және жұмыстың тетігін қандай тамаша біледі!..

Кеше, күріштің түбімен араласа өскен арам шөптерді отағанда, күріш сабағының біреуіне де дақ түсірмей, орағына арамзаны ғана ілдіруіне қайран қалдық!.. Тұлабойы кірпінің түгіндей боп шеңгелдерді жаланаш қолымен уыстап ап жұлғанда, алақанына неғып қадалмауы ғажап!.. Арам шөптердің тағы бір түрлері — «шиен», «күрмек». Қашан дән салғанша, шиен мен күрмектің сабағын күріштің сабағынан айыру қиын ғой, мысалы, мен өзім оны айыра алмаймын. Ал, Сыр-еке олар мен күрішті жана бас тартып келе жатқан кезінен бастап, өсіп болғанға дейін қай мезгілде болса да, қойдан ешкіні айырып алғандай жазбай танийды екен!.. Әдетте, арам шөпті екі-ақ рет отайды ғой, бірі — егін судан жоғарылап бас тартқан кезде, бірі — егін басына дән салған кезде. Сыр-еке күн сайын отайды десе де бар. Әр түпті дамылсыз бақылап, арам шөп сезілсе-ақ жұлып, өсуіне жол бермейді. Нанбасаң аралап қара, осы арадағы бес гектар егіннің ішінен бір тал арам шөп таба алмайсың!..

— Иланам,— деді Самарқан,— жер өңдеуге ден қойды ма өзі?

— Оған көнді. Көнгені сол, үгітші боп алды. Сыр-еке өз танабын ғана емес, осы маңайдағы өзге танаптардың да егіндерін аралап, күту жөнінде ақылдарын беріп жүреді. Сонда жерді өңдеуді үгіттей жүретін болды ол.

Одан әрі сөйлесуге Сырбай және атын жетектеп онымен қатар аяңдаған Байжан кеп қалды.

— Жүдә аңқаларының кепкенін кескіндеріннен көріп тұрмын,— деді Сырбай,— егін көруге келдіңдер ғой, жүдә, мұнда? Бірақ, әуелі сусындап, ауқаттанып алыңдар, егінді аралауға күн еңкейіңкіреп, қызуы қайтыңқыраған кезде шығармыз.

— Болсын,— десті жолаушылар.

— Менің бір құрбы адамым айтушы еді,— деді Сырбай,— «етке тоймай сусыным қанбайды» деп, өз басым жүдә етке үйренген кісі емеспін, бірақ тоймай сусыным да қанған емес.

Жастар күліп еді:

— Жүдә рас,— деді Сырбай,— оны айтып тұрғаным, мынадай күн қайнаған кезде ет шыдамайды да, мал соймаймыз. Сорпа-суатсыз жүдә тағы да отыра алмаймыз. Қызым,— деді ол Наталияға жымыя қарап қойып,— қамаудағы қойдан қонақтарға сойыстық әкел.

— Жақсы, ата! — деді Наталия түсіне қап, жымыйып.

— Атай көрмеңіз! — деді Байжан, Сырбайдың «камаудағы қой» деген сөзін рас көріп,— өзіңіз айтқандай, осы ыстықта мал сойыла ма?

— Құрауыз жатқызуға болмайды,— деді Сырбай күлана түсіп,— әкел, қызым! Желкелерінен басып жүріп семіздерін ұста!

Шалдың сөзіне енді ғана түсінгендей болған Самаркан, Сырбай Наталияға «мә» деп қарына ілген шелегін бергенде:

— Мен де барып ұстасайын, қойларды,— деді Наталияға.

— Ықтырың.

Әлі де түсінбей таң боп тұрған Байжанға:

— «Қой» деп тұрғаным балық, балам,— деді Сырбай,— дайрадан ағып келіп тұрады олар, арықпен. Сорпа, суанға қандай жақсы, еті жеуге де жеңіл! Басқан палауға салсаң да, қуырып жесең де қандай тәтті ол!.. Тыран деген бір балық бар, тұлабойында жүдә кеспеге қара жоқ — шылқыған май!.. Күріш арасына сол көп келеді... Ұзындығы жеңді білектей сазандар да аз келмейді. Және балықтың жүдә семірген кезі ғой бұл.

— Аулаттыру керек екен де өзін,— деді енді ғана түсінген Байжан.

— Атызға келген балықтың бәрін ұстай берсең жеркөкке сыяр емес,— деді Сырбай,— және оған жүдә уақыт қайда, жұмыстан жүдә сіңбіруге қол тимейді. Бағып отырған негізгі балығың да, малың да күріш болған соң, соны жүдә жақсы өсіруге тырысасың да.

Сонда да,— деді Сырбай, аз кідіріп,— жұмыс басындағыларға азық болсын деп, егін атыздарының орта кезіне шұңқыр қазып, ішіне буған қамыстан қама жасап қойып ем, соның ішіне қамалған балықты сүзіп ап, келінкепшіктер, бала-шағалар азық қылады. Наташаға әкел деп тұрған қойым солар.

— Мен де барып ауласайын,— деді Байжан.

— Аулайтын ештеңе жоқ, онда,— деді Наталия,— қамаға қамалған балықты шелекпен ғана іліп аламыз. Және қама сазға батып жалаңаяқ баратын жерде.

Өйтіп баруды қыйынсынған, және расында да таңдайы қатып шөлдеуден өлгелі тұрған, әрі маса, сонадан мазасы кеткен Байжан Наталияға:

— Мені артық көргенің ғой, қамаға баруды тым қыйындатып жібергенің, екеуің-ақ барыңдар онда,— деп

қалжыңға жүгіртті де, «жүр» деп қолқалаған оларға ермей қалып қойды.

Етігін шешіп, шалбарының балағын тізесіне дейін түріп, Наталияға ерген Самарқан қырқаланған атызды бойлай, белуардан суда өскен жасыл құріш сабақтарының арасына жөнеле бергенде, сол арада кідіріңкіреп тұрған Сырбай:

— Алтын қыз,— деді Байжанға,— бейшараның бақыты жансын тек; тіл, көзден аман болсын, біздің колхозға ырыс болғалы тұр бұл бала!..

— Тосып аламыз ба, кепеге жүре береміз бе? — деп сұрады Сырбай Байжаннан.

— Жүре берейік,— деді Байжан,— олар сөйлесіп келер, асықпай.

Кепеге беттей бере Сырбай Наталияны тағы мақтады:

— Адамгершілік деген, жүдә ар-ұяттан, намыстан шығады ғой,— деді ол,— ар-ұяты жүдә жоғары қыз!.. Жас екемін деп, жүдә ыржаң-қылжаң дегенді білмейді. Мені жүдә әкесіндей сыйлайды. Өз елінің ғұрпы солай ма, әлде, «кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсың» деген екен, сол айтқандай, біздің елдің үрдісіне қарай ма, үлкенді сыйлап, жүдә бет-моншағы үзіліп тұрған бір қыз!..

— Әдеп, ұят деген әр елдің де ғұрпында бар үрдіс қой, ақсақал,— деді Байжан.— Бірақ соны қолдануының басқа болуы мүмкін.

— Наташада ешбір басқалық жоқ. Мысалы, «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, әлгі Самарқан деген жігіт, сол Наташаға жампаңдаңқырап жүр ғой...

— Солар қалай боп жүр, өздері!? — деп сұрады Байжан, олардың жайына қанық бола тұра, сөз реті келіп қалған соң, Сырбайдың әлпетін байқағысы кеп.

— Қалай боп жүргенін жүдә қайдан білейін,— деді Сырбай.— «Қалай жүресіңдер?» деп сұрайтын құрбысы емеспін олардың. Қас-қабақтарын, жүріс-тұрыстарын жай шамалауым, «түбінде үйлесесіңдер-ау» деп жорыймын.

— Сізге бұл жөнде тіл қатқан жоқ па, ешқайсысы?

— Жоқ, қатқан жоқ. Наташаға тіл қатуға, өзі менен қызымдай қымсынған соң, бұл жөнде жайын сұрауға мен де жүдә қымсынам. Самарқанға өзім тіл қаттым. Ол жүдә былай болды. Наташа екі-үш колхоздың егін жайын басқарып жүрген агроном болғанымен, күннің көбін осы менің танабымда өткізеді. Байқаймын, Самарқан да

осында жүдә келіңкірей береді. Өзім бозбалашылық құрып көрген кісі болмағаныммен, жастардың арасындағы жай-жапсарды ептеп шамалаймын ғой, екі жастың ықласы бір-біріне түсе бастаған сияқты. Самарқан деген баланы бір кезде ұнатпай да жүрдім, оның себебі өзіңе жүдә аян. Біткен жараны білтелеп керегі не?..

— Рас.

«Ат кісінескенше, адам сөйлескенше»— депті. Кімнің маңызы кандай екендігі істе сыналмай ма, жүдә?

— Әрине.

— Істес бола келе, Самарқан деген баланы ұнатпай да жүрген жоқпын. Өз ісіне жүдә мығым, тыңғылықты, ұқыпты, талпынғыш бала көрінеді.

— Рас, іскер жігіт ол.

— Сонымен, сол Самарқан осында жүдә келіңкірей берді. Және әдейі үндесіп қойғандай, Наташа келген кезде тап бола қалады. «Қызға қырық үйден тыю салып» ұстайтын, ескі ауыл жоқ. Және Наташа ауылдан емес шәрде өскен қыз, шәр халқы қызды жүдә еркін ұстайды ғой. Ауыл қызының да қайсысын етегінен ұстап отырмыз, қазір? Оған жүдә жағдай бар ма, жұмысқа жарайтын ұл да, қыз да еңбекте, далада... Көзімнің қарашығындай көретін анау Айым жүрген жоқ па әлдекайларда трактершы боп!? Қыздың бәрі сол емес пе, қазір?.. Құдай нысап бермесе, тыямын дегенің неменеге керек сенің?..

— Рас, Сыр-еке,— деді Байжан.— Бірақ Сыр-еке, қазіргі жастар саналы жастар ғой. Бұрынғы замандағы ауылда қызды қолдан шығаруға қорқатын себебі — болашақ жұбайын қыз бен жігіт өздері таңдамай, туысқандары зорлап қосатын еді ғой. Таңдағанына қосыла алмаған қыз бен жігітке сүйісіп тұратын жұбайлық өмір, әрине, болмайды. Екі жағының да сенімсіздігі осыдан барып туады. Қазір ше? Қазір жастар бір-бірін сүйіп қосылады, сондықтан олар бір-біріне адал болады. Адал көңілден қорқудың қажеті қанша?

— Жүдә рас. Сонымен, қауырт жұмыстың кезі. Наташа мұнда қыдырып келмейді, іске келеді, келсе-ақ балағын түрініп ап, күріштің шалшық суынан шықпай, судың, күріштің әлденелерін есептейді де жүреді. Самарқан да жүдә сонымен бірге болады. Соның бәрін бақылап жүрдім де, жүдә бір реті кеп қалған оңаша жерде, «балам, осы сен не ойда жүрсің?» деп Самарқанды қыстап отырып расын айтқыздым. Наташада көңілі бары рас

екен. «О да кет әрі емес» дейді, «бірақ әлі уәдесін берген жоқ» дейді. Онысына иландым да, «шырағым» дедім өзіне, «кімді қаласаңдар да өздеріңе жүдә ерік тиген заман» дедім, «бірақ жалғыз ғана айтар сөзім бар» дедім, «жүдә айтыңыз» деді. «Айтсам, жел аударған қаңбақтай, су аударған дөңбектей, мына сұрапыл соғыстың салдарынан, Украинаның мына бір жұдырықтай қызы осында келе қапты» дедім. «Аталарымыз айтқан екен» дедім, «бір күн дәм татқанға, қырық күн сәлем деп» дедім, «бұл бала бізге дәмдес болды ғой. Аулымыздың жүдә бір адамындай боп кетті, онда да, бізде де ала көңіл жоқ, туысқан сияқты боп алдық» дедім. «Бұрынғылар «аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген екен, ауылдас, дәмдес боп алған соң, бұл баланың түздегі ісінде де, үйдегі ісінде де абройлы болғанын жақсы көрем» дедім. «Сонымен, қысқасын айтқанда, саған жүдә айтарым,— дедім Самарқанға,— көңілдерің қосылса мен қарсы емеспін, бірақ, олай болмай, жай жігітшілікпен әурелеймін десең, ұлы сөзде ұяттық жоқ, сөйтіп ар-намысын аяққа басам десең, күнбұрын ескертіп қояйын, оның намысын жоқтаушы, түбінде мен болам, осы жүдә есіңде болсын!» дедім...

— Ол не деді?

— «Болсын Сыр-ске» — деп уәде беріп қол алысты.

Олар кеңесінің осы тұсында кепеге кеп қалды. Егін басына бийыл ғана салынған бұл кепенің іші де, Сырбайдың басқа кепелеріндей жыйнақы екен. Мұның да қабырғасында Ленин мен Сталиннің портреттері, майдан өлкесінің картасы және бірнеше плакаттар ілулі тұр.

Кепедегі адамдар ұйқыда екен. Кепеге күңгірлей кірген адамдардың даусымен өзгесінен бұрын Дарика оянып кетіп, басын көтере түрегелді де:

— Кісі келді, тұрыңдар! — деп қасындағыларын түрткілей бастады.

Үрпектен басқалары бастарын көтерді. Үрпек те оянып, былшықтанып қанталаған көзін сығырайта бір ашты да, әрі қарап жатып, басын бүркеніп ұйқыға кетті.

— Сіздер де жата беріңіздер! — деді Байжан өзгелеріне,— бізге бөгеттеріңіз жоқ.

Ұйқыға маужырағандықтары кескіндерінен айқын көріне тұра, сыйлы қонақтың көзінше сұлап жатпайтын дағдыларына бағып, әйелдер қыйсайған жоқ, ересектеу екі бала Үрпекке таяпа жата кетті.

— Жүдә шаршаған еді, бұлар,— деді Сырбай,— егінді отақтар алдында суын ағызып, одан кейін тіземен саз кешіп отақтап, одан кейін егінге қайта су жіберіп... жүдә қалжырап, әлгінде ғана дем алуға жатып еді...

— Обал жасаған екеміз ғой, онда,— деді Байжан.— Біз де үйден ерте аттанып ек, сусындап ап, бәріміз де ұйқтасақ қайтеді?

Сырбай:

— Оны көрерміз, әуелі сусындап алайық,— деді де,— келін, атала бар ма еді? — деп сұрады Дарикадан.

— Бар,— деді Дарика.

— Ендеше, әкел!

Кепенің оң қабырғасында, шекпенмен бүркеген күбінің төбесі мен піспегі қылтыйып тұр еді. Қарулы денелі Дарика сол күбіні жоғары суырса, шұқырға қойған жіңішкелеу күбінің биіктігі адамның кеудесіне келеді екен. Суырып алған күбіні Дарика пісіп-пісіп жіберіп, аузын еңкейтіп аталаны аяққа құйып еді, көпіршіген қарабұрыл аталаның ашқылтым исі кепенің ішін түгел алып, мұрынды жыбырлатып жіберді.

Қолына ұстатқан аяқты Байжан сіміріп көрсе, қышқыл аталаның салқындығы мұздай екен. Онысына қарамай, аңқасы кепкен Байжан аяқты басына көтере салғанда, мандайынан тер бұрқ ете түсті.

— Тағы! — деп Сырбай Байжанның қайтарған аяғына құйылған аталаны қайта ұсынып еді:

— Не деген тәтті еді,— деді Байжан,— қымызға бергісіз!. Қатты жұтам деп тығылып қалдым. Өзіңіз алыңыз, әуелі!.. Мен тыныстап ап содан кейін...

Мол аталаны үйдегілер бір-бір аяқтан сіміріп шыққанша, Самарқан мен Наталия оралмады.

— Келін, сен көріп келші! — деп Сырбай тысқа Мақтагүлді жұмсап еді:

— Көрінбейді,— деп кірді ол.

— Атала жүдә жақсы екен,— деді Сырбай, екінші аяқты тастап алғаннан кейін.— Сусынды да қандырды жүдә, үйқыны да ашты. Сен қалайсың, Байжан?

— Мен де солаймын, Сыр-еке, әлгінде маужырайын деп ем, енді сергідім.

— Ендеше...— деп Сырбай аз кідірді де,— әлгілер балық әкелетін еді, кешікті ғой, келін,— деді Дарикаға,— атала сусын болғанмен тамақ емес қой. Ыстықсыз жүдә жайы келмес, қонақтың. Сырттағы тандырынды тұтат та,

бір әдемі үзбен даярла, ыстықта ішуге жүдә жақсы болады және мына Байжан соны жақсы көретін.

Дарика, оған ере Мақтагүл үзбенге керекті дүниені құшақтай тысқа шығып кетті.

— Әлгі екі кісіні таныдың ба? — деп сұрады Сырбай, Байжанға.

— Жастауын Естайдың әйелі деп қалдым ғой.

— Таныдың.

— Үлкендеуі Масақбайдың әйелі емес пе?

— Сол, сол.

— Күнге күйіп тотыққан екен.

— Тотыққаны не керек, пайдалы істе жүрген соң. Басында былқылдаңқырап жұмысты ауырсынып еді, қазір жүдә көндігіп кетті. «Он қолы ойнағанның, оймақтай аузы ойнайды» депті. Аманшылық болса, быйыл желі жүдә оңынан тұрғалы тұр, ол келіннің қазірдің өзінде үш жүзге жақын еңбеккүні бар. Егінді жыйнап алғанша бесалты жүзге жеткізсе, асығы жүдә алшысынан тұрмай ма оның?

— Әрине. Қаншадан аламыз деп жобалайсыздар еңбеккүнге?

— Біздің звеноның адамдары ең кеміне бес килодан алар деп жүр ғой, Естай.

— Сонда әлгі әйелдің екі жарым тоннадай астық алғаны ма? — деді Байжан есептеп.

— Алсын,— деді Сырбай.— «Қолы ойнағанның аузы ойнайды», еңбекті рахатын көрем деп атқармай ма, кісі.

Бұлар солай кеңескенде, үйде қалған екі әйел, босағада жаткан ескілеу қаптарды жамауға кіріскен еді.

— Бұл не қаптар? — деп сұрады Байжан Сырбайдан.

— Аманшылық болса егін ормаймыз ба, ертең? Астыққа қап керек емес пе? Жаңа қап сатып аларлықтай уақыт боп жатыр ма, қазір? Ескі-ұсқыларды әзірлетіп жатыр ем де...

* * *

Самарқан мен Наталияның кешіккен себебі балыққа ғана байланысты болған жоқ. Жарты айға жақын бұл араға келмеген Самарқанның көзін, атыздарда жап-жасыл балауса боп, бойы биіктеп, басына дән тартып қалған күріштер босатпады.

Наталия айтқандай, шоқтала өскен күріш сабақтарының қайсысын алып қарасаң да, көзге ілінер бір арам

шөп жоқ, тек, сабақтары жуандап, жапырақтары жалбырап, бойлары биіктеп, дән тартқан бастары шашақтанып тап-таза боп тұрған күріштің өздері ғана әрбір түп сабақтардың күтімді тең көргендігін өздері айтып тұр: ұзындықысқалы сабақ жоқ, толықтық жағынан да, тұрық жағынан да бәрі біркелкі. Ешбір сабақтың тұлабойынан сарғайған бір жапырақ таба алмайсың. Әрбір сабақтың түрі, шүйгін жерде оттап қатар семірген қойлардай әрі толық, әрі семіз!..

Атыздағы сулар қандай тап-таза, мөп-мөлдір!.. Салақ күтілетін атыздардағы көгілдір балдырлар мұнда жоқ. Әрбір атыздағы сулар, таза ыдыска құйғандай боп мөлдіреп тұр. Әрбір атыз бір-бір айна сияқты: еңкейіп қарасаң денеңді, бетіңді ең таза айнаға қарағандай айқын көресің!.. Биікте не көрінсе, соның бәрі айнаның бетінде: аспан да, аспанда оралған бұлт та, ұшып өткен құс та, қиядағы күп де!.. Әр атызда шоқталып қалың өскен күріш сабақтарының суға өз бейнесі де түсіп, жердің астына қарай да қалың егін өсіп жатқан сияқтанып тұр. Бұл танапта неше атыз болса, ішінде сонша күн бар сияқты, әр атыз өз алдына жеке бір күн меншіктеніп тұрған сияқты!..

Самарқан осылардың әрқайсысына тоқтамай, көрмей, және көзімен ғана емес, қолымен де ұстап көрмей өте алмады, көрсе хайран қалмай және өте алмады.

Бір ғажабы, атыздарда қамалған ұсақ балықтар көп екен. Соларды сужыландар аулайды екен. Самарқан үңіліп тұрып, жыланның балық аулауына да хайран қалды...

Атыздардың құлағы ашылатын жерлерде үйіріліп жатқан сужыландардың да топтары кездесті. Самарқан олардан қорқып, бұрылып өтсе, Наталия қымсынбай үстерінен аттай береді!..

Осы көріністерге тоқырай отырып, олар қазаға келсе, шығар аузы жабылған қазаның ішінде қамалған балық тұнып тұр екен, солардың арасында ұзындығы кезге жақын екі-үш сазан да жүр.

— Қап! — деп өкінді Наталия, оларға қарап тұрып,— шелектің аузын байлай қоятын ештеңе алмағанымыз-ай!..

— Ол неге керек,— деді Самарқан,— балықтар қашар деп тұрсың ба, шелектен?

— Әрине, қашады. Әсіресе — сазан. Шелек түгіл ка-

задан да атап шығып кететін еді олар, неғып атпай жүр екен!..

Олар сөйтіп тұрғанда, ұсталар кезі келгенін білгендей, биіктігі метрден артық қазаның басынан бір сазан аспанға шырылдай кеп атты!.. Қапыда шошып кеткен Самарқан жасқанам деп, артындағы атызға құлап түсті. Ішегі қата күлген Наталия, суға киімімен малшынған оны көтеріп алды.

Самарқанға малшынған киімдерін шешіп ап, сығуға тура келді. Ол соны істегеннен кейін:

— Енді мынадай қызық болсын,— деді Наталия,— сенің көйлегіңнің жеңдері мен жағасын буайық та, анау қашпаған сазанды соған салайық. Әйтпесе, олардан да айрыламыз.

Бұл сөздің қалжың, я рас екенін білмеген Самарқан, «бәрібір жуылатын болды» деп көйлегіне балық салуға көнді.

Көйлекке салам деп жүргенде, олар екі сазанның бірінен тағы да айрылды. Қолдарынан сусып түсіп кеткен сазан атыздағы суда оларға өлмей ұстатсын ба!

Бір сазан және бірталай басқа түрлі балықтар салынған көйлегінің етегін бүре байлап, Самарқан арқалап алды. Арқасында тірі балықтардың тулауына денесі тітіркенгенмен, арқаламаймын деуге Наталиядан ұялды.

Егін арасынан шығып, балықтарды жайғастырып ап көтерген олар кепеге беттегенде, Самарқан бұрынғы әндеріне басты, ол — қосылуға Наталияның ризашылығын алу...

Бұл мәселенің түйінін кепеде Сырбай шешті. Наталия далаға балық қуыруға кеткенде, Сырбай, Байжан, Самарқан үшеуі кепенің бір бұрышында кеңесіп қалған еді. Сонда, Наталия мен Самарқанның қосылуы туралы кенесті қалжыңмен Байжан бастап, негізінде шешілген мәселенің орындалу мезгілі туралы сөз болғанда:

— Шаруаның қауырт кезінде қыз ұзатып, келін түсіргенді жүдә қашан естіп едіңдер?— деді Сырбай.—Егінді орайық, жыйнап қапқа салайық, үкіметке бересімізді өтейік, еңбеккүнге тиетін үлесін таратайық. Содан кейін, тойын жүдә өзім жасаймын. Өйткені, қыз менікі!.. Өтірік пе, осы?

— Рас,— десті Байжан мен Самарқан қосынан.

ӘР ДӘН — БІР ОҚ

Қалың шеңгелдің арасында ирелеңдеген соқпақ жол түйесін желдірген Сырбайдың құлағына, атылған мылтық тәрізденген әлде не дыбыс әлсін-әлсін шарт-шұрт ете қалады. Дыбыс естілген сайын, аспанда қарауытқан бір шоғырлар, дауыл айдаған бұлттай боп жоғарылай-төмендей, аударыла-төңкеріле жүйткиді.

Қарауытқан шоғырлардың не екенін Сырбай қыядан танып келеді. Олар —қараторғайлар.

Қараторғай дегендер Сыр бойында егіннің, әсіресе күріштің жұты. Әрбір шоғырланған тобында әлденеше мыңдап бастары қосылатын олар, егер тірі тұрған егіске кеп қонса сабақтарын қырқып отап кетеді де, егіннің бауына қонса, бастарын қырқып жеп кетеді.

«Әр кемелге бір зауал» дегендей, қараторғайлардың Сыр бойындағы жауы қыргыйлар, торғайлардың егістік өлкеден шықпайтынын біліп алған олар бұталардың арасында жасырынып жатады да, бұлттай көшіп кеп егінге қона берген кезінде тап беріп ұмтылады. Үрке қашқан торғайлардың біреуін ғана ұстаумен қырғый қанағаттанбай, жеткеннің не топшысын, не желкесін қыйып түсіре береді.

Сыр бойында қырғый тұқымдас бір құстың атын көтігүл деседі. Оның денесі қыргыйдан жуандау, қанаты мен құйрығы әрі қысқалау, әрі жалпақтау. Бұл да торғай құғыш, бірақ, көтігүл атауылдан торғай алған бірде-біреуін ешкім көрген емес. Тұрғын елдің аңыз қылуынша, көтігүл мен қырғый таң атарда «бүгін әркайсымыз жүзден торғай ілеміз» деп серттесетін көрінеді. Ымырт жабыла олар бір-біріне есеп бергенде, қырғый ең кемінде жүзден тоқсан тоғызын ілген боп шығатын көрінеді де, көтігүлде біреу де болмайтын көрінеді. Сонда қырғый оған:

— Мұның қалай?— десе:

— Жетуін жетем-ақ,— дейтін көрінеді көтігүл,— бірақ, дәл ілерге келгенде құйрығым күліп жібереді де, әлім кетіп қалады. Ертең күлдірмеймін де, сертімді орындаймын.

Жергілікті адамдардың айтуынша, көтігүлдер торғайларды іле алмағанмен, үркітуге шебер-ақ.

Бірақ, қырғыйлар мен көтігүлдер аз да, торғайлар көп.

Мына жердегі тобын үркітіп қуып жүрсе, әне жердегі тобы егінге қонып жатады.

Сыр бойындағы егіннің құстан жауы жалғыз торғайлар ғана емес. Саны олардан әлдеқайда аз болғанмен, қаз, үйрек дегендер егінге қона қалса, әлдеқайда артық отап кетеді. Қазақта «қаз тойғанына семірмейді, орғанына семіреді» деген мақал бар. Сол мақалдың рас екенін әсіресе диқандар дәлелдейді. Олардың айтуынша, егінге қонған қаз, қырққан сабақтарының мыңнан бірінің де басын жемейді, тік тұрған егін сабақтарын жығуды мақсат көргендей қырқа береді және тік сабақ тастамай, өткір машинаның орағы жүргендей шетінен түре теп-тегіс қып отайды. Мысалы, жүз шақты қаз кеп бір гектар егіске қонса, таңертеңнен кешке дейін тып-тыйпыл қып сойдыйған сабағын ғана қалдырады.

Қыркуы керемет қаздардың бір «жақсысы»— үрккіш, және бірі үркісе бәрі соның соңынан жапырыла ұшып қашқыш. Мысалы, сол маңайда бір мылтық даусы шықса, қаз атаулы аспанға ду ете көтеріліп, басқа жаққа жөнкіледі, ал, үйрек дегендер топталуы қаздан аз болғанмен, қауып қашан өз басына төнгенше, егін арасында тығылып отыра береді де, егін сабақтарын қырқа береді.

Егінде осындай жаулар барын білетін Сыр бойының диқаншылары, сепкен дәнінің басы қылтыйып көгерген соң-ақ, қашан өсіріп, орып, жыйып алғанша, күзеттен көз жазбайды; егер жазса-ақ, еңбегі еш болып, егіннен айрылады.

Егінін күзеткіш адамның біреуі Сырбай еді. Қолынан сепкен егіні көктеген соң-ақ, қашан орып, жыйып алғанша ол бел шешіп төсекте ұйқтаған кісі емес. Күн демей, түн демей ол әрдәйім егін басында болады да, сол арада мызғыйды. Ес біліп кетпен ұстағалы осыған дағдыланған оның құлағының сақтығы көртышқаннан кем емес деуге болады. Хайуандар тіршілігін зерттеушілердің айтуынша, көртышқан дегендер, жауларының ең еппен бастым деген аяқтарының сыбысын неше жүз қадам жерден еститін көрінеді. Сырбайды оларға ұқсататын себебіміз — оның егін басында ұйқтап жатқан кезінде қыйқулап келетін қаздарды сезуі былай тұрсын, үнсіз ұшатын не торғайлардың, не үйректердің тобы келе жатса, қанаттарының зылын құлағы әлдеқайдан шала қалады да, атып түрегеп, жолатпаудың амалына кіріседі. Ол ол ма — егіннің мына шетінде отырып, ана шетінде әлдеқалай жасырынып кеп

қонып отырған бірен-саран үйрек болса, соның сыбдырын сезе қап, қай тұста отырғанын жазбай табады да, не қапысын тауып атып жығып, не үркітіп жібереді.

Жұрттың айтуынша, Сырбайдың көзі емес, қолы мерген. Олай деулеріне себеп — мылтық былай тұрсын, егер сақпанның өзімен ата қалса да, құлашы жетер жерден ол құс құтқарған емес.

«Сақпан» деп Сыр елі құс үркітетін құралды атайды. Оның түрі құнт сыяқты, бірақ, шыбыртқысы қайыстан өрілмейді, не кендір, не жүн жіптен есіледі. Шыбыртқының түбі жуандау жұмыр, ортасы жалпақ, ұш жағы жіңішке келеді, ұзындығы құлаш жарымдай, жұмыр түбі ағаш сапқа байланады. Осы шыбыртқының жалпақ алақанына «оқ» аталатын үлкендігі тауықтың жұмыртқасындай кептірілген домалақ балшық қыстырылады да, ұстаған адам құлашының бар екпінімен сілтейді, сонда сақпанның алақанына қыстырылған «оқ» ұшып, шыбыртқының ұшы шарт ете қалады. Бұл шартыл мылтық даусынан кем естілмейді. Сыр елінде атақты сақпаншылар болады. Олардың сақпанмен сілтеген «оғы», құсқа мерген атқан мылтықтың оғынан кем тимейді.

Біздің Сырбай да сондай сақпаншылардың біреуі еді. Мөлшерлі жерден кеп қалғанда, ол үйрек, қаз түгіл, сақпанның оғымен қара торғайды да қағып түсіреді. Ал, мылтыққа келгенде, оның көздегенін мүлт жібергенін ешкім көрген де, естіген де емес; бір ғажабы — сонша мерген бола тұра, ол ешуақытта егін қорғаудан басқа аңшылық құрып мылтық атқан адам емес, көлде, не өзенде құстар тұнып отырғанда, «атсайшы» дегенге желіккен кісі емес. Оның өшігетіні де, ататыны да егінге қонатын құстар.

Егін күзетуде Сырбайдың мұнша сақтығына да, мергендігіне де алғаш хайран қалып қызыға қараған Наталия Остаповнаның өзі де жүре келе сол жолға түсіп алды. Бұрын мылтық атпаған ол, егін күзетінде атып көріп еді, мерген болар жайы жоқ. Мылтыққа солай ол, сақпанмен атқыш боп кетті. Қаз, үйрек сыяқты ірі құстарды атып түсіре алмағанмен, топталып қонған торғайлардың ол сақпан оғымен талайын жықты. Біраздан кейін ол бұл кәсіпке құмартып ап, ерте демей, кеш демей, сақпанын ұстап құс аңдумен күн кешті.

Наталияның өйтпеуі мүмкін де емес еді. «Кентоғай» колхозының, әсіресе Сырбай звеносының быйылғы жыл

өскен бай егініне оның да еңбегі ортақ. Сол егінді енді «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай» дегендей, түгел жыйып алу, өзге диқаншылармен қатар оған да зор міндет.

Еңбегі жанғанға қуанбайтын жан болады дейсіз бе?.. «Кентоғайдың», әсіресе Сырбай звеносының быйылғы бай егініне сонша қуанып, соншалық ықласпен күтісіп жүргенде, ансап келген шешесінің баласын жоғалтып ренжіп кеткені Наталияның шымбайына қатты батуы онымен істес адамдардың көздеріне тез шалына қалды.

Әркімдер де оны аяғанмен, нақ Сырбайдай қынжыла ренжігені болған жоқ. Сонда оның Наталияға айтқаны:

— Көктен құдай, жерден құмай[1] әкетпеген болар, табылмай кетпес. Егер сыбысы сезілсе-ақ, іздеп өзім барам да, бермес еркіне қоймай алып келем.

Сырбай сол сыбысты, осы тараудың басында айтылған түйемен әкеле жатыр, онысы — қойнына салған хат.

Бұл хаттың келу тарихы қысқаша былай еді: баласын жоғалтқан Аграфиня Осиповна ренішпен Қапалға аттанып кеткеннен кейін, Сырбай Адамбек Жақсылықовтың атына Айбаршаға хат жаздырды. Баланың да, Дәметкеннің де жайларын толық жаздыра кеп, Сырбайдың Айбаршаға айтқаны:

— Жиеніне ескерт, Айым! Егер олар бара қалса, бұл хатты шешеңе жүдә сездіре көрмесін. Сезсе, бізді қуып келер деп жүдә тағы бір жаққа тайып кетер. Онда барған хабарын алсақ, өзіне сездірмейік те, бір күні жүдә үстінен түсейік. Аржағын тәуекел деп көріп алармыз.

Адамбекке авиапочтамен жолданған хаттың жауабы Айбаршаға кешікпей келіп қалды.

«Нағашы апам бізді Хантауының маңында қуып жетті,— деп жазыпты ол.— Егер ол арада жетпегенде қыйын болатын еді: біз бірнеше автомашинамен Бетпақтың шөліне аттанғалы жатыр ек. Аттанғаннан кейін келсе, жетуі қыйын болатын еді. Хал-жайымен танысқаннан кейін, нағашы апама осы Хантауындағы базада біз оралғанша қалыңыз деп ем, көндіре алмадым. Ертіп әкелген баланың аты-жөнін сұрап ем, жалтақтатып тұрасын айтпады, «Қызылорданың татарының баласы, асырап алдым» деді де қойды. Баламен келуінде бір зор мән бары

[1] Ертегіде айтылатын ит; ол «ит — ала қаздан туады да, жердегі аң түгіл, ұшқан құсты да алады».

белгілі боп-ақ тұр, бірақ шынын айтпаған соң қаужағам жоқ.

Сонымен, қысқасы, нағашы апамды баласымен экспедицияға ертіп ала кеттім. Барған жеріміз, өзіңе мәлім — «Бетпақдала» аталатын шөлдің қалың іші. Экспедицияның басқарушысы профессор Яковлев деген адам. Бетпақдаланы оның зерттей бастауына жыйырма бес жылдан асқан көрінеді. Содан бері ол кісінің көлденеңі жүз елу шақырым, ұзындығы төрт жүз елу шақырым деп саналатын бұл шөл далада кезбеген жері жоқ екен. Ендігі оның алдына қойып жүрген мақсаты, географиялық келбеті айқындалған таусыз, ормансыз, өзенсіз, көлсіз керілген кең шөлді қайткенде пайдаға асыруды зерттеу. Бұл жөнде көп қызық мәліметтер жазуға болар еді, оның бұл хатта қажеті жоқ қой деймін.

Қуланып айтқанда, әлі жан-адам мекендеп көрмеген Бетпақтың даласын біз «ішкі дүние» дейміз де, ел мекендеген өлкелерді «сырткы дүние» дейміз. «Сырткы дүниемен» біздің байланысымыз көбінесе самолет арқылы. Сенің хатың осы самолетпен келді.

Нағашы апайдың маған неге келгенін, қасындағы баланың неткен бала екенін сенің хатыңды оқыған соң ғана білдім. Өзіңнің өтінуің бойынша, сенен хат алғанымды да, сендердің іздейтіндеріңді де апайға айтқам жоқ. Ол кісі бізде ас пісіруші. «Қаннен-қаперсіз» дегендей, ойында еш қауып жоқ, бізді ойында алдадым деп, тиісті қызметін көңілді түрде атқарып жүріп жатыр.

Ендігі мәселе — апайдың болашағы туралы. Неліктен ықласы құлағанын кім білсін, төрбиесіне алған Ескендіріп (сенің хатыңда ол Александр Полещук боп шығып отыр ғой) туған баласынан кем жақсы көрмейді. Тіпті, мен айтар ем: «туған апаның да бәрі бірдей баласын дәл осындай жақсы көре бермейді» деп. Жан-тіні сол баланың үстінде. Оның табанына қадалған шөгір, менің мандайыма қадалсын деп ойлайтын қалпы бар. Әнеукүні сол баланы балтырынан жылан шағып алыпты. Шағуы жаман екен, ішімізде дәрігер болмағанда бала өлетін екен. Дәрігердің жәрдемімен аман қалған сол бала, алғашқы күндері ісіп-кепкенде, нағашы апамның ағылтегіл жылауына хайран қалдым. Тек, бала аман қалды. Әйтпегенде құса боп өлуі анық еді.

Сонша жақсы көретін баланы сендер одан қалайша айырып алмақсыңдар? Еркімен бермейтіні көрініп тұр.

Зорлықпен алу әділеттік бола ма? Туған шешенің жолы қыйын екені рас. Осылардың бәрін ойлап, не істеуге менің мыйым жетпей-ақ қойды...

Осы хатты жазумен, мен, расында, қылмыс істеп отырмын, себебі — нағашы апам баламен маған келгенде, сендерге көрінбеу үшін, із-түзін білдірмеу үшін келді ғой және, расын әлі айтпағанмен, мені пана көріп келді ғой; әйтпесе, соңғы жеті-сегіз жылда хат арқылы хабарласқанымыз болмаса, жүз көріспеген адамды іздеп неге келеді?.. Сондай пана көріп келген кісінің жасырған атыжөнін хабарлауым қылмыс емей немене?.. Солай ойлай тұра, сендерді шатастырғым да келмей хабарлап отырмын.

Меніңше, біз экспедициядан негізгі тұрағымыз — Жамбыл қаласына оралмай сіздер хабарласа алмайсыздар ғой деймін. Біз, шамасы, октябрьді орталап ораламыз. Келуге бел байласаңдар, сол кезде Жамбылға келесіңдер. Өзіңнің келуің мақұл болар, шешең көнсе саған ғана көнер, басқаға көне қоймас.

Студенттік күнімде болмаса, оқу бітіргелі сіздің үйге қатнаса алған жоқпын, қызметтен қол тимейді, ол ұятымды мойныма алам. Мен көргенде кекілің желкілдеген кішкене бала едің, енді ортан қолдай барышня боп өсті деп естимін. Атқарып жүрген қызметіңнен де хабарым бар. Өте қуаныштымын. Ендігі арманымның бірі — мына болып жатқан ұлы Отан соғысы жеңіспен тез бітсе екен де, қазір біз зерттеп жүрген Бетпақдаланы гүлдендіру, тіршілік орнату мәселесі қолға алынса екен!..

Бетпақдала дегенді сен әлі көрген жоқсың. Мұның көлемі сенің Сырдарияңның бойындағы шөл даладан әлдекайда зор, және топырағы қандай тамаша мұның!.. Тек, су ғана берсең, нелер жүз мыңдаған гектар жерге ормандар, мақталар, күріштер, басқа егістер қаулап өскелі тұр!.. Бір өзі Европаның бірнеше мемлекетін сыйғызатын бұл шөл даланың, біздің ұлы Отанның мәдениеті ғажап бір өлкесіне айналуы, орысша айтқанда, не за горами. Ол — соғыстан кейін-ақ қолға алынып, кешікпей жүзеге асатын реалдық іс...»

Аржағында да қысқаша жазылған туысқандық жылы сөздері бар бұл хат Сырбайдың қолына Алмалықта түсті. Аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің аудандағы колхоз председательдеріне, бригадирлерге және атақты звено бастықтарына арнап шақырған мәслихатына бар-

ған Сырбай, егінді ору, жыйнау туралы нұсқаулар алып қызмет орнына қайтуға беттеді де, хат-хабар болар деп жолда почтаға соқты. Почтада Дәулеттен және Кентоғайдан армияға кеткен бірталай жігіттерден де келген хаттар жыйналып қалған екен. Сол хаттардың кімдерден екенін Сырбай почтада қызмет аткаратын қызға оқытып тұрғанда, арасынан Жақсылықов Адамбектің Айбаршаға жазған хаты шыға келді. Сол арада хатты аштыртып оқытып көрсе, жоғарыда айтылған сөздер жазылған екен.

Дәметкенді іздеп баруға қазір уақыт жоғын біле тұра, бұл хабарға Сырбай аса қуанды да, Наталияға тез жеткізу мақсатымен, Кентоғайға соға кетпек болған ойын да доғара тұрып, тура күріш еккен танабына тартты; өйткені, Наталияның бұл кезде сол танаптың маңында болатыны өзіне аян.

Аткаратын қызметі — танаптық агроном болғанмен, Сырбай еккен танаптың күрішті быйыл өзге звенолардың егісінен әлдекайда артықтығынан ба, немесе, өзі тәжрибе есебінде еккен элиталық танабы Сырбай танабының қасында болғандықтан ба, Наталия уақытының көбін сол арада өткізеді. Сырбай мен оның қызметі алғаш екі түрлі сыяқтанғанмен, жүре келе, істері бірігіп кетті: Сырбайсыз Наталия, Наталиясыз Сырбай жұмыс істемейді, екеуінің ақылы да, қыймылы да қабыса араласқан; сондықтан, өз танабының ісін өзгеге сеніп тастамайтын Сырбай, тек Наталияға ғана сенеді де, бір жаққа барар болса, тапсырмасын соған ғана айтады. Наталия оның тапсырмасын асырмаса кем орындамайды.

Өзге істе Наталияның сенімді жәрдемші ғана емес, сенімді басшы екеніне де көзі еркін жеткен Сырбайдың бір ғажап қалатыны: жап-жас қалпымен Наталияның ұйқысы сергектігі және арып-шаршауды білмейтіндігі. Күндіз де, түнде де талай сынап көріп, Наталияның міндетті ісін ойдағыдай орындамаған кезін Сырбай көрген де, естіген де емес.

Соншалық сенетін Наталияның соңғы кезде тіпті сақсынып, егінді құстардан дамылсыз қорғауын, әсіресе түн баласында кірпік қақпай қорғауын, Сырбай оның інісін жоғалтуының күйігі, ұйқысы қашуы содан деп жорыйтын еді; сондықтан, інісінің қайда екендігі туралы хабарландырған хат қолына түскен соң-ақ, тез жеткізу мақсатымен, жайшылықта қыйнамай аяң жүретін Сыр-

бай, Алмалықтан шыға түйесін тайрандатып желдіруден ғыным алмады. Өз танабына ол осы жүріспен жетіп қалды.

Ол танабына деңгейлеп келген кезде күн төбеден ауып, батысқа қарай еңкейіп қалған. Танаптың бержағында, Сырбай жүріп келе жатқан соқпақ жолмен біраз уақыт жарысып отыратын арықтың арнасы бар. Оның жерден өсірілген екі жақ биік ернеуіне қалың қурай шығып, онсыз да биік арнаны тіпті жоталандырып жіберген, сондықтан, оның қырына шықпаса, аржағының аспаны болмаса, жері көрінбейді.

Алмалыққа аттанғанына үш-төрт күн өтіп кеткен Сырбай танабына еккен күрішін сағынғандай боп, көруге аңсап келе жатқанда, арық жотасының аржағында атылған мылтықтың даусына ұқсап әлдененің шарт-шұрт дыбыс беруі, ол дыбыстан үркендей, аспанда, әлденеше қалың шоғыр боп қараторғайлардың жөңкілуі, Сырбайдың былай да лепіріп келе жатқан көңілін одан да артық лепіртіп жіберді. Шарт-шұрт атылған дыбыска елегізе құлақ түрген ол: «Торғайларды сақпанмен үркітіп жүрген біздің Наташа болар» деп жорыды.

Көзі әлі де алыстағыны шалатын Сырбай, арықтың жотасына шыққанда, егін арасында жүрген Наталияны шырамыта кетті: тізеден аз-ақ төмен түсетін, жеңі шолақ қызыл көйлек те, сұңғақ, толық дене де, Қызылорда үлгісімен, масадан қорғануға тіктіріп алған, етегі аяғын жабатын қызыл жолақ жалбағай да сонікі.

Егіннің ортасында да, айналасында да, сақпан ұстап жүрген звено адамдары қондырмас деп күдер үзді ме, болмаса, күн еңкейген соң лайықты қоналқа жер іздеуге тартты ма, Сырбай, арықтың жотасына шыққанда, егін маңында жөңкіле ұшқан торғайлардың топтары бет-бетіне жөн түзеп кете барысты.

Сырбайдың Наталияны алыстан танығанындай, Наталия да Сырбайды жотаға шыға-ақ танды. Жотадан түскенше оған жай ғана көз тіккен Наталия, жотадан түскен соң қадала қарады; өйткені, Сырбай бұрын бойында жоқ қылық көрсетіп, жотадан түсе, түйесін бері қарай екпінді желіспен тайрандатып келеді.

«О несі?!» деп ойлап тұрды Наталия.

Сырбай егістің жиегіне жақындағанша, Наталия да ол келе жатқан тұсқа беттеген еді. Бірақ, күріш

егісінің арасында жылдам жүруге болмайды: атыздардың іші әлі шіпілдеп толған су, қырқалары кебірлене сазданған сортаңды балшық, және тура емес, ирек-ирек. Сол қырқаларды жалаңаш аяғымен кезген Наталия жағаға жеткенше, Сырбай түйесін тоқтатып, түсіп те үлгірген еді.

— Уа, сүйінші — деді Сырбай, жақындай берген Наталияға.

Бұл сөздің мағнасын білетін Наталия: «Інім табылған екенге» жорып еді, қуаныштан жүрегі тулай қалды. Сол қуаныш әлін алып кеткендей, бұған дейін табанның табы ғана батып келе жатқан атыздың саздың қырына аяғы тайғанақтап, ернеуіндегі қоймалжың сазға толарсақтан батты да, жылдам жүру былай тұрсын, денесін әрең сүйреді.

— Уа, інің табылды, інің! — деді сүріне-қабына, сазға малтыға жағаға әрең шыққан Наталияға.

Орыс тілін білмейтін Сырбай, Наталияға хатты ұсынса, қазақша жазылған екен. Қазақша ауызша сөзді аңғаратын Наталия, хатты оқығанмен, сөздеріне түсінбеді. Хаттың жалпы жобасын ауызша айтқандары болмаса, звеноның сол араға жыйналған өзге мүшелері де, Наталияға хаттан оқыған сөздерін дәлелдеп айтып бере алмады.

— Уа, жүдә, бар болыңдар! — деді Сырбай кейіп,— анықтап айтып айызды біреуің де қандыра алмадыңдар ғой, Айыма кісі жібермесе болмас.

Күзгі зябь күту жұмысында жүрген Айбаршаға кісі кеткенде, Сырбай мен Наталия егін аралап кетті. Етігін жағаға шешіп, шалбарының балағын тізеден жоғары түрген Сырбай, егін ішіндегі атыздың қырқаларымен алдында, Наталия артында келе жатыр. Дінге сенетін Сырбай, өмірінде ешнәрсені кемеліне келді деп көрген емес, оның ұғымында, олай деу — асылық, күнә. Сондықтан аралап келе жатқан күріштің бітік-ақ өскенін көріп келе жатып, оған іштей сүйсініп келе жатып, бұл жөнде Наталияға лəм-мем деп тіс жармайды.

Егіннің өсуі расында ғажап екен. Шоғырланып түптүп боп өскен күріш сабақтарының басына толған дәндер, жуан сабақтардың белін иіп бүкірейтіп жіберіпті. Бүкірейген сабақтардың жапырақтары сарғайып қапты. Сабақ атаулының бәрі бір тұқымдас айуандардай боп, бірі-

нен-бірі айнымайды, араларында жұптарын бұзатын ешбір бөтен түс жоқ.

Егін ішін ерсілі-қарсылы ұзақ аралаған Сырбай әр жеріндегі сабақтардың басындағы дәндерін сыдырып ап көрсе, салылары қатайып қалған екен. Сондықтан ол, егін арасынан шығарда:

— Меніңше жүдә пісіп болған, Наташа, сеніңше қалай? — деді.

— Меніңше де солай,— деді Наталия.

— Ендеше, атыздағы суларды бүгін ағызу керек, әйтпесе егін суға жататын халге кеп қапты.

Сол түні звено адамдары атыздағы суларды қашыртқыға құлатумен шұғылданды. Судың құлауын күтіп тұрғандай-ақ, басына дән толған егін сабақтары ертеңнен бастап, айқыш-ұйқыш құшақтаса жерге жығылды...

Бірақ, егінді әлі ора қоюға болмайтын еді. Көктемнен бастап, күні бүгінге дейін тізеден келіп жатқан күріш танабының суы, астындағы балшықты, лайлы сазға айналдырған. Біраз уақыт күн түсіріп дегдітіп алмай, ол саз егін орушыларды да, егін тасыйтын көліктерді де жүргізбейді.

Суы сарқылғаннан кейін күріш танабының сазы тез я кеш кебуі,— егіннің қалың я жұқалығынан. Егін жұқа болса, сазға күн де тез түседі, жел де тез өтеді, ондай жағдайда кейбір балшықты Сыр бойы тез дегдіп, бірер күннен аспайды; ал, егер егін қалың боп, күн де, жел өте қоймаса, қоймалжың саз ұзақ уақыт былқылдап жатып алады.

Бұйылғы егін аса қалың. Сырбай оны семіз бураның кеуде мен мойын жағына өсетін қалың шудаға бейнелейді. Сондықтан, суы сарқылған күріш егісін оруға қашан кірісу туралы сөз болғанда:

— Көктемде семіз бураны жүндеші,— дейді ол,— сонда, жүдә, кереметті көресің: жүннің тықыр өскен жерінің терісі қоңыр, қалың өскен жерінің терісі ақ боп, жаңа жүні жетілгенше, денесі алапес сыяқтанып жүреді. Жүдә, неліктен осы? Жүні тықыр жерге күн көп түсіп, қалың жерге жөнді түспеуінен. Біздің күріш танабы да, жүдә, түйенің сол қалың шудасы өсетін тұсы сыяқты. Оның астындағы сазы дегду үшін, жүдә, ең кемі бір жұма уақыт керек.

Бұл жөнде өзінің тәжрибесі жоқ Наталия, Сырбаймен таласпайды. Бірақ, егін пісіп жығылғандықтан, егер кө-

бірек жатып қалса, дәні құйылар деп қауіптеніп, Рахметке телефон арқылы сөйлеседі де, ақыл сұрайды. Рахмет «тез күнде барып қалармын, мен барғанша шыдай тұрыңыз» дейді.

Егін танабының сазын кептірген күндерде, Сырбай күні-түні дамылсыз қыймыл үстінде болды. Бұл күндердегі оның жарғақ құлағы жастыққа тимей мазасыздануы, алтын толтырған сандығының қақпағы ашылып далада тұрған адамның мазасызданыуындай еді. Расында да солай ғой: әне, қалыңдығы жарты метрдей боп күріштің ұйысқан сабақтары жатыр, әр сабақтың басы толған дән. Алтын емей, немене ол? Сырбай оны алтыннан да артық бағалап:

— Жүдә, баяғыда біреу айтқан екен,— дейді, серіктеріне,— «алтын, күміс тас екен, арпа бидай ас екен» деп. Сол айтқандай, жүдә, арпа, бидай болмаса, алтын, күмісті адам жей ала ма? Баяғыда болған бір ашаршылықта, алтын, күмісі бар, астығы жоқтың талайы аштан өлді деген, арпа мен бидайы болса өмірде өлсін бе адам!..

Наталия оның бұл сөзін қолдап, Ленинның коммунизм жеңіп болған кезде алтыннан дәретхана салуға мүмкін деген сөзін айтқанда:

— Жүдә, дұрыс, сән-салтанат демесең, астыққа ол ненің жетсін! — деп Сырбай қостай кетеді.

Быйылғы аса шығымды күріште де ол алтыннан артық бағалап, бір дәнін де жоғалтырғысы келмейді. Бұл жөнде оның ең қас-дұшпан көретіні қараторғайлар. Егер қорғап тұрмасаң, олар жығылған егінге мыңдап қонып алады да, көбінің басын мүжіп қояды. Осы қауіпті күн бұрын ескерген Сырбай, аулындағы жеті жылдық мектептің дирекциясымен сөйлесіп келіскен де, жоғарғы кластардың балаларын уақытша егін қоргауға алған. Қазір ол балалар жығылып жатқан егіннің маңайында, әркайсысының қолында, өзімізге мәлім сақпан. Балалар оларды дамылсыз арсылдатып, бұлттай төніп келген қалың қараторғайларды қондырмай үркіте береді, көп сақпанның даусы біріккенде, егін маңайы, майданның соғыс жүріп жатқан бір өлкелерін елестетеді...

Олардың арасына күн тәулігінің қай кезінде барсаң да Сырбайды кездестіресің. Ол көп ботаның ішіндегі нар түйе құсап, балалардың ішінде ерейіп қаңқыяды да жүреді. «Гулливердің саяхатын» оқыған балалар, Сырбайды

Гулливерге, өздерін ергежейліге есептеп, Сырбайды оңашада қулық айтып күлісіп те алады.

Күзет жұмысын осылай мықтап қойған Сырбай, егінді оратын саймандарды тексерумен шұғылданды. Бидай, сұлы, арпа сияқты ақ егістерді, мақта сияқты көк егісті өзі орып, өзі соғатын машиналардың күрішке де арналып шықпауына, әзірге күріш егісі қолмен ғана орылуына іштей өкінген, ондай машинаның шығуын асығып күтетін, «тез шығады» деген сөздерге дәмеленетін Сырбай, бұл жөндегі салмақ әзірше қол орақка ғана түсетінін күн бұрын ескеріп, колхоз басқармасының алдына бұл моселені ерте қойып, мезгілінде шештіріп алған еді. Сырбайдың өтінішімен, басқарма қолдағы бар орақты жөндеуге, жетпейтін орақты соғуға колхоздың ұсталарына тапсырып, жеткілікті мөлшерде күн бұрын даярлаткан.

Әдетте, орысша,— серп, теріскей жақтағы қазақтарша,— серппе, күнгей жақтағы қазақтарша,— орақ аталатын егін орғыш құрал, жаңа туған жіңішке ай бейнелес келеді ғой. Күріштің орағы олардан басқарақ. Ол, жоғарыда аталған орақтай доғаланып имеймей, қайқандау қылыш сияқты боп келеді де, дәл ұшы шотаяқтанып шұғыл имейеді. Сырбайдың түсіндіруінше, ол имек,— жерде жатқан күріш сабақтарын іліп көтеріп алу үшін ғана керек, ал, орақтың өн бойы қайқандау жазық келетін себебі — ұыстап алған сабақтарды бабымен тегіс қияды, имек орақ олай қиймай жұлқыңқырап жібереді де, сабақтың басынан дәнді түсіреді... Сырбай ұсталарға өз көзінен осындай орақтарды даярлатып, егін ору күні жақындағанша, бәрін де егетіп, қайратып, ұстарадай қылпылдатып қойды.

Күріш танабының суы құлатылған соң-ақ, ол егін орушыларды жыйнады да, алдын ала түсінік берді:

— Шырақтарым,— деп бастады ол сөзін,— сендердің ешкайсың да шаштарың мен сақалдарыңды қыра білмейтін олақ біреуге, жүдә, алғызбас едіңдер де, егер, әлдекалай алғыза қалсаңдар жүдә, қыйналар едіңдер. Олай болса, мына бітік шыққан күріш танабын да, ора білмейтін біреуге жұлқылатса, көруге жанымыз ауырар еді, өзгеннен көрі, жүдә, менің жаным қаттырақ ауырар еді, өйткені, бұл егіннің дәнін қолымнан мен септім ғой; Айымның жаны менен кем ауырмас еді, өйткені, осы танаптың жерін, жүдә, сол даярлап берді ғой; Наташа мен Байжанның жаны да кем ауырмас еді, өйткені, оның бі-

реуі, жүдә, бұл танапқа су берді ғой, екіншісі — жерді ғылыммен өңдеді ғой; Анателі мен Рахмет те ренжір еді, өйткені жүдә, олардың да мұндай шығымды егін өсіруге жәрдемі аз тиген жоқ қой.

— Мақұл! — десті шуласқан көпшілік.

Сырбай танабының егіні, колхоздың өзге звенолары-ның танабынан бұрын піскендіктен және олардан өлшеусіз бай шыққандықтан, колхоз басқармасы колхоздың барлық орапқа жарарлық мүшелерін түгелімен осы танапқа әкелген еді. Жоғарыда айтылған түсінігін жасап алғаннан кейін, Сырбай олардың қолдарына бір-бір орақ ұстатты да, бәрін күріш маңындағы саздаққа өскен қоғажай мен құрақтарға алып барды. Содан кейін ол, «міне, күріш сабақтарын орарда, жерден былай көтеру керек» деп жамбастай жатқан бір түп қоғажайды оң қолындағы орағының ұшымен жерден көтеріп алды да, сол қолының уысын толтыра қапсырып ұстап, «қолды селкілдетпей орақты былай тартады, селкілдетсең дәні түседі» деп, әрірек сұғыңқыраған орақты уыстаған сабақтардың орта тұсынан салды да, өзіне қарай қыйғаштай тартты. Қылпылдап тұрған орақ, көгілдір жұмсақ сабақты іркілмей орып түсті. Сол әдіспен бір баудай қоғажайды орып, қатарлап сап, «енді мұны былай бауларға» деп, екі уыс жұмсақ қоғажайдың бастарын түйістіріп бір байлады да, бауланған қоғажайды түп жағымен қысып әкеп, екі басын қайырып белдеуге қыстыра салды. Содан кейін «мә, көріңдер, берік пе, осал ма!» деп, әркімге ұстатып көрсе, қаттылығы тастай.

Орақшылардың бәріне бұл әдісті үйретіп шығаруға үш күндей уақыт кетті. Төртінші күн ол, астық соғылатын орын мен астық салынатын ыдыстарды тексеруге кірісті. Қапшық атаулыны қарап, жыртығы болса бүтіндеу әйелдерге тапсырылды. Егін соғылатын жердің қыртысы кең көлемде сыдырылып, залалды құрт-құмырсқа қалмасын деген оймен, үстіне құрғақ сабан себіліп өртелді.

Со күннің кешіне егін соғатын комбайн мен тұқым тазалайтын машина кеп қалды.

— Біздің Айым келмек еді ғой, мұнда, ол қайда? — деп сұрады Сырбай трактористен.

— Егін соғу қарсанына ол да үлгереді,— деді тракторист.

Сырбай ол түні де ұйқтаған жоқ. Ашық аспанға жар-

қырай көтерілген айдың, жер бетіне сепкен күміс сәулесі күріш танабының үстінде бусанған шыққа да шағылысып, оны майда күтілген мақтадай көріктендіріп тұрды. Соған қараған Сырбайдың көзіне, күздігүнгі түндерде ұйыса ұйқтайтын семіз қойлардың табыны елестеп кетті. Олардың үстінде де осындай бір қою, бозғылт бу тұратын еді. «Бұл күріш танабының семіздігі сол қойлардан кем деймісің!..»

Бусанған күріш танабын айлы түнде ақырын адыммен жағалап жүрген Сырбайдың есіне Дәулеті түсіп кетті. «Бүгін түні ол қандай жағдайда екен» деп ойлаған оның кең кеудесіне сағыныш сыймай, демін соза және аса ауыр алды.

Оның ойын, автомобильдің алыстан ұзара жылтыраған жарығы бөлді. Жарықтың беті осы жақ. Қімнің машинасының жарығы екенін де Сырбай жорамалдады: Райкомның таныс машинасының сонғы кезде екі «көзінің» бірі ғана жанатын, мынау — сол. «Рахмет болар ма?» деп ойлап қойды Сырбай.

«Ол келсе егін орындар деуі мүмкін, даяр ма екеміз» деген оймен, егіс танабының әр жеріне еңкейіп, сазына бармағын батырып көрсе, тапталып дегдіп қапты, аяғымен басып көрсе, резеңкедей былқылдағанымен, батып кетпейді, «Ә, жарап қалған екен!» деп жорыды Сырбай.

Сырбайға туралап кеп тоқтаған машинадан төрт адам шықты: Полевой, Рахмет, Байжан және Гүлнар. Өзгелері қолдасып, екі шал құшақтасып амандасты.

— Мейрамға келдік! — деді Анатолий Кондратьевич.

— Қандай?

— Шығымы бай егінді жыйнау той емес пе?

— Әрине. Жүдә, жақсы келдіңдер, онда!..

— Егін оруға даяр ма, Сыр-еке? — деп сұрады Рахмет.

— Даяр,— деді Сырбай.

— Даяр екен,— десті бәрі де Сырбайша көріп ап.

Олар Сырбайдың кепесіне барса, Айбарша да келіп қапты.

Орақшылар жұмысқа күн көтеріле кірісті. Әдетте, оруды ең құрметті кісі бастауға тиіс, сондықтан, көпшілік, бұл құрметін Сырбайға көрсетпек болып еді:

— Жоқ, жүдә, болмайды ол,— деді Сырбай.— Су болмаса мұндай егін шықпас еді, ендеше бұған бас айыпты адам, жүдә Анатоль.

Сөзін көпшілікке мақұлдатып алған Сырбай, «Кәне, Анатель, байла, бірінші бауды!» деп орағын қолына ұстатты. Оның егін орғанын Сырбай бұдан бұрын көрген жоқ еді, сондықтан, «ора алар ма, жоқ па?» деп іштей сынап тұрды. Сырбайдың қаупі бекер екен,— бір бау күрішті орып байлау шеберлігінде, ол ешбір кәнігі орақшылардан кем түсетін емес.

— Бәрекелде,— деп қойды Сырбай, риза боп кетіп,— мұндай да өнерің бар екен ғой, Анатель?! Көрдіңдер ме, орақшылар, қалай шебер оруын!.. Осылай орып үйреніңдер!..

Орып байлаған бауын Анатолий Кондратьевич жерден көтеріп алды да, көпшілікпен аралас тұрған Айбаршаға апарды.

— Есіңде ме, қызым,— деді ол, сезімі толқып тұрғандығын даусынан аңғартып,— канал қазуға кіріскенде, жерден алғаш көтерілген топырақтың бір уысын маған сыйға тартқаның? Мен саған борышты боп қалып едім ғой, сонда, борышыңды өтеуім осы,— мына бірінші буылған бау — саған тарткан сыйым.

Қыздың қолына бауды ұсына бергенде, Анатолий Кондратьевичтің көзінен жас шығып кетті.

— Қымбат сыйыңызды қабылдаймын, әке! — деді Айбарша,— комбайнның көмейіне бірінші кететін бау осы болады. Майданға сыйлыққа жіберетін бірінші қабымыздың ішіне осы баудың күріші салынады...

Айбарша да аржағын айта алмай жылап жіберді... Гүлнар оны құшақтай ап, баурына басты...

Жұмыска, жұмыска! — деді көңілі босайтынын көрген Сырбай, ойгуден қашқалақтап,— жауды, жұдә көз жасымен емес, астықпен жеңеміз! Бастайық егін оруды...

Қаз-қатар тұра қалған жұрт, өз үлесіндегі егінді бауларға қол қойды. Колхоз басқармасының қаулысы бойынша, бір кісі бір демде, он шаршы метр жердің егінін орып бітіруге тиісті. Норма солай бола тұра, бір дем біткеннен кейін тексерілсе, орақшылардан орындамаған бір де жан жоқ, көпшілігі асыра орындаған, беске дейін норма берген бірталай адам бар, солардың ішінде Дарика мен Мақтагүл де жүр. Кейбір әйелдер, яслиге тастағысы келмей, жұмыска жас балаларымен шыққан. Бұрын мұндайды көрмеген Байжанның қайран қалғаны — гүл райы ыстық болғанмен, шешелері арқаларына таңып алған жас балалар, ояуында әлденені ермек қып отыра-

ды да, шаршағанда сол қалпында ұйқтап қалады. Ондай әйелдер де жарыстан қалысқан жоқ. Оракқа кейбір өте кәрілері де түсіп, жартыдан бірге дейін норма берді...

Басқарманың жоспарлауынша, орылған егінді соғу келесі күнге қалдырылмақ еді, орақшылардың қаймылы ол жоспарды бұзып, бірінші күннің өзінде-ақ комбайнға мол азық берген соң, сол күннің кешіне комбайн Айбаршаның тракторына жалғасты да, іске кірісті. Комбайнның жұтқыш көмейіне бірінші азық боп Полевойдың Айбаршаға сыйлаған бауы кетті, одан алынған дән, үкіметке тапсырылатын астықтың бірінші қапшығына құйылды.

Одан кейін, комбайнның кең көмейіне, күріш баулары тобымен үздіксіз тоғытыла бастады. Комбайн ішіндегі қаймылға кірген елеуіштер егіннің сабағын, қаузын, дәнін жеке екшеп, кейінгі жақтағы кең шұмектен саулаған дән, таудан тасқындай тынымсыз, үздіксіз акты.

Тағы уәде,— әуелі бір гектардың егінін соғып, шығымын жеке өлшеу еді, сондықтан, ол гектардан соғылған дән қаптарға тиеліп, таразыға салынып жатты. Жыйырма-отыз қаптан бір өлшеген таразының басынан Сырбай табан аударған жоқ. Шығым мөлшері қырық центнерден асқан соң-ақ, Сырбайдың жүрегі қуаныштан тулай бастады... Елу... алпыс... жетпіс... деген цифрлар айтылғанда, Сырбай өз денесіне өзінің әлі келмейтін халге жетті... Өлшеуші Байжан еді.

— Енді бар ма? — деді ол қап тасушыларға.

— Осылар да жетер,— деді біреу.

— Ендеше,— деп Байжан таразыны тартып жіберді де,— жүз жыйырма центнер болды! — деді.

— Неше бұт? — деген сөз шығып кетті Сырбайдың аузынан.

— Жеті жүз бұт!.. Күріштен мұндай шығымды дүние жүзі білген емес!..

— Сыр-еке, сіз дүниежүзілік рекорд жасадыңыз! — деген сөзді Полевой мен Рахмет қатар айтып, екеуі кезек-кезек қайталап қолын қысты.

Сол күні бұл рекорд туралы Москваға, Алматыға, Қызылордаға телеграммалар кетті. Оның сөзін ТАСС пен радио қағып ап, дүние жүзіне жая бастады, «Правда» дан бастап, бүкіл газеттер бұл қуаныш хабарды жариялай бастады... Сырбайдың атына одақтың түс-түсынан құттықтау телеграммалар түсе бастады... солардың ішінде,

Дәулеттен де телеграмма кеп қалды!.. «Қымбатты әке!— деп жазыпты ол,— Сенің күріштен жержүзілік рекорд алған хабарыңды радиодан естігенде, қуанышым кеудеме сыймады. Құттықтаймын. Сенің әрбір дәніңді жауға бір оқ қып атамыз!»

Он бірінші тарау

МАЙДАНҒА СЫЙЛЫҚ

Ескі ауылдың тілінде, Сырбай «қыйсық» аталған кісі еді. Оған мұндай атақты тақтырған намысқорлығы болатын.

Мәселен, кедейліктің шырмауында жүрген кезінде, бір жерде «торқалы той» болып, «топырақты өлім» болып жатса, ол оған сүйресе бармайтын.

— «Лйт аттыға, той тоңдыға жарасады»,— дейтін ол, «неге бармайсың?» дегендерге.— Мен барар ем, сабалаған қымызым, жетектеген сойыстығым болса! Олар менде, жүдә жоқ. Өзінде жоқ болған соң, жүдә, біреуге телмірген сәні не?

Осындай қылықты ол әр жағдайда қолданып, біреуге телміретін іске, өлсе аяғын баспайтын.

Осы мінезін ол Ұлы Отан соғысы күндерінде де өзгертпеді. 1941 жылдың күзінде, Рахмет оны бір күні райкомға шақырып алды да, Қызылорда облысының майданға бір эшелон сыйлық жібергелі жатқанын, облыстан сыйлық алып аттанатын адамдардың тізіміне обком оны да қосқанын айтты.

Шырағым, мені, жүдә, қыйнама оған! — деді Сырбай.

— Неге, ақсақал,— деді Рахмет, Сырбайдың бұл сөзін ішінен «қорқып отыр ма» ға жорып.

— Мен барар едім, балам,— деді Сырбай,— егер, апаратын сыйлықта менен қосылған, ауыз толарлықтай сыбаға болса, ондай сыбағам жүдә жоқ, құрғақ қол барып қайтем, жүдә.

— Неге құрғақ қол болады? — деді Рахмет өз ауданынан қанша азық жыйналғанын көрсететін мәліметке қарап,— сіздің «Кентоғай» колхозының бергені: бес мың тұқым,[1] отыз қаз, жүз елу үйрек, бес центнер сүрленген

[1] «Жұмыртқа» — Қызылорда тілінде «тұқым».

балық, жүз семіз қойдың стогі,[1] бес жошік қауыншек, елу қап күріш. Аз ба, осы бір сыбағаға?

— Әрине, аз емес. Бірақ, құсты өсірген, балықты аулаған, малды баққан жүдә мен емеспін. Қауынды да мен өсірмеймін. Менің өсіретінім — күріш. Елу қап деген не ол, жүдә? Не бетіммен сый деп алып барам оны?

— Әй, ақсақал-ай, қызық екенсіз ғой, өзіңіз! «Күрішті қайсың өсірдің, құсты қайсың күттің?» деп майданда кім сұрайды, сіздерден?

— Жоқ, балам әңгіме жүдә сұраған, сұрамағанда емес. Кеуіл[2] деген бар емес пе, кісіде? Сенен біреу «сенікі не азық?» деп сұрамағанмен, жүдә, өз кеуліңе кеп тұрмай ма: «осы мен не әкеп тұрмын?» деп. Сонда, өз әкелгенің аз болса, жүдә, іштей жүдеп тұрмайма кеуілің: «өзгелерге мысал боп, жүдә, не бетімен келіп тұрмын!» деп.

Рахмет тілін қалай жорғалатқанмен, Сырбай осы сөзінен танбады да, майданға бармай қалды.

Екінші ұсынысты Рахмет оған келер жылдың қысының басында жасады.

Рахмет Сырбайға 1942 жылдың күзінде, «Кеңтоғай» колхозы егінін жыйнап болған кезде жолығып:

— Ал, ақсақал, быйыл қайтесіз енді? — деді.

— Не жайында? — деді Сырбай.

— Майданға біздің облыстан тағы да сыйлық жібергелі жатқанын обком хабарлап отыр.

— Жүдә жақсы.

— Бұл сыйлықтың баратын жері Сталинград майданы екен.

— Сталинград?!.

Сырбайдың бұл сөзге құлағы елең ете қалды.

Москва маңайындағы майданның халіне Сырбай қанық. Жау ол тұстан көп кейін шегініп кеткенін жақсы біледі. Жаудың шегініп барып табан тіреген мекендерінің атын айтып бере алмағанмен:

— Қәне, қай жерлерде? — деп біреу сұраса:

— Мына жерлерде емес пе? — деп картадан көрсете алады және көбінесе дәл көрсетеді.

Ленинград коршауда екенінен де Сырбай хабардар.

---

[1] Малдың жалаңаш еті.

[2] Көңіл.

Газет оқытатын кісіден оның күн сайын қайталап сұрайтыны:

— Ленинградтың жайы қалай?

Газет оқушы:

— Берілетін түрі жоқ,— десе:

— Жүдә ала алмайтын болды мұны! — деп бекініп, енді қауып хабарды емес, күн сайын «ал, жау жеңілді!» деген қуаныш хабарды күтті...

Сырбайдың зәресін кетірген бір майдан — Сталинград майданы.

Совет Одағындағы «Еділ» атты өзен барын ол білгенмен де, соғыска шейін, бұл өзеннің бойында Сталинград атты қала барын естімеген еді.

Жаудың бет алысын картадан байқап дағдыланған Сырбай, Айбарша бір күні газет оқып отырып, реніштi қабақпен:

— Жау мына жерге келді! — деп Сталинградты көрсеткенде:

— Осы бір, еменнің бұтағындай, басы кең тармақталып кеткен қара-көгіңнің өзі не? — деп сұрады Сырбай, Еділ өзенінің тармақтарын саусағымен шолып көрсетіп.

— «Еділ» дейтін өзен ғой, бұл, әтке!

— Осы ма, сол?

— Осы.

— Ойпыр-о-о-ой, жүдә, не деген тармақты өзен еді бұл?!.

— Европаның ең үлкен өзені осы,— деді Айбарша, қайнатасының «Европа» деген сөздің не екенін білмеуіне қарамай,— оның ұзындығы —3587 километр...

— Не дейді, жаным-ау!..

— Үш жүздей өзен құяды оған...

— Алла-а-а-а!!. Жүдә, жер-көкке қалай сыйып жатыр ол су?! Неғып теңіз боп кетпей жатыр?!

— Сол, жан-жағынан кеп құятын өзендердің бәрін қосқанда, Еділдің ұзындығы жетпіс сегіз мың үш жүз елу километр! — деді Айбарша, қайнатасын таңдандыра түскісі кеп,— орыс халқының ойы-қырында, Еділдің тармақтары араламаған жер жоқ. Сондықтан да орыс халқы оны «Ана өзен» деп атайды.

Көреметіңді, жүдә, жаңа шығардың ғой, балам,— деп Сырбай,— сонша тармақты өзен болған соң, әрине, ол орыстың анасы болады.

Рас, әтке!..

— Ым-м-м! — деді Сырбай ыңыранып. — орыстың қыймылдар жері енді келген екен!

— Жалғыз орыс қана қыймылдар деймісіз? — деп Айбарша үгіт айтайын деп келе жатыр еді:

— Қоя тұр, ол сөзіңді, балам! — деді Сырбай түсіне қап,— әрине, қазір «сен орыс, мен қазақ» деп жатқан ешкім жоқ, сәбет қол астындағы жұрттың бәрінің туысып кеткенін, мені, жүдә, білмейді дейсің бе? Жүдә жақсы білем. Оның несін үгіттейсің маған? Қазақ та, өзбек те, ноғай да, өзге сәбет елдері де ер бола берсін, жаумен аянбай күрессін. Оған мен қуанудан басқа не айтар дейсің. Бірақ, балам, есіңде болсын: орыс бізден көп те ел, бізге басшы да ел. Осы соғыстың да ең зор ауыртпалығын орыс алмай отыр деп қайсың айта аласың?

— Айта алмаймыз...

— Айта алмасаң, орыс бір төбе де, өзге бір төбе. Бұл бір. Екінші, айтуыңа қарағанда, орыс, ата-бабасынан бері қарай Еділді еміп өскен жұрт. Сол емген анасына жау шабуыл салғанда, не жаны шыдайды орыстың? Анадан қымбат не бар, жүдә!

— Рас.

— Рас болса сол. Ал, жау кеп тұмсығын тіреген мына бір қызыл дөңгелек не? — деп сұрады Сырбай.

— Сталинград деген қала осы. Бұл қала Сталин жолдастың атына қойылған...

— Тоқта, тоқта! — деді Сырбай,— Сталинградтың тарихын айтқалы келе жатқан Айбаршаға,— болды қызық! Жүдә, намыс үстіне намыс болатын жер екен, бұл.

Сырбай ерсілі-қарсылы аз уақыт жүрді де, оған үнсіз қарап отырған Айбаршаның қасына тоқтап:

— Ал, балам, жүдә, мен айтып еді дерсің,— деді,— көрерсің, Москва түбінде жауға болған сүркіл, дәл осы арада болады!..

Айбаршаның кеңесін бұл жолы осымен доғарған Сырбай, енді газет келсе, оқытқан адамына:

— Сталинград жайын сөйлеші! — дейтін еді.

Сталинград қаласының жартысы жауда, жартысы біздің қолда екенін, осы тірес көпке созылғанын естігенде:

— Кімнің күші артығын, жүдә, осыдан байқайтын болдық,— дейтін еді Сырбай,— кім осы тіресте әкетсе, соның жұлдызы оңынан туды дей бер!..

Тіресте кімнің әкетерін күн сайын бақылаған Сырбайдың құлағы, 1942 жылдың ноябрінде, «біздің армия Сталинградтағы жауды қоршап алды» деген хабарды шалды.

— «Құдай оңдады!» дей бер! — деп қуанды Сырбай.

Рахмет Сырбайды, осындай қуанышта жүргенде шақырып алды да, Сталинградтықтарға жіберілетін сыйлықты апарушылардың ішінде оның да бар екенін айтты. Бұл сөз, Сырбайды екі жақтан қуандырды: бірінші—ерлігі Ленинградпен теңдес қалаға сыйлық алып бару қандай жақсы!.. Екінші — Дәулет өткен сентябрьден бері осы Сталинградта... Сондықтан, Рахмет:

— Бұған да бармаймын дейсіз бе, ақсақал?— дегенде:

— Жоқ, жүдә, барам бұған, — деді Сырбай,— баратыным: егіс көлемім аз болғанмен, быйыл бетім қызаратын жылым емес. Солай емес пе, жүдә?

— Жүдә, солай! — деді Рахмет, «жүдә» деген Сырбайдың мәтелін өмірінде бірінші рет, және сықақтап емес, қуана қолданып,— солай болмағанда ше? Быйыл өз звеноңыз еккен бес гектардың әрқайсысынан орта есеппен сексен центнерден алып отырсыз, аз ба ол?

— Көп те емес қой,— деді Сырбай бүгежектеп.

Шалдың өйтетін себебі, быйылғы еккен бес гектар жерінің минералдық өңдеу қолданған екі гектардан жүз он центнерден алған да, қолданбаған үш гектардан алпыс центнерден ғана алып, орта есеппен гектарына сексеннен айналған. Өңдеудің пайдасына көзі сонда ғана айқын жеткен Сырбай, бір кезде қарсы болған кінәсына мойындап, ол туралы кеңес болса, кателігін алдына сала сөйлейтін; «соңыңыз қате еді-ау» дегенді біреу айтып қалса, «жүдә рас» деп қостай кететін. Сондықтан «орта есеппен сексен» деген сөз айтылса қытығына тиіп, еркіпситін адамын «болды жүдә!» деп қайырып тастайтын да, сыйлайтын адамның алдында бүгежектеп қалатын.

Шалдың сондай жағдайын білетін Рахмет, оның күмілжуіне қарап, ұялттым ба дегендей көтере сөйледі.

— Жабайы егінші түгіл,— деді ол,— сіз егін мәселесіндегі ғылымның да болжалынан асып түстіңіз. Жабайы егінші, бұған дейін, бір гектардан ең көп дегенде қырық центнер алады. Ғылым — ең көп дегенде алпыс-жетпіс центнер алуға болады дейтін, сіз екеуінен де аспыпсыз.

— Олай деу жүдә артығырақ болар,— деді Сырбай.—

Және ғылым деп отырғаның жерді дәрімен өңдеу ғой. Дәрінің күші емес пе көбейтіп отырған? Мен, қайта, тартпақтаған жоқпын ба, со ғылымды?

— Өзіңіз бастаған соң айтайын,— деді Рахмет,— басында аздап тартпақтағаныңыз рас, оған өзіңіз де мойындап жүрсіз. Бірақ, со «дәрі» дегеннің өзі егін өсірмейді ғой, тек өсуіне азық қана болады ғой. Егінді өсіретін адам емес пе? Адам күтпесінші, егін дәріге қалай өсер екен!.. Және адам мен адамда да айырма бар емес пе? Мысалы, мына Қытай елі күріштi пәлен мың жылдан бері егеді, Италия мен Испанияның егуіне де көп ғасыр өтті. Солардың ешқайсысы орта есеппен гектарынан сексен центнерден алған емес, ең көп алатыны — елу, алпыс. Бір гектардан жүз он центнер алу олардың өңі түгіл түсіне де кірмеген. Сіз неге көп аласыз олардан? Сізде социалистік ынта бар, оларда жоқ, бар айырма осында ғана; сіз еккен күріштi өз мүлкім деп қарайсыз, капиталистер мен феодалдардың құлдығындағы күріш егушілер, егініне жаттықі деп қарайды, сонан соң ықлас қоймайды, білген өнерін жұмсамайды.

— Социалистік санамен, социалистік ынтамен еңбек атқарып, күріш өнімінде бір биікке шықтыңыз енді,— деді Рахмет,— бұдан да зор биікке өрлеуіңізге сенеміз. Күріш мәселесінде сіз Отанымыздың алдыңғы қатарындағы адамысыз, майданға сыйлық апарысуға сондықтан ұсынып отырмыз, және өзінің көбірек айтып жүрген Сталинград майданына.

Сталинградқа сыйлық апаруға ықлас білдірген Сырбайдың бір ғана өтініші болды.

— Естегі бір кісім Анатөл еді,— деді ол,—маған ғана емес, бүкіл Сырдария еліне күріштен мол өнім әперуге себепші боп отырған, жүдә, сол кісі ғой. Ол кісі дайрадан мол су алудың жолын таппаса біз, жүдә, бұл табысқа жетер ме едік?..

— Жетпес едік.

— Жаудың жерімізге сұғынғанына бәріміз де қайғырамыз ғой, бірақ, менің байқауымша, Анатөлдің қайғыруы, жүдә, өзгеше! Сыртқары жұрт оны қызын қайғырып жүдеп кетті дейді. Жүдә, оның да бар шығар, ішінен шыққан баласы ғой... Оның одан да зор қайғысы — орыстың жеріне жаудың кіруі; осы жай шымбайына, жүдә бататын көрінеді оның. Батқаны сол, кеудесі қақ айрылғандай күрсінумен қоймай, «жау осылай да осылай

істеп жатыр» деп, бүлінген қалаларды айтқанда, көзінен жас та шығып кетеді.

— Білем.

— Білсең сол, мына Сталинградты ол да айтыңқырап жүруші еді, сыйлық апаратындарға оны да қоскандарың жөн.

— Баратындардың тізімінде ол кісі бар,— деді Рахмет.

— Жүдә жақсы, ендеше тағы бір өтінішім бар.

— Айтыңыз!

— Біздің әлгі бір тентек бар ғой, «Айым» деген?

— Я?..

— Сол шіркінді байқаймын, Дәукенді жүдә катты сағынып жүргенге ұқсайды. Біздің Дәукеңнің Сталинградта екенін білесің ғой?

— Білем.

— Білсең, сол жаққа жүдә, Айым да барып қайтса қайтеді?

— Ол обкомның шешетін мәселесі. Хабарласайын.

— Сөйт! — деді Сырбай, Рахметтің бұл сөзін «шығарып салдыға» жорып,— сен оларға айт: бір үйден екі кісі баруға болмайды десе, мен қалайын, ол барсын.

— Болмас ол.

— Болдыр, балам осыны. Жүдә өтінем! Көпті көріп, көптака болған менің кеуілім көрмеуге шыдар да, оның қылауы түспеген үлбірек кеуілі шыдамас... Мен солсам оқасы болмас, асарымды асап, жасарымды жасаған кісімін ғой, ал, алда-жалда, жүдә, ол солса...

Сырбайдың көзі жасауран, иегі кемсеңдей қалды.

— Жақсы, жақсы, Сыр-еке,— деді Рахмет,— қамықпаңыз. Обкомға сөйлесейін деп сізді алдау үшін айтып отырған жоқпын. Біздің үлкен орын ғой ол, әуелі соған ақылдасамыз ғой.

— Жүдә, сол еді, айтайын дегенім...

— Жақсы,— деді Рахмет тағы да қуланған кескінмен,— даярлана беріңіз. Бірақ, есіңізде болсын, бір кісі апаратын сыйлық пен екі кісі апаратын сыйлық бірдей болмайды.

— Болмаса болмасын,— деді Сырбай сергіп,— кеусен сұрай жүрген Сырбай жоқ, осы күні.

— Немене дедіңіз?— деді Рахмет «кеусен» деген сөзге түсінбей қап.

таль қызметке кірісуге тиісті. Сіз қалай дейсіз, жолдас Полевая?

— Мойынға алған соң орындауға тырысамыз да,— деді Гүлнар.

Сол күннен бастап, оның жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Канал басына, Сырбайдың үйіне амандыққа барған оның Қызылордаға бірер күнде асығып қайтуына да себеп осы еді.

Істің аса ауырлығы кірісе келе байқалды. Ағаш, шеге және қажетті өзге темір-терсекті табуға Байжан жәрдемдескенмен, шыны, бор, бояу сияқты материалдарды табу үшін, Алматыдан бастап, көршілес көп қалаларға баруға тура келді. Солардың бәріне өзі жүрген Гүлнар, «бірін анадан, бірін мынадан» дегендей, «инелеп, тебендеп» жыйнап, ақыры госпиталь үйлеріне қажетті материалдардың басын құрастырды.

Енді жұмысшылар керек. Қалада да, ауылда да қолы бос жан жоқ, бәрі де қауырт жұмыста. Не істеу керек?

Гүлнардың көп толғанып тапқан ақылы — бұл жұмысты қаладағы үй иесі әйелдерге атқарту. Сол мақсатпен ол қалалық советтің қасындағы әйелдер советінің жыйналысын шақыртты да, әуелі советтің активіне ойын ұғындырып ап, үй иесі әйелдердің арасына оларды үгітке жұмсады.

Үгіт өте жақсы нәтиже берді. Оның арты үй иесі әйелдердің қалалық жыйналысын шақыруға соқты да, мақсатты ісі туралы Гүлнар баяндама жасады. Жыйылыс артынан екі жүзден астам жас әйел ризашылық білдіріп, уәделі күні жыйналды да, үй салу жұмысына кірісті.

Қазақтың «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген сөзі бұл істе де дәлелденді. Әдетте, әйелдерді, әсіресе, үй иесі әйелдерді балта жұмысына бейім емес деп ойлаймыз ғой. «Басқа түссе баспақшыл» ма, әлде, бұған дейін дағдыланғандары бар ма — балташылар да, арашылар да, сүргішілер де сол әйелдердің ішінен табылды. Өзгеге үлгі болғысы келген оймен, қолы тигенде бұл іске Гүлнар да араласып, есік, терезелерге қажетті саймандарды жонып сүргілегенде, қолы аса мініскер кісі боп шықты...

Социалистік жарысқа түсіп, әйелдер жұмысты қызу қарқынмен алып кеткен соң, қажетті үйлер мерзімді уақытта бітуіне көзі жеткен Гүлнар, енді госпитальға қажетті төсек, орын, ыдыс-аяқ сияқты дүниені жыйнау

жабдығына кірісті. Оған берілген тапсырма, — мың койкалық госпитальды қамтамасыз ету еді, Гүлнар үй көлемін де, оған қажетті аспапты да мың жарым кісіге әзірлемек болды, және, тағы да ой-қырға шапқылап жүріп, көңілге алған мөлшерінде даярлай алды да.

Госпитальға қажетті қызметкерлердің басын да Гүлнардың өзі құрастырды. Жабайы қызмет атқаратын адамдарды, үй салу жұмысына араласқан әйелдердің ішінен тапты. Әдейілеп Алматыға барып, Қазақстан денсаулық комиссариатымен сөйлесті де, сестраларды Қарағандыдағы медицина техникумынан, дәрігерлерді Алматыдағы медицина институтынан алмақ болды. Госпиталь үйлері бітуге айналғанда, олардың алды келе бастады.

— Бас дәрігер кім болу керек? — деген сұрауға:

— Әрине, мен! — деп жауап берді ол бар жерде.

— Онда директорлықты кімге тапсырасыз? — деген сұрауға:

— Ол да өзімде болады,— деп жауап берді ол.

— Екеуі ауыр болмай ма?— десе:

— Соғыс бұдан да ауыр емес пе?— деді ол,— оны да көтеріп жатқан жоқпа, жұрт? «Жұрт» деген — мен сияқты кісілерден құралмай ма? Сол жеке адамдар емес пе, соғыстың зор ауыртпалығын бөліп көтеріп жатқан? Мен де солардың бірі боламын да? Ауырсынғанмен, көтеріске қойып жеңілдететін кімім даяр тұр?..

Гүлнар әкесінің майданға сыйлық апарушылардың тізіміне кірген хабарын алған кезде, Госпиталь үйлері салынып бітіп, ішін сырлау жұмысы жүріп жатыр еді. Сыйдың Сталинградқа баруын естіген Гүлнар, ол майданда жандай досы Дәулеттің жүргенін онымен жиі жазысқан хаттарынан біліп, басқарған жұмысының барысын үздіксіз хабарлайтын еді. Сыйлық апарғандар Дәулетке жолығады деп сенген Гүлнар, жуырда ғана оған хат жазып, Анатолий Кондратевичпен бірге Сырбай мен Айбаршаның баруын да хабарлап, бітіруге тырысып жатқан госпиталь үйлерін оған дейін қызметке қосуға, барлық бейнесінің фото-суреттерін Айбаршадан беріп жіберуге уәде еткен.

Сыйлық апарушылардың жолға шығуы жақындаған сайын, оның асыға қыймылдауы сондықтан еді. Бірақ, асығам деп істі шалағай атқаруға болмайды. Оның осы ниетіне, туған жерінің табиғаты да тілектес болғандай боп, кей жылдары бұл кезде көз аштырмайтын жаңбыр

бүйыл бір де тамбай, құрғақшылық болды да тұрды. Оған қоңыржай самал араласып, үйлердің ішкі-сыртқы майлауларын тез кептіруге себеп етті.

Сонымен, қысқасы, Сырбай мен Айбарша сыйлық апару сапарына шыққан кезде, түгел даярланған госпитальға Гүлнар жаралыларды қабылдап, қызметке кірісе бастады.

— Жүдә жақсы, қызым, жүдә жақсы!— дей берді Сырбай, осы сөздерін сансыз рет қайталап, қызметке кіріскен госпиталь үйлерін аралап көріп жүріп.

— Менің майданға берген сыйлығым, әзірге осы ғана боп тұр, ата,— деді Гүлнар, жақсы атқарылған ісіне, іштей масаттанғандай боп.

— Жүдә жақсы сыйлық!— деді Сырбай,— бұдан артық сыйлық болмайды, балам!.. Жүдә жақсы, жүдә жақсы!..

— Рас, айтасыз, ақсақал! — десті оған ерген топ.

— Аманшылық боп, Дәукенге жолығатын күн болса,— деді Сырбай Гүлнарға,— досына бұл ісіңді жүдә мақтаныш қып айтып барам, қызым.

— Өзім де хат жазам, ата және мына карточкаларды жіберем,— деп Гүлнар госпиталь үйлерінің ішкі-тысқы бейнелерін көрсететін, жаралылардың тіршілік күйін көрсететін бірталай фото-суреттерді Сырбайға да, оның серіктеріне көрсетті...

— Жүдә тамаша суреттер екен!— деді Сырбай,— дәл өзі!.. Аудырмай түсірген!.. Айна-кәтесі жоқ!.. Жүдә тамаша, қызым!..Жүдә тамаша!.. Жүдә тамаша сыйлық!..

Он екінші тарау

ҰЛЫ ШАБУЫЛ АЛДЫНДА

Қызылорда облысынан Сталинградқа сыйлық алып жөнелген эшелонның алғашқы беті: Елек станциясына бұрылып Орал қаласына тарту еді де, Урбах станциясына барғаннан кейін, Урбах арқылы Астраханьға қарай жалтарып, Жәнібек станциясына тоқтап, сыйлықтарын сол арадан майданның командованиесіне машинамен тасып тапсыру еді.

Бұл мәселе туралы, обком Отан Қорғау Комитетінің шойын жол жұмысын басқаратын адамы — генерал-пол-

ковник Хрулевпен осылай келіскенмен, эшелон сапар шығып алғаннан кейін, соғыстың жағдайы жолдың бағытын өзгертті. Состав Електен бұрылмай, тура Куйбышевке тартып, оның аржағында Чапаев қаласына, одан Пензаға, одан Ртищевоға бұлталақтап, ақыры Саратовтан кеп шықты. Қызылордадан ноябрьдің жыйырмасында аттанған эшелон, осы бұлталақта он тоғыз күн жүрді.

Эшелонда азық тиеген жыйырма бір вагон бар еді. Солардың ортасына кісілер отыратын бір вагон қосып, сыйлық әкеле жатқан делегация соған мінген.

Вагонның купелері түгелімен есікті еді. Сол купелердің біреуіне, Сырбай мен Анатолий Кондратевич жеке отырды.

Шабан жүрісті ұзақ жолда, делегацияның жастау жағы, азық тиеп әкеле жатқан вагондарды қарауылдау, күтумен қатар, қолдары бос уақыттарын карта ойнау, өлең айту, гармонь, гитар, домбыра сияқты музыка тарту, кітап оқу сияқты көңіл көтергіш жұмыстарымен өткізгенде, оларға араласпайтын, купелерінен шықпайтын Сырбай мен Анатолий Кондратьевичтің бағатыны үнемі кеңес.

Бұдан бұрын олардың бастары ерте ме, кеш пе, үйде ме, түз де ме — қосыла қалса өзге кеңес құрығандай, каналдан, судан, егіннен басқаны жөнді айтпайтын еді. Мына жолы, екеуінің кеңесі — жатса да соғыс, тұрса да соғыс. Ұйқтауға жатқанда да олар осы кеңестен ауыз жаппайды да, қалғыганнан кейін, кеңестерінің арты түске тұтасып кетеді. Түсінде де олардың көретіні соғыс...

Кеңестері үнемі осылай, соғыс туралы болғанмен, мінезінің ауырлығына қарамай, Сырбай, көбінесе күлдіргі бірдемелерді айтады да, бұған шейін, Сырбаймен салыстырғанда, сергек мінезді деген Анатолий Кондаратевич ауырлау бірдемелерді айтып кетеді.

Сырбайдың күлкілі кеңесі, көбінесе Масақбай туралы. Одан және Дәулеттен келген хаттарға қарағанда тағдыр екеуін тез жолығыстыра қойып, Дәулет, Масақбайды өзіне күтуші қып алған.

— «Қорқақты көп қуса батыр болады» деген, қазақта мақал бар еді,— дейді Сырбай, Масақбай туралы кеңесін бастағанда,— егер жүдә, одан қорқақ жанды көрген жоқ ем, көлеңкесінен қорқатынның өзі сол еді; келген хаттарды оқытып отырсам, соның жүдә батыр боп алыпты дейді. Осыған, жүдә, нанарымды да білмеймін, нанбасымды да білмеймін. Нанайын десем... — деп, Сырбай,

Масақбайдың қорқақтығынан туған талай қызық кеңестерді айтады.

— Бір мысал,— дейді ол, бір кеңесінде,— сол Масақбай, күні кеше ғана, соғыстан бір-ақ ай бұрын өзінің сыйырын атып тастап, жүдә масқара болған ғой.

— Неғып?

— Қызылордаға сапар шыққан бір жолында, базарда оған бір қызыл қасқа қолмагор сыйыр кездеседі. Осындай сыйырды ол жүдә, іздеп жүреді екен. Сыйыр атан өгіздей болса керек. Өзі жүдә жас болса керек, үш-ақ рет бұзауласаған ба, қалай, емшегі жер сызса керек. Емізігі, жүдә, табан қарыс еді дейді.

— Нағыз немістің швиці екен ғой.

Сыйырдың иесі: «Қысылған жағдайым боп сатып тұрмын, әйтпесе жүдә, қыяр сыйырым емес еді» дейді, «желіндегеннен басқа уақытта, жүдә суалмайды» дейді, «сегіз айдың бойына күніне жыйырма литрден кем сүт бермейді» дейді.

— Олар солай ғой.

— Осы сыйырға Масақбай жүдә, қызығып, ердің құны, нардың бұлындай ақша беріп сатып апты да, пәтеріне алып кепті. Қасында Дарика келін де бар екен, ол да сыйырға жүдә риза боптты. Сол күні олар қалаға қонып-ты. Масақбайдың бір мінезі, серік ертпей, екі ауылдың арасына да түнде жүрмейтін. Ал, қалаға барса, жүдә қорқақ болса керек, түнде тысқа мылтықсыз шықпаса керек.

— Онысы қызық екен.

— Жаңағы сыйырды сатып алған күні, құдай ұрып, түнде, жұрт шырт ұйқыдағы кезде, тысқа шыққысы кепті. Қатынына бірге шығайық деген екен, анау байғұс жүдә ерініп шықпапты. «Жазған құлда шаршау бар ма» дегендей, тапаншасын алып, Масақбай шығады. Мезгіл қыс болса керек. Кешке қар жауып басылып ай жарық болса керек. Масақбай қораның бұрышын айнала берем дегенде алдынан бірдеме қарап ете қалады. Ұры екен деп ойлап қалған Масақбай, мылтықпен, жүдә, басып кеп жібереді де, кейін қарай жалтара қашады.

— Қап!..

— Сол қашқан қалпымен, ол жығыла-сүріне, бір ағашқа соқтығып маңдайын жарып ала жаздап, есіктің басқышына жіліншігін сындырып ала жаздап, есікті жалма-жан іле қойып, асып-сасып жатқан бөлмесіне кіреді.

Бөлме, жүдә, оңаша екен. Қатынымен екеуінен басқа жан жоқ екен. Қатыны «не болды?» десе, «жүдә масқара болдым!» дейді, «бір ұры тап беріп, атып тастап келдім» дейді. Жүдә, нанар-нанбасын білмеген қатыны: «шығып көрейік» десе, «ойбай, жүдә ол не дегенің? Жалғыз дейміс ің ол?» деп зыр-зыр етеді. Ақыры, өзінен қатын ер шығып, «байғұс-ау, былай да, былай да өлдің ғой, кісі атып тастағаныңды білсе, сені жүдә, сау жібере ме, бұдан? Одан да барып көрейік те, егер адам болса, үй иесімен ақылдасайық», дейді.

— Әйелі рас ер екен.

— Ақыры, Масақбай көнбей, қатыны «өлтірсе, жүдә мені-ақ өлтірсін» деп ашуланып шығып кетеді де, үйге ойбайлай кіреді. Манағы атып тастағаны сыйыр екен. Оқ маңдайдан тиіп, сыйыр, жүдә, сеспей қатыпты!..

— Бір ақмақ екен ғой, мұның?— деді Анатолий Кондратевич, ыза боп.

— Екінші бір қызығын айтайын,— деді Сырбай, қыртыстанған бетін тыржыйта күліп,— Тыртық дейтін біздің колхоздың шатаботын білесің ғой?

— Білем. Ұсталып атылып кеткен жулик қой.

— Масқабаймен ол, жүдә, әмпей еді ғой.

— Оны да білем.

— Білсең, сол екеуі, тағы да Қызылордаға барыпты. Олар күндіз екеуі екі жаққа қыдырып кетіп, пәтерлеріне түнде кеш қайтса керек. Екеуі дарбазаның[1] екі жағынан кеп түйіседі де, қараңғыда бірін бірі жүдә танымайды, бірін бірі ұры екен деп ойлайды.

— Масақбайда бұл жолы мылтық жоқ па екен?

— Оншасын білмеймін, тегі, жоқ қой деймін. Сонымен, екі жағы да қашып құтыла алмаймыз деп қорықты ма, әлде атып тастайды деді ме, жанталасқандай арпалыса кетеді.

— Болды қызық...

— Масақбай Тыртықтан мықтырақ екен.

— Е, ананың қасында алпамсадай емес пе, ол.

— Тыртықты ол, жүдә, алып ұрады да, тізерлеп езгілей бастайды. Тыртық та, жүдә, қарап өлер қу емес, Масақбайдың бет-аузынан жүдә, сау тамтық қоймай тырналап айырып тастайды. Сол кезде күңгірлеген адамдардың дыбысы шыққан соң, Масақбай, оларды басып жат-

[1] Қақпа.

қан адамның жолдасы екен деп ойлап, тұра қашады. Ол адамдарды, жаңағы ұрып кеткен адамның жолдасы екен деп, Тыртық та бір жаққа қарай қашады. Ол екеуін ұры екен деп, келе жатқан адамдар қашады.

— Су жүректерін-ай.

— Сол тұста милицияның кеңсесі жақын екен. Масақбай соған барып паналап, көрген-білгенін айтады. Милиция оны жақын үйдің біреуіне апарып қондырады. Оның ізін шала, милицияға Тыртық та кеп, ол да, «мені, солай, жүдә, ұры өлтіре жаздады» деп мұның шағады. Оны да милиция орналастырады. Ертеңінде милиция екеуін де жауапқа шақырады. Бір-бірін олар жүдә таный кетеді. Сұрастыра келсе, бірін бірі умаштаған, жүдә, олардың өздері екен. Сүйтіп милицияға жүдә, күлкі болады... Міне, сол Масақбай,— дейді Сырбай, оның тағы да осы сияқты қорқақтығына куә бірнеше күлдіргі қылықтарын айта кеп,— майданда жүдә батырлық көрсетіп, аз күнде екі орден, үш медаль алса керек!..

Эшелонның жолшыбай бұлталақтай жүрген сапарында, жаудың самолеттері бомбалап талқаны шығып қалған талай үйлер, вокзалдар, қалалар кездесті. Анатолий Кондратьевичтің сөздері көбінесе солар туралы болады.

— Газеттен оқу мен көзбен көру екі басқа екен,— деп уайымдайды ол.— Жаудың қанды шеңгеліне ілеккен жер қандай екен?!. Мұның бәрін түзеп алу да оңай болмас, Сыр-еке! — деп қояды ол.— Көп дүние керек болар, бұларды орнына түсіруге!..

— Жүдә жау жеңілсін де,— дейді Сырбай да ауыр дем ап,— аржағын көп боп түзеп аламыз, үкімет пен партия нұсқар, біз орындармыз...

Әкеле жатқан сыйлықтарын тез тапсыруға асыққан олар, Саратовта бірер күн кідірді де, Еділ арқылы Энгельске өтіп Сайхын станциясына тоқтады.

Олардың сыйлықтары, Сталинград майданындағы жыйырма бірінші армияға арналған еді. Армияның қолбасшысы генерал-майор Иван Михайлович Чистяков екенін; бұл генерал, атақты генерал-майор Иван Васильевич Панфилов Москваны қорғауда қазаға ұшырағаннан кейін, оның дивизиясын басқарғанын, жыйырма бірінші армияға содан кейін ауысқанын Қызылорда делегациясы жақсы біледі.

Делегацияны Чистяков өзінің ставкасында қабылдады. Оның ставкасы — Еділден Сталинград тұсында тар-

мақталып, Каспийге өзбетімен барып құятын Ахтуба өзені мен Еділ өзенінің арасындағы қалың тоғайда екен.

Бұл келген делегациядан, Иван Михайлович екі адамды жақсы таныйтын боп шықты. Біреуі — Анатолий Кондратьевич, екіншісі — Сырбай.

Анатолий Кондратьевичпен ол, 1934 жыл Сочи курортында бірге болған екен.

Сырбайды ол, біріншіден, Дәулеттің әкесі болғандықтан таныды. Дәулет қазір танктік полктің командирі екен де, Чистяковтың қарамағында қызмет етеді екен, генерал оны жақсы таныйды екен. Екіншіден, Сырбайдың Отан қорғау қорына жарты миллион сом бергендігі, осы жөнде оның Сталин жолдасқа берген телеграммасына Сталин жолдастың рахмет айтып жауап қайтарғаны газеттерде жарияланған екен. Бұл газетті сапар шегіп жүрген Сырбайлар кездестірген жоқ. «Сол Сырбай осы» дегенде:

— Сізге Қызыл Армияның атынан алғыс айтуға рұқсат етіңіз! — деп генерал Сырбайдың қолын алды да, бұл газетті көріп, Дәулеттің де аса қуанышты екенін айтты.

Ставканың қасындағы бір блиндажға орналасқан жолаушыларды генерал кешке өз блиндажына қонаққа шақырды. Олар барса, мәжіліске бірнеше генералдар мен офицерлер жыйналып қалған екен. Олардың арасынан Дәулетті Сырбай мен Айбаршаның көздері жоқтағанмен, көкіректері жоқтаған жоқ, өйткені, генералдың уәдесі бойынша, Дәулетке олар ертеңіне бармақ.

Мұндай мәжілісте Сырбайдың болуы бірінші рет емес. Қызылордада да, Алматыда да, осындай бай столдың төрінде ол талай отырған. Сонда, ол, «арақ, шарап түгіл, боза да татып көргем жоқ» деп, «есіріп қымыз да ішкен емен» деп, аузына тамшы арақ, шарап алмайтын. Оның бұл мінезін білетін Анатолий Кондратьевич, генералдың ұзын бойлықлау, мықындылау келген, семізше, қызыл шырайлы кескінді, көрікті әйелі, столды айнала отырғандарға бокалды өз қолынан құйып шыққанда, Сырбайдың құлағына сыбырлап:

— Бұл үйдің әйелі ренжіп жүрер, ішпесеңіз де ерніңізді малыңыз! — деді.

Сырбай жауап қайтармады.

Мұндай мәжілістерді Сырбай «бәнкет» деп айтатын еді. Оның тәртібінде, мәжілісті біреу басқаратының, жұрт кезек-кезек сөйлеп, пәленнің, түгеннің денсаулығына ішіп жататының Сырбай білетін.

Бокалдар құйылып болған кезде, сол тәртіпті бастағысы келгендей, генерал орнынан көтеріле беріп еді:

— Маған рұқсат ет,— деді оның оң жақ тізесін баса отырған Сырбай да, оң қолына бокалын көтере түрегеп.

Таңданғандай Сырбайға қараған генералға Анатолий Кондратьевич, оның сөзін аударып, өзі Сырбайға:

— Ақсақал, мына кісі сөйлесін де, әуелі, ыңғайсыз болар,— деп еді:

— Тұк те ыңғайсыздығы жоқ,— деді Сырбай,— мұның жолы үлкен болғанымен, менің жасым үлкен. Өзімнің, бір, жүдә, сөйлегім кеп тұр да.

— Сөйлесін,— деді генерал.

— Өзің білесің, Анатөл,—деді Сырбай, бокалын көрсетіп,— мына бар болғыр менің ернім тимеген нәрсе еді ғой. Өлсем өліп-ақ кетейін, осыны менің, жүдә ішкім кеп тұр. Ішкім келетін себебім: осы кісінің аузынан бүгінгі естіген сөзге қарағанда, біздің әскер қазір бір ұлы тілектің үстінде тұр екен. Жау осы арада бір қыйраса, біразға шейін есін жыйнай алмайтын сыяқтанады. Рас па деп сұрашы, жанаралдан!

— Рас,— деді генерал, Анатолий Кондратьевич, Сырбайдың сөзін аударып бергенде,— жаудың күшін ең соңғы сарыққан жері осы. Осыдан табанын бір қозғап алсақ, Берлинге шейін жер ніскетпеспіз оған.

— Берлинге шейін жер ніскемесе,— деді Сырбай, генералдың сөзін бөліп ап,— Берлинде ніскеп те не жарытар дейсің ол. Осы ніскемеуі ніскемеуі де оның. Ендеше,— деді Сырбай қызына сөйлеп, бокал ұстаған қолын аспандата көтеріп,— мен мынау стаканды, жаудың жер ніскемеуіне ішем!.. Күлі көкке ұшуына ішем!.. Біздің армияның жеңуіне ішем!.. Мына, қасымыздағы жанаралдың абройлы болуына ішем!..

Сырбай бір бокал ақ арақты көтере салды.

Арақтың өзегін өртей жөнелуіне ол қарамастан, бокалды төнкергеннен кейін, бетін генералға бұрып еді, ол да бокалын жұтып боп, бетін бері бұрған екен.

Бұл араға аударушы керек болған жоқ. «Кел, сүйісейік» дегендей, екеуі де құшақтарын жайды да, бірін бірі катты қысып сүйді...

Қонақтар ұзақ отырған жоқ. Сол күні немістердің қарсы шабуыл жасауы туралы қауып бар еді. Генерал бұл жөнде қонақтарын тыйыншыздандырғысы келмей айтпады. Түн ортасы жақындай қонақтар тарады.

Оларды генерал, Москваға кетіп әлі оралмаған, армияның соғыс кеңесшісінің блиндажына орналастырған еді.

Қалың тоғайдың арасындағы блиндажда үш бөлме болатын. Соның кішірек біреуіне Анатолий Кондратьевич пен Сырбай орналасты да, өзгелері өзге екі бөлмеде жай тапты.

Шаршағаны ма, әлде ішіңкіреп алғандығы ма, Сырбайдың кеңескісі келгенмен, Анатолий Кондратьевич тез қалғып, қор ете түсті...

Сырбайдың көзі ілінбеді. Қараңғы бөлмеде ол, аулынан аттанғанынан бері көргендерін көз алдына келтірді.

Бірен-саран ғана болмаса, соғыс басталғалы ол станцияға барып көрген жоқ-ты. Бірер барғанында, өтіп жатқан әскерге, құралға кездескен жоқ-ты.

Ерсілі-қарсылы эшелондан өтіп жатқан әскерлер мен құралдарды ол Орынбордан, әсіресе Куйбышевтан былай шыға көрді.

Не деген көп әскер!.. Не деген көп құрал!..

Соғыстың исі де оның мұрнына Орынбордан былай шыға келген сыяқтанды. Ең алдымен, қай қалаға түнде кездессең де, жарық дегені тотыяйын сыяқты көгілдір бірдеме. Куйбышевтан былай шыға, мойны сорайған зенбіректер поездардың үстінде, және далада ғана емес, үйлердің төбесінде де тұр.

— Ол не бітіреді? — деп сұраса:

— Жаудың самолеттері кездессе, соны атады,— деседі.

Ұшып жүрген самолеттен көп неме жоқ. Әуелгі кезде көзіне самолет түссе, «жаудыкі болмағай да» деп жүрегі зырқ ете қалатын Сырбай, көре-көре үйреніп қалды.

Сүйтіп жүріп, Пенза мен Ртищевоның арасындағы бір станцияға жеткенде, немістің алты самолеті келіп қап, станцияда тұрған составтарды бомбаның астына алды-ай келіп!..

Мезгіл кеш еді. Бомбалау біткенше ымырт жабылып кетті.

«Батырға да жан керек» дегендей, қанша тасжүрекпін дегенмен, Сырбай да пендешілігін істеп, бомбалау кезінде қалшылдап орнында тұра алған жоқ.

Абыроі болғанда, олардың эшелондары аман қалды. Ептілеу біреулері, бомбалау біткеннен кейін, станцияны шолып кеп:

— Манағы тәп-тәуір вокзалдың үйілген топырағы ғана қалған,— деп қайтты.

Олар бірнеше составтың қыйрағанын, неменелердің бүлінгенін көруге, сол тұсты қоршап алған әскерлер жібермегенін, әлдекімдерден естулерінше, адамдар да, жүктер де апатқа ұшырағанын, жараланған адамдардың аянышты дауыстары құлақтарына да келгенін хабарлады.

Эшелон түнде жүріп кетті. Жолшыбай сондай қауып күткен олар, Сайхын станциясына аман-есен жетті.

Жолшыбайғы әсерлердің бәрін түгелдей көз алдынан осылай өткізген Сырбайдың әлі ұйқысы келе қоймады. Блиндаждың ішін жылытатын дөңгелек темір пеш сөніп, қызу тарағандықтан, бөлме суыңқырап, денесі тоңазый бастады.

Одеялдың сыртынан айқара жамылған тонын ол қымтай түсіп, екінші жамбасына аунап жатып еді, оның көзіне Алмалықтың клубында көрген бір кинокартина елестей кетті.

Мәдениетті сауық түгіл, ауылда болатын қыз-ойнақтарға да жігіт кезінің өзінде бармайтын Сырбайды, осы киноға Байжан қолқалап әрең апарған еді.

— «Соғыс, соғыс» дейсіздер,— деген еді, Байжан Сырбайға,— сол соғысты көзбен барып көріп жатқан жоқсыздар. Көру қажет. Оның немене екенін көрсеңіз ғана білесіз. Соны көруге мүмкіншілік бар. Кеше Алмалыққа кинокартина кепті. Қазіргі болып жатқан соғыс туралы. Көрушілер тамаша екен деп жүр. Соны барып көрейік.

— Жүдә, қайтем, көріп,— деген Сырбайға Байжан кенедей қадалып, ақыры зорлағандай алып барды.

Кино Сырбайға Байжандай әсер еткен жоқ. Еңалдымен бұрын «кино» дегенді атымен көрмеген Сырбайдың, тез ауысып жатқан картиналардан басы айналып, жүрегі өрекпігендей болған соң, көзін тарс жұма қойып, андасанда ғана ашты; екіншіден, араларын үзбестен көргендіктен бе, әлде, бұрқылдай атылған зеңбіректердің, сырғанай жүйткіген танктердің дыбысы естілмей, құр қыймылы ғана байқалғандықтан ба, бұл болып жатқан қыймылдар Сырбайға қауыптан гөрі, қызық сыяқтанды.

Сүйтіп, ол сол кинодан, Байжанның ойындағыдай әсер ала алмай қайтқан еді.

Соған шейін де, содан кейін де, «шын соғыстың өзі

қандай болады екен?» деген ой, Сырбайдың басынан шықпайтын, ол шын соғысты көруге ынтығатын.

Сол ынтығу, оның басынан майданды жиектеп барғанда да қалмады. Блиндажда жатып, жақағы кинода көргенін көз алдына келтірген Сырбай, «жүдә, бір көрсе, сол соғысты!» деп қойды ішінен.

Сталинград түбінде біздің армияның зор шабуылы болуға мүмкіншілік барын генералдан естіген Сырбай, соғыс туралы ойлап жатып, «сол болатыны, жүдә, тез болса екен, көріп кететін!» деп асықты.

Сөйтіп жатып Сырбай қалғып кетті.

Ол түс көрді. Түсінде соғысты емес, аулын көрді: жыйналып жүрген, жайраңдаған көп адам... Қазылған жерошқтар, сойылған малдар, асылған қазандар... Тоғайдың арасында төселген кілемдер, жайылған дастарқандар үстіне қойылған астар, жемістер, арақ-шараптар, қымыздар... Сауық боп жатыр: біреулер билейді, біреулер домбыра, сырнай, қобыз ойнайды... Сол сауықтың ішінде Дәулет те жүр... Әне, Бахытжанды көтеріп, бір топтың ортасында, бір қолтығына табан-құшақ гүл қысып, бетінде нұры ойнаған Гүлнар тұр! Оған сүйсінумен қатар, Сырбай, ішінен, бауыр басып қалған Бахытжанды қызғанады да... Міне, біреулер, «балаң аман келді, сені қайта толғаттырамыз» деп Тәрбияны аунатып жатыр... Әне, біреулер, «Сыр-екеңді неге көтеріп шайқамаймыз?» деп Сырбайдың өзіне қарай жүгірісіп, күлісіп келеді...

Осындай қызғылықты түстің арты егін оруға ауысып кетті ме... каналдың бірдемелері... майданға аттанған сапардың бірдемелері сапырылды ма,... әйтеуір, демінен еріндерін желпи, пысылдай ұйқтаған Сырбай осылай жатқанда, аспан қыйрап жерге түскендей, бірдеме сатыр-күтір бола қалды.

Шошып оянған ол, «алла, алла!» деп төсегінен атып тұрегелді.

Блиндаждың күзеті, бұл кезде, қонақтар ұйқтағаннан кейін сөндірген электр лампаларын жағып жіберген еді.

Төсектен «аллалап» атып тұрған Сырбай, алғашқы минутта есеңгіреген есін жыйнай алмай, көйлек, дамбалшаң ауыз бөлмеге жүгіріп шықты.

Шамы жанған ол бөлменің адамдары да, орындарынан үрпиісе тұрегеліскен екен. Сатыр-күтір күшейіп барады...

Есі кіре бастаған Сырбай, енді қайда барарын, кімге не дерін білмей, әрі жүрегі аузына тығылып тұрғанда:

— Сыр-еке! — деген еркек даусы сап ете қалды, ту сыртынан.

Сырбай жалт қараса, пальто-ішігін қоңылтақ киіп, өзі ұйықтаған бөлмеден шығып келе жатқан Анатолий Кондратьевич екен.

— Жүдә... жүдә...— деді Сырбай, не деуге білмей қап, «мына сатыр-күтірді сезіп тұрмысың?» дегендей жалтақтай жан-жағына қарап.

Анатолий Кондратьевич бірдеме дегелі келе жатқанда, есіктен күзетші сержант кіріп келді. Ол қазақ жігіті еді.

— Немістің шабуылы,— деді ол.

— Генерал...— деп аузын ашып келе жатқан Сырбайдың сөзін бөліп:

— Генерал-майор,— деді сержант Сырбайдың «генерал қайда?» деп сұрайтынын жобалап,— сіздер жатқаннан кейін машинамен жүріп кетті. Қорғану жиегіне кетті ғой деймін, тегі. Бүгін немістердің шабуыл жасауға тырысатынын білетін боларсыздар.

— Генерал айтып еді,— деді Анатолий Кондратьевич,— бірақ дәл бүгін деген жоқ еді.

— Қорқытпайын деген болар,— деді сержант,— немістің бүгін шабуылға кірісетіні бізге мәлім.

— Солай ма?!. Қанша жерде еді, өзі?!.— деп біреулер «келіп қала ма, кәпір» дегендей үрейленген кескін білдіріп еді:

— Саспаңыздар,— деді сержант, жымыйып,— «лақ та өлерінде тұяқ серпеді» дейді ғой. Өлерде серпкен тұяғы болар бұл. Қайда барар дейсің, ол онымен.

Айбарша бұл кезде, төргі бөлмеден Сырбайдың тонын, пимасын алып шыққан еді. Соларды денесіне сұға салған Сырбай, қорқудан ба, тонудан ба, қалшылдап:

— Атыс, жүдә, біздің үстімізден кетіп бара жатқан жоқ па, балам? — деп сұрады сержанттан.

— Жоқ, ата,— деді сержант жымыя түсіп,— бұл арадан қырық шақты километр жерде ол.

— Төбемізден шығып жатыр ғой, даусы?

— Соғысты бірінші, көруіңіз бе, ата?

— Бірінші, балам.

— Ә-ә-ә... Түсінікті. Соғыс деген қазір осылай бола-

ды, ата. Жүздеген зеңбіректер атылса, ондаған самолеттер ұшса, дыбысы осылай естіледі.

— Япырай, жүдә, сұмдық екен. Қырық шақырымнан бұлай естіледі, қасына барса қандай екен!

— Қасына бармай-ақ та, көрмей-ақ та қойыңыз, ата.

— Неге?

— Астан-кестені шығып жатқан дүниенің несі қызық.

— Жаудың бұл шабуылы ұзаққа созылар ма екен? — деген сұрағына:

— Оны командование болмаса, біз қайдан білейік,— деп жауап берді сержант,— соғыстың жалпы жағдайына қарағанда қатты болуға тиісті. Осы тұста, іштен бір, сырттан бір, екі жерден қоршалған немістердің бұл шабуылы ілгері басам дегендігінен емес, қоршауда қалған күштерін құтқарып алғысы келгендігінен. Осыдан басқа мақсат жоқ, оның бұл шабуылында.

— Жүдә, құтқарар ма екен? — деді Сырбай.

— Құтқара алмайды, ата. Бұл қақпанға түскен қасқырлардың құтылуға мұршасы жоқ. Оларды тек, тұмсыққа соғып өлтіру ғана қалды.

— Жүдә бізге де соқтырар ма еді, тұмсыққа! — деп жіберді Сырбай, қуанып кетіп...

Дүниені теңселткендей сатыр-күтір, түс ауа бәсеңдеп, даусы алыстай берді...

Не болып, не қойғанын сержант қонақтарға кешке қарай хабарлады.

— Қармен жүрген аюдың ізі сыяқты, мына бір дөңгелекті, сопақты бірдемелер жатыр ғой,— деді ол, қабырғадағы картаға бір, Сырбайға бір қарап тұрып, Сталинградтың күнгей жағындағы шұбалған, расында аюдың ізі сыяқтанған бірдемелерді саусағымен нұсқап,— осылар— көлдер. «Сарпин көлдері» деп атайды. Немістер бүгін осы көлдердің арасымен бері өтіп, Сталинград қаласында қоршауда жатқан қолдарын босатпақ болған екен. Ол талабы тасқа соғып соры қайнаса керек.

— Мүрдем неге кетпеген! — деді Сырбай.

— Асықпаңыз, ақсақал,— деді сержант,— мүрдем кетуінің алды осы болар оның, арты да қаншаға ұзар дейсіз.

— Жүдә, тез болса жарар еді,— деді Сырбай.

Генерал Сырбайды, Анатолий Кондратьевичті, Айбаршаны түнде шақырып алып:

— Баланызға жолықтым,— деді Сырбайға,— аман екен. Сіздердің келгендеріңізге аса қуанды. «Қалыңдығы-

ныз да бар» дедім,— деді генерал, Айбаршаға қарап, жымыйып,— оған болса-болмаса да қуанды ғой. Солай ма?

Айбарша ұялғандай төмен қарады.

— Дәулеттің сіздерді көргісі келеді,— деді генерал, көзін Айбаршадан Сырбайға аударып,— немісті тойтарған біздің армия, ертеңнен бастап шабуылға кірісу керек. Өздеріңізге кеше айтқан екінші қоршауды тез аяқтауымыз керек. Дәулеттің танктік полкі осы шабуылдың алдында болады. Мен сіздерді бүгін түнде жіберіп алам деп уәде қылдым. Бәріңізге баруға болмас. Егер тілесеңіздер осы үшеуіңізді қазір жіберем.

— Хұп болады! — деді қонақтар.

* * *

Машина өрлі, сайлы жолдармен зымырап келеді. Түн көрдей қараңғы. Ауа шыңылтыр аяз...

Жолшыбай ілгері ентелеп келе жатқан неше түрлі қару-құралдар артқан машиналар, салтты, жаяу адамдар... Жанап жүрмесе, ағылған бұл қару-құралдар мен бұл адамдардың арасынан бөгде жан өте алар емес... Не деген көп адам!.. Не деген көп құрал!.. Көзді тұндыратын осы қыймылға қарағанда, бір шеті Қыйыр Шығыстан бастап, бүкіл Совет Отаны жауды сырып алып кетуге жыйналып келе жатқан сыяқты... Осы тұтасқан қыймылдан, аспан да гу-гу, жер де гу-гу. Үйренбеген құлақ, бұл гу-гуге керең болатын...

Әне, әлдекайда, аспанда ұшқан қараша қаздай қатарланып, қызылды-жасылды, ақты-көкті... боялған бірдемелер, жерден тізбектеле аспанға үздіксіз көтеріліп, бас жағы имиіп барып қараңғы түнге сіңіп жатыр.

— Бұл не? — десе:

— Трассирующие пули,— деді орыс шофер.

— Не дейді? — деп сұрады Сырбай.

— «Самолеттерге жол сілтейтін оқтар» дейді,— деп аударды Айбарша.

— Сұбхан-алдай, оқпен де жол сілтейді екен-ау, жұдә? Анау, айқыш-ұйқыш боп, жер-көкті шарлап жатқан ұзын жарықтардың не екенін сұрашы!

— Прожектор ғой, ол әтке,— деді Айбарша,— аспанда ұшып жүрген жаудың самолеттерін іздейді... Егер тапса, сол маңайдағы біздің зеңбіректер көре қойып оларды атқылайды.

— Біздікін олар өйтпей ме, жүдә?

— Әрине, олар да біздің самолеттерді осылай аулайды.

— Япырмай, аспанда да аттатпайды екен-ау, бірін бірі!

— Аттатпаса, мына біздің самолеттер неге ілгері ұшып барады? — деді Айбарша,— олардың бұл самолеттерді жібермеуге әлі келмеген ғой.

— Рас-ау, жүдә. Бірақ, олардың самолеттері де бізге қарай осылай өтіп жатпағанын қайдан білеміз, біз?

— Меніңше өтпей жатыр ғой деймін, егер өтсе, біздің мына ілгері жылжыған күшті аттата ма ол?

— Әрине, аттатпайды. Күшінің келмегені де, бұл!..

Анатолий Кондратьевич бүгін де үнсіз келеді. Осы сапарға шығып, бүлінген дүниені көре бастағаннан, жауға деген кегі арта түскен ол, Сталинград маңайындағы бүліншілікті көргенде, ызадан терісіне сыймайды. Бұрын ол, жек көре тұра, жауды да адамға санаса, енді ол жауға тенейтін мақлұқ таппады: жыланға тенейін десе, ол жеке адамға ғана залал істейді; шаян, қарақұрт та сондай; жырткыш аңдай дейін десе, қарусыз бірен-саран біреуге залал істемесе, адамға маңайлай алмайды; шегіртке дейін десе ол егінді ғана отайды; адам баласына ең апат сырқат — оба, ол дейін десе, адамды қанша көп қырады дегенмен, дәл мына фашистердей қырған обаны тарих естіген емес және обаға қарсы табылған вакцина[1] бар, сол арқылы обаны таратпауға болады; егер тұқымын құртпаса, фашистер тарамай қояр дерт емес; тарай қалса, оның апаты обадан әлдеқайда артық, неге десеңіз, оба адамның өз басына ғана залал істесе, фашистер сол адамның өзі түгіл, ата-баба, зәу-заты жасап кеткен қазынаның бәрін құртады; ендеше, дүниеден фашистер құрымай, адам баласына бақыт жоқ...

Осылай ойлаған Анатолий Кондратьевич, тылдағы еңбектің де жеңіске жәрдемші екенін біле тұра:

— Сыр-еке, байқайсыз ба? — деп қойды, Сталинградтың маңайына келген күннің біреуінде,— біздің еңбегіміз де жеңіл емес, бірақ, шын ауырлық мұнда екен-ау!.. Біз, ауыр болғанмен, бүтін дүниенің арасында қызмет атқарамыз ғой, мыналар бүлінген дүниенің арасында...

— Рас.

---

[1] Жұқпалы ауруға қарсы табылған ем.

—Бұлардың қызметі өліммен араласқан қызмет. Мұнда қазір тірі отырған адам, алдағы минутта тірі болатынына сенімді емес, ал, біздің тылда ондай қауып жоқ; күшің жетсе, істей бер де, істей бер!

— Рас.

— Тылдың жұмысы да ардақты болғанмен, егер жас адам болсам қалай күштегенмен ол қызметке қалмас едім де, майданға кеп, өлсем-тірілсем де осында болар ем.

— Мен де жүдә, сөйтер ем. Бірақ несіне өкінеміз оның? Сенің қызың соғысып келді, менің ұлым соғысып жүр жаумен. Жаудан солардың кек алғаны, жүдә, біздің де кек алғанымыз емес пе?

— Ол рас қой, бірақ, сізді білмеймін, заты менің, өз қолымнан бірнеше немісті өлтірмей көңілім көншір емес.

— Арманың сол ғана болса, оның несі қыйын,— дейді Сырбай,— немістің пленге алынған бірнеше табынын күні кеше көрген жоқпыз ба, жүдә? Ішінде солдаты да, әпесері де, жанаралы да бар. Жалғыз неміс қана емес, сонымен жақтас жаудың бәрі бар деген жоқ па, бізге. Жауды өлтіргің келсе, бар да, сұра бірнешеуін, саған бермес деймісің?..

— Жо-о-о, бермейді, ақсақал. Жауды, қолында қаруы барда ғана жояды. Қаруын тастаған соң, оған заңсыз соқтыға алмайсың.

— Жауға не заң керек?!

— Еңалдымен, заңнан тысқары адам, адам емес — хайуан, екінші, жаудың да жауы бар.

— Мысалы?

— Мысалы неміс армиясын алайық. Оның ішінде шын ықласымен фашист боп жүргендер де бар, алданып жүргендер де, еріксіз жүргендер де бар. Бастапқысы тәрбиеге келмейді, соңғылары келеді.

— Өтірік пашесі кім солардың, шын пашесі кім?

— Шын фашистер — буржуйлар.

— Солай-ақ болсын дейік, сонда, осы Амырқан мен Ағылшынды да боржойлар басқарып отыр дейді ғой?

— Рас.

— Қалай сонда?! Жүдә, немісті басқарған да боржой!.. Анау екеуін басқарған да боржой. Неміс бізді социализмнің адамы деп жек көрсін де, соғыссын; анау екеуімен неге соғысады сонда?

— Арыстан, жолбарыс, аю, қасқыр, түлкі — бәрі аң ба ақсақал?

-- Ан.

— Солардың бәрі адамға қас па?

— Қас.

— Өзара дос па, олар?

— Қайдан дос болсын!..

— Бір қораға қамаса қайтер еді, олар?

— Әлі келгені әлсізін түтіп жер еді.

— Буржуйлар да сол аңдар сияқты. Олар бірін бірі түтіп жеуге тырысатын хайуандар. Америка мен Англия буржуйлары бізбен бірігіп немістермен соғысып отырса, онысы бізді дос көргендігінен емес, олардың ойы — бізбен күш біріктіріп әуелі немісті жеңіп алу да, содан кейін бізді жеңу. Олардың ойындағы сондай арамдықтарын Тыртық пен Брехунецке байланысты мәселеден естідік те ғой.

— Айтпақшы, солай екен-ау, жүдә! — деді Сырбай, ызалы дауыспен,— соған қарағанда пәленің зоры кейін жатыр ма деп қорқам!

— Не қылар дейсіз, поле боп.

— Ылайым да солай болсын!.. Айту түріне қарағанда, әлі талайға созылатын тартыс қой мынауың. Мұның бітер күні бар ма, өзі?

— Әрине, бар.

— Қашан?

— Қашан жер жүзінің буржуйы құрып, адам өз еңбегінің рахатын өзі көрген кезде.

— Тезірек болса екен, сол!..

— Болады, ақсақал.

Осыдан кейін сұрау-жауаптары таусылғандай, немесе мазасыз теңселдірген машинаның жүрісінен шаршағандай, олар тағы да тым-тырыс бола қалды.

Оларды алып келе жатқан орыс шофері, өзінен бірсу бірдеме сұрамаса үн қатпайтын, әлдекандай бір созбақ әнді мұрнынан ыңылдай отыра беретін адам екен.

Жүргізіп келе жатқан машинасын шофер жолшыбай талай сапқа жүгірітті. Жол жайы солай ма, әлде, тура тартатын жолда бөгет көп пе, оның машинасы бұлталақтап тік те, көлденең де, қырын да, орағыт да, қарғыт да, секеңдей де тартты. Сонша бұрысты жолда шофер ешкімнен де жөн сұрамай, қонақтарын нысаналы жеріне дәл әкеп түсірді.

Дәулет басқаратын танктік полк, бұл түні, немістер кеше ғана өртеп тастап кеткен бір поселкеде түнеп жатыр

еді. Дәулеттің өзі, поселкенің ортасындағы теңжарасы күйген бір үйге конған. Сол күні әкесі мен Айбаршаның келетінін естіген ол, «осындай адамдар жол сұраса маған сілтерсің» деп, туысқандары келетін жаққа қойылған қарауылға тапсырған.

Қарауыл қосқан солдат қонақтарды Дәулеттің пәтеріне алып келгенде, мезгіл таңға жақындап қалған кез еді. Күндізгі қауырт жұмыстан шаршап, бірнеше күннің шала ұйқысы көзіне тығылғанмен, бойы ауыр тартып, іщірде қалғып бастағанмен, бүгінгі кездесетін жақындары есіне түскенде, Дәулеттің ұйқысы шайдай ашылып, төсегінде тыйшып жата алмаған. Осы халін ол, ауыз бөлмеде жатқан Масақбайға айтып, ол да ұйқтай алатын емеспін деген соң мезгіл өткізу мақсатымен екеуі дойбы ойнауға отырған.

Масақбай дойбыға ұтқыр еді. Талай ойыншымен кездесе жүре, оның мүдірген күні жоқ-ты. Дәулетпен серік болғаннан бері, егер зауқы соға қалса, онымен де ойнап, бірақ, оның өзінен төмен ойыншы екенін көрген соң, көбінесе ұтып, ара-тұра ұтылған боп ермек қылатын.

Мына жолы да ол сөйтті. Дәулет шебер ойнай білмегенмен, бір ойнаса жалықпай ұзақ ойнайтын адам еді. Сол дағдысымен ол, дәмелендіре түсіп ұта берген Масақбаймен ерегісем деп отырып, уақыттың қалай өткенін білмей қалды.

Дойбыға берілген оның ойын, қақпа алдына келе берген машинаның даусы бөлді.

— Келді! — деп ол атып тұрды да, ыстық бөлмеде шешіп отырған кителін де киместен, етікшең, шалбаршаң ғана қалпымен тысқа жүгіре шыққанда, машина қақпасы ашық, төбесі жабық қораға кіріп кетті. Дәулет те ілесе кіргенде қақпа жабылды. Сағынысқан адамдар бірін бірі көрсін деген ниетпен, шофер машинаның фарын жақты.

Дәулет машинаға қарай жүгіргенде, төрт-бес адам, фардың алдына шыға берді, әкесі солардың қайсысы екенін Дәулет кескінінен емес, өзіне таныс тұлғасы мен тонынан таныды.

— Әке! — деп құшақ жая ұмтылған Дәулетке:

— Тоқта! — деді оған да Сырбай, қолын көтеріп.

Дәулет кілт тоқтай қалды.

— Мына кісіні таныдың ба? — деп сұрады Сырбай баласынан.

— Анатолий Кондратьевич!..

— Әуелі соған амандас!..

— О, жандай қымбат досымның әкесі! — деп, Дәулет құшағына кеп кіргенде, Анатолий Кондратьевичтің көзінен жас ыршып кетті де, бауырына қатты қысты...

Үйден Дәулеттің ізін шала, оның кителін қолына ұстай жүгіре шыққан Масақбай, Дәулет Анатолий Кондратьевичпен құшақтасқан кезде Сырбайға бетпе-бет келіп қалды да, кительді қарына іліп, «ассалаумаликем!» деп қолын ұсынды.

— Тоқта! — деді оған да Сырбай, қолын көтеріп.

Ол да тоқтай қалды.

— Адал қолың ба, бұл ұсынған, арам қолың ба?

— Майданның қанымен жуып тазартқан қолым.

— Ендеше, кел шырағым! — деп Сырбай оны бауырына басты да, екі бетінен кезек сүйді. Содан кейін, босата беріп,— менің бір төгілсем шын төгілстінімді жүдә, білесің өзің,— деді,— шын төгілдім, шырағым! Сен де менің ұлымсың!

Осы кезде Анатолий Кондратьевичтің құшағынан босанған Дәулет:

— Мынаны киінізші! — деп кителін көлденеңдете берген Масақбайдың қолын қағып жіберді де, Сырбайға құшақ жая тағы да «әке» деп ұмтылды.

— Тоқта! — деді Сырбай оған.

Дәулет тоқтамап еді:

— Тоқта дедім гой, мен саған! — деді Сырбай бұйырған дауыспен Дәулет тоқтай қалғанда.

— Салқын тиеді деймін, сізге! — деп Масақбай кительді тағы тоса беріп еді:

— Қоя тұршы, әрі! — деді Дәулет, бұл жолы қолын қақпай, тек кейіген ғана дауыспен.

Масақбай оның сөзіне қарамай еріксіз кигізе бергенде:

— Анау кісіні, жүдә, көріп тұрсың ба? — деді Сырбай ұлына, оны көргенде көз жасына ие бола алмағанмен, денесіне ие боп, күйеуіне жармаса кетуге, Шығыс әйелінің салтымен қайнатасынан ұялып шегіншектеп, фардың қасында тұрған Айбаршаны нұсқап.

Дәулет Айбаршаны мана көріп, мана таныған еді де, ол да Шығыс жігітінің салтымен, үлкен адамдардың алдында қалыңдығын бассалып құшақтауға ұялған еді.

Сөйткенін жобалай тұра, Айбарша сағынып келген жарын қайнатасынан да, Анатолий Кондратьевичтен де

қызғанғандай боп, денесі кең дүниеге сыя алмағандай, өкпе, жүрегі кең кеудесіне сыймай алқына әрең дем алып тұрды.

Айбаршаның сондай халде екенін сұрамай-ақ, айтпай-ақ ұққан Дәулет, осындай бір жағдайда ретсіз қолдана қоятын Шығыстың салтын да, сол салтты қолданған өзін де іштей сөккенмен, бөгеп өсірген дағдыны бұза алмаған еді.

Әкесі «анау кісіні көріп тұрсың ба?» дегенде, Айбаршаға жалт қараған Дәулет, фардың жарығынан оның кескінін анық көрді: таныс, сүйкімді, ыстық кескін!.. Суық ауадан ба, қуаныштан ба, бетінде жалындай құлпырып қаны ойнап тұр!..

Алдымен құшақтай алмағанына өкпелегендіктен бе, әлде расы солай ма, Дәулет Айбаршаға бұрынғыдан көп өзгерген, катте бөтен біреу сыяқтанғандай боп кетті: бойы да бұрынғысынан биіктеген, жауырны да бұрынғысынан жалпайған сыяқты, беті де бұрынғысынан кеңіген, бұрынғы сүйкімді кескіні қазір суытқан сыяқты; қабағы қалыңдай, қасы қоюлана түскен сыяқты; бұрынғы жаңа түбіттене бастаған мұрты, қазір қарайып қапты.

«Анау кісіні көріп тұрсың ба?» — дегенде Айбаршаға жалт қараған баласына:

— Енді соған көріс! — деді Сырбай,— өтірік көріспе, шын көріс!

— А! — деді, тоңазудан ба, жанының толқынданудынан ба, даусы дірілдеген Дәулет,— жаны қылкөпірдің үстінде жүрген адамда өтірік болмайды!.. Адал көңілім!..

— Менің де! — деді көз жасы төгіліп кеткен Айбарша.

Он үшінші тарау

ҚУАНЫШ ПЕН ҚОРҚЫНЫШ

Қонақтарға арнап іңірде пісіріп, суытып бетін жауып қойған асты Масақбай шойын пешке қыздырмақ болып еді:

— Аға, мен істейін ол жұмысты! — деп Айбарша түрегелді.

— Жоқ, шырағым,— деді Масақбай, қолын ұсынған Айбаршаға, ішінде суып тұрған сорпа мен ет бар кастрюльді бере қоймай,— ауыл емес, майдан бұл. Мұның

өз тәртібі бар. Дәулет менің начальнигім, мен оның адъютантымын. Адъютантқа мұндай қызметті атқару ұят емес. Әрі, сен алыстан келген қонақсың. Отыра бер, өзім даярлаймын.

— Жоқ, аға, болмайды, ол,— деді Айбарша.— Бұл ара майдан жері болғанмен, дәл осы бөлменің ішінде майдан жоқ. Бұл бөлмеде бір семьяның адамдарындай достар бас қосып отырмыз. Қіші кісі ұлкендерге қызмет атқару — еліміздің салты. Араларыңыздағы кішілеріңіз менмін, және менің атым әйел. Соғыстың іргесінде отырғанмен, алыста, тылда отырған ауылды да еске түсірейік: мен сіздерге әдемі бір бесбармақ жасап, жеңгей өз еңбегімен тауып, сізге сәлемдемеге беріп жіберген күрішінен жақсылап бір палау басып берейін, отырыңыз сіз!

Сен! сөзден жүдә тосты, Айым,— деді Сырбай Масақбайға, - енді отыр.

Масақбайдан алған кастрюльдің ішін Айбарша ожаумен бұлғап қараса, бетінде майы тобарсыған салқын сорпаның ішінде қойдың семіз еті, шынақпен бунаған мүшелері қалқып жүр екен.

— Тамаша бесбармақ болды, бұл,— деді Айбарша, кастрюльді қызып тұрған шойын пештің үстіне қойып.

— Сіздерге арналып бүгін сойылған қой, бұл,— деді Масақбай.— Пісіріп суытып қойған басы да бар,— деп, Масақбай шкафтан тарелкаға салынған басты алып берді.

— Әй, балалар, осындай от аузында қой сойып! — деді Сырбай.

— «От аузы» дегенмен, майданның да өзінше бейбіт өмірі бар, Сыр-еке,— деді Масақбай.— Мұнда да ойын-күлкілер, осындай қонағасылар, ерулiктер болып жатады.

Қойдың басын асылған кастрюліне жеке сап пештің үстіне қойған Масақбайдан:

— Күлшетайлық[1] ұн бар ма еді, аға? — деп сұрады Айбарша.

— Ол илеулі, ысулы тұр,— деп Масақбай босағадағы столдың үстіне жайылған күлшетайды Айбаршаға көрсетіп еді, ұстап көрген Айбарша:

— Жоқ, аға, бұл болмайды, қамырдай былжырап тұрған күлшетай бола ма екен. Бұлғарыдай сықырлап тұру керек қой, ол,— деді.

---

[1] Етке салатын қамырды қызылордалықтар «күлшетай» дейді.

— Ол үшін не керек? — деп сұрады Масақбай.

— Тұқым қосып па едіңіз, ұнды илегенде?

— Жоқ.

— Тұқымсыз илеген күлшетай — күлшетай бола ма? Сорпаға салған соң бытқырап езіліп кетпей ме, ол?

— Мен, қайдам!..— деді Масақбай ыңғайсызданып, желкесін қасып.

— Кешіріңіз, аға! — деді Айбарша күліп,— ас пісіруге келгенде, еркек қайдан әйел бола алсын. Әйелдің Хауа-анадан бері машық[1] болған кәсібі емес пе, ас пісіру?

— Рас,— деді Масақбай.

— Даяр тұқым бар ма еді?

— Бар,— деп, Масақбай шкафтан бір тарелка толы шикі жұмыртқа әперді.

— Бір күлшетайлық ұнды суға қосып илеуге мұның үшеуі жетеді, одан артық болса а...

«Амлет боп кетеді!» деген сөзді айтқысы келген Айбаршаның, «а» әрпіне тоқтай қалған себебі, қазақы күлакка жаттау естілетіні «амлет»[2] деген сөзді қазақы қайнатасының алдында айтуға ыңғайсызданды. Бірақ «а» дей беріп кідіргеніне де ыңғайсызданған ол, үйдегілердің ойын басқаға бұрғысы кеп:

— Бияз, бұрыш, сәбіз бар ма еді, аға? — деп сұрады Масақбайдан.

— Бар,— деп Масақбай шкафтан оларды да әперді.

— Енді ғажап бесбармақ жасаймыз,— деді Айбарша,— мен күлшетай илейін, аға, сіз бияз бен сәбізді тураң, кесеге салыңыз да, сорпа құйып, ішіне бұрыш және тұз сап пешке қойыңыз, дәмі шығып қайнай берсін.

— Оған жүйрікпін,— деп Масақбай іске кірісті.

Масақбай мен Айбаршаның сөздерін жымыя тыңдап, араласпай отырған өзгелерінен сөзді Сырбай бұрып бастап:

— Анатөл, сен Дәулетпен кеңесе тұр,— деді Анатолий Кондратьевичке,— мен какентозбен пештің күлін алсам да балаларға жәрдемдесейін.

Дәулет Анатолий Кондратьевичке соғыстың әлде не бір қызық кеңестерін айтып кетті...

Алюминийден жасалған тегеннің ішіне әуелі сарғылттау түсті күлшетайы салынып, оның үстіне жапырақтала

---

[1] Әдеттенген, дағдыланған, шеберленген.

[2] Жұмыртқадан жасайтын тамақ.

туралған қойдың семіз еті салынып, оның үстіне жағынан айрылып құлақтары қалқыйған бас қойылып, оның үстіне бұрыш пен бияздың иісі аңқыған татымды тұздық құйып қонақтардың алдына әкелген бесбармақ аса дәмді боп шықты.

Кейінгі кезде дәрігерлер етті аз жеуге қосқанмен, Анатолий Кондратьевич те:

— Орыстың ұлы өзені — Волганың суына піскен ет қой, бұл! — деп, алақанын толтыра бесбармақты бірталай асап алды.

Бесбармақты өзгеден Сырбай көп жеді және:

— Дәулет-жан, құдайға жүдә илансаң, сен үйден соғысқа аттанғалы, ықласым түсіп жеп отырған тамағым осы! — деп отырып, бесбармақты кең алақанын толтыра, терісі жыйырылған ұртын кере дембіл-дембіл асады.

Ет желініп, сорпа ішілгеннен, нойын шөгенге басқан палау да пісіп үлгерген еді. Бесбармаққа тойған өзгелері, палауды таңертең қыздырып жемек боп шөгенді пештен алдырып қойғанда:

— Қәне, біздің өрке, жалқау қатынның өсірген күрішінің дәмі қандай екен! — деген қалжыңды сылтау қып Масақбай шөгеннен бір ожау іліп ап, тата бере теріс қарап жылап жіберді.

— Оның не?! — деп уатқан Сырбайға:

— Жай, әншейін,— деді жасқа булыққан Масақбай өзіне әрең ие боп,— балалар еске түсіп...

— Сізге мың мәртәбә алғыс, Сыр-еке,— деді Масақбай бойын жыйнағаннан кейін,— менің үйішіме өткерген жақсылығыңызды өле-өлгенше ұмытпаспын, өзім түгіл балаларыма да «қарыздарсыңдар» дегенді ұқтырармын.

— Борышы жоқ,— деді Сырбай,— ағайын боп барды ауыса берерміз, тек өзің аман кел, байғұс!

— Дәулет те!

— Әмин! — деп Сырбай екі алақанымен бетін сыйпады.

Астан кейін Анатолий Кондратьевич қалғып бастады.

— Сіз жатыңыз! — деп Масақбай оны төрдегі бөлмеге орналастырды. Содан кейін қалжыңды кескінмен Сырбайға:

— Сіз де тынықпайсыз ба? — деп ана бөлмені нұсқады.

— Сен ше! — деді, Масақбайдың қалжыңына түсінбеген Сырбай.

— Маған қалада орын көп,— деді Масақбай жымыя түсіп,— мен де тынығайын, сіз де тыныңыз, жастар да тыныксын.

— Я, жүдә рас,— деді Сырбай, Масақбайдың қалжыңына енді ғана түсініп, екі жасты оңаша қалдырғысы кеп,— мені де апарсайшы бір тыйышты жерге!..

— Қәне, жүріңіз онда! — деп Масақбай қозғала беріп еді:

— Болды енді! — деді Дәулет, ұпатпаған кескінмен.— Орынсыз қылжақ не керек. Ұйқысы келген кісі жоқ, кеңесіп отырайық. Айым, сен шай қыздыр, әкем сусаған шығар.

— Рас, сусадым,— деді Сырбай,— отыра тұрғысы кеп.

Шай даярланғанша ауыл жайын сұраған Масақбай, бүйірлі қалайы шәйнекке қайнатқан шай столдың үстіне кеп ішіле бастағанда да сұрайын деп еді:

— Сен, тоқташы, жүдә! — деп Сырбай оны бөгеді де,— манадан айттым ғой ел жайын, тағы да айтармын, сендерден бір кеңес сұрағым кеп отыр,— деді.

— Сұраңыз,— деді Масақбай.

— Сырт хабардан нанарымды да, нанбасымды да білмей жүрген бір кеңесім жүдә расқа айналып отыр. Ол, мына Дәукен екеуіңнің достығың. Тілім тимесін, тіфә, тіфә!. Қандай жақын дос болғансыңдар екеуің?!, Қылықтарың қандай жарасымды, жүдә!.. Сөздерің қандай жарасымды, жүдә!.. Тәңірім, осы ойын, күлкілеріңнен жүдә айыра көрмесін!..

— Әмин! — деді Масақбай, шын ықласымен.

— Сен ғой, Масақбай, елден мына Айбарша екеуімізге өкпелі кеттің?

— Рас.

— Жеңіл емес, қатты?

— Рас.

— Бізге қатты өкпелеген соң, Дәукенді де жақсы көре қойған жоқсың?

— Жоқ, көрдім.

— Ал, енді, сол Дәукенді, жүдә, қалай жақсы көрдің?

Масақбай рұқсат сұранғандай Дәулетке қарап еді:

— Айт! — деді Дәулет,— жасырмай айт!..

— Неден бастасам екен? — деп Масақбай желкесін қасып еді:

— Басынан,— деді Айбарша,— ең алғаш қалай жолыққаннан бастаңыз.

— Жақсы. Ауылдан кеткен күйімді айтпай-ақ қояйын. Айттым ғой әлгінде, хатымда да жаздым ғой. ауылдан сіздерге дұшпан болып кеттім. Сонда өз айыбымды білмегем жоқ. Жақсы білдім. Біле тұра дұшпандастым. «Кек» деген құрғыр, бір пәле екен. Қатеме қаншама мойындайын десем де, кек мойындатпады. Несіне жасырайын, осы отырған үшеуіңізді немістен кем жау көргем жоқ...

— Астапыралда! — деді Сырбай шошынған түспен.

Айбаршаның да өңі құбылып, Масақбайға төне түсті. Дәулет жымыйды.

— Сонымен,— деді Масақбай Сырбайға қарап,— сол кек менің бойымнан қашан шықты деп ойлайсыз?

— Қайда-а-ан білейін, жүдә!..

— Тыртықтың ұсталғанын, жаза кесілгенін естігеннен кейін.

— Ие, ол жаны зәндемге кеткір, сөйтті.

— Зәндемнің ішіне ғана емес, түбіне кеткір доңыз,— деді Масақбай,— доспын деп жүріп, сөйтіпті ғой.

— «Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам»— дегендей, ақыры басына жетіп ашылды ғой.

— Әділ жаза. Сол жазаны естігеннен кейін ғана айнып, соған қосылып сіздерге істеген қиянатымнан өзім ұялдым. Сол ұяттан қалай арылуды білмей састым.

— Бір ақын айтқан екен,— деді Сырбай:

«Не асыл заттың бәрі жерден шығар,
Меруерт, маржан тастар көлден шығар.
Жастықта қанша күнә істесе де,
Қорқып тәубә қылатын ерден шығар» —

деп. Сол айтқандай, сен осындай ер жігіт екенсің ғой, шырағым!..

— Қайдағы ерлік?

— Ерлік те, адамдық та,— деді Айбарша,— сіз үлкен адам екенсіз ғой, ага!..

— Көзіне мақтамас болар,— деді Дәулет.

— Неге? — деді Сырбай,— жүдә, болады. Айтпады ма бұрынғылар: «Жақсының жақсылығын айт — нұры тассын, жаманның жамандығын айт — құты қашсын» деп. Жақсының жақсылығын неге айтпаска, жүдә?..

— Сөз менікі,— деді, мақтағанға ынғайсызданған Масақбай Сырбайды бөгеп.

— Сөйле, шырағым,— деді Сырбай,— әуелі, сен, менің бір сұрауыма жауап берші!

— Сұраңыз.

— Соғыска аттанғанға шейін, сен, жерде жеті қорқақтың бірі едің, жалғыз болса — өзі едің. Соғыстағы қайратыңды естісем, қас батырдың өзі сен екенсің. Соған лайық, кеудеңе дыңдай үш орден, төрт медаль тағыпсың. Жүдә, сүйсінем.

— Мен де! — деді Айбарша.

Сөзін бөлгенін ұнатпағандай, Сырбай Айбаршаға қарап қойды да:

— Ал, енді, қалайша ерленгеніңді айтшы! — деді Масақбайға.

— Майданға мен Қалуга қаласының тұсында ендім,— деді Масақбай,— қызметім қатардағы солдаттық болды. Сол күні менің қасымда болсаңыз, қорыққанымды көрсеңіз, Сыр-еке!..

Бұл сөзді ықласымен айтқан Масақбайдың өңі, дәл сол қорыққан сәттегідей болған соң, Айбарша мырс ете қалды.

— Көрмеген кісіге, әрине күлкі,— деді Масақбай, Айбаршаға қарап қойып,— көрген кісіге күлкі емес. Сіздерге өтірік, маған шын: алғашқы атысты естігенде, оқ атаулы мені нысанаға алып келе жатқандай, жанды қояр-ға жер таба алмадым.

— Ой-хай-ай,— деп қойды Сырбай, Масақбайды аяғандай.

— Сонымен кірдік соғысқа. Сол күні бір кішірек қаланы алдық. Бұғып қалуға, не қашып кетуге болмайтынын көрген соң, жан ұшырғандай ілгері жүгіре бердім, ата бердім... Оғым тиді ме, жауға тимеді ме, білмедім. Қанды тұманға киліккен сияқтандым, көзім түк көрмеді.

— Қайдан көрсін! — деді Сырбай.

— Соғыстың бір «тіл» дегені болады. Онысы — жаудан тірі адам ұстап әкелу.

— Естігем.

— Командіріміз бір күні мені «тіл» әкелуге жұмсады. Қасыма тоғыз кісі қосты. «Тоғыздың командирі сенсің — деді ол маған,— міндетің тірі немісті әкелу. Әкеле алмасаң...» Командир аржағын айтпады. «Түсінікті, командир жолдас,— дедім,— айтқаныңыз орындалады».

— Болды қызық! — деді Сырбай,— не, ал?

— Жөнелдік. Командирге аузым ерленгенмен, былай шыға, жүрегім аузыма тығылып қорқып барам. Буындарым дір-дір етеді...

Манадан өзін зорлап ұстап отырған Айбарша, күлкіге енді шыдай алмайтын болған соң, аузын алақанымен қатты басты да, Дәулетке көзімен «Тысқа шығайық» дегендей ымдады. Сырбай алая қарағанша екеуі шығып кетті.

— Айта бер,— деді Сырбай, кідірген Масақбайға,

— Айлы түн еді. Жарығы күндізгідей. Жер мөлшері белгілі. Мерзімді жерге шейін тік келдік те, одан әрі еңбектедік. Үстімізде ақ шапан. Бетке ұстағанымыз — бергі сайдағы ағаш өскен дөң. Дөңнің үсті де, арғы беті де жалаңаш екен.

— Қап!..

— Жау дөңнің арғы астында бекініпте.

— О, қан жауғыр!..

— Дөңнің қыр арқасына бауырлай сырғанап шықсақ, қарайып, жаудың бекініс жер-кепелері көрінеді, маңында ербеңдеп қарауыл жүр!..

— Тілеуі құрғыр-ай!..

— Бізді мезгеп, кепедегілерге хабар айта кетті ме, әлде тоңып жылынғысы келді ме, немесе бұғып бізбен атыспақ болды ма, қарауыл жоғала қалды.

— Қараң өшкірдің қылығын!..

— Онымыз он жерде бытырай жылжып келе жатырмыз. «Ал, қыймылдаймыз,— дегенді айттым жігіттеріме,— қамаймыз, шеткі кепені! Не өлеміз, не «тіл» аламыз!».

— Өйтпеске амалдарың нешік!.. Ал?..

— Ілгері сырғанай жөнелдік. Жаудың беті қайтпаған кезі де, жеңіп келе жатқан жау басынғыш болады екен...

— Енді қайтуші еді...

— Біз беттеп келе жатқан кепеден сырнай даусы шығады... Шуласып өлең айтқан мастардың даусы естіледі... Сол қылықтарына намыстанып кеттім бе, немене, еңкеңдей жүгірдім кеп!...

— Ә, құдай-ай, жөн бере гөр! — деді Сырбай.

— Алдымнан ор кездесті...

— Бәрекелді!..

— Жау қазған ор екен, майдан тілінде оны «траншея» дейді, көрші кепелер қатнасып тұру үшін... Соған түсе қалдым.

— Я, Сәт!..

— Серіктерім де түсе қалды. Ор терең екен. Кеудеден келеді.

— Көмілгірлер, көрінбеуге әдейі қазған ғой.

— Орға түскен соң, ептеп нысаналы кепенің алдына келдім.

— Я, сәт!.. Я, сәт!..

— Мені күзетшісі көре қалды.

— Ойпырай!..

— Атуға келтірмей алқымынан ала кеттім. Алдым да соқтым. Дыбысын шығаруға келтірмей, кеңірдегін мытый бердім, мытый бердім...

— Өлтірсең еді, итті!

— «Тіл» деген кімнің есіне кепті ол арада Қасқыр сүйреген өлімтіктей орға сүйреп алып кеп ем, «тіл» қайда, «тіл?»— деді келіп үлгірген бірер серігім. «Тіл» керегі сонда ғана есіме түсіп, аузын бір алақаныммен басып, кеңірдегінен қол алсам, итің қыймылдамайды! Қозғап көрсек құдайына қоштасыпты.

— Өліп қап па?!.

— Өлмепті. Тек, жаны ғана кеудесінен ұшып кетіпті! — деді Масақбай күліп.

— Барсын!.. Ал, сосын?..

— Ақылдастық та, «тілге» кепеде сайран құрып жатқандарды алмақ болдық.

— Қыймылдау керек қой, енді!

— Әрине. Кепеге екі жігітпен мен кірмек болдым, өзгелері кепені қоршап тұрмақ болды.

— Неге аз кірдіңдер?

— Көп кісі біріне-бірі бөгет болуы мүмкін. Және, өле қалсақ, азымыз өлу керек қой.

— О да жөн екен.

— Гранатты қолға ұстай кіріп келсек, кепенің іші арпалыс!.. Екі әйелмен екі еркек алысып жүр!.. Біз, орыстың екпінді сөзі «стой!»-ды ақыра айтып қалғанда, қалай тез көндіккенін білмеймін, әйелдермен алысып жүрген екі неміс жалт қарады да, көздері шарасынан шығып, қолдарын көтерісе қойды.

— Әб-бәлем!..

— Сол кезде, әйелдің біреуі, немістің біреуінің белбеуінде салбаңдаған қанжарды суырып ап, бүйірден есіп кеп жіберді.

— Өл де бар!..

— Екіншісін де жарар еді, жардырмадық.

— Неге?

— «Тіл» қайда, ақсақал-ау?..

— Ия, сол құрғыры бар екен ғой, жүде!..

— Қысқасы қарны жарылған немісті, мылтық даусын шығармай бауыздадық та, екіншісін тірі алып шығып, командирлерімізге әкеп тапсырдық.

— Әй, жігіт! — деді Сырбай, манадан тыйышсызданып отырған жаны жай тауып,— әйелдер кім екен?

— Қолға түскен партизанкалар екен.

— Алда бишаралар-ай.

— Тағы бір кеңес,— деді Масақбай.

— Айт, айт!

— Бізге станцияның бойында азық тиелген эшелонды күзетуге тура келді. Мезгіл түн. Жапалақтап қар жауып тұр. Күндізгі қатты атыс қазір тым-тырыс тынған. «Бұ несі?!»— деп ойлап қоям,— жау қайда! Біздікі қайда?» Ерсілі-қарсылы жүрем. Суықтан ба, қорқыныштан ба, денем қалтырайды. Аяқ астынан жау күтем...

— Енді калай!..

— Бір кезде, үстімнен тау құлаған екен десем, албастыдай бірдеме арқамнан артыла кетіп, жерге алды да соқты!

— Япырай, не пәле еді!..

— Жан-дәрменде көтере түрегелдім.

— Я, аруақ!..

— Сыр-еке, мен елде күрестім де ғой?

— Жақсы күресетін едің ғой.

— Арқалап соғатыным болатын еді ғой?

— Болатын...

— Сол ынғайыма келіп қап, жармаса түрегелгенді, ығымнан асыра кеп соқтым.

— Адам ба екен?

— Аған дейсің бе енді? Адам! Бірақ, кіші-гірім ағаштай сорайған бірдеме! Ұзындығы мендей екі бар десем болар.

— Неміс пе екен?

— Әрине. Таяй кеттім. Қарулы неме екен. Көтеріп барады. Не істеу керек?

— Бәсе, десейші!

— «Молдау неме екен»,— деген ой кеп кетті маған,— «енді тұрса бой бермес бұл!» Тұрғызбауға амал не?

— Соны айтам-ау!

— Кеңірдегіне көзім түсіп кетті. Жарты кез бар десем өтірікші болмаспын мойнын.

— Алған шығарсың алқымынан,

— Алғызбады. Қолы қатты екен. Екі қолымды босатпады.

— Енді қайттың?

— Жұтқыншағы жұмырықтай екен, соның түбінен қапсыра тістедім кеп.

— Япырай, мынауың керемет екен!

— Айрылмадым да тұншықтырдым!

— Ой айналайын, сенен! — деп Сырбай Масақбайды бассап құшақтады да сүйді.

Сол кезде Дәулет пен Айбарша кіріп келді.

— Бәрекелді! — деді Дәулет.

Сырбай құшағын жазғанда:

— Шалды немен риза қылып ең? — деп сұрады Дәулет Масақбайдан.

— Немісті қалай шайнап өлтіргенімді...

— Ол тамаша ерлік,— деді Дәулет әкесіне,— ол үшін Масақбайды мен де сүйгем.

— Қарағым-ай,— деді Сырбай Масақбайға,— бір сөзіннен бір сөзің құлаққа артық жағып барады ғой. Тағы да? Ендігі естігім келіп отырғаны — Дәукен екеуіңнің алғаш қалай жолыққаның? Содан кейін, жүдә, қалай сеніскенің?

Масақбай Дәулетке қарап еді:

— Айт,— деді ол,— бірақ қысқарта айт!

Масақбай сөйлей бастады.

— Бір уақытта,— деді ол,— тапсырылған бір қызметті атқарам деп жүріп, мен өзіміздің бөлімшеден адасып қалдым. Ымырт жабылып кетті. Біздің жақтың шегініп келе жатқан кезі еді, ол.

— Ылғый, жүдә, бір, сондай жағдайға тұс бола береді екенсің! — деді Сырбай.

— Соғыс қой, Сыр-еке. Оның қыйындықсыз күні бар ма?

— Рас болар.

— Сонымен, жалғыз келемін. Қарлы жаңбыр төпеп тұр. Жер батпақ. Келе жатқаным немістің іші ме, өз тылымыз ба, білмеймін. Қысқартып айтайын, сөйтіп, әбден қалжырап келе жатқанымда, кішірек поселкеге кездестім. Шеткі үйдің біріне кіріп жөн сұрасам, біздің армия шегініп кетіпті. «Енді қайтем» деп ойладым. Бұл үйде жата қалуға қорықтым. Үй иесі жат деп жік-жапар болып еді, рахмет айтып жүріп кеттім... Көшемен келе жатсам өзіміздің бір солдат жолықты.

— Бәрекелді!..

— Тағы біреуі жолықты.

— Жүдә жақсы болды ғой.

— Үшеу болдық. Бәріміз де калжыраппыз. Ақылдастық та, поселкенің өзіміз жақ шетіндегі бір үйге қонбақ болдық.

— Жүдә, дұрыс істегенсіңдер. Қалжырап қайда барасыңдар?

— Бір үй қондырды. Уәде — екі кісі күзетте тұрып, біріміз ұйқтау болды. Мен екінші болып ұйқтадым. Мен ұйқышыл едім ғой, Сыр-еке?

— Солайсың да.

— Соғыс ашады екен, ұйқыны. Елде бір күн ұйқым қанбаса, екінші күні басым ауыратын еді, қашан қандырғанша жазылмайтын еді. Ұйқым қануға, ең аз дегенде сегіз сағат керек еді, майданда оның бәрі ұмытылды. Қалғып кеттің болды, тыңайып сала бересің.

— «Түсі қашып түн жортқан» деген осы да!

— Кезегіме оятқанда, ұйқым қанып, бойым сергіп қапты. Киініп тысқа шықтым да, менен бұрын ұйқтаған серігіме қосылып күзетке тұрдым. Қонғанымыз қауыпты жер. Айнала орман. Жау тақалып келгенше сезілер емес. Қар төпеп тұр.

— Қандай қыйын! — деді Лйбарша.

— Қақпа алдында тұрмыз. Күн желкем. Қауыпты адамға желді күн қандай үрей...

— Рас,— деді Сырбай.

— Бір кезде сазды шылпылдата басқан аттың аяғының дыбысы естілді. Бойым шымыр ете қалды. Серігімнің де сескенгені сезіліп тұр. Дегенмен, бойымды жыйнадым да, қасымдағы жолдасыма: «Шыдаймыз ғой?» дедім. «Енді қайтеміз» деді ол. Тығылып тұрмыз. Құлағымыз ат аяғының шылпылында. Дыбыс жақындады. Салт адам. Ыңырсып өлеңдетіп келеді екен, тыңдасақ қазақ даусы естіледі.

— Не дейді?!.

— Сол мен едім,— деді сөзді қысқартқысы келген Дәулет.

— Не дейсің балам-ау?

— Рас. Мен де адасып келе жатыр ем,— деді Дәулет.

— Аяның не ендеше?

— Шапқанда не болады. Соғыста шауып құтыла алмайсың. Айта бер, Масақбай, бірақ қысқа айт.

— Сонымен, қысқасы, салттының өз кісіміз екенін білген соң дыбыс беріп тоқтаттық, осы Дәулет екен. Таный кеттім. Бұ да шаршап келеді екен. Қон дедім. Қонайын деді. Арғы жағын сөйлескен жоқпыз.

— Неге?

— Майданның шаршаған адамына сөздің керегі жоқ, Сыр-еке. Дәулетті үйге кіргіздім де жатқыздым.

— Мен жата сала қор сте түстім,— деді Дәулет,— енді қысқарт Масақбай.

— Қасқартсам... Күзетіп тұрмын. Баяғы бойымнан арылған кегі құрғыр келе қап, айнала торып жүр. «Қыймылдар жерің осы!» дейді кек, «ал өшінді, Дәулеттен» дейді. Сөйтіп кектің тілін аларымды да, алмасымды да білмей тұрғанда, «жау!» деді серігім. «Қане?» «Әне!» деген жаққа қарасам, көшеге қаптап кіріп келе жатқан көп немістің даусы естіледі. Кек маған сонда: «Дәулетті таста да қаш!» деп сыбырлай қойды.

— Астапыралда! — деді Сырбай үрейленіп.

— Қасымдағыға қарасам қашып барады. «Тоқта!» деп сыбырлағанымша ол тоқыма шарбақтан қарғып кетті.

— Мен де сырғый бердім. Сонда антым есіме түсті. армияға алынған адам, «отанға адал болам» деп ант береді ғой, сол ант.

«Офицерді жауға тастап қалай кетем?» деген ой түсті маған, антымды еске алғанда. «Тастамағанда амал нешік, немістер көп, мен жалғыз!»

— Япырай!! — деді Сырбай,— қысылтаяңын-ай!

— Тез, тез! — деді Дәулет.

— Киліге қалдың-ау, шырағыма-ай! — деді Сырбай Дәулетке,— тоқтай тұршы жанарлатпай. Иә, сонымен?

— Үйге кіріп оятайын десем, немістің қоршауында қалатынбыз. Ойыма келді: «Немістерді атқылайын, мылтық даусынан үйдегілер оянар, аяқ астынан атылған мылтықтан жау сескенер» деп.

— Онша әдіскойлық емес, онысы,— деді Дәулет.

— Әдіской болса не істер еді? — деді Сырбай, Дәулеттің сөзді бөлгенін тағы ұнатпай.

— Үйге кірер де, бізді оятып шығар еді.

— Немістер қамап алса қайтетін едіңдер?

— Атысар едік, берілмес едік. Не құтылар, не өлер едік.

— Масақбайым, сен сөйле! — деді Сырбай.

— Әркім ақылы жеткенін істейді ғой,— деді Масақ-

бай,— мен өз ойыма келгенді істедім. Немістер рас сасып қалды білем, автомат даусын естіген соң бытырай қашып, атысқа тасаланып кірісті.

— Сонда біз де оянып,— деді Дәулет,— тысқа жүгіріп шыға келдік. «Жау қамады» деді Масақбай. «Атым қайда?» деппін.

— Сасқаның ба?

— Қыймағаным. Талай тар күнде серік болған ат еді.

— Балалығың-ай! — деді Сырбай кейіп,— сонан?..

— Жау қоршап алатын болған соң, «мен бөгейін, бір жағын», дедім Масақбайға, «сен қаш, анау орманға» дедім.

— «Сен қаш!» дейді маған! — деді Масақбай.—«Жоқ болмайды ол» дедім, «сіз офицер, мен солдат, мен сізді қорғауға міндеттімін», дедім.

— Қашуға тура келді,— деді Дәулет. Жаудың төпеген оғы оң қолымды ғана жаралап, орманға аман кірдім. Солдаттар жауды жылжытпай ұстап тұрды.

— Үш солдаттың біреуі атыста өлді,— деді Масақбай,— біреуінің аяғы сынып, оны жауға қалдырмай, арқалап алып қаштым.

— Құтылдың ғой? — деді Сырбай.

— Құтылмасам осылай жүрем бе? Дәулетпен достасуымның басы осы.

— Осы оқыйғаны тыста Дәукештен естігенде,— деді Айбарша,— сізді мен, Масақбай аға, Дәулеттің ғана емес, менің де өмірлік досыма есептеп, әткемнен ыңғайсыз болса да, туысқандық шын жүректен сүйгелі ойлап ем, кеңесіңіз бітпеген соң бөгет болмайын дедім. Енді сол тілегімді орындауға рұқсат етіңіз!

— Мен даяр! — деді Масақбай.

* * *

Масақбайдың кеңесін тыңдай отыра, соғыс жағдайына Дәулет екеуінің недеген еті өлген адам екендіктеріне Сырбай хайран қалды. Өйткені, жолаушылар осы поселкеге кеп Дәулеттің үйіне түскелі, мана, жолда кездестірген тарсыл-күрсіл үдемесе бәсеңдеген жоқ. Қайда, кімдер атысып жатқаны Сырбайға мәлімсіз болғанмен, кейде арыстандай арсылдап, кейде қасқырдай ұлып, кейде иттей шәуілдеп, кейде күндей күркіреп, кейде бұршақтай тырсылдап дамылсыз жүріп жатқан атыс!..

Майдан маңында бірер күн болғанда, Сырбай аспанда биіктеп ұшқан самолеттердің ішінен неміс самолеттерінің көксау қойдың жөтеліне ұқсас кеукілдеген үнін айырып үйренген. Сол үн Сырбайдың құлағына Дәулеттің пәтерінде де шалына қалса:

— Жүдә, мына кәпір кеп қалды ғой! — деп елегзіп қояды да, Дәулет:

— Ол не, әке? — дегенде, Сырбай сезгенін айтса:

— Оны қайдан білдің? — деп сұрап, Сырбай білгенін айтқанда, сөзін қызық көрген Дәулет қарқылдап күліп алып:

— Оның қаупы, біздің Сырдария бойының маса-сонасынан артық емес, әке,— дейді...

— Әй, білмеймін-ау, балам,— дейді Сырбай,— жүдә кішірейте сөйлейсің-ау, жаудың күшін. Дұрыс та ғой ол. Жауды өзінен мықты санаса адам жеңе ала ма оны? Және бет-алыстарың жаман да көрінбейді ғой, жүдә. Москва түбінде бір жеңгенсіңдер ыңқылдатып. Енді осы арада ыңқылдата тағы бір соқсаңдар, жүдә неше жерден итжанды болса да діңкесіне тиер.

— Діңкесіне ғана тимес,— дейді Дәулет,— сілесі қатудың алды болар ол.

— Ылайым да сөйтсін. Бірақ, жаудың күшін де жүдә тұқырта сөйлеме. Тым осал болса, осынша сұғынып келмейді ғой, ол!.. «Құзғын» деп менсінбегеніңмен, оның самолеті де талай қымбат дүниемізді талқандапты-ау, қап жауғыр!..

— Ол рас, әке, — дейді Дәулет,— соғыста жеңу, я жеңілудің құрал күшінің қандайлығына байланысты екені рас; сөйте тұра, соғыста да ең зор құрал адам екенін, оның жеңу, я жеңілуі сана-сезімінің дәрежесіне байланысты екенін осы соғыс та дәлелдеді. Оған мысал,— деп Дәулет әкесіне, майдандағы совет адамдарының қандай зор құрал болса да жеңілмейтін жоғары ар-ұамысынан толып жатқан дәлелдерді айтып берді.

Сталинград маңайындағы, әсіресе Сталинград қаласының өз ішіндегі совет адамдарының, көзімен көрмеген адам нанбастықтай нелер ғажап қайсарлықтарын Дәулет сыйпаттағанда, Сырбайдың тұлабойы шымырлап кетті.

Соғыс кеңестерін тыңдай отыра, Сырбай сырттағы тарсыл-күрсіл мен таулар талқандалып жатқандай қыймылдарға елегзуін доғарған жоқ.

Масақбай майданда Дәулетпен алғаш кездескен кенесін аяқтаған кезде, сырттағы дүниені сілкіндірген қыймыл, Сырбайға бұрынғысынан да қалыңдап бара жатқан сыяқтанды.

— Балам-ау,— деді ол, сырттан Айбарша екеуі кірген Дәулетке, Айбарша Масақбаймен достасу белгісіне қол алысып жатқанда,— соғысың жүдә басталып қалған жоқ па өзі?!.

— Жоқ, әке. Соғыстың үні бұдан гөрі қаттырақ шығады.

— Аллау, онда не жаны шыдайды кісінің?

— Үйренбегенге қорқыныш, ол. Үйренген кісіге, аспаннан самолеттер, жерден зеңбіректер оқты қардай боратып жатқанда, солардың жер-көкті талқандағандай даусы, үйренген адамға масаның ызыңынан артық әсер бермейді.

— Астапыралда, адам дегенің керемет екен ғой, бұл!..

Дәулетті көргенде талай рет оқтанып сұрай алмаған бір сөзін Сырбай осы арада айтып қалды.

— Соғыс дегеннің қызметі мылтық ату екенін, және, жүдә өзгені емес, адамды ату екенін естіп те, көріп те отырмыз ғой,— деді ол баласына,— сен де атып жүрсің ғой, сол мылтықты. Оның қайда барып, неге, кімге тигенін білмейсің ғой, балам жүдә. Талай оқтанып сұрай алмаған бір сөзімді ыңғайсыз болса да сұрайыншы: бетпе-бет кісі атып көрдің бе?

Дәулет қарқылдап кеп күлді.

— Жүдә неге күлесің? — деді Сырбай көңіліне алғандай.

— Күлмегенде ше?..— деп Дәулет әкесінің аңқаулық мінезін, соғыс шындығынан хабарсыздығын айта кеп, оған жаудың жаяу әскері кездесіп қалғанда, танкпен оларды қалай тапап, қалай езгенін айтып беріп еді, «аллалап» зәресі ұшқан Сырбайдың оңі қуқылданып кетті. Сонысын көре тұра, шалдың құлағын соғыс істеріне шынықтыру мақсатымен, Дәулет тілі жеткенше әсерлеп айтуға тырысты. Сөз аяғында ол:

— Бұтаға тығылмақ болған сол жауларды біздің танктер түгел жаншып боп, содан кейін машинаны тазалайық десек, доңғалақ арасына...— деп, жаншылған адамдардың қан-жындары қалай оралғанын айтпақ боп еді, тыңдауға шыдай алмаған Сырбай:

— Айтпа, айтпа!— деді, екі құлағын алақанымен баса қойып айттырмады.

— Өйтпеуге бола ма,— деп Дәулет әкесіне жаудың қолына түскен совет адамдарына және, әскерді қоя тұрып, қатын-қалаш, бала-шаға сияқты советтің бейбіт адамдарына істеген неше түрлі хайуандықтарын айтып еді, оларды үрейленсе де сабырмен тыңдаған Сырбай:

— Онда, өл де бар! — деп өшікті жауға,— жүдә не істесеңдер де рауа екен онда, оларға.

Кеңесті созыңқырап алған Сырбай, баласының есінеп, маужырай бастағанын көрді де:

— Ал, Масақбай, мені енді орналастыр бір жерге, бәріміз де дамылдайық енді,— деді.

— Болады,— деді Масақбай,— бірақ, әуелі тыска шығып келетін боларсыз?

— О да жөн.

— Дала салқын,— деді Масақбай, орнынан көтеріле берген Сырбайға,— жылы киімізді киe шығыңыз!

Тыска тонын, құлақшынын, саптамалы етігін киіп шыққан Сырбайдың соңынан кеткен Масақбай кешікпей оралды да, әлденені есіней кеңесіп отырған Дәулет пен Айбаршаға:

— Карт екеуміз басқа үйге дамылдайтын болдық,— деді.

— Оның не? — деп Дәулет ыңғайсызданған белгі көрсетейін деп еді:

— Аптықпа, жолдас танк полкінің командирі! — деді Масақбай честь беріп, қақшыйған калпын өзгертпей.

— Бар енді! — деді Дәулет. Масақбай шығып кетті.

Дәулетті осы жолы көргелі Айбаршаға, Дәулет сүйіетіндік сөздерін алғаш айтқан кезіндегі тәкәппарлығы тағы да пайда бола қалды. Оған себепкер — Дәулет. Айбаршаның бұл жолы байқауынша, соғыстың сұрапыл талқысына көп түсіп мінезі өзгерген бе, көрмегелі біраз болудан жатырқаған ба, болмаса көніліне түскен жарықшақ бар ма, әйтеуір, бұрынғыдай, қатте бұдан бір жыл бұрын Москвада көргеніндей сүйгенсіп өлу-өшуі жоқ, «Айым», «жаным» дегенді әлі де көп айтқанмен, оның бәрі қызуы қайткан шоқ сияқты әлсіздеу жатыр.

Кеудесін кісіден төмен ұстағысы келмейтін Айбарша осының бәрін болжалдап алды да, «сен өйтсең, мен бүйтейін» дегендей, алғаш көргендей өзеурей қоймай, денесін

жыйнақтау ұстады. Со қылығын Масақбай шығып кеткен соң да істемек боп:

— Жолдас майор, бізге қай жерге тыныс алуға бұйырасыз? — деген сөзді күлкісіз, салмақты-ақ кескінмен айтып еді.

— Ты, Айым, брось такую штуку! — деп қалжыңға әкеткен Дәулет, қанша салмақтанам дегенмен, Айбаршаны еріксіз күлдірді. Оның аяғы... сағынып көріскен жарының ыстық құшағында жатып түнде ұзақ уақыт дәлелдеуге тырысқан сөзін, Дәулетпен хоштасарда Айбарша тағы да қайталады.

Дәулетпен ол ертеңіне түн ортасында хоштасты.

Екінші эшелонда тұрған Дәулеттің танктік полкі, со күні түнде, алдыңғы қатарға шығуға тиісті еді. Соны айтып, өткен күні Дәулет қонақтарына қайтуды ескерткендей болғанда:

— Ауыр жолға аттанатыныңды білдік, қолдан аттандырып қайтайық, бата беріп,— деген еді Сырбай.

Әкесінің ол тілегін орындаған Дәулет, күн ұзын өзінің соғыстық істерінен қолы босамады да, кешке таман ғана қонақтарымен кеңесуге уақыт тапты

Кеше ұйқысы қанған қонақтар, бүгінгі түні Дәулетпен хоштасқанша кірпік қақпан жоқ.

Түн ортасы ауа жүруге ыңғайланып, буынып-түйініп тысқа шыққан Дәулет, ең алдымен Анатолий Кондратьевичпен қолдасып Гүлнар мен Байжанға хат берді. Содан кейін Сырбайға хоштасқанда, «жылаудың аты — пәле шақыру» деп түсінетін Сырбай:

— Аман көрдім, құлыншағым,— деді салмақты, сабырлы дауыспен, Дәулетті құшақтап тұрып,— көз жасы жұдә ұнатпайтын бір полем екенін білесің; жұдә, көкірегім де, көзім де жылап тұрған жоқ. Құдай осы қуанышымнан ылайым да айырмасын. Аман көрісейік!

Нық даусын бұзбастан Сырбай Дәулетті екі жақ мойнынан иіскеді де босатты.

Сол арада сазарған қалпымен, дәл автомобиль фарының алдында Айбарша да тұр еді. Оны көрген Сырбай, жастар қымсынбай хоштассын дегендей:

— Кәне Анатөл, машинаға мінбейміз бе? — деп жөнелеле берді.

— Кәне, Айым,— деп таяна берген Дәулетті:

— Тоқта! — деп тоқтатып қойды да,— сөзім сөз,— деді

ол.— Ауылға қайта военкоматқа арыз берем де, тіленіп армия қатарына кетем.

Кеше түнде осы мәселе туралы ұзақ сөйлесіп, Айбаршаға «орныңнан қозғалма!» деген тілін алдыра алмаған Дәулет, кешегі кеңестің ақырындағыдай тағы да ашуландырып алармын деген оймен:

— Ол ерік өзіңде ғой жолдас, Совет Одағының азаматшасы,— деді күліп,— армия қатарына келуіне қарсылығым жоқ, бірақ, біз екеуміз осылай кездесеміз бе, жоқ па, ол әлі белгісіз. Сондықтан...

Аржағын айтпай-ақ түсінген Айбарша: «айтпа олай деп!» деді де, еңіреп жылап жіберді... Өйткені оның көзіне қуаныш та, қорқыныш та бар бейнесімен сол арада елестей қалған еді...

Он төртінші тарау

БАЯНДАМАНЫҢ БАСЫ

Майданнан ауылға келе, Айбарша ауырды.

Төсек тартып жатып алған оның сырқат жайын Тәрбия ғана сезгенмен, тұмса әйелдің жүкті болуын өзгеге айтуға болмайды деп ұғатын ескі ойдағы ол: «келін-баланың сырқаты немене өзі?» деп сұрағандарға, «соғыс құрғырдың несі жақсы дейсің, тарс-тұрс атыстың арасына барған соң жүрегі қозғалса керек, құса беретіні де содан ғой деп ойлаймын» деп жауап берді.

Әркімдер Айбаршаның сырқаты туралы әртүрлі жорамалдар жасап, өздерінше ем айтты.

— Егер қорыққаны рас болса,—десті бақсы-балгерге сенетін ескілікті біреулер,— мұның төбесіне қорықтық[1] құюдан басқа ем жоқ.

Айбаршаның ауруын алғашқы күндері шынында соғыстан қорқудың салдары деп түсінген Тәрбия, қорықтықты Айбаршаға білдірмей құйдырмақ боп, балгерін даярлап қойып Сырбайға айтқанда, келінін «жүкті болды-

[1] Ескі ауылдың ұғымында, әрбір аурудың себебі жын мен шайтаннан болады деп ұққан ғой. Егер адам қорқудан ауырса, ол аурудың жын-шайтанын қорқытып куу үшін, темірді қызарғанша балқытады да, ауырған адамның төбесіне ұстап тұрып, үстінен су құяды. Қызған су адамды күйдірмеу үшін, адамның төбесіне қалың жамылтқы жабады. Осылай емдеуді — «қорықтық құю» дейді. *С. М.*

ға» есептеген Сырбай, шошынып масқара болар деген қауыппен:

— Жүдә, жоқты сөйлеме! — деп жекіп тастады.

Тәрбия оған да қарамай, емін Сырбайдан жасырып жасатпақ боп, Айбаршаны көндіруге ойлап еді, дәл со кезде сырқаттану себебін біле қоймаған Айбарша:

— Қорқуым рас, апа,— деді жылап отырып,— бірақ мылтық даусынан емес, Дәукештің болашағын ойлаудан. «Соғыс» дегеннің не екенін шын мәнісінде осы жолы ғана көріп келдім, апа. Өз көзіңізбен көрмеген соң, мен сізге ауызбен сыйпаттап бере алмайтын апат ол.

— Көрмеген соң білу қыйын екенін ұғам, құлыншағым,— деді Тәрбия да жылап,— тек, әйтеуір, өздерің «үстін темірмен қоршаған арбаның ішінде жүреді» деген соң, оқтан қорғанышы бар ғой деп дәмеленем де. Әйтпесе, аранын ашқан ажалдың қоршауында жүргенін түсінбейді деймісің.

— «Темір арба» дегенің танк қой, апа,— деді Айбарша,— ажалына кездессе, оның да төтеп бола алмайтынын көрдім. Танктің қабырғасы шым болаттан құйылады екен және қалыңдығы табан қарыс болады екен. Соншалық қалың болатты ойып өтіп кететін де оқ шыққан. Немістің «жолбарыс» деп атайтын танкі бар екен, үлкендігі, кіші-гірім ағаш үйдей. Қабырғасының қалыңдығы әлгі мен айтқандай. Сол «жолбарыстың» біздің оқтар тас-талқанын шығарып, қабырғасын әлденеше жерден ойып түсіпті, тұлабойы тескен оқтан шұрқ-шұрқ!..

— Ондай оқтар жауда да бола ма? — деп сұрады Тәрбия.

— Әрине, болады,— деді Айбарша.

— Ендеше, бір құдайға сыйынғаннан басқа амал жоқ екен ғой. «Сақтансаң сақтармын» депті ғой, құдай. «Сақтана соғыс» деп айттың ба, өзіңе?

— Айтқанға соғыс жағдайы көтере ме, апа. Және айтқанынды тыңдай да қоятын емес, балам. Соғысқа араласқан кездегі қыймылдарын тыңдап отырсаң, қайдағы қыйын жерлерге өзі кимелеп барып кіріп кетеді екен...

Өткен бір арпалыста, немістер бекініп алған бір бинк тас үйді танкімен киіп кетіп, ерсілі-қарсылы сүзгілеумен тас үйдің қабырғаларының талқанын шығарып құлатқанын, жауларды сөйтіп апатқа ұшыратқанын Дәулет Айбаршаға әңгіме қып айтып берген еді. Сол әңгімені Айбарша Тәрбияға айтып беріп:

— Міне, баланың істейтіні үнемі осындай. Өлем деп қорықпай, үнемі осылай батыл қыймылдайды,— деді.

— Олай қыймылдамауға болмайды да,— деді Айбарша,— екі кісі күрескенде де қай бұрын қыймылдағаны алып кетеді. Әрине, тәсілін біліп қыймылдаған адам. Соғыс та сондай екен. Қай жақ тәсілін тауып қыймылдаса, сол жақ бұрын әкетеді екен. Әрине, күші жетіп тұрса. Егер күші жетпесе, бұрын қыймылдағанмен, тәсілін тапқанмен не істей алады?

— Рас.

Айбарша Тәрбияға түсінікті тілмен біздің армияның соғыстың алғашқы кезінде шегіну әдістерін, кейінгі кезге шабуылға кіру әдістерін, Сталинград майданының халжайын айта кеп:

— Біздің армияның көңілі өте көтеріңкі, апа,— деді,— өйтулері — жаудың жеңіле бастауына да байланысты ғой деймін. Ажалдан қорқып жүрген адамды көрген жоқпын, онда. Тартына соғысып жүрген адамды да таба алмайсың. Танкке мінсін, самолетке мінсін, болмаса, қарудың басқа түрімен аттансын, тек, жауға қарсы жұмсаса-ақ болғаны, түтеп тұрған оқтан тайсалмай, ішіне кіреді де кетеді екен.

— Онда, «бір тәуекелдің» ісі екен ғой, Айым,— деді Тәрбия, іштей үрейленіп отыра, сырттай Айбаршаға қайрат бермек боп,— «қырық жыл қырғын болса да — ажалды өледі» деуші ғой, аталарың. Тәуекелге тапсыру керек екен ғой.

— Рас, апа. Ет-жүрегі бар болғыр сескене береді; әйтпесе, соғысқа барған соң, ажалды қуып құтылмаса, қашып құтыла алмайтынын жақсы білем. Соғыс, әрине — апат. Сол, апаттың қалың ішіне, Дәукешті қолымнан аттандырғанда қобалжыған жүрегім, соғыс жағдайын көз алдыма келтірген сайын, Дәукешті есіме түсірген сайын қобалжып түседі. Менің осы қобалжудан басқа тұк те ауруым жоқ. Бұл ауруым, Дәукештен «аманмын» деген хат, не телеграмма алғанша жазылмайды, басқа ем қонбайды, сондықтан емдетем деп әуре болмаңыз.

Дәулеттен хат-хабар келе қоймады. Айбаршаның ауруы үдей түсті. Оның сөздеріне алғаш сенгенмен, бірталай жасап, көзқарақты боп алған Тәрбия, Дәулетті ойлаудан басқа да ылғалы барын, оның себебі не екенін сезді де, қорықтық құюды енді қауыпты деп ойлап аузына алмайтын болды.

Айбаршаның сырқатына жаны ашыған, оның себебін Дәулетке байланыстырып, «қайтсін байғұс» деп аяған көпшілік, Сырбайдың майданнан қайтқаннан кейінгі өзін ұстауына қайран қалысты. Майданға барғанша салбырақы жүретін Сырбай, майданнан келе көңілденіп кетті. Дәулеттің жайын сұрағандарға ол:

— Соғыста жүдә менің ғана балам жүрген жоқ, дүйім жұрттың баласы түгелімен сонда. Талай аягөз маңғаздарды көрдім, оққа қыяр сабаздар емес, бірақ, жерімізге жау келген соң, жүдә, қыймағанда қайтпексің. «Қырық жыл қырғын болса да—ажалды өледі» дегендей, соғыста жүрген кісі өле бермейді екен, жүдә. Боран мен жаңбырдай түтеген оқтың арасынан аман шыққан талайларды көрдім. Құдай қақса, оқ дегенің де түк емес екен; сондықтан, жүдә ажалы жетіп тұрса амал қанша, әйтпесе кеуліме енді түк те қауып алмаймын,— дейтін болды.

«Жаман айтпай — жақсы жоқ»!— деп бекіне сөйлейтін болды Сырбай,— құдай маған жүдә жаманат хабар естіртпей-ақ қойсын. Естірте қалған күнде амалым нешік. Жалғыз менің балам ба, дұшпанның оғы жалаған?.. Жау оғынан қаза тапқан талай сапқақтарды көрдім, ендеше жақсылық болса қуанып, жаманшылық бола қалған күнде, белді бекем буынамыз да.

— Бәйгеге басын тіккен бала,— деп бекіне түсті Сырбай.— Өз қамы үшін емес, ел қамы үшін. Ер жігіт жүдә өзі үшін емес, елі үшін туады. «Жақсы жігіт кім?» дегенге, аталарымыз: «Ел шетіне жау келсе, мен барайын дейтін жігіт, ел шетіне дау келсе, мен сөйлейін дейтін жігіт» деп жауап береді екен. Жүдә дұрыс сөз. Мынадай соғыста, жауға қарсы бармай үйінде отыру, жігіттің деген жігіттің басына жүдә ұят болар еді.

Осы ойына табанын нық басқан Сырбай, майданнан қайта жұмысқа өзі құлшынумен қанағаттанбай, көпшілікті де белсендіре түсуге тырысты. «Осылай да осылай екен» деп майданда көрген-білгенін ақылы мен тілі жеткенше сыйпаттап берген ол, «егер жау тез жеңілсін десең былай істеу керек» деп жолыққан кісісін, міндетті ісін өндіре атқаруға үгіттеді.

Айбаршаның сырқаттану себебін Тәрбиядан кейінірек естігеннен кейін, Сырбай тіпті жонданып кетті. Дәулеттің майданнан тірі қайту-қайтпауын іштей «бір тәуекелдің ісі ғой, ол» деп жорыйтын ол, «егер жаманат болған күнге нәсілсіз қалам-ау» деп ойлайтын еді; басына сол ой

келгенде, жүрегі паршалана қалатын еді. Айбаршаның жүкті болғаның естігеннен кейін, медеу тапқандай боп, бір де жанып, бір де сөніп жүрген оның үміті енді біржола тұтанған сыяқтанды.

Оның аулында өзі сыяқты жалғыз баласы бар біреу болатын. Со кісінің баласы майданға кеткенде, жас келіні жүкті боп қалған. Жігіт кешікпей майданда өліп, соның хабарын есітіп әке-шешесі қан жылап отырғанда, келіндері босанып ұл бала туған. Содан кейін, қайғылы атаананың батқан күні қайта шыққандай боп, жылаудан тыйылған да, тілектері жас нәрестеге ауған. Соларды көрген Сырбай, Дәулеттің аман келуін тілеумен қатар, «жалғыз аяқ ас төгілсе, арты тақыр қалады-ау!» деп іштей жылайтын, Дәулеттен де перзент болуын арман ететін. Айбаршаның жүкті болғаның естігеннен кейін, оның алыста бұлдырайтын сол арманы жақынға кеп жарқыраған сыяқтанды. «Нәсіл» деген сөзді «ұл» деп ұғатын ол, қуанышты тілекпен ұл немере сүюді күтті.

Сырбай сол тілекте жүргенде, Дәулеттен хат кеп қалды. Хатта Дәулет Сталинград майданының жеңіспен қалай аяқталғанын толық жазған екен. Бірақ хатты оқушыларға бұл жаңалық емес еді, өйткені, олар Сталинградқа жасалған шабуылдың қашан, қалай басталып, қаншаға созылып, қандай жеңіспен аяқталғанын газеттерден күн сайын оқып отырған және шабуыл жеңіспен аяқталғаннан кейін облыстан және ауданнан үгітшілер кеп баяндамалар жасаған.

Сол мәліметтерден Дәулет жазған хаттың бір ғана айырмасы, ол — өзінің танктік полкінің жеңіс ісіне не жәрдемі тигенін толық суреттеген екен. Сондықтан көпшілік хатты қолдан қолға тигізбей таласып оқыды. Облыстық газеттің колхоздарды аралап жүрген тілшісі бұл хатты «Ленин жолы» басқармасына жіберіп еді, хат газеттің бір подвалын түгел алып, сол күйінде басылып шықты. Басылған хатты оқыған жұрт, «хаты көркем очеркке бергісіз екен» деген бағаларын айтты.

Тіршілікте өзін өте сыпайы ұстайтын Дәулет, хатының аяғында «P. S»[1] белгісімен Айбаршаға ғана «жуырда мен туралы тағы да бір қуаныш хабар естуің мүмкін» деп жазған екен. Ол «қуанышты» жұрттың бәрі «Совет Одағы-

[1] «P. s.» — хатқа қол қойылудан кейін еске түскен сөздерді жазар алдында қойылатын белгі.

ның Батыры деген атаққа ұсынылған екен де, газеттен оқыр деп, сыпайылық қып ашып жазбаған екен» деген-ге жорыды.

Дәулеттен хат келген соң-ақ Айбарша айыға бастады. Енді ол колхоздың басқармасына келетін орталық, қазақстандық және облыстық газеттердің біреуін де жібермей оқып, Дәулеттің батырлық атағын алған хабарын күтті. Бұл колхозға радио орнаған еді. Сырқат күндерінде, соғыс хабарынан басқаларды тыңдамай, үйіндегі репродукторды суырып тастайтын Айбарша, енді күні-түні қыстырып қойып, ұйқыдан басқа уақытында, тынымсыз зарлаған репродуктордан құлағын алмады.

Сөйтіп жүргенде, күткен қуаныш хабар келіп қалды. Хабарды телеграмма арқылы Айбаршаның атына, Москвадағы қазақ өкілдігі жазған екен: «Сіздің сүйікті досыңыз, жарыңыз халқымыздың ардақты ұлының бірі — Дәулет Сырбаевтың, Совет Одағының Батыры деген ардақты данққа ие болуын шын жолдастық жүректен құттықтаймын,— деп жазылыпты телеграммада,— Дәулеттің, оның сүйікті жары — сіздің бақыттарыңыз арта беруіне тілектеспін. Жоғарғы Советтің бұл жөніндегі указын «Правданың» ертеңгі санынан оқыйсыз».

Телеграмманы Алмалықтан Рахмет пен Байжан алып келді. Манайдағы колхоздарға шүйінші айтып шапқындар кетті. Аудандық партия комитетінің планы бойынша, осы жөнде барлық колхозда митингілер өтпек еді. Телерграмманы әкелген Рахмет, сол митингілерді өткізуге жүрмек болып еді:

— Жүдә болмайды ол, тойдың ішінде болып кетесің,— деп Сырбай босатпады.

Өткен жылы канал құрылысы басталарда құрмалдыққа шалмақ болған, бірақ, Анатолий Кондратьевич шалдырмаған буыршының Сырбай сойды да, ат жетер жердегі колхоздарды түгел шақырып, ұлан-асыр той жасады. Сол тойға, Алмалыққа барып оралған Рахмет Сырбайға және бір қуаныш хабар әкелді, ол — өткен жылы күріш өсіруде жержүзілік рекорд жасаған Сырбайға үкіметтің «Сталиндік сыйлықтың лауреаты» деген атақ беруі, Сырбайды Ленин орденімен, Айбарша мен Наталияны Еңбек Қызыл Ту орденімен, Үрпек пен Дариқаны «Құрмет белгісі» орденімен, звеноның өзге мүшелерін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградтауы еді.

Тойдан бір жұма кейін Алмалыққа шақырылған Сыр-

байға Рахмет, Алматыға барып, өзінің күріштен мол өнім алу жөніндегі тәжрибесінен Ауыл Шаруашылық Комиссариатының коллегиясында баяндама жасайтынын айтты.

— Жүдә, болмас ол,— деп зыр ете қалды Сырбай.

— Неге? — деген сұрауға:

— Қарағым-ау, ондай жүдә үлкен дүкен түгіл, өзіміздің «Кентоғай» колхозының жыйналысында аузыма сөз түспейтін кісі, не сөз айта алам, онда барып? — деп жауап берді Сырбай.

Біраз уақытқа дейін көнбегенмен, Алматыға барудың, баяндама жасаудың қажеттігін түсінген Сырбай:

—Наташа мен Айымның бірі жасаса қайтеді, осы баяндаманы? — деп сұрады Рахметтен.

— Бұл сұрауыңызға мен ең алдымен жауап бере алмаймын,— деді Рахмет.— Себебі, мен шешетін мәселе емес ол, республиканың басқарушы орындары шешетін мәселе. Өзімше, ол басқарушы орындар, егер баяндама жасатқысы келсе, Наташа мен Айбаршаны білмей отырған жоқ. Меніңше, басқарушы орындардың сізге баяндама жасатудан мақсаты — алдыңғы қатардағы колхозшылардың өнегелі іс тәжрибесімен халықты таныстыру. Сондықтан бұл баяндаманы жасамауға болмайды.

— Бұл баяндаманы қалай жасаймын мен? — деді Сырбай.— Осы Алмалықта, анау Қызылордада, сонау Алматыда болған кейбір жыйналыстарға қатнасып жүрем, сонда көретінім: баяндама жасаушы көбінесе сөзін қағазға жазып алып, жүдә, оқып шығады. Неге сөйтеді олар? Менің ойымша көпшілік алдында сөз сөйлеу, жүдә, оңай жұмыс емес ол. Мыңдаған көз сағаң бақырайып қарап отырсын да, сен аспай-саспай сөйле!.. Оған, жүдә, қандай жүрек керек деп отырсың?..

Рахмет күліп жіберді.

— Неге күлесің? — деді Сырбай.

— Сөзіңіз қызық...

— Несі қызық? — деді Сырбай,— көптің алдында сөз сөйлеу оңай болса, үлкен жыйналыстарда өзің неге жазып айтасың?

— Оңай емесі рас,— деді Рахмет күлкілі кескінін салмақтандырып,— көпшіліктің алдында бос сөз айтуға болмайды. Оларға өнегелі сөздер айту керек. Ол үшін, айтатын сөзің екшелген, салмақтанған, тыңдаушы көпшіліктің пайдасына асатын сөз болу керек...

— Міне, міне, міне! — деді Сырбай Рахметтің сөзін

бөліп,— жүдә рас сөз осының. Көптің ойы — мың, сенің ойың — бір. Мың ойдың бір ой қышыған жерін табу оңай емес. Жүдә қыйын ол. Менің баяндамадан қашқалақтап отырғаным да сондықтан.

— Ол рас қой, ақсақал,— деді Рахмет,— әйткенмен, көпшілікке де жетекші керек емес пе. Кім сол, «жетекші» дегеніміз? Ол, халықтың алға бастайтын ісіне сүйене отырып, со халықтың пайдасына асатын жаңалық таба білушілер, тапқан жаңалығын халыққа ұғындыра алушылар, ұғындырған ісіне халықты жетектей алушылар емес пе?

— Жүдә рас.

— Көзіңізге мақтағаным емес, ісіңізбен дәлелденген мәселе, ауыл шаруашылығын ілгері дамытуда сіз де жетекшінің бірі боп отырған жоқсыз ба? Қазір партияның да, үкіметтің де, халықтың да сізден білгісі кеп отырғаны — күріштен мол өнімді қалай алғаныңыз. Ол туралы баяндама жасау үшін, сізге қыйналудың қажеті жоқ. Баяндамада сіздің не айтатыныңыз маған қазір-ақ мәлім боп тұр.

— Қалай? — деді Сырбай, баяндама туралы Рахметке келген ойдың жобасын көріп алмақ боп.

— Былай,— деді Рахмет, шалдың баяндамасын сұрауларға қою арқылы жобалап беру ниетімен,— сіз ғой, күріштен мол өнім алу үшін әуелі жер таңдадыңыз?

— Рас.

— Қандай жерді таңдадыңыз, сонда?

— Қандай жер? — деп Сырбай аз ойланды да,— тілекті жер болады да,— деп жауап берді.

— Не жер, ол «тілекті» деген?

«Біліп отырып сұрағаны несі?» дегендей, Сырбай Рахметтің кескініне қарап еді, ол ойын түсінген Рахмет:

— Былай болсын, Сыр-еке,— деді,— мен сізге бірталай сұрауларға берем. Сонда, өзім біліп тұрған біраз мәселелерді білмеген кісі боп сұраймын.

— Неге?

— Сіздің баяндаманыздың негізгі желісі, менің сол сұрауларымнан тууға тиісті. Олай дейтінім: сіздің баяндамада айтылатын сөз: күріштің қандай жерге егіп, қалай суарып, қалай өсіру туралы ғой. Олардың бәрі менің көріп жүрген істерім ғой.

— Е, бәсе. Ендеше неге сұрайсың ол туралы?

— Сұрайтыным: күріштен сіздің бұрын болмаған мол өнім алуыңызды естіген жұрт «қалай алды екен?» деп

ойлай ма? Ойлайды. Сонда, сол мол өнім көктен жауды деп емес, жерден шықты деп ойлайды-ғой?

— Әрине.

— Ендеше, «қандай жерге шықты екен?.. Қалай шықты екен?» деп ойлай ма жұрт?

— Ойлауға тиісті.

— Ендеше, баяндама да осы туралы болуға тиісті.

— Онда оңай ғой,— деді Сырбай қуанғандай,— мен одан басқа қыйын полесі бар болар деп ойласам...

— Еш те қыйын полесі жоқ. Қайталап айтқанда, күрішке қандай жердің қолайлылығын, оны қалай өңдегеніңізді, оған қандай тұқым сепкеніңізді, қалай суарып, қалай өсіріп, қалай отақтап, қалай пісіріп, қалай орғаныңызды, қалай соғып, жыйнап алғаныңызды айтсаңыз, күріштен мол өнімді қалай алуыңыз туралы жасалған жақсы баяндама болады да шығады.

— Ол ғана болса, жүдә айтып көрермін,— деген Сырбайдан, жаңағы мәселелер туралы сұраулар беру арқылы баяндаманың жобасын анықтап алған Рахмет, оған екі түрлі кеңес айтты.

— Бірі,— деді ол,— екеуміз кеңескен жобамен өз тәжрибеңіз туралы сіз Айбаршаға жаздырып алыңыз. Оның залалы болмайды. Оқып шыға алам десеңіз оқырсыз, егер өйте алмаймын десеңіз, қалтаңызға салып жүріп, баяндама болғанша анда-санда қарап қоярсыз, сонда айтатын сөздеріңіздің жобасы ойыңызға сіңіп қалады да, ауызша баяндама жасау жеңіл болады.

— Ол да жөн екен,— деді Сырбай.

— Екінші айтарым мынау,— деді Рахмет,— сіздің Алматыға жүруіңізге он бес шақты күн бар. Оған дейін, аудандағы күріштен мол өнім алушылардың мәслихатын шақырып жіберерміз. Алматыда жасайтын баяндаманызды сол мәслихатта жасап аларсыз. Сөйтсеңіз, Алматыға тәселіп барасыз.

— Бұл бір жүдә жақсы кеңес екен,— деді Сырбай қуанған боп,— Алматыда тайсалғанмен, мұнда тайсала қоймаймын ғой, білгенімді жүдә еркін айтып берем ғой.

— Сіз Сырдың суы сияқты емессіз бе? — деді Рахмет те қуанған кескінмен,— Иненің көзіндей жол ашып берсең, аржағын өзі кеңітіп алып кетпей ме, Сырдың суы?.. Сол сияқты, іс тәжрибеңізден Алмалықта бір баяндама жасап жол сызып алсаңыз, Алматыда кеңітіп алып кетпейсіз бе сол жолды?

— Жақсы,— деді Сырбай, «бұл кенесті енді созудың қажеті жоқ» дегендей кескінмен,— «тәуекел» деп Айыма жаздырып көрейін де, өзіне оқытайын. Сының болса, содан кейін айтарсың.

— Мақұл.

Бір жұмадан кейін Алмалыққа келген Айбарша «Әткем беріп жіберіп еді» деп Рахметке Сырбайдың жазылған баяндамасын ұсынды.

— Өзі неге келмеді? — деп сұрады Рахмет.

— Соңғы бірер күнде со кісі тыйышсызданыңқырап жүр,— деді Айбарша.

— Неге?

— Быйыл Сырдария қатты тасыр деген жобаны айтады, әткем. Тасқын қатайса, жарды бұза ма деп қорқады.

— Оған не белгілері бар екен?

— Оншасын сұрағам жоқ. Бірақ кеш демей, ерте демей, дария басыңа көбірек барады. Кеше де дарияға түн ортасында кетіп, осы баяндаманы сізге апарып бер деп маған тапсырды.

— Оқып көріңіз,— деді Айбарша, Рахметке баяндаманы берер алдында,— жазушы мен болғанмен, айтып отырушы әткемнің өзі. Тек «жүдә» дейтін дағдылы сөзі болмаса, өзге айтқандарының негіздісінен ешнәрсесін тастамай жаздым. Кейбір қажетті деп тапқан сөздеріме өз жанымнан ескертулер қойып отырдым.

Рахмет баяндаманы оқып көрсе, былай жазылған екен:

«Аталарымыз айтқан: «алып анадан, ат бпеден туады» деп. Сол айтқандай, жақсы егін алам десең, егінді жақсы жерге сеп.

«Сырдарияның бойында, күріштен басқа дақылды себу үшін сортаң жерден қаш.

«Беті ақ-айран боп тұзы шығып жатқан сортаңды кім болса сол танийды. Тұзы шықпаған жердің сортаңын айыратын жалғыз-ақ белгі бар, ол — «балықкөз».

«Балықкөз» дегеніміз «сорнақ»[1] шөп. Жобасы ебелек сияқтанып, тарамданған бұтақтары домаланып өсетін, бойының биіктігі қарыс жарымдай, бұтақтарының басына балықтың көзіне ұқсаған қызғылт гүл шығатын, сондықтан «балықкөз» аталатын бұл шөптің өнбойы шылқылдаған су, қай жерінен ұстап сығып қалсаң да бырт етіп

[1] Сырбайдың «сорняк» дегені.

жарылып, суы атып кетеді. Суының да, шөптің өзінің де дәмі тұз татыған кермек.

«Сортаңсыз жерге «балықкөз» шықпайды. Ол шыққан жер кебір болады да, бірер жыл егін сепкен соң, ақ-айран сортаңға айналып кетеді. Ондай жерге одан кейін күріштен басқа дақыл егіп шығара алмайсың. Тек жоңышқа шөбін ғана шығара аласың.

«Балықкөз» күрішке екі себеппен залал істей алмайды: бірі — суды қанша көп ішкенмен, оның бойы қарыс жарымнан биік өспейді. Өзі суға тұншығып өлгіш, егер суды бойынан асыра жайсаң, аз күнде тұншығып өліп қалады, күрішке су оның бойынан жоғары жайылады; екінші — сортаңды жердің күрішке залалды болмайтын себебі, сортаң күнге қызғанда ғана егінге залалды, сабағының түбін қуырып күйдіріп жібереді. Күріш суда өсетіндіктен, оған әрі күн сәулесі тимейді, әрі ағын суға шайылып араласқандықтан залал орнына егінге пайда келтіреді, өйткені, сортаңның өзінде күрішке пайдалы суперфосфаттың тегі бар.

«Сонымен, қысқасы, күріш егу үшін, өзге дақылға болмаса, күрішке сортаңды жердің пайдасы болмаса, зияны жоқ.

«Күрішке өте тілекті жер — қалың шеңгел шыққан жер. Ондай жердің топырағы асыл да болады, тез тоза да қоймайды. Сырдың бойындағы ең асыл топырақ — боз топырақ қой, шіркін!.. Ғылым тілінде оны — үлес[1] дейді екен. «Үлес»[2] десе үлес қой, шіркін!.. Қашан тозығы жеткенше, әрбір тозаңынан бір дән өрбіп тұрмай ма оның!.. Сыр бойына тәңірінің[3] мейірі түсіп берген шын үлесі ғой, ол!..

«Жері қанша тілекті болғанмен, егер күріш егетін танаптың бетін үйге төсеген сәкідей тегістемесең, одан мол өнім ала алмайсың. Күріш суда өседі. Ит-ойнақты жерге

---

[1] Сырбайдың «лёс» дегені.

[2] «Қазақта «үлес» (доля) деген сөз «сыбаға» мағнасында айтылады ғой, — деп жазыпты Айбарша, осы беттің аяғына, — орыстың «лёс» деген сөзін Әткем «үлес» деп алғанда, мағнасын қазақтың «үлес» деген сөзіне келтіріп те айтады».

[3] «Тәңірі» деген сөзді осы арада айтпай-ақ қойсаңыз қайтеді?» деп ем, «оқасы жоқ» деп әткем болмай жаздырды, — деп ескерту қойыпты Айбарша.

су тегіс жайылмайды. Су тегіс жайылмаса, күріш те тегіс шықпайды.[1]

«Күріш егетін жердің де қалыңдығын жыйырма сантиметрден жұқа жыртпайды және ерсілі-қарсылы, екі рет айдайды. Одан кейін тырма жүргізіп, одан кейін мала басып, қыртысты өте ұсақтайды. Әйтпесе күріштің дәнінен сабақ жарып шыға алмайды, тамырын тереңге жая алмайды.

«Быйылғы шыққан егіннің тәжрибесіне қарағанда, Сырдың өлкесіне «Краснодар» аталатын салыдан жақсы өнетін тұқым жоқ екен. Бұдан былай не осы тұқымды ғана себу керек те, не өзгеден мұны молырақ себу керек. Арғымақтан жабы, жабыдан арғымақ тумайтыны сияқты, жақсы өнім жақсы тұқымнан алынады екен.

«Себілетін тұқымды, орылу мен себілу арасында қалай күтудің өзі толып жатқан бір ғылым екен. Оны Наталия мен Самарқан сияқты оқымысты біреу айтпаса, мен айта алмаймын.

«Тұқымды себерден бірер күн бұрын суға салып ісіндіру керек. Себебі, күріштің тұқымы суға себіледі, ісінбеген тұқым суға тез батпайды, бетінде қалқып жүреді.

«Жер қызбай күріш тұқымын себуге болмайды. Біздің арада, әдетте, жер майдың он — он бесінен бастап қызады.

«Күріш тұқымы суға себілетіндіктен, әрине, қолмен себіледі, өйткені сеялка суға жүре алмайды ғой.

«Тұқымды лай суға себу керек. Себебі, күріш тұқымын суға себуден мақсат — жердің бетіне жатқызу. Өйтпей, бидайдың не сұлының тұқымы сияқты сеялкамен тереңге отырғызсаң, күріштің алғаш әлсіз шығатын сабағы, жерді жарып өсе алмайды. Лай суға сеп дейтініміз: су тұнғанда, жерге түскен дәнді жұмсақ лай жабады да, тез өнуіне жағдай жасайды.

«Тұқым себілгеннен кейін суды ағызып жібереміз, әйтпесе дән өнбейді. Дән көктегеннен кейін суды қайта жаямыз. Қашан пәшектенгенше көктеген күріштің сабағы балдыр сияқты нәзік, езілгіш жұмсақ және үзілгіш осал болады. Тамыры бекігенше, қаттырақ толқыған суда ол сабақты үзіп әкетеді. Сондай кезінде, күріштің сабағын

[1] «Жерді тегістеу, атыз соғу туралы ауызша айтам, оны бұл арада толық жазбай-ақ қой» деп әткем жазылмады, — деген ескерту қойыпты Айбарша.

сұжылан сорады деген сөз бар, бірақ оны көзіммен көрген емен.

«Күріштің көктеген сабағы он — он бес күнде бой салып, тікейіп пәшектейді, құлағы да сол кезде ашылады. Бірінші отақты осы кезде жасау керек, өйткені күріш тұқымына араласқан өзге өсімдіктің дәні де осы кезде өніп болады. Оларды сол кезде отақтау егінге өте пайдалы. Әрине, отақтарда суды ағызып жібереміз.

«Күрішпен аралас шығатын арам шөптерден ең залалдысы кекіре мен шиен. «Кекіреміз»—жапырағы жалпақ шығатын шөп, ол күріштің азығына сепкен дәрі-дәрмекті көп жұтып залал істейді. Бірақ оны тану оңай, сондықтан отағы да оңай. Ал, «шиен» деген пәлені басына қашан дән тартқанша күріштен айырып алу қыйын, сабағы да, түсі де бірдей. Айырмасы — шиен сабағының сыйрағы бәлкім қызғылттау келеді. Бірақ оны, көп көріп көнігіленген көз болмаса айыра алмайды. «Есекмыя» деген бір пәле бар, оның залалы — егер өсірмей отап тастамасаң, бойы күріштен тез асып кетеді де, күн көзін бермей қояды. Күрішке шеңгел мен жантақ та аралас өседі. Оларды тану оңай да, отақтау қыйын, үсті-бастары тікен, байқап отақтамаған кісі, қолғап кисе де қолын жаралап алады.

«Бірінші отақ бітіп, суды қайта жайғанда, күріштің құлағынан асырмаймыз. Құлағына су құйылса, күріш сабағының бойы қанша биіктегенмен, судың терендігін он бес-жыйырма сантиметрден биік жаймаймыз. Суды, әрине, үш-төрт күнде бір жаңартып тұрамыз, әйтпесе су сасыйды да, егінді борсытады. Суды, әрине, не кешкі, не ертеңгі салқынмен жаямыз, себебі, күн қыза жайсақ, егіннің сабағы қызады да, қызған сабаққа салқын судан тымау тиеді.[1] Тымау адам түгіл өсімдікке де залал. «Тымау түбі — құрт, тұман түбі — жұт» деген рас сөз. Адамға тиген тымау сыяқты, өсімдікке тиген тымауды да елемеуге болмайды. Елемесең ілеге[2] айналады. Бедері түсіп сарғая бастайды.

«Екінші отақты күріш ояға[3] келген кезде жасаймыз.

---

[1] Осы арада күліп алдым,— деген ескерту жазылпты Айбарша,— күлмегенде ше? Бұл сөзді әткем шын ықласымен айтады және мені «күлме, балам, рас» деп иландырды. Мен иланар-иланбасымды білмеймін.

[2] «Ауырады» дегені.

[3] Кемеліне келу.

Сол кезде паяның [1] басы ніліп шіре[2] байлана бастайды. Бұл кездің отағы қыйын. Өйткені, күрішке аралас өскен арам шөптердің тамыры тереңдеп, сабағы жуандап алады. Машығы ұшқан [3] адам болмаса, жай кісі отақтай алмайды.

«Үшінші отақ — собықтың сүті қата бастаған кез. Екінші отақты жақсылап жүргізсе, үшіншінің керегі де жоқ.

«Жерді жақсылап өңдесе, тұқымды теңдеп ап, жақсылап сепсе, мезгілімен суарса, мезгілімен отақтаса, күріштен мол өнім алу деген осы[4].

«Менің звеном быйыл бес гектар жердің үшеуінен алпыс центнерден, екеуінен жүз жыйырма центнерден алып отыр. Жасыратыны жоқ, жүз жыйырмадан беріп отырған гектарлар дәрі-дәрмек себілген жер, алпыстан берген — себілмеген жер. Бұдан көрінетін нәрсе — қарадүрсін ойдан, ғылымның ойы әлдеқайда озық екендігі. Бірақ, сол ғылымның өзі де соңғы сөзін [5] айтып болмаған сыяқты. Олай дейтінім: біздің агроном Наташа Полещук «элита» деген бірдемені тауып алып, күріштің әрбір дәнін жерге қолымен отырғызатып болды және бір дән мен екінші дәннің арасы, ұзындық жағынан он бес сантиметр, көлденең жағынан отыз бес сантиметр.

«Осындай әдіспен ол өткен жылдың көктемінде бес кило дән сеуіп еді, отыз бес центнер астық алды. Біз бір гектар жерге орта есеппен жүз килограмм тұқым себеміз. Соның әрбір бес килосынан 35 центнерден ала берсек, жүз килодан жеті жүз центнер аламыз ғой. Бұл, біздің өткен жылы дүниежүзілік рекорд жасадық деген мөлшеріміздің сегіз еседен көп.

«Олай болса, алдағы мақсат — Наталия өсірген элитаның мөлшеріне жетпей тынбау. Оған қалай жетуді мен әлі ойланған да жоқпын және оған менің ақылым да жете

---

[1] Сабақ.

[2] Дән.

[3] Шеберлігі арткан.

[4] Әткем діншіл кісі ғой,— деп жазыпты Айбарша, бұл арадағы ескертуінде, — ол кісі әрбір істің тетігі төңірде деп ұғады ғой. Сондықтан, мен ол кісінің бұл жөнде қытығына тимеуге тырысам. Дегенмен, өткен жаз күріштен мол өнім алуының тетігі білім атқарған еңбекте екенін әткеме жұқалап айтып көріп ем, «ол да рас екен-ау» деп қарт ойланып қалды.

[5] «Соңғы сөзін» дегенге әткем түсінбей, «ол не сөз?» деп сұрады, — деген ескерту жазыпты Айбарша, — бұл қазақ тіліне «последнее слово» деген орысша сөзден аударылып келген болу керек. Айта келе әткем түсінді.

қоймас. Бұл жөнде мен сыяқты қаранғы адамдарға ғылым жетекші екеніне көзім айқын жетті».

— Жазылған баяндаманың әзірге тоқтап тұрған жері осы,— деді Айбарша, баяндаманы оқып болған Рахметке.— Бұдан кейін не жаздырарын әткем де білген жоқ, мен де білген жоқпын. Ендігісін сізге ақылдаса келдім.

— Не деді қарт? Осы жазғанды жаттаймын дей ме? Ауызша сөйлеймін дей ме?

— Ауызша сөйлеймін дейді және бұдан әлдеқайда кенейте сөйлеймін дейді.

— Кенейте сөйлемей, осы қалпында айтып шыққанда да жетіп жатыр,— деді Рахмет,— және қосымша баяндама бар ғой оған. Оны Наталия Полещук жасайды, ғылымдық жағын сол қамтыйды. Бірақ қымсынбай еркін даярлансын деген оймен, Наталияның баяндама жасауын әлі шалға естірткен жоқпын.

— Ол да дұрыс,— деді Айбарша.

— Бұл баяндамада өткен жылдың рекорды ғана сөз болғалы отыр ғой,— деді Рахмет.— Алдағы жылдарда қарттың бұдан да ілгерілеуіне күдігіміз болмауға тиісті. Сондықтан, бұл баяндаманы осы мәселе жөніндегі қарттың болашақ баяндамаларының басы деп есептеу керек.

Он бесінші тарау.

ЕРЕУІЛ

Москва — Алматы поезына мінген Сырбай, қалалық вокзалға түнде келіп түсті, қасында Наталия мен Самарқан.

Вокзалдың қала жағына өткен Сырбай, алдына көлденендете әкеп тоса берген «ЗИС-101»нің ашылған есігіне кірмей, сол бір түннің тамаша көркіне әсерленген кескінмен төңірегіне қарай қалды.

Маңдайында көзі, көкірегінде сезімі бар адамға, дәл сол сәтте олай қарамауға болмайтын да еді: сол күні кешке қарай жауып, түнді орталап барып басылған қардан айналаның бәрі аппақ сүттей; тымық ауада бұтағына асылып, салмағымен бастарын төмен иген қардан, қаланың көшелері мен қораларына қалың шыққан ағаштар, қауызы ашылып піскен шығымды мақта өлкесіне ұқсайды; бораннан кейін бұлттан түгел айыққан ашық аспандағы миллиондаған жұлдыздармен толыққан айдың жүздері, кармен жуылғандай аса жарқын жүздердің сәулелері

жердегі қарға шағылысып, кіршіксіз қардың да әрбір ұшқыны бір-бір жұлдыздай боп жалтырайды; вокзалдан тауға қарай тіп-тік боп өрлей тартқан Сталин атындағы кең проспектінің өнбойына екі жағынан бағаналардың басында үш-үштен жұптанып жанған электр шамдарының домалақ абажурларының әрқайсысы көшеге іліп қойған бір ай сияқты; айлы түндегі аспанды белуардан қоршап тұрған аппақ таудың белдеуін өрлей өскен қалың шыршадан, қаланың күнгей жағын созыла қаусырған жотасы, алыстан қара-қылшық ақ қасқыр сияқтанып елестейді...

Осы көркем бейнеге Самарқан да Сырбайдан кем әсерленген жоқ. Ал, Алматыға бұрын келмеген Наталия, айлы түнде, алыстағы таудың жотасына, жердегі аппақ қарға қызыға қарағанмен, қаланы бүркеп тұрған әдемілікті, ол қаланы бұрын көрген адамдардай көкірегімен сезіне қоймады. Сондықтан:

— Қане, машинаға мінбейміз бе?— деген сөзді ол өзгелерінен бұрынырақ айтты.

Олар міңген машина, Сталин атындағы проспектімен айдай жөнелді.

Алматының көшесімен жүрген адам екі мезгілде оның үйлерін нақ қасына келмей көре алмайды: бірі — жаз, ағаштардың жапырақтанған кезінде, бірі — қыс, қар жауып, ағаштардың бұтақтарын бөлеген кезде.

Біздің жолаушылар Алматының көшесіне жиі өскен ағаштарының бұтақтарын қар бүркеген кезде кіргендіктен және қар күреушілер ғана болмаса, жүрісі азайған көшеде «ЗИС» зымырап кеткендіктен, ағаштардың тасасындағы үйлердің бірен-саранын ғана болмаса, көпшілігін көре алмады.

Наталияның естуінше, көшелері мен қораларына ағаш егілу жағынан Алматы дүниежүзілік қалалардың алдыңғы қатарынан орын алады. Айбаршаның айтуынша, бұл сияқты ағашты қала ешқайда жоқ. Естуі солай болғанмен, көшесінде машинамен зырлатып келе жатқан Наталия, бұл жүріп келе жатқан жолын қаланың көшесі екен деп емес, қалың орманның ішіндегі аллея екен деп жорыды. Сол ойын серіктеріне сұрау ретінде айтып еді:

— Алматыда, тауға қарай тартатын көшелердің ішінде ең үлкені де, ең көркемі де үш көше,— деді Самарқан,— бірі — осы біз жүріп келе жатқан Сталин атындағы проспект, бірі — Фурманов көшесі, бірі — Ленин атындағы проспект.

— Бізді қай гостиницаға апаратын едіңіз?— деп сұрады Самарқан шофердан.

— Делегаттар үйіне.

— Ендеше, сіз Гоголь көшесінен Сегізінші мартқа қарай бұрылыңыз да, одан жоғары өрлеп, Ленин атындағы проспектімен оралып, одан Қалининге түсіп, Фурмановтан төмендеп, гостиницаға Үкімет үйінің алдымен Кировты бойлап барыңыз.

«Неге?» дегендей, шофер қасында отырған Самарқанның кескініне бұрыла қарап еді:

— Қаланы бұрын көрмеген қонақтар келе жатыр,— деді Самарқан, дәл кім екендігін атап айтпай,— бүгін қала өте-мөте көркемденіп кеткен екен, жақсы көшелерін орап түсіп көрсетейік.

— Жақсы,— деді шофер.

Аталған маршрутпен машина зымырап келеді. Әрқайсысы өзінше ойға кеткендей, машинадағыларда үн-түн жоқ. Қаланың бүгін түндегі ерекше көркемдігіне де көзі аздан кейін тұна қалғандай болған Сырбайдың басында отырған ой — майдан маңындағы қалалармен тылдағы мына қаланы салыстыру: олар бүркеулі де, мынау ашық; сондықтан, оларда алынатын дем ауыр, мұнда алынатын дем жеңіл... Сол ойдағы Сырбай, «еркін демді олар қашан алар екен!» дегендей, ара-тұра күрсініп алды.

Көшелері әрі кең, әрі атқан оқтай түзу, әрі, осы көшелердің екі жақ қабырғасына, бойының биіктігі екі-үш этажды үйлерден асып, қолдық саласындай боп жиі ағаштар егілген Алматыны аралап келе жатқан Наталия, қаланың көркем бейнелеріне қызыға қараумен қатар, сол кезде есіне түсе қалған Киевпен салыстырып, Киевтегі зәулім биік үйлерді бұдан сирек кездестіргендіктен менсінбей де келе жатыр. Тек, машина Калининді өрлеп барып, Фурмановтан төмендеп, Кировты бойлай гостиницаға тартқанда ғана, осы көшелердегі үш этажды тұрғын комбинаттар мен Түрксиб басқармасын, одан Үкімет үйін, одан почта-телеграф үйін көргенде ғана, «Бұлар жақсы екен!» деп қойды Наталия ішінен. Самарқаннан сұрастырса, бұл үйлердің бәрі де Алматыға Қазақстан орталығы келгеннен бері ғана, яғни 1929 жылдың бержағында ғана орнаған екен. Одан бұрынғы Алматының үйлері Наталияға Украинаның тәуірлеу салынған поселкесінің үйлері ғана сияқтанды.

Гостиницада екі номер даярланыпты, бірі — Сырбай

мен Самарқанға, бірі Наталияға. Сырбай іштей: «Самарқан Наталиямен бірге болам деп айтар ма екен» деп жорып еді, оны айтпады; ол жөнде қулануды, Наталияны қызындай сыйлайтын Сырбай ерсі көрді. Тек қана басына келген жору —«түрлеріне қарағанда, осы жолы реттесіп қайтарсындар, тегі».

Гостиницаның номеріне орналасу үшін санобработка дегеннің керектігін Сырбай жаңа ғана білді, одан номерге кіріп ап өтуге рұқсат алған Самарқан, номерге барған соң Сырбайға ол жөнде айтып еді:

— Жуынған дұрыс қой, — деді Сырбай, — бірақ, ол жүдә қайда қашар дейсің. Одан да ауыр іс бар ғой.

— О не? — деп сұрады Самарқан.

— Почта жақын ба, бұл арадан?

— Жақын, оны қайтесіз?

— Жақын болса, сен соған бар да, ауылға діл-гірам бер!

— Не жөнінде?

— Дайра қатты тасып ма деген қорқынышта келдік қой, соны сұрау керек.

Самарқанның асыққысы келмегенмен, телеграмманы бермей Сырбайдың көңілі көншімейтінін көрген Самарқан, «ендеше сіз жуына беріңіз, мен қайтып кеп жуынайын» деді де кетіп қалды. Ол оралып келгенше, Сырбай жуынып боп шай даярлап жатыр екен. Шайдан кейін олар жатты. Жұмсақ вагонда орын болмағандықтан, олар Алмалықтан плацкарт вагонға мінген еді, онда орын тар болғандықтан, жолығыбай Самарқан өзіне екінші полкадан тиген орынға Сырбай мен Наталияны кезек-кезек тығықтырып, өзі тік отырып қалғып келген еді, сондықтан гостиница номеріндегі кроватька жата салысымен ол қор ете түсті.

Сырбай ұзақ уақытқа дейін ұйқтамады. Сонда оның басына шырмалған ой біреу ғана, ол — Сырдарияның тасуы. Сырбайдың шамалауынша, дарияның быйыл қатты тасуына толып жатқан белгілер бар сияқты, солардың ішінде: дарияның жарындағы тышқандардың інін шөлге тасуы, ондатрлардың дариядан көлдерге көшуі, мұздың бетіне мезгілінен бұрын қызылсу жүгіруі, балықтардың Арал теңізінен дарияға шығуы мезгілінен бұрын басталуы, тағы басқалар... Бақылау станцияларының хабарлауынша да, Сырдарияны құрастыратын Нарын мен Қарадарияның басталатын тауларында быйылғы жылдың

марты аяқтала жаңбыр көбейіп, су жылдағыдан өзендерге әлдекайда мол құйылып жатқан көрінеді. Сондықтан, Сырдарияның мұзы жылдағыдан ерте және кенет сөгілу қаупы бар... Осыларды айта кеп, Сырбайдың Алматыға жүргісі келмеп-ақ еді.

— Үкімет пен партияның қаулысын өзгертуге болмайды, Сыр-еке, баяндамаңыздың күні тағайындалып, сізді онда күтіп отыр, бірер күн боласыз да қайтасыз. Тіпті дария тасый қап, қауып төне қалған күнде де сіз жалғыз адам емессіз бе? Бір кісінің қолынан не келеді? Мұнда көпшілік бар, біз бармыз, бақылап отырамыз да, дария тасуға айналса, тиісті шара қолданармыз,— деп Рахмет болмады.

Сол кезде Анатолий Қондратьевич те сол маңда болып Рахметтің сөзін қостаған соң, Сырбай карт досына:

— Онда, мен келгенше, Анатөл өзің осында болсаң ғана барам,— деген соң, досы «болайын» деді.

Дария тасып, кемерінен төгілу қаупы туғанда да өзінің ішінде болуынан келер-кетері азын Сырбай шамалайды, дегенмен, сондай қауып туа қап, тұрғын ел дүрбелеңге түссе, оның ішінде боп, ауыр-жеңіліне ортақтаспауды қылмыс санайды. Алматыға ол осы оймен аттанды да, жолшыбай «дайра не халде екен?!» деген қауыппен келді. Оның Самарқанды жуынудан бұрын телеграфқа қуған себебі де осы еді.

— Шырағым! — деген еді ол Самарқан телеграфқа кетерде,— телепонмен бұдан да сөйлесуге бола ма, Алмалықпен?

— Алмалық түгіл Кентоғаймен де сөйлесуге болады,— деген еді Самарқан.

— Ендеше, мені таңертең ерте Рахметпен сөйлестіретін қып келші.

— Жарайды, Сыр-еке!

Телеграфтан қайтқан Самарқан, ертең ерте Рахметпен сөйлесуге телефонға заказ бергенін айта келді. Олар орналаскан номерде телефон бар. «Осыдан сөйлесесіз» деді Самарқан Сырбайға. Сырбай телефонды өзіне жақын қойып жатты. Сондағы ойы: «Қызылордадан Алмалықпен де, колхозбен де сөйлескенде жан жақсы-ақ естілуші еді, мынау алыс жерден қалай естілер екен?!»

Дарияның тасуы туралы ойланып жатып ұйқтаған Сырбайдың түсіне, ояудағы оймен шатаскан әлдене қорқыныштыы түстер кіріп, ол әлсін-әлсін шошып ояна

берді де, таңға жақын ғана дұрыс бір тәтті ұйқыға кетті... Оны сол құмарынан шығармай, кроватының басына таяу тұрған телефон шылдыр ете қалды. Шошып оянған Сырбай, әуелі қайда жатқанын шамалай алмай қап, кроватынан қарғып түскен қалпымен «аһа»-лап есеңгіреген қалпымен есікке қарай жөнеле беріп еді:

— Сыр-еке, қайда барасыз? — деді, телефонның шылдырынан емес, Сырбайдың кроватынан түскен дүсірінен оянған Самарқан басын көтеріп.

Қайда екенін сонда ғана шамалап тоқтай қап, қызарған былшықты көзін кең ашып кескініне қарай қалғанда, Самарқан әлі де шылдырап тұрған телефонға барып құлағын тосты да:

— Сыр-еке, бері келіңіз, Алмалықпен сөйлесесіз,— деп, бері жылжыған Сырбайға телефонның трубкасын ұстатты.

«Алматы, Алматы!» деген сөз шалынды Сырбайдың құлағына.

— Ие, жүдә, Алматыдан, мен Сырбай,— деді шал.

Аржағында самбырлап ашық естілген дауысты Сырбай таный кетті, Рахметтің даусы!

Дария жайынан басқа сөзді Сырбай сұрағаң жоқ. Расы ма, жұбатуы ма, Рахметтің айтуынша әзірге пәлендей қауып жоқ сыяқты. Сырбай:

— Шырағым, сен егер қауып болса, жүдә жасырма менен. Бүгін жасырып, ертең жаманат хабар шықса, оның арты жүдә ұятқа, үлкен өкпеге соғады,— деп қыйыла айтып еді, дария тасу қаупының ұлғайғанын көре-біле тұра, баяндама жасауына әсері тиер деген оймен Рахмет:

— Қорықпаңыз, Сыр-еке, қорқатын дәнеңе жоқ,—деген сөзін әлденеше рет қайталап айтты.

Рахметтің сөзіне сенгенмен, Сырбайдың көңдесіне ұялаған қауып кете қоймады; сондықтан ол, телефонмен сөйлесіп болғаннан кейін кроватына жатқанмен, мезгілі әлі ерте болғанмен, Самарқан тағы да қор ете түскенмен, күн көтеріліп, гостиница адамдары тұрғанша кірпігін жұмған жоқ...

Жер-су Комиссариатының коллегиясында Сырбайдың баяндамасы күндізгі сағат үште басталды. Оған дейін серіктері мен Сырбай Халық Комиссарлар Советі мен Қазақстан Орталық Партия Комитетінің ауылшаруашылық бөлімдерінде болып, өздерінің істерінен біраз мәлім г

берді де, біраз қажетті мәселелерін өткізіп алды, солардың бірі «Кеңтоғай» колхозын осы жылдың көктемінен қалдырмай электрлендіру.

Коллегия мәжіліс басталардан бұрын серіктері мен Сырбай Наркомның кабинетіне кірсе, онда Орталық Комитеттің екінші секретары, Комиссарлар Советінің председателі, Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Академиясының Қазақстандағы филиалының президиум председателі, ауылшаруашылық ғылымының біраз докторлары мен кандидаттары, бірнеше жазушы, тағы біраз адамдар отыр екен. Солардың ішінен, Орталық Комитеттің секретары Сырбаймен қалжыңдаса көбірек сөйлесті. Сонда Самарқан шалдың ау-жайын байқаса, жолшыбайғы айтқанындай қымсынар түрі жоқ, жайшылықта өзіне тән мінезбен, әрбір сұрауға білгенінше тайсалмай, қысқаша, тура жауап береді.

Баяндамада Сырбай одан да өткірленіп кетті. Коллегия мәжілісінің кең залына лық толған адамдардың қарсы алдындағы сахнаға коллегия мүшелері және басқарушы жолдастармен ол бірге шыққанда, залдан шапалақ ду ете түсті де, сахна алдына әкеп құрып қойған киноаппараттардың шамдары жарқырай қалды. Бұрын дәл мұндай жағдайда болып көрмеген Сырбай, өзін киноға түсіріп жатқанын, фотографтар да мол жарықпен пайдаланып портретін басып жатқанын білген жоқ.

Сырбайға сөз берілгенде киноаппараттардың шамдары сөнді. Сырбай трибунаға көтеріле бергенде, залдағы адамдардың ішінде отырған Самарқан мен Наталияның жүректері дір ете қалды. Өйткені, осында келерде аудан орталығында мол өнім алушылардың аудандық мәслихаты болып, Сырбай сонда өз тәжрибесінен баяндама жасағанда, әрі Айбаршаға жаздырып алған баяндамасының желісінен шығып аузына түскен сөзін айтып кеткен де, әрі ауызша сөзінде желі болмай, тәжрибе істерін бытыстырып әрең айтып шыққан. Бұл қылығы үшін қарт адамды туралап ұрсуды ерсі көрген Рахмет: «Алматыға барғанда да осылай сөйлесеңіз ұят болар, Сыр-еке» деп бастап, біраз жұмсақ сөздермен жыйнақы сөйлеуін қатты ескерткен. Сол сөздерін ол Самарқанға да оңашалап айтып, «шалдың қытығына тимейтіндей түрде жолшыбай даярлап бар» деп тапсырған. Сол тапсырманы орындау мақсатымен Самарқан вагонда Сырбайға сөз қатып көріп еді:

— Жүдә, қайтесің шырағым, мені қайрап,— деді Сырбай ұнатпаған дауыспен,— біз қайрауы жетіп мұқалған кісі. Үйреткенмен молда болу, біздей кәріге жүдә қыйын енді. Ауызға не түссе соны айтармын.

Одан әрі қузаса шалды ашуландырып алармын деп қорыққан Самарқан, енді ол жөнде сөз қозғамай, тек оңашада ғана Наталияға «осылай да осылай» деп келіп, «бұлдірмесе жарар еді» деген қаупын айтқан. Осы қаупын ол Жер-су Комиссариатының коллегиясы басталарда да айтып, Сырбай трибунаға шыққанда, екеуінің жүректері суылдай қалған себептері сол болған.

Самарқан мен Наталияның қуанышына, Сырбайдың бұл жолы іркілмей сөйлеуі, трибунаға көтерілгеннен-ақ көрінді. Мұндай топта құлашын саспай сермейтін кейбір топ көрген шешендерше, ол трибунаға көтерілген соң, салмақты кескінмен залды еркін бір шолып алды да, баяндамасына кірісті.

Өзі таныйтын почеркпен жазып берілген баяндама қолында болғанымен, Алмалықтағы мәслихатта баяндамасын шатастырып жасауынан іштей қатты ұялғаннан кейін, қолындағы жазылған баяндаманы әлденеше рет қайталап оқып, сөздерін жаттап алармық халге жақындағанмен, Сырбай бұл жолы да жазылған баяндамаға қарамай, сөзін ауызша бастады.

— Ие, жолдастар,— деп бастады ол сөзін,— оқымаған бір кісі едім мен, бәріңнің де көздерің түйе көрмеген жылқылардай маған жүдә төне қалған екен; шешендік деген, менің өзім түгіл ата-бабама бітіп көрген емес, ауызға түскен сөзді дұрыстап айтып шыға алсам, одан артықты менен жүдә тілемессіңдер.

Жұрт ол сөзге ду күлді. Содан әрі, серіктерінің де, мәслихатқа қатнасқан өзге адамдардың хайран қалуына да қарамай Сырбай ауызша баяндамасын мәп-мәйда қып өрістетіп әкетті. Іске ғана байланысты қысқа сөзден құрастырған баяндамасының арасында ол, Самарқан мен Наталия талай уақыт істес болғанда естіп көрмеген күлық сөздерді тауып, мәслихаттағыларды әлсін-әлсін сүйсіндіре күлдіріп отырды және олар ризалықпен күлгендіктерін білдіргісі келгендей, әлсін-әлсін қолдарын шапалақтасты.

Баяндамадан кейін сөйлегендер, ең алдымен, баяндаманың биік дәрежеде және қызғылықты түрде өткенін атай кетіп, аржағында, күріштің өнімін бұдан зор арт-

тыруға қажетті шаралардан Сырбай мен оның серіктерінің есінде қаларлықтай біраз пайдалы ақылдар айтты.

Кешке Сырбай мен оның серіктерін Орталық Комитетінің екінші секретары таудағы дачасына қонаққа алып кетті. Қонаққа кетер алдында олардың номеріне келіп шыққан Наркомның айтуынша, ендігі программа былай болмақ екен: қонақтар ертең күндіз қаланың тамаша орындарын аралайды, кешке «Гвардия алға» операсын тыңдайды, келесі күні сағат күндізгі екіде, Сырбай Алматыдағы Ауылшаруашылық институтының егін шаруашылық факультетінде қазақ тілінде лекция оқыйды да, Наталия орысшаға аударады, сол күні кешкі поезбен қонақтар мекеніне қайтады.

Сырбайдың бір мінезі — театрда спектакль көруге төзбейтін еді де, не шығып кетіп, не оны ұят көрсе, іші пысып қалғыйтын еді. Сондықтан ертеңіне ол, Самарқан мен Наталия қаншама қызықтыра сыйпаттағанмен операға бармай қалды.

Серіктері театрға кеткеннен кейін, кешкі асын ішкен Сырбай кроватына шешініп жатып қалғый беріп еді, телефон шылдыр ете қалды.

— Әу! — деді оянып кеткен Сырбай, телефонның трубкасын құлағына, басын кроватьтан көтермей тосып.

— Сыр-екеңсіз бе? — деді біреу қазақша сөйлеп.

— Иә, мен, Сырбай... Сен кімсің?

— Мен Совнаркомның бір қызметкерімін.

— Иә, шырағым, не айтайын деп ең?

— Сіздің үлкен үйге келіп шығуыңыз қажет болып еді де.

— Е, барайын, бірақ, жүдә таба алсам.

— Өзім машинамен барып алып қайтам.

— Жүдә жақсы.

— Серіктеріңіз қасыңызда ма?

— Олар спектакль көреміз деп кетті.

— Ә, жақсы,— деп сөйлесуші трубканы іліп қойды.

«Жеті қараңғы түнде неге керек болдым екен?» деген оймен Сырбай кроватынан тұрды да киіне бастады.

Ол киініп боп күтіп отырғанда номерге Самарқан, Наталия және танымайтын бір қазақ жігіті кіріп келді.

— Е, неге ерте қайттыңдар? — деді Сырбай Самарқан мен Наталияға, танымайтын жігітке амандасқаннан кейін.

— Совнаркомға бізді де шақырыпты,— деді Самаркан.

— Жүдә, сонша асығыс не боп қалған екен?

— Оны мына жолдас білмесе біз қайдан білейік,— деп Самаркан Совнаркомның қызметкерін иегімен нұскады.

— Мен де білмедім,— деді ол,— председательдің өзі қажет қып жатқан көрінеді. Маған сіздерді тез жеткізіп беруді тапсырды.

— Қауырт бір жұмыс болғаны да,— деді Сырбай түрегеп, сырт киімін киініп жатып, өз ішінде «дайра тасымағай!» деп қауыптанып.

Сырбайдың қаупы раска шықты. Қызылорданың облыстық Исполкомы Совнаркомға дарияның мұзы кешке қарай кенет көтерілгенін, жоғарғы жақтан тасқын катты келгендіктен, дарияның Алмалық тұсындағы имек жеріне сең шоғарылып іркіле бастағанын, сең ол арадан жылжымай ошарылып тұрып қалса, тасқын суды бөгеп судың кемерден Алмалық жақтағы көтермеге қарай ақтарыла құлау қаупы барын телеграммамен хабарлапты.

Председатель бұл телеграмманы Сырбайға салмақты дауыспен қазақшылап оқып берді. Содан кейін ол көзілдірігін алып Сырбайға қараса, кескіні әлем-тапырық болып кетіпті. Дарияның Алмалық тұсындағы хал-жайын жақсы білетін председатель, іштей өзі де қауыптана отыра, Сырбайды үрейлендіргісі келмей басалқы сөздер айта бастап еді:

— Шырағым,— деді Сырбай бөгеп,— басқа төнген зор қауыпты сен кішірейтем дегенмен кішірейе қоя ма ол. Тек арты қайырлы болсын, жүдә, бір керемет болғалы тұр екен. Мұны қайтесіңдер енді?

— Қайтеміз? Хабар күтеміз. Мүмкін мұз өтіп кетер.

— Егер өтпесе?

— Оған да шара қолданармыз.

— Мысалы?

— Соғыс ұйымдарымен сөйлесіп, мұзды бұздыру шарасын істетеміз де. Сіздерді шақыртқанымыз: хабардар болып тұрсын дедім де. Сіз қорқа қалдыңыз, ақсақал. Тыйышсызданбай-ақ қойыңыз. Әр кезде осындай жағдай кездеседі екен ғой. Дарияны игерерлік күш бар, саспаңыз, номеріңізге барып тыныңыз, түнде не хал болғанын танертең тағы хабарлармыз.

— Мен оған жүдә шыдай алмаспын,— деді Сырбай,— қазір мені қайтар.

— Ол болмас, ақсақал.

— Болдыр, шырағым. Сөзді жүдә қысқасынан қайырғанға ренжи көрме. Сыйлап шақырып, ренжітіп қайтармандар, бүгін кетпесем жүдә қатты ренжимін.

Сырбайды сөзіне көндіре алмасын көрген председатель:

— Бүгінгі поезд кетіп қалды ғой, ақсақал,— деп еді:

— Со жаққа жүретін басқа пойыз жоқ па екен? — деп сұрады Сырбай.

Председатель жәрдемшісінен білдірсе, таңға жақын Новосибирь — Ташкент поезы өтеді екен. «Соған мінгіз» деп өтінген Сырбайға:

— Арыста түсіп қаласыз ғой, одан. Іле поезд келе қойса жақсы, әйтпесе Алматының ертеңгі поезын бәрібір күтесіз ғой,— деп еді:

— Тәуекел, жүрем,— деп Сырбай болмады. Ертеңгі лекциясының жайын айтып еді:

— Әуелі кеуілді тыныштандырып алайық та,— деді Сырбай,— басында қорқыныш дуылдап тұрғанда қай сөз шығады дейсің одан.

Новосибирь — Ташкент поезымен таңға жақын жүруге уәделескен Сырбай, серіктерімен гостиницаға қайтты.

Бара төсегіне шешініп жатқанмен, оның көзі ілінбеді, ілінейін десе-ақ, әлдене қорқынышты картиналар елестеп, шошына берді.

Председатель де үйіне қауыпты оймен қайтып, егер қатердің күшеюі туралы телеграмма келсе, келген сәтінде жеткізіп беруді Совнаркомның сол түнгі дежурныйына тапсырып кеткен еді. Сол телеграмма оның үйіне, көзі ұйқыға жаңа ғана кетіп баратқан кезде келіп қалды.

«Хал аса қыйындады,— деп жазыпты телеграммада,— дарияның имек тұсына жыйналған сендер тау болып үйіліп, біржола бекіді, судың жолын жапты. Тасқын күшейе түсті. Іркілген су, жарқабаққа жарты-ақ метрдей қалды. Мамандардың мөлшерлеуінше, іркілген су жардан асып төгілсе, көтерме мен жардың арасындағы сайға сыймайды. Егер көтермеден асып төгілсе, Алмалық қаласын әп-сәтте жойып жібереді де, темір жолдың жотасын бұзып өтіп, әрі құм-далаға қарай кете барады; мұның аты — дариядан айрылу деген сөз. Тығыз шара қолдануларыңызды өтінеміз».

Бұл телеграмманы оқыған председатель үйінде шыдап жата алмады да, тез Үкімет үйіне барып, Совнарком мен Орталық Комитеттің бюро мүшелерін хабарлады. Олар тез жыйналғаннан кейін, мәселені талқылап, үкіметтік комиссия құрылды да, оқыйға болып жатқан жерге түнде самолетпен ұшпақ болды.

— Сырбайға хабарлау керек,— деді председатель.

— Бірақ, сомелетке мінді ме, жоқ па, сонысын білу керек,— десті біреулер,— егер бұрын мінбесе, қорқса, позбен-ақ жіберу керек.

Сол сәтте Сырбайды шақыртып ап сұрап еді:

— Мініп көрген жоқпын,— деді төнген қатердің мөлшерін жобалаған Сырбай,— бірақ, мінем.

Үкімет комиссиясының мүшелерін, серіктерімен Сырбайды мінгізген согыстық самолет, таң қарангысы кезінде аспанға көтеріле берді.

Он алтыншы тарау

ДАУЫЛ КҮНІ

Быйыл Сырдарияның қатты тасуға мүмкіншілігі барын, Сыр бойындағы су станциялары күн бұрын жорамалдап хабарлай бастады. Бұл кезде плотинаны жоспарлау жұмысының аса бір қауырт кезі болғанмен Бақабас тұсындағы өзен арнасының тұзағынан аса қауыптанатын Анатолий Кондратьевич шыдап жата алмай, қызметтес адамдарына тиісті тапсырмаларын беріп, өзі канал басына кетті. Ол Алмалыққа келсе, райкомда күтілген қауыпқа сақтық жұмысын басқаратын комиссия құрылып жатыр екен. Рахмет Анатолий Кондратьевичтен осы комиссияны басқаруды өтініп еді, қарт бастартқан жоқ. Комиссия мүшелері сол күні Бақабас тұзағының бойына жүріп кетті...

Ол күні кешке қарай жел тыпып, күннің көзі көкжиектің ашығына байығанмен, сол мезгілді Сырдарияның биік бір жарқабағында өткізген Анатолий Кондратьевич, бүгінгі түнде дауыл көтерілерін жобалап тұрды.

Өмірінің саналы жағын түгелімен Сырдария бойында өткізген оның қыс болса боранды дауылға, жаз болса нөсерлі дауылға хабаршы көретін бір белгісі — қара тағандардың тобы аспанға биіктей көтеріліп ап асыр салуы

болатын. Бір ғажабы — осы тағандар жайшылықта Сыр бойында көзге көріне қоймайды да, қайдан қалай келері белгісіз, дауыл алдында қара шоғырланған тобымен аспанға көтеріле қалады.

Бүгін де олар күн бата сөйтті. Оның алдында, дарияның сені бөгелер деп қатер күткен жеріне бақылауға қойған адамдар:

— Жел тынды, күн ашыққа байыды, бүгін түн тыныш болар,— дегенде, солардың ішінде тұрған Анатолий Кондратьевич:

— Әй, білмеймін,— деген күдік айтқан еді.— Көкжиектің сонау Бұхара жағында таудың жотасына ұқсап қарауытқанды көрмеймісіңдер, сол батып баратқан бұлт емес, көтеріліп келе жатқан бұлт, мүмкін дауылдың бұлты болуы.

Анатолий Кондратьевичті біреулер қостап, біреулер қостамай өзара дабырласып тұрғанда, дарияның Бұхара жақтағы алысырақ бетіне қалыңдай өскен сексеуілдей аспанға қара тағандардың қалың тобы азан-қазан шұласып көтеріле берді.

— Енді таласпандар,— деді Анатолий Кондратьевич,— дауылды болды деңдер де қойыңдар. Айдың жарық кезі, сол дауылдың бері қарай жылжығанын көріп те тұрармыз; байқарсыңдар, сонау көкжиекте қарауытқан бұлттың жотасы енді жоғарылай береді; бұл түскә ол, түн ортасы ауа жетуі мүмкін, дәл таңға бара қоймас... Егер дауыл көтерген бұлт болса, Сырдарияның мұзын, түбінен бері қарай сөге айдайды, мұздың асты мен үстіндегі суды дауыл тебірентсе, дарияның өн-бойындағы сең жедел, тұтас көтерілуі мүмкін; олай болғанда, дарияның сендер күзеткен тұсында шұғылынан иілген жерлеріне сеңдер ошарылып тоқтайды да, қатер зораяды.

Анатолий Кондратьевичтің жорамалынан балды да, балсыз да болмаған күзет адамдары, аяқ-қолдарын жылнакы ұстауға уәделесті. Аудан орталығынан сол араға дейін сирек қағылған қазықтардың басына сым тартылып, күзет орнына уақытша телефон құрылған еді. Сол телефон арқылы, аудандық партия комитетіне Анатолий Кондратьевич күткен қауіпты хабарлап қойды. Рахмет түнде келуге уәде берді.

Сол кезде толыққан ай шығыс жақ көкжиектен күн батқан соң-ақ көтерілді де, ымыртқа қарай аспанға жо-

ғарылап алды. Сыр бойына быйыл жұқа түскен қар, Жаңа Жыл бастала күнгей жақ беттен үздіксіз ескен қоңыржай желдің лебінен алдақашан еріп боп, Сырдың өлкесіне өскен ірілі-уақты бұталар күндіз құбаланып, айлы түнде қоңырланып, айсыз түнде қарауытып тұратын.

Айдың бүгінгі жарықтығы күндегісінен күштірек болды ма, немене, дария жағасында күзетте отырғандарға төңірек бүгін өзге айлы түндей қоңырланып емес, ақтаңгерленіп көрінді.

Ай жоғарылаған сайын, Бұхара жақ беттегі көкжиекте қарауытқан бұлт та жоғарылай берді...

Көздерін аспанға жоғарылаған ай мен бұлтқа кезек тіккен күзетшілер, дарияның сол бір тұстағы тік жарқабағына аяқтарын салбырата асып, шынды жиектей қонған құлардай қаз-қатар отыр. Барлық саны он шақты кісі.

Дарияға қатқан мұздың бетіне жүгірген қызылсудың, Сырбай Алматыға аттанарда қалыңдағанын біздің оқушылар өткен тараудан жақсы біледі. Күзетшілердің бақылауынша, сол қызылсу қалыңдай түспесе төмендемеген сияқты.

Табиғаттың мылқау күші адамға қорқыныш көрінгенмен, өзіне көркем. Тымық ауалы түнде, мұздың бетімен толқынсыз, сыбдырсыз жорғалаған қызылсудың қызғылт бетіне аспанда биіктеген айдың сәулесі себілсе, судың беті күлген сәбидің кескініне ұқсайды.

Соған әсерленді ме, әлде, биіктеуі аспанды орталап, жарқын жүзді айдың бетін жабуға таянып келе жатқан қалың қара бұлттан сескенулері күшейді ме, күзеттегілерде үн-түн жоқ.

Әрқайсысы әртүрлі ойдағы күзетшілерден Анатолий Кондратьевичтің ойына ерекше үңіліп көрейік; өйткені, бұл жардың жағасында отырғандардан, бүгінгі қатерді одан артық болжап та, уайымдап та отырғаны жоқ. Оның бұл ойын айқын ұғу үшін, өткен тараулардан өзімізге мәлім кейбір мәселелерді еске түсіре кетуіміз қажет.

Бұрын «Бақабас» аталатын бұл ішке жоламай, каналдың сағасын «Құстұмсық» аталатын иіннен алмақ боп жоспар жасаған кезде-ақ, осындай қатердің туарын Анатолий Кондратьевич білген еді ғой. Каналдың сағасы «Құстұмсықтан» басталғанда, мұндай қатер адамды өзінде қорқыту түгіл, түсінде де қорқыта алмас еді. Соны

ойлап лепірген Анатолий Кондратьевичтің ойын, канал жүретін жолдан оқпан шығуы, су құйылған оттай сөндіріп тастаған сыяқтанды.

Қаналдың Құстұмсықтан басталуы іске аспай қалған соң, Байжанның жоспарлауымен, сағаны Бақабастан алу мәселесі кеп туды. Дарияның бұл арадан жарды жырып далаға ақтарылу қаупы барын көре тұра, Анатолий Кондратьевич, біраз пікірлескеннен кейін, бұл жоспармен ризаласты, оған себеп: егер ризаласпаса, бұл маңайда, Бақабастан басқа каналдың сағасын алатын ніи жоқ; егер одан алмаса, бұл ауданда канал жүргізуге болмайды, ол мүмкін емес іс.

Сағаны Бақабастан алуға Анатолий Кондратьевичті көндірген бір себеп осы болса, екінші себеп, Байжанның бізге мәлім жоспарлауы бойынша, Бақабастың қатерлі жерлерін бекітуге мүмкіншілік толық, оған керекті жағдайды жасауға үкімет қаулы шығарып отыр, ендеше, іркілетін не бар?..

Басында іркілгенмен, каналды Бақабастан алу туралы қаулы шыққаннан кейін, Анатолий Кондратьевичтің мойындағаны да, Байжан басқарған канал құрылысына жәрдемші болғаны да бізге мәлім. Сондағы оның мықты таянышы — Сталиннің «Большевиктер алмайтын қамал жоқ» деген сөзі.

Бақабастың да «қамалдарын» большевиктер алуына Анатолий Кондратьевичтің сенімі тастай бекіген кезде, сұрапыл соғыс басталды да жүре берді. Мұндағы «қамалдарды» алуға керекті заттар майданның қажетіне жұмсалғанын Анатолий Кондратьевич жақсы ұқты да, жоспарлы істерінің біразы соғыс біткенше орындалмайтынын көре тұра, мұндай қатерлі тұстан канал құрылысын жүргізгендігі үшін күйеуі — Байжанға ұрыспады.

Сыртына солайша сыр бермеген Анатолий Кондратьевичтің ішкі ереуілі күн санап күшейе түсті, сондағы қаупы — жылында екі-үш рет тасыйтын, кей жылдары қорқынышсыз тасығанмен, анда-санда зәренді кетіре тасыйтын Сырдарияның ойда жоқта киіп кетуі.

Сол қауып бұрын ойда ғана жүрсе, бүгін, сонау бері қарай жылжып келе жатқан қара бұлттай боп басқа тура төнді. Қауып жай ғана сіркіреп өтетін бұлттай зиянсыз ауа қойса жақсы, егер өйтпей, бұрқан-тарқан боп дауылдатып кетсе қайтпек?!

Дауыл көтерілмесін!.. Су тасымасын!.. Сөгілген сең

қамалмасын!.. Егер өйте қалса, оған төтеп болар бекініс бұл арада жоқ... Өйте қалған күнде хал не болмақ?.. Отанның бар күші жауды женуге жұмсалуда... Сол қалың күштен, егер дария жарды бұза қалған күнде, оны бөгеуге қажетті күш бөліне ме, жоқ па?.. Бөліне қалса, дарияның мылқау күші большевиктерге бас иетініне Анатолий Кондратьевичтің сенімі берік. Оның қаупы: «Осы күш қажетті шағында бөліне алмай ма» деп ойлауда... Егер қажетті күш кезінде жете алмаса, дария жарды бұзып ақтарылып, одан көтермені аттап Алмалық қаласына лап қойса, оны ғарық қып, аржағындағы темір жолды бұзып, арғы саяңға кетсе... Оның аты — баяғыдан бері көздің қарашығындай қымбат көріп келген Сырдарияның суынан айрылу, құмға сіңіп жоғалып жатқан Талас, Шу өзендері сияқты, қымбат қазнаны босқа төгу!.. Олай болғанда, жалғыз Анатолий Кондратьевичтің ғана емес, осы дарияның суын пайдалануда нелер мыңдар жыл сіңірген, нелер мыңдаған адамдар еңбегі еш болады!..

Анатолий Кондратьевич осындай қалың ойдың шырмауында тұнжырап отырған кезде, аспанға өрлеген қара бұлт, айдың бетін жапты да, өзі аспанның белуарынан бермен қарай жаңа аса бергенмен, қарақоңыр көлеңкесін сілке сілтеп, жердің бетін бүркей жауып жіберді. Сол кезде, жерге қараңғылық түсуін күтіп тұрғандай-ақ жел де көтеріліп, айналадағы ағаш, шөптердің тербелген денесінен, жыланның ысылындай үндер шыға бастады. Судың беті де сол сәтте толқындана бастағаны құлаққа шалынды.

— Ал, жолдастар,— деді Анатолий Кондратьевич сол кезде жарқабақтан көтеріле беріп,— даулы басталды, енді. Тек, ақыры жақсылық болсын.

Өзгелері де түрегелісті. Олардың арасындағы телефонистка Таня дейтін қыз еді.

— Танечка,— деп лауыстады Анатолий Кондратьевич, қараңғыда оны өзгелерден ажырата алмай.

— Мен мұнда,— деп дыбыс берді Таня.

— Бар, кепеге бар да, райкомға дауылдың басталғанын хабарла!

Таня кеткенде, өзгелері бөлек жардың басында қалып қойды.

Елдің ұғымында бақалар көктемде суға сүңгіп ап бекерге бақылдап жатпайды, көктемде көбейген суды жұтып тауысам деп бақылдайды. Крыловтың «Бақа мен

өгіз» дейтін мысалында, бақаның суды өгізбен ерегісіп ішіп, шамасын білмей жарылып өлуі, елдің осындай ұғымына байланысты жазылуы керек.

Үрлеген желдің, толқыған судың минут сайын күшейе түсуін сезіп, дыбыстарына құлақ түрген Анатолий Кондратьевичтің ойына, карт досы Сырбайдың бір сөзі түсіп кетті.

Қаналдың сағасы Бақабастан алынуы бекілгеннен кейін бір жолыққанда, Сырбай оған:

— Дуадақ шөлсізде, қаз-үйрек көлсізде, бақа құрдымсызда тұра алмайды, десетін еді, бұрынғы даналар; «суды құртам дейтін пәле» десетін еді бақаларды, мына бір иіннен каналдың сағасын алғалы отырмыз; өзі жақсы болғанмен, Бақабас деген аты жаман, бір шақта дария құрдымға айналдыратын саға болмаса жарар еді бұл,— деген еді.

Досының сол сөзін есіне түсіріп, дауылдың шуына құлақ түрген Анатолий Кондратьевич; «карт болса, сол сөзін қазір қайталар еді-ау, бірақ ол бұл арада жоқ, Алматыда... Менің басымдағы халді дәл осы сәтте сезе ме екен, жоқ па екен?!» деп ойлап, ауыр күрсініп алды...

Жел қатая, толқын сарылдай, өсімдіктер шулай түсті. Сол дыбыстарға тыңдаушылардың ойы ауырлай берді... Бір кезде мыңдаған танк келе жатқандай, сатыр-күтір дыбыстар шықты.

— Сең сөгілді!— деді Анатолий Кондратьевич.

Мұздың сатыр-күтірі құлақтарын тұндырған олар қастарына кеп тоқтаған автомобильді фарының жарығынан болмаса, дыбысынан айыра да алмас еді. Келген Рахмет екен. Не істеу туралы ақылдасқанда:

— Мүмкін, мұз тоқырамай өтіп кетер,— деді ол,— сонда да сақтану керек болар деп, жақын жердегі колхоздардан адамдар жыйнауға Байжан кетті. Хал-жайды анықтап алмай Алматыны әбігерлендірмейік деп хабар берген жоқпыз, жыйнаңқы тұрсын деп Қызылорданы ғана хабарладық. Жоғарғы жақтардан алған телеграммаларға қарағанда, тасқын қатты болғанмен, сең бір қалыпта жылжып келе жатқан көрінеді.

Не істеу туралы ақылдасқанда, Рахметтің ұсынысы: таңға дейін дария жағасының шығысы мен батысына салт атты бақылаушылар жіберіп, сең мен судың жүрісін байқату еді. Бірақ, аздан кейін қарлы-жаңбырды араластыра нөсерлей төккен қара бұлт пен ышқына есуі үдеп кеткен

дауыл олай етуге мұрша бермеді. Қарлы жаңбыр мен дауыл күшейіп алған кезде қараңғылық тіпті қоюланып, адам жол тауып бір жаққа бару түгіл, өз денесін өзі көре алмайтын халге жетті.

Жаңбырмен араласа, ұйтқый, орай бораған жылбысқа қар, адам қалай қарап ықтаса да бетінің ұңғыл-шұңғылына жабыса үйімелеп, алақанмен сыпырып тастамаса түспеді, кірпікке тығылып көзді аштырмады. Осындай халде, дария жағасындағылар автомашинаның қараңғылықты үңгірлей жол ашқан фарының жарығымен, сол маңайда штабтық міндет атқарған жеркепені зорға тауып паналады.

Мұншама сұрапылдың ішінде отырып, олар түн бойы кірпік қақпаған жоқ. Қалай кірпік қақсын, тасыған дария кемерінде бар ма, жоқ па, әлде асып төгіліп төңіректі тасқын басып жатыр ма, одан хабарлары жоқ, тек көңілге бір ғана медеу — Алмалықпен телефон арқылы байланысса, ондай сақтану штабынан алынатын хабар — тасқын селінің қалаға әзірге бармауы.

Кепедегілердің әсіресе Рахметтің тағы бір уайымы — колхоздардан осы араға келем деп шығушылар адасып апатқа ұшырауы.

Олар сондай тырсылдаған халде отырғанда, дала бозамықтана бастады. Бұл әрине, таң атуы. Дауыл мен қарлы жауынның күші қаншалық екендігі сонда ғана айқын көрінді: не адамды, не көлікті бет қаратар түрлері жоқ, таң ата бәсеңдеудің орнына, түндегісінен де күшейіп алған сияқты.

Дегенмен, таң атқан соң жан-жаққа салт барлаушылар жіберілді. Оларға берілген тапсырма: «Дарияның жарынан жазбасаңдар адаспайсыңдар».

Қанша айтқанмен, күндіздің аты — күндіз, барлаушылар орасан қыйындықтарға ұшырағанмен, әржерде тоқырап иін тірескен мұздардың су асты-үстінен жол тауып ілгері ағып жатқандығын хабарлады.

Сағаттары барлардың шамалауынша, мөлшіл түске тармасқан кезде қарлы жаңбыр бәсеңдеді. Бірақ жел үдей және салқындай түсті. Кешке қарай желдің екпіні ақпан-қаңтардағы суықтай ызғырықтанып алды. Сол кезде жаңбыр тыйылып бірыңғай боран түтеп кетті. Түстен кейін бұл араға саны екі-үш жүздей колхозшылар жиналған еді, оларға мекен тауып беру — аса қыйын мәселенің бірі болды. Мұндай тарыншылық халді қазақтар

бейнелеп айтқанда «бір тарының қауызына сыйды» деседі ғой. Сол сөз рас екен. Қысыла келгенде, жайшылықта он — он бес кісіге ғана пана болар дейтін кепеге, оның маңына жыйналған адамдар иін тіресе сығылысса да сыйып кетті.

Күн бата қайтқан барлаушылар жаман хабар әкелді, ол — дария арнасының шұғыл иілетін бір жеріне сеңдердің үйіліп, бірінің үстіне бірі шыға бастауы. Судың, әсіресе көктемдегі тасқын судың сырын көп білетін Анатолий Кондратьевичтің айтуынша, бұл жаман белгі.

— Мұндай кезде,— деді ол кепедегілерге,— жыйналған сеңдер бірін бірі сүзгілегенде тереңдігі жеті-сегіз метрлік дария суының түбі түгіл, жыйырма-жыйырма бес метрдей терең суы бар теңіздің де түбін қауып, біріне бірі мінбелей келе, су бетіне тау боп өсіп кетеді. Өзендердің арнасына олай байланған сеңдер судың жолын жабады да, жардан асып төгілетін кезі сонда болады. Сеңдер үйіле бастады дегенше, судың жолы жабылды деп біл. Шын қауып енді туды.

Түтеген боранда не істеуге білмей сасқан жұртты аяғандай, боран түн ортасына қарай саябырлап барып басылды. Сол кезде бұлт та ыдырап, қоңырлана сөгілген оның арасынан айдың сәулесі елестей бастады. Сол кезде Рахмет, Анатолий Кондратьевич және жаңа ғана келіп үлгерген Байжан үшеуі салт мініп дарияның арнасын жағаласа, алды бөгелген су жоғарылап, жардың аласалау кемеріне қылқылдап қапты. Халдің қыйындауға айналғанын абайлаған олар шоқыта шауып мұз бөгелді деген жерге барса, соқтыққан сеңдердің дария арнасының түбін қауып, біріне бірі мінбелеп, өсіп кеткендігі, сөйтіп, үймелеген сеңдер биіктеп, бойы жардан жоғары асып, ағын судың алдын нық бекітіп жапқандығы айқын көрініп тұр: үйілген сеңдердің ық жағының суы жел жағынан әлдеқайда аласа.

Енді не істеу керектігі туралы сол арада тұрып аз сөзбен ақылдасқанда:

— Біздің ауданның өлі келуден кеткен бөгет екен бұл,— деді Рахмет,— үкімет күші араласпай, біз аудан күшімен төтеп бола алмаймыз енді; сондықтан, осы халді айтып Қызылордаға да, Алматыға да телеграмма беру керек.

Алмалыққа баруға ешкімнің қолы тимейтін болған соң, өткен тарауда Совнарком атына берілген бізге мә-

лім телеграмма, дария жағасынан Алмалықтағы телеграфқа телефон арқылы жолданды.

Облыс пен республикадан хабар күтпей-ақ дария жағасына жыйналғандар іске кірісті. Бұл кезде олардың саны көбейіп, мыңды алқымдап қалған еді, солардың ішінде Айбарша да жүр... Оның жүкті екендігі, өзінен басқа ешкімнің есіне кіре қойған жоқ.

Қатерді күн бұрын жобалаған аудан басшылары дария жағасының кейбір қауыпты-ау деп жорамалдаған жерлеріне, егер су жыра қалғандай болса тастай сап бекітерміз деп, құм толтырған қаптарды, буылған қарабураларды, шеңгел, жиделерден буған бастырғыларды әкеп қойған. Сондай жерлердің «аса қауыпты» деген біреуіне әлденеше адам атпен барып көрсе, көтерілген су сол арадағы жырақалау бір тұстың кемеріне таянып қапты. Алды тіреліп ағысынан бөгелген сеңдердің де жыйылған арт жағы осы тұста қоюлана бастапты. Ол сеңдерге кейіннен ағып келген сеңдер сатыр-күтір соғылып, бірінің үстіне бірі міниіп жатыр.

— Бас қауып осы арада,— деді бұл тұстың жер жағдайын білетін Анатолий Кондратьевич,— бекініс заттарын осы араға әкеп үйе бастау керек.

Көпшілік осы жұмысты қолға алды. Бірақ, болып өткен қарлы жаңбырдан мыйы шыққан май топырақ, келіп үлгерген машиналар мен көліктердің де, адамдардың да адымын жаздырмай, тұтқыр саз толарсақтатып бөгет болды. Әсіресе машиналарға. Сондықтан, бекітуге кіріскен жерге материалдарды жаяулаған жұрт арқалап тасыды.

Сонда ауыр жүкті көтерушілердің ішінен көптің көзін ерекше тартқан Айбарша. Бұл топта, елу—алпыстың ішіндегі жасамыстар мен он сегізге жетпеген ересек еркектер ғана бар, одан басқалары әйелдер, олардың Айбаршамен тұстастары — жыйналған әйелдердің көпшілігі. Бірақ солардың ішінде еркектер мен әйелдерден алдаған ғана адам болмаса, ауыр жүкті Айбаршадай арқалап кете алмайды. Мысалы, құм толтырған ауырлығы бес-алты пұт қаптарды осы көпшіліктің ішінде жерден Айбаршадай өзі көтеріп нығына салып әкететіндері бірен-саран ғана. Бес-алты кісі бірігіп әрең көтеретін қара бураларды да, қара бурыл сақалды бір адам мен Айбарша екеулеп әкете берді. Шеңгел мен жиде сыяқты тұлабойы тікенді ағаштардан буылған бастырғыларды көте-

руге бірталай адам батпағанда, Айбарша шіміркенбей не иығына сап, не құшағына қысып ала жөнеледі.

Айбаршаның бұл қайратына көппен бірге көзі сүрінген Анатолий Кондратьевичтің есіне, оның жүктілігі кейінірек қана түсіп, зақым келер деген қорқынышпен ауыр жүк көтеруін тоқтатайын деп еді, Айбарша тоқтамаған соң, неге тоқтатқысы келген себебін айтып та еді:

— Бір тәуекел, ата,— деді Айбарша,— мынадай арпалыста қара бастың қамын ойлау ұят болар...

«Көп түкірсе — көл болады» дегендей, бекініс материалдарын көпшілік жаяу тасығанмен, таң біліне жыраның бойы биіктеп, жардың еңселі тұстарымен теңесіп қалды. Және материалдар тәртіпсіз үйіле бермей, Байжан мен Анатолий Кондратьевичтің нұсқауы бойынша ауыр-жеңілдігі ескеріліп аралас салынды.

Бірақ, су көтеріліп барады... Сең қалыңдап барады!.. Дария жарының кемеріне келіп қалған су, бекітіп жатқан жыраның бекініс материалдарының арасынан жылап ағатын жолдар таба бастады!..

Жұрт, әсіресе Анатолий Кондратьевич енді састы; өйткені, Сырдарияның жерінің де, суының да бір пәлесі — бір жерден су жылап ағатын иненің көзіндей тесік ашылса, сол тесікті су ілезде кеңітіп ап жүре береді. Соны білетін жұрт, жыраны бекіткенде, тескіндік жер тастағысы келмей, құрғақ материалдардың арасына ылай балшықты құйып-ақ бақты. Бірақ, ылай суға төтеп бола алмады ма, әлде, құрғақ материалдардың арасында қуыс қалды ма, су әуелі бекініс арасынан жылап ақты да, кешікпей сырылдап құйылуға айналды...

Оның үстіне су көтеріліп барады... Сеңдердің сүзгілесіп бірін бірі не итеріп жоғары шығаруы, не сүңгітіп суға батыруы үдеп барады...

Осы жанталаста, сүзгілесіп келген бір сеңдер, жырадағы бекіністі сыдырып алды да жөнелді. Жардың кемерінен асуға жақындап қалған су, жол ашылған жыраңадан салынған сайға қарай ақтарылып кеп кетті!.. Бұл қатердің боларын күні бұрын жорамалдаған жұрт, бекіністің үстінде тұрғандардың беліне арқан байлап, бір ұшын бекте тұрған адамдарға ұстатып қойған еді. Сондай белінен байланған адамдардың ішінде Анатолий Кондратьевич те бар-да.

Жыраны су кенет бұза жөнелгенде, Анатолий Кондратьевичтен басқалары бекке қарғып қашып шықты. Су

бекіністі копара қозғап бара жатқанда, әлденеге аңыра қалған Анатолий Кондратьевичке:

— Ойбай шығыңыз!— деп төңіректегі адамдар шу ете қалды.

Анатолий Кондратьевич ол шуға да елегзімей, есінен адасқан адамдай аңырып тұрғанда, былай да жылжый бастаған бекіністі қос-қабаттасып сүзісіп келген сеңдер ұрып кеп жіберіп еді, толқын айдаған салыдай, бекіністің материалдары ақтарыла құйылған судың бетінде сапырылып кете барды.

Су бұза жөнелген жырақадан, аржақта жол таба алмай сынысып тұрған сеңдер, өзенге тоғытқан қойдай лақылдап құлап, сайға қарай ақтарыла жөнелгенде, солармен бірге сайға қарай сырғый бастаған Анатолий Кондратьевич мұздан мұзға секіріп құрғаққа шығуға тырысты. Бірақ тар өңештен сайға құлаған сеңдер қамалған қорадан шығып бытырай қашқан жылқыдай бет-бетімен ыдырап кете барды, сол кезде сиреген сеңдердің біреуінен біреуіне секірем дегенде, адымы жетпеді ме, әлде тайып кетті ме, Анатолий Кондратьевич те суға күп беріп жоқ болды..

— Ойбай, тартыңдар!— деп ду ете қалысты үрейленген жұрт.

Жырылған жерден сайға қарай ақтарылған сеңі аралас судың ішінен арқанмен тартып алғанда, Анатолий Кондратьевичте демін әрең ғана аларлық шала-жансар хал бар екен...

Нақ сол сәтте гүрілдеген самолет даусы естілді. Таңы еркін атқан аспанның жырағында бұлдыраған самолет ілезде келіп қалды да, жұрт жыйналған төңіректі біраз айналып өтіп, кепе жасалған биік дөңге кеп қонды. Одан түскен адамдарды шапқыншы барып білсе, Алматыдан келген үкіметтік комиссия екен.

Анатолий Кондратьевичтің хал-жайын көрген комиссия адамдары, оны сол сәтте самолетке салды да, Қызылординаға ұшырды. Сырбай бірге мініп кетті.

* * *

Қызылорданың Гүлнар қызмет атқаратын соғыстық госпиталына орналасқан Анатолий Кондратьевич ертеңіне ғана тілге келуге жарады. Врачтардың айтуынша, суға тұншыққаннан оның өтіне зақым келді ме деген қауып бар; оның үстіне мұздай суға сүңгіп шыққандықтан,

өкпесі бөртіп ісінген, сондықтан, сырқаттың үйірге қосылар-қосылмасы екіталай.

Халі осылай болғанмен, тілге келген соң-ақ оның есі дұрысталды. Қайда келіп жатқанын ол сонда ғана білді. Төңірегін қоршаған медицина қызметкерлерінің ішінен оның көзі үстіне ақ халат, басына ақ тақия киген қызына түсіп еді, өзеуреп жүрген түрі жоқ, өзге серіктері сияқты кескін-кейпі әрі салмақты, әрі жылнақ.

Аздан кейін өзгелері ыдырап Гүлнар ғана қалғанда, Анатолий Кондратьевичтің есіне, самолетке мінгенде қасында сияқтанған Сырбай түсті. Гүлнардан сұраса, рас екен.

— Ол қайда? — деп еді:

— Біздің үйде,— деді Гүлнар.

Сырқаты ауырлағанмен, есі қалпындағы Анатолий Кондратьевич Гүлнардың мақұлдамауына көнбей, түсте Сырбайды шақыртып алды.

— Қалайсың, Анатөл? — деген сұраумен көзіне жас ала берген Сырбайға:

— Тәуірмін,— деді Анатолий Кондратьевич,— дәрігерлер қауыпты ешнәрсе жоқ, тек салқын тию ғана дейді.

Халінің ауырлығын көріп отырған Сырбай, көңілін аулау үшін:

— Жүдә жақсы, тек арты шипалы болсын! — дей салды.

Содан кейін екеуі де үн-түнсіз, бір-біріне көздерін анда-санда ғана ұрлап жүгіртіп біраз уақыт отырысты. Сонда, үндесіп сөйлеспегенмен, бірінің ойында не барын бірі кескіндерінен кітапқа жазылған сөздей оқып отыр және ойлары түгел қабысып отыр. Екеуінің басындағы жалғыз ғана қорқынышты сұрау: «Сырдарияның халі не болды екен?!»

Түтіні сыртқа шықпай іште бықсып жанған бұл сұрау, екеуінің де өзектерін өртей түседі. Өйтпегенде ше!.. Сырды бұл екеуінен артық сүйетін кім бар?.. Оның көркеюіне бұлардан артық еңбегі сіңген кім бар?.. Сонша жан-тәндерімен араласып сіңіскен Сырдарияның тағдыры сында тұрғанда жоқ болары, бар болары мәлімсіз халге жеткен кезде, оның басы-қасында болмай, сыртта отырулары оларға, әрине, үлкен қайғы.

Осындай қайғылары барын өзара кескіндерінен ұғысқан олардан, Анатолий Кондратьевич бұрыпырақ тіл қатты. Бүйтуге бар күш-қуатын жыйнаған ол:

— Сыр-еке,— деді демін соза, ентіге әрең ап, сөздерін бөле сөйлеп,— менде дәрмен жоқ. Сен дарияны сақтап қалудың ішінде бол. Сырдың сырқаты менен де ауырын білесің. Менің өлуім мен оның өлуінде өлшеусіз зор айырма бар. Менің тағдырым бір ғана адамның тағдыры, оның тағдыры миллиондаған адамның тағдыры. Миллиондаған тағдырды бір тағдырға айырбастап болмас, сен қайт. Қызым қасымда, мені соған тапсыр...

Сырбайды Анатолий Кондратьевич көндірді де қайтарды. Бұл келсе Қашы мен дарияның арасындағы кең сайға су лық толып, сай шалқар көлге айналып кетіпті. Су әлі де келіп жатыр. Жырылған жер мейлінше кеңіп ап, бекітуге мүмкіндік беруден кеткен. Ендігі қауып — егер сендердің әлі бұзылмаған бекінісі осы қалыпта тұра берсе, сайға ақтарылған су Қашының бойынан да асып, қалаға, одан әрі далаға ақтарылатын...

Бірақ, судың бойы өсе бергенмен, онымен сапырылыса сендер де келіп жатқанмен, дарияның суын өздерінің күшімен сақтауға шамалары келмейтініне көздері жеткенмен, жыйналған жұрттың кескінінде, басына төнген қатерден дария аман қалуына үміт жазуы бар... Олай үміттенетін себептері — үкімет комиссиясы болған халді, күтілетін қатерді айтып Қазақстан үкіметіне хабар берген де, үкімет бұл халді Қорғану Комитетіне хабарлаған. Іле «тиісті жәрдем тез көрсетіледі» деп Сталин жолдас қол қойған телеграмма алынған. Осы хабарды алып, самолетпен Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің председателі ұшып келген.

Сол күні кешке қарай, поезға тиелген танктер де, бомбардировщиктер де келіп қалды. Олардың келуіне қарай ай да сол күні кешке жарық болды.

Іркілген сендерді бұзып, дарияның бөгелген суына өз арнасымен ағу үшін жол ашуға, майданда жаудың бұдан бекінісі мындаған рет күшті қамалдарын талқандаған Қызыл Армияның техникалық орасан күші айдың жарығымен қаймылға кірісті...

* * *

Ошарылған сендердің бомбалар мен снарядтардан тас-талқаны шығып қыйрап, дарияның таскынды суына өз арнасымен ағуға жол ашылғаннан кейін, Сырбай Рахметке ғана білдірді де, Қызылордадағы Анатолий Кондратьевичке поезбен тартып кетті. Біреулер:

— Айбаршаға да суық тиіп, сырқаттанып үйіне қайтты ғой, әуелі соған барып, сырқаты жеңіл болса ғана досына кетпейсің бе? — деп еді:

— Жас қой, Айым,— деді Сырбай,— сырқатты ол көтерер, Анатөл карт адам және оның сырқаты жүдә ауырын көзбен көріп келдім, «жаман айтпай — жақсы жоқ», өмірлік досым еді, олай-бұлай боп кетсе мақұлдасып қалайын.

Госпитальда жатқан палатасына Сырбай кіргенде, Анатолий Кондратьевич ықылық атып жатыр еді. Қасында бірер сестра мен Гүлнар ғана бар екен.

Өзгелерді шала-шарпы танып жатқан Анатолий Кондратьевич, есіктен кіре бергенде-ақ Сырбайды жазбай таныды да, қолын созды.

Қолын алып, кроватының қасындағы орындыққа отырған Сырбайға ол әлденені айтайын деп еді, жөтел буып шамасын келтірмеді. Оның қолы сүп-суық екен. Бетіне қараса долырып күйіп жатыр, көздері өткірленіп кеткен.

Талай адам жан тәсілім қылғанда қасында болған Сырбай, досының да минутпен санайтын өмірі қалғанын көрді де, жүйесі босағанмен, өзіне өзі не боп, жаны барда көңілін жадыратайын деген оймен:

— Қауып бітті, Анатөл,— деді.

Сырбай тағы бірдемелерді айтпақ еді, көзі Анатолий Кондратьевичке түссе, кескін-келбеті өзгеріп барады екен. Жүрегі аузына тығылып қалған Сырбай:

— Өй, Анатөл, досым! — деп басын құшақтай бергенде, Анатолий Кондратьевич:

— ...Нет крепостей...— деген сөздерді бөлшектеп айтып келе жатып, ышқына дем тартты да, иегін жалғыз-ақ қақты...

Он жетінші тарау

ЕҢ ҚЫМБАТ ЕСКЕРТКІШ

(Эпилог орнына)

Осы бір күндері Сырбайдың басында қуаныш пен қорқыныш сапырылып кетті. Қуанышы — Дәулеттің «аз күнге самолетпен келіп кетемін» деген Москвадан берген телеграммасы, қорқынышы — Айбарша аузы-мұрнынан шығып, «бүгін бе, ертең бе» деп отыр.

Немере сүю адамға, әсіресе, Сырбайға қандай зор қуаныш! Сол үміт жүрегін уылжыта отыра, Сырбайдың қорқатыны — «аман-сау аяқ-қолын бауырына алса құбақұп, ал, егер...»

Аржағын айтуға Сырбайдың ойы барғанмен, аузы бармайды. Оның бұрынғы ұғымында, дүниеде Дәулетке теңдесер қымбаты жоқ болса, ендігі ұғымында — екі көзінің біреуі Айбарша, бір көзі Дәулет. Дәулет қазір соғыста жүр, аман, я жаман болары нәгұман. Сондықтан, Сырбай үшін ол әзірге жабық көз. Ашық көзі — Айбарша ғана.

«Ендеше,— деп тілейді Сырбай ішінен,— Айымның жаны жамандық көре көрмесін, егер ондай күн туа калса, ашық көзімнің жұдә қараң суалғаны да!..»

Сырбайдың байқауынша, жалғыз ол ғана емес, Айбаршаның амандығын бүкіл «Кентоғай» колхозы боп тілейтін сыякты. Оныcы Сырбайға түсінікті де, өйткені — кімді болса да халық ісімен, қылығымен сүйетіні мәлім. Бұл жағынан қарағанда, бұл колхозда, егінді жырту, жыю, соғуда болсын, канал, не арық қазуда болсын, қоғамдық істерде болсын, мінез-құлқымен көпшілікке жағуда болсын, Айбаршадан алға ұстарлары жоқ. Ретіне карай ол тракторшы да, кетпенші де, орақшы да, сушы да, жүкші де бола кетеді. Көпшілікті жеке тұрмысында да, қоғамдық ісінде де рухтандырушының ол алдыңғы қатарында. Сондай адам жамандыққа ұшырай калса, кімге жеңіл дейсіз...

Айбаршаның хал-жайын ойлануда, Сырбайдан Тәрбия қайратты боп шықты. Көпті көрген әйелдік калпына баға ма, әлде шалына жігер бергісі келе ме, егер Сырбай уайымды сөздің исін шығара бастаса:

— Уа, бар бол-ау, сен, бар болғыр!.. Тыйыш отыр, өрі, әлденені быкситпай!.. Жалғыз сенің келіпің бе еді, осылай болған?.. Әркімнің де ата-енесінің жоралғысы емес пе, бұл?..— деп жекіп тастайды.

Ал, Дәметкен ше?

Оның бұл жөндегі көзқарасын айтудан бұрын, қазіргі жалпы хал-жайын шолып өтейік.

Дәметкеннің Ескендірді алып, Бетпақтың шөлін зерттеп жүрген жиені Адамбек Жақсылыковқа кетіп отырғаны, окушыларға өткен тараулардан мәлім. Сол сапарынан ол қайтпай, өткен күзде экспедицияның Хантауын-

дағы базасында қыстап қалғанын, Сырбай майданнан қайта іздеп барғанда келмегенін жақсы білеміз.

Одан кейін Сырбайдың да, Айбаршаның да қауырт жұмыстары басталып Дәметкенге қатнаса алмады да, хатпен шақырғанға Дәметкен келмеді.

Егін салынып боп, қауырт жұмыс бәсеңдеген кезде, Дәметкенді жақындары тағы да ауызға алды. Оны енді келтірудің себебі табылғанын жақындары да, жұрт та көріп отыр: екіқабат әйелді қазақтар «бір аяғы көрде, бір аяғы жерде» деседі. Жалғыз қызы Айбаршаның сондай халін естісе, Дәметкен, әрине, шыдап тұра алмай жетіп келеді.

Бұл жағдайды оған хатпен хабарлау керек пе? Кісі бару керек пе?

Хатпен хабарлауға жақындары ынғайсызданды. Кісі жіберуді ұйғарғанда, кім баруы сөз болды. Әлі жүріске мүмкіндігі болғанмен, ауыл әдетінше, Айбаршаның өзі баруға болмайды, жас әйел, бірінші рет жүкті болуын әкесіне, шешесіне өзі барып әйгілеуге тиісті емес. Біреулер:

— Бұған Тәрбия бару керек,— деп еді, арғы шеті Алмалықтан асып сапар шегіп көрмеген Тәрбия:

— Ойбай, адасып өлем,— деп басын ала қашты. «Біреу ертіп апарсын» дегенге де ол: «Бахытжанды тастап кетер кісім жоқ» деп көнбеді.

Ақыры жұрт Сырбайға жабысып, «бір рет көңілімді қайтарған, енді жүдә не деп барам» деп ықласы шаппағанмен, көп боп көндірді.

Адамбектің хабарлауына қарағанда, бүкіл экспедиция, соның ішінде Дәметкен бұл кезде Бетпақдала шөлінің қалың ішінде жүр. Білетін адамдардың айтуынша, оған Жамбыл қаласынан машинамен жетуге он шақты күн, түйемен жетуге жарым ай уақыт керек, онда да тура таба алса.

Сырбайдың бір ұнатпайтыны автомашинамен жүру. Неге екенін кім білсін, мұндай машинаға мінсе-ақ, оның мұрнына бензин исі келеді де, жүрегі айнып құсады. Сондықтан, Жамбылдан әрі автомашинаға мініу дегеннен, Сырбай үйінде отырып-ақ безді. Түйеге жол ұзақ, әріберісі бар, айдан кем жүрмейді. Күп сайын күтіп, көзден таса қылмай отырған егінін онша уақытқа тастап кету мүмкін емес.

Ендігі көлік — самолет. Оған Сырбай үйреніп алған.

«Жүдә, көлік атаулының әкесі осы екен,— дейтін болған ол, жұртқа,— ажалың жетіп тұрса, аттан да құлап өлесің, ал, мына айырплан дегенің әрі жұмсақ, әрі ұшқыр екен. Бұған дейін ең ұшқыр көлік жүдә пойыз дейтін ек, ол мынаның қасында, аттың қасындағы өгіздей боп қалды. Енді жүдә, ұзақ жолға шыға қойман, егер шыға қойсам, бұдан басқа көлікке жүдә мінбен!».

Осындай ойдағы ол Бетпақдаладағы экспедицияға самолет қатнасы бар-жоғын тиісті орындардан сұратса, бағына қарай, самолет Жамбылдан жұмасына бір рет ұшатын боп шықты; соған мінбек боп, Сырбай Жамбылға поезбен жүріп кетті.

Дәметкенді кешікпей іздеп тапқан Сырбай, ауыл әдетін сақтап, «қызың сондай еді» дей қоймай, тағы да сыпайы сөзбен еліне қайтармақ болып еді, Дәметкеннің тоңы былтырғы қатты қалпынан жібір түрі жоқ. Ақыры ол, Дәметкенге шын сырын ашты. Бұл сөздер Дәметкенді қатты ойландырып тастады.

Жас иіс деді ме, әлде адамгершілік мейірі түсті ме, Ескендірді туғанындай көріп алған Дәметкеннің, жалғыз перзенті Айбаршаға деген махаббаты да кіршіксіз таза күйінен айнығаң жоқ-ты. Айбаршаны өмірінің жалғасы және бұтағына шыққан гүлі көретін ол, өркендеу, өсуіне, гүлінің жайнай түсуіне қажет болса, өз өмірін қыя қоюға әрдайым дайын-да.

Бой жеткен қыз бен жігіттің «өсуі, өркендеуі, гүлі жайнауы» деген сөз — әрқайсысының сүйген жар тауып, үйлі-баранды боп бақыт сүруі екенін кім білмейді. Соны білетін Дәметкен де, қызының Дәулетпен көңілі қосылғанын сезген соң-ақ, олардың бақытқа жетуін асығып күтетін. Сүйтіп жүргенде соғыс басталып, Дәулет майданға кетіп қалды.

«Майдан» дегеннің не екенін Дәметкен көрмегенмен естіп жүр. Әркімнің өз Айбаршасы бар, әр Айбаршаның өз Дәулеті бар, сол Айбаршалардың кейбіреулерінің Дәулеттері майданда қазаға ұшырағанын естігенде, өз Дәулетін ойлаған Дәметкеннің зәресі кететін де, ондай хабарды естіртпеуін «тәңірісінен» зар илеп тілейтін; Дәулеттің майданнан абыроймен аман қайтып, сүйген жарына қосылуын, одан әрі ерлі-зайыпты адамдарға тән елді бақытқа бөленуін күтетін.

Бірақ, Дәулет майданнан келмей, үйленбей, Айбаршаның басына Сырбай айтқандай хал түседі деген ой,

Дәметкеннің басына өні түгіл түсінде де кірмеген еді. Міне, сондай хабардың ойда жоқта келуінен, Дәметкен алғаш естігенде абыржып сасып та қалды.

«Білемін» дейтін адамдардың айтуынша, қайыненесі күйеуін жақсы көре тұра, қызын одан қызғанатын да сияқты; қызғана тұра, бұлай болуды «ата-ененің жоралғысы» көріп, екінші сөзбен айтқанда, қажеттік көріп, өзін еріксіз көндіретін сияқты. Өзге шешені кім білсін, біздің Дәметкен осындай ойдағы шеше болатын. Сондықтан, қызының жүкті болғанын естігенде, жүрегінде қызғаныш оты лап сте қалған ол, сыртына сыр беріп, былай да қызғылттау ажары күреңдене қалды.

Дәл мұндай түйінді шеше қоюға топас Сырбай, ынғайсыз сөйлеп қалдым ба деп, тағы не айтарын білмей жер шұқылап төмен қарап отырғанда, оның құлағына нақ сол сәтте күте қоймаған үні шалына кетті. Ол, Дәметкеннің:

— Жақсы, барам елге! — деген сөзді кесіп қысқаша айта салуы еді.

Ескендірді алып, «Кентоғайға» қайтқан олардың жолшыбайғы кеңесі Ескендірді туған шешесімен табыстыру болды. Бұл жөнде Дәметкеннің айтқаны:

— Жұрт иланбайтын да жұмыс сияқты, бұл. Бір орыстың баласын бір қазақтың кемпірі осынша жақсы көреді дегенге, басына түспеген кісі, иттің өтін берсе де нанар ма!.. Бірақ, құда, сен осыған иланғ.. Ұзақ жолдың бойында, тілеу үстінде келе жатырмыз, сөзімнің растығына не деп қарған дейсің?..

— Жүдә, атай көрме, қарғану дегенді,— деді Сырбай,— неге қарғанасың? Көзге бадырайып көрініп тұрған іске кісі жүдә қарғана ма екен?.. Жынды емессің, есалаң емессің, есі дұрыс адамсың, шын жақсы көрмесең, бұл баланы алып қашып, еліңнен жүдә беземісің? Тек, айтарым: аузым періштенікі болсын, шайтанның құлағына шалынбасын, егер ертең аман-есен немере сүйетін болсақ, соны жүдә кімге беруге қыяр ек. «Қарға баласын аппағым дейді, кірпі баласын жұмсағым дейді» дегенді бұрынғылар жүдә бекерге айтпаған. Әркімнің өз баласы өзіне тәтті. Балаң тәтті болған соң көніп келесің ғой, әйтпесе көнер кісі ме ең, сен...

— Рас,— деді Дәметкен демін соза ап.

— Ендеше, әркімді де өзіңдей көр. Сенің ішің балана ұлжығанда, Ескендірдің шешесінің іші ұлжымайды

деймісің. Жүдә обалына қара оның, жылатпа, қарғатпа?..

Олардың ұзақ сөзінің құйылған жері: егер шешесі көнсе, Наталия алып келеді де, Дәметкеннің үйіне орналастырады, баланы Дәметкен шешесінен қызғанбайды, аржағындағысын жата-жастана көреді...

Бұл хабарға Наталия қуанып кетті де, Қапалдағы шешесін тез арада алып қайтып, Дәметкеннің үйіне орналастырды. Аграфиня Осиповна колхоздың бақшалық шаруасын күту жұмысына кірісті. Дәметкенмен екеуі тату-тәтті тұрып жатты. Бұл жағынан көңілі көншігендей болған Дәметкеннің ендігі тілегі — қызының жаны аман қалып, немере сүю. Бұл жөнде Тәрбия мен оның отының түтіні тұтанса ұшады...

Тәрбия ауызға қанша қаққанмен, Сырбай басында ұялаған қорқыныштан арыла алмай-ақ қойды. Сондықтан, «еркекке не керек соны сұрап» деп Тәрбия мен Дәметкен Айбаршаның босанар мезгілін жасырса да, пісуі таялған күріш егісінің күтімін Наталия мен Дариқаға тапсырып, өзі үйінде болды.

— Бұ несі?! — деп хайран қалды біреулер оған, — жалғыз баласы соғысқа аттанғанда жөпелтіп салмай егініне кеткен қатал Сырбайдың, босанатын келініне осынша өзгеруі қалай?!.

— Онда таңданатын дәнеңе жоқ,— десті біреулер,— Айбарша оның келіні ғана емес, әрі жәрдемшісі, әрі жетекшісі емес пе? Жайшылықта жәрдемші және жетекші болу мен таршылықта болу екі басқа емес пе? Айбарша Сырбайға тар күнде жәрдемші және жетекші болды... және өзіне ғана емес, бүкіл колхозына!.. Ендеше, Сырбай қынжылмағанда кім қынжылсын!..

Сырбай сүйтіп жүргенде, Дәулеттен телеграмма келіп қалды. Оның хабарлауынша, Москвадан Масақбай екеуі таңға жақын ұшақ та, Жосалы аэропортына түске жақын қонбақ.

Оларды қарсы алуға «Кеңтоғайдан» кім баратынын Рахмет телефонмен сұрағанда:

— Мен, Тәрбия, Дариқа балаларымен және Наталия — осы адамдар барамыз, — деді Естай.

Рахметтің:

— Сыр-екең ше? — деп таңдана берген сұрауына:

— Ол кісі бармайды,— деп жауап берді Естай.

«Тағы да егінін сылтау қылды ма» деген оймен Рахмет Естайдан сұрастыра бастап еді:

— Ол емес,— деді Естай.

— Енді не? — деген Рахметке, Естай Сырбайдың себебін айтып беріп еді, Рахмет Сырбайды телефонға шақыртып алып көндірмек болды.

Бірақ ол көндіре алмады.

— Оныңыз ұят қой, Сыр-еке-ау!.. Балаңыз сонша зор абыроймен келе жатқанда, бүкіл халық боп қарсы алуға жыйналып жатқанымызда, сіздің үйде отырып қалуыңызды жұрт не дейді, балаңыз не дейді?!.— деген сөзін әлденеше қайталап айтқанмен, Сырбай да өз сөзін қайталай берген соң, Рахмет ренжіді де трубканы іліп қойды.

Жосалы аэропортында Дәулет пен Масақбайды сол араның тұрғын халқынан және өзінің туған ауданынан барған адамдардан басқа, облыстан келген өкілдер де қарсы алды. Олардың айтуынша, Қызылорданың халқы поездан Дәулетті құрметпен қарсы алуға күтініп отыр екен.

Бұл ұйғарудан бас тартуға қыйналатын Дәулеттің халін Рахмет пен Гүлнар жеңілдетті. Облыс өкілдеріне олар Дәулеттің үйішіндегі жағдайын айтқаннан кейін, облыстық басқарушы мекемелерімен телефон арқылы байланысты да, вокзал бойын желбіреткен тулары мен жарқыраған гүлдеріне бөлеп күтіп тұр екен. Соларды көргенде жасаурап буалдырлана қалған Дәулеттің көзіне, дрезинадан түсе бергенде әкесі іліге кетті. Айбаршаның халі не болғанын біле алмай қобалжып келе жатқан Дәулеттің жүрегі, көзі әкесінің жадыраңқы кескініне шалыныса бергенде-ақ, қуаныш барын жорамалдағандай, туланқырай түсті. Құшағын жая ұмтылған оған:

— Кішкене, сабыр! — деді Сырбай қолын көтеріп. «О, несі?!» дегендей Дәулет кідіріп тұра қалды.

— Ал, балам, жүдә, шүйінші! — деді Сырбай, күлімсіреген кескінінің әжімдері қатпарлана түсіп.

Дәулет не дерін білмей қалды.

— Жүдә, әркімнің өз баласы қуаныш та!— деді Сырбай,— мен сені көріп қуанып тұрмын күпішегім, жүдә, сен де қуан, ат ұстарың болды, бауы берік болсын!...

Баласын ол содан кейін құшақтады да, өз дағдысымен екі бетінен кезек иіскеді.

Айбарша Алмалықтың больницасында босанған еді.

Баласының да, өзінің де денсаулығы жақсы болғандықтан, дирекция Дәулетті оған жолықтырды...

Сырбай аулына бұл жолығудан бұрын кетіп қалған еді. Кетер алдында Дәулетті Рахмет үйінде қонақ боп отырған көпшіліктің ішінен оңаша алып шығып:

— Ал, балам,— деген еді ол,—сенің бүгін мұнда болатын түрің бар ғой. Жүдә, ауылда да біраз жабдық бар, шешең екеуміз, рұқсат етсең Масақбайды бала-шағасымен ертіп қайтайық.

— Өзің біл, әке,—деген еді Дәулет,— Масақбайдың да өзі білсін.

Баласының ризашылығын алған Сырбай Масақбаймен сөйлесіп еді:

— Мен қызметтегі кісімін,— деді ол,— командирімнен көз жазуға хақым жоқ.— Келіңіздер қайтам десе еркі. Мен Дәулетпен бірге ғана барам.

Масақбайдың бұдан бұлжымайтынына көзі жеткен Сырбай, дәл аттанарында Дәулетке:

— Ертең де жібермейміз дер, жүдә, оған көне көрме, әрі ауыл күтіп отыр, әрі уақытың тығыз,— деді.

— Өзім де сүйтем, әке. Бүгін кешке де барып қалуым мүмкін,— деді Дәулет.

— Оның реті жүдә келмес, балам. Бұлар да бүгін жібермес және Айыма жолығасың да бар ғой...

— Оны көрерміз, әке.

— Онда, шешең екеуміз жүрейік,— деп ап, аз кідірген Сырбай Дәулетке былай деді: — ЗАГС дегендерің бар ғой, сендердің. Қымс етсе соған жүгіресіңдер ғой. «Ат қойғызамыз» деп шарана қалпымен баланы да ала жүгіретіндерің болатын. Оныңа жүдә риза емеспін...

Ауыл салтында алғашқы баланың билігі әкеде емес, әкенің әкесінде болатындығынан хабары бар Дәулет күлімсіреді де:

— Балада менің не жұмысым бар, әке-ау?.. ЗАГСке апарасың ба, жоқ па атың, кім қоясың, ол ерік сенде емес пе?..— деп қашқалақтай қалды.

— Онда, жүдә, жарайды,— деді де Сырбай Төрбия мен Бахытжанды алып жүріп кетті.

Ол күні Айбаршаға жолығып және Алмалықтағы халықтың қадір-құрметін көріп, туған колхозына жөнелген Дәулет, бір кеш қонды да, Анбарша больницадан келгенше туған өлкесін, әсіресе канал бойын, оның өнбойындағы егіндерді аралауға аттанды. Қасында Ма-

сақбай, Сырбай, Рахмет, Естай, Байжан, Самарқан, Наталия және Гүлнар.

Гүлнардың бұл жолға өзі тіленіп шықты. Өйткені, олар аттанар алдында:

— Қаналды сағасынан бастап көрерміз,— деген еді Сырбай, және сол сағада Анатөлдің зираты бар ғой. Дәукеннің әуелі соған соғуы керек болар.

Аттанатындар бұл сөзді мақұлдағаннан кейін:

— Онда, мен де барайын,— деді, бұған дейін барғысы келе қоймаған Гүлнар.

«Қалай?» дегендей кескініне қараған Дәулетке:

— Атқа мінуге аяқтың ылғалы жоқ,— деді Гүлнар, күліп,— балдаққа сүйеніп, бір аяқпен де ырғуға үйреніп алдық. Бірақ, мен ұзаққа бармаспын, әкемнің зиратынан Алмалыққа бұрылып, Айбарша больницадан шыққан соң бірге келермін.

Тың кезіндегі өзінің өсиеті бойынша, Анатолий Кондратьевич тасқын су жырған жардың нақ қасына жерленіп еді.

Күріш егісі өзге дақылдан кеш басталатын болғандықтан, өзі егетін танапты күні бұрын даярлап алған Сырбай, жер жібігеннен егінге шыққанға дейін досының зиратын бекітумен шұғылданды. Ең алдымен ол «топырағын мал баспасын» деп және «зираттың айналасына ағаш егем, оған да мал тимесін» деп топырағы мол үйілген зираттың төңірегін өзі құйған қам-кесектен кең аула соғып қоршады. Ауланың ішіне ағаштар егу туралы сөз болғанда:

— Өзгесін ақылдаса берерсіңдер,— деді ол,— менің айтарым: бұл зираттың айналасына Сырдың бойында өсетін ағаш атаулыдан бір-бір түп тегіс отырғызылсын, мысалы: жиде, жыңғыл, шеңгел, сексеуіл, торанғұл, қарағаш, қара және құба тал, ақ және қара терек, қайың... тіпті қарабарақ пен қоянсүйекті де тіккен жөн, бойлары аласа болғанмен, олар да жүдә шешек атып, зиратқа көрік береді...

Бұл аталған ағаштар түгел болмағанмен, көпшілігі Сырбайдың қолынан тігілді де, тамырлары дән тартқан қалыптарын көрсетіп, мезгілінде теп-тегіс жапырақ жайып, шешек атты.

Жас қабырды гүлдермен безендіру жұмысын Гүлнардың өзі басқарып, жер көктей бұл іске маман Марфуғаны алып келді де, бұл араның топырағына өнуге

мүмкіндігі бар гүлдердің көпшілігін отырғызды. Осылардың бәрін күн сайын күтіп тұруды сол тұсқа егілген бақша қызметкерлері мойнына алды.

Көктем егісінен қол босаңқыраған кезде, Байжан,— Бостандыққа барып, сол арадағы таудан алынатын көкшіл мрамордан даярланып қойған құлпы тасқа: «Бұл жерге Сырдария өлкесін суландыруда көп жыл еңбек сіңірген Анатолий Кондратьевич Полевой жерленді» деген және туған, өлген жылдарын көрсеткен жазу ойғызып, жаз ортасында әкеп басына орнатты...

Дәулет және оған ерушілер Анатолий Кондратьевичтің зиратына барса, шөптердің де, ағаштардың да шешек атқан гүлдері аса бір көріктеніп тұрған кезі екен. Соларды көріп жүргенде, Дәулеттің көз қиығы Гүлнарда болды. Бірақ, Гүлнар, Дәулетке бұл қаза туралы жазған жатында айтқандай егіліп жүрген жоқ, жадыраңқы, пысық жүр. Сол қалпын білдіргісі келгендей, Масақбайдың аяныштылау қып көңіл айтуын сылтауратып:

— Дүниеде кім мәңгі тұрады, Масеке,— деді Гүлнар, «бәрің де тында!» дегендей төңірегін көзімен шолып қойып,—артында пайдалы ісі жоқ өмір аман да. Әкемнің өмірі ондай арманды өмірлерден емес, сондықтан өліміне жүрек ауырғанмен осыны медеу қыламыз да.

— Жүдә, дұрыс сөз! — деп қойды Сырбай.

Сырбайдың ұғымында, мұсылман емес кісіге аят оқуға болмайды, қабырғаңнан топырақ алып тастауға болады, сол әдетімен ол, осы жолы да өзгелер аула ішінен шыққанда іркіліп қалды да, қабырдың әлі басылып болмаған топырағынан шымшып ап кейін тастап:

— Топырағың торқа болсын, Анатөл! — деді.

Сырбай ауладан шыкса Гүлнардан өзге серіктері қабырдың қасындағы о жағасы мен бұ жағасына көз жетпейтін шалқар көлге суға түсіп жатыр екен. Бұл — дарияның жарын жырып сайға ақтарылған су. Жарды бекітуге жәрдемге келген әскерлер, үкімет комиссиясының ұйғаруымен, бұл сайдан су қоймасын жасап, керегінде дариядан алатын қақпасын да, төңірегін де мызғымастай мықты етіп бекітіп беріпті. Байжанның айтуынша, «Полевой көлі» аталған бұл бассейнде жарты миллиард кубометр су сақталады. Көлдің аржағында каналдың трассасымен байланысы бар. Дарияның суы төмендеген кезде канал суды осы көлден алады

және оның суы канал маңында меңгерілген егістік танаптардың тілегінен әлденеше рет артық.

— Табиғаттың мылқау күшінің кейбір апаты да қызық,— деді Байжан Дәулетке, бұл көлді таныстыра келіп,— ирригациялық және мелиорациялық шараларды жүргізгенде, аса қажетті мәселенің біреуі — осы көлдей су сарайларын жасау. Көп жағдайда оған не күш келмейді де, не географиялық жағдай мүмкіндік бермейді. Осы арада су сарайын жасауды мен каналдың өзім жасаған жоспарына кіргізіп ем, облыстық Су шаруашылық бөлімі, оған әзірге күш келмейді деп көнбеді; мен жасаған ұсыныста болашақтағы бесжылдықтардың ғана ісі деп тапты. Міне, сол су сарайын табиғаттың мылқау күшінің өзі-ақ жасап берді. Енді бұл каналдың бойындағы егістік өлкелерге шөлдеу жоқ. Қысқасы, менің қайнатамның және аздаған адамның ажалына себеп болған бұл апаттың арты игілікті жұмыс боп шықты.

Шомылып шыққан Дәулет, дарияның ирілген тұсымен танысса, су тағы да жырар деген тұстың бәрі бекіліпті де, ірінді жауып, дарияның арнасын түзету мәселесі, үкімет комиссиясының ұйғаруымен, алдағы күндердің міндеті боп қалыпты.

— Өйтпеуге мүмкін де болмады,— деді бұл жөнде баяндаған Байжан,— бұл ірінді туралау үшін, мұнда жәрдемге келген әскерлер мен олар әкелген құралдар үздіксіз үш-төрт ай жұмыс атқаруы керек болды, соғыстың қызу жүріп жатқан кезінде сонша әскерді, сонша техниканы соншалық уақыт ұстауға мүмкін болмады. Үкімет комиссиясы осы жағдайды Қорғану Комитетіне жазба баяндамамен хабарлағаннан кейін, бұл жұмыс жеңістің ізін шала қолға алынады деген хабар алдық. Ендігі асығып күтетініміз — жеңіс...

Одан кейін саяқатшылар канал бойын аралап кетті. Бұл саяқат Дәулет пен Масақбайға ерекше қызық болды; өйткені, олар, қазір, бұрын өздері туып, өскен жерде емес, басқа бір көрмеген жерде жүрген сияқты. Бұрын бұл өлкеде Сыр бойына жабайы өсетін ұсақ бұталар шықса, енді қай жаққа қарасаң да қатарлана өскен жас, зәулім ағаштардың о шеті мен бұ шетіне көз жетпейді! Майданға аттанғалы көздері әскерге үйренген Дәулет пен Масақбайға, бұл өлкеге өскен ағаштардың қатарлары, сап-сабымен келе жатқан қалың әскерлер тобы сияқтанып кетеді...

Егін ше?!.

Бұл мезгіл ақ егістің қызу орылып жатқан кезі де. Огородтық егістері ғана болмаса, ауданның өзге егістері түгелге жақын канал бойына салынған. Сырда быйыл су мол болғандықтан, егіннің көпшілігі агротехникалық шаралар қолданылған жерге салынғандықтан, быйыл бұл ауданда, Сыр бойының өз тілімен айтқанда, егін аса бітік шыққан, әсіресе Сырбайдың және оның үлгісімен осы ауданда быйыл құрылған отыз екі звеноның егіндері бітік. Сырбайдың танабын көргендер Дәулетке:

— Әкең былтыр Сталиндік Сыйлықтың лауреаты болса, быйыл Социалистік Еңбек Ері деген данққа жетуіне сеніміміз берік,— деседі.

— Сол атақты біздің ызбанада ең алдымен Дарика келін алар,— дейді Сырбай, со келіншің еңбегі жүдә өтіп-ақ тұр. Күрішті қалай егіп, қалай өсіруді жүдә үйреніп алды ол келін. Қазір өз бетінше ызбана басқарып кететтін түрі бар. Быйыл болсын деп ем, «жоқ ата, әзірге үйрене тұрайын» деп болмады. Алдағы жылда болем...

— Естисің бе, Масақбай? — дейді Дәулет қуланып.

— Естимін, жолдас полковник! — дейді Масақбай козерять етіп қақшыя қап,— егер де колхозға және Сырекеңе мұнда жұқтырған кірімді майданда қанмен жумай, сол кір қалпыммен келіп, Сырекеңнің менің әйелім мен балаларыма осы істеген жақсылығын көрсем, ұятқан бетім күйер еді де, Дәрияға тұншығып өлер ем.

— Жігіт! — дейді, Сырбай Масақбайды аркага қағып,— өлең бар ғой:

Меруерт, маржан тастар көлден шыгар,
Не асыл заттың бәрі жерден шыгар,
Жастықта қанша күш істесе де,
Қоркып тәубе қылатын ерден шыгар...

деген. Ер екенсің. Күнәңнан тазара білдің!..

Ақ егіс каналдың сага жағына жақындау екен. Сол манда үйілген маялардан, көпеделерден текшеленген баулардан адамның көзі тұнады. Әлі орылмаған кейбір өлкелерге тұтаса себілген ұшы-қиырсыз егіндер, сол күнгі самалмен теңселе тербелгенде, Дәулеттің көзіне, үстінде талай жүзген Каспий теңізінің желді күнгі толқыған бетін елестетеді.

Рахмет «техникамыз аздау» дегенмен, бұл өлкеде егін орған тракторлар мен оларға тіркелген комбайндар қаптап жүр. Кей жерде егін маяларын комбайндар ор-

нығып тұрып соғып жатыр. Оған қарағанда, Дәулет комбайнның егін соққанын бірінші көргендей-ақ хайран қалды: бес-алты әйел қатар тұра қап өнешінен айырлап тастаған егін бауларын комбайн қанша жұтса да тояр емес және қақалар емес. Бұл жақтан жұтылған баулардың арғы ұзын өнештен дәндері судай ақтарылып төгіліп жатыр да, қауыздары мен сабандары әрірек ұшып барып үйіліп жатыр. Соған хайран қалғандай қарап тұрған Дәулетке, іштей масаттанған Рахмет:

— Қалай, жолдас, Совет Одағының Батыры,, ұнап тұр ма, бұл іс? — десе:

— Осындай жері, осындай елі, осындай байлығы бар елді қай жау жеңеді дейсіз, — дейді Дәулет,—ризамын сіздерге.. Ғажап еңбек!.. Ғажап байлық!.. Жеңімпаз Қызыл Армияның атынан сізге, мына Байжан жездейге, әке, саған, Самарқан және Наталия Остаповна, сіздерге мың-мың алғыс айтам!..

— Рахмет,— жолдас полковник! — деседі бәрі түгел.

Көк егістер каналдың төменгі жағында екен. Онда да бұрын боз топырағы шаңытып жататын өлкелер, қазір пісіп жеткен қарбыздың қабығы сыяқтанып қаз-қатар жасыл жолаққа айналып кеткен. Қалай қарай бетесең де, тура тартатын жолдардың бәрі қазір жабылып, қай жаққа жүрсең де жолыңа кесе-көлденең түсе жалпайып егін өлкелері жатып қалған.

Бұрын бұл ауданда күріш, бидай, арпа, жүгері ғана егілсе, енді қай колхоздың танабын араласаң да жоңышқа егілмегені жоқ. Наталияның айтуынша, бұл арада жоңышқа ең алдымен ауыспалы егіс есебінде қолданылады. Бұл шара «Кентоғайда» ғана емес, бүкіл аудан көлемінде бірінші рет былтырдан бастап қолданылған, қазір ауыспалы егісті қолданбайтын бір де колхоз жоқ.

— Жүдә жаксы екен де, «ауыспалы егіс» деген, — деп қойды Сырбай, бұл кеңес басталғанда,— жүдә пайдалы екен де, жерді тынайтып, егіннің өнімін күшейтуге. Бұл игілікті әкеп жүрген менің мына қызым! —деп Сырбай қамшысының ұшымен қатарласып салт келе жатқан Наталияны нұсқап қойды.

— Мен емес, мына күйеуіңіз ғой, ата,— деді Наталия күлімсіреп. Самарқанды иегімен нұсқап.

— «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды» деген, қызым,— деді Сырбай да жымыйып,— екеуің бір кісі емессіңдер ме, бөліп-жарып қайтеміз...

Әр колхоздың танабында кендір мен күнбағыс та егілген.

— Бұлардың да пайдасы аз боп тұрған жоқ,— деді Сырбай баласына, олар туралы айта кеп.—Майының өзі неге тұрады... Біздің колхоз өткен жылы қанша зығыр алды? — деп сұрады Сырбай Естайдан.

— Тоннаға жақын алдық қой деймін,—деді ол жымыйып.

— Әне, көрдің бе? — деді Сырбай баласына,— Сары май мен тоң майдан басқаны май көрмейтін әйелдер, қазір зығырға жүдә үйреніп алды. Енді зығыр десең жүдә бассалады. Май беретін егістің көбін быйыл әйелдер екті.

Колхоз атаулының бәрінде огород шаруашылығы кең өріс алыпты. Қай колхоздың танабын араласаң, басқа дақылдарға аралас егілген огород. Олардың төңкерген казандай боп төңкиген қауын-қарбыздары, асқабақ, су қабақтары, капусталары,.. түйген жұдырықтай қызғылт помидорлары, қиярлары, семіз сәбіздің білегіндей бұлтыйған жасыл сабақтары желкілдеп жасаңғыраған сәбіздері, пиязлары, картоптары қараған адамның көзін тұндырады...

Бақша ісіне жергілікті халықтың әбден кәнігіленіп алғанын Дәулет өз әкесі Сырбайдың қылығынан көреді. Бұрын малдың ағы мен етінен басқа, күріш, бидай сыяқты дәнді астықтан басқа бақшалық азықтан қауыннан басқасын тамаққа есептемейтін ол, кеше кешке «Жүрегіме жүдә жағымды боп алды осы, астың патшасы осы екен, біз білмейді екеміз» деп капустадан сорпа жасатып ішті; «ашырқануға ашы құрттан кем емес екен» деп, «сондықтан, бір бөшкесін қыстығүні тұздатып тастап едім» деп, іңір асының алдында, тұздалған капуста мен қиярдың кішірек бір тарелкасын нанға қосып соғып алды.

Дәулеттің ерекше бір сүйсінгені, ол кеткеннен бері, жаңа каналдың бойына бірталай колхоздардың орналасып қалуы. Олардың көше және үй құрылыстары мәдениетті түрде жасалған, көшелерді бойлай салтанат ағаштары, қораларға тола жеміс ағаштары егілген және олар теп-тегіс жасаңғырап жерден дән тартатындығын көрсетіп тұр.

«Кеңтоғай» колхозына быйыл орнап, үйлер түгіл са-

райларға, қора-қопсыларға жарық беріп тұрған электр станциясын көргенде қуанған Дәулет:

— Ильичтің бұл шамы басқа колхоздарда да бар ма? — деп сұраған еді, Байжаннан.

— Бәріне орнатуға соғыс жағдайы ғой, — деген еді Байжан,— дегенмен, канал бойындағы бірер ірі колхоздарда бар.

Саяқаттаған Дәулет соларды көрсе, бір колхозда зорырақ станция салынып, ұста, дүкен, диірмен сияқты орындарды да қуатымен қамтамасыз етеді екен...

Дәулетке жаттау көрінген бір жағдай: барлық колхоздарда да колхозшылардың жеке қораларында огородтың жоққа жақындығы еді. Оның себебін Байжан айтты.

— Суды көп жұтса,— деді ол Дәулетке,—бұл араның топырағының сазданып кететінін білесің. Огородтың қарықтарында су толы болу керек, содан барады да жер сазданып, кесектен салынған үйлер мен қора-қопсылардың іргесі ылғалданып құлай бастайды. Сондықтан огородты ауылдан алыс егуді қолданып жүрміз. Ол ғана емес, егіс танабын да ауылдан аулаққа, дымқылы жетпейтін жерге себеміз. Оның пайдасын колхозшылар көріп те отыр. Қазір ешбір колхоз аулының маңында ыза шыққан жер жоқ.

— Жақсы болған екен? — деді Дәулет.

Жолшыбай соққан колхоздардың бәрі оларды тоқтатып, асықпаған жерде қонағасы беріп, асыққан жерде дәм татырып отырды. Сонда, Сырбайдың бір ғажабы:

— Бойыма жағатын еді,— деп үнемі овощь сұрап жейді.

Арасында ол жұртты күлдіріп те қояды.

— Біздің бір ағамыз,— дейді ол,— мінезі жүдә томырық, жүдә ашуланшақ кісі болатын еді. Бір күні үйіне барсам, жеңгемізді сабап жатыр екен. Жеңгемді арашалап ап, «жазығы не?» деп сұрасам, жеңгем күлге картоп көміп пісірген екен де, қабығын аршып жей бастаған екен. Ағамыз соны көріп, «ақшаға алған картоптың қабығын тастадың» деп сабапты...

Сырбайдың бұл сөзін тыңдаушылар күлсе:

— Неге күлесіңдер? — дейді Сырбай,— жүдә күлетіні жоқ оның. Картоп деген ол уақытта кедей кісіге жүдә қымбат дүние. Қазақ кедейі картоп егуді білмейді, сатып алуға жүдә ақшасы болмайды. Жүдә біздің кез деймісің, әр дәлізінде қаптаған картоп үйіліп жататын...

Біздің саяқатшылар быйыл да бітік шыққан егіс өлкелерін екі-үш күн аралап Кеңтоғайға келсе, Гүлнар Айбаршаны ауылға әкеп отыр екен. Сырбай сол кеште бір қойын сойды да, өзінің және көрші колхоздардың стахановшыларын және басқаруышларын шылдақанаға шақырды. Екі бөлмелі үйіне лық толған қонақтары жайылған дастарқанның төңірегіне отырғанда, екі бөлменің аралығын ала отырған Сырбай түрегелді де:

— Қалалық жердің бірер шылдақанасында болғаным бар еді,— деді көпке,— сонда, жүдә, балаға әуелі ат қойып алатын еді де, ат қоярдың алдында сөйлеп алатыны болатын еді. Жүдә, мен де сөйлесем рұқсат па?

— Рұқсат! — деп ду ете қалды көпшілік.

— Сөйлер алдында арақ-шарап құйғызып қоятын шарттары болатын,— деді Сырбай жымыйып қойып.

— Ал, құйдық онда! — деп жұрт дастарқанда тұрған арақ-шараптарды ішетін ыдыстарға шапыр-шұпыр құя бастады.

— Естай, мені де ұмытпа! — деп күліп қойды Сырбай қасында жақын отырған Естайға.

Біреулер: «Сіз ішесіз бе, Сыр-екс?» дегенде:

— Айтқан екен,— деді Сырбай, — біреу жорғасына: «Пәленше-екеңнің асында жорғаламағанда, жүдә, атаның басында жорғалаймысың?» деп; сол айтқандай, неге ішпейін, бүгін, ішем!.. Өмірімде бірінші рет арақты өткен күз соғыс маңына барғанда таттым, «соғыстағы ер-азаматтың денсаулығына» деген соң татпай отыра алмадым, жүдә. Бүгін екінші рет татам, осы үйге келген кішкентай нәрестенің денсаулығына!..

— Онда, ал көтердік! — деп ду еткен жұрт, дастарқандағы бокалдарын ала беріп еді:

— Жүдә, сабыр! — деді Сырбай,— айтылмаған сөз бар, содан кейін аларсыңдар.

Кідіре қалған көпшілік:

— Сөйле, Сыр-екс! деп тағы да ду ете қалысты.

— Сөйлесем, деді Сырбай, біздің үйге бір кішкентай нәресте келіп отыр дедім ғой. Өзінің әзірге аты жоқ, жүдә соған ат қойып алмаймын ба, әуелі?

— Жөн сөз! — деп ду етті жұрт.

Біреулер:

— Әке-шешесінің ойлаған аты болар...— деп келе жатыр еді:

— Әкесі де, шешесі де менмін,— деді Сырбай,— «ха-

лық қаласа — хан түйесін сояды» депті, сендер қаласаңдар, қоям ба деген бір атым бар еді...

— Айтыңыз, естиік! — деп ду етісті көпшілік.

— Айтсам,— деп Сырбай бір түйсініп алды да,— біздің мынау Дәукешжан келді ғой, жүдә, қонаққа,— деді. көпті көзімен айнала бір шолып өтіп,— соған және Масақбайға анау Рахмет боп, анау Байжан, анау Самарқан, анау Наталия, анау Гүлнар боп канал бойын аралатып әкелдік. Тіл-аузымыз тасқа, бүйырса, быйыл да астық болатын.

— Ал, тағы да құйыңдар! — деді ол.

Бокалдар қайта құйыла бастағанда, өз төңірегіндегілердің бокалдарына арақ құйған Естай, Сырбайға:

— Сыр-еке, сізге тағы да құям, — деп еді, Сырбайға жақын отырған Тәрбия:

— Ұят та, болар саған! — деп күпк етіп, Сырбайдың етегінен тартып қалды.

— Несі ұят? — деді ол кемпіріне жымыя қарап, — ішетін ретім тағы да кеп тұр. Жүдә, осылардан бұрын мас болар деп отырмысың мені? Тартпа етегімнен.

— Дұрыс айтады, Сыр-екен,— деп ду етті жұрт.

— Ендігі айтарым,— деді Сырбай түсін салмақтандырып ап,— біздің Сырдария бойын суландыруға, жүдә, кешегі марқұм Анатөлден еңбегі көп сіңген кісі жоқ.

— Рас,— десті көпшілік.

— Рас болса,— деді Сырбай даусын көтеріп, — біздің кішкентай, сол Анатөлдің қазаға ұшыраған жылында туып отыр. Сырдың бойын суландыруда Анатөлдің еңбегі жүдә көп дедім ғой. Бірақ, біздің Сырдың өлкесі, бірер адамның өмірінде суарылып болар жер ме? Ол әлденеше адамның өміріне жетпей ме? Суландыратын жер, жалғыз Сырдың ғана өлкесі ме? Кеше мен Бетпақдаланың шөлін көріп келдім, оның кеңдігі біздің Сырдай әлденеше рет бар!.. Және, жүдә, қандай тамаша жер!.. Топырағынан майы шығады!.. Су берсең-ақ, жап-жасыл өлке боп кететін. Және жері, үйге. төсеген сәкідей тегіс!.. Шіркін, күріш ексең, қандай тұнып шығар еді!..

— Оған да егіледі! — десті бірнеше адам.

— Тоқтай тұрыңдар! — деп Сырбай дуылдаған дауысты қолын көтеріп басып алды да,— сонымен,— деді даусын салмақтандыра түсіп,— біздің дайра бойын алғаш дұрыстап суарған Анатөл. Оның ісін Байжан жалғастырып әкетті. Ертең, Байжан да қартаяды. Сонда оның жо-

лын өзінің Бахытжаны, Аграфиня құдағыйдың Сашкасы және біздің үйдегі кішкентай сыяқты жастар жалғастырып әкетеді. Солай ма, Байжан? — деді ол Байжанға қарап қойып.

— Солай! —деді Байжан да, оған қосыла көпшілік те.

— Енді сөзді қысқартайын,— деді Сырбай,— қадырлейтін адамымыз өлсе, қабыры жұдә көркейіп тұрсын деп, үстіне гүл, төңірегіне ағаш егеміз, құлпы тастар қоямыз, олар да жақсы. Бірақ, солардың бәрінен жақсы ескерткіш, жұдә, артында жолын құуға жарайтын ұрпақ қой. Анатөл екеуіміз мәңгілік дос едік. Менен өрбіген ұрпақты ол өзінікі санаушы еді, одан өрбігенді мен өзімдікі санаушы едім. Сондықтан,— деді Сырбай, шытынықырап ап,— біздің үйдегі кішкентай Анатөлдей жұртқа пайдалы кісі болсын деп, атын Анатөл қойсақ па деп ем!..

Жүйесі босаған Сырбай, сөзінің артын болбыратып-қырап бітіріп көзіне іркілген жасты сұқ саусағымен сыйпай бергенде, балдағына сүйенген Гүлнар түрегелді де, сәкіге қатар төселген екі дастарқанның жігін балдағымен сырып, Сырбайға беттеді.

— Дұрыс, Сыр-еке, дұрыс! — деп ду ете қалған көпшілік шапалақ соққанда:

— Атажан! —деді Сырбайдың қасына кеп құшақтай алған Гүлнар,— мың-мың рахмет, атажан!.. Дос болса сіздей болсын!.. Мен жыламаймын, қуанам!.. Өлген әкем тірілді деп қуанам!.. Анатөліңіз өмірлі, бақытты болсын!..

— Айтсын! — деді Сырбай.

Гүлнар Сырбайды құшақтаған қалпымен сүйегенде:

— Анатөл!.. Жасасын Анатөл!.. Өмірлі, бақытты болсын Анатөл! — деген даусытар мен ұрылған шапалақтар Сырбайдың үйін күңіренткіп жіберді...

Мәжілістен таралған жұрттың ауылында бір ғана сөз болды, ол — «Анатөл».

— Жарады Сыр-екең! деп сүйсінді жұрт. Гүлнар айтқандай, дос болса осындай болсын. Достығын ақтады Анатолий Кондратьевичке ең зор ескерткіш осы пәресте болды!.. Тек жас пәресте өмірлі, бақытты болсын!..

Романның аяғы

26 июнь, 1950 жыл, Москва.

МАЗМҰНЫ

Арнау . . . . . .

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бақыт бақшасында

Бірінші тарау. Жақсы жұбайлар 9
Екінші тарау. Полевойдың семьясы 24
Үшінші тарау. Қарсы алу 33
Төртінші тарау. Сырдария 43
Бесінші тарау. Іс үстінде 67
Алтыншы тарау. «Тартоғай» 75
Жетінші тарау. «Шолақарық» 91
Сегізінші тарау. Шындық қыял 102
Тоғызыншы тарау. Оқпан 107
Оныншы тарау. Жаңа жоспар 116
Он бірінші тарау. Қуаныш 121
Он екінші тарау. Комсомолецтердің ісі 129
Он үшінші тарау. «Телкөл» 138
Он төртінші тарау. Түнгі кеңес 148
Он бесінші тарау. «Жолбарыс тонды жортуыл» 162
Он алтыншы тарау. Шүйінші 179
Он жетінші тарау. Жас жапырақтар 190
Он сегізінші тарау. Іске сәт! 197
Он тоғызыншы тарау. Қызу жарыс 205
Жыйырманшы тарау. Сумен жарыс 224

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Сұрапыл соққанда

Бірінші тарау. Әдебиет үйірмесінде 235
Екінші тарау. Ереуіл шақ 243
Үшінші тарау. Адал ұл 250
Төртінші тарау. Еркек 257
Бесінші тарау. Ең қымбат ана 270
Алтыншы тарау. Қарбалас шақта 280
Жетінші тарау. Ажалдың даруы 290
Сегізінші тарау. Шерменде 295
Тоғызыншы тарау. Кепедегі кеңес 305

Оныншы тарау. Бар мәселені кадр шешеді 325
Он бірінші тарау. Сенісу 333
Он екінші тарау. Әзәзіл 341
Он үшінші тарау. Москваны бермейміз 349
Он төртінші тарау. Жасасын, Москва! 361
Он бесінші тарау. Соңғы серпін 365
Он алтыншы тарау. Достық туралы хат 376

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Жеңіс жолында

Бірінші тарау. Егіс алдында 387
Екінші тарау. Бекіген саға 398
Үшінші тарау. Жеңіске шейін 408
Төртінші тарау. Басталған сабақтар 412
Бесінші тарау. Басқарма мәжілісінде 424
Алтыншы тарау. Әкел суды 442
Жетінші тарау. Себілген дән 449
Сегізінші тарау. Жоғалу 458
Тоғызыншы тарау. Балауса басында 466
Оныншы тарау. Әр дән — бір оқ 487
Он бірінші тарау. Майданға сыйлық 503
Он екінші тарау. Ұлы шабуыл алдында 514
Он үшінші тарау. Қуаныш пен қорқыныш 532
Он төртінші тарау. Баяндаманың басы 550
Он бесінші тарау. Ереуіл 564
Он алтыншы тарау. Дауыл күні 575
Он жетінші тарау. Ең қымбат ескерткіш 588

С. Муканов

5 том

СЫР-ДАРИЯ

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1957

* * *

Редактор С. Бакбергенов.
Художник Э. Полякова.
Техредактор С. Ищанов.
Корректор Б. Омаров.

* * *

Сдано в набор 11/III-1957 г. Изд. № 114.
Подписано к печати 10/VI-1957 г. УГ01405.
Бумага 84×108 1/32 = 19 п. л.—31,16 усл.
п. л. (Уч.-изд. 33,28 л.). Тираж 20000 экз.
Цена 10 руб.

* * *

Алма-Ата, Полиграфкомбинат Главиздата
Министерства культуры КазССР.
Заказ № 668.